

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

**Қ.Қ. Мәдібай**

# Қазақ әдебиетінің жауһар жасыры

- ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
- ТАНЫЛЫМ ӨРІСІ

Монография

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2012

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3(5Каз)  
М 35

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған*

**Жауапты редактор** – *Халықаралық Жоғары мектеп академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Кәкішұлы*

**Пікір жазғандар:**

*филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев*  
*филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Әбдігазұлы*

**Мәдібай Қ.Қ.**

**М 35** *Қазақ әдебиетінің жауһар ғасыры. / Даму бағыттары. Танылым өрісі /* Монография. – Алматы: «Ценные бумаги», 2012. – 392 б.

ISBN 978-601-247-481-7

Еңбекте XIX ғасырдағы дәстүрлі әдебиет үлгілері; ауызшадан жазбашаға ойысу үдерісі; жаңа жазба әдебиеттің жанрлық калыптасу негіздері қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері ауқымында зерделеніп, жеке шығармашылық тұлға мұрасы, әдеби дамуын көркемдік-тарихи бағыттары, танылу тағлымы, келешек зерттеу міндеттері сараланады.

Кітап орта және жоғары оқу орындары студенттері мен магистранттарға, әдебиеттанушы мамандарға арналған.

ISBN 978-601-247-481-7

© Мәдібай Қ., 2012

*Осы зерттеу еңбегімді адам болып  
өмір сүруге баулыған әкем Қайса  
Мәдібайұлының рухына арнадым.*

*Автор*

## КІРІСПЕ

Қай дәуірдің болмасын әдебиетін көркемдік даму жөнінен қарастыру – сол кезең әдебиетінің әрбір жеке өкілінің шығармашылық ерекшелігін, нақтылы бір кезеңдердің саяси бағдар, беталысын, т.б. арқылы көркемдік негіздерді мүмкіндігінше тұтас қамтып қарастыру.

«Әр дәуірдің өз шындығы бар. Бұлар бірін бірі қайталамайды. Олай болса, әр дәуірдің шындығын сәулелендірген шығармалар да бірін бірі қайталамайды; тектері мен түрлері ұқсас болғанмен, Шекспир трагедиясы Мүсірепов жазған трагедиядан, Балзак романы Әуезов романынан, Абай поэзиясы Жансүгіров поэзиясынан өзге екені даусыз. Мұны да историзм принципінен қарағанда ғана аңғарамыз. Міне, осы өзгешеліктерді ажырату әрекетінің өзі жанр мәселесін тарихи тұрғыдан толғауға әкеледі.

Әр халықтың әдебиеті ол өмір сүрген тарихи дәуірлердің әр кезеңінде әр халде, әр қалыпта болып отырады. Әдеби процесс дегеніміздің өзі – осы.

Көркемдік дамудың әдеби процестен танылатын құбылыстары алуан-алуан: бірін әдеби шығарманың тақырыбынан аңғарсақ, бірін идеясынан, енді бірін адам образынан аңғарамыз. Әдеби жанрлар тағдыры да осы құбылыстарға тығыз байланысты. Мұның егжей-тегжейін күллі әдеби құбылыстарды тарихи тұрғыдан топшылау, талдау арқылы ғана білуген болады», – дейді академик З.Қабдолов [1, 306 б.].

Халқымыздың киелі өнері, қашанғы қадірлісі, ең астам, ең асқан байлық-қазынасы – Сөз өнері XIX ғасырда аспан асты, жер үстінде өзін ешкімнен артық та, кем де санамайтын, кең кеуде, ақ пейіл, ашық жүрек, жүзі нұрлы қазақ жұртын жаңа бір сырмен баурап, өзгеше бір күймен әлдиледі...

Қазақ әдебиетінің көркемдік даму өрісі бір жарым ғасырға жуық уақыттан бері ғылыми айналымда келе жатыр. Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасып, дамуында XIX ғасырдағы сөз өнері ұланғайыр мәтіндік нұсқалармен, жеке шығармашылық тұлғалардың

айқын машық, тәсілімен, түрлі көркемдік бағыттардың жанрлық, стильдік өзгешеліктерімен айрықша әдеби нысан болды. XIX ғасыр әдебиетіндегі көркем нұсқалардың жанрлық жаратылысын, тарихи негіздерін ашу, тану бағытындағы зерттеулер қазақ әдебиетінің теориялық тарихын (А.Шәріп) жасаудағы негізді, мәнді ғылыми тұжырымдамаларға ұласты.

XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерін көркемдік даму жөнінен қарастыруға арналған бұл еңбекте қазақ әдебиеттану ғылымының жеке тұлғалар шығармашылығын зерттеудегі, жалпы әдеби үрдісті ғылыми жүйеге түсірудегі зерттеу нәтижелері негізге алына отырылып, белгілі бір дәрежеде әдеби мұраны көркемдік тұрғыда тану бағытындағы ізденістер көкіжиегін кеңіте түсер көкейтесті мәселелерге көңіл бөлінді.

Махамбет Өтемісұлы, Ыбырай Алтынсарыұлы, Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасының қазақ әдебиеті тарихындағы бағалану, танылу, басылым жөндері, қазақ әдебиеттану ғылымының ауқымды зерттеу арналарына айналып отырған махамбеттану, ыбырайтану, абайтану ілімінің тарихы, көкейтесті проблемалары назарда болды.

Еңбекте қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы көркемдік дамуы зерттелу тарихымен сабақтастықта сараланып, XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерін ауыз әдебиеті, ауызша әдебиет, жазбаша (кітаби), жазба әдебиет нұсқаларының бір дәуірдегі қатар дамып отыруы фактісі есебінде, жанр, өлендік түр, құрылым, көркемдік тәсіл, машық негізінде зерделенді.

Қазақ әдебиеттану ғылымы, қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелерінің бірі – XIX ғасыр әдебиетін қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі деңгейінде, түрлі саяси қысталаннан толық арылған ендігі еркін ой кезеңіндегі сол әдебиеттің зерттелу тарихындағы құнды нәтижелерді тұтастай ғылыми айналымға қосып; XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерін дәстүрлі көркемдік арна, көркемдіктің тарихи негіздері, XIX ғасыр әдебиетінің кезеңдік жаңа алымдары жөнінен жан-жақты қарастырып, біртұтас аяда зерттеуді жетілдірудің ғылыми өрісін ұзарту.

XIX ғасыр әдебиетін, әдебиет үлгілерін мейлінше тұтас қамтып отырып, сол үлгілердің туу себептерін, даму жөндерін, дәстүрлі сипаттары мен даралық өзгешеліктерін; XIX ғасыр әдебиетінің ауыз әдебиеті, ауызша әдебиет, жазбаша, жазба әдебиет нұсқалары есебіндегі шығармашылық жаратылысын; XIX ғасырдағы әдебиет

үлгілерінің тілдік, стильдік, жанрлық ерекшелік даралығын көркемдік жөннен айқындай түсудің өзектілігі қазақ сөз өнерінің табиғатын тану жолындағы нақтылы зерттеулер мәнінде айқындала түспек.

Қазіргі кезеңде қазақ әдебиеті тарихындағы белгілі бір дәуірлердің әдебиетін тұтас, арнайы зерттеу нысанына айналдыру үрдісі өрістей түсіп отыр. Ежелгі әдебиеттің көркемдік жүйесі Н.Келімбетов [2], А.Егеубай [3] еңбектерінде ғылыми негізделді. XX ғасыр басындағы әдебиет Р. Нұрғали [4], З.Бисенғали [5], Қ.Әбдешұлы [6], Қ.Ергөбек [7], Д.Қамзабекұлы [8], А.Ісмакова [9], Ө.Әбдіманұлы [10], т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылуда.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті жөнінде 1942 жылғы «Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер» еңбегінде Сәбит Мұқанов былай дейді: «XIX ғасыр әдебиетінің дәуірлері одан бұрынғы ғасырлардың әдебиет дәуірлеріндей көмескі емес, айқын, ашық. Мәселен, XIX ғасырдың алғашқы жартысында ұлт бостандығын жырлайтын әдебиеті жасалады.

XIX ғасырдың 50-70-жылдарынан бастап просветительдік (мәдениетке үндеуші) әдебиет туды. XIX ғасырдан бұрынғы ғасырдың ешқайсысының әдебиетін біз нақ XIX ғасыр әдебиетіндегі кезеңді дәуірлерге жүйелей алмаймыз» [11, 5 б.].

1927 жылғы «Әдебиет тарихы» оқулығындағы зар заман акындарына байланысты зерттеуінде Мұхтар Әуезов XIX ғасыр әдебиетін әлеуметшілдік, ісшілдік, дін мен мәдениет иісі шыға бастаған кезеңдер аясында қарастырған.

Әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесінде XIX ғасыр әдебиетінің өзіндік сипаттарын, негізгі даму бағыттарын, көркемдік ағымдарды қарастыру әр уақытта да назарда болды.

XIX ғасырдан кейінгіге жеткен әдеби мұра – сан жанрлы, даму бағыттарының тарихи-әлеуметтік фоны күрделі, қайшылыққа толы аса бай мұра.

XIX ғасыр әдебиеті осы мәнінде қазақ әдебиеттану ғылымында ілгергі Шоқан Уәлиханов зерделеулерінен күні бүгінге шейін тарихи, теориялық тұрғыда жан-жақты зерттеліп, қарастырылып келеді.

Жалпы, ұшқарылау, немесе, уақыт ағынымен тереңіне үңілуге жағдай болмаған кезеңдерде XIX ғасыр әдебиетінің ізі сайрап жатқан өзіндік айқын өзгешеліктері жеткілікті зерттеліп болды дей алмас едік. Еңбекте мүмкіндігінше осы ұғымдарға қатысты арғы-бергідегі түйін-тұжырымдар жинақталып, жүйеленді, мәселенің теориялық гүзілімін айқындай беру жолында іргелі зерттеулер жүргізу

қажеттілігі айқындалды, айтылды. Сонымен бірге мәселеге қатысты қайсыбір өзіндік пайым, түйін талқыға ұсынылды.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде дәстүрлі үлгілер жанрлық жаңа сапаға ойысты. Бұл кезде аса күрделі көркемдік процесс қазақ әдебиетінің ауызшадан жазбаға ойысуы өтті. Ауызша үлгілер сақтала отырып, жазба дәстүр [орта ғасырлық] жаңғырды. Еуропа үлгісіндегі жаңа жазба әдебиет туып, қалыптаса бастады.

XIX ғасырдағы әдеби дамудың тарихи көркемдік негіздерін ашу XX ғасырдың 30-жылдарынан былай қарай дүркін-дүркін саяси борасындардың бұрқағына ұшырап отырғанның өзінде бұл әдебиеттің басты даму бағыттары, негізгі құндылықтары айқын танылды.

Арнайы зерттеу тарихы, айқын ғылыми нәтижелері бар XIX ғасырдағы қазақ әдебиетін көркемдік даму өзгешеліктері ауқымында тарихи, теориялық тұрғыда зерттеуді ілгері оздырып отыруы да – көркемдік таным, талғамның үздіксіз түлеп, жетіліп отыратын сұранысынан туындайтын заңдылығына бағынатын құбылыс.

Қазіргі кезеңде XIX ғасырдағы қазақ әдебиетін көркемдік даму аясында тұтас алып зерттеуге мүмкіндік туғызатын толық негіз бар. Әдеби мұра мейлінше игерілді. Бір жарым ғасырдан астам уақыттан бері жиналып, хатқа түсіп, басылым көрді. Көркемдік-теориялық зерттелу тарихы қалыптасты. Өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңына қарай, тоқсаныншы жылдарынан бері, әсіресе соңғы, егемендік дәуіріміздің бастауында әдеби мұраға ынта, ықылас қайта бір қызығушылықпен, құштарлықпен өрістей түсіп отыр. Ғылым ешуақытта өткеннің шынайы жетістіктерін мансұқтамайды. Ұдайы кәдесіне жаратып, ілгері озар ойларға арқау етіп отырады.

Сонымен бірге белгілі бір кезеңдегі ғылым өрісі бай да байырғы сөз мұрасының бар жаратылысын тұтас ашып бере алмайды. Ілгергі ілімді жетілдіріп, келешек міндеттерді айқындай түсіп барып, ендігі заманның танымы мен алымына ұласады.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің танылу тарихын дамытуға ендігі уақыт ұстанымдары деңгейінде ой қосу – бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымының, қазақ әдебиетінің тарихын түзуді қазақ әдебиетінің теориялық тарихы (А.Шәріп) [12] мәселесімен ұластырудың өзекті жайларынан сөз қозғаудың қажеттілігі айқын.

Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы көркемдік дамуы мен зерттелуін арнайы зерттеу нысаны етіп алудың өзектілігі – сол. ілгерідегі ғылымның белгілі бір кезеңдегі көркемдік дамудың

заңдылықтарын ашып, жүйелеген методологиялық мәнін мейлінше айқындай түсіп, уақыт сынынан шыңдалып өткен түбірлі ғылыми ұстанымдардың біздің ұлттық әдебиеттану ғылымымыз үшін қаншалықты мәнді екендігін, былайғы зерттеулерге негіз болар құндылығын саралап көрсету.

Қазіргі уақыт қилы себептермен ғылыми айналымнан алынып қалған теориялық құндылығы жоғары еңбектерді игілігімізге жаратуға жол ашты.

Әрбір жаңа дәуірдің өз сұранысы, өз мұқтажы бар. Көркемдік талғамы мен таным өрісі де дамып, өзгеріп отыратын құбылыс. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы – ұлтымыздың гажайып сөз мұрасын әлемдік көркемдік контексте тереңнен аша түсуге бағыт алып отырған ғылым. Сол негізде ХІХ ғасырдағы көркемдік дамуды іштен алып зерттеуді ілгері оздыру, жетілдіре түсудің қажеттілігі айқындала түседі.

Ұлтымыздың бірден-бір материалдық та, рухани да құндылығы есебінде мойындалған сөз мұрасының қасиеті мен қадірін ғылыми негізде ұғына түсу ендігі ұрпақ үшін де таптырмайтын олжа болуы тиіс.

Сөз туындыларымен бойын түзеп, ойын өсірген ежелгі ұлттық тәрбие, өзін-өзі сақтау түйсігінің қанымызда қалған қасиет-таңбалары соны қажет етеді.

Сол негізде қазақ сөз өнерінің белгілі бір дәуірдегі жасау, жаңғыру тәсілдерін аша түсудің қажеттілігі мен қанағаты айқын. Қилы қисынға бастап жатқан құбылысы мол ХІХ ғасыр әдебиетіндегі өзгешеліктің барлығы қамтылып айтылды, таусылып танылды деуге болмасы даусыз.

Арқадағы «соңғы елу жылда қазаққа татарлар арқылы жеткен өлең» (Ш.Уәлиханов) [13] түрін әбден сіңірген, кітаби әдебиеттің де, батыс дүниесінің де буы бойына тараған кең құлашты, тынысы ауыр, түрік дүниесінің ортағасырлық әлеміне ынтыққан ақындық бағыттың Абайға дейінгі, Абаймен тұстас ақындықтағы бірнеше мектептің қатар өрістеу фактісін кеңінен қамтып, өлең үлгісі, сөз қолданыс, негізгі сарындар ауқымында айқындай түсуді ілгері оздыру мәселесі де пісіп-жетілгені осы зерттеу барысында айқын сезілді.

Әдеби мектеп мәселесі тек қана орындаушылық дәстүрде емес, өлеңнің өзегінде, жасалу тәсілдеріндегі аймақтық өзгешеліктерде де жатыр.

Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы көркемдік дамуын мейлінше тұтас қамтып, поэзиялық негізгі тектер мен түр, үлгілердің жанрлық сипаттамасы, танылу, ғылыми негізделу тарихы аясында қарастыру барысында, жалпы көркемдік тенденцияларды айқындап көрсетуге ұмтылуда осындай тарау-тарау, сан-сала жалқы мәселелердің, жалпыны айғақтаудағы қажеттілігі айқындалады.

XIX ғасырдағы әдеби даму, әлде де әлденеше, ондаған іргелі зерттеулер негізінде ашыла түспек.

Әдеби мұра заман туғызып отырған мүмкіндіктер аясында негізгі даму бағыттарын даралай түсуді қажетсінеді.

XIX ғасырда ұлан-ғайыр кеңістікте күн кешкен қазақ халқының рухани ұйытқысына айналған сөз өнерінің өзіндік бір ерекшелігі – ол ақындық әдеби мектеп, аймақтық әдеби мектеп үрдісі.

Орындаушылық машықтағы, өлең өрудегі даралық сипат, тарихи жаратылыс негіздері айқын аймақтық әдеби мектеп, әдеби дамудағы жергілікті ерекшеліктер, даму негіздері, көркемдік заңдылықтар аясында әлде де ашылып, нақтылана түсуге, мәселенің методологиялық негіздемелеріне зәру. Кешенді, салыстырмалы зерттеулердің қажеттілігін, уақыты жеткенін де әдебиеттану ғылымының көксітесті мәселелерінің бірі деп тануымыз керек.

Бұл мәселеде Жетісудағы айтыста ғана жыр үлгісі сақталып қалғанын айтқан М.Әуезов; оңтүстік, күнгейлік ақындар мектебі, Сыр сұлейлерінің жазба айтыс мектебі, оларда шығыстық негізде өрістеген нәзирашылдық жазба дәстүр, мұсылманшылық негіздері, жыршылық мектеп жайлы Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, Ә.Оспанұлы, Т.Тебегенов, А.Бұлдыбай, С.Дәрібайұлы, Л.Әбдіхалықова зерттеулері; Батыстың байырғы жыраулық дәстүрде замана ынғайында екпінді сөзге тізгін берген, азаматтық асқақ рухты ақындық мектебі, Есет, Абыл, Махамбет, Қашаған, Нұрым, т.б. жыр дүлдүлдерінің мұрасын ғылыми негізде аша түскен Қ.Жұмалиев, Ә.Дербісәлин, Қ.Сыдықов, Ж.Тілепов, А.Шәріп, Б.Омарұлы, т.б. ғалымдардың түйін-толғамдары; Арқадағы әдеби дәстүрдің ақындық өзгешелік, орындаушылық негіздерін айқындай түскен С.Қирабаев, М.Мағауин, А.Сейдімбек, С.Негимов; қазақ әдебиетіндегі Абайдың ақындық мектебі мәселесін зерттеуші абайтанушы ғалымдар еңбегінің нәтижесін тұтас пайдалана отырып, ілгері оздырар түйіндер аз емес.

XIX ғасырдағы қазақ өлең түрінің ғылыми типологиясын жасаудағы әрі қарай дамуы да уақыт ұсынып отырған ендігі



бағыттың бірі. Бұл жөнде XIX ғасырдағы қазақ өлеңінің – нақтылы дәуірде туған; ілгеріден жетіп баспа жүзін көрген көркем туындылардың; шығыстық нәзира дәстүрінде, аударма арқылы тараған кітаби әдебиеттің; еуропалық үрдістегі жаңа жазба, классикалық әдебиеттің қазақ әдебиетінде қайта жаңғырған жазба дәстүрді орнықтырудағы нақтылы негіздерін айқындау тәсілдерін нақтылы зерттеулер арқылы жетілдіру қажеттілігі айқын. Мәселе қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы көркемдік дамуын жан-жақты негіздеу нәтижелерінің тұғырнамалық мәнінде әлде де көкейтесті жайларын, келешек бағдарларын саралай түсуді күтеді.

Қазақ әдебиеті тарихындағы М. Әуезов атап айтқан, басы Асан мен Бұхардан басталған әлеуметшілдік сарын XIX ғасырдың соңына таман жалпыадамзаттық деңгейдегі азаматтық үнге, азатшылдық мұраттарға ұласты. Сол негізде әдебиеттегі айқын ағым – зар заманның тарихи негізде танылуын жетілдіріп, аша түсудің өзектілігі даусыз. Зар замандық ағым қазақ әдебиетінің жаңа бір тарихи дәуіріне, қоғам дамуына қай кезеңдегіден де гөрі айқын ықпалды күш болып қосылған, жетекшілік тізгінді қолға алған кезеңіне негіз салды.

XIX ғасырдағы әдеби тіл, жазба әдебиет, әдеби дамудағы ықпалдастық мәселелері, жанрлар трансформациясындағы Шығыс үлгісі мен Батыстың жазба үрдісі, нәзира, аударма әдебиеттің көркемдік әдіс, тәсілдері – оның қазақ өлең түріне, құрылым, өлшеміне, сөз қолданыс тәсілдеріне қатысты да кешенді зерттеулер қажет.

Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың жазба әдеби тілі, әдебиет тілі қалыптасуындағы тарихи орны да уақыт ұсынып отырған мүмкіндіктер, жаңа таным деңгейінде қарастыруды күтеді. Қазақ әдебиетінің, соның ішінде XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің өзіндік төлтумалық қасиеттері (*спецификасы – Қ.М.*) қазақ әдебиеттану ғылымында мейлінше зерттеліп, игерілді. Соның өзінде бұл төлтумалық қайсыбір шығармашылық тәсіл, көркемдік бағыттарды айқындауда үнемі ескеріліп отырмады.

Еңбекте XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көркемдік дамуын нақтылы әдеби түр, әдебиет үлгілерінің жанрлық, стильдік, даралық, теориялық негізделу тарихы жөнінен қазақ әдебиеттану ғылымының кейінгі кезеңдегі нәтижелері аясында зерттеу көзделді.

Атап айтқанда:

- жекелеген әдебиет үлгілерінің қазақ әдебиеттану ғылымындағы теориялық негізделу жөнін мүмкіндігінше тұтас қамтып, жүйелеп

жинактау. Әдебиет зерттеуші ғалымдардың XIX ғасыр әдебиетін танытудағы тарихи еңбегін айқындай түсу;

- XIX ғасырдағы айтыс, ән өлең, зар заман өлең, кисса өлең, тарихи жыр, жаңа жазба өлеңнің ауыз әдебиетіне, ауызша әдебиетке, жазба әдеби дәстүр, жаңа жазба әдебиетке қатысына қарай арнайы ажырата қарастырып, сол жөндегі өзгешеліктерін айқындай түсу;

- XIX ғасырдағы қазақ әдеби тілі мен қазақ әдебиеті тілінің арақатынасына байланысты мәселені нақтылай түсу мақсатында ой қозғау;

- зар замандық діни ағартушылықтың тарихи мәніне кейінгі кезеңдегі таныла түскен дерек, дәйектер негізінде көңіл бөлу;

- XIX ғасырдың әдебиетінде әдеби дамудың стильдік, жанрлық жөннен алуан сипаттағы бірнеше түрдің қатар дамығандығын нақтылы әдебиет үлгілері, өлеңнің өлшем, құрылымы негізінде ашып айқындай түсу;

- XIX ғасырдағы аймақтық әдеби мектептердің қалыптасу негіздері, көркемдік өзгешеліктерін айқындаудың қисындарын қарастыру;

- XIX ғасыр әдебиетінің қазақтың рухани дамуындағы тарихи миссиясының бүгінгі таным, пайым деңгейінен бағалануын зерделеу.

**Зерттеуде:**

- XIX ғасырдағы ауыз әдебиеті, ауызша, жазбаша (жазу әдебиет – А. Байтұрсынов), жаңа жазба әдебиет үлгілерінің қатар жасау фактісі әдеби даму бағыттары есебінде алғаш рет танылды.

- XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің әдебиет тарихында орнығу үрдісінің теориялық негізделу тарихының ғылыми құндылығы, методологиялық бағдарлары өлеңтану ілімі аясында, махамбеттану, абайтану, зарзамантану, т.б. зерттеу бағыттары көлемінде айқындала түсті.

- Абай поэзиясын қазақ өлеңі тарихындағы жаңа түрлік мәнде зерттеуде өлеңдегі ұйқас, буын өлшемі емес – тілдік, сөзжасамдық, сөйлем құрау (Қ.Жұмалиев, Р.Сыздық), баяндау тынысы (Б.Майтанов) арқылы ашылу қисындарын ұстану бағытын айғақты дәйек есебінде тану жөнінде ой қозғалды.

- Абай өлеңі мен Абай дәуіріндегі поэзия үлгілерінің құрылымын салыстыра қарастыру барысында Абайдағы жаңалықтың негізі өлең пішімінде емес екендігі айқындала түсті.

Жұмыста алғаш рет ауызша өлең түрі мен жазбаша түрді айырудың өлең теоретиктері, әдебиет тарихшылары негіздеген танымы мақсатты түрде қарастырылды.

Қазақ өлеңінің төлтума өзгешеліктері (спецификасы) әлем әдебиеттануындағы фольклор мен әдебиеттің айырым шегін белгілейтін кағидаларына бағына бермейтіні; қазақ өлеңінің жаратылысын зерттеуде поэтиканың ұлттық негіздерін арқау ету үрдісін үдете түсу қажеттілігі айқын.

XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінің бар жанр, бар түрінде зерттеушілер қайсыбір үлгілерге байланысты атап көрсетіп отыратын синкретизм нышандары байқалып отырады. Зерттеу барысында әдеби түр, жанрды айқындау байламын арғы негіздерге жүгініп отырып жасау (Қ. Өмірәлиев) қажеттілігі айқындала түсті.

XIX ғасыр әдебиетіндегі жазба дәстүрдің жанғыруының әдебиеттанудағы танылу өрісіне, тарихи алғышарттары айқындала түскен кейінгі кезең деректеріне сүйене отырып, XIX ғасырдағы шығармашылық үрдістегі жазбашаға ойысу фактісі пайымдалды. Діндар дәуірдегі жазу әдебиеттің [А.Байтұрсынов] қазақтың жазба әдебиет тілінің бір саласы есебіндегі мәніне назар аударылды.

XIX ғасырдағы қазақ өлеңіндегі жаңа түр “өлең” (Ш. Уәлиханов), оның қазақ өлең дәстүріне әкелген өзгерістері алғаш рет кенінен дәйектелді.

- Жұмыста қазақтың жаңа жазба әдебиетінің қалыптасуындағы әдеби ықпалдастық мәселесі әдеби тіл мен әдебиет тіліндегі шығыстық үлгі мен батыстық үрдіс Абай поэзиясының теориялық танылу тарихы, дәуірлік тарихи негіздер ауқымында арнайы қарастырылып, жаңа жазба әдебиеттің жаратылысын айқындай түсу бағытында біршама байламдар жасалды.

XIX ғасырдағы дәстүрлі әдебиет үлгілерінің жанрлық трансформациясына алып келген әдеби дамудағы тарихилық мәселесіне, зарзамандық ағымның әлеуметтік негіздеріне байланысты да қазақ әдебиеттану ғылымының зерттеу нәтижелері мен қазіргі кезеңдегі беталыс, бағдарлары, жаңа методологиялық ұстанымдар аясында сипаттама жасалып, нақтылы көкейкесті мәселелеріне көңіл бөлінді.

- Қазақ әдебиеті тарихындағы осы уақытқа шейін ауқымды мәнде айтылмаған аймақтық әдеби мектеп мәселесін тұтас ғылыми айналымға тартып, арнайы зерттеудің өзектілігі нақтылы дәлел-дәйектермен қисындалды.

- Қазақ өлеңінің көркемдік дамудағы жаңа сапасының айқын нұсқалары Махамбет поэзиясы мен Дулат толғауларының өлеңдік тәсіл, түр, шеберлік алым, поэтикалық стихиясы XIX ғасыр өлең өрісіндегі жаңа бағыттарға бастаған құндылығы межесінде жаңа қырларынан сараланды.

- Ыбырай Алтынсариннің ғұмырбаянындағы діни ағартушылыққа қатысты дәйектер; Ыбырайдың қазақтың жазба әдебиетін, әдеби тілін дамытудағы тарихи еңбегі, тіл тазалығы жолындағы қайраткерлік күресіне байланысты деректер, “Шариат-ул ислам” еңбегі алғаш рет арнайы тұтас қамтылып, ғылыми айналымға түсті.

Айтысты классификациялауға байланысты қисындар ұсынылды, пайымдау жасалды.

- XIX ғасырдағы сал-серілік өнердің ақындық мәнін, әлеуметтік қырларын аша түсу бағытында өзіндік пайымдаулар жасалды. Ән өлең – көңіл күй лирикасы тұлғаның мұнды сәттегі жан толқынын сыртқа жаяр сыры. Опасыз жалған дүниеден іздейтіні мен тапқаны. Жалғыздық күй.

Жұмыста XIX ғасыр әдебиетінің зерттеліп, зерделену тарихында методологиялық негіз болып келе жатқан іргелі ғылыми нәтижелердің өлшеусіз құндылығы әрбір нақтылы мәселеде айқындала түсіп, аталып өтіп отырылды. XIX ғасыр әдебиетінің зерттелу жүйесі алғаш рет тұтас қамтылып, сараланды. Әдебиет тарихын зерттеудегі тарихи мәні пысықтала түсті.

Зерттеу еңбек бойынша төмендегідей тұжырымдар жасалды:

- XIX ғасыр әдебиетінің жанр, түр, үлгі жөнінен әр кезеңдегі зерттелуінің қазіргі әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелері аясындағы жана бағыттары айқын.

- Ауыз әдебиеті үлгілері, ауызша әдебиет, жазбаша (кітаби) әдебиет, жаңа жазба әдебиет жанрларының қалыптасу, даму ерекшелігі қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы көркемдік даму бағыттары болып табылады.

- Зар заман поэзиясындағы әлеуметтік, азатшылдық сарындар қазақ әдебиетіндегі жаңа бағыттардың, әлеуметтік лирика мен азаматтық поэзияның дамуындағы көркемдік-тарихи алғышарттары болып танылады.

- Аймақтық әдеби мектеп дәстүрі кезеңдік тарихи-әлеуметтік себептердің ықпалы бола тұра, арғынегіздері айқын шығармашылық көркемдік салт деп те танылды.

- Ортағасырлық түрік әдебиетіндегі нәзирағөйлік отаршылдық кезеңдегі дін саясатының ықпалында жаңғырып, қазақ әдебиеті тарихындағы діни ағартушылық бағытқа негіз болды.

- Абайдың қазақ өлеңіне енгізген жаңалығы өлеңдік пішім, өлшемде емес, сөйлем құрылымында (Қ.Жұмалиев) екендігі, Абай өлеңі мен Абаймен тұстас ақындардың шығармашылық тәсіл, түрі салыстырылып қарастырылғанда көрінеді.

- Қазақтың жаңа жазба әдеби тілі мен әдебиетінің қалыптасуында Ыбырай Алтынсарин прозалық шығармаларында ұстанған тәсілдің бірі – халық тілінің байлығын, мүмкіндігін айқындайтын ауыз әдебиеті стилін мақсатты түрде сақтауы деген тұжырым ұсынылды.

- Жаңа жазба әдебиет тілі – қазақ әдеби тілінің қалыптасып даму тарихындағы, әдеби тіл ауқымындағы функционалдық қызметі аясындағы ұғым. Тұстас әдеби тілдің міндетін атқармайды.

- XIX ғасырда қазақ әдебиетінің дамуында әдеби ықпалдастықтың: шығыстық үлгі мен батыстық үрдістің елеулі орны болды. Кітаби жазба тіл стилі, орыс әдебиетіндегі сөзжасам тәсілдері дәстүрлі әдебиет үлгілерінің жанрлық трансформациясын, жаңа жазба әдебиет тілі нормаларының сұрыпталуын негіздей түскен көркемдік бағдар болып табылады.

- XIX ғасыр әдебиетін игеріп, зерттеудің теориялық негіздемеілері арғы дәуірлерден бүгінгі кезеңге шейінгі әдеби мұраны көркемдік танымда зерделеудің айқын ғылыми ұстанымдары, басты концепцияларына айналды. Қазақ әдебиетінің теориялық тарихын түзудің тұғыры болды.

Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы көркемдік дамуын зерттеу барысында әдебиеттанудағы, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудегі теориялық және методологиялық тұжырымдар мен пікірлердің ғылыми концепциялары басшылыққа алынды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында XIX ғасыр әдебиеті С.Мұқанов [11], Ш.Уәлиханов [13], А.Байтұрсынұлы [14], М.Әуезов [15], Х.Досмұхамедұлы [16], С.Сейфуллин [17], Қ.Жұмалиев [18], Ә.Қоңыратбаев [19], Е.Ысмайылов [20], Б.Кенжебаев [21], Ы.Дүйсенбаев [22], Х.Сүйіншәлиев [23], З.Қабдолов [24], З.Ахметов [25], С.Қирабаев [26], Т.Кәкішев [27], Р.Бердібай [28], Ш.Сәтбаева [29], М.Мырзахметов [30], Қ.Өмірәлиев [31], С.Садырбаев [32], М.Жармұхамедұлы [33], Ж.Тілепов [34], С.Негимов [35], З.Сейтжанұлы [36], А.Жақсылықов [37], Т.Тебегенұлы [38], Қ.Алпысбаев [39], С. Қорабаев [40], А.Шәріп [12], Б.Омарұлы [41],

Қ.Раев [42], С.Дәрібайұлы [43], Қ.Өмірәлиев [44], Ә.Марғұлан [45], А.Жұбанов [46], Р.Сыздық [47], Ә.Дербісәлин [48], Қ.Мұқаметханов [49], С.Қасқабасов [50], М.Жолдасбеков [51], М.Мағауин [52], Ш.Елеуқенов [53], Ә.Күмісбаев [54], А.Қыраубайқызы [55], С.Негимов [56], Т.Әлімқұлов [57], Ж.Дәдебаев [58], Б.Майтанов [59], З.Сейітжанұлы [60], Ш.Ибраев [61], Ж.Ысмағұлов [62], Ш.Керімов [63], Ә.Оспанұлы [64], М.Тілеужанов [65], Қ.Сыдықов [66], Т.Есембеков [67], Б.Әбдіғазиев [68], У.Қалижанұлы [69], Ғ.Есім [70], А.Бұлдыбай [71], т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі ғылыми жүйе, теориялық негіздемелер назарда болды.



## **І ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДАМУЫ. ДӘСТҮРЛІ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ӨЗГЕРІС, ДАРАЛАНУ ҮРДІСІ. АУЫЗША ӘДЕБИЕТТЕН ЖАЗБАШАҒА ОЙЫСУ**

XX ғасырдың басында Х.Досмұхамедұлы халық әдебиетін көркемдік мәнде жіктеп отырып, ХІХ ғасыр әдебиетінің бір қырын көрсетер мына бір жайларға тоқталады.

“...Кейбір мәліметтерге қарағанда бұндай авторлық ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан басталады деп жобалауға болады. Бұл қазақтың жазба әдебиетінің басталуы. Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған, сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және гираттық түрлерінен іздеу қажет” [16, 33 б.].

Х.Досмұхамедұлы әдебиет тарихындағы ХІХ ғасырда басталған тағы бір елеулі жайды атап көрсетті: “Халық әдебиеті” ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі түрде хатқа түсе бастады. Әдетте оны қызығушылар мен Радлов, Потанин, Ильминский, Мелиоранский сияқты шығыстанушы мамандар жазып алды.

Қазақ халық әдебиетінің нағыз жинаушысы этнограф Әбубәкір Ахметжанұлы Диваев болды. Қырық жылдан астам уақыт бойы ол шаршамай-талмай қазақ халық әдебиеті үлгілерін жинады, жүйеледі және орыс тіліне аударды” [16, 33 б.]. Диваев жиган-тергенінің 86 баспа табағын революцияға дейін орыстың түрлі журналдарында бастырған.

Әдебиеттің ішкі ісінде, көркемдік шеңберлерінде де өзгеріс, жаңару, даму тенденциялары аса күшті байқалды. Қазақ өлеңі жаңа түрлер жасады. Оның басында Махамбет, Дулат тұр. Бұл құбылыс Абаймен жалғасты. Жаңа жанрлар туды. Европалық мәндегі жана жазба әдебиет қалыптасты. Мысал, сықақ, сатира жанры жаңғырып, жанданды. Поэма туды. Сырлы да нұрлы лирика толысты. Салсерілер өнері шарықтады. Айтыстың мәні, мазмұны тереңдеді, түрі түледі. Поэманың алғашқы нысандары көрінді. Тарихи жырлар туды.

ХІХ ғасырда жазба әдебиет туганын М. Әуезов те нығыздай айтты. *(Бұл тұста Ежселгі, Орта ғасырлар әдебиеті ортақ түркілік, қазақ әдебиетінің арғы арналары деп айтылмайтын – Қ.М.)*

“Біздің білуімізше, зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиет екінші жікке қарай ауысады. Бұдан бұрын қарастырған әдебиет жұрнақтарының барлығын ауызша әдебиет десек, мыналарды жазба

әдебиеттің басы деу керек. Не болмаса қазақ топырағында ең алғашқы жазба әдебиетті туғызған анасы осылар деу керек.

...Жанағы зар заман ақындарына осы белгінің жалғыз өзін алып қарасак, ақындар жазып айтпаса да, орта буыннан бастап, соңғыларының барлығы да жазып сөйлейтін болған” [15, 193 б.].

М.Әуезов – ХІХ ғасыр әдебиетіндегі аса елеулі көркемдік төңкеріс –әдебиеттегі бағыт туралы алғаш айтқан зерттеуші.

“... Әдебиет жүзінде елдің, әлеуметтің тіршілігі сөз бола бастаған соң, жазба әдебиет дәуірі туа бастады да есептеу керек. Ауызша мен жазбаша әдебиетінің арасын бөлетін белес, кезең осы” [15, 192 б.].

Сәбит Мұқанов ХІХ ғасыр әдебиетінің әдебиет тарихындағы орнын, тарихи мәнін, бірнеше өзгешелік, өзіндік ерекшелігін тізбелеп келіп, мынадай тоқтам айтты: “ХІХ ғасырдың одан бұрынғы ғасырлардан өзгешелігі – бұл ғасырда шын мағынасындағы жазба әдебиет туды... Жер жүзіндік классикалық әдебиетпен қазақ әдебиетінің шын мағынасында араласуы ХІХ ғасырда ғана” [11, 8 б.].

С.Мұқановтың сол тұста айтқан әдебиет тарихын жасау мәселесі, әдебиет мұраларын жарыққа шығару мәселесінен анағұрлым қиын, себебі жүйеге түспеген деген пікірі әр уақытта да есте болар шындық. Мұқанов жіктеуінде, бөлуінде (1942 ж.) сыншыл реализм атауы жоқ. Абай дәуіріндегі әдебиетті мәдениетке үндеу деп бөледі.

С.Мұқановтың “Қазақтың ХVІІІ-ХІХ ғасырлардағы әдебиет тарихынан очерктер” еңбегінің құнды қырының бірі – әдебиет мәселесін қозғағанда тарихи жағдайға кең түсінік беріп отырып таразылауы, сол дәуірлерде жасаған әдебиеттің өзгешелік, ерекшелігі неден туындап отырғанын тарата талдау. Саралау тұжырымдары көбіне аса объективті.

С.Мұқанов Кенесары қозғалысына баға берді. Нақты деректермен сөйледі. Мына бір пікір, тек әдебиет емес, қазақ қоғамындағы, қазақ мемлекеттілігінің тарихындағы аса елеулі құбылыстарды ойшылдықпен сұрыптау, бағалау, байқау, “Кенесарының мақсаты хандықты сақтау. Хандық – қанаушы таптың қолындағы құралы. Бірақ осы хандықтың өзі, адам баласының өркендеу дәуіріндегі белгілі бір сатыда, халықтың елдігін сақтауға қажет және прогрестік құрал” [11, 81 б.].

ХІХ ғасыр әдебиетінде қалыптасып, ХХ ғасыр басына ұласқан үлкен саяси-әдеби құбылыстардың ара жігі кейінгі уақыттарда жаңа мәреден қайта қаралып, көркемдік шындықтың аясында ашылып, ажыратылып жатыр.



Кезінде А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С.Мұқанов XIX ғасыр әдебиет үлгілеріне қатысты жасаған тұжырымдар қазірде тұтастай ғылыми айналымға түсіп, бүгінгі ғылымның жеткен өлшемдерімен табысып жатқан көп жайы бар.

XIX ғасыр әдебиет үлгісі, түрі мол, сан жанрлы әдебиет. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет негізінен жыраулар поэзиясы түрінде көрінді. Онда негізінен жыр үлгісінің түрлі жанрлары басым болды. XIX ғасырда қазақ әдебиетінде жыр үлгісінің түрлі дәстүрлі жанрымен бірге жаңа өлең түрлері туып дамыды. Уақығалы дастан-позмалар, түрлі сырлы лирикалық өлеңдер, сатира, айтыс түрлері, қиссалар, ауыз әдебиеті үлгілері қатар жасады. Көркем прозаның үлгілері (Ыбырай әңгімелері) сыни мақалалар, түрлі баспасөз жанрлары, аударма әдебиет ғылыми-публицистика туып, қалыптаса бастады.

XIX ғасыр әдебиеті әр қилы саяси, тарихи себептердің негізінде, түрлі жағдайда туып дамыды. Ол әдебиет бостандық күрес, Исатай мен Махамбеттің, Кенесары мен Наурызбайдың, Жанкожа мен Бекеттің отаршылыққа қарсы қарулы бас көтеру; ұлт-азаттық күрес үстінде туды. Ол әдебиет Қоқан хандығы езгісінде болған өкірлердің өзгеше өз шындығынан туды. Ол әдебиет, “су түбіне кеттін, жұрт, тал қалған жоқ қармарға” деген торығу, қасіреттен туды. Ол әдебиет ендігі күні не болмақты ойлаған; енді жаудың тілін біл, көргенін көр, жасағанын жаса деген тірлікке шақырған жаңа сілкіністен туды.

Ол әдебиет өзін-өзі сақтау инстинктінен туды. Дінінді, тілінді билеп-төстемек; оған көнбе, рухани мұраңды сақта деген қауіпсіздендіру ниеттен туды...

Не дегенде де аса бай, мол мұра – XIX ғасыр әдебиетін жүйелеу, көркемдік сипаттар, әлеуметтік мән жөнінен бағалау, саралау көп қаралғанымен, әлі де қыры мен сыры қайырым бермей жатқан күрделі құбылыс.

Жалпы әдебиет тарихында жасаған ақын-жырауларды тақырыптың тар шеңберіне қарай қайырып отыру шартты құбылыс. Белгілі бір уақыттарда әлгі жіктеулер мен айырмалар ғылымның кен өрісінде көзге қораш көрініп қалары даусыз. Әріге бармай-ақ осы XIX ғасыр әдебиетін сан түрлі қисынмен, түрлі ағымға, бағытқа, саяси арнаға қанша мәрте түрлендіріп бұрып келгінімізді еске алайық. Ғылым ақиқатқа айналасын түгел шолып барып жететінін ескерсек, қазақ әдебиеттану ғылымы соған жетер жолда түрлі

мәжбүрлеуге де көнді. Қилы шарттылыққа да жүгінді. Белгілі бір ғылым өрісі жеткен деңгейдің бәрі тоқтам шегі емес екені белгілі.

Кезінде Махамбетті М.Әуезов зар заман әдебиетінің ішкілік дәуірінің өкілі десе; С.Мұқанов XIX ғасыр әдебиетіне бостандық күрес дәуірінің өкілі дейді.

Дулат Бабатайұлын кейінде зар заман әдебиетінің айтулы өкілі деген тоқтамға келсек, М.Әуезов та, С.Мұқанов та әуелгі еңбектерінде Дулатты ол жіктеулерге қосып қарастырған жоқ.

Шортанбайды зар заман әдебиетінің айтулы өкілі деп М.Әуезов, С. Мұқанов, т.б. әрідегі ғалымдар, күні бүгінгі ғылымда көпшілік зерттеушілер айтып жүргенімен, профессор Б. Кенжебаев пен Х.Сүйіншәлиев құрастырған 1990 жылғы “Қазақ әдебиеті тарихы” бағдарламасында (Ежелгі дәуір және XVIII–XIX ғғ.) [78] Шортанбай мұрасы “XIX ғасыр әдебиетіндегі халықтық шығыстық сарындар” атты бөлімде қарастырылады. Ол сарында толғаған ақындар Мәделі, Майлыкожа, Құлыншақ, Мұрат, Бұдабай, Базар деп аталған.

Ал Сегіз Сері мұрасы “XIX ғасырдың әнші-лирик ақындары” бөліміндегі Біржан, Сара, Ақан, Жаяу, Әсет мұрасымен бір емес, “Бұқаршыл ақындар” Дулат, Махамбет, Шернияз, Алмажан, Арыстан, Шөже, Орынбай, Кемпірбай, Сүйінбай, Бақтыбай, Түбек, Нұрым, Қашаған, Марабай т.б. ақындар мұрасымен бір қарастырылады.

Бұл жіктеулерде де ғалымның өзіндік түрлі негіздерге сүйенгені даусыз.

Шарттылықты және бір шолып өтелік. Түрлі жағдайда, сырт ерекшелікке қарай жүйелеуде нақтылы бір өзгешелік, ерекшелік белгіге жүгінуге тура келеді. Мәселен, жалпының ішін ашу үшін. Әйтпеген күнде, әдеби процесс шекара, шектің жөнінде көне бермейтін желілі, сабақтас, қанаттас процесс. Сал, сері, айтыс ақыны, күрескер рухтың ақыны, әлеуметшіл ақын, оятушы, ағартушы ақын, т.б. дегенде, әрине негізгі ерекшелік қамтылады. Сонымен бірге дәуірдің басты көркемдік бағыт, ағым, сарынына барлығы да белгілі бір дәрежеде тоғысады.

Қ.Өмірәлиевтің мына бір тұжырымдары да осы жайдан: “Айталық, XIX ғасырдың орта тұсында Орынбай, Жанак, Шөже, Тезек, т.б. айтыс ақындары болды. Олар тамаша айтыс өлеңдерін жасаушылар, айтыс өлең дәстүрін дамытушылар ретінде қазақ әдебиетінде артықша бағаға ие. Олар әрі азаматтық тақырыпта да өлең-жыр туғызды, әрі олар эпос, тұрмыс-салт жырларын айтушы

жыршы ақындар болды. Яғни бұлардың репертуарында поэзияның бірнеше жанрына тән мұралар болды” [44, 26-27 бб.]. Бұл пікірді салсерілер өнернамасына қатысты да айтуға болады. Оны зар заман әдебиеті өкілдеріне де, Абайдан бергі әдебиетке де қатысты айтуға болады.

XIX ғасырда хат таныған, сауатты ақындар болды, олар жазба түрде де өлең-жыр туғызды. Қайсыбірі ежелгі ерлік дастандарды, аңыз-әңгімелерді жаңғыртып жазды. Түркі, татар тіліндегі діни қиссаларды қазақ тілінде жазып, таратты. Кітап (кітаби) өлеңдер аталған “Бозжігіт”, “Сейпіл-Мәлік”, “Ақсақ Темір хан”, “Сақып-Жамал” сияқты қисса-дастандарды атап айтып, ғалым Қ.Өмірәлиев және бір ғылым мүддесін жеткізер тоқтамдарға келеді.

“Бұл дәуірдегі ақындардың бір тобы екі ақындық мектептің қатар өкілі болды, айтысқа түсіп, өлеңді табан астында ауызша шығарып, әрі жазып өлең шығарды. Заман жайлы жаңа толғаулар жазды. Айтыста олар Жанақ, Түбек, Орынбай сияқты мақтау өлең иелері, ал, заман жайындағы толғауларында мүлде бөлек тұрпатты ақындар болды. Дулаттың соңын ала шыққан Шортанбай осы сипатты ақындардың басты өкілі” [44, 80 б.].

XIX ғасыр әдебиетінде бірнеше әдебиет үлгілері сияқты түрлі бағыт, әдеби ағым-сарындардың қатар жасағаны ақиқат. Соның айғағы көп, ғасыр басынан бері, тіпті XIX ғасырдың сонынан бері саяси аяда да, көркемдік жақтан да қарастырылып, айқындалып келе жатқан бір түрі, бір бағыт, бір ағымы – зар заман.

Ахмет Байтұрсынов “Әдебиет танытқышта” қазақ әдебиетінің теориялық негіздемесін жасап, терминдік өрісін белгіледі. Сол әдебиеттің XIX ғасырдағы үлгілері де айрықша бөлініп, XIX ғасыр еншісі деп қарастырылмағанымен (*олай бөлу Байтұрсынов зерттеуінде міндетті емес еді Қ.М.*), аса нақтылы ғылыми негіздеулердің фактісі, материалы болды.

Х.Досмұхамедұлы қазақ халық әдебиетінің жанрлық классификациясын жасады. Ол классификациясының да негізгі материалы – XIX ғасыр әдебиеті екендігі анық.

М.Әуезов “Әдебиет тарихында” қазақ әдебиеті тарихын жасаудың қисындарын алғаш рет максатты түрде алға тартып, ғылыми жүйенің үлгі негізін ұсынды. “Әдебиет тарихындағы”, “Тарихи жырлар”, “Зар заман әдебиеті”, “Айтыстардың” елеулі арнасы – XIX ғасыр әдебиетінің еншісі. Сонымен бірге, XIX ғасырда ауызша әдебиеттің байырғы үлгілері де қатар жасап отырғанын

ескергенде, “Әдебиет тарихының” барлық бөлімінің ХІХ ғасыр әдебиетіне қатысы бар.

Сәкен Сейфуллиннің “Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары” (1931), “Қазақ әдебиеті” (1932) оқулық-хрестоматияларында да ХІХ ғасырдағы әдебиет үлгілері молынан қамтылған.

1942 жылғы “Қазақтың ХVІІІ, ХІХ ғасырлардағы әдебиет тарихының очерктері” көмекші оқу құралында Сәбит Мұқанов ХІХ ғасырдағы әдебиетті әдебиет үлгілеріне қарай кекінен алып қарастырды.

Қажым Жұмалиевтің “Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері” (І том, 1958), “Қазақ әдебиет тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі” (ІІ том, 1960) монографиясында ХІХ ғасыр әдебиеті жан-жақты зерттеуге тартылды.

Заки Ахметовтің “Казахское стихосложение” [72], “Өлең сөздің теориясы” еңбектерінде қазақ өлеңінің туу, жасалу заңдылықтары, негізгі жанр, үлгілері жөнінен айрықша негіздемемен ашылды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ХІХ ғасырдың әдебиетін арнайы зерттеу үрдісі – тоқталмай, үздіксіз жетіліп, дамып келе жатқан үлкен бір ғылыми арна. Оның айтулы саласы – бүгінде абайтану ілімі. Сол сияқты махамбеттану ілімі қалыптасып-дамып отыр. Зар заман өлеңнің зерттелуі де – өзіндік жүйесі, алымы айқын арна. ХІХ ғасырдағы қазақ өлеңінің түр, жанр, стильдік, тілдік, құрылым, өлең заңдылықтары жөнінен зерттелуі де ілгері ғылым.

ХІХ ғасыр әдебиеті қазақ әдеби тілінің дамуындағы орнына қарай да кең зерттеулер нысаны болып отыр.

Профессор Т.Кәкішевтің 1989 жылғы “Әр дарынның тарихта өз орны бар” атты қазақ әдебиеттану ғылымының кезеңдік саяси ықпалдардан көрген құдайы, оның әдебиет тарихы мәселелеріне тигізген зардабы жайлы ауқымды проблемалық ой-толғамында қадау-қадау ұстанымдар бой көтерген еді.

“Ал ХІХ ғасырдың екінші жартысында тарихи сахнаға шыққан жаңа жазба әдебиетіміздің осындай жай-күйімен қатар көшпелі тұрмыстың өзінен өріс алған көркемдік екі құбылысқа назар аудару қажет. Бірі – ақындар айтысы болса, екіншісі – әнші ақындар, яғни сал-серілер поэзиясы қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшелігі ретінде айрықша ағым, бағыт болып қарастырылуға тиіс сияқты” [27, 188 б.].

“... Дегенмен, христиан және ислам уағыздарымен қатарласа жеткен батыс, орыс пен шығыс әдебиеттерінің үлгілері кітаби ақындар бағытын туғызғандығына енді көз жұмып қарауға

болмайды. Оған да тарихтан орын беріп, халықтың көркемдік таным-білігін қалыптастыруға әсер-ықпал жасағандығын именбей, жалтақтамай айтуға тиіспіз”, – деп ғалым әдебиеттегі ағым, бағыт мәселесін көркемдік жөннен айқындау мәселесін жаңаша қояды [27, 189 б.].

Т.Кәкішев осы еңбегінде мәселе етіп арнайы қозғаған Шәңгерей Бөкеевтің қазақ әдебиеті тарихындағы орны ұзамай Мақсат Тәжімұраттың ауқымды еңбегіне арқау болып, ғылым өрісі ұзара түсті... [73].

Қазақ елі ХІХ ғасырда түрлі саяси ахуалды бастан кешті. Қилы замандардың көлеңкесі ел әдебиетіне түсті. ХVІІІ ғасырдың алғашқы жартысында Ресей құрамына ене бастаған Қазақстанның тұтастай қосылу процесі бір жарым ғасырдай уақытта өтті. Бұл дәуірде қазақтың дәстүрлі әдебиет үлгілері тарихи жыр, айтыс, ән өлең, дастан-қиссалар тарихи-әлеуметтік ахуал аясында түрленіп дамыды.

М.Әуезов тікелей орыс отаршылдығымен байланыстырған зар заман ағымы – қазақ әдебиетінде елеулі ағым болып осы дәуірде қалыптасты. Сол орайда Ресей қол астына ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдары қосылған Сыр бойы, Оңтүстік, Жетісу өлкесінің әдебиеті туралы кезінде С.Мұқанов, кейінде Әуелбек Қоңыратбаев, Ә.Оспанұлы, М.Жолдасбеков, Т.Тебегенов, С.Дәрібайұлы, Л.Әбдіхалықова [74], т.б. ғалымдар арнайы зерттеулер жүргізді.

Мүбәрәк Үмбетаевтың “Ақындық өнер өрісі” монографиясында берілген мына мәлімет Қокан хандығының ХІХ ғасыр қазақ тарихындағы ықпалының күшін нақтылай түседі: “Сөйтіп, ХІХ ғасырдың ортасында он бес әкімшілік-бектіктен тұратын Қокан хандығы Оңтүстік Памир тауларынан бастап, солтүстік батыста Іле өзеніне дейінгі орасан зор территорияны иеленген” [75, 161 б.].

Қокан езгісіне қарсы бас көтерген батырлардың ерлігі, биліктін арамза саясаты ел ақындарының шығармаларында түрлі жанрда көрініс тапты. Қокан билеген өңірлерде де дәстүрлі әдебиет үлгілері мейлінше нақтылы сипаттармен қанығып, толығып, дара сипатта дамыды. Жетісу, Оңтүстік өлке, Сыр бойында өзіндік бір жыршылдық дәстүр өрісін ұзартты. Дәстүрлі айтыстың жазбашалық сипатта жайылуы орнықты.

Ақындық айналасы аса кен асыл Жамбыл 1939 жылы 20 маусымда ауылына келген Қопабай атты туысына және оның жанындағы бір-екі туысына мынадай естелік айтқан екен.

“Екеуміз ертеде Арысқа, Түркістанға барғанымыз есінде ме? Майлықожа, Құлыншақ ақындардан “Шора батыр”, “Қыз Жібек”, “Мұңлық-Зарлық” киссаларын тыңдап, қайтарда атымызды ұрлатып жаяу қалғанымыз, ел болып ат мінгізіп қайтарып еді. Ой ол да бір қызық күндер екен ғой!” [76, 139 б.].

Сыр бойы шайырларының шығармашылық ғұмырбаянында айтыстары, арнау-толғаулармен бірге жыршылық, ежелгі эпосты, шығыс киссаларын жырлау өнері де болды.

Ақындық өнер ХІХ ғасырда соншалықты бай өнерпаздық дәстүрді дамытқан айрықша шығармашылық қуатқа айналған.

Қоқан, Хиуа хандықтары билеген өңірлер әдебиетіндегі ақындық шығармашылықтың бір қыры – жыршылық дәстүр. Қазақтың рухани өмірі, әдебиет, мәдениет тарихындағы осы бір өнердің ғылыми негіздері сонау Шоқан зерттеулерінен бері қарай жан-жақты қисындалды.

Жыршылар тек белгілі текстерді жаттап, соны жұрт алдында қайталап орындаушылар ғана емес, өзге де өнер иелері сияқты сан қырлы өнерпаз, эпикалық дәстүрді жалғастырушы (Қ.Жұмалиев, Р.Бердібай).

Р.Бердібай жыршылықтың төрт түрлі сипатын саралайды.

*Біріншіден*, жыр нұсқаларын көп өзгеріске түсірмей дәстүрлі поэтикалық көркемдеу тәсілдерін сақтай отырып айтушылық.

*Екінші ерекшелігі*, жыршылықтың түрлі мектеп арасындағы айырмашылық мәселесі. Әр өңірдің жыршылық дәстүріндегі өзгешелікті саралай отырып ғалым Орталық Қазақстан айтушыларында лиро-эпостық, Батыс Қазақстанда қаһармандық аңыздаулардың басым болатын себебін осымен байланыстырады. Оңтүстік Қазақстан, Сыр бойында қаһармандық та, ғашықтық та жырлар қатар айтылған, оның үстіне, бұл өңірлерде Шығыс сюжеттеріне негізделген дастандар да кең тараған.

Әр мектеп жыршыларының репертуар жалғастығы ілгеріден кейінгіге берік сақталып отыруы да – дәстүрдің бір қыры.

*Үшінші сипат* жыршылардың орындаушылық шеберлігінің түрліше болуына байланысты. Айтушының дарын қуаты, тәрбиетәлімі, эпос варианттарының көлемі, көркемдігімен екшелетін белгі.

*Төртінші сипат*, эпос, дастандарды түпкі нұсқадан көп өзгертіп айтушылық дәстүрі. Эпосқа жыршының “өзгеріс” енгізіп отыруы – жырды айтушының айрықша дарындылығына қатысты дейді зерттеуші [77].

Осы орайда белгілі әдебиет теоретигі Есмағамбет Ысмайыловтың жыршылық жайлы тұжырымдары қазақ тарихында жасаған айтулы жыршылардың шығармашылық сырларын аша түсуге көмектесетін айғақтар екендігі даусыз.

Е.Ысмайылов жыршылық өнерді ақындық өнерге жетілудің бір сатысы деп қарастырады.

“...Міне осы әуестену, қызығу дәуірінде жас ақын естігенін түгел жаттайды, домбыраны тез үйреніп, ән-күйлерді тартатын болады...” [20, 89-90 бб.].

Е.Ысмайылов ақындық пен жыршылықтың тұтасып келуі кен тараған құбылыс екенін көпшілік ақындардың шығармашылық ғұмырымен ашып, айқындай түседі.

Сыр бойының белгілі ақындары “Ер Қосай”, “Қарабек”, “Лұқпан әкім”, “Тақ Сүлеймен”, “Ләйлі-Мәжнүн”, “Мақпал қыз”, “Таһир-Зухра” жырларын айтқан.

Жыршылық мектептің ерекшеліктері жайлы ғалым Анарбай Бұлдыбай арнайы зерттеу еңбек жазды. Оңтүстік Қазақстан жыр айту мектебі туралы А.Бұлдыбай мынадай аса қисынды тұжырым жасайды: “Қазақ жыршылық өнеріндегі қайталанбас дәстүрі, өзіндік репертуар, сазы бар мектептердің тағы бірі – Оңтүстік Қазақстан жыр айту мектебі. Кезінде бұл мектеп басқа жыршылық дәстүрлерге де әсер етіп, бүкіл қазақ жерінде хисса айтудың таралуына себеп болған орта.

...Халық аталған шығармаларды орындаушыларды қиссашылар, кейде жыршылар деп атаған. Бұл дәстүрдің тараған жері негізінен Шымкент облысы мен Жамбыл облысының кейбір аудандары” [71].

Ғалым хисса дәстүрі білімдікті, айтқыштықты, музыкалық дарынды керек ететінін атап көрсетеді.

Осы тұста Оңтүстік, Сыр бойы шайырлары, Жетісу ақындары қазақтың ежелгі жыр айту дәстүрін озық үлгіде, әр қалыпта дамытушылар болуымен бірге жаңа тарихи өлең, жырлардың да асыл өзегі болғандығын есте ұстаймыз.

Осы жөнде Ә.Қоңыратбаев мынадай мәселе қойған еді: “Бізде күні бүгінге дейін терең зерттелмей жатқан тарихи-ғылыми мәні зор тақырыптардың бірі Сыр және Жетісу қазақтарының Россияға қосылуы, осы орайда туған көптеген тарихи өлең-жырлар” [78, 262 б.].

Ғалым бұл жөнде өзі нақтылы, нәтижелі зерттеу-зерделеудің өнегесін де көрсеткен еді.

“1809-1853 жылдары Ақмешіт Жақыпбекке қараса, Қармақшы, Қазалы қазақтарын Хиуа хандары билеп-төстеді. Бұл аймақты Қокан ханы Мұхамед Омар кейін өзіне қаратқан. Бұл Сыр бойы қазақтарының өміріндегі ең ауыр кезең болды. Қазақ тарихи жырларының ерекше бір өркендейтін кезеңі – осы дәуір” [78, 263 б.].

XIX ғасыр басында құрылған Қокан хандығының әкімшілік-билік, жалпы саяси құрылымы Ресей отаршылдығынан көп мәселе жөнінен өзгешеленетін. XIX ғасырдағы әдеби үрдіске, сөз жоқ, ол құрылымның көлеңкесі түсті.

Қазақ әдебиетінің тарихында, оның ішінде XIX ғасырдағы әдебиеттің дамуында Қокан хандығы билігінің өз ықпалы болғандығы жөнінде кезінде Сәбит Мұқановтың “Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер” монографиясында жекелеген пікірлер, ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың тұжырымдары болды.

Соңғы жылдары қазақ әдебиетіндегі шығыстық желілер, қиссалар табиғаты, назира дәстүрі ілгерідегі саяси ахуалдар тұсында кеңінен ашып, аршып айтуға мүмкіндік болмаған тұстардағыдай емес, ғылыми негізде тарала, тармақтала түсіп отыр.

Р.Бердібайдың еңбектерінде, А.Қыраубайқызының “Шығыстық қисса-дастандар” (1997) монографиясында, Ө.Күмісбаевтың жекелеген зерттеулерінде, У.Қалижанұлының, Т.Тебегенұлының, А.Бұлдыбайдың, М.Үмбетбаевтың, С.Дәрібайұлының, т.б. зерттеулерінде ақындықтың өзіндік өнегесі, қалыптасқан күнгейлік мектептің ерекшеліктері де *(айрықша бөліп қарастырылмағанымен де – Қ.М.)* көрінетіні даусыз.

XIX ғасырдағы әдеби үрдіс дәстүрлі сарындарды сақтап, замана ағымына орай жетілдіріп отырды. Ежелгі дәстүрлі сарындар: адамның тіршілік сабақтары, дүние-жаратылыс, ғұмыр жас кезеңдері жайлы толғам, ойшылдық пайымдары, не жақсы, не жаманның жөні түрлі жанрдағы шығармаға арқау болды. Ол мазмұн заманалық жаңа беталыстардың мәнімен толығып, аса айқын әлеуметтік үнге бөккен өзгеше бір үздік сөз өнері болып орнықты.

Әдебиеттің қайсыбір дәстүрлі үлгісі болмасын жанрлық жаңғыруға түсіп, нақтылы сипаттарға не болды. Тарихтың көлеңкесін көркем сөзде жаңа бір әдіс, тәсілмен көрсетудің шеберлік алымдары ашылды.

XIX ғасыр ішінде байырғы әдеби үрдіс ауызшадан жазбашаға өту дәуірін бастан кешті (М.Әуезов).



Жазып шығару, ендігі ел тарихы, ел тұрмысы қазақ өлеңіне түр жөнінен де, мазмұндық та өзгеріс әкелді. Құлмат Өмірәлиев бұл өзгерістің басына Дулат Бабатайұлын қояды. “Дулат қаламды қолға алып, сөзді жазып шығарды, өлең сөздегі формашылдық дәуірді бастады” [44, 85 б.].

Бұл тұста ғалым Дулаттан ілгерідегі суырып салын айтып алып, сонан соң хатқа түсірді, шәкірттері ептеп редакциялады дегенді айтып, Шортанбай, Нысанбайларды сол топқа жатқызады.

“Дулат өлеңдеріне тән өлшем-өрнектердің қайсыбірі кісіні өте көне дәуірге жетелесе, ал енді бір парасы Абай өлеңдеріне, өлшем-өрнектеріне әкеледі” [44, 88 б.].

Қ.Жұмалиев Дулат өлеңіндегі бір ерекшелікке назар аудару қажеттігін айтқан еді: “Бір шумақ өлеңде үш жолы **шұбыртпалы**, екі жолы егіз ұйқас болып келетін өлеңдерді біз тек қана Дулаттан кездестіреміз. Бұл ол кездегі ақындардың басқаларында жоқ. Жалпы қазақ өлең құрылысының дамуын зерттеуде бұған тоқталмай кетуге болмайды” [79, 108 б.].

Қ.Өмірәлиев М.Қашқаридың “Сөздігіндегі” өлең-жыр үлгісін келтіріп, Дулаттың ХІ ғасырдағы түрік поэзиясының ауызша, жазбаша үлгілеріндегі *аааб – әәәб – вввб...* – ұйқасы 7-8 буынды өлеңді қайталайтынын көрсететіп, қазақтың ауызша поэзиясы бұл үлгіні өте ертеде салттан шығарды дейді.

Ғалымның бір үлгідегі өлең-жырды ауызша, жазбаша деп бөлудегі шек не деп мәселе қоюы қазақ өлеңін тұтас қарастырудағы орны өз алдына, ХІХ ғасырдағы өлең сөздің өзгеріс-өлшемін байыптауда, әсіресе жаңа жазба әдебиет үлгісіндегі өлеңнің ішін ашуда үнемі ескеріліп отыратын елеулі шарт болса керек.

Құлмат Өмірәлиев айтулы теоретик Заки Ахметовтің тұжырымын келтіре отырып, ол үлгілерді Абайдан іздегеніне орайластыра отырып, ғалымның жыр өлшемімен жазылған жанрлық сипаты өзгеше лирикалық өлеңдер дегенді тану мәселесін қозғайды.

Өлеңді ұйқасты жолдардың сипатына қарай жіктеу (*буын санының бірдейлігіне қарамай – Қ.М.*) – ауызша өлең мен жазбаша өлеңнің, жыр мен порымы бірдей көрінгенмен, жаратылысы бөлек лириканың айырмасын ажыратудағы теориялық меже түріндегі өлеңтану тәсілі. Осы аса мәнді теориялық тұжырымды өлең сөздің жаратылысын тануда біліп, ескеріп отыру үрдіске айнала қоймаған сияқты.

Мұны ХІХ ғасырдағы әдебиет үлгілерінің даусыз, басы ашық авторсыз фольклор үлгілері өз алдына, басқа нұсқалардың ауызша әдебиет пен жазбашаға қатысын болжауда теориялық бір меже есебінде ескеріп отыру жөн көрінеді.

Және бір меже – М.Әуезовтің жазбаша әдебиет қоғамның рухани қалпында белгілі бір бет, бағыт, сарын пайда болған уақытта туды деген қисынын шығарманың негізгі сарын, желілері арқылы (*өлең үлгісі, құрылымы емес – Қ.М.*) қарастырып, ажыратып отыруды ұстанған дұрыс сияқты.

Дулат осы тұрғыдан келгенде жыр өлшемімен жазылса да “жыр” деп аталмайтын жанрлық сипаты өзгеше лирикалық өлеңді жасаған ақын” (Қ. Өмірәлиев).

Қ.Өмірәлиев Дулат өлеңді әрі айтып, әрі жазып шығарған дейді. Ол – Дулат пен Абайдың бірнеше өлеңінің жасалу тәсілі, айтылу сарыны, тіпті көзқарас жөнінен өте жақын келетінін алғаш атап көрсеткен ғалым.

Дулаттың “өзгеше лирикалық” өлеңі ауызша әдебиет үлгісіндегі ұйқас үшін, ойға баспалдақ үшін көмек етер жанама жол, жанама сөзден таза.

Абайдың “Болыс болдым, мінеки”, Дулаттың “Сөзім бар да көзім жоғы”. “Ел жақсысының” сипатын Дулат та, Абай да көбіне бір көзбен көріп, бір жүрекпен сезіп сипаттайды.

Қ.Өмірәлиевтің ауызша мен жазба әдебиет мәселелерін қарастырғанда А.Байтұрсынов, М.Әуезов, т.б. ғалымдардың пікірлерімен нықтас тұрған мәселелі, мәйекті түйін жасап отырады.

Қ.Өмірәлиев әдебиет күйін (ХІХ ғ. орта тұсындағы) жанрлық жақтан қарастыруында сол әдебиетті туғызушылар құрамын, олардың даралық сипатын айырып, ажыратып топтайды.

Мәселен: “Сөйтіп, ХІХ ғасырдың орта тұсындағы қазақ поэзиясы, әрі оның шығарушылары жайлы мынаны айтуға болар еді: **біріншіден**, (*астын сызған біз – Қ.М.*) би ақындар болды, олар байырғы дәстүрмен, үлгімен тақпақ сөздер, мақалды сөздер жасады; **екінші**, сарай ақындары болды, олар мақтау жырлар жаратты; **үшінші**, айтыс ақындары болды, олар мақтау өлеңдер мен айтыс өлеңдерді шығарды; **төртінші**, шығыс әдебиетіндегі ғашықтар жайлы сюжеттерді (әрі қиссаларды) қайта жаңғыртып жазатын **кәсіпқой** ақындар болды, олар жыр, өлең үлгісіндегі ғашықтық дастандарды туғызды; **бесінші**, дін ислам өкілдері жайлы шығармалардан сюжет алып, өлең үлгісінде қисса жазатын молда ақындар болды;

алтыншы, әрі айтысқа түсетін, әрі ауызша да, жазба түрде де толғау жыр шығаратын ақындардың жаңа тобы көрінді" [44, 81 б.].

Заманалық өзгерістер туғызған жаңа мазмұн өлеңге жаңа түр әкелетіндігі жайлы әдебиеттану ғылымында айтудай-ақ айтылды. Мәселен, Махамбет ақынның көтеріліс тіліндегі жырлары.

Жалпы, дұрысы, сол әдебиет жасаған дәуірге аса жақын, әрі сол үлгілердің бірталайы әлі де қалпы бұзылмай сақталып отырған кезде оларды теориялық сарапқа салған Ахмет Байтұрсынұвтың қисындарын XIX ғасыр әдебиетінің көркемдік жүйесін саралауда негізгі тұғыр етіп алған жөн. Орыс әдебиеттану ғылымы арқылы мәжбүрлеп қабыстырған көп теорияға қазақ әдебиетінің жаратылысы келе бермейтін, бүйректен-сирақ шығып тұрғандай тұстарды қисындап, қиқымдап келістірген уақыттарымыз болғаны рас. Бұл әсіресе фольклортануда, қазақтың XIX ғасырдағы әдебиетін тануда байқалып отырды.

Әдеби мұраның өзіндік ұлттық сипатын тануда А. Байтұрсынұлы "Әдебиет танытқышының" орны өлшеусіз.

А. Байтұрсынұлы XIX ғасырдағы ауыз әдебиет үлгілерін, ауызша әдебиетті, жазу әдебиетті арнайы, солай атаулап (*XIX ғасыр әдебиеті дел* – Қ.М.) бөліп отырмағанымен, тура сол жәдігерлерді қарастырғаны даусыз, айқын тұстар, тұжырымдар бар.

А. Байтұрсынұлы – XIX ғасырдағы тарихи жырлардың табиғатын алғаш барша айырым белгісімен таныған, әрі оған нақтылы қысқартуға теориялық негіздемесі жасаған зерттеуші.

"3. Әуезе жыры. Қазақтың ерте заманда ерлік қылған адамдарының ерлігін, батырлығын жыр қылып шығарған сөздер ерте жыр деп аталатыны жоғарыда арнайы әдебиет туралы сөз болғанда айтылып еді. Нақ сондай болмағанмен, соған ұқсас сөздер ділмар әдебиетте де болады. Ұлт өмірінде болған, ұлт тарихына жазылған, яки халық аузында әуезе болып айтылып жүрген уақиғаны алып, яки уақиғада халықтың еткен қайратын, азаматтың көрсеткен өнерін, жігерін, ерлігін, намысқорлығын, яки адамшылығын әдемі түрде әсерлі сөзбен жыр қылып шығару бар. Сыпайы әдебиеттің сол сияқты шығармалары әуезе жыр деп аталады" [14, 45 б.].

Толғау түрлеріне тоқталуда А. Байтұрсынұлы кәдімгі лирикаға анықтама беретіні белгілі. Мысалға Абайдың "Адамның кейбір кездері" өлеңін алады.

Қазақ әдебиетінің қайталанбас қас ерекшеліктері аз емес. Сол орайда ауыз әдебиеті үлгілерінің профессионал әдебиетке ойысу,

айналу үрдісін тану, табу, ғылыми негізден айқындап көрсету – әлемдік әдебиеттануда тек қазақ әдебиетінің ғана теориялық еншісі болып көрінеді. Сол үрдісті танудың басындағы кәделі орын – Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттануындағы тарихи орны.

Қазақ әдебиетінің тарихындағы фольклор дәстүрі әдебиеттану ғылымында ендігі кезеңде ауқымды зерттеулерге ұласып отыр. Мәселенің мәні – оның сарқылмайтын, таусылмайтын көркемдік негіздерден құйылған шығармашылық өзгеше жаратылыс сырында. Осы жөнде Жанғара Дәдебаев былай дейді: “Жалпы қазақ жазба әдебиетінің қалыптасуы мен дамуында, жанрлық салалануында фольклордың қызметі мен мәні арнайы зерттеуге лайық үлкен проблема ғой деп ойлаймыз” [58, 181 б.].

К.Өмірәлиевтің ХІХ ғасырдағы әдебиеттің жанрлық, стильдік жөндерін ғылыми негіздеудегі құнды тұжырымның бірі – өлеңді композициялық құрылысына қарай жіктеу өлеңнің әу баста ауызша я жазбаша туғандығын анықтаудағы жүйелі шешімін таппаған даулы қисын екендігін атап көрсетуі.

Ғалымның қазақ поэзиясындағы сурып салып айтатын өлеңнің екі түрін айырып көрсетіп, олардың мәнін жыраулық моделі дайын терме өлеңдер мен ол модель жарамсыз арнау өлеңдердің өзгешелігі арқылы ашуы – негізсіз емес.

Х.Досмұхамедұлы “Қазақ халық әдебиеті” еңбегінде қазақтың еуропа үлгісіндегі жаңа жазба әдебиеті дейтін мәселені анық-анық қойып, кәнігі әдебиеттанушы деңгейінде түйін түйіп отырған. Әдебиеттің зерттеу, теориялық, тарихи мәселелерін өз баяндамасында қарастырмайтынын айтып отырғанының өзінде қаншама ғылыми жүйе, жүлге жатыр.

“Осы “ақтаңдақтың” орнын толтыру үшін біз мүмкіндігінше қазақ халық әдебиеті мазмұнын баяндай отырып, жіктеп-жіліктеп, сондай-ақ үлгілері мен бұлақ-көздерін көрсете отырып, барынша сығымдалған түрде оның ықшам очеркін жазып шығуды мақсат тұтып отырмыз. Біз, әрине, халық әдебиетінің даму тарихын мүлде сөз етпейміз, сол секілді бұл әдебиеттің осылайша жан-жақты дамуына ықпал еткен себептер мен жағдайларға, сырттан болған әсерлер мен қазақтарға туыстас халықтардың халық әдебиеттерімен өзара ауыс-түйіс мәселелеріне де тоқталмаймыз. Біз халық әдебиетінің қазіргі еуропаланған қазақ көркем әдебиетінің пайда болуы мен дамуындағы рөліне (орнына) және осы жаңа әдебиеттің жекелеген өкілдеріне оның ықпалын талдамаймыз” [16, 14 б.].

Осы мәселе әлі де күн тәртібінде.

Х.Досмұхамедұлы XIX ғасырдағы толып жатқан әдебиет үлгілерін атап, сипаттама берді. Алғашқылардың бірі болып қазақ әдебиетін жасаушылардың XV ғасырдан бергі жекелеген өкілдерін атады.

Х.Досмұхамедұлы жазба авторлық мәселесіне байланысты болжамдар айтты.

Қазақ халқы көркем әдебиетінің ежелгі жазба мәдениеті XIX ғасырда бірнеше ғасырлық тоқырауды бастан кешіп келіп, қайта жаңарып, жалғасын тапты. Енді көркем сөзге Батыс үрдісі мен үлгісі араласа бастады.

Ежелгі жазба мәдениет дегенде Ө.Күмісбаев әл-Фарабидің әдебиет теориясына қатысты еңбектерінен бір үзік ой ұсынып, көп мәнді, құнарлы ғылым бастауына тартады.

“Әл-Фараби ақындарды үш топқа бөліп қарайды. Біріншіге суырып салма ағып тұрған табиғи дарындарды жатқызады, бұлардың көңілі түскен тақырыпты теңеу, метафоралармен әсем мүсіндеп бере алатын қабілетіне тоқталады. Ғұламаның бірінші топқа берген бағасы қазіргі айтыс ақындарына келетін сияқты.

Екінші топқа өлең түрлеріне, кағидаларына жетік, поэтикалық құралдардың қисынын кәміл келтіретін ойшыл ақындарды айырады. Бұл топта енді жазбаша ақындардың мінезі бар екендігі – хақ” [54, 47 б.].

Әрине, бұл жөннің тек қазақ әдебиетіне байланысты ғана айтылмағандығы аян бола тұра, әдеби дәстүр жөнінен қазақ әдебиетіне де әбден қатысты.

Ө.Күмісбаевтың айтысты атауы қисынды. Қазақтың қайталанбас қас өнері айтыс XIX ғасырда мүлде жаңа сапада, жан-жақты түрде өрістеді.

“Айтыс сөздерінің молдығы мен көп жайылғандығына қарасақ, қазақ елі ақындық теңізі сияқты көрінеді. Өзге жұрттың әдебиеті тарихын өлең түріне бөлгенде, айтыс өлеңі деген бөлім, не жоқ болады, не болмаса өте аз кездеседі. Қазақтың өзге түрдегі ескілігінің барлығына өзге елдігіне ұқсастық болса да айтыс өлеңдері барлығынан да жат, жаңа түр. Қазақ әдебиетінің өзіне ғана меншікті саналады” [15, 173 б.].

“Қазақ әдебиетінің өзіне ғана меншікті” (Ө.Күмісбаев) түр XIX ғасыр әдебиетінде әлденешеу.

Фольклортанушы ғалым Шәкір Ыбыраев нақтылы мәселенің мәнін айқын ашып, XIX ғасырдағы әдебиет нұсқаларын бірде фольклор ауыз әдебиеті деп, бірде ауызша, жазбаша, жазба дегендей қисындармен айғақтап келе жатқан түрлі тоқтамтанымымызға түйін боларлық ұстаным жөнін көрсетеді.

“Түркі топырағында пайда болған құбылыстардың бәрі де Еуропа мәдениетінің табиғатынан туған теорияларға сәйкес келе бермейді. Мәселен, көшпелі түріктердің өмір салтына лайық қалыптасқан ауызша авторлық поэзия айтылуы, орындалуы, мезгілдік және мекендік шарттары [көпшілік алдында бірден ауызша импровизаторлық жолмен шығарылуы] бойынша фольклордың да, жазба әдебиеттің де ерекшеліктеріне сәйкес емес. Бұл құбылыс Еуропа халықтарының әдебиетінде болмағандықтан, олардың әдебиет тарихында да жоқ. Ал, біз оған қалыптасқан еуропалық теория бойынша орын таппағандықтан, авторлық ауызша поэзияны біресе фольклорлық, біресе жазба әдебиеттің құрамында қарастырып келе жатырмыз” [80].

“Шолпан” журналының 1922 жылғы 2, 3 сандарында, 1923 жылғы 4, 5 сандарында Мұхтар Әуезовтің “Қоңыр” деген бүркеншік атпен “Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі” деген зерттеуі басылды. Кейінде бұл зерттеу М.Әуезовтің [1927] 1991 жылы «Ана тілі» баспасынан М.Мырзахметов алғы сөзі, түсініктемесімен жарық көрген «Әдебиет тарихы» [15] еңбегінде, сол баспадан 1993 жылы шыққан «Абайды оқы, таңырқа...» жинақтарында басылды.

Осы зерттеуде М.Әуезов қазақтың ауызша әдебиеті мен жазба әдебиеті жайлы ой қозғайды. Сол кездегі М.Әуезовтің “Бұл мәселе туралы біздің өз жазушыларымыздың бір жерге қойылған пікірі, бір қалыпқа тоқтаған сыны әзірше жоқ” деген пікірі қайсыбір жағдайда әлі де көкейтесті. М.Әуезовтің “Әдебиет тарихы” колға тигеннен кейін, Л.М.Әуезова мен М.Мырзахметов құрастырып шығарған “Абайтанудан жарияланбаған материалдары” [88] баспа жүзін көргеннен кейін М.Әуезовтің сонау XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында ауызша әдебиет үлгілері мен жаңа жазба әдебиеттің теориялық негіздеріне, жанрлық жайына көп үнілгенін көрдік.

Түрлі саяси қисындар тұсында қазақ әдебиеттану ғылымы “қагаберіс” қалдырып алған, біле тұра, “білмей” бұра тартқан көп бұлтарыс-қалтарыстың әдеби мұраны осы ауызша мен жазба әдебиет үлгілеріне жүйелеуде жатқаны даусыз. Бізде, қайсыбір жағдайда, күні

бүгінге шейін қисса өлең де, тарихи жыр да, айтыс та – Абайға шейінгінің бәрі ауыз әдебиетінің еншісі есебінде ұғынылады.

Ал әдебиет тарихының негізін қалаған Әуезовтің осы мәселеге байланысты қисындары сол “қатып” қалған таным-түсініктің сеңін бұзар қуатты, шыншыл сөз...

Әрі қазақ әдебиеттану ғылымының қазіргі мүддесімен аса үндес сөз. М.Әуезов айтыс өлеңдердің бергі замандағы үлгілерінің ішінде жазба әдебиетке кіретіндерін атап айтты. Әдебиеттегі ауызшадан жазбаға көшкенді көшпелі дәуір деп көрсетіп, оның өкілдерін атады. “Бұл күнге шейін қазақтың жазба әдебиеті жайынан сөз жазушылардың көбі біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді. Бұл пікір суретті художественная литература ретінде қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихының ретімен қарасак, үлкен адасқандық болады” [15, 103 б.].

М.Әуезовтің жазба мен ауызшаны айырудағы өлшемі – бет, белгі, сарын. Бұл бет, бұл белгі, бұл сарын көшпелі дәуірде айрықша көрінді деп түйген М.Әуезов сол себепті де ол дәуірдің ақындары даусыз жазба әдебиеттің басы дейді. Себебі, бұлардың өлеңінде М.Әуезовтің көрсеткеніндей, ел тұрмысының бұрынғы айтылып жүрген жалғыз қызығы мен желігінен басқа, тұрмыстағы негізгі дерт, негізгі себептер айтыла бастаған.

“...жазба әдебиеттің өз міндетін ұға бастап, қазақ тұрмысындағы кем-кетікті қолға ала бастағаны да Абайдан бұрын басталады. Бұл жағынан қарағанда, Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп, хәм Нарманбеттерді алу керек.

Бұл адамдардың кейбірінің Абайдан жасы кем болғандығын есеп қылуға болмайды” [15, 104 б.].

М.Әуезовтің бұл зерттеуі құнды тұжырымға толы. Тарата, кеңіте сөйлеуге, астарын аша түсуге зәрулігін әрдайым ескеріп отыруымыз қажет екені даусыз.

Сөз Мәшһүр Жүсіп жайлы болған соң, жазба әдебиеттің басында тұрғандардың ішінде есімін Мұхтар Әуезов өзі атаған соң осы жайдың ендігі бір ұшығы қайда жатқанын айта кету парыз. Абайтанушы ғалым М.Мырзахметов “Абай жүрген ізбенен” [81], “Абайды оқы, таңырқа...” (1993) [82] жинақтарында Алексей Белослюдовтың қолжазбасын береді. Сондағы деректі кейінде ғалым Уалихан Қалижанов “Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым” монографиясында келтірді.

“ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі – жазба әдебиеті басталады.

Жазба әдебиеттің негізін салушы есімі Мәшһүр деген атпен белгілі болған Жүсіп Көпеев: ...өз руы мен өзін мадақтайтын ақындардың ертеден келе жатқан дәстүрінен ірге теуіп, алғаш рет Жүсіп Көпеев халықтың мұнын жырлай бастады. Мәшһүр Жүсіп өлеңді жазып шығарды, мұнын өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтық сипаттағы жаңа бағыттың дамуына зор түрткі жасады” [69, 197-198 бб.].

А.Белослюдов сол кездегі талантты жастың бәрінің Мәшһүр Жүсіпке еліктегенін, ақын деген ұғымның ендігі жерде жаңа қырлары белгі беріп, сипаты ашыла түскенін атап көрсетті.

Мәшһүр Жүсіптің қастерлі есімі қазақ әдебиетінің тарихында өз нұрымен жарқырап келе жатыр, жанып тұра бермек. Оның негізі – халқының сөз мәйегін “Қара меске” құйып кеткен өлшеусіз бейнеті, ХІХ ғасырдың аяғы ХХ ғасыр басындағы қазақ басылымдарына қатысып, дәуір сөзін сөйлеген көсемдігі, ұлт иманын ұйытқан әулие болмысы... Осының бәріне қоса қазақтың жаңа жазба әдебиетінің көшін бастаған аз ғана асылдың арасында болғаны...

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің ХІХ ғасырдағы қазақ баспасөзіне қатысы өз алдына, қолмен жазып қалдырған кітабында сұлу тілді шешендікпен өрілген оралымдар, жазба стиль өзгешеліктері тым айқын.

Мәшһүр Жүсіп ХІХ ғасырдағы әдебиет үлгілерін “Үлгілі сөз”, “Бата”, “Жар-жар”, “Беташар”, “Сынсу”, “Жоқтау”, “Қара өлең”, “Қайым өлең”, “Айтыс”, “Бақсының сөзі”, “Өтірік өлең”, “Жақсылардың мысал сөзі”, “Тақпақ”, “Мақал-мәтелдер”, “Шешендік сөз”, “Лирико-эпос”, “Батырлар жыры” сияқты түрде хатқа түсіріпті. Бұлар – әрідең келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілері. Бұл үлгілердің барлығы да сол ХІХ ғасырда жасады.

М.Көпеев шығармалар жинағының алғы сөзінде Сәрсенбі Дәуітов мынадай құнды қисындар жасайды: “М.Көпеев біраз айтыстарды қағаз бетіне түсіріпті. Ол айтыстардың қалай, қандай жағдайда болғанын, кімдердің жеңіп, кімдердің не себепті жеңілгенін де айта кетіпті. Қайым өлеңнің, жырдың кімнен басталғанынан да біраз мәлімет беріпті. Ол былай дейді: “Бұрынғылар домбыра ұстал, өлең айтатұғыннан қайым білесін бе деуші еді... Қайым деп екі ақынның айтысқанын айтады екен. Сонда қайым өлеңнің ілкі басы Күдері кожа мен Ұлбике қыздың айтысы. Бұл екеуінен бұрын қайым өлең де жоқ,



айтыс та жоқ. Бұрынғылардікі мақал, тақпақ. Бұлардан бұрын жырлап сөйлейтін болған. Жырлап сөйлеушінің тұдғышы – ноғайлыдан шыққан Мөнке би, қазақтан жырлап сөйлеушінің басы Бұқар жырау”, – деп жалпы қайым өлең мен жырдың шығу, қалыптасу жайында біраз сөз етеді” [83, 16 б.].

М.Көпеев “Қара меске” әдебиет үлгілерін көшіруде еркін шығармашы да.

Оның кара сөзі, баяндау тілі құйқылжып, құйылып тұр. Қазақы шешен әңгімешілдікті баяндауында емін-еркін, көсіп-көсіп қажетіне жаратады.

“Бөлтірік би” әңгімесінде Бөлтіріктің шешендігін әңгімелеп беруі жатық. Қазақы кара әңгімені жазба күйге түйінді, мәнді тұсын жарқыратып, жұтынтып жеткізеді. Кәдімгі жазба мәнер. Оқиға, кейіпкер, жанды сөз бар. Нақты, айқын, шешен, сұлу тіл бар.

“Бір қалың жиылыста Бөлтірік гүлдеп сөйлеп отырғанда...”. Мәшекең сурет жасайды.

“... Намаздыгер болып қалыпты, намаз оқиық”, – деп көп ду түрегелгенде Ұлы жүздің кісілерінің ішінен ұзын бойлы, нар жонды, шекпенді, ер кара кісі түрегеліп тұрып, Орта жүз кісілеріне қарап сөйледі” [83, 66 б.].

“Бөлтірік би” баяны – қазақ әдебиетіндегі көркем прозаның эссе мәнді әрі алғашқы, әрі үздік үлгісінің бірі.

Мәшһүр ақын адамның мінез-құлқын, кісілік түрін (*характер* – К.М.) бір ауыз сөзбен, тастай етіп түйіндейді.

“Бұл Жарылғап Қарсын Кернейдің кезінен даушақ, бұл даушақтың ұрпағы да күні бүгінге шейін дау-жанжалсыз отырмайды” [83, 71 б.].

XIX ғасыр әдебиетіндегі көп үлгі, көпжандылық, әдебиет туғызушылардың алуан құрамы бұл кезең әдебиетін тұтас қамтып ғылыми негіздеуге оңай алынбас аса күрделі мазмұнмен беттестіреді.

Академик Серік Қирабаев: “Қазақ әдебиеті барлық кезеңде де әр түрлі стильдік, түрліше арнадағы талантқа байлығымен ерекшеленеді. Онда Махамбет, Шернияз есімдерімен байланысты күрес поэзиясы, Жанак, Шөже, Сүйінбай, Жамбыл сияқты алыптары бар айтыс ақындарының мектебі, Біржан, Ақан, Әсет, Кенен бастаған әнші-ақындар тобы еңбек еткен. Әр дәуірдің тарихи тұлғаларын дәстүрлі қаһармандық жырлар үлгісінде суреттеген жаңа эпос туғызушылар да аз болмаған. Бұған Абылай, Кенесары, Наурызбай, Исатай-Махамбет, Қабанбай, Бөгенбай. Ағыбай сияқты батырлар туралы жыр-дастандар

қуа. Осы дәстүр Ұлы Отан соғысының батырларын жырлауға ұласты. Бүгінгі біздің ұлттық рухани байлығымызды құрайтын әдебиет үлгілері осылардан тұрады” [26, 13-14 бб.].

Т.Тебегенов мәселені орнықты ойлармен, орынды пайыммен тарата түседі. Пісіп-жетілген ойдың ғылыми жүйесінде сөйлейді: “Қазақтың ауызша ақындық-жыраулық поэзиясының әдебиет атты негізгі ұғымның аясында қарастырылатыны, бірақ таза фольклорлық заңдылықтармен өлшеуге болмайтыны ақиқат...”

Әрине жазылған еңбектердегі құлаққа сіністі болып қалған терминнен ажырай кою қиын. Себебі қазақтың әдебиеттану және фольклортану ғылымдарының салаларына қатысты іргелі зерттеулер жазған А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов еңбектерінде авторы белгісіз таза фольклорлық және авторлығы анық ақындық-жыраулық мұралардың барлығы да “Ауыз әдебиеті” терминімен аталды. Ал, Х.Досмұхамедұлы екеуін де “Халық әдебиеті” атауының аясында қарастырған болатын...

Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы қалыптастырған қазақтың әдебиеттану ғылымының ұлттық-халықтық табиғатына сай жазылған пайымдаулардың кенестік кезеңдегі қате көзқарастарды түзейтін жаңаша бағдары айқындала бастады. Соның ең бастыларының бірі – халық ақындары мұраларын көркем әдебиет үлгілері ретінде тану, бағалау. Бұл орайда біз тілші-зерттеушілер Р.Сыздықованың, Қ.Өмірәлиевтің, С.Исаевтың, әдебиетші-зерттеушілер С.Қирабаевтың, Р.Бердібаевтың, М.Дүйсеновтің, Р.Нұрғалиевтің, С.Қасқабасовтың, Е.Тұрсыновтың, М.Жармұхамедовтің, Қ.Сыдықовтың, Ш.Ибраевтың, С.Негимовтің, Б.Әбілқасымовтың және т.б. үндес пікірлерін ескереміз” [38, 18-19 бб.].

Осы орайда Т.Тебегенов арнайы монографиялық еңбекте қамтып, қарастырған халық ақындарының шығармашылық мұрасы, негізінен, осы ХІХ ғасырдағы әдебиет үлгілері болғандығын, сол зерттеудің негізгі нәтижелерімен санаса отырып, ХІХ ғасыр әдебиетінің жанрлық даралық сипаттарын өлең құрылымы, өлеңдік өлшем, тіл колданыстағы айырым жөндерінен қарастыруды көздедік.

Т.Тебегенов атап көрсеткен халық ақындары шығармаларындағы ежелгі Қорқыт дәстүріндегі өнер тұтастығы ХІХ ғасырдағы әдебиет нұсқаларының ән өлең, айтыс өлең, қисса-дастан, тарихи жыр түрлерінде айқын көрінеді.

XIX ғасырда халықтың рухани қанағатына айналған сал-серілік, жыршылық, айтыскерлік кәсіби ақындықтың сан алуан мүмкіндігіне жол ашты.

“XVIII–XIX ғасырларда ақындар поэзиясындағы азаматтық лириканың аясына тарихи оқиғалардың, махаббат, табиғат туралы өлеңдердің ене бастауы – авторлық шығармашылықтың жаңарғанының белгісі. Ақындардың жаңарған, жаңғырған авторлық тұлғаларының пайда болуы, қалыптасуы – тарихи құбылыс. Бұл – таза әдебиеттік тұғыр. Авторлық шығармашылықтың мазмұнындағы суырып салмалық (импровизаторлық) өнердің сақталуынан, жыршылықтың және халық әдебиетіндегі жанрлардың бәрінің қолданылуынан фольклорлық дәстүрлер жаңғыртыла сабақтасып, әдеби дамудың көркемдік іргетасы нығая түсті” [38, 63 б.].

Т.Тебегенов халық ақындары шығармаларын жанрлық жақтан жүйелеп, ондағы дәстүрді, фольклор және әдебиет дәстүрін атап қарастырды. Ғалымның Ахмет Байтұрсынұовтың әдебиет зерттеуінің құндылығына “құныға” бас қойғаны байқалады. Зерттеудегі халық ақындарының лирикалық өлеңдерінің тұрмыс-салттық негіздерінің мейлінше анықталып көрсетіліп, айтылуы – белгілі көрінетін жайдың ғылымдағы беймәлім, қызықты қисындары. “Беташар”, “Тойбастар” өлеңдер, мұң-шер өлеңдер, т.б. фольклорлық негіздегі поэзия үлгілерінің XIX ғасырдағы ақындық шығармашылықта жаңғыра өрістегені, жанрлық жақтан лириканың өзгеше бір арнасы есебінде жасағаны рас.

“Беташар – авторлық ақындық поэзияның лирикалық өлеңдері қатарынан орын алатын шығармалар. XIX–XX ғасырлардағы ақындар поэзиясында беташар өлеңдер тұрақты жырланып келеді. Мысалы, Базар Оңдасұлының, Әсет Найманбайұлының және т.б. ақындардың өлеңдері беташар өлеңдерінің лирикалық арнау, толғау қалпындағы эстетикалық табиғатын айқындайды” [38, 150 б.].

Ғалым беташарды “халықтың мәдениет қағидаларын түсіндіруші жанр” дейді. Т.Тебегенов өз еңбегінде әдеби дамудың қисындарын ғылыми негізде, қанық ұғыммен қарастырып, бай мұраның барша зерттеу нәтижелерін сіңіре отырып жүйелеп, жинақтап сөйлейді. Әдеби үрдістің даму сипатындағы заңдылықтарға іштен алып анықтама жасайды. Мәселен, жазба айтыстар жөнін саралаудағы қисын монографиядағы қарастырылған бар мәселеде көрінген байыпты таным, байқампаз барлау.

“Ақындар шығармашылығындағы әдебиеттік дәстүрдің тиянақтанған қалпын танытатын жазбаша айтыстардың ерекшеліктеріне былайша тиянақтап тұжырымдар жасаймыз:

1. Жазбаша айтыстар – ұлттық сөз өнерінің әлемдік әдебиеттегі эпистолярлық жанр табиғатымен үндесетін шығармашылықтың үлгісі. Жазбаша айтыстар – поэзияның фольклорлық дәстүрлі ауызша әрі синкретті өнер тұтастығы қалпынан көркем әдебиеттің сипатқа ауысу процесіндегі аралық деңгейдегі шығармалар. Авторлық поэзияның психологиялық құбылыстармен жырланатын көңіл-күй сарындары жазбаша айтыстарда мол орын алады.

2. ... ..

3. ... ..

4. Жазбаша айтыстар – шығармашылық бағдарлары үндес белгілі бір әдеби ағымды құрайтын ақындық ортаны біріктіретін жанр.

... Демек, жазбаша айтыстар – ақындық ортаның әдеби сыншылдық ойларын дамытатын шығармашылық құрал.

5. Жазбаша айтыстардың кейбір үлгілері касса-дастан жанры қалпында танылады” [38, 307 б.].

Осы орайда бір есте ұстайтын жай – негізінде ауызша әдебиеттің өзіндік ерекшеліктері ілгергі М.Әуезов, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, т.б. еңбектерінде аталып, көрсетіліп отырғандығы, кейінде бұл жөнде тілші ғалымдар Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиевтердің ғылыми негіздемелері болғандығы.

Қазақ поэзиясының жанры мен стилін арнайы зерттеген ғалым бұл жөнде мынадай ойлар айтады.

“Тек соңғы кезде Р.Сыздыкова ғана өз мақалаларында жалпы ауыз әдебиетінен (фольклордан) қазақ ақын-жырауларын жіктел бөліп, оларды “әдебиет” деп, онда да “ауызша әдебиет” деп, ал бұлардың тілін “жазбаға дейінгі ауызша әдеби тіл” деп айырып атап жүр. Және бұл пікір қазақтың ауыз әдебиеті табиғатын әрі әдебиетші, әрі тілші ретінде анық дәл танудан туған” [44, 204 б.].

XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінің сол заманнан күні бүгінге шейінгі зерттеу нәтижелері, әдеби нұсқалардың шығармашылық жаратылысы негізінде XIX ғасыр әдебиетін тұтастай:

1) ауыз әдебиеті (авторы белгісіз мақал-мәтел, жұмбақ, қара өлең, нақыл сөз, ертегі, т.б.);

2) ауызша әдебиет (авторлық, өнертұтастығы дәстүрі айқын үлгілер: толғау-термелер, ақындар айтысы, ән өлең, қайсыбір шешендік сөздер, т.б.);

3) жазбаша әдебиет (қисса-дастан, айтыстың жазба түрі);

4) жазба әдебиет (зар заман әдебиеті, еуропалық үлгідегі жаңа жазба әдебиет жанрлары) – деп, шартты түрде бөліп қарастырып, сол түрлердің өлең заңдылықтары (өлең құрымысы, тілдік, стильдік – Қ.М.) негізіндегі өзгешеліктерін айқындай түсу – ХІХ ғасыр әдебиетінің теориялық тарихын жасаудың бір мұраты.

Осы түрлердің барлығында да белгілі бір шамада фольклор дәстүрі жатқандығы біздің әдебиетіміздің туу, жасау үрдісіндегі тарихи негіз екендігі даусыз.

Ғалым Ғарифолла Есім фольклордың руханият тарихындағы орны жайлы мынадай ой түйеді: “Қазақстан территориясындағы қалалардың жойылуымен бірге жазба мәдениеті толық өшіп, жоғалып кеткен жоқ. Ол өзге күйге, өзге формаға ауысты. Сөйтіп, халық рухы тарихи сергелдендер заманында өшіп жойылмай, көркем сананың ерекше формасы, фольклорда сақталып қалды. Фольклордың одан кейінгі басты әлеуметтік қызметі ұлттық этникалық консолидация факторына айналуы. Әсіресе, ол әдеби тілді сақтап, жетілдіруі арқылы көрінді. Тіл мөлдірлігін сақтады. Халық тіл мәдениетін жоғары дәрежеге көтерді. Рухани мәдениет көп жанрлар болып дамыды. Билер сөзі, шешендік сөздер, нақылдар, жұмбақтар, дастандар, тұрмыс-салт өлеңдері, т.б. толып жатқан әдеби үлгілері болды.

Абай нәр алған қайнарлардың бірі – ауыз әдебиеті дегенде осы жайлардың бәрін еске алған жөн” [70, 34 б.].

“Сонымен, Абайды дүниеге әкелген заманды Ренессанс дәуірі деп атауға әбден болады. Бұл қазақ Ренессансы. Оның мәні – түркі жазба мәдениеті дәстүрінің қазақ топырағында қайта жандануы. Түркі тілдес қазақ халқы өзінің тектілік жазба мәдениетіне қайта оралды” [70, 36 б.], – дейді Ғ.Есім.

1935 жылы Ғаббас Тоғжанов Абайдағы өлең түрлері жайлы өзіндік тұжырым ұсынған. “... Абай өлеңдерінде сұрыпталған 16 өлең түрі бар. Сонын бірсыпырасы қазақтың ескі ауыз әдебиеті – миф, хисса, қазақ өлеңі, әндерінен алынған түрлер. Қазақтың бар өлең түрлерін Абай түгел пайдаланған деуге болады. 11, 12 буынды хисса, кара өлең түрі, 5, 6 буынды қазақ өлеңдері, 7, 8 буынды екі жолды, қысқаша қайырылып отыратын жырау түрі – осылардың бәрі да Абай өлеңдерінде көп кездеседі.

Бұлардан басқа өзінің тыннан шығарған, орыс, араб, парсы әдебиеттерінен алған үлгілері де жоқ емес. Біздің жалпылап

шолуымыздың өзінде-ақ Абай өлеңдерінен 7, 8 өлең түрлері қазақтың бұрынғы әдебиетінде болмаған түрлер дейміз” [84, 73 б.].

Ханғали Сүйіншәлиевтің XIX ғасыр әдебиетінің тұтас табиғатына тән мынадай ерекшеліктеріне тоқталуында да XIX ғасырдағы сөз мұрасы мазмұн-мәнімен айқындала түседі.

“XIX ғасыр ақындары өзінің жана идеяларын поэзияның бұрынғы дәстүрлі үлгі-формаларында жырлады.

... Әсіресе, халықтың кара өлең, толғау, терме, жыр жүйелері кең пайдаланылады. Ақындар арнау, айтыс, өлең формасын жиі қолданады. Осылардың ішінде, XIX ғасыр поэзиясын кең өріске көтеріп, ілгері дамытқан жанрлары деп арнау, толғау, айтыс формаларын ерекше атап көрсеткен орынды” [23, 441 б.].

Тәкен Әлімқұлов “төркіні тым әрідегі қазақ поэзиясының ұлттық өмірде араласпаған саласы жоқ” деп, қазақ өлеңінің тарихи мәнін тап басып айтқан.

“Сәбидің тілін сындыратын жаңылтпаштан дананың жұмбағына шейін, жар-жардан жоқтау жырына шейін, қаһармандық дастаннан ғашықтық дастанына шейін, тойбастардан хиссаға шейін, ауыз-екі айтыс пен қағаз жүзіндегі айтысқа шейін поэзия үстемдігін жүргізді.

Терме, такпак, жарапазан айтылса, жезтандай шешендер сөзі ырғаққа құрылды” [57, 6 б.].

XIX ғасырдағы дәстүрлі әдебиет үлгілерінің жанрлық даралану жөндерін айғақтауда, ең әуелі, ғылымдағы тарихилық ұстанымына жүгінеміз.

Тарихилық – жеке фактілермен ғана түтесілмейтін тарихи жағдай, тарихи негіз, қоғам аясындағы адамзаттық таным, пайым эволюциясына, т.б. толып жатқан даму құбылыс-заңдылықтарымен сабақтас күрделі категория.

Сейіт Қасқабасовтың “Миф пен әпсананың тарихилығы” зерттеуіндегі тұжырым, сөз жоқ, әдебиет үлгісінің жанрлық құбылысына да қатысты. “Фольклордың тарихилығы деген ұғым өте кең мағынаға ие. Біріншіден, бұл фольклордың өзі тарихи құбылыс деген сөз. Фольклорлық ойлау, фольклорлық дәстүр, фольклорлық шығарма – міне, осының бәрі тарихта болатын нәрсе, оны аттап кету мүмкін емес.

Бұлардың бәрі тарихтың белгілі бір кезеңінде болуға тиіс, сол дәуірдің жемісі, адамзат мәдениетінің бір сатысы деп танылуы керек.

Екіншіден, фольклор адам тіршілігімен тікелей байланысты, оның болмысының бір бөлшегі. Сондықтан ол адам өмірінің барлық

жағын бейнелейді, шаруашылығынан, тұрмысынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан толық мәлімет береді. Үшіншіден, фольклор тарихи оқиғаларға тікелей де, жанама да байланысты болады...

Төртіншіден, фольклор халықтың өзінің тарихқа қатысын, көзқарасын танытады, маңызды оқиғалар мен көрнекті тұлғаларға берген халықтың бағасын, қарым-қатынасын көрсетеді. Бесіншіден, фольклор әр дәуірде қоғам өміріне сәйкес өзгеріп, тарихи циклизациядан өтіп отырады. Соның нәтижесінде жанрлардың трансформациясы жүріп жатады.

Әрине, бұл айтылғандар фольклордың барлық жанрында бірдей емес. Әр фольклорлық жанрдың өзіндік қасиеттері оның тарихилығына әсер етеді. Көрсетілген бес белгі түгелімен дерлік негізінен, дамыған, көркем жанрларға, яғни ертеріге: эпсана-хикаятқа, эпосқа тән” [85, 82 б.].

Б.Әбілқасымов фольклорда қай жанрдың болсын туғызған тарихи алғышарттары барын айтады [86].

Ш.Ибраев: “Ендеше, тарихилық ұғым шығарманың тұтас өзіне ғана емес, оның ішкі құрамдас бөліктеріне, атап айтқанда, образдар жүйесіне, сюжеттік-композициялық құрылымына, көркемдік кестесіне де қатысты. Осылардың әрқайсысындағы тарихилық (историзм) мәселесі бір жанрдың аясында да, жалпы фольклордың аумағында да (мәселен, қазақ ауыз әдебиетіндегі образдардың тарихилығы деген сияқты) арнайы қарастыруға лайық” [85, 274 б.], – дейді.

XIX ғасырдағы әдебиет нұсқаларының күні бүгінге шейінгі зерттелу-зерделену, танылу қисындарының бар мазмұнында қилы көркемдік мәнді біртұтас ашуға мүмкіндік беретін тарихилық ұстаным негіздері жатыр.

XIX ғасырдағы әдебиет үлгілері, әдеби жанрдың туып, қалыптасу, даралану жөнінде, дамуында тарихтың айқын ізі қалды. Бұл әдебиет танылу, саралану тарихында әр уақытта да тарихилық танымының сан қырлы өлшемімен бағаланып отырды.

XIX ғасырдағы әдебиет – “сол дәуірде қалыптасқан жаңа дүниетанымның” (С.Қасқабасов) көп жанрлы, бай үлгілі көркемдік алымы.

Акселеу Сейдімбектің қазақ фольклортану ғылымының зерттеу методологиясының өзекті ұстанымдары жайлы ой толғай отырып, ортаға салған қисындары, біздіңше, барша мәдени мұраны игеру,

соның ішінде XIX ғасыр әдебиетін ғылыми жөннен негіздеу мәселесінде де аса көкейтесті.

“Мұның өзі фольклордың жеке жанрлары туралы байсалды ғылыми тұжырымдар жинақтап, этникалық мәдениет жөнінен танымның жаңа өрістеріне шығуға жол ашатын бірден-бір қажеттілік екені даусыз. Өйткені, бұл сияқты дифференциялық тәсілмен игерілген зерттеу қорытындылары өзінен-өзі интеграциялық зердеге ұласып, этностың мәдени-рухани әлемі туралы жүйелі (системалы) тұтастықта ой қорытуға мүмкіндіктер тудырады” [87, 3 б.].

Ғалым ұлттық идеологиямыздағы төлтумалық солай дамиды дейді. Орынды, орнықты сөз. Төлтумалықты дамытып қана емес, дарытатын да құбылыс осы болса керек.

Рымғали Нұрғалиев әдебиеттің теориялық-методологиялық мәселелерін саралаған “Телағыс” монографиясында қазақ әдебиеттану ғылымының даму негіздерін былайша айқындайды:

“Қазіргі таңдағы қазақ әдебиеттану ғылымының барысы, даму тенденциясы төрт салаға ойысып отыр.

Біріншіден, сөз өнерін тарихи тұрғыдан бағалау бағыты.

Екіншіден, проблемаларды арнайы тексеру бағыты.

Үшіншіден, әдебиеттің дамуына әсер еткен көрнекті суреткерлердің творчествосын қарастыру бағыты.

Төртіншіден, көне нұсқаларды, классиктер туындыларын қайта жариялау, текстологиялық ізденістер бағыты [4, 67 б.].

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті осы бағытта зерттеліп келеді.

### **1.1 XIX ғасырдағы әдебиетіндегі қисса өлең дәстүрі – ықпалды шығармашылық өріс**

XIX ғасырда қазақ арасына кең жайылған қисса-дастандар зерттеушілер деректеріне қарағанда ортағасырлық нұсқадан қайта басылып та, нәзирагөйлікпен қайта жырланып та тарал отырған. Бір шығарманы, бір желіні бірнеше ақынның өзіндік өзгешеліктерімен жырлап, бастыруы да қисса-дастанның жасау үрдісіне айналған.

1959 жылғы әдеби мұраға көзқарас талқыланған ауқымды ғылыми жиындағы жарыссөзде Б.Шалабаев қиссалардың мәнін мейлінше айқын қойып сөйлейді: “XIX ғасырдың соңғы ширегінен XX ғасырдың алғашқы 15 жылында Москва мен Петербург, Қазан мен Уфа, Ташкент пен Омбы, Орынбор мен Троицк, тағы басқа қалаларда қандай кітап басылсын, соның бәрі “қисса” аталды. Осы



тізбек, осы серияның ішінде “Қобыланды” мен “Ер Тарғын”, “Қыз Жібек” пен “Қамбар”, “Айман-Шолпан” мен “Алпамыс” және кейбір қазақ ақындарының жыр, толғау, поэмалары да болды.

Бұған караганда “кисса” деген терминнің әуелде қайдан шыққанын, киссалардың қандай идеялық, көркемдік мәні болғанын, әдебиеттің қай тегіне баланғанын дәл айту өте қиын. Тегі киссалар фольклорлық шығармалар мен жеке автордың дастан, романдарына әрі ұқсас, әрі ұқсас емес, сондықтан да әлі күнге зерттелмей келген, қиындығы да, қайшылығы да көп тың дерлік жанр” [79, 240 б.].

XIX ғасыр әдебиетіндегі кисса өлең дәстүрінің ғылыми негізделуі, жүйеленуі сол XIX ғасырдың орта тұсынан бастау алады.

Шокан Уәлиханов “Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінен” [13] зерттеуінде кисса өлеңдерді өлеңнің бесінші түріне жатқызған топтамасының ішінде атайды. Кейінде, XIX ғасыр әдебиетіндегі осы бір аса мол әдебиет үлгісінің көбіне айыптау мәнде бағаланғанын ғалым Өтеген Күмісбаев Шокан Уәлихановтың киссалар жөніндегі пікіріне сүйенгендіктен болды деп, орынды ұғындырады [88].

Кисса-дастандар туралы В.В.Радлов тұжырымдарында XIX ғасырдағы отаршылдық саясат мүддесінің сұлбасы байқалғанымен, әділін айтқанда, ғалымның ғылым мүддесімен зерделеуі айқын, басым.

“Кітаби өлең”, “Кітап өлеңнің” қазақ әдебиеті шығармаларының халықтың өзі бөлген (*Халық шығармасы, кітаби өлең – Қ.М.*) екінші түрге жатқызғандығын, оның өзіндік ерекшелігін В.В.Радлов сол кездің әдебиет үлгілері негізінде белгілі бір дәрежеде дұрыс көрсетті.

Ғалымның халық шығармаларын қарапайым халықтың ауызша таралған өлеңдері мен әңгімелері құрайды, оған қазақ халқының ислам діні әсері тие қоймаған шығармалары жатады. Кітаби өлеңді жыршы жатқа айтпайды, жазылған кітаптан оқиды. Кітап өлеңді шығарушылар – молдалар. Қазақтардың таза жазба тілі жоқ. Сауатты қазақтар татар тілінде жазады. Жазба тіл – екі тілдің қойыртыпағы.

Кітаби өлең діннің ұрығы, ислам ілімін таратуды мақсат тұтады. Кейбір өңірлерде ислам дінінің қаһармандары жөніндегі өлеңдер халық батырлары туралы жырларды ығыстырып отыр деген тұйіндері негізді.

В.В.Радлов толып жатқан кітаби өлеңге түсінік беріп, мазмұн, мәнін баяндайды. Қандай үлгіде таралып отырғанына назар аударады. Елдің рухани өміріне белсенді араласып, тәрбие, тұрмысына аса зор ықпал ете бастағанын айрықша, кадала айтады.

“Ғибрат өлеңдердің ішінде көп айтылатыны осы аттас кітаптың атымен аталатын “Жұм-жұма”. Үлкен жиындарда айтылған осы жырды маған бірнеше рет тыңдауға тура келді. Жыршы сөзін бар ынтасымен тыңдаған жұртшылық тірі күнінде дін шарттарын орындамаған мұсылманның өлгеннен кейінгі азабын сипаттаған кезде қорқынышты үрей пайда болады. Тыңдаушылардың үнсіз тыныштығын тек қана “О, құдіретті тәңірім”, “Қайырымы көп құдайым” деген тәрізді лебіздер ғана бұзып отырды. Маған қазақтар арасында исламды орнықтыруға бір “Жұм-жұманын” әсері даланы кезіп жүрген жүздеген молладан артық тәрізді [89, 19 б.].

XIX ғасыр әдебиетіндегі дін жайына, діни сарынға соңғы кезеңге шейін бірде қисынды, бірде бұра тарта тоқталған тұстар болды. Астарына үніле түскенде, XIX ғасырда халық ішінен әдебиет үлгілерін жинап зерттеген, оған баға берген шығыстанушы ірі ғалым В.В. Радлов пікірлері біраз сырды ашады. Оның еңбектерінде қазақтар арасындағы ислам дінінің жайылу жайы егжей-тегжейлі айтылады. Әдебиет түрін айғақтап отырған ғалым ел жағдайын қамти сөйлейді. Қазақтардың қаншалықты діншілдігі жөнінде ақпар, мәлімет беріп отырады.

“Бұл басылымның I және II томдарында жарияланған халық әдебиетінің үлгілері басқа көпшілік тайпаластары тәрізді ислам әсеріне беріле қоймаған көне шаман дінін әлі де берік ұстанған Оңтүстік Сібірдегі түркі тайпаларының рухани мұрасын құрайды. Ал мына ұсынылып отырған том Алтайдың терістігін жайлаған қазіргі кезеңде ислам дінін тұтынатын түркі тайпаларына арналған. Ол тайпалардың ретін біз территориялық жағынан да, қоғамдық және рухани жағдайымен де Мұхаммед дінінде жоқ түріктерге бір табан жақын тұратын қазақтардан бастаймыз” [89, 16 б.].

“Образцы народной литературы тюркских племен” көптомдығының

III томына жазылған алғысөздің өзінде де дін атауы бірнеше рет келуі тегін болмаса керек.

Әрі қарай ғалым қазақтардың дінге қатысын, қозқарасын, тәптіштей баяндайды. Бірнеше жүздеген жылдар бойы ислам дінін тұтып келе жатқанымен, әлі толық мойындап, қабылдаған жоқ, көп шартын жай ғана орындай салады, дін иелерін халық жақтырмайды, аулақ жүруге тырысады деген тұжырымдар жасайды.

XIX ғасырдағы қиссалардың орта ғасырлардағы экзегетикалық дәстүрді (діни негіздерді түсіндіру) қалыптастыруда да елеулі орын алғанын айту керек.

“Қазақ еліне ислам дінінің қалай таралғаны туралы біраз деректер, діни уағыздар мен ақпарлар өленмен де, қара сөзбен де жазылған (“Манулат қырғыз” жинағы 1879 жылы жарық көрген. Діни уағыздар жайы әңгімеленетін “Хисса Жұм-жұма”. “Сал-сал”, тағы басқа дастандар 1881-1883 жылдары шыққан”), – дейді көрнекті ғалым Ш.Қ. Сәтбаева [90, 200 б.].

XIX ғасырдың күрделі шындығы қисса дастандардың халықтың рухани әлеміне оң ықпалына қоса тіл шұбарлау, діни фанатизмге қарай тарту сияқты кері ықпалы да болғандығын көрсетеді. Соған орай қазақ арасында, ислам негіздерін ұғындырған ағартушылар сңбектері, Шоқан, Ыбырай, мақсаткерлікпен қозғаған дін жайы да етек алды. Яғни дін жайын қозғаған нәзира қиссалардың таралып, басылуы қандай қажеттілік болса, исламды сол кезде – қоғамдық-экономикалық формацияның жаңа басқышына аяқ салғалы тұрған қазақ баласына дүмшеліктен сақтап, таза күйінде жеткізу де – сондай қажеттілік еді. (*Дүмшелік те отаршылдықтың бір мүддесі еді* – Қ.М.).

“Мұсылманшылықтың тұтқасы” атты еңбегін жазудағы мақсаты туралы Ы.Алтынсарин былай дейді:

“Қазіргі кезде қазақ арасында Мұхамбеттің діни оқуы жайылып, етек алып барады... мүмкін болғанша, біріншіден қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін (бұл қазақтарды татарландырудың ең сенімді тәсілдерінің бір ғой) мен соңғы кезде Мұхамбет шаригатын үйрене бастап... Оқу құралын құрастыруға кірістім” [90, 203 б.].

Нәзира дәстүрінің жандану себептеріне орай туындаған салдарлары: миссионерлікке қарсылық; экзегетикалық дәстүрдің тууы, қазақ балаларының шоқындыру саясатымен болса да орыс оқуына тартылып, дүниеге кең қарауға, шөла қарауға мүмкіндік тууы; орыс алфавитінің енуі; усули жадитизмнің тууы, т.б.

XIX ғасырдың өн бойындағы ұлт тағдырында ортағасырлық ояну туғызған, қайта жанданған нәзіраның аса өлшеусіз орны болды. Тіптен, орыс отаршылдығы өзінің қазақтың “ішін алудағы” көп тарихы әу баста өзі өрістетіп алған Шығыс ықпалының, дін ықпалының ыңғайында жүргізуге мәжбүр болды. Бұл – саяси жағы.

Ал назира өріс берген үлкен әдеби, рухани, мәдени ағым – қазақ халқының ұлттық болмысын даралай түскен, қоғамдық сананы оятып, жанғыртқан, көтерген ықпалды құбылыс.

Қисса-дастандардың әдебиет тарихында танылып, зерттелуі ұзақ, күрделі, саяси танымды бастан кешті. Сол себепті де көп кешеуілдеді. Сол, ХІХ ғасырдың өзінде, кейінгі ХХ ғасыр басында, онан бері бір ғасырға жуық кезеңде қисса-дастан, назира дәстүрі, кітаби әдебиетке берілген баға, бағытталған көзқарас әр қилы болды.

Ахмет Байтұрсынов “Әдебиет танытқышта” қазақтың жазу әдебиетінің туу жөніне тоқтала отырып, қазаққа жазу дінмен келді дейді. Жазу әдебиетке жазылған шығарма жататынын, жазба сөзді бастапқыда бала оқытушы қожа, ноғай молдалар шығарған, дінді халыққа өлеңмен үйреткенін айтады. А.Байтұрсынов қазақ арасына қисса өлеңнің таралу жайын, мәнін, тіл шұбарлануын, орыс отаршылдығы тарапынан жүргізілген саясатты егжей-тегжейлі саралап, ақиқат тұжырымдар жасады.

“Әдебиетті молдалар дін бесігіне бөледі. Әдебиет өсе алмай, мешел болып жатқанда орыс үкіметінің саясаты келіп килікті. “Қазақ діні шығып жетпеген шала мұсылман халық, мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай” деген пікірлермен орыс үкіметі қазақ пен ноғай арасына жік салып, екеуін айырғысы келеді. Онын үшін қазақ байлары ноғайша оқымай, орысша оқитын боларлық саясат жүргізеді. Қазақ балалары үшін школ ашады, ноғайға қазақтың жазу жағынан сорпасы қосылмас үшін араб әрпін қалдырып, қазақ тіліндегі кітаптарды орыс әрпімен басады” [14, 434 б.].

А.Байтұрсынов жазу әдебиет, жазба әдебиет дегенді қатар қолданып, екі дәуірге бөлген. Сол қисындар әдебиет тарихы мәселелерін қарастыруда әзірге тексерілмей келе жатыр.

“Орыс өзіне тартып, ноғай өзіне тартып, екеуі екі жаққа сүйреп жүргенде, қазақ орыс әдебиеті арқылы Европа жұрттарының әдебиеттерімен танысады. Бастапқы жазба әдебиеттің бас мақсаты – дінді жаю, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің бас мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болады. Сөйтіп, жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінеді: *діндар дәуір, ділмар дәуір*” [14, 43 б.].

А.Байтұрсынұлының “Әдебиет танытқышта” қиссаларға берген анықтамасы. олардың мән-жайын баяндауы бүтпесіз, қисынды. Қисса

– өлеңмен жазылған, көбінесе діндар әңгіме, басқа жұрттын ертекті, мазмұнына қарай екі түрі болады.

1) Дінді қасиеттеу үшін, мұсылман дінінің артықтығын айту үшін шығарылған қиссалар. Кәпірмен соғыста мұсылман жеңіп отырады.

2) Шаригат бұйрығын істеу мақсатымен шығарған қиссалар.

Діндар дәуір шығармалары А.Байтұрсынов еңбегінде әрі қарай хикаят, мінажат, насихат т.б. түрлерге бөліп қарастырылды.

Халел Досмұхамедұлы “Қазақ халық әдебиеті классификациясында” 45, 46 түрлерді діни әдебиет; араб-парсы өнерін көрсететін әдебиет (қисса) деп ажыратады.

Әбубәкір Диваев жинаған материалдар ішінде қисса деп өлеңмен, қарасөзбен жазылған баяндар аталады.

Қисса-дастандар – XIX ғасыр әдебиетінің елеулі, қомақты саласы болды. 1915 жылы “Қазақ” газетінде (№110) Райымжан Марсеков қазақ әдебиетін үш дәуірге бөліп, қазақ әдебиетінің тарихын жасаудың алғашқы үлгілерінің бірін қисындады. Әдебиет кешінде жасалған баяндамада әдебиет дегенді көпке ұғындырып, сол кезеңге шейінгі қазақ әдебиетін үш дәуірге бөледі. Сонын екінші дәуірі – кітаби әдебиет таралған тұс, әрі оның жазба әдебиет екенін айтады.

“Енді әдебиеттің екінші дәуірі келеді. Бұл екінші дәуір жазудың халық арасына көбірек тараған заманы. Әр жақтан әр түрлі халықтың адамдары келе бастап, қалың қазақтың ортасына орнап қалғаны да болған... Сөйтіп жұртқа тыю салына бастаған. Түрлі-түсті кітаптар таралып тіл кітапшаға айналып, ескі сөздер жазбаға түсіп мирас болып қалмай бұрынғы тілге, бұрынғы жақсы сөзге жұрт жаман көзбен қарап, кітапшаны үлгі қыла бастаған” [99, 156-157 бб.]. Бұл жерде Р.Марсеков Шығыс әдебиетінің ықпалы сол тұста қазақ ішінде үлкен ағым, құбылыс болғандығын айғақтай түсер тұжырым жасаған.

“Қазақ” газетінің әдебиет мәселелеріне үнемі назар аударып, ықпал жасап отырғаны белгілі. Абайтануға негіз болған зерттеулердің басы А.Байтұрсынов, М.Дулатов мақалалары; Шоқан Уәлихановты алғаш жалпақ жұртқа танытуы, т.б.

“Қыр баласы” – Ә.Бөкейхановтың Қобыланды жырын таратып, талдауында да қиссалардың ықпалын назарда ұстағанын көреміз.

“Қобыландыда” бұл сияқты дәмді сөз жоқ десек, адасқан болмаймыз. “Қобыланды” кейінгі айтушының тепкісін көп көріпті. Бұл айтушылар өз жандарынан көп сөз қосқан. Ана қазақ ішінде белгілі “Сал-сал”, “Зарқұм” қиссаларының жолына Қобыландыны сілтеп, қадірін жойған” [91, 176 б.].

Осыған ұқсас пікірді ілгеріде В.В.Радлов айтады.

Шығыс кысса-дастандарының Абайдың ақындық айналасында да өз орны болды. Мұхтар Әуезовтің Абай Шығысқа жәй әуесқойлықпен бармағанын уақыт көшінде үнемі ашық айта алмағанымен де, бұл мәселені назарда ұстағаны белгілі. Ол Абайдың шығармашылық өресіне сопылық ағымның ықпалын ашып көрсетеді. Абай шығармаларындағы қазақ өленінде жоқ өзгешелікті те М.Әуезов ең әуелі Шығысқа теліді.

“...Кроме того, он сочиняет поэму “Азим” на тему из “Тысяча и одной ночи”. Все это порождено тем, что Абай хотел сделать доступными казахским читателям все легенды, предания, распространенные в восточном мире...” [88, 60 б.].

“Когда он приходит к Западу, за спиной его служит опорой, разумом воспринятое мусульманство, Восток”.

Абайдың “Шығысым – Батыс, Батысым – Шығыс болып кетті” деуінің астары тым әріде. Мұхтар Әуезов Ақылбай, Мағауия поэмаларын Байрон, Пушкин үлгісі (Шығыс желісіне жазылған романтикалық дастан) дейді.

Шығыстың қазақ әдебиетіне әсерін соның ішінде ХІХ ғасыр әдебиетіне әсерін негіздей сөйлеген зерттеу – біздіңше, ең әуелі М. Әуезов еңбектері.

“...Вот что вливается в течение Абая от восточного берега. Повидимому, восточная книжная поэзия в казахскую поэзию введена впервые не Абаем. Ее влияние мы ясно видим в произведениях акынов Арки, Жетысу, Ибрая, Албана Асана, Машхура, Ахансерэ, в особенности у акынов Сырдарья во главе с Шортанбаем и Шади. В большинстве случаев помимо арабо-персидских слов на арабо-персидский лад (вместо “дейді” – “деди”, “корді” – “көрди” и т.д.).

Все это берет свое начало либо через чагатайские религиозные киссы, либо от поэм “Шахнаме”, “Юсуп и Зулейха”, “Лейли и Меджнун”. В пределах казахской литературы, в частности в связи с творчеством Абая, исследование влияния гаруза является насущной проблемой, стоящей перед литературоведами.

Что касается Абая, то эти стихи не изменяют свои восточные формы. В устах Абая эти стихи звучат не по-казахски. Абай еще не освоил, творчески не воспринял а остался на уровне чистого подражания.

В первых своих попытках найти просвет в ночи медресе молодой поэт так протягивает свои руки к поэзии Востока, так приходит к этому берегу.

Это начало. В дальнейшем, хотя Абай отошел от подражаний детской поры, но до конца своей жизни не терял связь с этим берегом. В поэтическом творчестве Абая восточное начало, проходя красной нитью, завершается его стихотворением “Адланың өзі де рас, сөзі де рас”, написанным в 1902 г.

1902 г. является годом, когда Абай постепенно перестал сочинять стихи. Таким образом, он закончил вышеназванным стихом. Это последние слова поэта, вышедшего из мусульманского мира. Таким последним аккордом заканчивает Абай мотивы восточной поэзии, религии ислама. Мы взяли начало и конец его пути. Теперь остановимся на том, что было в промежутках в 1887 были сочинены поэмы “Масгут” и “Ескендер” [92, 60 б.].

М.Әуезов Абайға Шығыс әсерін тәптіштей отырып, жалпы XIX ғасыр қазақ әдебиетіне әсерді айғақтауға апаратын қисындарды ұсынды.

XIX ғасырдағы назира жөнін айтқанда бүкіл бір дәуір әдебиетіне орасан зор ықпалы болған көркемдік әлем көтеріледі.

Шығыс әдебиетінің Абайға, қазақ әдебиетіне әсері берідегі зерттеушілерден белігілі бір дәрежеде Ө.Күмісбаев еңбектерінен өріс тапты.

М.Мырзахметов Абайдың Шығыстан ой ғана емес, өрнек те алғанын М. Әуезов негіздеулеріне сүйеніп отырып аша түсті.

Ғабдолла Тоқай “Бозжігітті” татарларға тән жыр деген екен. М.Мырзахметовтің мына бір болжау – барлауы сол ойды әрі тарата түседі.

“Қазақ арасына таралған “Бозжігіт” қиссасының өлең өрнегі жағынан басқа қиссаларда ұшыраса бермейтін ерекшелігі де бар. “Бозжігітті” айтатын жыршы оны бір ғана әнмен айтпай, ән мақамын құбылтып, өзгертіп отыруға мәжбүр болған. Себебі ол біріңғай өлең ағымына салып жазылмаған. Онда туысқан түркі тілді халықтар поэзиясында көбірек қолданылып келген өлең өрнектері молырақ қамтылғаны сезіледі. Мысалы, XI ғасырда хатқа түскен Махмұт Қашқари сөздігінде берілген ұйқастың “а а а б” түріндегі үлгісі “Бозжігіт” қиссасында қолданыс тапса, осы ұйқас Абайдың “Білімдіден шыққан сөз”, “Келдік талай жерге енді” өлеңдерінде

мейлінше жетілдіріліп, сапалық өзгеріске ауысқан түрінде де көрінеді” [30, 151 б.].

Уәлихан Қалижанұлының “Қазақ әдебиетіндегі діни ағартушылық агым” (ХІХ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасырдың басы) монографиясы қазақ әдебиеті тарихының аса бір кенже, кем зерттеліп келе жатқан мәселесіне арналды. Зерттеуде діни ағартушылықтың ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басындағы ахуалы көбірек қамтылып, баяндалады. Негізінен Ақмолланың, Шәдінің, Әбубәкірдің шығармалары ХХ ғасыр басында баспа жүзін көргендіктен де, осы үрдіс қазақ әдебиеті тарихында орын алып қалды. Алайда ХІХ ғасырдағы қисса дастан, кітаби ақындар, діни ағартушылық арнайы қарастырылып, ХХ ғасыр басындағы кітаби әдебиеттің арыдағы арналардан нәр алып, қайнар көзін ашқан берідегі бастаулары есебінде қарастырылып та келе жатқаны белгілі. Бұл жерде бүлініп кетер сште не жок болғанымен, діни ағартушылықтың бір ғасырдай бұрын ислам негіздерін ұғындырған өлең-қиссалардан басталғанын, ол жайдың ғылымда сонау Шоқан Уәлиханов, В.В.Радлов еңбектерінен бастау алып беріге шейін түрлі зерттеулерде жалғасын тауып отырғанын да назарда ұстаған жөн. Бұл жайлар Ресей құрамындағы қазақ әдебиетіндегі дін жайын, діни ағартушылықты арнайы қарастырған У.Қалижанов еңбегінде бірнеше мәрте гүйінделіп, тұжырымдалды. Алғаш рет кеңінен қамтылып, жинақталып айтылды. ХХ ғасыр басы дей тұрғанымен, ғалым саналы түрде ХІХ ғасырдың саяси-әлеуметтік жағдайына, оның әдебиеттегі “көлеңкесіне” қайта-қайта айналып соғып отырып, зерттеуінің зерделі арқауы жасаған.

“Расында, олар (*Абай, Ыбырай – Қ.М.*) өздерінің алдындағы діни-ағартушылық агымның өкілдерінен биік тұрды. Бірақ олардың діни көзқарастары туралы айтпауға болмайды. Өйткені, шыққан мектебі – діни ағартушылық агым. Сонымен, бұл агымның қазақ жеріндегі, қазақ әдебиетіндегі бастауы Ақмолла, соны Шәкәрім болды” [69, 30 б.].

Қисса өлең – діни қиссалар, нәзирагөйлікпен жырланған қисса-дастандар ХІХ ғасырдағы қазақ рухиятының аса көрнекті арнасы. Ол шоқындыру саясатынан шошынған ел тұлғаларының ислам негіздерін тарата сөйлеп, имандылық бастауларына тартқан күш қаруы болды. Қазақ әдебиеті тарихының үлкен жокшысы профессор Бейсенбай Кенжебаев бұл агымға діни ағартушылық деген баға берді.



Белгілі бір кезеңде “дін” атауынан “қашып” “ағартушы ақындар” деп атаған әдебиет өкілдері Әбубәкір Кердері, Шәді Жәңгіров, Мұсабек, Мақыш Қалтаев, Нұржан Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Кепеев жайлы Бейсенбай Кенжебаев мынадай мәлімет береді.

“Бұл ақын-жазушылар тек мұсылманша, хадимше оқыды. Бұхара, Қазан, Троицк, Ташкент, Уфа, Орынбор секілді шаһарлардағы мұсылманша мектептер мен медреселерді бітірді. Мұсылманша орта, жоғары дәрежелі білім алды. Кейбірі тіпті көп оқып ғұлама болды. Меккеге барып қайтты. Қажы атағын алды” [93, 30 б.].

Б.Кенжебаев ХІХ ғасырдағы қиссалар жөнінен кейінгі саясат қысқан кездің өзінде кең мәлімет берді. Оның айғақтамалары отарлаушы саясаттағы миссионерліктің әуелі мұсылман дініне, сонан соң христиан дініне негізделгенін ашып отырады.

Б.Кенжебаев ХХ ғасыр басындағы әдебиет өкілдеріне қосқан көпшілік ақын ХІХ ғасыр орта шенінде өмірге келгендер. Шығармаларын жазып шығарғандар. Олардың ХІХ ғасыр әдебиетіне қатысы жоқ деуге болмайды.

ХІХ ғасырдағы әдебиет үлгілері, олардың тегі дегенде (ауыз әдебиет – ауызша әдебиет, жазбаша – жазба әдебиет) Б.Кенжебаев атаған ақындар, олардың шығармашылық мұрасы тек ХХ ғасыр басы емес, ХІХ ғасыр әдебиетінің де даусыз еншісі.

Әуелбек Қоңыратбаев “Есім сері-Зылиқа”, “Күлше қыз – Назымбай”, т.б. шығармаларда жазба әдебиет ерекшеліктері кездесетінін айтты.

“Бұл жырлар халық фольклоры мен жазба әдебиетті ұштастырып, байланыстарды. Сол себепті олардың фольклорлық және авторлық сипаты бар” [78, 237 б.].

Қисса-дастандар туралы зерттеулердегі зерделеу әр қилы. Сол қисындарды шендестіре қарағанда, қиссаның ішке бүккен “жұмбағы” ашыла түспек.

Ғалым Өтеген Күмісбаев “Қазақ арасына шығыстан келген қисса-дастандар туралы” зерттеуінде қисса-дастанның қазақ халқының әдебиетіне әсеріне тоқталды.

ХІХ ғасырдағы назираның ықпалы Өтеген Күмісбаев атаған “Қыз Жібек”, т.б. эпосқа түскен. Өтеген Күмісбаев жазба әдебиет дегенімен, ол келтірген деректердің өзі қиссалардың жазба мәдениет туындысы екендігін аша түседі.

“Сыр бойынан ертеде тамаша ақындар шыққан. Олардың көпшілігі Бұхара, Ташкент, Хиуа мектеп-медреселерінде оқыл.

мұсылмандық білім алып, Шығыс әдебиетінің түпнұсқасымен танысуға мүмкіндік алды. Солардың біреуі – Шораяқтың Омары – (1878–1924) он бестен астам дастан жазған кісі. Шығыс поэтикасының көркемдік құралдарын жақсы меңгеріп, соны өз шығармаларында пайдалана білген” [88, 199 б.].

XIX ғасыр әдебиетінің түр, сапа жөнінен байып, кемелденуінде орасан зор ықпалы болғанымен қисса-дастандар діни негіздеріне байланысты көп уақыт әдебиет тарихынан алар орнынан аулақтап қалды.

Ғалым Аслан Жаксылықов “Образы, мотивы и идеи с религиозной содержанием в произведениях казахской литературы” [37] монографиясында “книжная литература Восточных кисса и дастанов” – (“*Мұсылмандық кітаби әдебиет*” – Қ.М.) терминін қолданды. Бұл атау шығыс қисса-дастандарының даралық сипатын, XIX ғасырдағы, XX ғасыр басындағы әдебиет үлгілерінің бірі екенін оқшаулап көрсетіп тұр. Ол үлгінің іштей бірнеше топқа, түрге таралып бөлінуі – өз алдына бір мәселе. Сол тұрғыда, ілгерідегі В.В.Радлов, А.Байтұрсынұлы, Б.Кенжебаев, З.Ахметов, Ш.Сәтбаева, Қ.Өмірәлиев т.б. еңбектеріндегі қиссалардың мазмұн, мән жағынан ажыратылуы кейінде қисса-дастанды арнайы зерттеген ғалымдар Бақыт Әзібаеваның, Өтеген Күмісбаевтың, Алма Қыраубайқызының, Зұфар Сейітжанұлының еңбектерінде толығы түсті.

Б.Әзібаева жүйесінде қазақтың төл дастандарының өзі алты түрге бөлінген. 1) ғашықтық; 2) хикаялық; 3) қаһармандық; 4) ғажайып-фантастикалық; 5) діни; 6) тұрмыс-салт.

Бұл – Б.Әзібаева топтауындағы қазақ дастандарының екінші түрінің, “қазақ топырағында пайда болған, яғни қазақтың төл дастандарының” жіктелуі. Ал бірінші түрді ғалым “Шығыс сюжетіне құрылған қазақ дастандары” деп ажыратады. Ал жалпы қисса-дастандарды Б. Әзібаева үлкен 3 топқа бөледі.

Б.Әзібаева дастандардың тууында халықтың эпикалық дәстүрінің ықпалы күшті болды, дастандар халық әдебиетінің бай саласына айналды дейді.

Дастандарды эпикалық поэзияға жатқыза отырып, ғалым олардың дәстүрлі батырлық, ғашықтық жырларға ұқсамайтын ерекшеліктерін ашады [94, 5-14 бб.].

Зерттеуші кейінгі тұжырымдамаларында мәселені айқындай түсіп, дастан жанрына байланысты жаңа байламдар жасап, “дастандық эпос” атауын ұсынады [95, 131 б.].

Шығыстық қисса-дастандардың түп-төркін, жанрлық сипатын арнайы қарастырып, ғылыми еңбек жазған көрнекті ғалым Алма Қыраубайқызы былайғы зерттеу-зерделеуге бастау болар негіздеме-лер жасады. Көркемдік әлемі гажайып нұрға малынған ортағасырлық түрік әдебиетінің қадау-қадау мәселелеріне ғылым мүддесімен бойлады.

А. Қыраубайқызы дастандардың басылым жайынан мол дерек келтіре отырып, олардың жинақталу, жүйелену мәселесін ілгері оздырар ой қозғайды. Қиссаның дәстүрлі ерекшеліктерін ғалым стиль, тұрақты желі, қалыпты сюжет арасында қарастырды. Әсіресе ХІХ ғасыр қиссаларын орта ғасырлық нұсқаларымен салыстырып, көп ұқсастық табуы – олжалы ізденіс.

А.Қыраубайқызының түйіндеп берген, алғаш айқындап, айтқан бір жайы – қисса стилінің (*орта ғасырлық* – Қ.М.) ХІХ ғ., ХХ ғ. жазба әдебиетке әсері [55, 128 б.].

Алма Қыраубайқызының зерттеуіндегі аса назар аударарлық бір түйіні – қиссаның фольклорға немесе жазба әдебиетке қатысы.

“Қиссаны жазба әдебиетке жата ма, әлде фольклордың дүниесі ме? – деген сұрақ төңірегіндегі мәселеде бірізділік жоқ (*Ы. Дүйсенбаев лиро-эпостың бір саласы ретінде, яғни фольклорлық мұра ретінде қарастырады* – Қ.М.). Ауызша әдебиетке жатқызу жағы басымдау. Бұл жерде қисса-дастанның түп-төркіні көп жағдайда жазба әдебиеттен келген және оның қазақша нұсқаларын шығарушылар жазба ақындар, олар жинаушы ғана емес, сол сюжетті жазып шығарушылар екенін ескермеуге болмайды.

... Яғни, қисса-дастандардағы жазба және ауызша әдебиет дәстүрлерінің көрінісін анықтау үшін, әлі талай-талай жұмыстар арналары тиіс. Біз оны жазба әдебиет тұрғысында қарастырдық. Қиссаның жазба әдебиет стиліндегі машығы орта ғасыр ескерткіштерімен салыстыру арқылы жақсы аңғарылады” [55, 135 б.]. Бұл арада ортағасырлық жазба дәстүрдегі сипаты ғана емес, ХІХ ғасырдағы қисса жанрына орыс, Батыс ағымымен келген ықпалдастық та есте болса керек.

“Шокан Уәлиханов – филолог” монографиясында көрнекті ғалым Шәмшиябану Сәтбаева Шоканның Шығыс әдебиетінің кейбір шығармалары туралы пікірлеріне арнайы тарау арнады. Ш. Сәтбаеваның көрсетуінде Ш.Ш. Уәлиханов еңбектерінде халықтардың өмір-тұрмыс, ұғым-түсініктеріне, буддизм, зороастра, шаманизм, ислам, христиан сияқты дін түрлеріне байланысты туған аңыз-

әңгімелер, “Мын бір түн”, “Тоты-наме”, “Құран”, “Зафар-наме”, “Юсуп-Зулейха”, Фирдоуси, Хакани, Хорезми, Бедиль, Ходжа Ахмед Яссауи, Джами, Хафиз, Навои, тағы басқа ірі әдеби құбылыстар мен ақын-жазушылар туралы тұжырымдар бар” [29, 80 б.].

Ғалым Шоканның қазақ арасында таралған қисса-дастандар ішінде “Құран” желілерінен таратылған, тартылғандарына назар аударғанын айтты.

Зерттеушілер негіздемелеріне карағанда қисса-дастан XIX ғасырда тек нәзирагөйліктен тумаған. Аударма түрінде де тараған. Қисса-дастанның дәстүрлі ерекшелігін, сипатын, яғни жанрлық шарттарын сақтаған түрлі мазмұндағы жаңа туындылар да аз болмаған. Ілгеріде бұл туралы Ә.Қоңыратбаев, Б.Әзібаева т.б. пікірлері келтірілді.

В.В.Радлов кітаби өлеңдердің ерекшелігін, басқа өлең сөзден айырым белгілерін ажыратар сипаттарына ғылыми негіздеме салды.

“Кітаби өлеңдерге келсек, көлемді әңгіме “Сейфулмәлік” Мир-Али-Шира (Ә.Науаи – Қ.М.) жырының үлгісімен жазылған немесе кітаби тілден қазақ тіліне көшіріліп жырланған деуге болады, өйткені түпнұсқаға өте жақын келеді. “Һамра” мен “Бозжігіт” түпнұсқада бір бөлігі қара сөзбен, бір бөлігі өлеңмен жазылған Орта Азияның өзіндік халық аңыздары. Олардың, әсіресе, “Бозжігіттің” көлемі өте үлкен. Соңғы жырды шығарушы таза халықтық әуенді қабыстыра алған. Ол көп өлеңдерін халық жырларының негізіне құрған, шағын әңгімелер негізі хикаялардан алынған, “Алтынбас және Күмісаяқ” сияқты өлеңдер халық ертегілеріне өте ұқсас” [89, 19 б.].

В.В.Радлов жариялаған “Бозжігіт” дастаны шағын-шағын тақырыптарға бөлініп, өзгеше бір құрылым үлгісінде жазылған.

48 сюжеттік желіден құралған “Бозжігіттің” түпнұсқа үлгісі бар ма, әлде алғысөз беруші нәзирагөйлікпен айтты ма, өзі шығарды ма деген мәселе сол тұстағы көптеген қиссаның шығу тегіне де қатысты.

З.Сейітжановтың “Тарихи эпос” (1994) монографиясында [36] XIX ғасырдағы қисса-дастандарды қазақтың эпикалық жырларымен айырмашылық жағынан нақтылы ажырата қарастырған тұсы бар. Бірақ көңіл негізінен нақты тарихи эпостың халық эпосымен арақатысына бөлінген. “Шынжаң қазақ әдебиеті” монографиясында ғалым қисса-дастандардың XIX ғасырдың аяғына қарай екі бөлініп қалған қазақтың Шынжаң жағындағы әдебиетінің елеулі арнасы болғанын атап көрсетті.

“Шыңжаң өлкесін мекендейтін қазақтардың рухани өмірінде және олардың жазба әдебиетінің туып қалыптасуында елеулі рөл атқарып келе жатқан жанрлық түрдің бірі – кисса дастан” [60, 96 б.].

Ғалым ғашықтық арқау болған дастандарды “ғашықтық мазмұндағы нақты тарихи жыр” деп бөлген.

3. Сейітжановтың Шыңжаң өлкесінде туған “Хасен-Жәмила” жырын қарастыра келіп, табиғат суретін беру әдісіне, жырдың кей нұсқаларының тақырыпшаларға бөлінуіне, кейіпкерді көркемдік әңгімелерден гөрі психологиясын суреттеуіне қарағанда бұл топтағы жырларға жазба әдебиет әсері болған; нақты тарихи эпостың бір ерекшелігі – көне эпикалық жырлармен де, жазба әдебиетпен де байланыста туады деген пікірі үлкен зерттеуден туған түйін.

Ғалым шығыстан ауысқан қисса-хикаялармен қазақ өмірі тұтызған дастандар арасындағы ұқсастық, айырмашылықты нақты ажыратқан. Махабатты дәріптеу, қиындықпен күрес, қайғылы аяқталуы, яғни жастардың махаббат еркіндігіне ұмтылуы, жауыздықты айыптау, адалдықты дәріптеу ұқсастығы. Шығыс сюжетіндегі толып жатқан “хикаят” “жебеуші”, суретті көріп, түсінде көріп ғашық болу, маймыл патшалығы, ит басты адамдар, зәңгілер, алып құс. Сүлеймен пайғамбар, диюдің жаны салынған сандық, құмда дию мен пері соғысы, яғни мифтік аңыз элементтері – ғашықтық мазмұндағы нақты тарихи эпостарға тән емес.

Ғалымның мына бір түйіні де жанды. “Шығыс Түркістандағы қазақтардың да нақты тарихи эпостарының жыршылары мен жыр тыңдайтын ортасы болды. Әрі көп жырлардың бірнеше варианттары бар. Бірақ бұл жырлар – классикалық эпос та емес, жаңа жазба шығармалары да емес. Эпикалық дәстүрдің реализмі басым жаңа бір кезені” [36, 47 б.]. (*Жазбаша десе ше – Қ.М.*)

Ортағасырлық киссалардың дәстүрлі үлгісін проф. Б. Кенжебаев жүйе, тұрақты желі, стиль жөнінен қарастырудан бастаған.

1914 жылы Қазанда Каримовтар баспасында шыққан “Қисас-Сұл Әнбиядағы” 79 қисса-хикаяны үш үлкен топқа бөліп жіктеді.

Бірінші: жер, көл, адамзат, хайуанат, жын-шайтан, періште, Адам ата, от, топырақ жайлы түсінік, мақала, әңгіме.

Екінші: әулие-әнбиялар, пайғамбарлар, солардың өмірбаяндары, іс-әрекеттері туралы киссалар, ертекер, аңыздар.

Үшінші: шежіре – мұсылман жыл есебінің, һижраның алғашқы он жылы ішінде болған тарихи оқиғалар, календарь – жыл, ай, күн аттары, назым өлеңдер.

А.Қыраубайқызы “Шығыстық кисса-дастандар” монографиясында кисса-дастан жанрының тұрақты желілерін бірнеше түрге бөледі. Балаға зарығу, мінсіз кейіпкер, патшаның тастанды баласы, аң асыраған бала, түс көру, Иранбақты іздеу, теңіз оқиғасы, жолдағы қауіп-қатер [аждаһа, дию, т.б.], жазира арал, сарай салдырған қыз, бақ пен бағбан, сарайдағы патша әскерімен соғыс, т.б.

Қисса-дастанның жанрлық сипат, көркемдік ерекшеліктері замана көшінде өзгеріп түрленуі, әрине, заңды. Бұл өзгерістер ХІХ ғасырдағы туындыларда айқын. Ғалым А.Қыраубайқызы дәстүрлі кисса жанрының қазақ әдебиетіне Еуропа үлгісі ықпалын тигізе бастаған тұстағы сипатын былай саралайды.

1. Ертегілік, мифтік сипаты көмескіленеді.

2. Қазақ өмір тіршілігі көбірек енді. Қазақи ұғымға сай суреттеушілік пайда болды.

3. Өмір шындығына жақындата жырланды.

4. Оқиғалар жүйесі тиянақталып, қосалқы кірістірулер алынып тасталды.

5. Тұрақты желілер сақтала бермейтін болды [55, 128 б.].

Қисса-дастан ХІХ ғасырда тек нәзира дәстүрінде жырланған шығарма емес, киссалық кысындарды сіңіріп, негіз ете отырып жазылған, дәуірдің көкейтесті күйі, жаңа бетбұрыс, беталысы бағдарланған шығармалар.

Осы жөнінде де түйінді, жаңа бір ізденіс, зерттеулерге бастайтын ой ұшығын профессор А.Қыраубайқызының, З.Сейітжанұлының аталған еңбектерінен табамыз.

М.Әуезов Абайдың поэмаларын Еуропа әдебиетіндегі Шығыс сюжетіне жазылған шығармалармен үндестікте қарастырды. Сол тұрғыда, ХІХ ғасырдағы жазбаша, жазба әдебиетке дәстүрлі үш арнаның да ықпалы болғаны даусыз. Халық ауыз әдебиетінің өзінде Шығыс ықпалы аз емес.

ХІХ ғасыр әдебиетіндегі кисса-дастандардың шығу төркінін, туу себептерін, көркемдік сипатын (сөз қолданыс, өлең түрі, желілік құрылым, т.б.) әлі де әрі қарай таратып, нақтылы зерттеулер қажеттігі даусыз.

Бұл нәзирағөйлік дәстүрдің қайта жандануының бір ұшы, отаршылдық саясатта жатқанын, исламның ғылыми негіздерін қараңғы елге жеткізу, ұғындыру мақсатын ұстағанын – кисса-дастандардың жандануына ХІХ ғасырдағы қазақ елінің әлеуметтік тұрмыс-күйі, саяси ахуал, тарихи жағдайының себепкер болғанын

есте ұстай отырып, XIX ғасырда туған қисса-дастанның жанрлық сипатын жан-жақты ғылыми негіздеу жалғасын табуы керек.

XIX ғасырдағы қиссалар кеңестік кезеңде кітаби ақындар шығармашылығын қарастыруға орай айтылды; арнайы зерттеу нысанына қайтадан айналғаны Р.Бердібай, Ө.Күмісбаев, З.Сейітжанов, Б.Әзібаева, А.Қыраубайқызы, Т.Тебегенов, С.Дәрібайұлы, Н.Мәтбек, Э.Қансейітова, Г.Асқарова, Е.Карбозов [99], т.б. зерттеушілер еңбектерінде.

Ғалымдар Ө.Күмісбаев, А.Қыраубайқызы атап айтқандай, XIX ғасырда нәзира дәстүрінде жазылған қиссаларды ортағасырлық негіздерімен салыстыра қарастыру, бұл жанрдың жасау тарихын, көркемдік табиғат туысын аша түспек. Сонымен бірге қисса-дастанның ауыз әдебиетімен, қазақ поэзиясындағы эпикалық дәстүрмен байланысын қарастыру да оның табиғатын танудағы ілгері кадам болмақ. Бұл мәселе – арнайы зерттеу нысаны.

XIX ғасыр әдебиетіндегі қисса-дастандар ауызша әдебиет пен жазба әдебиеттің аралық туындысы. Ол халықтың бай ауыз әдебиетінің көркемдік алымдарынан да ауыз тиген, ортағасырлық Шығыс әдебиетінің жазба дәстүрін де мол сіңірген, ауыз әдебиетінен жазбаға өтер “өтпелі дәуірдің” (М.Әуезов) көркемдік құбылыстарын пайдаланған, жаңа жазба әдебиет үлгісіне де құлаш ұрған күрделі көркемдік әлем. Таза дін, дүниетаным аясында да, ғашықтық қызық-құмарлық төңірегінде де, түрлі тұрмыс тауқыметінің екпінінде де, адамның ұшқыр қиял, алыс арман, аңсағанына ұмтылысы негізінде де жырланған ұланғайыр шығармашылық теңізінің таза жанрлық, стильдік, түр, тек жөнінен зерттелуі – қазақ әдебиеттану ғылымының бүгінгі еншісі. Сонымен бірге, сол бай мұраны туғызушы жеке тұлғалардың, әдебиет тарихында көбіне “кітаби ақындар” аталған шығармашылық тұлғалардың ғұмырбаян деректерін толықтыра түсу, әдеби мұрасын терсеңнен арнайы қарастыру да ғылым міндеті.

Қазірде ортағасырлық нәзира тудырған, арғы арналары біздің дәуірімізге шейінгі мифтерден, кейінгі “Құран” желілерінен, “Мың бір түн”, “Тотынама”, “Шахнама” желілерінен тараған қисса-дастандардың XIX ғасырда қайта басылуын арғы түпнұсқамен салыстыра қарау, текстологиялық тазалау жасау – бір мәселе. Келесі мәселе – ортағасыр туындысын XIX ғасырда нәзира дәстүрінде жаңғыртудың үлгілерін кітап болып тасқа басылған қиссалар арқылы саралау, ажырату. Яғни, нәзира жанрының бар болмысын ашу. Үшінші мәселе нәзира ықпалымен туған төл әдеби мұраның тегін

анықтау. Яғни, шығармадағы 1) Шығыс әдебиетінің әсері; 2) Халық ауыз әдебиетінің әсері; 3) Сол XIX ғасырда қазақ көркем сөзіне, атап айтқанда, қисса-дастанға орыс, Еуропа әдебиеті тигізген әсер.

Қисса-дастандардың қазақтың жазба әдебиетін жанғыртудағы, жаңа жазба әдебиеттің туып, дамуындағы тарихи мәні жайлы ілгеріде сөз қозғауға соншалықты құлық бола қоймаған кезеңдердің бір белесінде қазақ кітабының, қазақ жазба мәдениетінің жоқшысы, білгір ғалым Үшкілтай Субханбердяна Абайды алдыға салып отырып барып, тарихи шындықты әділ саралайды.

“Қазақ жазба әдебиетінің негізін салған Абайдың ар жағында ортаазиялық түркі әдебиетінің ықпалымен немесе, түріктің жазбаша шайырларының нәзіралық үлгісімен келген қисса-хикаяттардың қазақ әдебиетінен алған орны ерекше. Бұл шығыстық сюжетке құрылған қазақтың қисса-хикаяттары қазақ әдебиетінің бір үлкен саласы болғандықтан, оның тарихи ізін де ұлттық жазба әдебиетіміздің қазынасынан іздестірген жөн” [100, 5 б.].

Қазіргі кезеңде қисса-дастандарды әріден қозғап, арғы негіздерге жалғап қарастыру бағыттары бар. Бұл мәселеде “Шах-наме”, “Мың бір түн”, “Калила мен Димна”, “Тоты-наме”, т.б. классикалық үлгілерден тараған қиссаларды қаншалықты қазақ әдебиетінің ықпалында жырланды дегеннің өзінде, тың, төлтума шығарма деп танығаннан гөрі нәзіраның еншісіне қалдырған жөн сияқты.

Заман райы қаншалықты құбыла түскенде де (*сол заманды айтамыз Қ.М.*) XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің жиналып, басылым көру, зерттелу тарихында орыс ориенталистика ғылымының елеулі, айқын ізі қалғанын біз әруақытта да бағалаймыз. Мәселенің мән-жайы қазақ әдебиетінің тарихын зерттеушілерге әбден қанық. Сонда да болса, мына бір, кең камтып, нақтылы негізде түйінделген мәнге назар аударғанды жөн көрдік.

“А.В. Алекторовтың 1900 жылы Казанда басылған “Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах” деген мазмұндалған көрсеткіші – аса құнды ғылыми еңбектердің бірі” [101, 16 б.].

“Ал, А.Е. Алекторовтың көрсеткішіне қосымша берілген 15 беттік қазақ кітаптарының мазмұндалған тізімі қазақ кітабының тұңғыш библиографиясы болумен қатар, онда көрсетілген қазақ тіліндегі елу шамалы кітапты ғалымдар назарына алғаш ілінген, ғылыми айналымға түскен нұсқалар деп қараймыз.



Алекторов өз көрсеткішінде қазақ елі туралы әдебиетке, мәдениетке қатысты сол кезде жарық көрген кітаптардың, мақала-хабарлардың мазмұнын баяндап қана қоймай, олардың көпшілігі жайында ғылыми талдаулар берген. Бұл ғылыми талдау мақалалар бір кездегі әдебиет зерттеушілерінің бастамасы болса, ендігі жерде қазақ әдебиетінің тарихынан, оның ішінде әдебиет сынының тарихынан құнды деректер беретін нұсқаулар болып отыр” [101, 20 б.].

Қазақ әдебиетінің қалыптасу тарихы, жазба дәстүрдің тарихы мәселесін айқындай түсіп отырған оң құбылыстардың бірі – осы кітап тарихын тәптіштеп, түгендеудің түбегейлі қолға алынуы екендігін де атап айтқан жөн.

Орыс отаршылдығы дәуіріндегі қилы саясаттың оң “зардаптарының” бірі – осы кітап басу ісі еді.

“Патша Қазақстанда билігін нығайтудың және бір амалы есебінде XVIII ғасырдың бірінші жартысына дейін Іслам дінін уағыздауға ат салысты. Мектептер балаларды мұсылмандыққа баулыды. Бұхара, Самарканд, Ташкент шаһарларындағы медреселерде білімдерін ұстартып, араб тілі мен араб философиясын үйренді. Міне, осы саясатты жүзеге асыру барысында діни әдебиетті шығаратын алғашқы баспаханалар бой көрсете бастады.

Араб графикасы бойынша баспа ісін ұйымдастыруға ең алғаш Петр I патша мұрындық болды. “Түрік баспаханасы” деп аталатын шағын кәсіпорын жорық баспаханасынан (“походная типография”) саналатын” [53, 68 б.].

Арғы-бергіні түгендеп, тануға мүмкіндік молая түскен қазіргі кезеңде кітаби әдебиет, кітаби жазба тілдің қазақ әдебиетінің қалыптасып, дамуындағы тарихи орны жайлы арнайы зерттеулердің қажеттілігі айқындала түсіп отыр.

Мәселенің қазіргі кезеңде бұрынғы таным шегіміздің көпшілігін көтере түсер баспа кітабының тарихы діни тақырыпта жазылған әдебиетті шығарудан басталғанын, Ресей әкімшілігі мұсылман баспаханасынан ең әуелі Құран Кәрім кітабын бастырып шығарғанын айта келіп, Шерназдан Елеуєнов қазақ жазба әдебиет тілінің қалыптасу тарихындағы айқын факторларға жүгінеді.

“Бұл кітаптар (*Құран Кәрім*, “*Аттықоржа*”, “*Әліте*, *иман-шарттары бірлән*” – Қ.М.) араб тілінде жарық көрсе, 1807 жылы шыққан “Сейфулмәлік” кітабы шағатай тілінде жазылған. Аталған дін және басқа тақырыпты ілкі кітаптар таза қазақ тілінде жазылмауына қоса басылған жері Қазақстан емес, Қазан шаһары.

Осыған қарап бұл аталымдары қазақ кітабы тарихынан өшіріп тастауымыз керек па? Жауап біреу ғана: Олай етуге болмайды. Неге?

Біріншіден, ол кезде яғни XIX ғасырдың басында таза қазақ тілінде кітап шығару мүмкін емес-ті. Ресейде көне славян тілі XVI ғасырдың өзінде орыс жазба әдебиет тілінің негізінде алынып келсе, Қазақстанда XIX ғасырдың орта шеніне дейін және одан кейінде кітаби тіл немесе көне түркі әдеби тілі сөйлеу тілімен қоса-қабат жазба әдеби тілімізде қолданылып келді...

Кітаби тіл яки шағатай тілі – қоспа тіл. Онда түрік, қазақ, татар, араб-парсы сөздері мен грамматикалық формалары, стилистикалық фигуралар аралас-құралас жүреді. Бұның тұнбасында керек десеніз көне қазақ тілінің нұсқалары да жиі ұшырайды. Осы себептерден бүгінгі қазақ та кітаби тілге түсініп жете алады” [53, 70 б.].

Ырғақ – өлеңді түрге жанрға бөлуге қатысатын негізгі белгінің бірі. Қазақ поэзиясы ырғақтың қатысу-қатыспауы жағынан дәуірге де, түрге де бөлінеді (Қ. Өмірәлиев).

XIX ғасырдағы қазақ өлеңіне дәуір әкелген өзгерістің, нақты бір түрдің дәйегі қазақ поэзиясына тұңғыш ғылыми негіздеме жасаған Шоқан Уәлиханов классификациясында айқын сараланған. Ол түр – Шоқан Уәлиханов атаған 5-түр – өлең. Ш.Уәлиханов бұл түрдің қазақ поэзиясының дәстүрлі үлгілерінен өзгешелігін даралап көрсеткен. Біздіңше, қазақ өлеңтану ғылымында осы мәселеге әлі де тереңірек зер салып қарау қажет сияқты.

Бұл XIX ғасырдағы өлең түрлерінің ғана емес, жалпы қазақ поэзиясының жанры, жаратылысы, құрылымы мен өлшеміндегі негізгі поэтикалық заңдылықтардың сұрыптала, қазақ өлеңінің құрылымы, түрі, жанры мәселесіне байланысты өлең теоретиктері негіздеген құнды нәтижелердің толығына түсуіне, XIX ғасырда әсіресе кең жайылған орасан мол қазақ ақындығының ғылыми негізделуінде жаңа қисындар жасауға мүмкіндік береді.

Жазбаша кітаби әдебиет, жаңғырған нәзира дәстүрі қазақ әдебиетіне жаңа өлең түрін қосып, жанрлар трансформациясын туғызған; аймақтық әдеби мектептердің негізгі даралық сипаттарын орнықтыруда ықпалды болған көркемдік дамудың XIX ғасырдағы негізгі бағыттарының бірі болды.

Кітаби әдебиет, нәзира орнықтырған “өлеңнің” өлшемі, негізінде, 11 буынды өлшем. Бунақ-буын үлгісі – 3-4-4. Шумақ негізінен 4 тармақты, *ааба* ұйқасты болып келетінімен, кейде шумақтағы тармақ

саны 4-тен асып кетіп отырады. Мұндай 4 тармақтан асқан шумакты өлеңдер дәстүрлі қара өлеңге жатқызылмауы керек.

“5. *Өлең*. Бұл форма, қазіргі кезде барлық жанашыл ақындар тарапынан суырып салма өлеңдерге де, поэмаларға да, әсіресе, Орынбай өлеңдеріне қатысты көбірек айтылады. ...Осы өлеңдердің тақырыптарының көбісі діни сарында айтылады. ...Бұл өлеңнің кәліп өздері үйреніп қалған суырып салма өлеңге сәйкестеп, қолайы келгенде айта береді. Әйгілі “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” поэмасының өлең формасын да маған Жанақ ақын айтып беріп еді.

Өлең деген бұған дейін жоқ поэзияның ерекше формасының және атаудың қазақ даласына тарай бастағанына 50-жылдан асқан жоқ, бұл Қазан мен Тобыл татарларына қырға жол ашылғаннан кейін келген жаңалық. ... Мұсылман дінінің арқасында татардан шыққандар қырда, дін үшін кәсірет шеккен исламның мызғымас сақшысына айналды. Татар поэзиясының формалары қазақтардың гармониялық дыбыспен ойға тұнып тұрған дәстүрлі батырлық жыр поэзиясының формаларын ығыстыра бастады”.

Жазбаша кітаби әдебиеттің таралуы, назирәгәйлік қазақта бұрын болмаған, өлеңнің жаңа түрінің туып, таралуына (*біздіңше, негізінен, нақтылы Арқадағы әдеби мектептің – Қ.М.*) негіз салды, ол түр мынадай деген пайымдамамызға Шоқан Уәлихановтың филологиялық танымал талғамы, өз дәуіріндегі өлең сөзді әбден білген, ішінен алып құнын ашқан, хатқа түсіріп, тасқа басылуына негіз салған тарихи еңбегі алтын арқау болды.

Қазақ әдебиеті тарихындағы, XIX ғасырдағы жазба әдебиет жайына байланысты дерек, дәйектердегі Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынов, М.Әуезов атал көрсетіп отыратын “жазба әдебиеттің негізін мұсылманша сауатты молдалар салған”, “қазаққа жазу дінмен келген”, “қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған”, т.б. түйіндердің байлам, тоқтамы өлеңнің осы түрінде жатқандай. Бұл өлең – Абай дәуірінде кең жайылған өлең. Жазба дәстүр туғызған өлең. Жаңа, еуропалық үрдісте өрістеген жазба өлеңге де ықпалы түскен, бірақ онан бөлек өлең. Шығыстық өрнек өлшемі, негізі сақталған өлең. Абайға шейінгі, Абай дәуіріндегі жазба дәстүрді зерттеуге негіз болатын өлең. Бұл өлеңді фольклордағы дәстүрлі қара өлеңмен бір үлгі деп қабылдау – қате.

7-8 буынды өлшемнің толғау өлеңге қоса лирикалық жырға да қызмет еткеніндей (З.Ахметов) 11 буынды өлшем қара өлеңнен басқа да түрге арқау болған.

Кезінде қазақ өлеңінде жыр мен қара өлең түрі ғана болды (С.Мұқанов) деген пікір, біздіңше, орынды. Заман ырғағы тугызған жаңа түр, жанрлар сол негіздерден керегін алып қажетіне жаратты да, әрі қарай өрістеді.

Шокан айқындаған өлең түрі – “өлеңнің” қара өлеңнен ырғағы бөлек.

“Қазақтың бас ақыны” деп отырып, Ахмет Байтұрсынов Абайдағы “мін” атаған құбылыс та осы шығыстық үлгіден шығады.

## 1.2 XIX ғасырдағы тарихи жырлар – әдеби дамудың жаңа ағымы

XIX ғасыр әдебиетіндегі өзгеше үлгінің бірі тарихи өлең, тарихи жыр. Бұл жырлардың тууы, сол тұстағы қазақтың ел тарихы, отаршылдық саясатпен байланысты болды. Халық арасына XX ғасырдың орта тұсында әсіресе жандана түсіп өрістеген, XIX ғасырдың екінші жартысында аяусыз басып, жаншылған ұлт-азаттық күрес батырлары жайлы жырлар көтеріліс сипатын көрсеткен, барысын жырлаған, жеңілістің ащы уы тараған, ел батырларына деген сағыныш, мұң жайлаған, жоқтау, зар айтқан өлең түрінде аса кең тарады.

XIX ғасырдағы халық тарихының көп шындығы, көп ақиқаты сол тарихи өлең, жырларда сақталып қалды. Қазақ көркем сөз өнерінің мың түрлі мүмкіндігі сол тұста сан қырынан ашыла түсті.

*... Айналасы қоғалы –  
Суы тұнық көлдерім,  
Көк шалғынды жапырып,  
Жағалай қонған елдерім  
... Шағырлы жусан, ізенім,  
Қоныстан ауып күйзелдім,  
Ылдиы жоқ, өрі жоқ,  
Ат тайғанар жері жоқ,  
Жазып салған мақпалдай  
Аман бол құмайт жерлерім.  
Осылар еске түскенде  
Қайғырмассыз ба, ерлерім!?  
... Есіл, Нұра екі су  
Еңкейіп онан бетің жу*

*Бірің де шекер, бірің бал  
Қай біріңді айттайын!*

(Досқожа “Арқамен қоштасу”).

Қазақтың өмір тарихының айқын ізін ең әуелі оның сөз мұрасынан табамыз. Ел басынан өткен қилы кезеңдердің сан-сала қисындарын сақтал жеткізген тарау-тарау аңыз дастандардың орны бөлек. Олар көркемдік құндылығы өз алдына, тарихи танымда бірінде жансақ кеткен, мүлт кеткен ақиқат болса, екіншісі сонымен қайта табыстырар қыруар дерек көзі есебінде де бағалы.

“Кенесары-Наурызбай” дастаны туралы Әбділда Тәжібаев мынадай пікір айтады: “Мұхтар Әуезов өте ірі тұлға және көреген ақын деп санаған Нысанбай XIX ғасырда өмір сүрген, көкшетаулық, Кенесары ханның ең жақын достарының бірі, оның сүйікті жырауы. Нысанбай жырлаған “Кене хан” біздің дәуіріміздегі ірі тарихи дастандардың бірі және соңы деуге болады. Кене мен Наурызбайдың нәубат болған күндеріне дейін барлық трагедиялық қайшылықтарын түгел жеткізе зерттеген қазақ елінің сүйікті дастаны” [102, 17 б.].

Ел тарихында арғы замандардың аңызы жеткізген алып тұлғалы батырлардан да жанды, жаужүрек болмысымен жарқыраған жарық нұрымен тірі қалған ұлының бірі – Хан Кене.

XIX ғасырдың орта тұсында дүркіреп өткен Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің қозғаушы күштері, құрамы, оның жалпыхалықтық сипаты жайлы кең камтып сөйлеген әйгілі тарихшы Ермұқан Бекмаханов әдеби мұраның тарих ақиқатына жетелер, ел ішінде сақталған бірден-бір дерек көзі екенін былайша нақты айтады.

“Кенесары және оның серіктері жөнінде фольклор материалдарының құндылығы сонда, олардың көпшілігі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Кенесары батырларының, жеке көтерілістің басқа да қатысушыларының өз аузынан жазылып алынғандықтан, олардың бағасы арта түседі. Кейбір мәліметтерді сол уақиғаларды көзімен көрген адамдар жазып қалдырған...” [102, 274 б.].

Е.Бекмаханов “XIX ғасырдың 20-40-жылдарындағы Қазақстан” монографиясында Хан Кене көтерілісіне тоқталған тұста Бұхарбай батыр жайлы әңгімелерді келтіреді. Омар Шипиннің “Жеті батырдың қысқаша хикаясы” атты шығармасындағы Құдайменде батыр жайлы мәліметтерге тоқталады. XIX ғасырдағы қазақ тарихын зерттеуінде, Кенесары көтерілісі жайлы тұжырымдарына пайдалануда тарихшы

Е.Бекмахановтың әдеби деректерге тарихи деректермен бірдей дәрежеде қарағанын көреміз.

Әйгілі тарихшы ілгерідегі Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С.Мұқановтың ұлт-азаттық күрес батырлары туралы жырлардың мән-маңызы жайлы тұжырымдарын да өзінің тарихнама зерттеуінде ұстанып отырған деуімізге болатын сияқты.

Тарихи жағдай. Әдебиеттегі ел тарихы. Бұлар бір түйінді мәселенің екі беті сипатты. Әдебиет зерттеушілер толып жатқан аңыз-әңгіме, жыр-дастанның ар жағынан ел тарихын таныды. Тарихшы ғалым әдеби мұрадан тарих ақиқатын тапты.

Мұхтар Әуезов – XIX ғасырдағы тарихи жырлардың айқын ерекшелігін ажыратып қарастырудың басында болған зерттеуші.

“Шынында ел қиялы Кенесарыларды батыр қылып жырлағысы келгені рас. Бірақ батырлар өлеңі бергі заманға жақындаған сайын жаңа өзгеріске түсіп, өмірге жақындап, түр жағынан әлсіреп бара жатқанын байқаймыз.

...Сондықтан, Кенесарыларды баяғының батыры қылып қалай жырлайын десе де, олар көбінесе бүгінгінің адамы болып тұрып алып, кейін қарай шегінбей қойған” [15, 148 б.].

Олай болатын себебі деп, М.Әуезов тарихтың ізі, кешегі қан сойқанның анық түскенін, екінші себеп деп, сол қырғын соғысты көзбен көргендердің жазғанын, ел қиялы олардың айтқанынан өте алмағанын айтты. М.Әуезов Нысанбай жырының мазмұнын “Кенесары-Наурызбайдың” қысқаша әңгімесі деп баяндайды. Мұнда қырғызбен соғыс Кененің Тортөбел атының ұрлануымен байланыстырылады. “Кенесары жырындағы өлең тілі ерекше сұлу кестелі тіл, оқушыға ұғымды, артынан лекілдетіп ертіп отыратын құрыш қайратты қызу бар. Ақынның жанын салған қызумен шын сезімін білдірген, міні жоқ. Ұзақ кайғы өлеңі болып шығады. Өлең түрі құр ғана ұйқасы мен қызуын қуған сөз емес, сол заманның кестелі сұлу, шешен түрлерінен құралған сом алтындай жұмыр келетін кесек тіл. Өлеңдері отты келетін соғыс суреттері мен айтыс, талас сөздер. Соғыста еске алатын үлкен оқиғаның бірі қалмай тізілген, ақынның ірі суретшілігі...

Нысанбай жырында оқушының көз алдында ағып отырған қандай қызулы, жанды шындық бар”, – деп таразылаған Мұхтар Әуезов, көтеріліс күйін “соғыс”, “жорық”, “ұлы оқиға”, “іс”, “оқиға”, “ұрыс” деп келіп: “...барлығының жайын айтып, солар турасындағы соғысқа айдаған себеп пен мақсатты жыр шеңберінен алып, баяндауды

кисынсыз көрдік”, – деп [15, 153 б.] Кенесарының қайғы-өкінішімен біткен жорығы қазақ баласының барлығына да қадірлі, қасиетті әңгімедей кең жайылғанын айтады.

Сәбит Мұқанов бұл дәуір әдебиетінің өзіне шейінгі әдебиеттен өзгешелік, айырмашылық қалпын қадау-қадау атап, әдебиет тарихын жасаудың өзіндік жөндерін ұсынып отырып, XVIII-XIX ғасыр әдебиетін: 1. Бостандық күрес (бірінші очерк); 2. Зар заман (екінші очерк); 3. Айтыс туралы (үшінші очерк) деп бөлді [11].

С.Мұқанов аталған еңбегін қазақ әдебиеті тарихының сол тұста кенжелеп зерттеліп отырған XVIII, XIX ғасыр әдебиетінің мәселелеріне арнады. Әуелгі әдебиет тарихы оқулықтарындағы олқылықтарды мол дерек, таза ғылыми зерттеумен толықтырған бұл еңбек қазірде де көп саяси қыспақтан азаттық алған әдебиеттану ғылымы үшін қыруар олжа болып отыр.

С.Мұқанов “Очерктерде” әдебиет тарихын зерттеудің түпкілікті міндеттерін саралай отырып, XIX ғасырдағы ұлт бостандығы жолындағы күрес батырлары жайлы жыр-дастандардың әдебиет тарихында толық ашылып, зерттелмей келе жатқандығын мәселе етіп қойып, сол батырлардың тұлғасы жалпы тарихи танымда да сомдалып, тұғырланбай келе жатқандығын қадап айтты.

С.Мұқанов “Бостандық күресі” бөлімінде Ресейдің отарлау саясатына қарсылық, наразылық, қару алып күреске шығу тарихын баяндайды. Бостандық күрес батырларының көтеріліс тарихын нақтылы бағыт, беталыс, мекен, мезгіл тұрғысынан соншалықты дәлдікпен қарастырады.

“Очерктерде” Сәбит Мұқанов әдебиет тарихы мәселесін оны зерттеудің түпкілікті мүдделерімен сабақтастыра қарастырудың озық үлгілерін көрсетті. Өзі қарастырып отырған дәуір әдебиетінің қазақ әдебиеті тарихындағы өзгешелігі, ерекшеліктері туралы айтқан пікірлері бір жөннен келгенде, бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы, қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселелері тұрғысынан келгенде, әдебиетіміздің тарихын ежелгі дәуірлермен ұштастырып отырған тұсымызда, әрине бұл өзгешелік сипаттама белгілі бір дәрежеде сол уақыттың, 40-жылдардың мүмкіндік деңгейі ретінде қаралады. Солай бола тұрғанымен, Сәбит Мұқановтың “Очерктеріндегі” XVIII-XIX ғасыр әдебиеті сипаттамаларының астар-катпарында бүгінгі зерттеу-зерделеулерімізге үніле қарайтын тұстар аз емес.

Аталған еңбектің елеулі қырының бірі – Кенесары Қасымұлына байланысты деректер.

С.Мұқанов Кенесары туралы жыр-дастандардың әдебиет тарихындағы орнына тоқталуында Хан Кененің күрделі дәуірін, көтеріліс барысын, жеке бас күйін нақтылы тарихи деректер арнасында баяндап, қазақ зерттеушілерінің ішінде алғашқылардың бірі болып, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің саяси мәртебесін айғақтады.

С.Мұқанов осы еңбекте ХІХ ғасырда Патша үкіметі тарапынан жүргізілген қазақ даласындағы саяси реформаларға егжей-тегжейлі баға берді. Хандық биліктің қазақ тарихындағы орнына, былайғы, патша үкіметі тарапынан жойылу процедурасына мейлінше мұқият талдау жасады.

“Кенесары мен Наурызбайдың халық көтерілісін бастаудағы мақсаты туралы соңғы кезге шейін хата ұғым болып, оларды “хандықты көксеушілер, қара басының пайдасы үшін, хан болу көтеріліске қатысушылар” – деп бағалады. Бұндай қата пікірден, бір кезде, осы очеркті жазушы автор да сау болған жоқ.

Кенесарыны демократтық идеядағы адам еді деушілер бар, ол, әрине, асыра бағалағандық. Кенесарының мақсаты хандықты сақтау. Хандық – қанаушы таптың қолындағы құралы. Бірақ осы сатыда, халықтың елдігін сақтауда қажет және прогрестік құрал. Кенесары заманында, қазақ ауылында, хандықтан басқа әлеумет билеу формасы болуға мүмкін емес, басқа форманы ол кездегі қазақ ауылының саяси-шаруашылық жағдайы көтермейтін еді. Сондықтан, егер мемлекет басындағы хан, патшаға сатылмай, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресе, бұндай хан объективтік жағынан, халықшыл хан еді. Кенесары осындай хан, Кенесарыны одан артық көтермелеу орынсыз идеалдау боп табылады.

Мәселе, Кенесарының хандық құрылысты қолдауында емес, отаршылдық саясатқа, екі жақты талауға қарсы шығып көтеріліс жасағанда, Кенесарының халық жақта қалуында, халық көтерілісін бастап, қазақ халқының тәуелсіздігін қарулы көтеріліспен қорғауға тырысуда” [11, 81 б.].

ХІХ ғасырдың 10–20-жылдары патша үкіметі, қазақ халқының арасында хан ұрпақтарының беделі түскенін көрді де, 1822 жылы “Сибирь казактарын уақытша билеу ережесі” дейтін заң шығарып, Орталық Қазақстандағы хандықты жойды, хандықтың орнына “окружной приказ” деген әкімшілік басқару тәртібін орнатты. С.Мұқанов округтің құрылымын тәптіштей түсіндіріп, “Аға сұлтан” деген атпен оның басына қазақ қойылғанын, төрт заседательдің екеуі



– орыс, екеуі – казак болғанын, бұл бесеуін сол кезде “Совет” деп атағанын айтады.

Негізгі билік тізгіні Сібір соғыс генерал-губернаторының қолында болғанын атап көрсетеді. Болыстардың сайлану жөндері, Сібір қазақтарына алғашқы ашылған окружной приказдарда Аға сұлтандығына да, заседательдігіне де патша үкіметі хан тұқымынан емес, “қара қазақ” арасынан шыққан ру басы – феодалдардан белгілегендігі, Көкшетау округінің Аға сұлтаны Тұрлыбектің – “қара қазақ” Керей руынан, Қарқаралы округінің Аға сұлтаны Шорман “қара қазақ” – қаржас руынан болғанын, қазақтар “Кіші сұлтан” атаған заседательдердің Ыбырай, Зілқара, Есеней, тағы басқалардың “қара казактан” шыққан ру басы, феодалдар болғандығын тарата жазады.

С.Мұқанов Абылайдың 30 ұлының біреуі Абайділданын (*көпшілік деректерде Ғұбайдолла – Қ.М.*) Орта жүз қазақтарын 1822 жылғы хандық билік жойылғаннан кейін патша үкіметіне қарсы көтеруге тырысқанын; сегіз жылдай “итжеккенге” айдалып еліне қайтқанда Орынбай ақынның айтқан өлеңін береді. Ақын сол бір күдік-күмән, алаңкөңіл, күңгірт шақтың көңіл-күйін қаз-қалпында өлеңге түсірген екен.

*Хан Абылай өтіп кетті-ау кеше жүрген  
Үш жүздің баласына олжа берген.  
Сегіз жыл ит жеккеннен арман кетіп,  
Ханымыз Абайділда қайта келген.*

*Биылғы қатты болды-ау қыстың жұты,  
Бес теңге Қызылжарда ұнның пұты.  
Орта жүз ырысың бар ел екенсің,  
Хан келді Абайділда елдің құты.  
Атығайдың баласы он екі ата,  
Ханың алтын, Атығай тұрған қалта,  
Кеткен келіп кемтігің толып қалды,  
Қалыбыңа түсерсің майлы балта.*

... ..

*Тақсыр сізге зар болдық былтыр күзден,  
Үйде жатқан жамандар күдер үзген.  
Былтыр кеткен кісідей келдің биыл,  
Енді қырсық тарқайды Орта жүзден.*

*Хан келді деп қуанды қалың жаным  
Тәңірім жесе бейнет елдің қамын.  
Әр байталың әр жаққа тозып кеткен  
Өзің жиып алмасаң арғымағым [11].*

Ғұбайдолланы С.Мұқанов 8 жыл айдауда болды деп. Орынбай өлеңіне карап айтқан сияқты. Әрі алғашқы Көкшетау, Баянауыл округтеріне аға сұлтан қарадан сайланды дейді. Ал Ғұбайдолла жайлы басқа деректер де бар. В.Моисеевтің “Қазақтың соңғы ханзадасы” мақаласында Көкшетау округінің Аға сұлтаны болып 1824 ж. Ғұбайдолла сайланды дейді. Әрі итжеккенге айдалуы туралы айтылмаған [102].

“Сөйтіп, 1824 жылдың 28 сәуірінде Көкшетаудың оңтүстік бауырында Көкшетау округінің ашылу құрметіне орай сұлтандар мен билер, старшындар мен қатардағы көшпенділер, сондай-ақ Омбының шенеуніктері қатысқан алқалы жиын болып, артиллериядан салют берілді, әскер шеруі өткізілді. Мұндағы Сұлтан болып Орта жүздің соңғы ханы Уәлидің ұлы Ғұбайдолла, ал қазақтардан оның заседателі болып старшындар Байтоллин мен Жәнібеков сайланды. Олар құранға басын тигізіп, патша ағзамға адал қызмет ететіндіктеріне ант етті. Алқалы жиын соңы ұлы дүбір тойға жалғасты. Осылайша Абылай ханның немересі, Уәли ханның ұлы Ғұбайдолла заңды мұрагерлік хан атағынан айырылып, патша әкімшілігінің қазақ даласындағы бір шенеунігіне айналды” [102, 11 б.].

Сәбит Мұқанов орыс отаршылдығы ХІХ ғасырда жүргізген астарлы-қатпарлы, түпмақсат саясаттың көп жайын аяусыз ашып, әшкерелейді. Орыс тарихшыларының өз дерегімен дәлелдеп отырып, бұлтартпайды [103].

“1819 жылы, І Александр, қазақ балаларын сатып алуға, балалардың алып-сатарымен сауда жасауға заң шығарды. 1832 жылы “Қырғыз-қазақ ордаларының тарихы” атты кітап жазған Алексей Левшин, “базарда қазақтың еркек баласының сатылатын құны 4 я 5 қапшық арыш бидай еді, қыз баланың бағасы 3 я 4 қап арыш еді”, – дейді және бір айда қазақтан жүз бала сатылғанын айтады” [11, 79 б.].

Сәбит Мұқанов “Очерктерде” Кенесары, Наурызбай, Исатай, Махамбет, Бекет, Жанқожа батырлар туралы жырлардан аса толымды мол дерек берді. Әдеби, көркемдік құндылығын салмақтайды.

Ол қолында сол тұста Кенесары, Наурызбай туралы жырлардан “Досқожа ақынның Кенесарыға айтқаны”, “Наурызбайдың Қаншайымға үйленуі”, “Топжарған”, “Жасауылқырған”, “Тілеген молданың Кенесары туралы айтқаны”, Нысанбайдың “Кенесары, Наурызбай туралы жыры”, т.б. жырлар барын айтады. Сол жырлардың басылым, жарияланым тарихын індете зерттеу – әдебиет тарихын зерттеудің ендігі жөндерінің бірі. Сәбит Мұқановта атаған “Жасауылқырған” қайсыбірде “Жасауыл қырғыны” болып беріліп жүр.

С.Мұқановтың Нысанбай жырының жарияланым уақыты, бірнеше нұсқалық туралы деректерінен бұл жыр туралы өзгеше де деректер кездеседі. Олардың ізіне түсіп, зерттеу де – ғылым мүддесі.

С.Мұқанов Кенесары мен Наурызбай туралы жырларды екі салаға бөліп қарастырған. Біріншісі – Кенесарының өз ықпалына көнбеген ру байларын шабуы, малын барымталауы, екіншісі – 1847 жылы Кенесарының қырғызбен соғысуы, шейіт болуы.

“Осы екі жүйелі жырлардан басқа, не Кенесарының өзі тірі кезде, я өлгеннен кейін Россия әскерімен соғысуы туралы айтылған жырды біз әлі естігеміз жоқ”, – дейді [11, 86 б.].

“Очерктерде” “Досқожа ақынның Кенесарыға жермен қоштасып айтқан” жыры тұтас берілген.

Нысанбай жыры “Россия географиялық қоғамының орынборлық бөлімінің еңбектерінің” III кітабында 1875 жылы басылып шыққанын айтқан Сәбит Мұқанов: «Нысанбай жырының дұрысы – 1875 жылғы басылымы. 1925 жылы Басығарин редакциясымен шыққан жырдағы қырғыз халқын сөгіп, балағаттайтын сөз онда жоқ», – дейді.

“1925 жылы, Москвадағы “Күншығыс елдердің баспасы” Нысанбайдың бұл жырын Сырдария казағы – Жүсіпбек Басығариннің редакциясымен қайта басты. Басығарин алашордашыл, байшыл-ұлтшылдың біреуі еді. Сондықтан ол Нысанбай жырына редакция жасағанда жырды байшыл-ұлтшылдардың идеологиясына сәйкестеп өзгертті. Жалпы алаш-ордашылар, оның ішінде Басығарин, Кенесарыны қазақтың байларының ғана туын көтерген, еңбекші халыққа қарсы болған адам деп көрсетуге, Кенесарыны Алаш-орданың рухани әкесі ғып көрсетуге тырысты. Оған дәлел, Басығариннің, редакциясымен 1925-жылы шыққан жырдың аяғы:

*“Азғанамыз емес пе,  
Қойшыдан сынды сағымыз”*–

деп аяқталады. 1875 жылы басылған вариантта мұндай сөздер жоқ. Басығарин өз жанынан қосқан осы екі жол өлеңнің өзінен алаш-ордашылардың Нысанбай ақынды да, Кенесарыны да қойшылардың (“қойшы” деп отырғаны еңбекші халық қой) дұшпаны ғып сыйпаттағысы келгені айқын көрініп тұр” [11, 101 б.].

Бұл жерде қайсыбір пікірі бүгіннің биігінен қарағанда өткен тарихтың еншісі екендігін есте ұстай отырып, жалпы Нысанбай жырының басылым жайынан тың деректер берілгенін атап айтқан жөн.

Сәбит Мұқанов бұл жыр туралы мынадай ақиқат тұжырым жасайды: “Нысанбайдың бұл поэмасының тарихи маңызымен қатар, әдебиеттік маңызы да зор. Бұл поэма арқылы бір ақындық бойы зор, ой өрісі кең, сөз құрылысы көркем ақынның бетін көреміз. Поэманың қасиеті реализм негізінде құрылуында, реалдық уақиғаға ақын бай сюжет бере білуінде, бай сюжеттің композициясын ақынның шебер құрастыруында, адам образдарының ішкі, сыртқы қасиеттері айқындықта; поэмасын халыққа түсінікті тілмен жазған ақынның, жабайы тұрмыс тілін көркем сатыға шебер көтеруінде. Бұлардан басқа, Нысанбайдың бұл поэмасының бір зор қасиеті эпикалық уақиғаға ақын лирика дәнін тамаша еге білген. Поэмада оқушының жан жүйесін босататын, ойын тербететін лирикалық мотивтер көп. Бұл поэмасымен Нысанбай ХІХ ғасырдағы қазақ ақындарының арасында төрден орын алады” [11, 106 б.].

Негізінде М. Әуезов ірі ақын, айрықша бағалаған, Сәбит Мұқанов алабөтен үрдістің ақыны есебінде ашқан Нысанбай жырау ХІХ ғасыр әдебиеті, қазақ әдебиеті тарихындағы жолы мен жөні айқын екендігіне қарамастан, әдебиет тарихы, оқулықтарына ұзақ жылдар бойы еңбей келуінің түп-төркіні Хан Кененің тарихымен сабақтас жатыр.

Нысанбайдың “Кенесары-Наурызбай” жыры өз тұсында кездеспеген үлгіде ауыз әдебиеті қисындарын қоса отырғанымен, нақтылы уақиға, қасіретті өлең қауызына өзгеше шыншылдықпен құя білген шеберлік, өмірден ойып алған жанды суреттермен өзгешеленіп, кейінгі көп тарихи өлеңге үлгі салған шығарма. М. Әуезов айтқандай, Нысанбай жырау өзі баяндап отырған, өзі ішінде болған уақиғаны ел ақындығы дағдысын сақтап көлденең айтушыдай болып, көрініп отырып, көп қайғының қасіретін қызулы, жанды шындықпен жеткізеді. Жырау тілі аса көркем, ұтымды, тапқыр, тым

бейнелі, тым бедерлі. “Бакыты шауып тұрганда”, “Бауыры суып сол шакта”, “Науан бұл жол агытты, ерлігінің тиегін”, “Шабытты туган сұганак”, “Шіл боғындай тарадык”. “Кемшілік түсті басына”, “Олжа атын алмады”, “Қызыл тұмсык болсын деп, ақылмен аузын қандады”, “Бітеу сойып басынды”, “Жасанған жаудай көрінді”, “Алатаудың тастары”, “Киімді бала тудырған” (Кене хан) “Бір енеден жалғыз дақ” (Науан)...

*“... Шегірткеге талатқан  
Қырғауылда жүн бар ма?  
Жапалақтан жасқанған,  
Жалғыз қазда үн бар ма?”*

Наурызбайдың Ақауыз аттан құлауын жырау былайша келістіреді. “Ай мүйізді қошкардың бөрі тартты қоңынан”.

Жырда қырғызбен соғыс: Тортөбел аттың ұрлануы, Кенесары, Наурызбайдың қырғызға баруы, жекпе-жектер, жеңіліс, Нысанбай жоқтауы берілген. Көптеген тарихи жер атаулары, Кене қасындағы тарихи адамдар – батырлар ісі баяндалады.

Жырға кейде айтыс элементтері араласып отырады; дәстүрлі колданыстар; қайсыбірі оқиғаның баяндалу әдісінде батырлар жырының мақамымен сөйлеу. Мысалы: Наурызбай тұрып сөйлейді, сөйлегенде бүй дейді, т.б. дамыту, үдету үлгісінің болуы – жырдың жанрлық табиғатының өзгешелігін көрсетеді.

Жыр мынадай мұн-шермен, ауыр аяқталады:

*... Кене хан жазым болған соң,  
Бет-бетімен тарадық;  
Көрінгеннен қорғалап,  
Кісі аузына қарадық  
Шауып алған Созақта  
Сарттан ақыл сұрадық,  
Бастан ауды бағымыз,  
Иесіз қалды тағымыз  
Төрелер жазым болған соң  
Артында қалған көп қазақ  
Келіспеді сәніміз.*

С.Мұқанов зерттеуінде Кененің орыстан кешірім сұрал алдауы, Қырғызға бару, Жетісуға ауу жайы, патша үкіметі қолданған шаралар ұғындырылып барып, Нысанбай жыры талданады. С.Мұқанов Нысанбайдың тарихи шындықтан ауытқымағанын, екі жаққа бірдей болып отырып сөйлегенін (қырғыз-қазаққа) атап айтты.

Нысанбай жырының негізі – тарихи шындық оқиға. Ақын өмір фактісін фольклорлық, эпикалық тәсілдерді арасына жүгіртіп отырып, айқын суреттейді.

*... Қырғыздың ханы Қалшахан,  
Жар салады еліне...*

“Қайғыға толды бұл сапар, // Қазақтардың қойыны”, “Жер бауырлап сүрінді”, “Қайраты көп болғасын, // Найзасы аумай білектен”, “Төре аттанып кеткен соң, // Бытырап кетті қалған жұрт, // Баксының тозған жырындай”...

“Хан еді мойны сынбаған”, “Екі ұдайға келгенде, // Қанатын жайып сұңқардай, // Тастан қайтпас болатты”.

Қазақ қолының күшейіп, жауға тиген бір сәтін “Сұңқарлар жайды қанатын” деп суретке салады.

Нысанбайдың жыр тілі соншалықты бай, сондай тапқыр әрі суретті. Баяғы бір сәнді, салтанатты шақты мұнан артық қалай сағындырып, сезіндіруге болар...

*... Тогоыз түіе арттырып  
Отаулатып қыз берген.*

Ұрыс сәтінің, арқаланып, аруақ шақырып атқа қонған майданның күйін де екінің бірінің аузына түсе бермейтін сөз тауып, жаугершілік ұрыстың ширақ динамикасы, серпінді тас-түйін тұрпатын суретпен сызады.

*“Келсеңші”, – деп ақырып,  
Сарыала туын жайнатып,  
Қырғыздар жүрді жөңкіліп,  
Төскейде атын ойнатып.*

Жырда шынайы өмір суреттері мен дәстүрлі эпикалық жырлардың асып-төгіліп жатар үдете сөйлеу үрдісі қоса-қабат өрілген.

*Ор қояндай бұлтпаған  
Көк дөнен ат астында.  
Қамзол ішік құнпаған  
Ақ орамал басында.  
Жанған оттай бұрқылдап,  
Жаудың барды қасына  
Сол уақытта Наурызбай  
Жиырмасыншы жасында.*

Кенесарының қырғызға баруы соншалықты дәлдікпен баяндалған. Өмір оқиғасын жүрекке түскен бар зарымен соншалықты шебер өріп жеткізген акындық қуатқа қайран қалмасқа болмайды.

Нысанбайдың азаттық рухын көтере жырлауы акынның биік азаматтық тұлғасын тұғырландыра түскен. “Қоғамы күшті” (Нысанбай) Кенедей ерлердің жанында осындай батыр акынның жүруі де – құланың құдіреті.

Елдік, ерлік рухы биік Нысанбай жырау – анау арғы замандарда қасқайып сөз айтқан, азаттық үшін “күн астында жортқан” (Доспамбет) ерлердің, “торлаусыз өскен құландардың” (Ақтамберді) саркыты.

*... Ойда Қоқан, қырда орыс,  
Хакім болды қаласы.  
Кімнен таяқ жегендей  
Біздің қазақ баласы?!  
Алдырып жүрген дұшпанға –  
Өзді-өзінің аласы!*

Нысанбай тілі тұспалға толы.

*“Аллалап” жүрген қырғыздың  
Желі тұрды оңынан.  
Ай мүйізді қошқардың  
Бөрі тартты қоңынан.  
Мұрттай ұшты Ақауыз  
Бір мылтықтың оғынан...*

Қырғыздың Ораз батырының ашынып шалқан шындығын – өмірлік драматизмді Нысанбай тағы да тауып айтады. Тұтас құйылған құрыштай тұлғалы, бітімді сөзбен ашады.

*... Қайраты көп болған соң,  
Найзасы аумамай білектен.  
Ораз келді жұлқынып,  
Бастан ауған бағы бар.  
Қатыны түсіп қазаққа  
Қарайып жүрген қаны бар.*

Қан құшып, жер бауырлай сүрінген Ораз батырдың ішінде кеткен өксігі қандай ауыр еді... Нысанбай жүрек суытар сөзбен оны да шынайы жеткізеді:

*Найза бұрын кез келді  
Ақбозиттың сол жақтан  
Ораз батыр жығылды,  
Қайтып адам болмастай  
Шыбын жаннан түңілді  
Тілге келмей сол жерде  
Жер бауырлап сүрінді...[104, 224 б.].*

Нысанбайдың “Қайырсыз болған Алатау” деп, ежелгі жыраулық сарында жаннан түңілуі – тағы да заманның қасіретке бөккен күйі.

“Шарықтап жүрген сұңқарлар. // Ілінді жаудың торына”.

Жырды зерттеуде назар аударылуы тиіс бір жай – әр кезеңдегі басылымдарға текстологиялық сараптау қажет.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым Шәкір Ибраев бұл жырды “азаттық жыры” дейді. Алып-қосар сөз жоқ.

Нысанбай жырының айқын құндылығын ғалым кеңінен қамтып, келістіріп айтады. Көрнекті фольклортанушы ғалымның Кенесары жырының құндылығын атап көрсетуінде, ХІХ ғасыр әдебиетіндегі жанрлық жаңғыру, түрлену, өзгеріс құбылыс фактісі зерделенген.

“Бір ғажабы, осы ақындар мұрасына ауыз әдебиеті үлгісінің аясында қарағанымызбен, олардың өзіне ғана тән қолтаңбасын көрмеу мүмкін емес. Ондай өзгешелік – ең алдымен ақындардың өзі жырлап отырған оқиғаны, жалпы ел басына түскен қасіретті өз басынан кешіруімен байланысты. Бұл ретте ең алдымен кобызымен



күңірене жыр толғаған Нысанбай жырау көз алдымызға келеді. Оның өз басы куә болған ұлы оқиғалардың қайталанбайтыны сияқты, шығармасы да қайталанбас өрнегімен кестеленеді.

... Бұл – жыр ғана емес, тарихи шындық.

... Нысанбай лиризмiнiң бүкiл жыр бойындағы оқиғамен бiрге әдiптелiп отыратынын айтпағанда, оның қадау-қадау үлгiсiн өзiнiң майдан даласынан зәресi ұшып қашқанынан, Кенесары, Наурызбай қолға түскеннен, кейiн қайғылы жоқтауға, мақсатты өкiнiшке айналдырған ақынның мүшкiл халiнен көреміз...

“Жо-жоқ, ақын өз басы үшін емес, бүкiл халыққа түскен қайғыны көтере алмай езіліп кеткендей болады.

... Арманына жете алмай, қапаста қалған ел қайғысының ақын жеке басының трагедиясымен ұштасқан мұндай үлгiсi арғы-бiргi әдебиетте некен-саяқ” [104, 11-12 бб.].

20, 40-жылдары Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов өздерi бар ғұмырын арнаған қазақтың тарихи танымын, рухани талғам, ұлттық санасын жанғыртып, түлетуге, оятып, қалыптастыруға ХІХ ғасырдағы ұлт-азаттық күрес батырлары жайлы жырларды казак әдебиеттану ғылымында арнайы әдебиет үлгiсi есебiнде бөле-жара карап, ұлт тағдырындағы ұлы батырлардың көркемсөздегi бейнесiнiң – олардың ұлт тарихындағы ақиқат бейнесi екендiгiн айтуымен де өлшеусіз үлестерiн косты.

ХІХ ғасыр әдебиетiнiң көркемдiк арналары, шеберлiк алымдары туралы ендiгi кең, келелi зерттеулерге iлгерiдегi М.Әузов, С.Мұқановтың зерттеулерiн мiндеттi түрде есте ұстай отырып бару керек.

ХІХ ғасыр әдебиетiндегi тарихи жырлардың тарихи негiзi, туу себептерi, ұлт-азаттық күрес, көтерiлiс ақиқаты бүтiнде әдебиеттану, тарих ғылымдары жағынан саяси жөнiнен бiршама қарастырылып қамтылды. Тарихи уақиғалар туғызған ел батырларының өмiрi арқау болған тарихи өлеңнiң жанрлық ерекшелiк, тiл-қолданыс, т.б. жөндерден көркемдiк сипаттамасы да жасалып келедi.

Мұхтар Әуезов “Әдебиет тарихында” Кенесары, Исатай, Бекет батырлар туралы жырларды “Тарихи өлеңдер” деп атады. Ахмет Байтұрсынов тарих жыр, тарихи жыр дейдi.

Сәбит Мұқанов бұл жырларды “бостандық күрес әдебиетi” үлгiлерiне жатқызады.

Ә.Қоныратбаев, Р.Бердiбаев, Е.Тұрсынов, С.Қасқабасов, З.Сейiтжанов, т.б. ғалымдар “Тарихи эпос”, “нақты тарихи эпос”

дейді. Тарихи жыр, тарихи өлең, тарихи эпос – не дегенде де нақтылы тарихтың ізімен, нақтылы тарихи тұлға өмірі, арқау етіліп туған әдеби үлгі жайлы М. Әуезовтің мына бір пікірі әдебиеттің көркемдік арқаулары жөнінен келгенде көп түйіннің шешімін табар жолды көрсетіп тұрған тұжырым.

“Ел ескілігінің бір алуаны тарихи өлеңдер. Бұл уақытқа шейін біз қарастырған әдебиет жұрнақтарынан тарихи өлеңдердің бір үлкен айырмасы бар: бұдан бұрынғы ескілік кейде әңгімелі өлең туғызса, кейде ел салты мен ел сезімінің әр түрлі ауыр-жеңіл күйлерін шығарса, барлығында белгілі орынға байланбаған еркіндік бар-ды.

...Оларға қарағанда, тарихи өлең ел әдебиетінің жана бір ағымы, жаңа түрі (*астын сызған біз – Қ.М.*) сияқты” [15, 140 б.].

Әдебиет зерттеушілер тарапынан қазақ әдебиеті тарихындағы елеулі бір арна–тарихи жырлар табиғаты әріден зерттеліп келеді. Көбіне тарихи жырлар ауыз әдебиеті үлгісі есебінде қарастырылып отырды. Осы орайда тарихи жырлардың нақтылы оқиғалардан өрбитіндігі (*аңыз-әңгіме емес – Қ.М.*), сонымен бірге олардың нақтылы шығарушысы (*әсіресе, ХІХ ғасырдан бері туған жырларға қатысты – Қ.М.*) болатыны үнемі ескеріліп отырады. Тарихи жырлардың жанрына байланысты да аса елеулі пікірлер бар. Бүгінгі күнге шейінгі зерттелу жайына үңіле түссек, тарихи жыр төнірегінде, әсіресе таза ауыз әдебиет үлгісі екендігі жөнінде ойласатын мәселелер бар. Көрнекті қазақ фольклортанушысы Рахманқұл Бердібаев: “Ауыз әдебиетінің, соның ішінде эпостың сан тарау нұсқалары көп тиражбен басылып, жұртшылықтың рухани игілігіне айналды, ертегілер, айтыстар, мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары, тарихи өлеңдер, т.б. жанр нұсқалары халықтың қолына жетіп отыр” [77, 27 б.].

Ғалым ауыз әдебиеті жазба әдебиетке үлкен тірек, негіз болатындығын айтады. Қазақ сөз өнерінде ауыз әдебиет пен жазба әдебиеттің бірін-бірі байытып отыруы – тұрақты заңдылық дейді. Сөз жоқ, бұл заңдылық, бұл құбылыс ХІХ ғасыр әдебиетінің туып жасауында да аса ықпалды болды.

“Әдебиетін, жырын халықтың рухани серігі етіп сақтап келген қазақтар ең алдымен тарихи жырларға ерекше мән берген. Бұл тұрғыда: “Бұл халықтың ертеден өзіне тән тұрмысында есте қалдырмаған бірде-бір манызды оқиғасы, бірде-бір тамаша адамы жоқ деуге болады. Олардың бірін суырып салма ақындар мен жыршылар жыр етсе, екінші біреулерінің атынан кейінгі ұрпақ

естерінде ұмытылмастай етіп белгілі бір сыбызғышы не кобызшы музыканттар тастап кеткен”, деген Шоқан Уәлиханов сөзінің шындығына мойын ұсынуға болады.

...Мұндай жырларда тарихи адамдар тек өмірде болған күйінде емес, өмір шындығына сыйымды түрде қоспалармен әрленіп, қиялмен толықтырылып, жаңа “таныс-бейтаныс” бейнеге айналды. Өмірде болған батырды халық қиялындағы батырдың бейнесімен араластырып, жаңа образ жасайды. Бұл сипат Ағыбай туралы жырлардан анық байқалады. Сонымен бірге оларда көптеген тарихи мәліметтер сақталады” [26, 40 б.].

Академик Серік Қирабаев Ағыбай батыр туралы жырлардың ерекшелігін саралай отырып, осыбір ойды айтады.

Академик Қ. Жұмалиевтің “Қазақ эпосы мен әдебиет тарихы мәселелері” (1958) еңбегінде тарихи жырларға арналған “Тарихи поэмалар” тарауы бар.

“...эпостық жырлардың қаһармандары – атса оқ өтпейтін, шапса қылыш өтпейтін, суға салса батпайтын, отқа салса күймейтін қасиеттері бар және Бабай түкті Шашты Әзиз, Қырық Шілтен тәрізді бағып жүретін иелері бар адамдар болып суреттелсе, тарихи жырлардың қаһармандары олардай емес ержүректі, күш-қайраты мол, оқ өтіп қылыш кесетін жай адамдар. Тарихи жырлардың уақиғалары да осы тұрғыдан құралады. Тілі жағынан алғанда батырлар жырлары мен тарихи жырлардың айырмашылығы бар.

Батырлар жырына тән поэтикалық ескі психологиялық параллелизм, шеңдестіру көбіне әсірелеу, кейіптеулердің кейбір ескі түрлері десек, олармен салыстырғанда, тарихи қолжазбалардағы қолданылатын көркем сөздерде жоғарыда аталған поэтикалық тілдер мейлінше аз, көпшілігінде психологиялық параллелизм жоқ” [18, 221 б.].

Қ.Жұмалиев – алғаш рет тарихи жырдың эпостан айырмасын салыстыра караған ғалымның бірі. Қ.Жұмалиев тарихи жыр, тарихи поэма дегенді қатар қолданып отырды (алма-кезек).

Тарихи өлең төңірегінде әлі де ажырата аша түсуді қажет етіп, ғылыми негіздеуге сұранып тұрған мәселе аз емес. Әрине, тарихи өлең әлеуметтік мән, мазмұны жөнінен аз қарастырылған жоқ. Бұл тұста тұжырымдар белгілі, айқын. Ал жанрлық, көркемдік сипат, дәстүрлі арна, өзгешелік өрісі тиянақталып, тұжырымдалып болды деуге болмайды.

Жазып шығарылуы, авторы мәлім болуы – бұл жырлардың бір сипаты. Ендігі бір сипаты – қайсыбір жырдың көп нұсқалығы бар, жыр құрылымының, қайсыбір сарындардың, желілердің ауыз әдебиет дәстүрінде орындалып отыруы, т.б.

Осындай сипаты тарихи жырды бірыңғай таза жазба әдебиетке де, ауыз әдебиетіне де жатқызуға мүмкіндік бермейді. Қисыны М.Әуезов айтқан ауызша әдебиетінен жазбаға өтердегі өтпелі дәуір әдебиетінің үлгісі дегенге көбірек келетіндей. Немесе – ауызша әдебиет.

Қ.Жұмалиев ауыз әдебиеті мен тарихи әдебиет, жазба әдебиет айырмашылықтарын тарата, ажырата қарастырушы ғалымның бірі болды.

“Жазу не жазбасы болу – ауыз әдебиетінен жазба әдебиетіне көшудің негізгі мәселесінің бірі саналатынын, солай ұғынудың дағдыға айналғандығын ұлы сыншы Белинский мойындаса да, ол тек қана сол жазу, жазылу негізгі шарт десек, бұл екеуінің арасындағы айырмашылығы дұрыс болмайды дейді” [18, 245 б.].

Жазба әдебиеттің айырым белгісі Қажым Жұмалиев саралауында: көркем әдебиеттің аты мәлім авторы болуы, акындардың бірінің екіншісінің шығармасында әсерін тигізіп, өзекті сарындардың сабақтасып отыруы, көпшілігінің жаза білетін сауаты бар адамдар болып, қазақ жағдайында әуелде жазба түрде қалдыру мүмкіндігі болуы. “Қ.Жұмалиев “Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері” монографиясында тарихи өлеңді “Тарихи поэмалар” тарауында арнайы қарастырып, батырлар жырлары мен тарихи жырлардың айырмашылығы тарихи поэмаларда әсіре шендестіру, әсірелеу, психологиялық параллелизм болмайтындығы, көпшілік поэманың ел өміріндегі тарихи уақиға, тарихи күрес-тартысқа қатысқан нақты адамдар екендігін айтады. Және тарихи поэмаларды қазақ ауыз әдебиетінің аясында қарастырады. Сонымен бірге “Исатай, Махамбет” поэмасын Ығылман Шөреков жазды дейді. Яғни ХІХ ғасырда ауыз әдебиет дәстүріндегі шығармалар жазылып та шығарылды. Тегінде ауыз әдебиет, жазба әдебиеттің айырым белгісі тасқа басылған сөз фактісінде емес, шығарманың, туындының жазылу стилінде, дәстүр, үрдісінде, жанрында жатыр.

Қ.Жұмалиев тарихи поэмаға тән ерекшеліктер: уақиғаға қиял араласпай реалистік түрде суреттеу; уақиғаның, қатысушы адамның тарихи шындығында дейді.

Сейтіп, Бекет батырдың басынан өткен уақиғалардың тарихи негіздерін, Исатай, Махамбет көтерілісінің тарихтағы ізін шығармадағы уақиғамен астастыра қарастырып отырады.

“Тағы да бір факты келтірелік. Ақын бір тарихи эпизодты:

*Бір мың жылда сегіз жүз  
Және бір отыз алтыда  
Ашуланып Жәңгір хан  
Жарлық салды халқына  
Соғыс пәрмен бұйырды  
Өзіне ерген жалпыға –*

деп суреттейді.

Бұл да тарихқа дәл келеді. 1836 жылы 17 мартта, Жәңгір хан Исатай, Махамбеттерді ұстау үшін Қарауыл Қожа Бабажан ұлын бас етіп, 522 адам қарулы әскер аттандырады. Исатай, Махамбет 200 дей қаруланған жасақпен Қарауылға қарсы шығады. Бұлар 4 апрель күні Қиялы-мола деген жерде кездеседі. Поэмада ақын тарихи датаны дәлме-дәл күйінде алған” [18, 225 б.].

Тарихи жырдың қазақ әдебиеті тарихындағы орнын, жанрлық сипатын, шығу төркінін зерттеу мәселелері 1979 жылы жарық көрген “Қазақ тарихи жырларының мәселелері” атты жинақта беделді, белгілі ғалымдар тәрпынан жан-жақты қарастырылып, ғылыми негіздемелер жасалды.

Көрнекті ғалым Сейіт Қасқабасовтың “Тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипаты” зерттеуінде Шоқан Уәлихановтың еңбектерінде “исторический джир” деген (Ш.Уәлиханов. Шығармалар. I том. 1961, 201-бет). қолданыс кездесетініне назар аудартады. С.Сейфуллиннің 1926 жылы Жанқожа батыр туралы өлең, жырды “Жаңа мектеп” (№6) журналында жариялағанын, 1932 жылғы “Қазақ әдебиеті” оқулығында тарихи жырлардың өзіндік ерекшелігіне көңіл бөлгенін айтады. С.Қасқабасов М.Әуезовтің тарихи өлең мен тарихи жырды бір деп қарағанын, Жұмалистың де тарихи жырды өзіндік жанр деп бөлгендігін, кейінде Ысмайыловтың де тарихи жырды жеке жанр ретінде танығанын, жанрлық ерекшелігін анықтағанын (“В поисках нового”, А., 1967), Н.Смирнованың “Тарихи эпос” қазақ фольклорының дербес жанры, тарихи жыр екіаралық жанр деп, тарихи өлеңді бөліп қарағанын келтіре отырып, тарихи жырдың ғылыми негіздемесін бекіте түсті [105].

Осы тұста ол кезде Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедұлының ардақты есімдері әлі “ақталмағандықтан”, олардың тарихи өлең, жырға қатысты дерек, тұжырымы айтылған жоқ.

Х.Досмұхамедұлы “Қазақ халық әдебиетінде” (Ташкент, 1928) халық әдебиетін ғылыми жүйелеудің, негіздеудің ілгерідегі Шоқан бастаған, Радловпен жалғасқан, ғасыр басында қазақ басылымдарында (“Қазақ”, “Айқап”, т.б.) көрінген бастамасын ілгері оздырды.

Халел Досмұхамедұлы әдебиет мәселелерін кеңінен қозғау қажеттігін былайша жеткізеді: “Бұл аталған мәселелердің бәрі соншалықты маңызды да мәнді, сондықтан да олардың әрқайсысы ұзақ тер төгіп, арнайы зерттеулерді қажет ететін тақырыптар...”

Орыс әдебиетінде қазақ халық әдебиеті туралы сан жағынан едәуір мақалалар болғанымен, бүкіл халық әдебиетін түгел қамтитын жүйелі де толық очерк жоқ.

...Өкінішке орай, қазақ тілінде де халық әдебиетін азды-көпті болсын толық қамтитын шолу жасалған емес” [16, 14 б.].

Аталған еңбекте Халел Досмұхамедұлының әдебиет шаруасын соншалық көреген түйсікпен меңгерген, білімдар ғылыми өресі биік ғалым екендігі көрінді. Өзінің арнайы қарастырмайтын мәселесін айтып отырып та ғалым қазақ әдебиеті тарихының, қазақ әдебиеттану ғылымының былайғы даму барысын, қарастыруға тиіс құбылыстарын қадау-қадау атап береді. Олар: халық әдебиетінің даму тарихы, бұл әдебиеттің осылайша жан-жақты дамуына ықпал еткен себептер мен жағдайлар, сырттан болған әсерлер мен қазақтарға туыстас халықтардың халық әдебиеттерімен өзара ауыс-түйіс мәселесі, халық әдебиетінің европаланған қазақ көркем әдебиетінің пайда болуы мен дамуындағы ролі, осы жаңа әдебиеттің жекелеген өкілдеріне халық әдебиетінің ықпалы, халық әдебиетінің әдебиеттанудағы ғылыми терминдерді қалыптастырудағы мәні, халық тарихын, қоғамдық дамуын, тұрмыс-тіршілік, қазақтың жеке бас мінез-құлқын танып білудегі орны, халық әдебиетінің болашағы туралы топшылаулар жасау.

Х.Досмұхамедұлының аталған еңбегі М.Әуезовтің “Әдебиет тарихы” (1927) оқулығына тиым салынғаннан кейін шықты. Ол халық әдебиетін тек ауыз әдебиеті негізінде қарастырған жоқ. Тек жаңа, еуропаланған әдебиеттен ғана ажырата қарастырған. Мұның өзінде ғылымға олжа салар сырлар жатқаны; бүгінде сол бір ғасыр

басындағы әдебиет мәселелері қарастырылған ғылыми негіздемелерден көп тиянақ-тұғыр тауып жатқанымыз, табарымыз даусыз.

Х.Досмұхамедұлы қазақ халық әдебиетінің арналы саласы батырлық жырлар (героический эпос) мен тарихи өлеңдер (исторические песни) дейді [16, 26 б.]. Ғалымның батырлық жырлар, Алтын Орда мен Қазақ хандығы тұсындағы батырлар жайлы деген пікірі – өте назар аударар, елеулі жай. Яғни, кейінде Қ.Жұмалиев, т.б. жекелеген ғалымдар тарихи эпосқа жатқызып жүрген Қаракерей Қабанбай, т.б. XVIII ғасыр батырлары жайлы жырларды Х.Досмұхамедұлы авторы белгісіз батырлық жырларға кіргізеді. Және бұл Алпамыс, Қобыландылар жайлы батырлық эпосқа да телінбей, бөлек, біртұтас Алтын Орда, Қазақ хандығы жасаған уақыт батырлары жайлы батырлық жырлар деп қарастырылған сияқты.

Х.Досмұхамедұлының тарихи өлеңді ажыратуы да нақты, айқын, аса қисынды.

Ол тарихи өлеңдерде белгілібір кезеңде өмір сүрген аты белгілі адамдар, әрине көптеген әсірелеу, әспеттеумен, негізінен жонғарларға және орыс империалистеріне қарсы қазақтардың бас бостандығы үшін күрескен кездегі тұлғалар жырланатынын, Кенесары, Исатай, Бекет және басқалар туралы өлең-жырларды мысалға келтіруге болатынын, көптеген батырлық жырлар мен тарихи өлеңдер нағыз эпопея болып келетінін айтты.

Ахмет Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқыштағы” аса мол құнды тұжырымының бүгінде ой көзімен үніліп, олжа іздер тұсымыздың бірі мынадай: “Әуезе жыр мен тарихи жырдың арасындағы айырмасы сол, тарих жырындағы адамдар, уақиғалар турасында сөйлеген сөздер тарихтағы мағлұматтардың арнасынан аса алмайды.

...Әуезе жырды шығарушының қиялы еркін болады.

...Әуезе жыр мысалдары. Мұхамбетжанның “Топжарғаны”, Шәкәрімнің “Жолсыз жазасы”, “Қалқаман-Мамыры”, Мағжанның “Батыр Баяны” сияқты сөздер” [14, 451 б.].

А.Байтұрсынов тарих жыр дегеніне (*кейде тарихи жыр дейді* – К.М.) анықтама бергенімен, нақтылы шығарманы атап мысал келтірмеген.

М.Әуезов тарихи өлең, тарихи жыр, тарихи әңгіме дегенді қатар қолдана отырып, сол тұстағы тарихи өлеңдерді ажыратып атаған болатын. Тарихи өлеңдерден біздің қолымыздағысы – “Кенесары”, “Исатай, Махамбет”. “Бекет” [15, 148 б.]. Назар аударар бір жай,

Абылай, Қабанбайды бұлардан бөліп атады. Осы ұстанымды кейін Х.Досмұхамедұлынан көреміз.

Мұхтар Әуезов тарихи жырдың тууы қазақ әдебиетінде ежелден келе жатқан дәстүр екеніне назар аудартады.

“Осы сияқты ел ортасына ертеден орнаған салт бойынша қазақтың өлең өлшеуіне түскен тарихи жасалды. “Исатай” жырының тарихи өлең болатын зор себебінің бірі – осы” [15, 159 б.]. Әуезов “Исатай–Махамбетті” жазылған дейді. “Кенесары” жырына қатысты “айту” дегені бар, “жазу” дегені жоқ. М.Әуезовтің тарихи өлеңге тоқталуындағы және бір аса елеулі тұс – бұл ғалымның тарихи жырдың әдебиет тарихындағы жаңа бір көркемдік бағыт екенін айтуы. Яғни, шығарманың реалистік сипатына қатысты тұжырым-түйіндері. Қазақ өлеңінің, батырлық жырдың өмірге жақындай түсуін айтуы.

“Бұл жағынан қарағанда Кенесары, Исатай жырлары сияқты тарихи өлеңдер әдебиетте жаңа бағыт туғызып, өмірге жанасуды мақсат қылған сияқтанады. Ел әдебиетіндегі өміршілдік, нағызшылдық пішінде ең алғашқы рет осы өлеңдерден шығады.

...Сол ақылға бой ұру барлық тарихи өлеңдердің бояуын бұзып, бағытын өзгертіп, жоғарыда айтқан өміршілдік сарының күшейткен” [15, 24 б.].

Сонымен бірге М.Әуезов жырға көшкен ескі үлгілерді де атайды. Мәселен, “Кенесары” жырының жоқтау үлгісімен басталуы.

“Бекет” жырының көбіне ауыз әдебиеті үлгісінде келгенімен, тарихи жырға қосылатын себебін М.Әуезов былай түйіндеген: “Жырдың ішінде “Бекетті” тарихи өлеңнің нағыз батыры қылып көрсететін жалғыз-ақ жер бар. Ол Арыстан ханның өлімі туралы...

Бекеттің тарихи ісі осы. Батыр атын әперген ұлы дәуір жорығы да осы. Заманында Исатай істеген ерлікті істеп, қалың елдің қамын ойлап, көптің тілеуіне сүйеніп, өз басын құрбандыққа шалған. Қылышынан қан тамған ұлықты өлтіріп, патша үкіметіне қазақ елінің жүрегінде жатқан қарсылықты ақырғы рет осындай үлкен іспен көрсеткен. Сондықтан Бекеттің даңқы қазақ даласына көп жайылып, жоғарыда айтқандай ертегіге ұқсас әңгіме болған. Бекетті тарихи өлеңнің қаһарманына қосатын себеп осы” [15, 167 б.].

М.Әуезов тарихи жырға: “Заманның толық суреті сияқты болып түскен әңгімелі өлеңі – тарихи өлең болады” [15, 162 б.], деп анықтама берді.



Тарихи жырдың көркемдік, жанрлық қырлары еш уақытта елеусіз, ескерусіз қалмағаны, қазақ әдебиетінің тарихындағы аса айқын әдеби мұра үлгісі есебінде қай кезеңде де жан-жақты қарастырылып отырғаны мәлім. Тіпті, Кенесары Қасымұлы “тарихтан аласталған” тұста да бұл әдеби мұраның ғылым нысанында қарастырылуы жалғасып отырды.

Белгілі ғалым Рахманқұл Бердібаев сол зерттеулердің бел асқан белесіндей болған “Қазақ тарихи жырларының мәселелері” жинағына (1979) ерекше назар аударып, бағалады. Фольклор туындыларын нақтылы әрі тереңдеп тексерудің жемісті қадамы, өзінен бұрынғы зерттеулерге қарағанда тарихи жыр, тарихи өлең мәселесіне ақыр-тақыр шешіп тастамағанымен, ғылым талаптарына неғұрлым жақын келген еңбек екенін айтты [28, 109 б.].

Ғалым сол тұста әлі күнге эпостың генезисі, эволюциясы, полистадиялығы, типологиясы тәрізді мәнді мәселелер арагідік сөз болғанымен, түпкілікті тексерілмей келе жатқанын, тіпті эпостың ішкі жанрлық жіктері де толық айқындалып болмағандығын айтады.

Эпостың бұрынғы батырлық және ғашықтық жырлар деп бөлініп жүрген тобынан өзгешелеу тұрған нұсқаларға сипаттама беру қажеттілігі үлкен дей отырып соның бірі тарихи жырлар дейді. Әрине бұл жерде ғалым ілгеріде зерттеулер болғанымен, кең ғылыми негіздеме, айқын тұжырым жасалып болмағандығы туралы айтып отыр. Сол үшін де Р.Бердібаев аталған жинақтың әсіресе тарихи жырдың генезисі мен даму ерекшеліктері жайында теориялық таяныштары берік тараулардың (*С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов жазған – Қ.М.*) тарихи жырдың эпос дамуындағы жаңа қадам екенін, жанрлық ерекшеліктерін көрсеткенін айрықша атап өтеді.

Сол тұрғыда, осыдан ширек ғасыр уақыт бұрын ілгері, соңғы зерттеулерді саралай, сабақтай отырып, Р.Бердібаевтың тарихи жыр сипатын белгілібір мөлшерде ашып көрсеткенін айтқан жөн.

Көрнекті ғалым Әуелбек Қоңыратбаев жанр байлығы жағынан келгенде қазақ фольклоры жазба әдебиетке жетекабыл дейді.

“Фольклор шығармалары ауыз әдебиетімен сабақтасып, жазба әдебиетке жол салған “Дария басы – бұлақ” демекші қандай да болсын көркем сөздің алғашқы үлгісі – фольклор. Ауыз әдебиеті, одан соң жазба әдебиет туғанда оның көптеген сюжеттері фольклордан алынған. Бұл дәстүр бүгінгі әдебиет тәжірибесінде де бар” [78, 16 б.].

Аталған еңбектің “Тарихи жырлар” тарауында тарихи жырларды Ә.Қоңыратбаев қазақ фольклорының мазмұны бай, келелі салаларының біріне жатқызды. Р. Бердібаевтың “Қазақ эпосы” (1982) [106] тарихи сипаты бар өлең-жырларды екі салаға: тарихи өлең, эпикалық дәстүрде дамыған тарихи жырлар деп сәтті бөлгеніне тоқталады. Әрі соған орай өзінің ой-тұжырымын ұсынады.

Тарихи жырларды өзінің реалистік сипатына қарап бірнеше салаға жіктеуге болатынын айтады.

Мысалы, ноғайлы жырларында ескі мен жаңа араласып, тарихи оқиға көмескі. Айтушы сюжетке аңыз-миф желісін қосқан. Бірақ белгілібір тарихи оқиға желісіне құрылған. XVIII ғасырда туған эпикалық жыр геройы көбіне әдеби-тарихи арнада көрінеді. Сюжет көптеген эпос айтушының әдеби өңдеуінен өткен. Образ бірде әдеби, бірде тарихи. Реализм айқындау, авторлық белгісі де басым.

XIX ғасыр оқиғасынан алынған “Бекет батыр”, “Жанқожа”, “Досан”, “Сұраншы батыр жырлары”, 1916 жыл поэзиясы таза тарихи сипатта көрінеді. Көркемдік пен реализм тепе-тең. Тарихи реалистік арна кейде басым.

Тарихи жырларға тоқталғанда Ә.Қоңыратбаевтың назар аударған бір құбылысы – Қоқан, Хиуа хандықтары езгісінде болып келген Сыр және Жетісу қазақтарының Ресейге қосылуы, сол орайда туған тарихи өлең-жыр. Ілгеріде, XIX ғасырдың тарихи, саяси сипаттамасын жасаған Сәбит Мұқанов бұл құбылысқа ерекше назар аударған болатын. Ә.Қоңыратбаев “Бекет батыр” жырының басылым жайынан мәлімет беріп, Жанқожа жайлы жырларға, 1916 жыл поэзиясына тоқталуында тарихи жырды әр қырынан ашып, ғылыми негіздеуге өз ойын қосады. Нысанбай, Жанкісі, Шоңбай, Мұсабай жыраулардың өмірдерінен мәлімет береді. Ілгерідегі М.Әуезов, С.Мұқанов Е.Бекмаханов, Е.Ысмайылов зерттеулерінен кейінгі уақытта Нысанбайдың атының алғаш аталуы сияқты.

Ә.Қоңыратбаевтың Жанқожа батырдың өмірі, оның ерлігін жырлаған жыр-дастан, оларды шығарушылар жайлы дерек-мәліметі мол, құнды. Жанқожа жайлы жырлардың көркемдік сипатына Ә. Қоңыратбаев жасаған талдау, барлау басқа тарихи өлеңдерді зерттеуде де тиімді болар әдіс, тәсілдер.

Жанқожа жайлы кезекті бір жырға тоқталған Ә.Қоңыратбаев мынадай тұжырым жасайды: “Жыр үлгісінде жырланатын бұл дастанның көркемдік сипаты өзгеше. Ұйқасы аралас бірде шалыс, бірде шұбыртпалы ізде дамып отырады. Тілі де көркем. Тарихи

жырлардың мұндай үлгілерін жоғары оқу орындарының оқу-хрестоматияларына қосып, көптеп жариялау керек. Сонда ғана бұл саладағы ізденістеріміз жаңа биіктікке көтерілмек” [78, 267 б.].

Қазақ әдебиетінің жанр, стиль, тіл мәселесін зерттеген ғалым Құлмат Өмірәлиев тарихи өлең, тарихи жырды жанр ретінде арнайы қарастырмағанымен, Махамбет өлеңдерінің қайсыбірін тарихи өлеңге келеді деген ой айтады.

Махамбет поэзиясын өзіне дейінгі поэзия үлгілерімен байланыстыра қараған тұсында: “Махамбеттің “Соғыс” өлеңі эпостық жыр үлгісіне жақын өлеңнің:

*Әскер жиып аттандық,  
Бекетай еді тұрағым,  
Айғайлап жауға тигенде  
Ағатай, Беріш ұраным, –*

деп басталатын жолдары тарихи жыр (өлең) үлгісінде туған. Бірақ ақын әрбір өлең жолына үнемі мағыналық жүк беріп отырмайды, осы себепті де өлеңнің мағынасына қатыстығы аз жолдар – эпостық жыр стиліне тән жанама, қосалқы жолдар көбірек кіріп кеткен (*үзінді келтіреді – Қ.М.*).

Әрине, бұл Махамбеттің кінәсі емес, жанрдың кінәсі, эпостық жыр жанрының ерекшелігі. Бұл қазақтың күллі эпостық-батырлық жырларына тән ерекшелік” [31, 175 б.].

Бұл түйіндерінің де тарихи жырдың жанрлық сипаттамасын жасауда үлкен орны бар.

Тарихи жырлар жайлы зерттеулер, тұжырымдар ілгеріде аталған еңбектерден басқа В.Радлов [107], Ә.Диваев [108], Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, Б.Уахатов [109], С.Садырбаев [110], Ж.Тілепов [34], Б.Рахымов [111], Ә.Тарақ [112], С.Сәкенов [113], т.б. ғалымдардың ғылыми өрісінің бір қыры болды.

Тарихи жырлар мәселесі қазақ фольклористикасында “Қазақ тарихи жырларының мәселелері”, “Қазақ эпосы” (Р.Бердібаев), “Қазақ фольклорының тарихилығы” т.б. сүбелі еңбектерде жан-жақты қарастырылып отыр.

Тарихи жырларды арнайы зерттеген ғалым С.Сәкенов мәселенің ғылыми мәніне бойлата түсер қисынды пайымдамалар жасаған. Зерттеушінің тарихи жырлардағы сюжеттік тұтастану құбылысын нақтылы зерттеулер негізінде айқындай түсуі – ғылым олжасы [113, 201 б.].

Тарихи жырдың ғылыми негіздеріне қатысты басқа да ғылыми еңбектер жазылуда. Әнуар Тарақовтың “Өлең-толғаулар және тарихи жыр-дастандардағы Абылай хан тұлғасы” атты зерттеуі тақырыпқа арнайы баруымен мәнді.

Б.Рахымовтың іргелі монографиялық зерттеуі бұл тақырыптың тың өрістерін ашты.

Сейіт Қасқабасовтың мына тұжырымы сонау XIX ғасырдың екінші жартысынан бері қарай ғылыми айналымға түсіп келе жатқан “*тарихи жыр, тарихи өлең, тарихи поэма, нақты тарихи эпос, тарихи эпос*”, т.б. атаулардың жанрлық сипаты, жаратылыс табиғаты жайлы ой-пікірдің ғылыми түсінігі іспетті.

“Біздіңше, XVIII ғасырдағы оқиғалар мен қайраткерлер туралы шығармалар өзінің жанрлық даму барысында тарихи жыр деңгейінен біршама өтіп, батырлық эпосқа жақындаған. Ол түсінікті де, өйткені бұл шығармалар жазылып алынғанда болған оқиғадан бір ғасырдан астам уақыт өтіп кеткен еді. Және ол дәуірде ауыз әдебиетінің, әсіресе эпостық дәстүрі өте күшті болатын.

Ал Бекет, Досан, Жанқожа туралы шығармалар тарихи жыр қалпында хатқа түскен, олар ол деңгейден өтіп үлгермеген. Рас, XVIII ғасырдың да, XIX ғасырдың да тарихи жырлары жанрлық құрылымы жағынан біркелкі емес; онда көптеген жанрлар араласып, ұштасып жатыр, яғни жанрлық синкретизм сипаты бар” [105, 26 б.].

Тарихи жырлардың арғы негізі тым ерте дәуірлерде жатқандығы даусыз.

XIX ғасырдағы тарихи жырлар сол ежелгі әдеби әдістің де, кейінгі ортағасырлық түрік эпосының жаратылысының да, кейінгі дәуірлердегі батырлық эпос, тарихи өлең-жырлардың да даралық сипаттары дарыған көркемдік құйылым. Сөз өнерінің алтын жамбысы.

Сонау бір замандардағы “Оғуз қаған” жырының өзі есте жоқ ескі күн, ілгергі әдеби үрдістің үзілмеген бір желісі еді.

“Демек, “Оғуз қаған” ескерткіштерінің XIII ғасырға тән соңғы редакциясы жасалған кезге дейін-ақ, одан көп бұрын, шамамен VIII-XI ғасырларда орта ғасыр түріктері этностық жыр туғызатын қоғамдық-әлеуметтік жағдайда тұрды және ең маңыздысы өздерінің этностық жыр туғызатындай осы жағдайлары бар кезде бұл халықта сол этностық жырды жасай алатындай *рухани мәдениет те, әдеби мектеп те* бар болды: XI ғасырда жазылған “Дивану лұғат-ит түрікке” кірген көркемдігі тамаша *жорық жырларын*, өте нәзік сезім

тіліне құрылған *махаббат жырларын* туғызған әдеби мектеп пен 13 мың жолға жуық “Қудадғу білік” дастанын туғызған ақындық мектеп бар еді” [114, 11 б.].

Қ.Өмірәлиев әдеби түр, жанрды айқындаудың байламын сол бір арғы негіздерге жүгіне отырып жасаудың қисынын қалдырды.

“Оғуз қаған” қай жанрда туған шығарма? Бұған жауап беру үшін әуелі “Оғуз қағанның”, біріншіден, тақырыбы мен сюжеті, екіншіден, геройлары және олардың әрекеті, үшіншіден, баяндау тәсілдері мен тілдік құралдары анықталуы тиіс. Осы үш сала белгілердің тоғысуы негізінде келіп “Оғуз қағанның” жанры танылмақ [126, 54 б.].

XIX ғасырдағы тарихи жырлар, жаңа сипаттары өз алдына, әдеби үрдістің арғы арналарына тартып жатқан қисындары негізінде де ауыз әдебиетінің дәстүріне соғатын тұсы бола тұра, ауыз әдебиетінің тұтас еншісі емес.

Мұндағы фольклор дәстүрінің өзі жаңа кезең, жаңа заманда жаңа шығарманың тууына себепші көп фактордың бірі.

XIX ғасырдағы ғана емес, қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы үлгілерінде де фольклор дәстүрі айқын. Солай болуы әдеби дамудың өзіндік үрдісі, көркемдік түзілім ақиқаты.

### **1.3 Дәстүрлі ән өлеңнің төлғума сипаттарын ғылымға негізде айқындау қисындары**

Ән өлең – ел тарихында бағзы замандардан бері жасап келе жатқан өнер. Қазақ әдебиетінің байырғы өкілдері жыраулар өз туындыларын күймен көмкеріп отыратын. Өлеңді жай тақпақ өлең, толғау сөз түрінде емес, әнмен қосып сөйлейтін.

Әдебиет тарихында сал-серілер, әнші ақындар шығармашылығын өзіндік үлгі, өлеңдік табиғатындағы ерекшеліктерімен арнайы қарастырудың негізі бар.

XIX ғасыр тарихындағы ән өлеңнің табиғаты музыка зерттеушілер тарапынан, өнертану жағынан да зерттеліп келеді.

XIX ғасырда қазақтың қайталанбас қас өнерінің бірі – ән өнері ел тарихында орындаушылық үрдіс, тіл айшығы, жөнінен үздік үн, қайталанбас дара дауыс.

XIX ғасырда айтыс өлең, қисса өлең, жоқтау өлең де белгілі бір мақамға салынып, өлеңдетіп айтылды. Алайда жеке орындаушы саз – күйін де, сөз айшығын да өзі шығарып, күй аспабын өзі тарта отырып өзі салған әннің табиғаты олардан мүлде бөлек.

Есмағамбет Ысмайыловтың пікіріне жүгінсек, қазақ ұғымында акын деген сөздің мағынасы кең. Қолына домбыра алып өлең айтқанды, топ алдында өлеңмен айтысқа түскенді акын деген... Сондықтан бір акын деген сөздің аумағында әрі поэт, әрі певец, әрі сказитель, әрі суырыпсалмалы (импровизатор) ұғымдар түгел сыятын сияқты [20, 17-18 бб.].

Е.Ысмайылов кең мағынадағы ақындық қасиет Жамбылда түгел болды дейді.

*“Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең...”*

Иә, көшпелі тұрмыс, дала желімен жарысып, сағым қуып өткен өмірдің, баянсыз ғұмырдың баянды сәнінің бірі – ән еді.

Ән орындаушылар – қазақ тарихында, негізінен, сал, сері.

Өлеңнің орындаушылар арқылы белгілі бір күй аспабымен сүйемелденіп айтылып тарайтын “өлең-ән” түріне Шоқан “Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде” зерттеуінде көңіл бөлген.

Шоқан Уәлиханов өз тұсындағы қырдағы поэзияны 5 түрге бөліп, соның әсіресе бесінші түрінің ерекшеліктеріне кең тоқталды. Бұл тұста ғылым үкіле түсер дүние аз емес.

Шоқандағы “өлең-ән”, “өлеңші акын” анықтамалары терминдік мәні бар, өзгеше ұғым атаулары. Шоқан “Жыр-өлең” тіркесін де қолданды. Оның ежелгі жыраулар жырына ұласар табиғат ұқсастығын атады.

Ғалымның “өлеңші – ақыны” – жыршы, жырау мағынасындағы өнерпаз сияқты, сал-сері емес. Сал-серілік өнер әлгі аталған “өлең-әннің” табиғатына тән.

Ахмет Байтұрсынов ән өлеңге қысқа ғана тоқталып өткен.

“Өлеңнің өзі де қазақта екі түрлі болған: “Бірі әнді болған, екіншісі мәнді болған, әнді өлеңнің сөзінен де әніне көбірек құлақ салған. Сондықан әнді өлеңді айтушы, әннің ажарлы болу жағына тырысып, сөздің ажарлы болу жағына онша ыждаһат қылмаған... Сол себепті де әнді өлеңнің сөзінен мәнді өлеңнің сөзі ажарлырақ, мағыналырақ болған. Әні басым, мәні кем, ажары аз өлеңге *қара өлең* деп ат қойып, әні кем, мәні мол өлеңге *жыр* деп ат қойған” [14, 378 б.].

А. Байтұрсыновтың өлеңнің көңіл көтеретін сипатын ажырата айтуы, өлең өнерінің, қазақ өлең сөзінің халық тарихындағы орнына,

даму жөндеріне тартады. “Әдебиет танытқышта” “Сөздің өнер болатын мәнісі” атты ұғындырмасында ғалым өлеңді көңіл көтеріс ісіне жұмсалатын сөз түрі деп бөлгенін айтады. “Адам көңіл көтеру үшін ойнайды, билейді, күреседі, жарысады. Өлең де бұрын сол ойын, күрес, жарыс сияқты көңіл көтеретін нәрсе болған. Өлеңнің көңіл көтеріп, хоштандыратын қасиеті әдемілігінде. Нәрсенің әдемі көрінетіндігі – ұнасымы; әдемі көрсететін де сол ұнасымы” [14, 379 б.].

Өлең сөздің білгірі академик Зәки Ахметовтің “Казакское стихосложение” монографиясы казак өлеңінің жаратылысын алымды, ауқымды ғылым негізіне айналдырған аса құнды, мәнді еңбек. Қазак өлеңінің ішіне еніп, сыртын түгендеп сөйлеген бұл зерттеуден өлеңнің әуезділігі, казак өлеңінің жырлап айтуға сұранып тұратын ерекше табиғаты, бар сиқыры тұтас танылады. Зерттеуші зерделеуінде ән өлеңнің сыры да жан-жақты ашылған. З.Ахметов казак өлеңінің өзіндік үні қайдан шығып жатқанын ғылыми негізде жеткізеді.

Қазақтар арасында ән шығару өнерінің аса кең таралғанын атап айтқан ғалым былай дейді: “Поэзия и музыка, развивавшиеся на основе устных традиций. вот сфера, в которой наиболее и ярко проявлялась творческие силы казахского народа. Этим и обусловлено необычайное богатство форм и видов устно-поэтического творчества народов” [72, 187 б.].

З.Ахметов лирикалық әндерді орындаушы халық өнерпаздарын “өлеңші” деп атайды. Зерттеуде “пеvec” сөзі жыршы, жырау, акын және басқалар мағынасында колданылған.

Ән өлең табиғатының теориясы казак әдебиеттану ғылымында, казак өлеңтануында аса зерттеле қойған жоқ. Жалпы сипаттама беріледі. Бірақ ән өлеңнің ішіне ену – болашақ еншісі.

С.Негимовтің “Өлең өрімі” [56] монографиясы осы тұрғыда көптеген қисынды ойы бар құнды зерттеу. Кітапта казак өлеңінің мелодикалық интонациялық құрылысы, дыбыстық жүйесі, ырғақтық кестесі, ұйқас табиғаты, сөз музыкалылығы қарастырылған.

Ғалымның орыс өлеңтанушылары пікірлеріне сүйене отырып ұсынған интонациялық құралдары.

1. Үндердің белгілі уақыттағы шапшаңдығы.
2. Дауыс ырғағының бірде көтерілуі, бірде бәсеңдеуі
3. Өлеңді айту мәнерінің күштілігі немесе әлсіздігі
4. Сөйлеудің эмоциялылығы

5. Сөйлеу мәнерінің айтылу мақсатына орай құбылып отыруы
6. Айқындылық
7. Динамика
8. Дауыс
9. Мелодия
10. Пауза

С. Негимов Б.Эйенбаум интонациялық ерекшелікке орай лириканы үш түрге жіктегенін келтіреді.

1. Шешендік стильдегі лирика
2. Ауызекі сөйлеу стиліндегі лирика
3. Шырқамалы әнге негізделген лирика [56, 7 б.].

“Өлең сөздің көркемділігі дыбыс мәнерлілігінің нәтижесінде жүзеге асады. Өлең ішіндегі әсерлі, үнді, мағыналы дыбыстар бейне бір шоктай жанып, шығарманың өн бойына нұр, жылу үлестіреді. Сөздің суреттілігі мен музыкалылығын арттырады” [56, 15 б.].

С.Негимовтің айтуында: Кейде ақындар өлеңнің саздылығы мен әуен келісімі үшін ұйқас қорын есепке алуы да табиғи нәрсе. Ұйқас жүйесіне қанша сөзді тарту керектігін күні бұрын ойлап қоюы да ықтимал. Ой дамыту үшін байланысушы сөздің көбірек болуы өлеңдегі ой-сезім салмағын өсіре түседі. Және өлеңді әнмен айтуға, шырқатып айтуға жәрдемдесетіні тағы бар. Қазақ ақындары жүйрік атқа, қызға, жерге, атап айтқанда, жалқы есімдерге арнап өлең шығарды. Бұл есімдерді тармақ соңына қоюдағы мақсаттың өзі бұған үндесіп-қиысатын сөздердің барлығына байланысты туады. Ал кейде осы атаудың өзі байланысушы сөздерге қарай тууы мүмкін. Мәселен, Біржанның Орынтайға арнаған өлеңі...

Ал Жаяу Мұсаның “Ақ сиса” өлеңдеріндегі ұйқас осы атауға сай туған: сиса – қылса – мұса – туса ұқса. Ақан серінің “Балқадияшасын” алсақ, ол былай боп үйлескен: Бал Қадияша – тал Қадияша – бал Қадияша.

...Ал Абайдың “Қаламқасына” келетін болсақ, осы атауға 18 сөз қиыстырған. Қаламқас – бас – жас – тумас – артылмас – қайрылмас – айрылмас – қарамас – жарамас – жалаңаш – шам – тай – талас – мас – ықлас – рас – тоймас.

Р.Бердібаев, М.Тілеужанов сынды ғалымдар саз бен сөздің ән өнеріндегі өзара байланысын зерттеу, музыкалық орындаушылықтың мәнін аша түсу жөндерін орынды көтереді [56, 64 б.].

Бұл жөнде академик Ахмет Жұбановтың да үлгі, үрдісі өзгеше еді.



Ахмет Жұбанов ән өлеңдер, әнші ақындар, сал-серілер табиғатын ашуда халқына орасан еңбек сіңірді. Жеке тұлғалардың өмірбаян дерегінен бастап шығармашылық мұрасын жиыстырғаны өз алдына, ол мұраның музыка тарихындағы өнердегі өлшеусіз құндылығын теория жүзінде асқан білімпаз, білгірлігінен тұжырымдады.

А.Жұбанов қазақ музыка өнерінің тарихында ХІХ ғасырдағы әнші ақындар не қалдырды, олардың даралық сипаты қайда деген мәселелерді ең алғаш түбегейлі зерттеген ғалым. Ол Біржан әндерінің бар қуатын, динамикасын, Ақанның жан иірімі туғызған әуен толқынын ғажап таниды.

А.Жұбановтың Абай әндері бірінің сөзін біріне ауыстырып айтуға көнбейді: қатаң өлшемі бар деп атал көрсетуі – европаланған өлеңнің ХІХ ғасырда дәстүрлі қазақ ән өлеңіне әкелген өзгерісін тап басып тануы.

“Жаңа өлшеулі, жаңа формалы өлеңдері Абайдың музыкалық творчествосына тікелей әсер етті. Абай өлеңдерінің мелодикасы, ырғағы, формасы өзіне дейінгі келген қазақ әндеріне ұқсамады. Бірінші жағдай – Абай әндерінің әрқайсысының өзіне меншікті өлеңі болды. ...Сөйтіп Абай музыка шығаруға текст арқылы келді” [46, 116 б.].

А.Жұбанов әнді таниды, талғайды. Талғамнан шыққан үздік ән жайлы түйін түйіп, ой толғайды.

А. Жұбановтың Абай әндері жайлы, олар кейде айтылып жүргендей, тек өлең халыққа тез тарасын деп шығарылған әндер емес, жылпы Абай әндерінің тереннен ғылыми тұрғыда зерттеуді қажет стер музыкалық қасиеті жоғары деген ойы – ХІХ ғасырдағы қазақтың ән өлеңінің табиғатын аша түсуге тартар ғылыми негіз *(Абайдың ән өлеңдеріне байланысты қайсыбір қисындар зерттеу жұмысымыздың үшінші бөлімінде қозғалды – К.М.)*

“Айтпай” – Біржанның кесек шығармасының бірі. Әнді шырқағанда оның шалқыған кең тынысы, ешбір өлшеулі тар көрсетке сыймайтын еркін өлшеу ырғағы, тағы да Біржанға тән әннің кеудесінен басқа кейіпте жүретін қайырмасы, саналуан “бұрмалары” жай әдеттегі куплеттік әннің шеңберінен асырып жібереді” [46, 103 б.].

Мұхиттың “Жылқышы” әнін Брусиловский Пуччинидің музыкасындағы шыңға көтерумен теңеген екен, Ахмет Жұбанов “әділ теңеу” дейді. Әрі қарай Мұхит әншілігінің, Мұхит әндерінің ерекшелік, дара сипатын аша түсер айғақтар ұсынады. “Бұл ән халық

арасында “Жылқышы” болып та, “Кіші айдай” болып та жайылып жүр. “Айдай” болатын себебі оленнен де болуы мүмкін. Дауысқа ыңғайлы ашық дыбысты “ай”, “дай” дегендерді Мұхит көп пайдаланады” [46, 39 б.].

Ән өлеңнің, XIX ғасырдағы қазақ әнінің көптеген ерекшелігін Ахмет Жұбанов қадау-қадау айтты. Замананың айтулы тұлғасы, композитор Ахмет Жұбанов XIX ғасырдағы ән, орындаушылық әдіс европалық саз аспаптарымен сүйемелденіп, қазақ әніне орыстан, татардан келген ойнақылықты атап айтқан “Қазақтың 1000 әнін” жазған А. Затаевич түсіндірмесімен негіздей түседі.

А. Жұбанов Мұсаның қаланың да, даланың да ән дәстүрін зерттеген адам екендігін, қазақтың ән қорына көптеген туынды бергенін, сонымен бірге “ән”, “күй” деген екі ұғымнан басқа ешнәрсені білмейтін қазақ арасына “Марш”, “вальс”, мазурка ырғақтарын алып келгенін айтады. Оның музыка үлгілері бірінші тыңдаған кісіге татарша, орысша болып көрінетін, жаңа түр, жаңа ырғақ, сырнай мен срипкада жаңа озат орындау техникасымен ерекшеленді дейді.

XIX ғасырдағы әнші ақындардың көптеген үздік туындысы қазақтың профессионал музыкасына, опера өнеріне арқау болды.

Әдебиет зерттеушілердің әдеби мұра тарихын барлаған тұстарда байқап отырған, атап өтіп отырған, қазақ халқының рухани ғұмырындағы елеулі құбылыс – сал-серілік.

Есмағамбет Ысмайылов “Ақындар” монографиясында сал, сері ұғымдарын тарата айтады. Әрине, ғалымның әдебиеттегі тапшылдық мәселесі қоздап тұрған кезде басылған бұл еңбегінде де сал-сері ұғымына, олардың шығармашылық мұрасына таптық тұрғыдан келген жері де кездеседі. Соған карамастан, ғалым халық тарихында жасаған, қазақ ұлтының мәдени, рухани ғұмырында өлшеусіз орын алған сал-сері, әнші ақындар жайлы көптеген мәлімет, дерек көзін ашып, сал-серілік жайлы нақтылы тұжырым жасайды. Е. Ысмайылов әнші ақындар шығармашылығына, ән өнерінің табиғатына байланысты мынадай ой түйеді: “Қазақ поэзиясында әнші-ақындардың творчествосында ерекше орын алады. Әнші ақындар негізінде сал-сері, күлдіргіш өнерпаз ақындар. Бұларды тек әнші ақын демей, халықтық искусствоның адамдары деп таныған жөн” [20].

Е. Ысмайылов сал-серілердің әншілік, ақындық, жыршылық, аңшылық, мергендік, спорт – палуандық, сырттай әшекейлік

(декорациялық), түрлі күлдіргі, ғажал құбылмалы (фокус, жонглерлік) өнер иесі болғанын атал, Ағашаяқтың ірі әнші акын халық композиторы болудың үстіне неше түрлі спорт ойындарын көрсететіп отырғандығын айтады.

Әлкей Марғұлан [115] сал-серілік өнердің жан-жақты сипаттамасын жасады.

Бүгінде сал-серілік жеке өнерпаздың өмірбаян, шығармашылық жөндерін әрі қарай зерттеулер негізінде толыға түсіп отыр десек те, бұл өнердің сыр-сипат, түп-төркінін қарастыра түсу тоқталмайды.

XIX ғасырдағы сал-серілер өнерпаздығының бір елеулі, басты қыры лирикалық ән-өлең. Сал-серілер айтыс өнерінде де бағын баптаған. Олардың әлеуметтік үні зор шыққан, замананың ығына жығылған әулетіне ащы сын айтып, мін таққан өлең сөзі де аз емес. Қағытпа қалжыны, әзіл-күлкі қоржыны да қомақты.

XIX ғасырдағы елеулі әдебиет үлгісі болған ән-өлеңді шығарушы, орындаушы сал-серілердің өнерпаздық өрісі ән-өлеңнің жанлық өзгешелігіне жол ашты.

Өлеңнің адам баласының сезім күйінде өлшеусіз өрісі бар.

Акын – жырау, жыршы, өлеңші, әнші. Ақындықтың ағынды арнасы, күйі мен сазы, назы мен базы көп. “Өлеңші – өлең айтушы, орындаушы мағынасында. Өлең қазақ поэзиясының негізгі түрі көне салт, әдет-ғұрып поэзиясы да, әндердің текстері де, айтыс, ғашықтық жырларының көпшілігі де, кейінгі поэзияның негізі де осы өлеңмен жазылған. Өлең қазақ әдебиетінде ән өлең (песня) ұғымында да, өлең-жыр [стих] ұғымында да жүреді. Өлең қазақтың барлық тарихи өмірінде біте қайнасып, араласқан. Ойын-сауығын да, әзіл-қалжыңын да, қайғы-қасіретін де, жорық-соғысын да, өлім-азасын да, той, астарын да, мерекелерін де – бәрін де өлеңмен бейнелеген және қазақтың бірер ауыз өлең айтпайтыны сирек...

Қара өлеңде қайым өлеңіндегідей мағынасыз, бос өлең жолдары аз кездеседі. Бұған қарағанда қайым өлең фольклордың ертеректегі үлгісіне жататыны сөзсіз. Алайда, фольклор дәстүрімен айтылатын өлеңнің бәрі бірдей қайым өлеңімен айтылмайды, жүйрік, шешен ақындар өлеңін мағыналы, шебер айтуға тырысқан. Мәселен, Біржан, Естай шығарған әндердің сөздері, немесе Кемпірбай, Шөже, Сүйімбай, онан бері жердегі Жамбыл, Нұрпейістер айтқан өлеңдер белгілі, нақты ойды дәл береді. Өлеңдерін бөтен, бос сөз араластырмай, мағыналы айтуға тырысқан. Бұл бертінгі, акын

шығармасы тыңдаушының сынына түсе бастаған және жазба поэзияның әсері кірген дәуірдегі жаңа құбылыс” [20, 66-67 бб.].

Е.Ысмайылов сал-серілерді көзі көрген адамдардың естелігін жиып, әр тұлғаның өзіндік өнерпаздық қыр-сырын жеткізудің жөнін көрсетеді. Ғалымның Қыпшақ Жаңқа сал туралы Иманжан ақынның естелігін беруі, Кемпірбай туралы Бегалин әнгімесін келтіруі осы бір өнердің сипатын аша түседі.

Тегінде сал-серілер жаратылыс табиғатына орай өнердің бар арнасында ашылып отырған. Мәселен Біржан, Ақан серілердің ерекшелігі көз көргендердің айтуынша жүріс-тұрыстағы сәнділік, сыпайылық, өнерпаздық; салдардың кейбірінде болатын оғаш, қасақана күлкілі киім кию, ерсі мінез көрсетуі жок.

Бұл өнердің тегі мен түрі орындаушылық, сыртқы түр сипат, киім киіс ерекшеліктермен ғана шектеліп жатпағандығы даусыз.

М.Мағауин [52] тұжырымдамасында сал мен сері – суырып-салма ақын, сыршыл композитор, әсем, асқақ дауысты әнші болуы шарт. Сал мен серінің өнер туындысы, өмір кейпіне байланысты айырмашылықтары: сал-ерке, әдемілікке бейім, тентектікпен астас, әлем-жәлем киінеді, топ-топ болып жүреді; сері сәнмен, қымбат киінеді, әнші, күйші, балуан, мерген, құсбегі, атбегі, сыртқы түрі жинақы, сыпайы.

Салдар қалжың, күлкі, асау сезімді әндермен думандатса, кербез сері зарлы, мұңлы сарынмен сөйлейді.

Салдар дене машығына, қол шеберлігіне көңіл қойса, сері балуан күрес, ат бәйгесіне, ұлттық ойындарға бейім.

М.Мағауин Біржан салдың әндері қазақ музыка өнерін жаңа сатыға көтерді деп, Біржанның ән мұрасын айрықша бағалады. Біржанның әншілік мәдениеті сақарада бағзыдан қалыптасқан вокальдық дәстүрді одан әрі жетілдіре түсті деген тұжырым айтты.

Ғалымның Біржан мектебінен, тәлім алған халық таланттарының Қазан тоңкерісінен кейін қазақтың профессионалдык театр өнерінің қалыптасуы жолында ерекше роль атқаруы кездейсоқ емес деп бағалауы – әділ баға, ақиқат сөз.

Сал-серілік дәстүрді арнайы зерттеп, ғылыми еңбек жазған ғалым Ш.Керімов бұл өнердің аса кең ауқымы, тарихи негізділігі жөнін былай тұжырымдайды: “Әнші ақындар, яғни сал-серілер – ақын-жыраулардың өнегесін, оның озық қасиеттерін жалғастырушы, жаңа жағдайда қалыптасқан өнер иелері. Көшпелі тұрмыстың сәнін кіргізіп, салтанатына айналған сал-серілік бірте-бірте ұмытылып,

халық жадында тек “Ақан сері”, “Сегіз сері”, “Біржан сал”, “Дәурен сал” секілді ел қадір тұтқан талантты өнерпаздардың есіміне қатысты ғана сақталып отыр. Бір кезде сал-серілік жеке адамдар үшін ғана өмірлік мұрат емес, ұзақ уақыттар бойы көшпелі қазақ қоғамы үшін әлеуметтік, этикалық және эстетикалық мәнді құбылыс болып келді” [85, 310 б.] .

Өнер жолындағы адам тағдыры... қай заманда да адамзат мұратын кеудесіне қонақтатқан өнерпаздың өмірі сән-сәулет, салтанаттан гөрі, көлеңкесі көп ауыр ғұмыр.

Қазақтың сал-серісі ән салып, сахараны сайрандап жүргенімен, аләулай ән ғұмыр кешкен жоқ. Олардың сұлулыққа іңкәр, жақсыға күштар нұр дидарын мұң басып, жарыққа, сәулеге құмар жанарларын төмен салған тұсы аз болмады.

*...Құлагер, жерді жарған дабысың-ай,  
Өлгенше бұзылмаған шабысың-ай.  
Өлімің адамзатпен бірдей болып,  
Кетті гой қалың елге дабысың-ай.  
...Ор болып қалушы еді – шапқан жерің,  
Шаттанып тұрушы еді қосқан елің,  
Атығай, Қарауылға олжа салған  
Бота тірсек, қыл сағақ сандал керім.*

Сері Ақан әншілік өнерпаздығының үстіне үлкен лирик ақын. Оның ХХ ғасыр басында баспа жүзін көрген “Мылтық пен мергеншілік” өлеңі Абайдың “Қансонардағысымен” туыс көрінеді. Аң аңдыған аңшының құмарлығы, сақ кимыл, астарлы әрекетінің аясында шынайы сурет, қозғалыс сәттің бар қалтарысы қамтылып түскен өлең.

*Мылтық шаңқ еткенде жерді жарып,  
Көздеген көп жеріне тисе барып,  
Асығып жан-жағына қарап мерген,  
Мақтанып бауыздайды қоразданып.  
...Қанын сүртпей пышағын қыңға салып,  
Жаны шықпай тірсегін тесе салып,  
Ат пен тымақ өзектің ар жағында,  
Сүйретіп оған барар бір дем алып*

Ақан өлеңдерінде серілік өмірдің сәні де айқын жырланған. Оның “Торыны таң асырып мінген қандай” туындысында гашықтық қызық дәурен, қызды ауылға қас қарая келіп, таң асырып аттанған ер жігіттің желдей ескен көңілі жатыр.

*“Торыны таңға байлап мінген қандай,  
Үкілеп әсемдетіп жүрген қандай”, –*

деп басталған сезім жыры бозбала дәуреннің қимасы мен қызығының қысқа ғана жырбаяны.

Ақан “Адамның біліміне ақыл серік” дейді, үйде құр отырма, талап қыл, ойынды жұмса, тұрмысыңды түзе дейді.

А.Жұбановтың Ақан серінің ұлғайған шағындағы өнерпаздық күйін ашуында Ақанның ақындық алымының бір қырын және байқаймыз.

Мұндағы ақын термесінің сазы мен өлең құрылымы, ән өлеңдері жаңа бір түрді, Ақан ашқан түрді меңзейді.

“Жасы алпысқа келгенде де Ақан ән салуын қоймады. Бұл кездерде жас шағындағы өлең-әндерінен басқа тақырыпқа көшеді. Бұрынғыдай шырқап салатын дауыс күші де әлсірейді. Сондықтан ба, Ақан ақын насихат, толғау сияқты сөздерді термемен айтады. Бірақ Ақанның термесі біз білетін жыраулардың төкпе жыр музыкасына ұқсамайды. Оның термесінің өзі құрылыс, ырғақ жағынан бір төбе болып тұрады.

*Белде, белде бел асар,  
Белгілі жерден ен асар.  
Әлдилеген ақ бесік,  
Келіншекке жарасар... –*

деп басталатын сөздермен, мелодияның аса кең емес, шамалы көлемде болып, орындаушыға жәйлі терме кетеді” [46, 80 б.].

Тегінде сал-сері шығармашылығы халықтың дәстүрлі үлгі-өнеге үйрету мектебінің бір арнасы.

Көкбай ақынның “Салдарға” деген өлеңіндегі жадағай қызық қуған желөкпе, парықсыз қаңғыбас – бір бөлек.

Көкбайдың өлеңінде салдардың арғы астары айтылмаған сырт кейпі ғана бар.

*Боюлы ер, тұлкі тымақ, ақ узеңгі,  
Көк белбеу, саптама етік, шапан өңді.  
Мал бағып, еңбек етпей, ат сабылтып,  
Қудайдың қас әуресі таптың нені.  
Сая әуре қыз-келіншек басын сүйеп,  
Үкіден бастарына таққан шені*

*Оқу мен өнер білім жұмысы жоқ  
Сергелдең серіліктің бар ма жөні.  
Жас күнде оқу оқып, білім алсақ,  
Таусылмас қазынаның болар кені.  
Өткізген жас өмірді босқа жатып,  
Ал, салдар, бірінші рет көрдім сені [116, 308 б.].*

Көкбай сөзінің астары мынадай. Ақын бұрынғы дәстүрлі өнердің ендігі күнде кәсіп болмасына меңзейтіндей. Жалпылдап, өнерге сүйенбей, көпке еріп нан жеп жүрген жайдақтарға айтқандай.

Ал Сал-сері – шын мәнінде халық сүйген өнерпаз, елдің қадірлі, керек адамы болатын. Олардың бір бойында ақыл-парасат та, күш-қайрат та, әдемілік, тектілік те, саусағы майысқан шеберлік те, калт еткенді қағып түсер ептілік-мергендік те жетіп артылатын.

Сал-серілердің сырт бітімі, болмыс табиғаты өз өлеңдерінде көп ашылған қазақтың әйгілі Жаяу Мұсасы “Ақ сисада”:

*– Мен айтсам, параңды айттым тілім ұзын  
Кигенім үстімдегі бәрі қызыл, – дейді.*

Балуан Шолақ:

*Шын атым – Нұрмұхамет – Балуан шолақ,  
Бойымда толып жатыр күшпенен бақ,  
Сұлу қыз, келіншекке тиышсыздауым –  
Жалғыз-ақ тая бойымда мінім сол-ақ.*

*... Мен – Шолақ он сегізде өнер тапқан,  
Үкілеп Ақбоз атқа тұмар таққан.  
Басымда пұшпақ бөрік шекемде үкі,  
Үстіме кидім жібек шымқай ақтан.  
... Өнерпаз атқа мініп неге керек,*

*Тудым мен өнерпаз боп елден ерек,  
Есікті шегіншектеп сүзгенімде,  
Ұшырдым тақтайларын төртке бөлек, –*

деп шырқайды.

Иманжүсіп:

*Екі жағы дарияның қалың шұбар,  
Көк мойынға үкілеп тақтым тұмар.  
Бір түстеніп аттанған аулымның  
Қыздары болушы еді маған құмар.  
– Ішім өлген, дүние-ай құр сыртым сау,  
Маған десең төбемнен жаңбыр боп жау.  
Бүркіт ұстап басыңа шығар ма едім,  
Көзіме бір көрінші, Ерейментай! –*

деп мұның төгіп, ішін ашады [116, 317 б.].

Сал-серілер – XIX ғасырда қазақ даласының әр аймағында өзіндік ән мектебін қалыптастырған, ғасырдан ғасырға кетер дәстүр жасаған халық мәдениетінің біртуар санлақтары.

Арқа, Жетісу, Батыстағы ән дәстүрі – күні бүгін сақталып отырған ұлы өнер. Арқадағы ән өлен ерекшеліктерінің бір қырын Ахмет Жұбанов Естай акынға қатысты тұста және бір былайша түйіндеп, түгендейді: “Естайдың Біржан мен Ақанды көруі, бірге болуы, олардың орындарын есітуі, әндерін үйренуі үлкен мектеп болды. Ол мектеп Естайдың ән шығару әдісіне әсер етті. Байқаған кісіге Естай әндерінде Біржанның да, Ақанның да әуендері сезіледі, шалқыған кең тыныс, куплеттік өлеңнің схемасының әлде “шығуға жайылу”. кеудеден кем соқпайтын, аса дамыған қайырмалар, сөз мәні мен ән мазмұнының қабысып жатуы, демократиялық арқау тағы тағылар қағидаларының дәстүрінен көшкен деуге болады” [46, 267 б.].

Ахмет Жұбановтың әнді тек сазы, күйі жөнінен емес, ән өлен есебіндегі өзгешеліктерін түгендеп, теріп отырып зерттеу үрдісі – XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының, қазақ өлеңінің мың бұрам сұлулық сиқырын өнерсүйгіш сезімталдықпен аулау.

Ол Ақан әндеріндегі лириканы музыкаға қосақабат сөзден де табады.



Әннің өзгешелігі, өтімі нендей сыр, сиқырға тұнғанын деп танытады.

“Көкжандет” әні “адам жанының жырын жырлайды”. “Себеп құс болғанымен, ән тынысы кең дария, оның ішінде көн ойлар, армандар бар сияқты”.

“Сарымойын” – “өлшеуі анық, мелодиясы өткір, көбіне сөздің бір буынына екі нотадан келіп отырады”.

Біржанның әндері Ахан талғамында: “Көктем желіндей сүйкімді, жұмсақ, терең жүректен шыққан. Мұнда әншінің образының сәулесі, әділдік, көпке бірдей жарық іздеген адамның арманы... бәрі де бар; басынан аяғына дейін сазды, өте байсалды екпінде жүретін, үлкен адамгершілікке, азаматтық лирикаға толы; Біржанның сал деген атына сәйкес келеді” [46, 43 б.].

А.Жұбановта “төбеден түспей”, “шыңға өрлеген дауыс күйі” дегендей тапқыр, шешен, музыка тілімен ұғындырғандай жанды оралымдар, “әннің кеудесі, ән құрылысы, бұрмасы, әннің шөгіп жетуі” сынды ән өлең, ән өнердің жаратылысын айнытпай ашқан тамаша тіркес, ұғымдар, сазгерлік сауаттылықтан туған термин мәнді атаулар мол.

Ол Мұхиттың, Жаяу Мұса, Ыбырай, т.б. әнші-ақындардың қазақ өнеріндегі дара дидарын тастан қашап ойған мүсіндей анық айғақтады. Абай әндерінің алысқа тартар жұмбағын ашты.

А. Жұбанов ақын, әнші дегенді бөліп атап отырады.

Сал-серілер шығармашылығын зерттеу Е.Тұрсынов [117], С.Негимов [118], Б.Абылқасымов, Ш.Керімов, т.б. ғалымдар еңбектерінде жалғасын табуда.

Кейінгі олқымыздың орнын толтырып жатқан уақыттағы ел аузынан түспей келе жатқан сондай санлақтың бірі – Сегіз Сері.

Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Мұхит, Иманжүсіп, Балуан Шолақ, т.б. көптеген әнші ақын, сал-серінің шығармашылық мұрасы белігілі бір дәрежеде айқын, анық. Зерттеліп, зерделенді. Ақан серінің “Құлагер”, Біржанның “Жанботасы” мен “Теміртасына”, Ыбырайдың “Таккуіне”, Балуан Шолақтың “Ғалиясына”, Жаяу Мұсаның “Ақ сисасына” ешкімнің дауы жоқ.

XIX ғасырдағы қазақтың әйгілі серісі, әнші, ақын, композитор Сегіз Сері – Мұхамедханафия Баһрамұлы Шақшақов туралы соңғы 20 жылдай уақыт көлемінде аз айтылған жоқ.

Сегіз Сері жайлы біршама деректі, бірнеше шығармасының мәтінін Мәди Болатовтың ҚР ҰҒА Әдебиет және өнер институтының

қолжазба бөліміне өткізген (08.V.78) № 863 папқадан (1-10 дәптер) табуға болады [119].

Әлкей Марғұлан “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырының көпнұсқалылығына қатысты зерттеуінде Сегіз Сері жайлы құнды дерек келтіреді.

“Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырының бір әдемі нұсқасын қағаз бетіне түсірген – атақты Сегіз Сері (1808-1854). Ол XIX ғасырдың бірінші жартысында жасаған атақты сері. Туған жері – Обаған төңірегінен, ашамайлы керейлерінен, қыстаулары Маманай орманының іші. 12 жасына дейін ауылдағы мектепте оқып, содан кейін Омбыдағы Азия мектебін (Азиатская школа) бітіреді (1828). Осы жылдары Омбыда отырып “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырын жазады.

*Жасым бар жиырмаларда, жылым мешін  
Өлімнің кім біледі ерте-кешін.  
Айтайын бес-алты ауыз құлағың сал,  
Қозы Көрпеш-Баянның әңгімесін.*

Бұл жырды Сегіз Сері Торғай өлкесіне саяхатқа шыққанда өзімен бірге алып жүріп, шежірені, жырды көп жинайтын Ахмет Жантуринге тарту етіп беріп кетеді. Кейін ол жыр Ахмет Жантуриннен В.В.Григорьевке ауысып, одан Н.И.Ильминскийдің қолына түседі. Бүгінде жыр сол Ильминскийдің топтауында, Татар республикасының архивінде сақтаулы тұр. Өткен дәуірлерде бұл жыр Қазанда талай рет басылып шықты (1878, 1879, 1890, 1894, 1896, 1905, 1909 жж.), оның қысқаша аудармасын А.В.Васильев “Торғай” газетінде жариялап шығарды. Сегіз Сері нұсқасында айтушының тілі жақсы, бейнелері әдемі, эпикалық кең тынысты болып шыққан. Жыр:

*Суреті Аягөздің тасында тұр,  
Қабыры екеуінің басында тұр, –*

деген сөздермен аяқталады. Жырдың соны Аягөз бойында айтылатын нұсқадағымен бірдей, тек қысқартылып берілген [45, 331 б.].

Ғабит Мүсірепов “Ұлпанда” Сегіздің өмірде болғанын тастай тұрқырымдап айтты. Әдебиет жанашырлары, өнер жоқшылары Қоғабай Сәрсекеев, Ілия Жәкәнов, Бек Тоғысбаев, Рақымжан Отарбаев Сегіздің қилы тағдырын оймен, сезіммен бөлісті. Тарихшы

ғалым Исатай Кенжалиев зерттеулері негізінде Сегіз серінің Исатай – Махамбет қозғалысына қатысы жайлы қорытынды, кесімді пікірлер айтуға мүмкіндік туды. Алғашқылардың бірі болып Сегіз Серіні көркемсөз әлеміне қайта алып келуге үн қосқан Есенкелді Жақыповтың еңбегі де елеулі. Сонау әріден Сегіздің ән мұрасының, әдеби мұрасының, жалпы шығармашылық мұрасының бүтінге өлмей жетуіне себепкер халық арасындағы өнерге жақын, сергек, сері жандардың еңбегі тіптен өлшеусіз. Профессор Ханғали Сүйіншілиев Сегіз Сері мұрасын жоғары мектептің “XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті” курсының бағдарламасына енгізді.

Сегіз сері жайлы, “Қыз Жібек” киссасының ол жырлаған нұскасы жайлы әдебиет зерттеуші, фольклоршы Сейтқали Қарамендин тын ойлар айтты.

Сегіз сері өмірі мен шығармашылық мұрасы жайлы мейлінше толымды мәлімет беруге негізделген, ақынның қалың жұртқа бейтаныс, беймәлімдеу қалып келе жатқан тұлғасын ашуға көп септігі тиіп отырған, ауыз толтырып айтуға тұратын еңбек жазушы Нәбиден Әбутәлиев [120] пен ғалым Төлеш Сүлейменовтің “Сегіз сері” жинақтары.

Нәбиден Әбутәлиев көп жылғы ізденіс еңбектің тоқетер түйіні іспетті мынадай мәселе қояды. “Сегіз серіні сөз еткенде айтайын дегеніміз

XIX ғасырдың қазақ әдебиетінен қазақтың ән тарихынан ол өз орнын алуға тиіс”.

Төлеш Сүлейменов сол бір аласапыран, алақұйын XIX ғасырдың бел ортасындағы қазір жасқанбай айтуға болатын ұлт-азаттық қозғалыстардан Сегіздің сырт қалмағанын нақтылы деректермен баяндайды. Әсіресе Исатай-Махамбет пен Сегіздің арасындағы таныстық, достық, сыйластық, бірмақсаттылық жайы көп айтылады.

*Гауһармын таразыға салынбаған  
Қылышпын қынабынан алынбаған.  
Керейдің Сегіз атты саңлағымын  
Секілді жанған оттай жалынбаған, –*

деп ән шырқаған сырлы өнерпаз. Сегіз серінің өмірбаян деректері, белігілі бір шығармасының туу себептері, сақталу, таралу жайынан мәлімет, әңгіме аз емес.

Соңғы жылдары “Сегіз сері ойдан шығарылып, қолдан жасалды, өмірде мұндай өнерпаз болған жоқ” дегендей үзілді-кесілді байламдар да болды. Бұл жөнінде мәселенің біржақты қалмауын, Сегіз Сері жайлы алыпқашпа кисындарға негіз болған қайсыбір деректердің мәнін, себебін байыппен карауды, шын сырға бойлауды “қарсы” жақтардың ортақтаса отырып қарастыруын күтеді.

#### 1.4 Айтыс өлеңнің туу, даму жолдары, түрге бөліну шарттары

Шөже, Кемпірбай, Жанак, Сабырбай, Мұрат, Тоғжан, Сара сынды өнер иелерінің дәл XIX ғасырда шоғырлана көруінің тарихи себебін М. Әуезов замана беталысынан ашады. “Ел тіршілігінің жауынгерлік дәуірінен шығып, тыныштыққа бет алған кезінде, Сарыарқаны сайқалдап оңды-солды шарлап жүрген бір алуан адамдары, осындай сөз батырлары кешегі Жанак, Кемпірбай, Шөже, сол ақындардың үлгісі ел ортасында соларға ұқсамақ болған жігіттер көбейген” [15, 174 б.].

М.Әуезов айтыс ақындары өлеңін мағына жағынан бірнеше түрге бөлді. Біржан мен Сара өлеңдерін ру күндестігі, ру жарысы, ру мақсатының өлеңдеріне жатқызады.

М.Әуезов бір алуан айтыс бас мінесуге арналған өлеңдер деп, Мұрат пен Жантолы айтысынан үзінді береді. Кемпірбай мен Шөже айтысы да сол үлгіде дейді.

Кемпірбай: *Бес намаз, он екі иман жанға пайда,  
Қалайын бір сөйлесіп осындайда.  
Біреуге мал, біреуге бас қайғы зой,  
Барасың, соқыр азбан, жаяу қайда.*

Шөже: *Ұстараның жүзіндей ауған дүние,  
Мені көріп шабықтың мұнша неге.  
Ай мен күн, жер мен көкті көргенім жоқ  
Кемпірбай, ақылың бояса, маған тиге  
Баласы Жаныс марқұм Сәтібай мырза,  
Құран оқи барамын қаралы үйге.*

Кемпірбай: *Асыма шақырмаған келдің жетіп,  
Бұғылы, Тұғылыдан жаяу өтіп.  
Бұл елде қозжа, молда жоқ деп не едің,*

*Соқыр ит, кім шақырды жекелетіп*

Шөже:

*Салмағы екі көздің дәл кеудемде  
Алланың әр не қылса, еркі өзінде,  
Бар болса қасиетің көзімді жаз  
Ұрайын жаза алмасаң қу сөзіңді...*

[122, 76-77 бб.].

Айтыстың келесі бір алуаны ру аралық жуандық, зорлық өлені деп, Сабырбай мен Тасыбай айтысы мысалға алынады.

Сабырбай:

*Ақтайлақтың баласы Сабыр ермін,  
Бәйгеден күнде келген қарагермін.  
Қанай Төбет елімді екі шапты,  
Бәлем, аргын, етіңді тірі жермін...*

М.Әуезов жіктеуінде төртінші түр, сирек кездесе де, білім таласы. “Ол күнде білім – дін білімі. Сондықтан құранның аятын айтысады. Дін жүзінен жұмбақтар айтып, соны шешіседі”.

Шөже:

*Кемпірбай көкте не бар, жерде не бар.  
Жаратқан кеше мақлұқ қадір жаппар.  
Алланың достысы кім, дұшпаны кім.  
Өзіңнен сұрайтуғын әр сөзім бар.  
Қай күні қарасақ та майдан болып,  
Қай күні өлім қошқар бауыздалар...*

Кемпірбай:

*Болғанда жерде Мәди, көкте Айса,  
Алты күнде жаралды екі дүние.  
Жүйтілік Тәбілт-Жәбілт екі жылдан  
Мұнсалда көріп едім осылайша.  
Жеті қат жер астында көк өгіз бар,  
Дүние бұзылғанша өлмей тұрар,  
Қай күні қарасатта майдан болса,  
Осы күні өлім қошқар бауыздалар... [122, 158 б.]*

М.Әуезов айтыс өлеңдерінің осындай мағыналық түрлерінің кейде аралас келетінін де айтып, айтысты сырт түріне қарай қайым өлең, кара өлең деп бөледі. Қайымдасуға Мұрат пен Жантолының айтысын келтіреді. “Қайым өлеңнің белгісі бір ауыз өленнің алғашқы

екі жолы екі ақынға ортақ сөз болады” деген анықтамасы айтыстың бір түрінің жанрлық, жасалу ерекшелігін, көркемдік негізін көрсетіп тұр.

М.Әуезов айтыс туралы азғана сөзінде осы өнердің түпкілікті айырмашылық, өзіндік сипаты жайлы тұғырлы тұжырымдар жасады.

Сәбит Мұқанов: “Айтыс қазақтың ескі заманнан келе жатқан әдебиетінің бір лек саласы. Айтыс жанрынан ең мол сақталған ХІХ ғасырлардағы айтыстар. ХІХ ғасырлардың айтыстарын жасаушы ақындардың көпшілігінің аттары тарихқа мәлім. Мәселен: Орынбай, Шортанбай, Серәлі, Тоғжан, Сақау, Шөже, Балта, Кемпірбай, Тезекбай, Қалдыбай, Жамшыбай, Түбек, Құлтума, Жанақ. Әсет, Майкөт, Құлмамбет, Ыбырай, Мұрат, Марабай, Сүйімбай, Сабырбай, Ыбырай, Біржан, Есентай, Жарылғасын, Күдері, Әсет, т.б. әйел ақындардан аты сақталғандар: Күйкентай, Шәріпжамал, Дәме, Ұлбике, Тыныштық, Шөкей, Қадиша, Айсұлу, Манат, Рысжан, Ақбала, Айқын, Сара. [11, 61 б.] т.б.” – дей келіп, айтыстың теориялық негіздеріне түбегейлі тоқталады. Қыз бен жігіт айтысының ішінде Біржан мен Сара, Ақсұлу мен Кемпірбай, Ақбала мен Боздақ, Ажар мен Уақат, Қадиша, мен Ысқақ, Әжек пен Шәріпжамал, Болық пен Есентай, Айқын мен Жарылғасын, Омарқұл мен Тәбия, Күйкентай мен Оспантай, Шәді мен Манат, Мансор мен Дәме, Ұлбике мен Күдері айтыстарын талдайды.

Сәбит Мұқанов сол 1942 жылы күні бүгінге шешіліп, соңғы сөзі айтылмаған Біржан-Сара айтысына қатысты мына бір ойды алғаш алға тартып айтқан сияқты. “Біржан мен Сараның айтысын Найманның Сыбан руынан шыққан Әріп ақын шығарған” деген сөз бар.

“...Айтыс Біржан мен Сарадан қалды ма, я оны Әріп шығарды ма? – ол, әрине, ғылымның зерттейтін мәселесі. Бұл жолы бізге де, көпшілікке де қажеті бұл айтыстың “айтыс” жанрының ішіндегі мазмұн жағынан ең маңыздысы, түр жағынан ең көркем екендігі” [11, 62 б.]. С.Мұқанов бұл айтыстың көркемдігін жеріне жеткізе талдай отырып, шығу тегі жөнінен бір сырдың басын бастады. Бұл мәселе арақидік пікірталас, қисынды, уәжді дәлелдер төңірегінде сөз болып жүр. Айтысты Әріп ақын жазып шығарды дегенді М.Әуезовтің де білгенін, қайсыбір саяси ахуал тұстарында айтыс Әріптің атымен бірге өшіріліп кетпесін деген сақтықпен, Әріп шығармасы дегенді ұмытуға мәжбүр болғанын әсіресе жазушы Қабдеш Жұмаділов арыдан қайырып айтты. Бұл айтыс төңірегіндегі әріден келе жатқан

жұмбақ жайдың бір қыры А.Байтұрсыновтың мына бір, жалпы айтыс өнері туралы айтқан пікіріне де соғып жатқандай.

“Айтысқанда түрлі нәрселер жайынан сөйлеп, бірін-бірі тосуға тырысады. Көбінесе бірінің бірі басындағы, еліндегі міндерін айтып, тоспақшы болады. Айтыстың бұл жағынан әлеумет алдында пайдасы зор.

Адамның, елдің, жұрттың басындағы келіссіз гамалдарын, мінездерін айтып көрсету халықтың құлқын түзеуге зор пайдасы тиетін дүние. Мұнысын байқағаннан кейін, айтыс екінші түрге түсе бастаған. Айтыс бастапқы кезде шын екі ақынның айтысқаны болса да, соңғы кезде айтысты адамдар өз ойынан шығаратын болған. Яғни бір ақын екі ақынның айтысқаны қылып, екі жағының да сөзін өзі шығаратын болған. Сөйтіп, айтыс шын айтыс емес, тек шығарманың түрі болуға айналған. Адамның, елдің яки бүкіл ұлттың келіссіз істерін, мінездерін, пиғылдарын айтқысы келсе, ақындар өз атын айтпай, айтысқан ақындардың сөзі қылып шығаратын болған” [14. 408 б.].

Айтыс ақындарының шығармашылық мұрасын көркемдік негіздер, түр, жанр жағынан айқындаудың негізін салушының бірі сөз жоқ, Сәбит Мұқанов. Айтыстың өлең формасы әр жолы жеті буынды келетін жыр мен әр жолында 11 буын бар, төрт жолдан ұйқасып отыратын қара өлең дейді С.Мұқанов. Ілгеріде М.Әуезов айтыс сыртқы формасына қарай 2 түрлі: қайым өлең, қара өлең дегенін, Шоқанның анықтамасын ескерсек, жалпы айтысты жанр ретінде тану, ашудың әркіліз ізденіс, болжамдары болғанын байқаймыз.

Әуелбек Қоңыратбаев айтыс өнеріне, оның ішінде ХІХ ғасырдағы айтыстарға, сол тұста айтыстың кемеліне жетіп, жеке айтушылары туғанына, шын мәніндегі көркем айтыстың дамығанына назар аударар ой түйді. Айтыстың жанрлық сипатын, табиғатын ашуда түрлі пікір, тұжырымдардың бар екендігін айта отырып, өз пайымдарын алға тартты. Айтыс өнері әдебиет зерттеушілер тарапынан біршама сөз болғанын қарамастан, күні бүгінге шейін бұл өнердің әлде де саралай түсуді қажет етіп отырған сырлары баршылық. Ә.Қоңыратбаев өз зерттеулерінде айтыс төнірегіндегі бір жүйеге түспей жатқан түйткілді мәселені көтеріп, көрсетіп сөйлейді.

Ә.Қоңыратбаев қайым айтыс – айтыстың қарапайым айтушыға байланысты саласы. Келе-келе қалыптасқан ақындар айтысының авторлық айтыстың табиғатында қайым элементі жоқ деген тұжырым жасады. Мұхтар Әуезов пен С.Мұқанов пікірлерінде бұл тұжырым

жоқ. Айтыс төнірегінде пікірталас түрінде өрбігенімен, әр зерттеуші әр мезгілде өз тұжырымын жасап отырғанын көреміз. Мұның өзі айтыс, өзіміз қарастырып отырған XIX ғасыр айтыстарын танып, талдауды біраз күрделендіріп келеді. Айтысты танып, ашуда жалпы қазақ әдебиеттану ғылымы бастан кешкен түрлі саяси мәжбүрлеудің де қою көлеңкесі жатқаны даусыз.

XIX ғасыр айтыстары көркемдік қисындар жөнінен біршама қарастырылды. Күні-бүгін түрлі жіктелуді бастан кешіп, бірнеше түрі аталған айтыс өнерінің үздік үлгілері баспа жүзін көрді. Жекелеген ірі айтыс ақындарының өмірбаян деректері, айтыстардың тарихы жинақталып келеді. Алайда, айтыс фольклористиканың ғана нысаны ма, жазба айтысты қайда жатқызамыз. XIX ғасыр әдебиеті бастан кешкен сан түрлі сапалық, түр, жанрлық өзгерулердің айтыс жанрына да әсері болды ма деген мәселелерді уақыттың алға тартып отырғаны рас.

Тереңге тартып, әріге бастар түйін-пікірлерді айтысты зерттеушінің қай-қайсынан болса қажетінше алып, ілгері өрістеудің пісіп-жетілген міндет екені даусыз.

Ә.Қоңыратбаев XIX ғасырда туған айтыс поэзиясын: а) ру айтыс (Жанак пен бала); ә) Салт айтысы (Ақбала мен Боздақ); б) жұмбақ айтысы (Сапарғали мен Нұржан); в) әлеуметтік айтыс (Біржан мен Сара, Құлмамбет пен Жамбыл); г) Совет айтыс да беске бөледі. Ілгеріде айтысты зерттеушілер әдет-ғұрып, қайым, жұмбақ, діни, ақындар, немесе бәдік, жар-жар, мал мен адам, өлі мен тірі, жұмбақ, салт, қыз бен жігіт, ру, совет дәуіріндегі деп жіктегенін, М. Жармұхамедов еңбегінде айтыстың он төрт түрі бар деп көрсетілгенін ескертеді [78, 274 б.].

Ә.Қоңыратбаев айтыс өнерінің бұрынғы-соңғы зерттеу нәтижелерін негізге ала отырып, айтыс табиғатын әрі қарай зерделеп, қисынды, бүгінгі зерттеулерге бағыт-бағдар болар түйінді тұжырымдар жасады. Ғалымның Сыр елінің айтысындағы жазба дәстүрінің басымдығы, Аркада туған айтыстардағы импровизацияның басымдығы жайлы Әлібек Қоңыратбаев зерттеуіне назар аударуы – қазір де көкейтесті. Айтыстың табиғатын ашып, тарихын жасауда назар аударатын нақты құбылыстар. Былайғы зерттеулерде ғалымның XIX ғасырдағы айтысқан әйел ақындар жөнінде айтқанын да назарда ұстаған жөн сияқты. “Манат, Ақдәме, Ақсұлу, Рысжан сияқты қыз аттарын жеке айтушылардың өздері тудырса керек. Әдетте бір акын ұзақ сапар шегіп қайтса, пәлен деген



кызбен айтыстым деп; елге жаңа бір жыр жолдарын ала келетін болған. Мысалы, 1918 жылы Сыр елінің әйгілі акыны Мансұр Бекежанов қашып, Нұратаға (Бұхар) барады. Сол жылы ол Ақдәме кызбен айтыстым деп келеді. Айтысқа кыз образын, олардың мінез-құлқын қосу елеулі құбылыс” [78, 275 б.].

Сәбит Мұхановтың айтыс жанрының туу, даму, өркендеу процесін айрықша зерттеу қазақ халқының поэтикалық түсінік-түйсігі мен талап-талғамының айқындап алуға мәнді арнаның бірі болары анық дегеніндей, айтыс табиғатын тануда мұндай дерек, кысындардың ар жағында талай сыр жатыр [122, 35 б.].

Серік Негимов айтыстағы өнер тұтастығы есебіндегі өзгелігін танытатын елеулі бір сипатына назар аударады: “Айтыс акындары творчествосының эстетикалық жүйесіне үніле қарасақ, олар өлең сөздің идеялық-көркемдік сипаттарымен қоса, оның тоникалық құбылысына, музыкалық архитектурасына да қатысты ойлар өрбіткен. Өйткені акындарда музыкалық қабілет те айрықша болып келеді” [35, 53 б.].

“Қисса Біржан сал мен Сара кыздың айтысканы” 3 томдық “Айтыс” жинағының 1965 жылғы бірінші томында “Қыз бен жігіт айтысы” бөлімінде берілген. Бұл айтыстың төңірегінде әріден келе жатқан Әріп акын шығарған ба, немесе Біржан мен Сара шын айтысқан ба деген кысындар бар екендігі белігі. 1965 жылғы жинақта 1960 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінде “Сараны көргендер” деген мақалада Біржан мен Сараның айтысканы белгілі деректерге сүйеніп дәлелденген деген түсініктеме беріледі. Бірақ бұл әңгіме күні бүгінге шейін түрлі кысын, дерек көздері көрініп жалғасып келе жатқан жай екенін айттық. Не дегенде де, жазба айтыс болсын, суырып салма айтыс болсын, бұл айтыс – аса бір құнды, үлкен әдеби мұра. XIX ғасыр әдебиетіндегі шоқтықты туынды. Бұл айтысқа айтысты зерттеген әдебиет мамандарының барлығы да айрықша назар аударып отырды. Әрине, Біржанның, Сараның өмірбаян дерегін, айтыстың туу тарихын ашып, ажырата түсу тоқтап қалмақ емес. Зерттеушілер бұл айтыстың төрт нұсқасы барын айтады. Айтыс жинағында ару кыз бен жігіт айтысы бөлімінде берілген бұл шығарманы кезінде М.Әуезовтің ру айтысына жатқызғаны белгілі. Енді бірде айтыс әлеуметтік айтыс қатарына жатқызылды. Әйел теңдігі қозғалды делінді. Айтыс шығарушының (*Шайхысламұлы, айтысты 1889 жылы бастырушы – Қ.М.*) алғысөзімен басталып, бастырушыға айтып беріп отырған, үлгіде келеді.

Әйгілі Біржан сал Жетісуға Сараны іздеп келіп, Тұрысбек кажының үйінде айтысады. Айтыс табиғатына сай екі дүлдүл бірден ұстасып, сөз күресін бастайды. Өз артықшылықтарын алға тартады. Қарсыласының кем тұсын, мінін тере сөйлейді. Айтыстағы осы бір дәстүрдің, өзіне мадақ айтудың ежелгі жыраулар поэзиясындағы үзілмеген дәстүрлі желі “Мен – ақын”, “Мен – тұлғаның” айбынды, асқақ сөзімен түбі бір сияқты.

Біржан-Сараның өзін өзі көтеріп сөйлеген тұстары – айтыстың аса бір көркем, ұтқыр сөздің биіктеп ұшқан, қанат байлап қалықтаған тұстары.

Біржан:

*Сайраған орта жүздің бұлбұлымын,  
Арғынның Алтай-Қарлық ақпан кері.  
Барабар сөзі теңдес адам болса,  
Көңілімнің тарқаушы еді қайғы-шері.  
Қырандай аспандағы желді күнгі,  
Даусымның көтерілер шықса тері  
...Ақ иық, мұз балақпын жерге түспес,  
Кең қолтық арғымақпын алқымы іспес.  
...Атадан Біржан сал боп тудым артық,  
Ұраным. Ер Қарқабат, Алтай-Қарлық.  
Аққумен аспандағы ән қосамын,  
Қозғасам ащы күйді түптен тартып...*

Сара:

*Ей, Біржан, жасың үлкен өзің аға,  
Қымбаттығым белгілі білсең баға.  
Қамысты терең көлдің сұқсырымын,  
Қаңғырған ілдірмейін қаршығаға.  
Ұшырған тәрбиелеп ақ түйғынмын,  
Матайдың Қара-Керей сеңгірінен.  
Даусыма аспандағы құс айнарлар,  
Құбылып тоты құстай тоңкерілген.  
Сайраған тамам найман бұлбұлымын,  
Қапаста жел тигізбей жем берілген.*

Айтыстың бұл нұсқасының сөз қолданысында, айшықты, әсіре сөздің айтушының да, Сара-Біржанның да аузынан шығатын бірдей қолданыстар аз емес. Мұның өзі айтыстың әу бастағы қалпын сақтағанның өзінде басылым көргенше бір мәрте болсын, әлденеше

рет болсын қайта жырланғанын, әуелгі калпынан қайткенде де өзгеріске ұшырағанын байқатады.

Жүсілбек кожаның кіріспе жырында Сараны таныстыруда “Өлеңді жүндей сабап дүрілдетті”, – дейді.

Сара айтыс мәнін ұғындырып отырған тұсында Біржан жөнін айтып: “Сырапаған домбырасын қолына алып, ән шырқап қоя берді, жүндей сабал” дейді. “Төңкеріліп ән шырқау” да бірде Біржан, бірде Сараның кейпі.

Бұл айтыста айтыс табиғатын танытып, ашып жатқан шарт түгел. Айтушы өзін ғана көтеріп сөйлемейді қарсыласын қанша тұқыртса да, құнын біліп сөйлеу, әділін айту – бұл да айтыстың бір шарты. Сол дәстүрге айтыста Сара қыз да берік, Біржан оның таным, талғамында биік, үлкен үздік өнер иесі де.

*“Түрінен мен таныдым осы Біржан,  
Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған”.  
“Құланның дауысындай көмейің бар,  
Әніңнің қазақ жетпес бұрмасына”*

Сараның бұл бағасы – өнердің құдіретті күші, Біржан салдың бар бағасы. Кәдімгі ән құдіреті Біржан сал. Сандалтып Орта жүзді әнмен қырған Біржан...

Сол сал Біржан Сара қыздың да арман, сұлу жанын, өнерін танып келген, тауып келген Арқадан. Арқадан Жетісуға іздеп келген.

*... Өлеңге жан көрмедім мұнан ұста.  
Аты ұрғашы демесең қарындастың  
Адамның артығы екен осы тұста.*

*Шынымен баптап күнде дауға салса,  
Ілеспес ақын тугія, ұшқан құс та....*

Айтыста Біржан – ақиық Мұзбалақ, кең қолтық Мұзбалақ.

Сара қыз – қанат қағып қарсы ұшқан тоты құс.

Айтыстағы осындай бір ағытылған, ашылған тұстар өнер адамының ішкі күйік-жалыны, сезім селі, жаратылыс сыры.

Бұл айтыс – М.Әуезов айтқандай ең әуелі – ру айтыс. Негізгі желі, негізгі сарын, негізгі айтыс арғын-найманның артықшылығы мен кем-кетігін жарыстырып, салыстыру.

*Жылқының арығындай Арғын кедей,  
Тойғансып мас боласың ішпей-жөмей.  
Құр айғай салғаныңа кім шошиды?  
Жеңермін иттей қылып, адам демей.*

Арғынның мінін теріп төпелете жыр төккен Сараға Біржан да арғын елінің артық туғандарын айтып дес бермейді. “Бармағына кырық түрлі күй байланған ардакер, Арғын асқан Тәттімбеттей” асылдарын аспандата сөйлейді.

Айтыстың негізгі мәні, әрине, Сараның кішкенеде атастырған күйеуі кісінің қоры Жиенқұлда, сан түрленіп сайраған Сара қыздың, өнер адамының дәстүр-салт жөніндегі дәрменсіздігінде. Шын жүйріктің тұсалған тұсы, биігінен құлаған тұсы – осы “Келгенде Жиенқұлға шықпайды үнімнің” тұсы.

Біржанның Жиенқұлды айтқан тұстағы ащы үні – Сараның үнін басудың дауысы емес, әділетсіздікке жан айғайы. Ақынның сұлуға іңкәр, жарыққа құштар жанының түршігуі. Түңілуі.

*Шіркін-ай мұндай жүйрік туармысың,  
Сөйлейсің алтындай қып сөздің жезін.  
Қанатын күн шалмаған ақ түйгынның,  
Жапалақ иемденер басқан ізін.  
Қор болдың бір қортыққа Сара, қалқам!  
Армансыз қылар кімнің үй-түзін.  
Дені сау адам емес Тастанбегің,  
Жүр екен тастай алмай о да қызын.  
Біліп ем Сара сенің сынарыңды.  
Баса алмай армандамын құмарыңды.  
Ақ үйден айғай салып шыққан кезде-ақ,  
Білгенмін сөзге қайрат қыларыңды.  
Сұмдықпен бәйіт ішіне қан құясың,  
Білмейсің неден зар боп жыларыңды.  
Майысқан сегіз қырлы жүйрік-ақсың,  
Қай жерден болжамайсың тынарыңды.  
Шақыртып күйеуіңді осында алдырт,  
Көрейін таңдап қосқан сыңарыңды.  
Шыбықтай жігіт шығар өңі нұрлы,  
Өнері өзің теңдес сегіз қырлы.*

*Шеберден мін алатын мініскерсің,  
Ер шығар тоты құстай неше түрлі.  
Жақсыны көрмек үшін деген, Сара,  
Өзі түгіл, ел қамын жеген, Сара,  
Мырзаңды Жиенқұлдай шапшаң шақырт  
Ұялып бөгелесің неден, Сара?! [122, 399-428 бб.]*

Айтыстың көркемдік әлемі, әлеуметтік жүгі жөнінен аз айтылған жоқ. Бұл айтыстың дәстүрлі фольклорлық бейнелеу, көріктеу тілі өз алдына, түлеп ұшқан тың, өткір, ұтқыр тіркес аса мол.

Айтысты тілдік, құрылым, әлеуметтік мән жөнінен әр ұрпақ өз таным, өз талғамымен аша берері, керегін таба берері ақиқат. “Байлаулы бала құстай Сара сорлы” деп қанжылаған Біржан Салдын ащы үні әлі талай буынның жүрегін дірілдетіп, жанын уата бермек.

Шөже Қаржаубайұлы (1805-1891) Кемпірбаймен, Балтамен, Шортанбаймен, Орынбаймен, т.б. ақындармен айтысқа түсіп, жеңген. Шөже айтыстарының көпшілігі негізінен ру жартысын жырта сөйлеген тұстарда қызып кетіп, бар жалынымен шалқиды. Аргы төркіні қырғыз деп коп тиіскен айтыскерлерден Шөже өзінің хактың сөзін сөйлеуімен өзгешеленіп, ерекшеленіп отырған.

Сәтбайдың асында Шөжені көріп, қайдан, неге жүр деп тиісе, тіксіне сөйлеген Кемпірбайға Шөже:

*Баласы Жаныс мырза – Сәтбай марқұм,  
Орнына дұға оқыдым сыйлап рухын.  
Бір мирас өткендерден бізге жеткен,  
Өлікке көңіл айтып келеді әркім.  
Кемпірбай тағы тиіседі, көзін айтып кемітеді.  
Асыма шақырмазан келдің жетіп,  
Алатау бөксесінен басып өтіп!  
Бұл елде қожса, молда құрып па?  
Қу соқыр неге келдің жетектесіп?*

Ақыры Шөже айтысып-айтысып келіп “Көзіме он жеті акын тұқ кылған жоқ”, сенің не амалың бар деп, Кемпірбайды дін жұмбағын айтып сөзден тосады.

Кемпірбай:

*Келіп ем бұл жиынға өктемденіп,  
Жүруші ем қу соқырдан секемденіп,*

*Бағасы жоқ соқырмын айтысам деп,  
Жығылдым төрт аяғым көктем келіп, –*

деп, жеңілгенін мойындайды.

Шөже өзіне жаратқанның көз бермесе де, сөз бергеніне тауба қылып айтып жүреді. Бұзып-жарып өктем сөйлемейді. Момын кейпімен-ақ талай азулыны ауыздықтайды. Алып шығады.

*Мағлұм болған үш жүзге менің жайым,  
Көзімді алып, сөз берер бір құдайым.*

Шөже ұстанған бір қасиет – қанағат. Жылу жиып, қарызданып қалдым деп ел адақтап жүрген Тезекбайды былай деп сөзден тосады.

*– Сенің көздеп жүргенің бәрі пайда-ау,  
Қарғанын бар құдай аямады-ау  
Алтын басың сау еді менен көрі,  
Сендердің ел кезуің жарамайды-ау.  
Құрады махшар күнде таразыны,  
Құдайым қабыл қылсын намазыңды.  
Екі мың тоғыз жүз сом тартқан болсаң,  
Кәне, көрсет, подписка қағазыңды.*

Арызын айтып астам сөйлемек болған Жәмішбай ақынға аз-маз сөз айтысқан соң Шөже “әкесі өлгенді де естіртеді” дегендей қатты кетеді:

*Өкпе-бауыр, жалы бар ма қара кердің?  
Жатса үйқысы келмейді саналы ердің  
Көсілген көмекейің ақын емес,  
Суындай сөзің нәрсіз шалшық көлдің*

[122, 184 б.].

XIX ғасырда ел арасында Шөженің Құлтантаймен сөз қағыстыруы кең тараған. Кіммен сөз қағыстырса да әлдінің ұры мен парақордың пиғылы жат, адымы қысқа, момынның өрісі кеңдігін айтудан танбаған, сойқан-сұмды әшкерелеуден, жалаулатып айғақтаудан танбаған Шөже – айтыста жеңіліс таппаған ақынның бірі.

Түбектің Жанакпен, Тезек төремен, Қарқабат, Құлмамбетпен айтыстары, Жанак пен Түбектің айтысы ХІХ ғасырдың аяғында бірнеше басылым көрді. Сақталып жеткен айтыстары Түбектің аса әйгілі сөз дүлдүлі болғанын айғақтайды.

Тезек төре Түбекке үш жүзден асқан Түбек, озған Түбек деп сөйлейтін тұстары бар. Аталған айтыстардың басым көпшілігінде Түбек жеңіп отырған.

Тезек төре мен Түбектің айтысында Тезек қара сөзбен сөйлейді. Жалпы Тезек төренің көпшілік айтысы белгілі ақындармен қара сөз дау түрінде келіп отырған.

Тезек төремен айтысында төренің патшаға жаққан қылығын, таңдап алған ханшасына тиісе сөйлейді. Өзі жаманда деген төреге Түбек айтарын айтып, елден жиып келе жатқан дүниесін, енді не жетпей, соны сұрап келгенін айтады.

Жанак пен Түбек айтысында да ру, жеке бастың артықшылық, кемшілігі текетірес сөз додасына түседі. Байлығын, барлығын айтысады.

Тегінде, ХІХ ғасырдағы айтыс ақындарының осындай бұйымтай дәметуі – айтыс барысындағы дәстүрлі желінің бірі. Бір-біріне оны мін етіп айтып, кейде ел үстінен күн көріп, сұрап, тіленіп жүрсін деп жатқанымен, бұл салттан ақта-төкпе сөз құдіретінің, ақындықтың “құлдарынын” ешқайсысы сырт қала алмаған.

Түбек Тезек төреге:

*Мен өзім айт Жайнақтан тура келдім.  
Бураның сауырын ерге бұра келдім.  
Саурықтан бес түіе мен бес жорға алып.  
Алтындай кер құлынмен заулап келдім.  
Қыран бүркіт, жүйрік ат міне алмадым.  
Таба алмай осы екеуін сұрап келдім – дейді.*

Тезектің бәйбішесі Найман елінің қызы екен, Төремен екеуі араз болып жүрген тұсы. Түбек екеуін татуластырып, сый-сияпатпен аттанады.

Айтыс ақындарында аразды бітістіріп, дуылдаған дауды сөзбен жайғал, сөзге тоқтаған жұрттың осал жерін тауып, билік айтып отырған дәстүр, салт болған. Мұның өзі бір кездердегі би-шешендердің бір өнегесін, миссиясын белгілі бір жағдайда айтыс

акындары да аткарып отырғандығын көрсетеді. Айтыстың айтыла қоймаған ерекшелігінің бірі осы тұста да жатыр.

Түбектің өзін әйелімен Қарқабат досының табыстырып кеткендігі мәлім. Қарқабат пен Түбек дос. Қарқабат оны ұстаз тұтады. Түбектің үлкен акын, адамгершіл азамат болғандығын Қарқабаттың оны арнайы іздеп, сағынып көріспек болып келе жатып айтқан мына бір сөздерінен де сезінеміз.

*Сағымдым достым, Түбек, ұстазымыз,  
Бір көріп қолыңды алмақ мұқтажымыз.  
Мұхиттың дариясындай сөзің терең.  
Өлеңге болмаушы еді қоспағыңыз  
Тіліңнен бал тамызған қайран Түбек,  
Айқасқан достым едің күнде білек,  
Жатыр деп төсек тартып, естіп келем.  
Шырғалап қауіпті ауру, қатты жүдеп.*

XIX ғасыр айтыстарының кейде үш адам айтысы болып келетін түрлері, орта тұстан түсінік беруші, немесе қыздырып дем берушілердің қосылып кетіп отыратыны бар. Түбек пен Құлманбет айтысы да сондай айтыс. Сөзге, айтыс, дауға Тезек төре де қатысып отырады.

Жалпы, XIX ғасыр айтыс акындарының өмірбаян, айтысу деректері, жөндері жайлы кең, келелі зерттеулер қажеттігін 1940 жылдары Сәбит Мұқанов баса айтты. Әрине зерттеулер болды, жалғасып та келеді. Соның ішінде Жамбылдың акындық ортасын аса бір ыждаһаттылық, ғылыми сұңғылалықпен түгендеп, зерттеген М.Жолдасбеков, Жетісу, Шу, Талас, Тараз өңірлерінде жасаған әйгілі айтыс акындарының әдебиет тарихындағы өлшеусіз орнын ғылыми тұғырлады. Ғалым Әселхан Оспанұлы “Қаратау шайырлары” еңбегінде оңтүстіктің әйгілі акындарының айтыстарын арнайы қарастырды. Б. Омарұлы Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығын зерттеуінде акынның айтыстары жөнінен тын тұжырымдар ұсынады.

С.Дәрібайұлы Сыр бойы акын-шайырлары шығармашылығындағы жазба айтыс дәстүрін арнайы қарастырып, бұл өнердің ежелгі негіздеріне барлау жасады [43]. Сыр шайырларының жазба айтыстарын үш топқа бөлді: а) танымдық айтыс; ә) жұмбақ айтыс; б) мысал айтыс [43, 42 б.].



Т.Тебегенов XIX ғасырдағы дәстүрлі айтыс өнерінің өзгешелік сипаттарын жан-жақты, жаңа пайымдармен аша түсті, айтыс жөнін зерттеудің ілгергі көзкіектерін көтерді [38].

Сыр сүйелерінің жазба айтыс дәстүрі Л.Әбдіхалықова зерттеуінде жаңа кырларымен ашыла түсті [74].

XIX ғасырда қазақтың дәстүрлі айтыс өлені көп түрленіп, көркемдік сипаты айшықталып өсе түскен өнер арнасына айналды. Ежелгі, ауыз әдебиетінің еншісі болып келген айтыс өлең XIX ғасырда дара акындар айтысы түрінде көрінді. Қазақтың айтыс өнерінің небір дүлдүлі сол XIX ғасырдың бел ортасында жалпақ елге танылды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында айтыс өлеңнің өз зерттелу тарихы бар. Әріде Шоқан Уәлиханов өз тұсындағы қазақ өлеңін үлгі жөнінен 5-ке бөліп қарастыруында, айтыс өлеңді екі үлгіде көрсетті. Қайым өлең дегені, біздіңше, ауыз әдебиетінің айтысына да қатысты. Ал 5-түр өлең дегенге Шоқан Уәлихановтың XIX ғасырдағы жана үлгіні, өзі өлеңдегі татарлар арқылы келген деп айырып қараған үлгіні айтып, оған бірнеше түрді кіргізгені белгілі. Сол көп түрдің бірі – тағы да айтыс. Енді шығарушысы белгілі, аты аталып, мысалы келтірілген айтыс.

Шоқан Уәлиханов осы бесінші үлгіге кисса өлеңді де ән өлеңді де, тарихи өлеңді де, айтыс өлеңді де жатқызды деп түсінуімізге толық негіз бар. “Қазақ поэзиясындағы жана қондырғы форма” (Ш.У.) сол шығыстық дастан, дара акындар айтысы, ән өлеңде қолданылды, өріс тапты, бекіді. Бүгінде отаршыл елдің XIX ғасырдың басынан бастап жүргізілген дін саясаты қандай мақсатта болсын исламның негіздерін жалпақ жұртқа өлеңмен ұғындырып, өлең сөзбен таратуға ықпал да жасағанын білеміз. Ислам әуелде татар молдалары таралынан оқылып, үйретілді де соның аяғы көбіне мұсылманша сауатты, оқыған молда акындардың өлені арқылы насихатталды. Шоқанның өлеңнің 5-і түріне берген анықтамасының астарында сол құбылыс жатыр.

Шоқан татарлар арқылы діннің жайылуын, жабайы үйретуді жақтырмағанымен, қазақтың ежелгі жыр өлеңі жана сападағы өлеңге де ұласу фактісін қолмен қойғандай нақты саралады.

Қазақтың ғасырлар, мыңжылдықтар тарихындағы аса айқын, жарық жұлдызы – Шоқан феноменінің бір қыры, бір сыры оның осы қазақ поэзиясын үлгіге топтаған ғажал зерттеуінде жатыр.

Қазақ өлеңінің ғылыми теориясын өзгеше таным, түсінікпен тұжырымдаған Шоқая әдебиет үлгілерін жиды, ақындар, жыраулар жайлы дерек мәлімет тапты, өлең түрлерін ғылыми сипаттама берді.

XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінің қай арнасы туралы сөйлесек те, сөзді Шоқаннан бастайтынымыз – бұлжымас заңдылық.

XIX ғасырдағы ақындар айтысы, жалпы айтыс өнері, айтыс өлең фольклористикада, әдебиеттану ғылымында сол Шоқан дәуірінен бері зерттеліп келеді. Ұзақ уақыттар бойы әдебиетіміздің көп асыл мұрасы сияқты айтыс-тартыс ауыз әдебиетінің еншісі есебінде зерттелді. Бірте-бірте зерттеу проблемалары күрделеніп, ауқым, аймағы кеңі түсті. Жекелеген зерттеушілер XIX ғасырдағы ақындар айтысының табиғатындағы дәстүрлі айтыс өлеңмен туыс тұсты да, оның өзіндік белгілерін де аша сөйлеуге ауысты. Дәл, осы айырым, ажырату тұсында XIX ғасырдың айтысында атап-атап айтар, айқын өзгешеліктер, расында да аз емес.

Ахмет Байтұрсыновтың айтысқа байланысты түйін-тұжырымы – аса терен. Айтыстың туу, даму жолдары, түрлері терен ғылыми негіздемелер арқылы ажыраған. А. Байтұрсыновтың “Шығарма айтыс” термині ой қуып, сөз қуып жайдан-жай айтыла салынған сөз емес. Шығарма айтысты Ахмет Байтұрсынов шын айтыс емес дейді. Және бұл қазақта соңғы кезде шыққан дейді. Бастапқыда шын екі акынның айтысы болса, соңғы кезде айтысты ақындар өз ойынан шығаратын болған дейді. Бұл – шын айтыс емес, шығарманың түрі дейді. Мұндай үрдістің ауыз әдебиетінде жоқ екендігін айтады [14, 409 б.].

А.Байтұрсынұлының айтыс жайлы тұжырымдары XIX ғасыр айтысының табиғатын тануда таптырмайтын өлшемнің үлгісі. А.Байтұрсынұлы “Жазу жайылған сайын айтыс өлең азайып, құруға бет алып барады” деп, XX ғасыр басындағы айтыс күйінен хабар береді. Мұның өзі айтыстың, дара ақындар айтысының XIX ғасырдағы аса жанданған әдеби үлгі, көркемдік арна екендігін айғақтай түсетін түйін.

Сәбит Мұқановтың айтыс табиғатын таразылаған тұжырымдарында Ахмет Байтұрсынов байқаған айтыстың жанрлық ерекшеліктері таратыла айтылады.

“Бертін, қазақ елі ісләм дініне еркін араласқан кезде, араб әрпімен хат таныған кезде, бұрынғы ауызша айтысқа жаңа түр қосылды, ол – қағазға жазып айтысу. Мәселен: Мұса мен Манат, Ақан мен Нұрқожа, Ақан мен Мәшһүр Жүсіп, Нұржан мен Сапарғали, т.б.” [11, 183 б.].

“Абайдың, әншілік өнері жақсы жігіттің белгісі сияқты саналған. Сондықтан ел ішінде қызық үшін сән түзеп, қыдырыстаумен жүретін салдар шыққан. Атақты ақындарға еліктеуден серілік молайып, бері келген заманда Біржандай сал, Акандай ақын серіні шығарған. Бұлардың жайы қай елдің ортасында болса да, кейінгіге үлкен әңгіме болып қалған.

Сонын барлығы айтыс ақындарының сарқыты” [15, 174 б.].

Ақындар айтысының ерекшелігін, билер айтысының өзіндік сипатын М.Әуезов ауызша әдебиеттегі айтыстың екі түрі есебінде қарастырды.

Көрнекті әдебиеттанушы ғалым Ә.Қоңыратбаев айтыс табиғатын танытуда нақтылы, қисынды зерттеу жасады.

Ғылыми ойлары ілгерідегі айтыс зерттеулерін ілгері тартып, көп жұмбақтың ішіне бойлаумен құнды, елеулі. Ә.Қоңыратбаев түсініктемесінде айтыстың ежелгі үлгісі – қайым айтыс – айтыстың қарапайым айтушыға байланысты саласы. Жеке авторға қатысты арнасын авторлық айтыс дейміз деді. “Қайым айтыста фольклор әсері күшті, орындаушылары көпшіліктен шығып отырады” [78, 273 б.].

“Осы қайым айтыс ізінде XIX ғасырда ақындар айтысы туды...”

Келе-келе қалыптасқан ақындар айтысының табиғатында қайым жоқ” [78, 274 б.].

Айтысты, соның ішінде XIX ғасырдың айтысын фольклор, ауызша әдебиет аясында ғана қарастыру жеткіліксіз көрінеді. XIX ғасыр әдебиеті бастан кешкен сан түрлі сапалық: түр, жанрлық өзгерту, түрленулердің айтыс жанрына да ықпал-әсері тигендігі даусыз.

Айтыстың дәстүрлі сипатына қарай, мазмұн, мәніне, орындалу орны, мақсатына қарай түрге бөлінуінде айтыс табиғатын зерттеушілердің бәрі бірауызды емес. Олай болуы, мүмкін де емес. Бүгінде ілгеріде, кейінде айтылған ойтолғақтарда және бір жүйелеп, айтыс туралы айтылар сөзді жалғастыра түсуге қажетті алғышарт жеткілікті.

Ә.Қоңыратбаев мына бір жайды назарға ұсынғанда, сол кемеліне келіп, кемері толған көкейтесті күйді толғады.

“Айтыс, импровизациялық өнерге қатысты пікірлер Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин еңбектерінде тәп-тәуір айтылса да, бұл жанрда топастыру қазақ фольклористикасында бір ізде көріне бермейді. Мысалы, жоғарыда аталған зерттеушілердің

еңбектерінде айтыс әдет-ғұрап, кайым, жұмбақ, діни ақындар, енді бірде бәдік, жар-жар, өлі мен тірі, жұмбақ, салт, қыз бен жігіт, ру айтысы, совет дәуіріндегі деп аралуан жіктелген. ...М.Жармұхамедов болса, өзінің айтыс туралы еңбегінде оның санын он төрт түрге жеткізеді” [78, 274 б.].

Ә.Қоңыратбаевтың айтыс түрлі өнердің басын біріктіріп тұрған синкреттік өлең деп келіп, оларды формасына қарай емес, туған дәуіріне, мазмұнына қарай бөлу, коллективтік, қайымдық-анонимдік, даралық айтыс деу мақсатқа жақынырақ екендігін алға тартуы айтыстың түрлі дәуірдегі түрін саралау. Осының даралық айтысы XIX ғасырдан бергі дара ақындар айтысы. Бұл тұрғыдан айтыстың XIX ғасырдағы ерекшелігі, дара ақындар арасындағы айтыс екендігі айтысты зерттеген еңбектердің көпшілігінде бар.

Ә. Қоңыратбаев сол фактіні бекіте түседі. “Аноним айтушы көп ортасынан шықса, дара импровизатор профессионал айтушы дәрежесінде болған” [78, 274 б.].

Ә.Қоңыратбаев айтыстың, әсіресе XIX ғасыр айтысының аймақтық ерекшеліктерін көрсетеді. М.Әуезов айтыстың Жетісуда жыр үлгісінде келіп отырғандығын айырып атағаны сияқты, Ә.Қоңыратбаев Арқада туған айтыстарда импровизация дәстүрі, Сыр елінің айтысында [қанлы Жүсіп, Нақып қожа] жазба дәстүрдің басым болғандығы әдебиетші Әлібек Қоңыратбаев зерттеулерінде көрсетілгенін айтқан.

Ә.Қоңыратбаев кезінде А.Байтұрсынов айтысты зерттеуінде қазіргі айтыс көбіне екеуара айтыс емес, бір адамның шығарған, шығарма түріндегі үлгі деген пікіріне үйлес ойда болған.

“Манат, Ақдәме, Ақсұлу, Рысжан сияқты қыз аттарын жеке айтушылардың өздері тудырса керек. Әдетте бір акын ұзақ сапар шегіп қайтса, пәлен деген қызбен айтыстым деп, елге жаңа бір жыр жолдарын ала келетін болған.

...Айтысқа қыз образын, олардың мінез құлқын қосу – елеулі құбылыс” [78, 275 б.].

Сәбит Мұқанов айтыстың күрделі жанрлық жаратылысын тереннен зерделеген зерттеушінің бірі – Айтыс өнері, айтыс өлеңге байланысты оның мына бір ойы әлі де көкейтесті.

“Айтыс жанрының туу, даму, өркендеу процестерін айрықша зерттеу қазақ халқының поэтикалық түсінік-түйсігі мен талап-талғамының жетілу жолдарын айқындап алуға мәнді арнаның бірі болары анық” [122, 35 б.].

М.Жармұхамедовтың “Айтыстың даму жолдары” еңбегі айтыс табиғатын ашудағы құнды зерттеудің бірі.

Айтыстың көне замандардағы топталып, хормен айтылатын “Наурыз”, “Бәдік”, “Жар-жар” секілді тұрмыс-салт жырларынан басталатынын, дамуында қайымдасудың сан қилы белестерінен өткен бұл жанрдың әдебиетіміздегі кен арналы ақындар айтысына келіп ұласқанын айта отырып, ғалым айтыстың зерттелуіне жан-жақты тоқталады. Әуелдегі Әуезов жүйесіне, оның айтысты түрге дұрыс бөлгеніне назар аударады. М.Жармұхамедов айтыс табиғатын арнайы көне, айтыс туралы Шоканнан бергі ғылыми негіздеу, зерттеу еңбектерге сүйене отырып айтыс өлеңдерін 1) Тұрмыс-салт айтысы: а) “Бәдік”, ә) “Жар-жар”, б) Қыз бен жігіт қайымдасулары, в) Төрт түлік мал туралы айтыс, г) Дидактикалық (тәлім-тәрбие) айтыс; 2) Ақындар айтысы: а) Жұмбақ айтысы, ә) Ру айтысы, б) Дін айтысы, в) Жазба айтыс деп топтастырып бөлуге болар еді дейді [33, 17 б.].

XIX ғасырдағы айтыстың өзіндік ерекшеліктері көп. Айтыстың эпоспен, ауыз әдебиетінің шағын жанрларымен байланысын егжей-тегжейлі қарастырған М.Жармұхамедов XIX ғасыр айтысына да бөлек сипаттама жасайды.

“XIX ғасырдың орта шенінде қоғамдық-әлеуметтік өмірдің түйінді мәселелерін терең бейнелеуде айтыс пен лиро-эпикалық жырлар өзара астасып, тарихи бір деңгейден табылып отырған. Қоғамдық мәселелерді көтеруі мен өзінің көркемдік ерекшеліктері жағынан бұл тұстағы айтыс өлеңдері жазба әдебиетке біршама жақындап, оның тарихи-әлеуметтік мән-маңызы арта түсті” [33, 26 б.].

М.Жармұхамедов айтыстағы ақындық тәсілге, айтыстың дәстүрлі сипаттарына кең тоқталды. Қазақ айтыстарының жанрлық табиғатын белгілейтін басты ерекшелігінің бірі деп, белгілі бір айтыстың қайта жырлануда өсіп, түсіндірме қосылып отыруына “Бақтыбай мен Мәйкө қыздың айтысындағы” кейінде Бақтыбай қосқан кіріспе қосылып жырланғанын мысалға келтіреді. Ғалым мұндай тәсілмен айтысты ел арасында жырлау “Түбек пен Қарқабат”, “Мансұр мен Дәме”, “Әсет пен Ырысжан”, “Біржан мен Сара”, “Ыбырай мен Доскей” айтыстарында да мол ұшырасатынына назар аударды.

Қ.Сыдықов “Ақын жыраулар” монографиясында XIX ғасырдағы сөз жүйріктері Абыл, Қашаған, Нұрым ақындардың дәстүрлі айтыс өнеріндегі өзіндік өрнегіне тоқтала отырып, айтыстың жанрлық, даралық сипаттарын айқындай түссер толғамдар жасады.

“Сыртқы көлемі мен түр ерекшелігіне карағанда Абыл айтыстары бір-екі ауыз өленмен қолма-қол жауаптасу ретіндегі түре айтыс күйінде. Ақынның “қарсыластары” көбінесе қыздар болып келеді. Қыз бен жігіттің түре айтысы ойын-сауықтарда көп қолданылған. Бірақ, Абыл айтыстарына карағанда түре айтыс қазақта тек ойын-сауықтарда ғана емес, атақты ақындар үшін де кездескен жерде жедел айтыса кетуге лайық үлгі болғандығын көреміз” [66, 42 б.].

Ғалым Темірхан Тебегенов ақындар айтыстарын әдеби шығармашылық жөнінен зерттеуде ақындар айтысын (*соның ішінде XIX ғасырдағы айтыс та бар – Қ.М.*) 1. Мұсылмандық ағартушылық айтыстар; 2. Еларалық-ұлттаралық айтыстар; 3. Жазбаша айтыстар деп бөліп қарастырды [38].

Ғалым әдеби дамудың қисындарын ғылыми негізде қанық ұғыммен қарастырып, бай мұраның барша зерттеу нәтижелерін сіңіре отырып, жүйелеп, жинақтайды. Айтыстың даму сипатындағы заңдылықтарға іштен алып анықтама жасайды.

“Қорыта келгенде айтарымыз – дін тақырыбындағы айтыстар – мұсылмандық-ағартушылық мақсаттағы шығармалар. Қазақ халқының ежелден табиғатқа, Көктәңіріге, аспан мен жерге байланысты ұғымдары ислам дінінің бас кітабы Құрандағы сүрелердің тіршілік туралы мазмұнымен толық сәйкес келеді. Тәңірілік және исламдық танымның ұштасқан, тоғысқан қалыпта келуі – қазақ ортасындағы діндарлықтың негізгі сипатын көрсететін ерекшелік” [38, 49 б.].

Әсіресе жазба айтыстар жөнінен саралауда байыпты таным, байкампаз барлауға барады. Олардың бірнеше басты өзгешелігін ашып көрсетеді.

Айтыстың шығарма түрінің өрістеу негізін А.Шәріп әдеби дамудан ізлейді: “Міне, осы ғылыми дәлел-дәйектердің өзі-ақ айтыс жанрының әдеби дамудың (ауызша әдебиеттен жаңа жазба әдебиетке ауысу) барысында жедел трансформациялана бастағандығын білдіреді”.

XIX ғасырда айтыс жанры жаңа бір алымда көрінді. Дәстүрлі айтыс өленнің суырыпсалмалықпен бірге шығарма айтыс түрінде де жайылуы оның түрі мен мәніне нақтылы өзгеріс әкелді.

XIX ғасырдағы айтыс үлгілерін сыныптау қисындарын әлде де ойластырған дұрыс сияқты.

1. Орындалу шартына қарай бөлінетін түрі: 1) ауызша суырыпсалма айтыс; 2) шығарма, жазба айтыс.

II. Өлең түріне қарай: 1) жыр үлгісіндегі айтыс (Жетісу ақындары айтысы); 2) өлең (XIX ғасырдағы жаңа түр) үлгісіндегі айтыс (Арқадағы айтыс).

III. Айтыстың мәніне қарай бөлінген түрлері:

1) бас қағысу (қағытпа, қалжын) айтысы (“Кемпірбай мен Шөже”, т.б.); 2) ру айтысы (“Майкөт пен Құлмамбет”, т.б.); 3) әлеуметтік айтыс (“Сүйінбай мен Тезек төре”, т.б.); 4) дүние сырларын жұмбақтаған, діни білім таластырған жұмбақ айтыс (“Сапарғали мен Нұржан”, т.б.); 5) билік айтып, бітімге келтіріп отыру мәніндегі шешендік билік айтыс (“Түбек пен Қарқабат”, т.б.).

Дәстүрлі айтыстың жанрлық баюы, толысып, түрленуі осындай қисындарға қарай бастайтындай.

XIX ғасырдағы дара ақындар айтысының өзінен, оның құрылым, тіл қолданыс, мазмұн мән, дәстүрлі сипаты мен дәуір әкелген жаңалық өзгешелігін әрі қарай зерттей түсу – қажеттілік.



## 2 ЗАР ЗАМАН – ӘДЕБИ ДАМУДАҒЫ АЗАТШЫЛ, АЗАМАТТЫҚ ЖАҢА БАҒЫТ

Мұхтар Әуезов зар заман ағымы XVIII ғасырдың орта тұсында басталып, XX ғасыр басына шейін жайылған, XIX ғасырды тұтас қамтыған аса айқын әдеби арна болғандығын, оған XIX ғасырдың “бір сарынмен өлең айтқан” ақындарының барлығы кіргендігін айтты. Бұл жерде тұтас XIX ғасыр әдебиетін М.Әуезов “зар заманға” теліп қойды деген ұғым тумаса керек. М.Әуезов – XX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ XIX ғасыр әдебиетін барша бай үлгісімен, бар ерекшелігімен айрықша зерделеген бірден-бір әдебиет тарихшысы, әдебиеттанушы ғалым. М.Әуезов зар заманның күйіне орай, XIX ғасыр әдебиетін туғызушылардың шығармашылығынан қажетін ыңғайына қарай икемдеп отырып сөйлеуінде дәуір ақиқаты туғызған үлкен әдеби ағыстың жалпы әдеби үрдістегі құбылыстармен тоғысу, сабақтастық жөнінен бұл ағымның аса ықпалды ағым болғандығы жөнінен ой қозғап отырып айтқан.

“Бұхар жыраудан соң XIX ғасырдағы зар заман ақындарының басы Махамбет. Одан кейінгілері Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, бұлардан соңғы бір буын Абай мен тұстас ақындар” [15, 208 б.].

Нарманбет, Шернияз, Досқожа, Күдерікожа, Ығылмандардың заманы Абылай заманы емес, енді іс қана қалған, алыстан толғап, ойға тартамын деп отыруға болмай қалған заман екенін ұғындырады.

“Бұхар жырау заманынан келе жатқан бұрынғы әлеуметшілдік, ойшылдық сарынына Махамбет заманында ісшілдік қосылса, кейінгі ақындардың тұсында жаңа әсер сияқты болып дін мен мәдениет ісі кіре бастады” [15, 212 б.].

Мұхтар Әуезов “жүз жылдық әдебиетті” үш кезеңге бөліп, әр уақыттың өзіндік ерекшелігін, ортақ сарын аясындағы өзгерістерін атап-атап көрсетіп отыр.

1. Әлеуметшілдік, ойшылдық сарыны – Бұхар заманы.
2. Ісшілдік – Махамбет.
3. Дін мен мәдениет – Ыбырай.

Осындағы бір ғана дін төңірегінде, діни-ағартушылық сарын жөнінде бүгінгі әдебиеттану ғылымы қарастыра түсер көп жай бұтып жатыр...

“Зар заманның тұсынан бері қарай дін сарыны біздің әдебиетте жылдан жыл өткен сайын үлкенірек орын алады. Басы Шортанбайдан



басталған діншілдік (бұл жерде мін ретінде айтылып отырған жоқ К.М.), XIX ғасырдың аяғына келгенде толып жатқан дін киссаларына келіп соғады” [15, 212 б.].

Ел басынан өткен тарихтың ел әдебиетінде қалған ізі қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелуі, туралап айтсақ, Шоқан Уәлихановтың еңбектерінен бастау алды.

Әдебиеттің тарихилығы мәселесі арнайы қарастырылмағанымен, өткен XX ғасырдың өнбойында қай дәуірдің болсын әдебиетін қарастырған тұста қамтылып, айтылып отырды.

Қазақ әдебиеті тарихын жасаудың, қазақ әдебиетінің теориялық тарихын ғылыми негіздеудің басында болған А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде ел басынан өткен тарихтың әдебиетке әсері, көркем сөздегі ізі жайлы іргелі ойлар орнықты.

Қазақ әдебиетінің тарихын қай кезеңнен бастау, дәуірлеу мәселесінде кәрі тарихтың бар жайына барлау жасау, сол негізде әдеби құндылықтарымызды түгендеу, саяси-әлеуметтік, көркемдік тұрғыдан бағалау жүріп отырды. Мәселен, Ежелгі әдебиет, Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет, XIX ғасырдағы әдебиет, т.б. жүйесінде зерттеуде, негізінен, қазақ тарихындағы белгілі бір кезеңдердің қоғамдық-саяси даму сипаттары ұстаным болды.

М.Әуезовтің “Әдебиет тарихы” еңбегінің мәні мен қозғаған мәселесін қарастыра отырып, академик Серік Қирабаев былай дейді:

“Қазақ халқының тарихы өткен жолын шолу мен оған баға беруде, әдебиет туындыларын солармен байланыстыра қарастыруда Мұхтар сөзі алғашқы ғылыми ойлардың басы десе де боларлық. Ол мұны “Тарихи өлеңдер” мен “Зар заман ақындары” бөлімдерінде толық баяндаған. Оның “тарихсыз заманда” (тарихы жазылмаған деген мағынада) шыққан кітабындағы бұл ойлар да сонылығымен бағалы. Ол қазақ елінің кең даланы еркін жайлап жүрген заманындағы әдебиет үлгілерінде “Қайда барамын, не тілеймін, кім боламын?” деген сұрауларды өзіне қоймаған ел болғанын айта отырып, отаршылдықтың заманы туған кезде ғана әдебиетке “бағыт, мақсат” деген нәрселердің туғанына, жаңалық іздеп, “бастаймын, түзеймін, қазіргі күйге қанағаттанбаймын” деген күй, бірлік, алғашқы рет тұтасқан ой құралып, әдебиет жүзінде елдің әлеуметтік тіршілігі сөз бола бастағанына, содан бастап жазба әдебиет дәуірі туғанына тоқталады. Осылардан бастап әдебиет “Әлеумет халін ұғып, ел камын

жоқтауға кіріседі. Өлен бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірімен тілек, мақсат, мұң, зар сияқты сөздерінің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт-санасын құрай бастайды” дейді ол” [124].

Мұхтар Әуезовтің “Әдебиет тарихы” еңбегінде зар заманға артқан жүгі ауыр, тұтас бір дәуір, орыс отаршылдығының кезең-кезеңімен жүргізген саяси ықпалынан ел басына түскен салмақтың бар күйі.

Мұхтар Әуезовтің зар заман ағымын тұтас бір дәуір әдебиетінен айқындауында оны ХІХ ғасыр әдебиетіндегі бір ғана әдеби бағыт есебінде қарастырмағандығын әр уақыт есте ұстай отырып, оның зар заман жөндерін қисындауының аргы астарларына үңіле түсу, мүмкіндігінше тұтас танып, дұрыс қабылдау ғылым жөні.

Мұхтар Әуезов зар заманның дәуір, кезеңдері зар заман әдебиетін туғызған акындарға байланысты ойларының әріге тартып жатқан сырларына нақтылы мәселелер жөнінен арнайы назар аударған академик Серік Қирабаев осы жөнінде көп ізденіске бастайтын ойлар тастайды. Ғалымның әсіресе: “Сондықтан да Мұхтар зерттеуінде Махамбет пен Ыбырайдың зар заман әдебиетіне жақындайтын тұсы көбірек сөз болады да, одан айрылатын тұстары кең ашылмайды, басқа шығармалары талдаудан сырт қалады” деген пікірі Махамбет пен Ыбырайдың қазақ әдебиеті тарихындағы орны белгілі бір дәрежеде әбден танылып, орныққан ендігі кезеңнің шындығы ұсынып отырған олардың зар заманнан айрылатын тұстары мейлінше ашылған ақиқатты ғылыми негіз ете отырып, атап көрсетуімен ұтымды.

Ал, “Махамбет пен Ыбырайдың зар заман әдебиетіне жақындайтын” тұсына Мұхтар Әуезовтің негіздежелерін арқау ете отырып және бір қайырылып қарағанда, зар заманның тарихына Мұхтар Әуезовтің бұл тұлғаларды қосу жөндерінің себебіне бастайтын өмір шындығы мен әдеби үрдістің қайсыбір тоғысу құбылыстарының сыры терең.

Әсіресе әдебиеттің тарихилығы, зар заман ағымының тарихилығы жөнінен келіп отырған тұста шағын мақаланың өзінде Мұхтар Әуезовтің зар заманға байланысты әрбір тұжырымын мейлінше ауқымды алыммен, әдебиет тарихы, әдебиеттану ғылымының нәтижелері аясында жүйелеген академик Серік Қирабаевтың ұстанымдары осы бағыттағы таным-пайымымызды бекіте, кеңіте түсуге міндеттейді.

С.Қирабаев М.Әуезовтің “Әдебиет тарихы” еңбегі зар заман әдебиетін негіздеуі, казак әдебиетінің бай мұрасы әлі де тұтас ғылыми айналымға түсе қоймаған кезеңде, әдебиеттану ғылымы өрісін өсіре қоймаған тұста жазылғандығын (1927 жыл), сол себебі де ғалымның қайсыбір негіздемелеріне қайта үнілудің қажеттігін меңзейді.

Осы жөнде Махамбет пен Ыбырайды Мұхтар Әуезовтің зар заманға қосу себептерінің негізіне ой қосқанда оны да Мұхтар Әуезовтің өз зерттеуінен ала отырып, өрбіту қажет.

М.Әуезов Махамбетті зар заманның “ісшілдік” кезеңіне, Ыбырай Алтынсаринді “дін мен мәдениет ісі шыға бастаған” кезеңіне қосуында, С.Қирабаев айтып отырғандай “отаршылдықтың әр қилы дәуірді бастан өткізгеніне” орай жүйелеген.

Зар заман әдебиетін тарихи жөнде аса айқын зерделеген Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқанов зар заман сарынының күшейген уақыты казак жерінің соғыс отарына жер отарына айналған уақыты деп атап көрсетеді.

Мұндағы “соғыс отары” болған кезең қарапайым ұғыммен ұлт-азаттық көтерілістер кезеңі. “Жер отары” – ұлт-азаттық көтерілістер жеңіліп, казактың жерінің мемлекет меншігіне көшкен кезеңі, 1967-68 жылғы жер реформасынан кейінгі уақыт.

Мұхтар Әуезов зар заманды шартты түрде “Жүз жылдық дәуірдің” әдебиеті атап, оған шындығында Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейінгі дәуірді тұтас кіргізіп, оның өзін үш кезеңге бөлгені қазірде көпке белгілі жүйе.

Мұхтар Әуезов Абылай заманындағы зар заман ақындарын екі жікке бөліп қарады. Бірі – келер күннің жұмбағын шешіп, елге үлгі, өсиет сөз сөйлейтін, болжау айтқан қария. Екіншісі – толғау айтқан жырау. Қариясы – Асан. Жырауы – Бұқар. Асан бұл жөнінде Абылай дәуірінде өмір сүрмегенімен, шартты түрде хан маңында болуға тиісті ақылшы қариялардың жиынтық бейнесі ретінде аталған. Асан – М.Әуезов пайымдауында ең алдымен елдің ақылшы кеменгері, заманның сыншысы, қырағысы.

Мұхтар Әуезов Нарманбет, Шернияз, Досқожа, Күдері қожа, Нысамбай, Ығылмандардың заманы Абылай заманы емес, енді іс қана қалған, алыстан толғап, ойға тартамын деп отыруға болмай қалған заман екенін ұғындырады.

“Бұқар жырау заманынан келе жатқан бұрынғы әлеуметшілдік, ойшылдық сарынына Махамбет заманында ісшілдік қосылса, кейінгі

ақындардың тұсында жаңа әсер сияқты болып дін мен мәдениет иісі кіре бастады” [15, 212 б.].

М.Әуезов зар заманды әдебиеттегі елеулі бағыт ретінде тұтастанытып, аштым деген жоқ, оны жан-жақты негіздеудің мәселелерін қойды.

“Қазіргі қарастырылғалы отырған зар заман ақындары – сол ел қамын сөзбен жоқтаған жоқшылар. Бұлардың туысы мен бағыт сарыны ел басына келген тарихи дәуірден туғандықтан, барлық ақынды тарих көлемінде қарастыру керек” [15, 93 б.].

Осы жолмен келгенде, бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымында “барлық ақынды тарих көлемінде қарастыру” (М.Ә.) ісі бір ғасырға жуық уақыттан бері қозғалып, қолға алынып, жалғасын тауып келе жатқан ғылыми үрдіске айналды. Қазақ әдебиеттану ғылымында қазірде арна-арна, сала-сала болып ілгерілеп дамып отырған жеке тұлғаның шығармашылығының зерттелу негіздері бар. Абайтану, махамбеттану, шортанбайтану, дулаттану, жамбылтану, сәкентану, т.б.

Махамбет Өтемісұлының тарихи дәуір туғызған асыл өлеңі, әрине, бүгінгі махамбеттану өрсінен ашқанда зар заманның күйі жайлы жалпы ұғымға жығылмайтын алапат өнер. Сонымен бірге, тарих көлемінде қарастырғанда Махамбеттің поэзиясы – отаршылдықтың “ісшілдік кезеңі”, ой толғап отыру қалып, қазақ орысқа бағынбаймын деп, қолына қару алып азаттық күреске шыққан тарихи кезеңнің тікелей жемісі. Мұхтар Әуезов зар заман дәуіріндегі әр кезеңнің өз сарыны, өз күйі болғанын, өз ерекшелігін, сонымен қоса бар кезеңді қосқан күй азаттық сарыны болғандығын анық айтты.

XIX ғасырдағы отаршылдық тарапынан жүргізілген түрлі саяси-әкімшілік, әлеуметтік пәрмендер әр кезеңнің өз ішінде әр қилы, әр келкі таным, көзқарастың болуына әр қилы әрекетке әкелгендігі заңдылық. Мәселен, дін мен мәдениет Ыбырай Алтынсариннің тұсы деп көрсетілгенімен, бұл кезеңге Шортанбай да, Мұрат та, т.б. ақындар да кіреді. Негізінде М.Әуезов Шортанбайдағы діннің жайын да, Ы.Алтынсариннің XIX ғасырдағы ұлт оянушылығының басындағы тарихи еңбегін де белгілі бір тарихи кезеңнің табиғатындағы құбылыстар есебінде таниды. Ілгеріде әдебиет тарихын дәуірлеудегі қайсыбір шарттылықтар жөніне тоқталған едік, бұл мәселенің сол жайға да қатысы бар, әрине. Сонымен бірге, М.Әуезов қазақ жерінің мемлекет меншігіне өтіп, елдің “жер

айналған тұсындағы заман шындығы бодан елдің әдебиетіне қандай-қандай бағыт туғызғанын таратып ұғынуды, ашып, ажыратып қарауды ұрпақ еншісіне калдырған.

Сол үшінші кезеңдегі бір ғана дін ұғымы, діни-ағартушылық сарын жөнінде бүгінгі таным үніле түсер мәселе аз емес.

“Зар заманның тұсынан бері қарай дін сарыны біздің әдебиетте жылдан жыл өткен сайын үлкенірек орын алады» [15, 212 б.].

Дін қиссаларының таралу себептері, жалпы XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы дін жайы, дін саясаты жайлы қазіргі уақытта біршама жинақталған, жүйелі таным орнықты.

Біздіңше, XX ғасыр басында зар заман әдебиетіндегі дін сарынын Мұхтар Әуезов те өзімен өрістес, қазақтың озық ойлы адамының бірі Халел Досмұхамедұлының мына бір тұжырымындағы негізде қабылдап, бағалаған.

“Қазақтың жазба әдебиетінің негізін мұсылманша оқыған, сауатты ақындар салғаны сөзсіз. Сондықтан да жазба әдебиеттің алғашқы үлгілерін халық поэзиясының діни және гибраттық түрлерінен іздеу қажет”.

Осыған ұқсас ойды XIX ғасырдың ішінде шығыстанушы В.В.Радловтың да айтқаны белгілі [89].

Көрнекті ғалым профессор Бейсенбай Кенжебаев діни ағым, әдебиеттегі дін жайы деген мәселелермен, әсіресе XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін зерттеуінде жиі-жиі ұшырасып отырды.

“Қисса-сұл Әнбияны” (1969 ж.) талдауы қандай орынды. Ғалымның “діни” дегеннен ешуақытта шошымау позициясын ұстанғаны осыдан-ақ көрініп тұр [125].

Қазақ әдебиетіндегі зар заман ағымының айтулы өкілі саналатын Шортанбай Қанайұлын замана көшінде “діншіл” шеттетудің түп-төркінінде бұғып жатқан көп мәселе бар. Оның бір ұшы мүлде жана әдеби үрдіс туғызған Ыбырайды да, Абайды да шарпиды. Ол – әдеби дамудағы тарихилық құбылыстың заңдылығы алға тартқан табиғи даму сатысының бір сипаты.

Бір кездерде айыптай айтылған Шортанбайдағы дін жайының, үреймен, жеккөрушілікпен аталған “мұсылмандық қозғалыстың” қазақ даласында жандану себебінің бір ұшы Ресей империясы тарапынан жүргізілген қазақты дінсіздендіру саясатымен жалғасып жатыр.

Зар заман әдебиетінің айрықша бір белгі, сипаты саналған діни бағыттың, діни ағым, сарынның бар жайы дияшiл аталған бiр Шортанбай дүниетанымымен шектелмейдi.

Ыбырай Алтынсариннің зар заманға, оның ішінде діни жөнге қатысы болуының даусыз тарихи алғышарттары бар.

Шортанбай, Ыбырай заманындағы дiн жайына тоқталғанда дәл сол заманда халық ішiнен әдебиет үлгiлерiн жинап зерттеген, оған баға берген В.В.Радлов пікірлері де бiраз сырдың астарын ашады.

В.В.Радловтың ғылыми-зерттеушілік еңбегінің, қазақ әдебиетінің ғылыми сипаттамасын жасауының құны өлшеусіз. Алайда Ресей империясын халықтың басқа күйі көбірек ынтықтырғандықтан да ғалым империяға аса қажет мәліметтерді алға тарта сөйлейдi.

М.Мырзахметов өзiнiң “Ыбырай және профессор Ильминский” мақаласында әдебиетiмiздегi дiни сарының күшейе түсуiне үлкен ықпал жасаған миссионерлік саясаттың беймәлім тұстарын нақтылы дәлелдермен аша түседi. Ол Әбен Сыбанұлы деген адамның 1963 жылы 25 желтоқсанда көшiрiлген қолжазбасына тоқтала келiп, былай дейдi: “Бiр назар аударатын мәселе, осымен бiрге осы қарияның қолжазба көшiрмесiнде патшаның ресми түрде жүргiзiлген миссионерлік саясатына қисса-дастандардың жиi таратыла бастауы, тiптi қазақ әдеби тiлiнiң шұбарлану процесiн де осы саяси құбылыспен тiкелей байланыстыра қарау танымы айқын сезiлiп тұрады” [90, 111 б.].

Ш.Сәтбаеваның Ы.Алтынсариннің 1884 жылы Қазан университетi типографиясында араб харпiмен жарық көрген “Шариат ул-ислам” кiтабына (“Мұсылманшылықтың тұтқасы”) тоқталуы, талдауы халқымыздың мәдени тарихында дiн мәселесiндегi көзқарасымыздың көкжиегiн кеңейтiп көтере түсетiн елеулi зерттеу.

“Дiни кiтаптарды: “Библияны”, “Құранды” зерттеу, талдау жасап, түсiнiктемелер жазу iсi орта ғасырда экзегетикалық (дiни негiздердi түсiндiру) дәстүрi қалыптасады.

Бұл дәстүр көптеген әдебиеттердiң тарихында дамыған. Мысалы, грузин әдебиетiнiң Х-ХII ғасырлардағы дамуы осы экзегетикалық дәстүрмен байланысты” [90, 199 б.].

Ш.Сәтбаева бұл дәстүрдiң ежелден бар екенiн атап айтып отырады.

Ыбырай Алтынсариннің “Мұсылманшылықтың тұтқасы” [126], Абайдың иманның жайын, дiннiң жайын қозғаған қарасөздерi [13, 38 т.б.] кейiнде Шәкерiмнiң “Мұсылмандық шарты” (1912) [128] сол

діннің жайы, діннің негіздерін ұғындыруды ұстанған еңбектер. Дін негіздерін ұғына түсудің рухани қажеттілігі өз алдына, сол заманда бұл мәселенің нәзік саяси астары болғандығы белгілі.

М.Мызахметов сол тұстағы діни, рухани саясат, зымыян әрекеттердің астарын ашуда нақтылы жағдайларды арқау етеді.

Патша үкіметінің әуелден құпия сақтап келген миссионерлік саясаты енді ашық әрекетіне, бұратана халықтарды православие дініне шоқындырып, орыстандыру саясатына ашық кірісе бастаған тұста қазақ қоғамында килы ахуалдың бастан өткенін тарихтын алға тартқан ендігі бір саяси сілкініс кезені болғанын көрсетеді.

“Міне, осы саясаттың ызғары лебін сезген қазақ арасында ескіше оқыған ақын-жазушылар орыстандыру саясатына қарсы идеологиялық күрес жүргізіп, қазақ әдебиеті тарихында ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен Қазан төңкерісіне дейін созылып келген кітаби ақындар шығармаларында діндарлық сарынның өріс ала бастауына қозғау салды. Осы кітаби ақындардың пайда болу, даму, тоқталу процесіне көз жіберсек, оның не себепті пайда болып, аяқталу себебіне көзіміз жете түседі” [129].

Қазақ әдебиетіндегі (ХІХ ғасырдағы) діни мазмұндылық жайын Ахмет Байтұрсыновтың діндар дәуір атап, қарастырғаны белгілі. Қазаққа жазу дінмен келді дейді. Дін үйренушілердің халыққа өлең сөздің өтімділігін пайдаланып көп жайда дін уағыздарын өлең-киссалармен таратқанын айтады. Сол орайда Шортанбайға назар аудара кететіні бар: “...кожалардың, молдалардың ішінен Шортанбай, Ақмолда сияқты ақындар шыққаннан кейін жазба сөздері бітегене дәмділенген” [14, 435 б.].

Қазақ әдебиетіндегі, қазақ руханиятындағы діни сарынның қырсырына Ахмет Байтұрсынов аса байыппен ой тастап, мәнді тұжырымдар жасады.

“Бастапқы жазба әдебиетінің мақсаты – дінді жаю, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің бас мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болады. Сөйтіп, жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінді: діндар дәуір, ділмар дәуір” [14, 435 б.].

ХІХ ғасырдың орта шенінде әсіресе жандана түскен миссионерлік саясатқа қарсылық ретінде бой көтеріп, етек жайған діни-ағартушылық мұраттарға Мұхтар Әуезов зар заманның үшінші – дін мен мәдениет иісі шыға бастаған кезеңіне қатыстыра атаған Ыбырай Алтынсариннің қосылатын тұсы қайсы дегенде, Ахмет Байтұрсынов атаған “дінді жаю, дінді күшейтуді көздеген, тілді

ұстартып, әдебиетті күшейткен жазба әдебиеттегі екі мақсаттың” екеуін де *(тек екінші емес – Қ.М.)* көреміз.

## 2.1 Махамбет поэзиясының дара поэтикалық негіздері

Ұлттық рухтың өшпес жалыны Исатай-Махамбеттің тарихи тағылымы жайлы кеңінен қозғап, толғаныс тоқтам айтқан келелі сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Махамбеттің азаттық жолындағы күрес-ғұмырын бар қырынан алып ардақтай, аялай сөйлейді: “Әдетте Махамбет туралы, Исатай мен Махамбет басқарған ұлт-азаттық қозғалысы жайлы айтылғанда олардың Бөкей Ордасын басқарған Жәңгір ханға қарсы бағытталғаны көп айтылады. Меніңше, бұл жаңсақ пікір.

Исатай-Махамбет қозғалысы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған халық көтерілісі болған.

Патшалық өкіметшіл саясат қазақ даласына біртіндеп басып кіріп, оны билеп-төстеудің үш сатылы реформасын жасап, әуелі ондағы дәстүрлі билік институттарын әлсіретуге ұмтылды.

Онымен қоймай, қазақ жерін аумақтық тұтастықтан да, ұлттық тұтастықтан да ада қылуға күш салды. Осындай шұрайлы жерлерінен айрылып, алдындағы малы, жолындағы жайлауы қолды бола бастаған тұста Исатай мен Махамбет тәрізді “ел қамын жеген Едігелердің” қол қусырып қарап жатқаны мүмкін де емес еді.

Әйтпесе, Сырым, Қаратай, Атақозы, Көктемір, Тіленші, Жоламан, Кенесары, Жанғожа, Есет, Арынғазы, Досан, Байзақ көтерілістері мен Ақмешіт, Түркістан, Әулиеата, Мерке, Ұзынағаш шайқастарының барлығын өзара теке тірестен шыққан талас-тартыс ретінде мүлде теріске шығаруға тура келер еді.

Сол сияқты он тоғызыншы ғасырда елді бодандық бұғауынан босату жолындағы бас көтерулер қазақ даласының әр түкпірінде өтіп жатты.

Олардың әрқайсысының өз Махамбеті болғаны да сөзсіз. Ал Еділ мен Жайықты қатар емген Атыраудың жалпақ Нарын өлкесінің “қызғыш құсы” болып шарқ ұрып, теңдік іздеген Исатай-Махамбеттің тағдыры отаршылдық жылдарында сахарادا ешбір толас таппаған көтерілістер эстафетасының бірі және бірігейі” [130, 13 б.].

Махамбет Өтемісұлының шығармашылық мұрасының қазақ әдебиеті тарихындағы орны өзгеше бөлек. Махамбеттің ақындығы



дәстүрлі поэзия мен жаңа үлгідегі әдебиеттің бөлек бір арнасы. Махамбет шығармашылығы XX ғасырдың басынан басылым көріп, зерттеушілер назарында болды. Ақынның ұлт-азаттық көтеріліс тарихына қатысын, өмірбаян деректерін, шығармашылық мұрасын өлең үлгісі, өрнегі жөнінен өзіндік тұрғыда ғылыми негізделген іргелі ілім – махамбеттану қалыптасып дамыды.

Махамбет Өтемісұлының, орыс отаршылдығына қарсы қару алып азаттық күреске шыққан, ұлт бостандығын іздеген жауынгер ақынның шығармашылық мұрасы – ұлтымыздың рухани игілігі. Қазақ сөз өнерінің белгілі бір кезеңдегі беласқан биігі, “алынбас” көркемдік камалы Махамбет Өтемісұлының аты әдебиет тарихында әріден аталып келе жатыр. XIX ғасырдағы Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы, көтеріліс тағдыры – Махамбет поэзиясының негізгі арқауы. Махамбет поэзиясын зерттеушілердің көтеріліс жайын үнемі қозғап, оның тарихи мәнін ашуға ұмтылыс жасап отыруы да сол негізде болып келе жатқаны белгілі жай. Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы орыс тарихшылары тарапынан XIX ғасырдың орта тұсынан бері зерттеліп келді. Біздіңше, ең әуелгі жан-жақты тарихи әділ баға – Халел Досмұхамедұлының көтеріліс сабақтарына қатысты тұжырымдары. Халел Досмұхамедұлының қазақ тарихындағы Исатай-Махамбет көтерілісіне байланысты тұжырымының аса құндылығын Мұхтар Әуезов атап айтады. “Тарихтың дәл суреттерімен толығырақ танысамын деген кісі болса, қазақ тілінде шыққан Халел Досмұхамедұлының “Исатай-Махамбет” жырының басына жазған баяншысы мен Қошмұхамбет Кеменгерұлының “Қазақ тарихынан” деген еңбектерін қарап өтсін дейміз” [16, 143 б.].

Тарихтың ел әдебиетіне ықпалын да ажыратып айту, атап айту үрдісі А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезовтен басталды.

“Исатайдың кимылы он тоғызыншы ғасырдағы ел әдебиетіне көп әсер берді. Исатайдың ісін дұрыстап ең әділ сөз шығарған беріш Қуан жырау. Алаша Сарыбопа бидің Қуан жыраудың сөзіне тоқталып, ұстаудың орнына Исатайға көмектес болғанын жоғарыда айтқанбыз. Екінші, Исатай туралы көп сөйлеген Исатайдың жолдасы Махамбет жырау. Махамбеттің сөзі өте көп болған. Орал, Торғай, Бөкейлік, Маңғыстау елдерінің арасында Махамбеттің сөздерін айтатын жыршылар күні кешеге шейін көп еді” [16, 74 б.].

Х.Досмұхамедұлы Исатайдың көтерілісі қазаққа өзінің ел екенін білдірді, жұрттын ұлт сезімін қозғады, қазақтың бірігуіне себеп болды деп баға берді.

Х.Досмұхамедұлы Исатайдың жаққан оты бір өшіп, бір сөніп қырық жылдай тұтанды, Исатай көтерілісінің соңы 60-70-жылдағы ауа болды дейді. “Полферов деген орыстың сынында 1860-1870 жылғы ауа” бұғауларына үйренген құлдардың көтерілісі еді. Х.Досмұхамедұлы көтеріліс сабақтарын саралауынан тарихи жағдайды тәптіштей ұғындыру үрдісінің негізін көреміз. Махамбеттанудағы белгілі бір дәуірдегі қазақ тарихын айқындау үлгісі осылай туып, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов еңбектерінде жалғасын тауып, әдебиеттанудағы өміршен үрдіске айналды. Х.Досмұхамедұлы Ресей патша үкіметінің қазақ еліндегі хандық билікті жою шарасын алғаш дұрыс бағалап, ұғындырған зерттеуші.

Халел Досмұхамедұлының айқындауында: Патша өкіметіне Исатайдың көтерілісі көп тәжірибе берді.

1. Төрелер арқылы қазақты ұстап тұра алмайтындығына көзі жетті.

2. Қазақтың о заманғы әлеуметшілігінің бір түрі ру еді, рулықтан туған батырлар, билер еді.

...Ру сезімін бәсеңдету үшін қазақты руға бөледі, әуелі бөлімге (частке), сардарлыққа (дистанцияға), местілікке бөлді. Кейінірек уезге, округке, болысқа бөлді. ...Қазақтың билікке өш сезімін қоздырып, елдің ішін қым-қиғаш талас қылды. ...Қазақтың ұлт сезімі, бірлік сезімі бірден-бірге кеміп, бара-бара далада қалды. Бұрынғы билердің орнына атқамінерлер мінді, бұрынғы батырлардың орнына барымташы ұрылар пайда болды.

3.Әбден езу үшін өкімет қазақтың шаруасын күйзелтіп, ...құртуға ойлады. Қазақтың жерін тартып ала бастады. Қазақтың арасына жемқор саудагерлерді айдады. Жұт көбейді. Ел жарлы бола бастады, экономика жағынан қазақ нашарланды, орысқа қол бола бастады.

4. Жайық бойындағы қазақтың көтерілісіне өнемейін сүйеу болып, тап беріп отыратын Сыр менен Маңғыстаудың елдерін шынымен бағындыруға кірісті.

...1830 жылы Маңғыстауға салған қорғанды қайта күшейтті. 1845 жылы Ырғыз бен Торғайға ескі қорған салды, 1846 жылы Орал теңізінің жағасына Райым деген қорған салды. 1848 жылы Қарабұтақ деген жерге қорған салды. Биленттеп қазақ жерін қағазға түсіруге ел ішіне бірнеше рет әскерлі комиссиялар жіберілді. ... Сөздің қысқасы,

Исатайдан соңғы он жылдың ішінде Жайық пен Сырдың арасын орыстың әскері шар қылды. Ел ішіне орнаған, ел қыдырған өкімет әскері қазақтың арасындағы қатынасты кемітіп, қазақтың бірлігін жоюға себеп болды. Әскерден сескеніп оза көшіп, кең жайыла алмай, жайлы қыстаулықты емін-еркін қоныстай алмай, жазы-қысы үркімен болып, қазақтың малы жұтқа шалынғыш болды [16].

“Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардағы әдебиетінің тарихынан очерктер” (1942) еңбегінде Сәбит Мұқанов Махамбет шығармашылығын “Бостандық күресі” бөлімінде қарастырады. Еңбекте көтеріліс тарихына байланысты кең, мол мәлімет бар. Тарихи жағдайдың тікелей әдебиетке әсері жағынан зерттелуі еңбектің құнды бір қыры.

С.Мұқанов көтеріліс тарихына қатысты зердеулеріне мынадай мәлімдеме берген: “Бұл очеркте біз, Исатай-Махамбет көтерілісінің кейбір негізгі справкаларына болмаса, жалпы жағдайына аз тоқтадық. Себебі ол туралы жазылған тарихи еңбектер көп. Біздің бұл очеркте көбірек көңіл бөлетініміз – бұл көтерілістің көркем әдебиетке әсері” [11, 3 б.].

М.Әуезов Махамбет поэзиясының қазақ әдебиеті тарихындағы орны жайлы аса кең айтқан зерттеуші. Соның ішінде Исатай-Махамбет, Кенесары көтерілісінің тарихи себептерін айқын айтты. Назар аударар бір жай М.Әуезов көтеріліске қатысты іс, қимыл, оқиға, соғыс сөздерін басым қолданады. “Исатай өз заманында зор іс істеп өтті”, “Исатайдың жорығын жырлаған Ығылман ақын”, “Ығылман анығында Исатай қолында болса да, сол оқиғаның артынан ел есінде қалған жанды әңгіменің қызуын өз басынан алғарған ақын”, “Бұл жорықтың алдында он жыл бойы созылған ұлы оқиғалар мына жырда көрінбейді. Сол себепті Кененің орысқа қарсы шыққан соғысы, өзбекпен жасаған соғысы болсын, яки кейбір қазақ руларымен кездескен ұрыстары болсын – барлығының жайын айтып, солар турасындағы соғысқа айдаған себеппен мақсатты жыр шеңберінен шығып алып баяндауды қисынсыз көрдік” – деп М.Әуезов көтерілістің отаршылдыққа қарсы бағытына баса назар аударады [15, 155 б.].

Қазақ тарихына, қазақ даласының тарихына енді кеңестік саясат бағасы бел алған тұста Мұхтар Әуезов 1933 жылғы әдебиет оқулығында көтеріліске енді таптық мән қосып “Ханға қарсы шыққан би көтерілісі” деп те бағалайды.

“Тартыс жаман әкімшілік жүргізген ханмен, сол әкімшіліктің өзге жолы үшін алысқан би тартысы болды”. “Жалғыз-ақ осы тартыс басталу, аяқталуында жаңағыдай бір тап ішінің [қанаушы үстем тап ішінің] бүлігі сияқтанса да орта кезінде өз көлеміне көпті, бұқараны тартып, бір жағынан патша өкіметіне қарсы арналған отар қозғалысы, ұлт бостандығының тартысы да боп кетеді” [131].

Көтеріліс тарихы, оның әдебиетке әсері Қажым Жұмалиевтің Махамбет Өтемісұлының өмірін, шығармашылық мұрасын тұтас қамтып зерттеген. Махамбеттану ілімінің іргесін бекітіп, өрісін кеңейткен еңбектерінде де жан-жақты бағаланды. Атап айтар бір жай Қ.Жұмалиевтің көтеріліс мәртебесін екіұшты, екіұдай пікірлерден Махамбет поэзиясындағы күрес үнімен, ұлы рухпен сабақтастыққа қарау арқылы арашалауы, қапысыз ақтап көрсетуі.

Қ.Жұмалиев – көтеріліс мәртебесін айғақтауда, оны арзан танымнан арашалауда, Махамбеттің әдебиет тарихындағы орнын айқындауда мызғымайтын ғылыми концепция жасаған зерттеуші.

“Официальная версия причин восстания сводилось к межличностным отношениям (док. №21) (*көрсетілген жинақтағы құжаттар бойынша* – Қ.М.), что опровергается включенными в сборник другими документами, а также исследованиями дореволюционных авторов” [132, 11 б.].

Исатай-Махамбет көтерілісінің тарихи мәнін Өнес Сарай жаңа бір қырларынан аша түседі. Автор Исатай-Махамбет тарихы – шын мәнінде Кіші Жүздің жарты ғасырлық тарихы дейді. Көтеріліс тарихын Отар елдің тағдырында ұлт мүддесін саудаға салушы мен ұлттық азаттығы жолындағы ұлы күреске азамат соғысын аша отырып араласудың тәлімін есебінде бағалауы да – Исатай-Махамбет тарихында айқындалып айтылмаған тарихтың бір ақиқаты. Зерттеушінің еңбектің сонындағы толғаныс сыры аймақтық әдеби мектеп дәстүрі дейтін мәселені де аша түсетіндей.

«Исатай-Махамбет көтерілісінде Жеңіс туын желбіреткен сәттер аз болмағанымен, шешуші ақтық айкастарда үнемі жеңіліс тапты. Отаршылдардың жаттыққан машықты әскеріне қарсы тұра алмады. Көтеріліс басшылары орыс әскеріне төтеп бере алмайтындарын алдын-ала білді. Бірақ, халықтың ыза-кегі кайнап келіп, құл болғаннан өлімді артық санайтын кезі болады. Исатай мен Махамбет халықтың осы ыза-кегінің жай-оғы еді. Олардың ойланбастан өлімге бас тігуінің сыры осында. Ал оны пәрменді идея ретінде халық көкейіне құйып, сарбаздардың санасына еккен – Махамбет. Ақынның

өлеңдерінде өмірді де, өлімді де тәрк еткен, ештеңеден тайынбайтын нартәуекелшілдік сарынының айрықша шарықтайтыны осында.

*Ат – жігіттің майданы,  
Қылыш – жанның дәрмені,  
Өлім – хақтың пәрмені.  
Атақты ермен бірге өлсе,  
Жігіттің болмас арманы.  
Бір Аллаға сиынып,  
Ұрандап жауға тигенде,  
Кім жеңері талай-ды.*

*Бір Аллаға сиынып,  
Кезенген жауға кез келдік.  
Жалаң қылыш бір атпен*

*Арғымақ жассыз,  
Ер малсыз.  
Алланың не берері болжаусыз.*

*Айғайласып жауға ти,  
Тәңірім білер, жігіттер,  
Ажалымыз қайдан-ды.*

Исатай-Махамбет пен көтеріліс сарбаздарының көзсіз батырлығы олардың тұтынған өмірлік философияларында жатты. Келер ұрпақ тура Исатай-Махамбет рухы – сол өмір жұртшылығының ер мінезі мен өршіл болмысын, біреудің астамдығына төзбейтін, ерегессе шалқадан құлап, шарт кететін ер мінезі мен өршіл болмысын қалыптады” [133, 399-400 бб.].

Бүгінде өрісті ғылым арнасына айналған махамбеттану тарихы – Махамбет поэзиясының құндылығын ашып-айқындау, ғылыми негіздеудің тарихы. Махамбеттің көркемдік әлемін тану – Махамбеттің ақындық алымын көрумен бірге белгілі бір дәрежеде қазақ өлеңінің табиғатын тану. ХІХ ғасырдағы поэзияның дәстүрлі үлгілерін өзгешелік сипаттарын шолу. Сол орайда қазақ әдебиеттану ғылымы Махамбет поэзиясын жанрлық, сөз айшықтау тәсілдері, сөз қолданыс, өлең үлгісі, өлеңдік құрылым жөнінен қарастыру арқылы қазақ өлеңінің теориясын байытты, негіздеді.

Х. Досмұхамедұлы Махамбет жайлы әрі батыр, әрі жырау, әрі домбырашы болған. Жыраулығы күшті болған Махамбеттің сөзі өте көп болған. Көбі жойылған. Орал, Торғай, Бөкейлік. Маңғыстау елдерінің арасында Махамбет сөздерін айтатын жыршылар болды. Қолымызда Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқанының ел ішінен жиналған бірнеше нұсқасы бар. Бұл өлең Әлімұлы, Байұлы, Жетірудың арасында кең жайылған. Айтушылардың көбі Махамбеттің түрлі сөзін қосып шатастырып айтқан. Жетірудың ішінен жиылған нұсқаларда қателер өте көп, кейбір жерде сөз негізгі өзгерген деген мәліметтер береді. Бастырушылары Мұрат – Ығылман деп атайды.

Халел Досмұхамедұлы шығармаларының туу себептерін “ХІХ ғасырдағы ел әдебиетіне көп әсер берген” (Х. Досмұхамедұлы) Исатайдың қимылымен байланысты қарайды. Махамбет мұрасының сақталу, жиналу, басылым жөнін, текстологиялық мәселелерін алғаш мәселе етіп қойды. Исатайдың тарихи тұлғасы, Махамбет өлеңдеріндегі Исатай батыр бейнесі жайлы айтты. Сол тоқталған жайлар арқылы Халел Досмұхамедұлы Махамбет акындығын зерттеудің өзекті мәселелерін қозғал кетті. Махамбет өлеңдерінің сол кездегі бар шығармасының толық жинағын шығарды. Махамбеттанудың негізін салды.

“Қанды көйлек жолдасты сары алтындай сақтаған Исатай еді. Жолдасы Махамбет батырдың сөздерінен, ел ішіндегі әңгімелерден Исатайдың көпті бастауға ылайық мінездері анық көрінеді. Исатай нағыз батыр. Орынсыз мақтанның батыры емес, керек орында батыр” [16, 72 б.].

Мұхтар Әуезов Махамбеттің қазақ әдебиеті тарихындағы орнын, Махамбет поэзиясының биігін теориялық жақтан алғаш толық негіздеген зерттеуші. Мұхтар Әуезовтің махамбеттанудың өрісін ұзартқан зерттеулері әуелде “Әдебиет тарихындағы” (1927), “Тарихи жырлар”, “Зар заман ақындары” тарауларында берілді. М.Әуезов Махамбеттің әдебиет тарихындағы орнын “Бұхарадан соңғы Зар заман ақындарының басы Махамбет” деп “Зар заман дәуірінің екінші, ісшiлдiк кезенi Махамбеттiң тұсы”, т.б. көрсеттi. М.Әуезов 1933 жылғы “Қазақ әдебиетi” оқулығында (7-кл. арналған. Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдасбековпен бiрiгiп жазылған). Махамбет Өтемісұлының өмірбаян, шығармашылық мұрасынан толымды мәлімет бере отырып, Махамбет поэзиясының көркемдік сипатын алғаш рет теориялық негізде кең қамтып қарастырады. “Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ

ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. Бұның сөзі деген сөздің кесектік ірілігінен басқа молдығы да жеткілікті екен” [131].

Осында Махамбеттің ақындық жөнін М.Әуезов ұлы поэзияның бар асылын ғажайып сезімталдықпен, сұңғыла таныммен сұқтана, суырыла баяндайды. “Осымен Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз боп, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы сияқтанып та жүрген”.

“Бүкіл ХІХ ғасыр әдебиетінде кимыл мен күрес жырын Махамбеттей қып жырлаған ерекше ақын болған емес. Алды да, арты да бір өзі сияқты”. М.Әуезов Махамбеттің күрес жырын шығарылу себебіне қарай үш кезеңге бөліп қарастырды.

“Бұл ретте алдын ала айтып өтетін нәрсе: тақырыбы біреу ғана болғанымен, ақын сол тақырыбын әр кезде әртүрлі баян етеді. Сонда бір кезінен, екінші кезінің айырмасы: әр уақыттағы істің халіне орай. Содан туған ақын халінің айырмашылықтарына орай кеп отырады.

Мысалы, алғашқы кезде бұлар соғысып жүреді. Ол кездегі көңіл екпіні, сөз тасқыны да бір алуан, өзгеше. Одан кейін жеңіледі. Бұдан туатын көңіл күй екінші түрде. Ең аяғында қашқын-пысқын болып, жүдеп-жадал жүріп хан-төреге жай-күйін айтып, жәрдем дәмтетін халге келеді. Ондағы күй-қалып тағы бір басқа. Міне, Махамбет шығармаларының осындай үш кезең, үш дәуірі бар. Тексеруді де осы ізбен беттету керек” [131].

М.Әуезов Махамбеттің өлең үлгісіндегі өзгешелікті анық көрсетіп айту арқылы Махамбет поэзиясының теориялық негізделу мәселеріне қарай бұрылыс жасады. Кейінде әдебиеттану ғылымында, өлең сөздің теориясында құрылым жөнінен үнемі назарда болған Махамбеттің “Ереуіл атқа ер салмай” өлеңінің өзгешелігін көрсеткен М.Әуезов пікірі ХХ ғасыр басында айтылған. Қазақтың өлең өзгешелігін танудағы тын түйін. Өлең құрылымындағы дәстүрлі желілерді қарастыра отырып, М.Әуезов нақтылы теориялық негіздеме жасайды. Өміршең қисындарын ұсынады.

“Ереуіл атқа ер салмай” Махамбеттің барлық өлеңдері сияқты ауызша айтылған, тыңдаушыға қолма-қол суырылып беріліп отырған өлең. Сол ретіне қарай, сапылдатып бір-ақ желдіртіп өткен бір шумақ өлең. Мағына жағынан ұзақ бір сөйлем есепті. Қатар жарысқан неше алуан ойдың байлауы “ерлердің ісі бітер ме?” деген аякқы жол. Ауызша айтылған желдірме болғандықтан ұйқасы кейде келіп, кейде келмейді.

М.Әуезов Махамбеттің осы өлеңіне түсініктеме беруінде қазақ жырының оның ішінде ауызша жырдың арғы-бергідегі өзіндік сипаттарын саралайды. Қазақ әдебиетінің теориялық тарихын түзуде М.Әуезовтің осы теориялық негіздемелері кейінгі қазақ өлең құрылысын зерттеушілер аса назар аударып зерттеген қисындарға айналды.

Махамбет өлеңдеріне тоқталғанда М.Әуезов ауызша жырдың бірнеше ерекшелігін атап-атап айтты.

Ол бір жерінде қат-қабаттап кетіп, өзге бір жерінде шанжау-шанжау түсіп, тырағайлап отыратын ұйқас; сөз қыздырмаға айналған сайын аяқтағы ұйқас айнығыш; қазақтың ертеректегі ауызша жырында екпін-тасқын аяқтағы ұйқастан шықпайды; сөз-сөздің басында келетін дыбыстар күйімен, үндесетін орайынан шығады.

Махамбет өлеңінде жатқан ілгерідегі ауызша жырдың, Бұхар үлгісінің өрнегін аша отырып, М.Әуезов Махамбет сөзіндегі қазақ жырының ендігі өзгелешік, ендігі алымын да тап басып табады, танытады.

Махамбетте жалартпа, тұспал сөз, ой көмбесі жоқ, нақты, тура сөз. Оның “Ереуіл атқа ер салмай” жыры екпінді, келте, кесек бір кимыл жыры. От шашқан, іші-тысы бірдей тұтас жыр. Бұл жыр – көтеріліске үндеген жыр.

“Толарсақтан саз кешіп” тұсында уақиғаның беті өзгерген. Ақынның халі өзгерген. Сыртқы халі жеңілушінің халі. Енді жырда ашу серпіні жатыр. М.Әуезов Махамбеттің “Арғымақтан туған қазанат”, “Баймағамбетке айтқаны” өлеңдеріндегі ақын халін анық жеткізеді. Оның жеңілмейтін рухын өлеңінен таниды, танытады. “Жеңілдім деп бас ұру жоқ, кішіреймек емес” дейді. Сыртқы халі ғана жеңілушінің халі, осы бірнеше өлең төңірегінде М.Әуезов Махамбеттің ақындық рухын ақындық алымын, өлең жасаудағы әдіс-тәсіл, шеберлік сырларын тұтас таниды, тұтас көреді. Тұтас түйінмен тұжырымдайды.

“...Бұрынғыша тізбек суреттерді (қоспақтың баласы, шабақ, қылқан, деген сияқтыларды) іштей байланыстырып, не қарсы қоюмен, не үйлестірумен байланыстырып отырып, алғашқы бірбеткей ереуіл-қарсылық шабуыл сарынымен бітіреді” [131].

Қазақтың жыр семсері Махамбетті XIX ғасыр әдебиетінің ғана шеңберінде қарастыру, жалпы біздің әдеби мұрамыздың құндақтап, құрсаулауға көнбейтін дәстүрлі, сабақтас, желілі құбылыс екендігі сияқты – мүмкін емес нәрсе.



Махамбет ақын шығармаларының текстологиясына байланысты бір пікірталасты тұжырымдай келіп, академик Зейнолла Қабдолов былай дейді: “Махамбеттің әр сөзі құйылған құрыш, қорытылған қорғасын. Оны оңдеп-жөндеймін деп жасытпау керек. Махамбет пен Абайға редакция жүрмейді”.

Абаймен иықтас асылымыздың бірі – Махамбет поэзиясы күні-бүгін әр қырынан зерттеліп-зерделенді.

Қазақ өмірінің аласалыран заманалар тоғысында туған ұлы поэзияның әлі де ішке бүккен сыры көп. Сол сырлар, әсіресе, XX ғасыр басында “барымызды түгендеп, жоғымызды табамыз” деген тарихи миссияның кесек тұлғаларының зерттеу, зерделеулерінде жатқаны даусыз. Сол тұста қазақ тарихының, қазақ тағдырының ақиқат беттері жазыла бастаған...

“Бұхар жыраудан соң XIX ғасырдағы зар заман ақындарының басы – Махамбет. Одан кейінгілері Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, бұлардан соңғы бір буыны Абаймен тұстас ақындар”. Абылай тұсынан кейін зар заман ақындарының саны кобейіп, сарыны күшейген тұс Кенесары, Исатай дәуірі деп, М.Әуезов Махамбет шығармаларын саяси мән жағынан талдайды. Әсіресе көтеріліс алдында туған жырларға баса көңіл аударған. Ығылман ақынның “Исатай-Махамбет” жырына тоқталып ұғындырған тұста да Махамбет тұлғасы әр қырынан барланды.

Кейінде махамбеттануда жалғасын тапқан, бүгінде де қарастыра түсуге зәру бір мәнді мәселенің – Махамбет поэзиясының дәстүрлі жыраулық өнермен туыстығы дейтін жайдың Х.Досмұхамедұлы жасаған жалпы тұжырымнан соң алғаш М.Әуезов зерттеуінде ғылыми негізі бекіді.

М.Әуезов Махамбет ақындығын дәстүр жалғастығы аясында танып, талдады. Бұхар жырау толғауларымен байланыста қарастыра, салыстыра отырып мынадай түйін жасайды:

Махамбет өзінен өзі шыққан жоқ, әдебиетте де, тарихта да атағы бар Бұқар – салт-сана жүзіндегі төркіні. Оның өлең түрінде Бұқармен жақындық бар. М.Әуезов ауызша жырдың ерекшелігі табыстырып жатқан туыстық-тұтастықты көлденең тартады. Мұның өзі тек Бұқар емес, жалпы жыраулар поэзиясының үздік үлгісімен Махамбет жырының тұтастығы, туыстығын өзіндік нұрын айқындау еді.

Махамбет поэзиясының, ақынның асыл сөзінің жарқ-жұрқ еткен бір қыры – жыраулар поэзиясымен үндес тұстары. Арнау сөз, ханға қасқайып мін, сын айту, жауынгерлік рух, батырлар бейнесі...

Махамбет толғауларында жыраулар поэзиясының дәстүрлі шартының, ерекшелігінің бірі дәстүрлі қолданыстар мол.

*Балдағы алтын құрыш болат,  
Ашылып шапсам деп тартар  
Сусыным қанға қанар деп, –*

мұны Шалкиіз жырау айтқан. Махамбет Қазтуғаннан да, Шалкиіз, Доспанбет, Ақтамбердіден де сөз үлгісін мейлінше көп алды.

Құлмат Өмірәлиев “XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі” монографиясында (1976) Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі поэзия үлгілерімен байланысын арнайы қарастырды.

Академик Зәки Ахметов, профессор Рабиға Сыздықовалар Махамбет толғауларындағы байырғы сипаттарға назар аудартты.

Жыраулар поэзиясының негізгі бір қыры – афоризм, нақыл сөз. Бұл жөнінен де Махамбет поэзиясы – жырау үні.

Сәбит Мұқановтың Махамбет ақындығы, шығармашылық қырлары жайлы айтқан пікірлері нақтылығымен, мәселенің айқын қойылымымен махамбеттанудың өрісін кеңітті. Махамбет өлеңдерін жазып шығарды ма деген мәселеге көңіл бөлді. “Тарихи деректерге қарағанда Махамбет мұсылманша хат білген. Бірақ, акын Махамбет, өзінің жырларын жазды ма, жоқ па? – одан сақталған тарихи дерек жоқ. Оның өлеңдері ауыздан-ауызға көшіп, халық аузында ғана сақталған” [11, 64 б.].

Х.Досмұхамедұлы Махамбеттің Баймағамбетке айтқанындай ешбір ханға айтылған жоқ десе, С. Мұқанов: “Үшінші – әрине, Махамбет жырларында, Махамбеттен бұрын жасаған ақындық, Махамбеттен бұрын жасаған батырлар туралы, олардың қайраттары туралы айтылған жырладың кездестіретіндері бар, мәселен, Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқан қайраты, Едіге батырдың Тоқтамыс ханға айтқан қайратымен бір сарындас, кәтте жолына жолы, сөзіне сөзі дәл келеді. Бұдан Махамбеттің ақындығы төмендемейді, әрі Махамбет бұрынғылардың алды деген қорытынды жасауға болмайды. Махамбет емес, ауыз әдебиет ақындарында, өзінен бұрынғы жырынан өз жырларына, ретіне қарай кесектеп пайдалану аз кездеспейді. Бұл әдет Бұхарда да, Дулатта да, Шортанбайда да, басқалаларда да бар” [11, 76 б.].

С.Мұқановтың Махамбет поэзиясына назар аударуында сол тұстағы зерттеушілер әдебиетіміздің теориялық тарихын

толықтырып, орнықтырар көп қорек алғанын көреміз. Бұл жерде С.Мұқанов Махамбет поэзиясындағы ғана емес, қазақтың дәстүрлі жыраулар поэзиясындағы өлең жасаудағы айқын бір әдісті де атап көрсетіп отыр.

С.Мұқанов Махамбеттің ақындық қуатын ақындық табиғат төркінінен таратып ашуда көреген, білгір. Махамбет ел мұңы ғана емес, жеке бас мұңы, адамдық үлкен жүрек, әлеумет бақытын көксеумен қатар өз бақытын да көксейді деп, Махамбет поэзиясындағы сыршыл лирикадағы ақынның адамшылық шыны, сыры түскен сәттерге үңіледі.

“Сүйген жарының, сүйікті балаларының қасында рахатты өмір сүре алмауына ол қатты қайғырып, былай дейді:

*Қосылған жаста арудың,  
Көре алмай кеттім құшағын.  
Арпа жемес арғымақ  
Ақселеу отқа зар болар.  
Миуа, шекер жемеген  
Алғаным менен балаларым  
Қоңырсыған дүние-ай,  
Қой етіне зар болар...  
Жапаннан қарсақ ін қазар,  
Хан салдырған жәрмеңке,  
Жырақ болсын бізден бұл базар.  
Қатын қалса бай табар.  
Қарындас қалса жай табар.  
Артымда қалған ақсақал  
Алқайлай кеңес құрған күн,  
Ақылменен ой табар,  
Кейін қалған жас бала.  
Күдер үзіп біздерден,  
Көңілі қашан жай табар?..  
...Бұл заманның шағында, –  
Махамбеттей зарығып.  
Мұңды болған қайда бар?..” [11, 75 б.].*

Махамбет көпті күңіренгенде, жерді солқылдата күрсінеді дейді. Сонда да қайғының толқынына тұңшықпайды дейді.

С.Мұқанов Махамбет поэзиясындағы Исатай бейнесі, оның тарихи тұлғасын өлеңге түсірудегі ақын шеберлігін, поэзия құдіретін жырдың шуағына шомылып отырып әсерлене шолғанын көреміз. Исатайды айтуында Махамбет аруағы қозып, алапат жыр жауынын нәсерлетіп төгеді. “Исатайдың өліміне қайғырып, оны жоқтағанда Махамбеттің аузындағы сөзі жүрегінің қанындай саулайды...”.

Махамбет шығармаларын жинап, бастырудағы “қара шаруасы” өз алдына, Қажым Жұмалиевтің махамбеттанудағы ғылыми өрісі тым кең. Алымы ауқымды. Қ.Жұмалиевтің махамбеттанудағы өзгеше орнын айтуды ғалымның мына бір пікірінен өрбіту де қисынды көрінеді.

“Соңғы кездерде Махамбетті кейбір сыншы әдебиетшілер ауыз әдебиетіне қарай итеріп, оны тарихи әдебиет өкілінің қатарына жатқызбаудың әрекетінен туған пікірлерді айтып жүр” [134, 130 б.].

Қажым Жұмалиевтің Махамбет жайлы зерттеуіндегі өзгеше бір теориялық тұжырым – Махамбеттің реализмі мәселесін қарастыруында. Ең әуелі Махамбет реализмі көтеріліс, тарих шындығын, оқиға шындығын бұрмай айтуында дейді Қ.Жұмалиев. Онан әрі ақынның өмір шындығын көркемдікке көшірудегі шеберлік шындығына тартады. Өмірдегі жай мен өлеңдегі әдіс, тәсілдердің сабақтастығын, теориялық негіздемелерін жасайды.

Қ.Жұмалиев Махамбет өлеңдерінің шығарылу мерзімі жайлы ғылыми сұңғылалық танытады. Ол Махамбет өлеңдерін тақырып, мазмұн, жер аттары, ел аттарына қарап хронологиялық жағынан екі кезеңге бөлуге болады дейді. Көтерілістің алғашқы кезеңі, 1829 жыл мен 1838 жылдар. 1838 жыл мен 1846 жылдар арасы – кейінгі.

Қажым Жұмалиев Махамбет поэзиясындағы элегияны талдауында үлкен теоретик. Өлең білгірі. Саяси мәннен гөрі енді ғалым өлеңнен адам жан күйін тұтас көру мүмкіндігін барынша кең қамтып ашады.

Оның элегияны түр-сипат жағынан танытуы Махамбет поэзиясының жанры, стильдік ерекшелігі мәселесін айқындауда ғана емес, қазақ өлеңінің жаратылысын ашу, XIX ғасыр әдебиетінің даралық, беласқан сипаттарын саралаудың қазақ әдебиеттануындағы анық бір үлгісі болып орнықты.

“Махамбеттің 1838 жылдан кейінгі өлеңдерінің көпшілігі лирика-элегиялық өлеңдер. Элегия – ақынның өмір жолындағы өз басынан кешірген қиын-қыстауларының сәулесі, ішкі көңіл күйінің көлеңкесі

десек, 38 жылғы үлкен апаттан кейін ақын өлеңдерінің көпшілігі элегия болып келуі заңды” [134, 323 б.].

Қажым Жұмалиев Махамбет поэзиясын жанрлық жақтан зерттеудің профессоры, көнігі майталманы. Кей тұста замана ағымы өлең сөздің, сөз өнерінің білгірі Қажым Жұмалиевті де “тура жолдан тайдырып” отырады. “Көңілдің көлеңке жағының көрінісі”, “ішкі жан күйініші”, “жүрек тербеткендей жылы, ой қозағандай терең”, “оқушыларының ет-өзегін үзгендей ақынның өткір жырлары” сияқты тіркестерден зерттеушінің Махамбет өлеңіне үздіге үңілгенін, жыр шарбатын армансыз сіміргенін бүкпесіз жеткізіп жатқанын өзінде Қажым Жұмалиев Махамбет жырын сонда да тұтастай ақындыққа жығып бергісі келмейді. Өлеңнің ішіне кіріп кетіп, өлеңше талдауға қаншалықты үздігіп тұрғанымен, “саяси қараңғылық” тізгінді тарта ұстауға мәжбүр еткендей. Махамбет ақынның ақындығынан гөрі бұқарашыл, халықшыл көтеріліс күрескеріне “демократиялық бағыт өкіліне” іш тарта сөйлейді. Бұған қарап Махамбет ақындығын ашпады деу емес, ашқанда қандай етіп ашты десеңізші!

Соның үшін де таза ақындық қуат, ішкі әсер жөнінен келгенде элегияның үздік үлгісі болып табылатын қайсыбір өлеңдерге Қ.Жұмалиев құнын біле тұра, тартына баға беруге де мәжбүр болғанын ұғындырып, дәлелдеу қажет бола қоймас. Бұл кепті қазақ әдебиеттану ғылымының іргесін қалап, көсегесін көгерткен көреген, алымды, ақиқат сөзді ғалымдарымыздың барлығы да бастан кешкен. “Кешегі бір кезде атын естігенде қалтырап үйінде отыра алмайтын жаулары Бармақ, Тәукелерден, енді өзі қашып, жасырыну әрі батыр, әр ақын Махамбетке аз кішірею емес. Міне, осындай жағдайлар еске түскенде ақынның күйінуі де, ызалануы да заңды. Сондай минутта ақыннан әлсіз өлеңдер (*астын сызған біз – Қ.М.*) де, зарығу, торығудың нәтижесі көңілдің көлеңке жағының көрінісі лирикалар да болды. Бірақ, мұндай өлеңдер Махамбетте бірен-саран ғана. Бұлар оқушыларын ерлікке үндейтін, келешекке сендіре, халыққа деген сүйіспеншілік пен махаббатты тереңдете түсетін Махамбет өлеңдерінің көпшілігіне тат келтіре алмайды. Оның өлеңдерінің барлығы дерлік, оптимистік сарында десек, асыра бағалаушылық емес” [134, 328 б.].

Махамбет жыры – көңіл күйі, жан дүние, сезім арпалысы жүректен сығыл шығарған жыр. Көбіне ақын еркінен тыс; үгітшілдік, идеологиялық мақсатта емес, жан күйі. Іштен шыққан жалын. Азамат адамның арманға толы жан сыры, жан мұңы. Поэзия. Күйреу.

Күйзелу. Рухы жығылмағанымен, ұлы жаратылыс өктемдігі алдындағы адам дәрменсіздігінің күйі түскен ауыр үн – өлең. Бірақ Махамбет енді бір сәт сілкініп, тіршіліктің ұлы заңымен қайта түлеп, өзінің “Менін” қайта табады.

*... Асылдан болат ұл туса,  
Екі жақ болып келгенде.  
Еріскен жерде шарт кетер,  
Жауырыннан өтін алса да,  
Жамандарға жалынбас...*

Бұл – Адам рухының күші. Ердің шынайы мінезі, кісілік қалпы. Жаратылыс қасиеті осы.

Қажым Жұмалиев Махамбетте торығу сәті туғызған бірер шығармасы болғанымен, оның өлеңдеріне тән ерекшеліктер “Жалаулы найза қолға алып, жау тоқтату” деп тамаша түйін жасайды.

Қ.Жұмалиев Махамбет өлеңдеріндегі Исатай образы туралы арнайы, қисынды сөзді кенітті. Кезінде Исатайдың тұлғасына тоқталғанда Халел Досмұхамедұлы Махамбет өлеңіндегі Исатай жөнін аз-мұз айтқан. Арнайы әдеби, тарихи тұлға есебіндегі танылымын зерттеу нысаны еткен Қажым Жұмалиев. Қажым Жұмалиевтің Исатай образын сөйлеуі – қазақ әдебиеттануындағы жаңа бір алым.

Махамбет өлеңінің өріс-өрімі аса ашыла түскен ақындық шеберлік, сөз айшығы қаныға түскен бір тұс, оның өлең сөздегі бір ерекшелігін, жасаған тұс – Исатайға арнаулары. Ақындық қуат өзгеше бір орай да борай соққан борандай буырқанған тұс. Қажым Жұмалиев қазақ әдебиетіндегі батырлар образына тоқталып, олардың өзінше тәрбиелік мәні болды дейді. Тарлан атты Тарғынды, Қара қыпшақ Қобыландыны, Қара қасқа атты Қамбарды, алып туған Алпамысты атайды. Соларды айтып келіп былай дейді: “Ал, Махамбетке шейінгі қазақ әдебиет тарихын алсақ, біз олардан шын мәніндегі адам образдарын көре алмаймыз. Бұхар, Дулат, Мұсабай тағы басқа солар тұстас тарихқа аты мәлім ақын-жыраулардың өлең-жырларында тек сұлбасы ғана болмаса, сол ортаның өзіне тән түрде жинақталған адам образын кездестіру қиын. Мақтап айтқанда тәуір жасалынған портреттен ұзап кете алмайды.

...XIX ғасырдың бірінші жарымын қамтитын әдебиет тарихында адам образын, батырдың образын жасауды өзіне шейінгі халық

әдебиетінің табыстарын менгеруші де, олардың кемшілігін қайталамай, шын мәніндегі реалистік образ жасаушы бірінші ақын да Махамбет болды” [134, 331 б.].

Махамбет поэзиясындағы ақындық қуат айқын көрінген тұс, шеберлігі айқындала түскен тұс, Махамбет өлеңінің өзгеше өрсілігін ашқан бір түр – осы Исатайға арнаулар екендігі даусыз. Қазақ әдебиеті тарихында ежелден жасаған арнау жанры көркемдіктің жана сапасына өткен тұс – Махамбеттің арнаулары туған тұс.

Жалпы, Махамбет поэзиясының дәстүрлі жыраулық поэзиямен арақатысында ажыратып айтар көп мәселе бары белгілі. Ол өлеңдегі дәстүрлі сипатқа, және сол дәстүрлі фондағы ендігі өлеңнің өзгеше жаратылысына да қатысты қисындар. Сол тұрғыда Қажым Жұмалиевтің Махамбеттің “Ұлы арман” толғауына тоқталуында Махамбеттің жыраулық поэзия, дәстүрмен туыстық, өзгешелігін таныту, Исатайға арнауларын ашқандай, айқын.

Қ.Жұмалиев Махамбет өлеңінің астарына стиль мен жанрдың табиғатынан таратып баға берудің үлгісі арылы қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ поэзиясын теориялық негіздеудің үрдісін қалыптастырып, дамытуда өлшеусіз еңбек жасады. Махамбет поэзиясын бағалауда саясат сөзін араластырғанымен, ол ғалымның ғылым кеніндегі өзі құйған сом алтын танымына көлеңке түсіруге қауқарсыз желең сөз ғана.

Махамбет поэзиясын зерттеуде Қ.Жұмалиев әдеби процестегі реализм, романтизм мәселелерін жалпы ағым, бағыт, әдіс, стиль, жанр жөндерін айғақтаудың негізгі ұстанымдарын орнықтырып, саралады. Әдеби мұраны танып, бағалаудың ғылыми негізін өрістетіп, байытты. Көркемдікті ашудың кілті саяси баға емес, көркемдікті туғызған шеберліктің жөнінде жатқанын көрсетті.

“Махамбет өлеңдері өзінің жанр жағынан да айрықша зерттеушілердің көңілін аударуға тиіс”, – деп, махамбеттанудағы мәнді бір мәселені Қ.Жұмалиев қозғады. Ол Махамбеттің “Соғыс”, “Мінкен ер”, “Баймағамбет сұлтанға айтқаны”, “Исатай сөзі” өлеңдерін лиро-эпикалық түрге жатқызуға болады дейді.

“Бір қарағанда осы “Соғыс” пен өрістес біркелкі өлеңдерді тіпті тарихи жыр (*астың сызған біз* – Қ.М.) өлеңдер тобына жатқызуға да болатын тәрізді. Бірақ бұл өз алдына және тексеруді керек ететін мәселе. Үйткені, ауыз әдебиетіндегі белгілі бір түр саналатын тарихи өлеңдер (лиро-эпикалық жыр емес, қысқа өлеңдер) бізде әлі зерттелген емес”, – деп, ғалым қазақ әдебиеті тарихын теориялық

тұрғыда негіздеудің мәселесін қозғап, нақтылы бір әдеби үлгінің зерттелу жөнін орынды көтерді [134, 42 б.]. Бұл пікір ХХ ғасырдың 40-жылдарының аяғында көтерілді. Қазақ әдебиеттану ғылымында әр дәуірдегі тарихи жыр үлгілері қазірде біршама зерттелді. Ал сол кезде осы тарихи жыр, тарихи өлкенің өзіндік сипаттарын таратып айтуда ғалым Махамбет шығармаларын негіз етті.

“Махамбеттің бұл тектес өлеңдерінің ауыз әдебиетіндегі қысқа тарихи өлеңдермен байланысы барлығы айқын. Бірақ айырмасы қайда? – деген сұрақ әуелі ауыз әдебиетіндегі ескіден келе жатқан қысқа өлеңдердің өзін жеке мәселе етіп талдауды керек етеді. Сондықтан, оны басы ашық қалдырамыз” [134, 42 б.]. Қ.Жұмалиевтің өзі тарихи өлеңге жатқызып атаған Махамбет өлеңдерінің тарих шындығын жеткізудегі айқындық, нақтылықты көрсете отырып, жалпы Махамбетке негізінен тән нәрсе лирика, өзіне шейінгі қазақ әдебиетіндегі болып келген лирикалық өлеңдерден анағұрлым айырмасы да, өзіне тән ерекшелігі де бар деп келетін тұжырымы – қазақ әдебиетінің теориялық тарихын жасауда жаңа беталыстарға бастаған түйінді таным.

Қ.Жұмалиев Махамбеттің көтеріліс күйін мазмұн еткен өлеңдерінің сол мәнге сай түр, формасын, оны жасаудағы ақын шеберлігін жалпы сөз емес, нақтылы теориялық таныммен ашты.

Махамбет өлеңдері тек жалаң құрғақ үгіт емес, оның өлеңдерінде жалынды, саяси өткірлік пен терең ой, нәзік сезім әрдайым ұштасып, біте қайнасып жатады... Бұл мазмұн Махамбет өлеңдерінің құрылысы мен түріне де әсер етті. Түр мазмұнның түрі болуы қажет деген шартқа Махамбет поэзиясы толық жауап бере алады. Оның: “Ереулі атқа ер салмай”, “Мұңайма”, “Айныман” деген өлеңдері, мазмұнына түрі сай, жалынды үндеу сөздер” [134, 344 б.].

Қ.Жұмалиев Махамбет поэзиясындағы үгіт өлеңмен қатар лириканың басқа түрлерін де айқындады. Махамбеттің қайсыбір үлгіде фольклор дәстүрін, жыраулық поэзия сипаттарын өлеңге еркін енгізіп отыратын ерекшелігін атап айтты. Термелеп ой тую. эпифоралық ұйқас, синтаксистік параллелизм, эпитет, метафора, тенеулерінің фольклормен туысатын тұсын нақтылы сөз қолданыс. өлең түрімен көрсетті.

Қ.Жұмалиев қазақ поэзиясындағы жыр ағымы ерекшеліктерін Махамбет өлең үлгісін негіз ете отырып ашады. Шумақтың бір ойды бітіру үшін не төрт, не сегіз жолдан бітуі – жыр ағымымен



шығарылған өлеңдерде шарт емес деп, “Ереуіл атқа ер салмайдыны” мысал етеді.

“Ереуіл атқа ер салмай” өлеңінің ерекшелігін ілгеріде М.Әуезов те айтқаны белгілі. Бұл өлең – 19 тармақтан тұратын бір ғана шумақ өлең.

Қажым Жұмалиев Махамбет өлеңінің құрылысын буын саны жағынан үш түрге бөліп қарастырады. 11 буынды, 7-8 аралас, таза 7 буынды өлеңдер. 11 буынды өлең Махамбетте біреу – “Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай”.

Қ.Жұмалиев 7-8 буынды аралас өлеңде одан да көп буынды тармақтың болуы эпостық жыр дәстүрінде барын алғаш өлең шарты, заңдылығы түрінде атал айтқан сияқты. Кезінде Махамбет өлеңін ұйқас жөнінен қарастыруда Қ.Жұмалиев 11 буынды, қара өлең ұйқасымен келген бір өлеңін алмағанда (а-а-б-а), үш түрлі ұйқас кездесетінін айтады. Шұбыртпалы, кезекті, ерікті ұйкастар...

Қ.Жұмалиев Махамбеттің әдебиет тарихындағы орнын Абайға дейінгі қазақ поэзиясының көркемдік биік сапасы деп айғақтайды.

Өлең сөз теориясының білгірі, қазақ өлеңінің тілі мен өлеңдік құрылым ерекшеліктерін аса кең ауқымда қарастырып, ақиқат тұжырымдар жасаған академик Зәки Ахметовтің қазақ өлеңінің азуын айға білеген айтулы өкілі Махамбет поэзиясының жайына айрықша тоқталып отыруы – заңды. Ғалым қазақ әдебиетінің гасырлар бойы қалыптасқан өзгешеліктерін танып-білуде Махамбет өлеңінің орны өзгеше екендігін үнемі назарда ұстаған.

Өлеңдегі халықтық дәстүрді дамытып, түрлендіру, жетілдіріп, толықтыру жөнінен Махамбет ақындығының өзгешелік, ерекшелігін З. Ахметов айрықша атап көрсетіп отырады.

“Махамбет өз жайын баяндап, өзінің бейнесін суреттеген жырларында халық әдебиетінде мол орын алған дәстүрді – ақындардың өзін, өз басын ұтымды, өрнекті теңеу салыстыруларды көп пайдалана отырып сипаттайтын дәстүрін өте қызықты пайдаланады, бұл дәстүрге көп жаңалық қосып, жандандырады” [25, 51 б.].

Ғалым “Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны” өлеңіндегі халықтың дәстүрлі бейнелеу нақыштарын қоса ақынның нақтылы өмір құбылыстарын жеткізуде ерекше, оқшау, бояу суреттерді де соншалықты мол тугызып отырғанын атап айтады. “Мен кескекті ердің сойымын кескілеспей басылман” немесе “Еңіреп жүрген ер едім, жақсыларға еп едім, жамандарға көп едім” деген сенімді

сипаттау сөздерден ақынның өз қолтаңбасы, сөз қолдану ерекшелігі айқын танылатынын көрсете отырып, Махамбеттің сұлтанды “Қайраңнан алған шабақтай, қия бір соғып ас етсем” деуінде де салыстыру, сипаттау тәсілі ақиқат өмірден алынған әсерлерден туганы анық байқалатынын танытады.

Махамбет – олеңде халық ұғымына әбден сіңісті болған теңеу, тұспалдау, салыстыруларды қолдануымен бірге соларға ынғайлас өзіндік қолданыстарды төпеп-төпеп төгіп тастап отырған, сирек ұшырасатын ақындық шеберлікпен танылған сөз ұстасы. З.Ахметов осыны ақын поэзиясының табиғатын ашуда нақтылы сөз қолданысты айқындап отырып, теориялық тұжырымға айналдыруында өзінің өлең сөз қисынын зерделеуге келгенде кара үздірген үздік екенін және бір мойындатып кетіп отырады. Махамбеттің ақындық қуатын мейлінше жанды, мейлінше сезімді ой оралымдарына орап отырып, нақты шеберлікпен ұғындырады. Махамбет поэзиясында көркем салыстыру тұспалдаудың дамытылған түрлерінің молдығы да сөз жоқ Махамбеттің ақындық өзгешелігінің бір қыры.

*“Мен шарға ұстаған қара балта едім  
Шабуын таппай кетілдім  
Қайраса тағы жетілдім...”*

Ақын мұнда бір “балта” сөзінің ауқымында ауыспалы астарлы ой тугызып, өте қызықты, күрделі метафоралық бейне жасап отыр дейді З.Ахметов.

Ғалым Махамбет ақындығындағы дара өзгешеліктің бірі оның бейнелі сөздердің, халық поэзиясының қалыптасқан құрылыс-бітімін, жасалу қалпын сақтай отырып, оларды айналадағы өмірді, өзінің сезім-күйін суреттеу мақсатына толық үйлестіріп, терең мағына беріп қолдана білушілік, нақтылы сипаттамалар мен тұспал суреттерді араластырып, жалғастырып, астастыра отыруын өлең жасау шеберлігі дейді.

“Мұнар да мұнар, мұнар күн...” Исатайдан айрылған аза күні. Ағайын-жұрттың басына түскен ауыр күн. Ақын халық тіліндегі қазаға катысты дәстүрлі тұспал сөздерді пайдаланады. Өткірін ұштал, үздігін оздырған асқан шеберлікпен сөйлейді. Жанбырдай жауған оқ, жиырылып түскен ту, буулы теңнің шешілуі, т.б.

“Мұнар күннің” өлеңдік қуаты жайлы З.Ахметовтің мына бір түйіні де өлең танудағы таптырмайтын байқағыштық “Ақынның

осылай етіп бейнелеу тәсілі суретінің дәлдігі, жандылығымен адамды қызықтырып, баурап алады. Оның әр нәрсенің жеке белгілерін де тап басып, анық көрсететін шеберлігін жүкті тартқан түйелерді қатарланған, теңді буып, садақ оғын орта белін сырлаған, туды ала желпілдеген, арлан төбет, жез қарғылы деген сияқты айқын эпитеттерден де жақсы аңғаруға болады” [25, 51 б.].

3.Ахметов айқындамасында акын шеберлігінің бір қыры мағынасы жағынан бір-біріне үндес бірнеше символ суретті қатар алып, бейнелі көріністерді үстемелеп колданып, сол арқылы сезімге күшті әсер ететін көркемдік туғызуынан аңғарылады.

Зәки Ахметов қазақ өлеңіндегі жыр үлгісін теориялық жақтан негіздеуінде Махамбет поэзиясын үнемі назарда ұстаған. Кезінде М.Әуезов, Қ.Жұмалиев тоқталған “Ереуіл атқа ер салмай” өлеңіне З.Ахметов жырдың айрықша бір белгісі есебінде тоқталды. Жыр түйдегінің сипаттамасына үлгі есебінде алды. Ғалымның “жырдың” ұйқас, буын, бунақ, шумақ (түйдек, триада) жөнін теориялық негіздеуінде аса айқын тұғырдың бірі – Махамбет поэзиясы.

Жыр өлшемі, қазақ өлеңінің дәстүрлі жыр үлгісінде кездесетін тармақтардағы буын санының әркелкілігі туралы зерттеулерінде Махамбет поэзиясына да жиі жүгініп отыратын ғалым Махамбеттің қазақ өлеңінің дәстүрлі сипаттарын жетілдіру, сақтау жөндерін көлденең тастап, ой түйеді.

*“Сендей нарқоспақтың баласы – 9 слогов*

*Маған оңаша жерде жолықсаң, – 10 слогов*

*Қайраннан алған шабақтай – 8 слогов*

*Қия бір соғып ас етсем, – 8 слогов*

*Тамағым қылқаның кетер демес ем. – 12 слогов*

Как видим строка в жыре может удлиняться иногда до 13 слогов.

Эти отступления не есть следствие небрежности певцов: поэты и певцы обнаруживают очень большую чуткость к ритму поэтической речи. Ошибка могла быть на один слог. Но ведь нельзя ошибаться на 3-4 слога, тем более на 5 или 6 слогов! Совершенно очевидно, что в жыре просто, иной раз допускаются, так сказать вставные “лишние” слова. Таким образом, перед нами сознательное изменение ритма в определенную сторону.

...Но и в стихах, сложенных размером жыр а, отклонения в общем редки, встречаются в отдельных строках и к тому же у

немногих певцов (Бухар, Махамбет), чаще всего а прооизведениях. сложенных в форме толгау” [72, 175 б.].

Заки Ахметов Махамбет поэзиясының дәстүрлі халық поэзиясымен байланысын өлең үлгісі, өлеңдік құрылым, тіл қолданыс жөннен айрықша қарастырып, ақынның қазақ поэзиясындағы өзіндік өзгеше үздік өлең жасау үрдісіне айқын теориялық негіздемелер жасады. Махамбеттану өрісін өлең теориясы жөнінен кеніте түсті.

Небір асыл сөз қисынымен қоюласпаса құнын азайтпай ма?!

Махамбет ақынның “қиыннан қиыстырған” (Абай) өлең тілі өз алдына бір сала.

Академик Заки Ахметов айтқандай, өлең тілін сөздің суреттілік, бейнелілік қасиетін айтуда ауыспалы мағына туғызатын бейнелі сөздерге назар аудару қазақ әдебиетінің сөз түрлендіру тәсілдерінің шексіз мол мүмкіншілігін ашып көрсетеді. Сөзді тура мағынасында жеткізу қиын емес, ал оның өлеңдегі өзгерген, сурет пен сезімге бөккен жаңа мағынасын жасау ше? Ауыспалы, астарлы, айнымалы сөздің өлең үлесіндегі көтеріп тұған жүгін салмақтау – ақынның алымын ашу.

Махамбет өлеңінің тілі өзгеше бейнелі, өлеңдегі озық тәсілді мүмкіндігінше мол өрістеткен тіл. Махамбет өлеңінің тілі негізінде нақтылығымен ерекшеленеді ғой. Соған қарамастан оның тілінде ауыспалы мағынадағы, тұспал мағынадағы сөз айшықтары да аса қою.

Махамбет өлеңі уақыт озған сайын күрделі поэтикалық үлгі екендігін көрсетумен келеді. Қазақ әдебиеттану ғылымының қазіргі кезеңдегі кемелдене түскен, толыға түскен қалпы Махамбет өлеңіне уақыт көзімен қайта қарауды; ол туралы ендігі ұрпақтың танымын да қамтып отыр.

Махамбет поэзиясын көркемдік тұрғыдан тереңдей зерттеудің міндеттерін академик З.Ахметовтің мына пікіріне сәйкес сабақтастыра қарастырғанда Махамбет жөнінде ашылған, айтылған тұжырым-танымға қосар дүние де аз емес.

Заки Ахметов: “Сөз өнерінің заңдылықтарын, ұлттық сипаты мен ерекшеліктерін тереңдеп ашу, поэзия тілінің бейнелеу құралдарын, тәсілдерін жіктеп топтастыру, өлең құрылысын, өлшем, шумақ, ұйқас өзгешеліктерін айқындай түсу және өлеңдегі түр, тіл ерекшеліктерін тарихи-әдеби процеске тығыз байланыста алып зерттеу, міне, бұл салада әдебиеттану ғылымының атқаратын ісі аз емес” – дейді [25, 3 б.].

Махамбет “өлеңінің сөз кестесін, өлең сөздің суреттілігін, бейнелілік сипат қасиеттерін сөз еткенде ауыспалы, астарлы мағына туғызатын бейнелі сөздерге көбірек назар аудару”, сөзсіз қажет. Өлең тілін осы жағынан алып, қарастыру поэзиямыздың, әдебиетіміздің сөзді түрлендіріп, мағынасын өзгертіп, кеңейтіп пайдалану жағынан шексіз мол мүмкіншілігін ашып көрсету мақсатынан туады дейді З. Ахметов.

Теоретиктің анықтамасында тенеу, балама бейнелер – метафора мен метонимия, тұспалдап суреттеу тәсілдері – аллегория мен символ, әсірелеу тәсілдері – гиперболола (зорайту), литота (кішірейту), табиғат құбылыстарын жандандырып кейіптеу тәсілдері (олицетворение), сөзді керісінше мағынада алатын сықактау тәсілі (ирония) – осының бәрі де не салыстыру негізінде, не қалайда екі нәрсенің өзара жалғастық, жанасымдығы негізінде астарлы мағына туғызады, бір мағынаны екінші мағынамен алмастырады. Махамбет поэзиясы – осы әдіс-тәсілдің мол, қанық үлгісі.

Сөз қолданыстағы, сөз құбылтудағы Махамбет шеберлігі сирек кездесетін ақындық алым. Ол өлеңге халықтың келісті сөз нақыштарын емін-еркін енгізе отырып, нақты өмір суретін жеткізуде бұрын-соңды ешкімнің аузына түспеген сөз табады. Сөзді басқа бір қырымен аунатып алып, жұтындырып шығарады. Өзіндік, оқшау ерекшелігін (З. Ахметов) сәт сайын колденең тартады. Астарлы, ауыспалы ой, күрделі шендестіру, салыстыру, тенеу... шексіз мінсіз сөз нөпірі.

Махамбет поэзиясы – көп тұспал, көп айшыққа көміліп барып нақтылықты сол қалпында жеткізудің, бұрын-соңды болмаған күйде ашудың, өзгеше тәсілдің, “орай да борай қар жауған” күнгі ғаламат әсердің тілі. Оның өлеңі – қазақ халқының сөз өнеріндегі шексіз мүмкіндігін, көреген көкірек көзін, асылдай таза жанын, өзгеше өр намысын, биік рухын сөйлеткен ғажайып тіл.

Махамбетті өлең жасауға итермелеген шығармашылық құдірет, адам танымы ала алмастай құпияның нұры оның поэзиясына бас ұрған жанның барлығын баурап, сиқырлайды. Естен тандырады.

Шығармашылық сыр құпиясын теория тілімен ұғыну ғылым шаруасы. Сол тұрғыда Махамбет поэзиясының көркемдік теориялық негіздемесін тұжырымдап, ақынның дара сипат, қара сөзбен жаулаған көркемдік камал-алымдарын ұғындырған сөз білгірлері Махамбеттің әлемін ашу үстінде Махамбетті туғызған қазақ көркем сөзіндегі көркемдік қисындарды да ғылыми негіздеп, жүйелеп отырды.

Белгілі ғалым Рәбига Сыздық Махамбет тілін зерттеу жайлы былай дейді: “Ал, негізгі проблема, яғни бүгінгі де, әрі қарайғы да Махамбет мұрасына қатысты үлкен тақырыптың бірі – оның тілін, тілінің көркемдік кестесін әр қырынан зерттеп, таныту болмақ. Және жеке-дара зерттеу нысаны етек керек. Өйткені, Махамбет шығармашылығы – тілі жағынан өзіне дейінгі де, өзімен тұтастарынан да, өзінен кейінгілерден де, тіпті тақырыптас, жанрлас ақын-жыраулардың өлең-толғауларынан да көрінеу окшауланып тұрған дүние. Және бұл окшаулық тек тілдік-стильдік ерекшеліктерінде ғана емес, аралық, жаңалық сипатында. Махамбет – қазақ поэтикалық мектептерінің бірін жинақтап, екіншісіне жол көрсеткен сөз иесі. Ол өзіне дейінгі үш-төрт ғасыр бойы қазақ жұртының рухани және көркемдік-эстетикалық сұранысын өтеп келе жатқан жыраулар дәстүрін тұйықтап, ақындар мектебінің аяқ алысын көрсетуші дер едік” [47, 145 б.].

Махамбеттің өлең құрылымы жөнінде аталған мақалада Рәбига Сыздық ілгеріде зеттеушілер аса көңіл бөле бермеген, ежелгі түркі поэзиясының, жыраулық поэзиядағы басқы ұйқаспен келген “ұйқассыз” өлеңдер жөніне ғылым назарын аударады. Ғалымның бұл пікірі өте орынды, ұтымды. “Толарсақтан саз кешіп” деп басталатын 19 жолдық өлеңнің бір ғана ұйқасы бар, ол бұл іске-өріске-келіске деген сөздер, ал олардың алдындағы екі, үш тіпті соңғы бес тармақ [өлең жолдары] ешбір ұйқасқа құрылмаған. Мысалы: егер ұйқасқа қарай өленді шумақтарға ажырата алсақ, соңғы шумак:

*Тағыдай таудан су ішкен  
Тарпаңдай тізесін бүгіп от жеген,  
Тағы сынды мырза едік,  
Тағы да келдік тар жерге  
Таңдансаң тағы болар ма  
Тәңірінің салған бұл іске...*

Ғалым Махамбет тіліндегі қарымдас, аға, азамат, жолдас, аламан, байтақ, жігіттер сияқты сөздердің семантикасы қазіргі біз таныған мағыналарынан өзгеше екендігін айтады.

Рабига Сыздықтың Махамбет шығармашылығының және бір өзіндік қыры деп оның кайсыбір “өлеңге ұхсамаған” өлеңдерінде билердің қара сөздеріне жақындайтынын айтады.

“Мамандардың айтуынша, прозаға жақын құрылған өлең акынның идеясын дәл, толық жеткізетін, яғни өлеңге қажеттіктерді [ұйқасты, өлшемді, т.б.] іздемей, оны еркін құратын амал болса, бұл тәсілдің классикалық көрінісін ұсынған Махамбет деуге болады. Әрине, бұл – теориялық негіздермен айтылатын үлкен әңгіме” [47, 150 б.]. Осы жерде прозадағы ақ өлең мен поэзиядағы кара сөздің арақатысы қандай екен деген сауал көлденеңдейтіндей.

Бейсенбай Кенжебаев жасаған тоқтам ұйқасыз поэзия үлгілерінің түп-төркінін жыр мен өлең айырмашылығынан іздеуге меңзейді.

“... 3. Жырдың ұйқасы, өлеңнің ұйқасы сияқты, тек үш түрлі ғана емес, бірнеше түрлі...”

... 4. Ұзақ жырлардың көп жерлері айнымалы, әр түрлі ұйқасты болып, осы ұйқастардың бірнешеуі араласып келеді, кей жерлері тіпті ұйқасыз болады...

Тегі, жырда өлеңдегідей өлшемнің, ұйқастың мәні соншалықты күшті емес. Жыр көп ретте сөз буынына, сөз ұйқасына емес, ой түйдегіне, ой ұйқасына қарай қиыстырылады” [21, 102 б.].

Мұхтар Мағауин де ұйқасыз үлгі жырдың бір ерекшелігі дегенді айтқан болатын [135].

...Жалпы қазақ әдебиеті тарихындағы дәстүр, жанр, стиль мәселесінің теориялық негіздемесін тануда Махамбет поэзиясы берер олжа мол. Махамбет акындығынан шартарапқа тарап ағылып кете берер сауал көп.

Махамбет поэзиясының тілі, жанры мен стилі туралы тың зерттеу жасаған ғалым Құлмат Өмірәлиев былай дейді: “Махамбет өлеңдері негізінен, ерлік-жауынгерлік стильде туған өлеңдер. Осыған орай Махамбет қолданатын эпитет, теңеу метафоралар да осы стильдік қабатты құрайтын үлгіде жасалған. Бірақ Махамбет таза азаматтық жыр үлгісінде ғана шығарып қойған жоқ, оның өлеңдерінде эпостық-батырлық жыр таңбалары да, дидактикалық-шешендік толғаулар да, лирикалық элегия элементтері де бар”.

“Азаматтық поэзиямызда сөздердің мағыналық аясын кеңейтіп, көркемдік мақсатта қолданылу өрісін ашуда Махамбет өзіндік стильдік ерекшелікке ие” [31, 46 б.]. Қ.Өмірәлиев Махамбеттің тілдік мағыналық аясын кеңейту, тіл құбылту тәсілдерін мейлінше ыждаһатпен зерттеп, зерделеп, Махамбет шығармаларының көркемдік сипаттамасын дәл, нақты, айқын жасаған ғалым.

Махамбеттің теңеуі, эпитет жасауы, жалпы таза поэтикалық тәсілдері қайсы дегенді көзіңе көрсетіп сөйлейді.

Ғалымның қазақ поэзиясының түрлі жанрының ерекшелігіне қарай эпитеттің де теңеу, метафораның да жанрлық қабаттары қалыптасқан деген айқындамасы сөз өнерінің бір заңдылығын көрегендікпен көру.

Махамбетте дәстүрлі эпитетті тіркестерді бұзу кездеседі, бірде болат найза, ақ семсер десе, бірде қарқыны күшті көк семсер дейді. Махамбет көп көркемдік тәсілдерді түйдектетіп қолданады.

Жыраулық поэзияның көркемдік негіздері, жыраудың элеуметтік тұлғасы жайлы “Әдебиет тарихында” (1927) Мұхтар Әуезов жан-жақты ғылыми негіздеме жасағаны белгілі. Жырдағы, кейінде М.Мағауин қадай айтқан басқы ұйқастың сырына да ғалым осы тұста бойлата түседі. Жыр шумағының өзгешелігін де, ұйқас ерекшелігін де теориялық тұрғыдан танытып кетіп отырады. 1927 жылғы “Әдебиет тарихында” жыраулық өнер жайын жан-жақты қозғағанымен, өлен жасау, жыр тудырудың көркемдік негіздерін кең ашып, тереңге тартпай қысқа қайырған М. Әуезов Махамбетке тоқталған тұста жырдың көркемдік шарттарын, дәстүрлі сипаттарын әр қырынан қамтып, түйіндеп отығанын көреміз. 1933 жылғы Махамбет жайлы зерттеуінде “Бұныкі сөз ғана емес, ұлы дүбір іс, аласапыран тартыс. Жырының бәрі тұтасқан кимыл. Қан майдан үстінде көпті екілендіре сөйлеген шабуыл, атой, ұран жыры. Ылғи сезімге соғып, қиялға шабатын қыздырма жыр”, – дейді [131, б.].

Құлмат Өмірәлиев “XV-XIV ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі” (1976) еңбегінде Махамбет поэзиясының өзіне дейінгі дәуірдегі поэзия үлгілерімен байланысын тілдік, стильдік жөнінен нақтылы, кең қамтып қарастырады. Ақынның шығармашылық сырын ғалым қазақ поэзиясы дамуындағы елеулі заңдылықтар аясында ашу үрдісін нақтылы, стильдік талдау, орайлы, өтімді қисындаулар арқылы бекіте, толықтыра түседі.

Қ. Өмірәлиев поэзиядағы дәстүрлі қайталаулар ұғымын таратып айтады. “Қайталау деген ұғымға, біріншіден, поэзиядағы тәсіл, түр қайталануы, екіншіден, ой, пікір қайталауы, үшіншіден, сөйлемдер, жолдар қайталауы”, – деп нақтыла түседі.

Махамбет поэзиясындағы толғау үлгілерінің “Жалған дүние”, “Аймақ көл”, “Ұл туса”, “Аспандағы бозторғай”, “Арғымақтың баласы” т.б. толғаулардың шешендік-толғау өлеңдер сияқты белгілібір нормалармен ғана келіп отыратындығын айта отырып,



ғалым Махамбет поэзиясының дәстүрлі жыраулық поэзиямен сабақтастығын, туысып, тоғысатын тұстарын да айқындап, аша түседі.

Бұл пікірлердің, түйін-тұжырымдардың аясына казак жыраулар поэзиясының басты-басты көркемдік негіздері, ерекшеліктері тартылған. Зерттеуші пікірін тарата түссек, эпикалық жыр үлгілеріндегі жыр шоғырлары, үдете, дамыта сөйлеу, шешендік түйіндеулердегі дүние шарттары, батырлар бейнесін сомдау, кейіптеудегі сөз айшықтары, ұйқас, өлең үлгісі, қайталаулар (сөз, ой, үлгі – Қ.М.) дыбыс қуалаушылық, дәстүрлі қолданыстар.

Қабиболла Сыдықов Махамбет поэзиясына Шалғез, Асан, Сыпыра, Доспамбет, Қазтуған сияқты батыр жыраулар мұрасы – ерлік жырлардың әсері күшті болғанын қалап айтады.

Махамбеттің ақындық қуаты, сөз жоқ, бізге жеткен жыраулық поэзия үлгілерімен түгесіліп, қамтылмайтын өзгеше жырдың өрісін шарпыған зор қуат. Махамбет – жыр құдіреті. Оның алмастай асыл өлең сөзі сөз қадірін түсінген қазақ баласын қай заманда да өз тылсымына тартып, қайран қалдырумен келеді. Оның өлеңі жыраулық поэзиямен қаншалықты туыс болса, дәстүрлі арнаны бұзып-жарып жатқан өзгеше кернеу-қуатымен соншалықты бөтен, бөлек те.

Ғалым Жұмат Тілепов Махамбеттің қазақ әдебиеті тарихындағы өлшеусіз орнын, әдебиет тарихы мәселелерін сөз еткенде Махамбет шығармаларына соқпай кету мүмкін еместігін атап айта келіп, былай дейді: “Дегенмен Махамбет мұрасы осы кезге дейін біраз қырынан зерттеліп, көп сырлары ашылғаныменен, жоғары, орта мектеп оқулықтарына жазылып, оқу проблемаларына енгенмен оның шығармаларындағы тарихилық мәселесі әзірге арнайы сөз болған емес” [34, 177 б.].

Ғалым Махамбет поэзиясындағы тарихилық мәселесіне тікелей XIX ғасырда Ішкі Бөкей ордасында өткен Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы басқарған ұлт-азаттық көтеріліс кезеңдерінің тарихи негіздеріне, нақтылы фактілерге сүйене отырып, жан-жақты кең тоқталады. Өлеңдегі қайсыбір нақты сәттің өмірдегі өткен шындықпен арақатысын аша түсіп, Махамбет поэзиясының көркемдік алымына қоса, сол кезеңнің тарихы ішке бүккен көп құбылысты тірілтеді.

Сонымен бірге ғалым Махамбет поэзиясының өлеңдік қасиеті, ақынның “өмір шындығын көркем сөзге аударудағы тапқыр

тәсілдерін” де тарихилық негізде, қазақ поэзиясының белгілі бір кезеңдегі сапалық жаңа бір сатысы есебінде айқындай түсіп отырды.

Махамбет Өтемісұлының өлеңдегі өзгешеліктері, өзгеше ақындығы жайлы махамбеттану ғылымында көп айтылды. Алайда Махамбет поэзиясы жайлы сөз жалғасын таба беретін, жаңа ұрпақтың эстетикалық талғам таразысына әр уақыт қайта түсіп отыратын өмірлі өлең жайлы үздіксіз таным.

“Ереулі атқа ер салмай” 18 тармақ бір ұйқасқа тартылып, екі тармақ бейтарап қалған өзгеше өлең есебінде М.Әуезовтің, Қ.Жұмалиевтің З.Қабдоловтың, З.Ахметовтың, т.б. зерттеушілердің назарын аударған бөлек бір түр.

Екпінді, төкпе жыр мақамындағы үгіт, үндеу сөз. Бір қарағанда бұл өлең жана түр есебінде танылғанымен, біздіңше, бұл түр – дәстүрлі шешендік сөз үлгісінің көп сынарлы бағыныңқы, бір басыңқымен келген күрделі түрі. Дәстүрлі, дүние шартын түгендейтін, өмір сабақтарын, қисындарын ұғындыра отырып мойындатар, шартқа, тоқтамға тірелетін нақыл сөз үлгісі. Шартты бағыныңқылы сабақтаспен жүйеленген афоризмнің ойнақшыған өлеңге айналуының бір сипаты.

Шешендік сөздегі ақындық үлгі, поэтикалық ырақ жайлы. жыраулық поэзия, толғау, термедегі екпін, ұйқас, ырақ, бунақ жөнінің теориялық негіздеме­лері жайлы аздап мағлұматтың аясында­ ақ “Ереулі атқа ер салмайды” бұл сипаты көзге ұрып тұрғанын байқауға болады.

“Беркініп садақ асынбай” өлеңі де сол үлгіде келген өлең. 13 тармақты өлеңнің 10 тармағы бір ұйқасқа тартылған да, 3 тармақ арқайсысы бейтарап қалыпта келген.

Бұл – Махамбет өлеңінің бір үлгісі. Келесі бір үлгі – “Орай да борай қар жаусы” өлеңінің үлгісі.

Сұрай арнау түріне жатқызылып жүрген бұл өлеңдегі нақыл сөз нақышы да айқын.

*Орай да борай қар жауса,*

*Қалыңға боран борар ма?! үлгісін* “Қалыңға боран борамас” деп, дәстүрлі үлгіде де өруге болар еді. Махамбет ол түрді әдейі “бұзып”, қарсы сұрақпен келетін поэтикалық қуатқа суарып тұр өрекіп өрге жұтқынған өжет өлеңді.

Өлең құрылысы жағдай-әрекетке орай іле-шала біліп тұрған жайды “білмей” сұрау түрінде түзілген.

Дәстүрлі үзілді-кесілді, дүние жаратылыс заңдылықтарын, шарттарын Махамбет нақыл сөз айтқан ділмәр шешен миссиясында емес, ақла-төкте, арпалыс сөз буған ақын кейпінде, шешендіктің түп негізін енгізе отырып, үні де, жөні де бөлек жұтынып тұрған өлеңге, нағыз поэзияға айналдырудың жаңа бір үлгісін ашқан.

XIX ғасырдағы қазақ поэзиясында да, одан ілгерідегіде де “Ереуіл атқа ер салмай” мен “Орай да борай қар жаусаның” үлгісі кездеспеді. Махамбетте “Орай да борай...” үлгісінде келген өлеңдегі сұрау – жауабы белгілі сұрақ. Оны Махамбеттің басқа сұраулы мағыналы өлеңдерімен ұқсас деуге болмайды.

*“Бағаналы терек жарыла,  
Бақыраш жаман болар ма?!”*

немесе “Туған ұлдан не пайда?” өлеңдері шешендік нақыл мәннің сұраулы сөйлемге айналуы емес, өмір заңдарына ақын атынан кесім, үкім айту.

“Орай да борай” – Махамбет өлеңге әкелген жаңа бір түр.

“Арғымақ, сені сақтадым” өлеңі де – дәстүрлі шешендік үлгіден жетілген өлең. Мұнда да дүние шарты камтылған. Өлеңнің 1925 жылғы Х.Досмұхамедұлы басылымы негізінде шыққан “Махамбет” [Арыс, 2001] жинағындағы мәтіні Махамбет өлеңінің құрылымын Абайша жасалған етіп көрсету ниетінен тумады ма деген ой келеді. Әйтпесе,

*Арғымақ,  
Сені сақтадым,  
Құлағың сенің серек деп.  
Азамат,  
Сені сақтадым,  
Бір күніме керек деп... –*

деп басталған өлеңнің соңғы бөлігі

*Ат – жігіттің майданы,  
Қылыш – жанның дәрмені,  
Өлім – хақтың пәрмені...*

болып жалғасады.

*Ат –  
Жігіттің майданы,*

*Қылыш –  
Жанның дәрмені*

деп бөлінбеген.

Ақынның жақсы мен жамап, аяр мен адал жайлы дәстүрлі тоқтамдарды нақтылы тарихи жағдай, дәуір дүрбелені шындығына араластырып келтіруі және бір өзгешелік, өзіндік үні. Тапқаны. “Жабыдан туған жаман аттың шаба алмайтыны жайлы” ақиқатты ақын заманның уақиғасы, шындық жағдайымен сабақтастырады.

*Қырдан қиқу төгілсе,  
Еділге таман үңілсе,  
Арғымақтың баласы  
Шабушы еді безектеп...*

Ақын нақтылы жағдайға дәстүрлі сарынды негіз ете отырып, реалистік сипат дарытқан. Сыдыртып сырт баяндау, тіршілік шартын санамалау емес, жандылық дарыта отырып, айқын суретті, өмірде болған шынайы құбылысты сурет жасал отырып енгізу.

Махамбетте Азамат ердің баласы мен Арғымақтың баласының сапасы көп мәрте көлденең тартылады. Тазалық пен туралықтың тұспалы, түп бейнесі кейпінде көп көрінер еді.

Бұрын-соңғыда бұлайша, жауынгердің болмысын азаматтық қасиеттермен астастыра, ұлы құрметпен, бағасын бере, қасиетін аша сөйлеу дәстүрі қазақ поэзиясында бола тұра, дәл Махамбетше келістіре сөйлеп, көтеріп айтуды кездестірмедік.

Махамбет өлеңі – толыққанды кемел, Азамат ердің баласын бар қасиетімен аша алған, азаматтық поэзияның үздік үлгісі.

“Азамат ердің баласы” дейтін тіркес – Махамбеттің азатшыл рухы мен биік азаматтық өресін, ұстанымын айқындай түсер бір оралым.

Махамбеттану бүгінде өрісті, ауқымды ғылым аймағы. Махамбеттің ақындығы арбамаған қазақ баласы жоқ. Махамбет әр қазақтың жанында. Жаратылысында. Мәңгілікпен туысып туған Махамбет ақынның жуық жылдар ішінде 200 жылдық мерейтойы өтті. Жалаулы найза ұстап жауға шапқан батыр Махамбетпен халқы мақтанғалы қаншама жылдар жылжып жатқанымен, бұрын-соңды кең ауқымда ат шалтырып, той жасап атап өткен шара Махамбеттің пәнилік ғұмырында да, бақилығында да осы болды.

Махамбет поэзиясы алаулатып, жалаулатып той өткізіп, қадірін асырып көтермелеуге әсте зару болған емес екені белгілі. Бірақ бұл

шараның бір керегі, бір кереметі – ендігі ұрпаққа Махамбет мұрасын аманат ету болғандай. Махамбеттану өрісі осы тұста кейінгінің, қазақ әдебиеттану ғылымының келелі көшінің жүгін көтеріп келе жатқан буының танымымен толыға түсті.

Махамбеттің ақындық алымы, ақынның бұрын көп айтылмаған шеберлік жөндері асқақ өлеңінің алабетен рухы, ата-тек, өскен ортасы, хан Жәңгірмен арақатысы, аумалы-төкпелі заманалардағы қилы тағдыры тағы бір мәрте ұрпақ зердесінен өтті. Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы, ілгері озған ғылым, өткеннің көп құндылығын құнттап игілігін көру мүмкіндігіне де ие болып отыр. Ілгері дамыту, ғылыми негіздемелердің көкжиегін кеңейтуге білім, білік жөнінен де жетіліп отыр.

Академик Зейнолла Қабдолов Махамбеттің ЮНЕСКО деңгейінде аталып өткен 200 жылдығы қарсаңында “Елдік пен ерліктің өшпес рухы” атты заманалар тоғысындағы ой толғансында былай деп жазды:

“Әрине, асқар таудың асу-асу белдері біреу емес, бірнешеу болатыны секілді, қазақтың жыршы-жыраулық өнерінің де төбесін тіреген қадау-қадау дінгектері бірқыдыру бар. Асан Қайғы мен Қазтуған. Доспамбет пен Шәлгез, Жиенбет пен Марғаска, Ақтамберді мен Тәтіқара, Үмбетей мен Бұқар... Осылардың әрқайсысы заңғардың әр биігіне ұқсас, Махамбет бар биіктің ішіндегі Қыранқия тәрізді қиырдан мұнартады” [136].

Сол қиырдан мұнартақан Қыранқияға бүгінгі таным әр қырынан көз салды сол мерекелік жылда. Махамбеттанудың сонау Халелдердің заманынан бері тартқан ұзынарқау ұзақ желісі тағы да өрісін ұзартты. Ақын мұрасы, көтеріліс жайы, махамбеттану мәселелері әр қырынан қарастырылды. Бұл тұста Махамбет әлемінің шексіздігі және бір айғақталды.

Үздіксіз қозғалып келе жатқан Махамбет ақындығы жайлы үзілмеген әңгіме күрделене түскенін, құнарлана түскенін тағы көрсетті.

Тілші ғалым Сабыр Мұраттың “Махамбет поэзиясы тілінің орта ғасыр жазба ескерткіштеріне қатысы” мақаласында сөз болған жайлар Махамбеттің ақындық әлеміне бүгінгі мүмкіндік, бүгінгі таныммен үңілудің бір көрінісі. Мұнда бұрын Махамбет шығармашылығының қозғалмаған қыры қарастырылады.

“Сондықтан Махамбеттің араб әрпіне негізделген орта ғасырлық жазба әдеби мұралармен таныс болуы әбден мүмкін.

...Орта ғасырдағы ғұламалар араб, парсы тілдерін жетік білген және өз дәуірінің жазба дәстүрі бойынша шығармаларында араб, парсы сөздерін қолданып отырған. Мұндай дәстүр Махамбет поэзиясы тілінде де аңғарылады.

Мысалы,

*Қарны жуан билердің  
Атандай даусын ақыртып,  
Лауазымын көкке шақыртып,  
Басын кессем деп едім.*

Осы шумақтардағы лауазым сөзі қазіргі күн тұрғысынан түсініксіз. Ескерткіштер тіліне үңілсек *лавазим* талап қылу, сұрау мағынасында қолданылады. *Лауазым* сөзін “жалынып, жанына сауға сұру” мағынасында қолданған болуы керек”.

Ғалым Махамбет поэзиясы тілі ортағасырлық қыпшақ-оғыз тілінде жазылған жазба мұрағаттармен тығыз сабақтас, акын тілін XIV ғасырдағы көне қыпшақ тілінің жана, ұлттық, сипат алған жалғасы деп таныған жөн дейді.

Шығыстанушы ғалым Өтеген Күмісбаев мәселені төбеден қойды: “Махамбетті соншалықты мықты айтқыштыққа, суырып салушылыққа, айтулы акындыққа жеткізген мектептің әлі есігі ашылған жоқ” [88, 263 б.].

Багдан Момынованың “Ауызша әдеби тіл және Махамбет мұралары” Махамбет поэзиясы тілін қарастыруда бұрын арнайы сөз болмаған қисындарға бастайды.

Б.Момынова Махамбет өлеңдерінің лингво-текстологиясы туралы жазылған Ғ.Әнестің ғылыми кандидаттық диссертациясының қазақ лингвистикасындағы акын шығармашылығын тілдік тұрғыдан талдаған алғашқы толыққанды еңбек екендігін атап айту арқылы Махамбетті тілдік тұрғыдан зерттеудің көкейтесті мәселелерін қозғайды: “Махамбетке ғана тән, оның стилін айшықтайтындай тілдік қолданыстар жаңа ғана айтылып кеткен ойымызды жалғастыруға мүмкіндік береді. Тілші ғалымдар Махамбет тілінің ерекшелігі дегенде көбіне лексикалық ерекшеліктерді, көркемдеуіш тәсілдерді атауға тырысады. Бірақ, біздің ойымызша, Махамбет өлеңдеріне нұсқап тұрған басты айшықты тілдік элементтер іс-әрекет, қимылды білдіретін қолданыстардан көбірек байқалады дер едік. *Айталық, қырдан қиқу төгілу, темір қазық жастану, қу толағай бастану, Жайықты тіземен бұзыл өту, т.б.*” [137, 308 б.].

Б.Момынова Махамбет және ауызша әдеби тіл мәселесін қарастыруында қазақ тілтану, әдебиеттану ғылымдарының бүгінгі шын мәніндегі ғылыми алымының деңгейін көрсеткен пікірлер түйген, пайымдаулар жасаған көркемдік-теориялық негіздемелерді ұсынады. Махамбет ақындығының асу бермес арынын ала алмай жүрген себептеріміздің қысындарыш орынды барлайды.

Ғалымның “Ал Махамбетті ақындық мектептің негізін қалаушы деген мәртебеге ие еткен – Махамбеттің тіліндегі өзіне ғана тән стильдік қолданыстары. Дәл осы стильдік ерекшелік оны ауызша әдеби тілдің өкілі санауға мүмкіндік беріп тұр. Ол қолданыстар туралы Қ.Жұмалиев, Е.Жанпейісов, Р.Сыздықова, Қ.Өмірәлиев, Ж.Тілепов, т.б. әдебиетші ғалымдар мен тілшілер еңбектерінде айтылған”, – деген ойына орай бір пікір.

Тек қана тіл өзгешелігі деген пікірдің қысыны бола тұра, ақындық мектептің негізін қалаушы болып танылуындағы өлеңдік құрылым, т.б. ерекшеліктерін ескермеуге болмайды.

Осы арада Б.Момынова өзі жүгініп отырған М.Әуезов пікіріне қайшы пікірде болғандай көрінеді. Бірақ, түйін біржақты емес, жан-жақты. “Сөйтіп, ауызша тараған қазақ әдеби тілі деген терминнің дүниеге келуіне жыраулар поэзиясынан бойын тартып, жазба поэзияның белгілерін орнықтырған ХІХ ғасырдың І жартысындағы Дулат, Махамбет сынды тұлғалар бастаған ақындар мектебінің өкілдері, олардың ұрпаққа қалдырған бай мұралары қатты ықпал еткен деп түйіндейміз” [137, 309 б.].

Махамбеттану бүгінде Махамбет ақындығының алуан сапасын жан-жақты зерттеп, зерделеген ғылым. Мұнда Махамбеттің өлең жасау тәсілдері қазақтың байырғы көркемдік әдістерімен сабақтастықта айындалды. Ортағасырлық жазба ескерткіштер үлгілерімен тілдік, құрылымдық жақтан салыстыра қараудың мәселелері қойылды. Махамбет поэзиясының тілі, оның қазақтың ауызша әдеби тілін қалыптастырудағы, жазба әдебиет тілін жасаудағы ықпалы, орны жайлы сөз өрістеді. Махамбеттің сөз айшықтау тәсілдеріндегі дәстүрлі ерекшеліктерге қоса өзіндік жаңа үлгілері, қазақ сөзінің мағыналық жақтан баю, толысу мүмкіндіктеріне қосқан үлесі айғақталды. Махамбеттің ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетін, жалпы қазақ поэзиясын жанрлық жақтан байытуы ашылды. Дара ақындық стиль жасаудағы шеберлік алымдары айқындалды. Аргы-бергідегі іргелі ірі зерттеулердің, шағын-талпыныс танымдардың барлығы да Махамбет ақындығының

арнасын кеңітті. Махамбеттанудың ендігі міндеттерін бағдарлауға негіз салды.

Қазақ әдебиеттану ғылымының аса бір құнарлы, олжалы, табысты негізі болып отырған махамбеттанудың ендігі өрісінің алды да айқын, ашық. Қай бағытта сөз қозғасаң да Махамбеттің ақындық әлемі түгін тартсаң майы шығатын құнарлы алқап. Соның ішінде күні бүгінге шейін махамбеттануда кем қалып отырған, кенжелеп қалған Махамбеттің ақындық дәстүрі мәселесі тұр. Махамбет шығармаларының барлық басылымын түгендеп отырып, құрылым жақтан жүйелеу де жалғасын таба берер шаруа.

Махамбет поэзиясының тілі де сан салада зерттеле түсуге зәру. Лексикалық құрам, қайсыбір көне атаулардың этимологиясы, жекеленген сөздің белгілі бір толғаудағы нақтылы қолданыс мәнін ашу, ақынның сөз құбылту үстінде тілімізге өзі әкелген жаңа мағыналық реңк, немесе Махамбеттің сөз жасамы, Махамбет поэзиясы тілінің грамматикалық табиғаты т.б.

Махамбеттің ақындық өнеге мектебінің, Махамбет ақындығының айналасын ашуда бізге әзірге беймәлім бағыттарға барлау қазіргі махамбеттануға енген үрдіс. Осыны жалғау, ғылыми негіздеу ақын поэзиясының “ішін алдырмай” келе жатқан жұмбағын айқындай түспек, біршама сыр суыртпақтауға мүмкіндік туғызбақ.

Махамбеттің өлең құпиясы, оның қазақ өлеңін алабөтен түлетіп, жұтындырып шығарған шығармашылық қуаты, уақыт, заманалар көшінде құнын түсірмейтін ұлы поэзиясы жайлы сөз, ой тасқыны Махамбеттің тыншымайтын, тоқтамайтын ақындық галактикасымен, қазақ халқының құдіреттен дарыған ғажайып сөз өнерімен тұтасып, кірігіп кеткен сарқылмайтын жойқын ағыс.

*“Ақын өлді!..*

*Батыр мерт болды !!*

*Махамбеттің басы кесілді !!!*

1846 жылдың қара күзінде Ұлы ақын жат емес, жақын қолынан қаза тапты. Шаңырақ шарт сынды, ошақ ойрандалды. Иен далада зар еңіреп, бала-шаға қалды. Дүние-мүлік таланды. Ең сұмдығы – бәйгіге тігілген бас қанжығаға байланды, үкімшінің (бүгінгі тілмен айтсақ, тапсырыс берушінің) алдына жеткізілді. Қан-қан басты көрген хан тұқымы дегеніне жетіп, айызы қанды.



Жаман хабар жерде жатпайды. Бұл зұлымдықты сол сәтінде-ақ үш арыс Алшын түгел естімесе де, Еділ мен Жайық арасы тегіс құлактанғаны сөзсіз. Бірақ масқарасы сол – аз ғана ғұмырын қара қазақ қамы үшін еліне құрбан болсам деп ат үстінде өткізген Махамбеттей есіл ердің құнын сұраған, кегін қуған ешкім болмады. Жат жерден баспана іздемей, жапан далада жалғыз қалған Рух-Бастың, Намыс-Бастың, Тағдыр-Бастың қаны сорғалай қанжығаға байлануы – басы асау Алаштың ақ таңы батып, қара күні туғанның нышаны еді. Мұны нұсқау берген губернатор ұлық та, баскесерлерін жұмсаған сұлтан жаналғыш та жақсы білді. Бұл – “Шошаң етіп бас көтерсең – көгендеп тұрып бауыздаймын. Махамбеттің басын алғанда – сендер кімсіңдер?!” деген озбырлық, астамшылық еді” [138, 8-9 бб.].

Заманның алабөтен ағымына қасқайып қанмайдан ашып, сөз семсерін сермеп атылып шыққан Арыстан Ердің соңы да ауыртпалығы мол киын күндермен жалғасқан еді. Қазақтың елінің “соғыс отарынан жер отарына” [М.Әуезов, С.Мұқанов] айналып болған кезені – зар заман дәуірінің әдебиетіндегі жаңа бір бағыттар – заманның беталысынан түңілу мен торығуы да аралас, қайткенде қазақ жан сақтамақ дегенді ойлап “ұйқы беріп, қайғы алған” [Дулат] тынымсыз бір ішкі күйдің арпалысына ұласқан, түндей түнеріп түйілген дәуірден күн шуағын қармаған күй өрбіген сарындар кезені келген.

## **2.2 Діни ағартушылық және Ыбырай Алтынсарин ұстанымы**

Ыбырай Алтынсарин – қазақ халқының қилы тағдырында ғұмырын ұлт мүддесіне арнаған, еңбегі бөлек ірі тұлға.

XIX ғасырдың соңына қарай тарихтың ұзақ көшінде Қайта өрлеу, Оянушылық дәуірін бастаған қазақ ұлтының рухани дамуында Ыбырайдың ықпалы өлшеусіз.

1864 жылы қаңтардың 8-жұлдызында Торғай қаласында қазақ балаларын оқытатын бастауыш мектеп ашылады. Халық бұл шараны қуанышпен қарсы алып, той жасаған.

Ыбырай Ильминскийге мектеп ашылған соң өзінің бар ғұмырлық мұратын айқындайтын астар жатқан әйгілі хатын жазды. Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық жолы басталды...

“...балаларды оқытуға мен қойға шапқан аш қасқырдай құштарлықпен кірістім”, – деп жазды ол.

Саналы ғұмырын қазақ баласының озған жұрттармен тең дәрежеде өмір сүруі жолындағы күреске арнаған Ыбырай Алтынсариннің ұлтына деген ғажайып махаббаты XIX ғасырдағы қазақ қоғамында атқарған нақтылы шара, үлкен істеріне дарыды.

Ыбырай Алтынсарин өзінің ұлт мүддесін көтерген ұлы мұраты жолында қыруар еңбек бейнетін кешті, заманының қисынсыз қысымын бастан өткерді.

Кеңес заманында Ыбырай Алтынсариннің еліне сіңірген еңбегі белгілі бір мәселелерде біржақты танылып, бағаланды. Ыбырай Алтынсариннің ұлтын сүйі, ұлтына араша түсуі, оның қамын жеп, қамқор болуы – әрбір жаңа ұрпақ қайта танып отыруға тиіс, ұмытылмайтын ғибрат. Ыбырай Алтынсариннің тарихи тұлғасы, Шокан Уәлихановтың, Абайдың қазақ тарихындағы орны жана ұрпақ зердесімен әр қырынан замана кошінде ашыла беретін құндылық. Ыбырай Алтынсариннің өзі өмір сүрген қоғам, өз заманында екі оттың ортасында ғұмыр кешкен күйін Мұхтар Әуезов осыдан жарты ғасыр уақыт бұрын айқын, ашып айтады.

“... Он чувствовал двухстороннее давление от церковников и мусульманства. Мусульмане считал, что он хочет крестить казахских детей, клеветал на него, а Ильминский который официально помогал ему, был убежденный христианин миссионер, уверял всех, что через эти школы скорее можно провести свою идею обрусение казахов”.

“Қазақ хрестоматиясы” [139] – Ыбырай Алтынсариннің қазақ мектебінде оқытын балаларға арнаған, қазақ тарихындағы таза ана тілінде жазылған тұңғыш оқулық. “Қазақ хрестоматиясы” 1879 жылы Қазан қаласында орыс қарпімен басылып шықты.

Балаларды оқытуға “қойға шапқан аш қасқырдай” құштарлықпен кіріскен ұлы ұстаз қазақ баласының өркениетке ендігі қадам басқан заманындағы тұңғыш білім әліппесі, тұңғыш оқулығы “Қазақ хрестоматиясының” Сөз басында қазақ баласының ол кездегі пайдаланып отырған кітаптары, татар тіліндегі кітаптардың барлығы дін туралы деп, дүниелі білімге үйрететін мектепке берері жоғын айтып келіп шешім жасады.

“Осылармен қабат, бір ескеретін нәрсе – қазақ халқы азбаған халық, оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды: оның ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін тек сана-сезім, жалпы білім мен өнерді үйрену керек болып отыр [139, 24 б.].

“Қазақ хрестоматиясы” – Ыбырайдың ағартушылық еңбегінің халық санасынан өшпейтін нұры. Ыбырай Алтынсарин осы еңбегінде

өзінің бар қасиетін ашты. Жазушылық, педагогтік, ғалымдық алымын танытты. Ыбырай Алтынсарин бұл еңбегінде қазақ тілінің тазалығын сақтады, қазақтың жаңа жазба әдебиетінің жаңа жанр, жаңа мүмкіндіктерін ашты. Ыбырай “Қазақ хрестоматиясы” арқылы білімге ұмтылған қазақ баласының бар арманын орындаудың басында болды.

Алтынсарин “Қазақ хрестоматиясының” алғы сөзінде кітаптың орыс қарпімен басылуының себептерін ұғындыруында бір жағынан ұлтының алдында ақталып алуды да көздейді.

Оқу құралын жасаудың Азия халықтарында үлгісі, өнегесі жоқ екенін, орыстың пайдалы кітаптарын үлгі ететінін айтады.

“Жоғарыда айтылған қолайсыздықтарды оқу ведомоствосының зиялы оқымыстылары бұрын да көрсетіп келген болатын, сондықтан мен білімді адамдардың ақылын алып, екінші жағынан, өзім де осылай етуді қажет деп тауып, осы хрестоматияны құрастыруға кірістім”.

Хрестоматияны Ы.Алтынсарин екі кітап етіп шығармақ болған. Осы төңіректе ыбырайтануда түрлі дерек орын алып келе жатқанын айтқан жөн.

1941 жылы Ы.Алтынсариннің 100 жылдығы қарсаңында жарияланған мақаласында ғалым Бейсенбай Кенжебаев “Қазақ хрестоматиясының” 3 кітабы басылып шықты дейді. Біріншісі – 1879, екіншісі – 1880, үшінші кітап – 1889 жылы.

“Бұл кітаптарында Ыбырай балаларға жаратылыс, география, өсімдік, жануарлар жайында, әлеуметтік тіршілік, тарих жайында жеңіл, түсінікті, көркем тілмен білім береді...” [90, 27 б.].

“Қазақ халқының ұлы демократ ағартушылары” атты диссертациялық еңбегінде зерттеуші Қасым Жұмағұлов та осындай мәлімет берген. 1879 жылы Қазанда бірінші кітап, 1880 жылы Троицкіде екінші кітап, үшінші кітабы Ыбырай қайтыс болғаннан кейін 1889 жылы Қазанда шықты.

Ыбырай Алтынсариннің өмірін, шығармашылық мұрасын көп зерттеген, кең зерттеген ғалым Әнуар Дербісалиннің мәліметі мынадай: “Хрестоматияны Ыбырай алғашқыда екі кітап етіп шығаруға жобалаған еді.

... Бірақ бұл екінші кітабын ол толық аяқтай алмады. Оның жазылып біткен жеке тараулары ағартушының өзі қайтыс болғаннан кейін, қолжазба күйінде жоғалып кеткен. Бұл кітабына ағартушы айрықша үміт артқан еді.

“Қазақ даласының қазіргі жағдайында маңызы күшті болатын бұл еңбекті, – деп жазды ол 1880 жылы, – ойдағыдай орындап шығуыма құдай тек өмір мен күш беретін болсын, мұны жақсылап қолдана білсек, бұл қазақ даласына көп өзгеріс енгізеді” [90, 89 б.].

Қайнекей Жармағамбетов “Қазақ хрестоматиясының” бірінші кітабы 1879, екінші кітабы 1880, үшінші кітабы 1889 жылы басылып шықты дейді.

Тілші ғалым Бабаш Әбілқасымовтың Ыбырайдың шығармашылық мұрасы жайлы тұжырымы осы мәселе төңірегіндегі килы пікірлердің шешіміне бастар түйін.

“Алайда Ыбырайдың барлық мұралы әлі жиналып біткен жоқ және, өкінішке орай, бұл саладағы жұмыс белгілі бір жоспар бойынша жүргізілмей отыр. Ыбырай мұрасын жинап, зерттеумен айналысып жүрген жекелеген тарихшы, әдебиетші, тілші, педагог ғалымдар бола тұрса да, олардың басын қосып бір бағытқа нұсқаушы ғылыми орталық жоқ деуге болады. Содан болуы керек, Ыбырайдың бірнеше жыл еңбектеніп, бітірген “Қырғыз хрестоматиясының” 2-кітабының қолжазбасы әлі күнге дейін табылмай отыр. Осы орайда көңіл аударарлық бір жай мынадай. Қазақ ССР Ғылым академиясының сирек кітаптар қорында Ы.Алтынсариннің бұрынғы шәкірті Ғабдолғали Балғымбаевтың естелігі сақтаулы тұр. Онда мынадай жолдар бар: “Ол (Ыбырай) қайтыс болғаннан кейін оның орнын басқан А.А.Васильевте қазақ тарихы бойынша және тағы басқа да, оның ішінде хрестоматияның 2-бөлімінің және тасқа басылған “Шарият-ул-исламның” қолжазбалары болды. Хрестоматияның қолжазбасын баспаға дайын күйінде өз қолымен қайта көшіріп, 1940 жылы басқа да қазақ фольклорымен бірге мен арқылы академияның қазақ филиалына өткізу үшін беріп жіберді, ол үшін, меніңше, 200 сом ақша төледі” [90, 311 б.].

Мына бір жай мәселені және шиеленістіре түсетіндей.

1883 жылы І сәуірде Катаринскийге жазған хатында Ыбырай Алтынсарин былай деген: “Хрестоматияның екінші бөлімін жазып жатырмын, жаратылыс тарихы бөлігін аяқталым, енді географиялық суреттеме бөліміне кірісіп отырмын. Бірақ, тағы да бұл хрестоматияны араб әрпімен бастыру керек-ау деген ойдамын.

... Менің құдай парызы туралы оқу құралым жайында Николай Иванович әлі күнге ешбір жауап бермей отыр. Мұнысы таңырқарлық та, күйінерлік те іс болды” [140, 256 б.].

“Қазақ хрестоматиясы” орыс қарпімен басылып шықты. Қазіргі кезеңде осы жайдың көп астары, көп қатпары бізге бүккен біраз сырын ашты.

1871 жылы Ильминскийге жазған бір хатында Ыбырай былай дейді:

“Сіз бір хатыңызда қазақ арасына орыс алфавитін енгізу жөнінде пікір айтқан екенсіз. Бұл талассыз пікір ғой. Дегенмен, оны жүзеге асыру, меніңше, үлкен қиыншылыққа кездеседі.

... орыс әрпімен жазылған кітаптар қазақ арасына тап біздің ойлағанымыздай жеңіл және тез сіңе қоймайды. Бірінші жағынан, фанатизмнің салдарынан, екінші жағынан орыс жазуына көзі үйренбегендіктен, оның таныс еместігінен, оның үстіне елімізде тарап отырған татар жазуының әсерінен...

Ал, араб әрпімен жазылған кітаптарды алатын болсақ, егер бұл кітаптар пайдалы кітап болса, ең алдымен, мазмұны қызық болса, мектептен тыс ел арасына тез жайылып, қазақ жастарын білімге тартуға жетекші бола алады. Шынына келгенде, қазақ сөздері орыс әрпімен анағұрлым дұрыс жазылатын болса да, татарша жазу қазақ тілінің тазалығына және бүтіндігіне зиян келтіретін болса да, көп уақыттарға дейін татар жазуын қазақтардан айыру мүмкін емес екенін біз еске алуымыз керек. Неге десеніз, қазақтың діні сол жазумен жазылған, қазақтар арабша, татарша намаз оқиды...

Ондай ықпалдан құтқару үшін мазмұны балалардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды асықпай, бірақ алған бағыттан қайтпай, қазақтың өз тілінде, олардың өздеріне таныс әріппен шығара білу керек.

...Бұл арада әріптің арабша, не орысша болуы – араб әрпінің ептеген зияны болғанымен, ісімізге онша кесел келтірмейді” [140, 203 б.].

М.Ақынжанов орыс грамматикасының негізінде қазақ әліпбиін жасаудың басында В.В. Григорьев тұрды дейді. 1867 жылы ол қазақ тілінің дыбыстарын орыс әліппесінің әріптеріне үйлестіріп қазақ алфавитін орыс графикасы негізінде қайта құру туралы тұңғыш рет мәселе көтерген.

М.Ақынжанов Ыбырайдың 20 жылдық оқу-ағарту жұмысы Ильминскиймен дипломатиялық күресте өтті. Ильминскийдің алдына қойған мақсаты: аз ұлттар арасында оқу-ағарту жұмысын жүргізгенсіп, ол елдердің ішінде христиан дінін таратып, ұсақ ұлттарды орыстандыру болды дейді.

Алфавит өзгерту жайында Ильминскийдің ұстанымын М.Мырзахметов арнайы зерттеп, көп нәрсенің көзін ашты.

“Осы себепті Ильминский 1869 жылы Ағарту министріне жазған хатында: “...Ы.Алтынсарин қазақтардың ортасында өзі мектеп ашса, орыс алфавитін сонда қолданса, оны орыс елінің адамдары істетіп отыр дегізбесін, өз ашқан болса... оны орыс бастықтарының инициативасы деп халық ойламайтын түрде жүргізсе, ең әуелі жана идея Алтынсариндікі болады” [90, 102-103 бб.].

Ильминский қазақтар орыс алфавитімен жазатын болса, ол жазу қазақтарды өзінің шырмауынан шығармай, өзіне тарта береді... деген.

1876 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторының Ішкі істер министріне жазған қатынас қағазында орыс алфавитімен қазақ грамматикасын жасауымыз керек... Бұл жұмыс Ильминскийге тапсырылды деп жазған.

Ыбырайдың “Қазақ хрестоматиясының” екінші, үшінші кітабы жайлы әрқилы деректің кездесуі, бұл пікір кітаптың келесі томдары емес, қайта басылымы жөнінде болып отыр деуге негіз бар сияқты.

Қараңыз: “Ы.Алтынсариннің хрестоматиясындағы әдеби шығармалар жинағының негізінде, бірақ қысқартылып араб әрпімен “Мақтубат” деген атпен бірнеше рет 1889, 1896, 1899, 1911 жылдары Қазанда басылып шықты. “Мақтубат” мектептен тыс оқырмандар үшін дала өмірінде орын ала бастаған ағартушылық әдебиеттің бастамасы болды” [101, 22 б.].

Ү.Субханбердина Ыбырай Алтынсариннің “Қазақ хрестоматиясын”: “Қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жазушысы, жаңашыл педагог Ыбырай Алтынсариннің 1879 жылы Орынборда басылып шыққан хрестоматиясы қазақ халқының мәдени, рухани өміріндегі маңызы зор оқиға болды. Кітап “Хрестоматия” деп аталғанмен, тек мектеп шәкірттерінің ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының өнер-білімге деген мұқтажығын өтеуге арналған, мағына-мазмұн жағынан алып қарағанда да хрестоматиядан өзгеше, жазушы шығармаларының жинағына ұқсас тұңғыш халық кітабы болды”, – деп, бар құнын, байқалмаған қырларын ашып сөйлейді [101, 20 б.].

XIX ғасырда бір заманда патша үкіметі өзі бастамашы болып исламды уағыздау идеясы басқа бағытқа бұрылған.

“Солардың ең бір аяры – миссионерлік харекет, қазақ халқын орыстандыру саясаты еді. Қазақ арасында христиан дінін насихаттау, қазақты діннен, тілінен ажыратып, шоқындыру мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдықтарының біріне айналды.

1867 жылы Қазан қаласының винарийі Гурийдің “Казанское братство св. Гурия” (“Қасиетті Гурийдің Қазандық сыбайластығы”) деген қоғам құрып, миссионерлік жұмыстың қадау-қадау проблемаларын алға қойды. Орыс емес халықтардың балалары үшін орыс тілінде мектеп ашу, бұратана халықтардың арасында христиан діні насихатын барынша өрістеу, қазақ тілінде миссионерлік тақырыпта алуан түрлі кітап шығару қозделді” [53, 111 б.].

Жиырмасыншы ғасыр басында заманның дін саясатын 1868 жылғы “Уақытша Ережеден” кейінгі діни ахуалдың жайы, оның зардаптары жайлы айта отырып бар мәні, кереғарлық, қорқаулық сипаттары жағынан ашкерлеп көрсеткен Мұхамеджан Тынышбаевтың пікірі: “... Временным Положением” 1868 года киргизы в духовно-религиозном отношении подчинены общему гражданскому управлению, а через него Министру Внутренних дел. Такая постановка дела управления киргизами в духовно-религиозном отношении совершенно неправильно, ввиду крайне сомнительной компетентности чиновников разных учреждений в знании предписаний мусульманской религии” [141, 18 б.].

Әкімшілік тарапынан христиан дінін уағыздаушыларға айрықша қолдау көрсетіліп отырғанын айыптай отырып, М.Тынышбаев үкіметке бірнеше нақтылы талап қойған. Көріп отырғанымыздай, ХІХ ғасырдың өн бойында қилы қалыпта жүргізілген дін саясаты ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы ауыр әлеуметтік зардаптарға ұласқан. ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басындағы діни ағартушылықтың жалпы ағартушылық мұраттарға негіз бола тұра, дараланып, айқындала түсуіне исламға жасалып отырған ауыр қысым мейлінше ықпал еткені даусыз.

ХІХ ғасырдың 60-жылдарындағы саяси-әлеуметтік ахуал, қазақ даласындағы мектептің жайы, оқудың жайы жана бағыттарға жол ашты.

“Қазақ хрестоматиясының” құрылымы орыс хрестоматияларының үлгісімен жасалды. Оқулыққа енген көпшілік шығармалар, Ыбырайдың өзі атап көрсеткеніндей, Паульсонның хрестоматиясынан алынды.

Еңбекте халық ауыз әдебиеті үлгілері, қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінділер берілді.

Зерттеушілердің атап көрсеткеніндей, Ы.Алтынсарин аударма шығармаларды да, ауыз әдебиеті үлгілері тәсілін мейлінше шығармашылықпен пайдаланып әрлей түсті.

Ыбырай Алтынсарин осы еңбекте өзінің жаңа үлгідегі қазақ әдебиеті тарихындағы жаңа жанрлардың бастапқы үлгі, нұсқаларын шығарды.

“Қазақ хрестоматиясы” 4 тараудан тұрады.

1. Балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды: мысалдар мен халық әдебиеті; балалардың туғандарына жазған хаттары.

2. Әр түрлі жастардағы адамдардың өлең жырларынан үзінді.

3. Ең жақсы қазақ ақындарының өмірінен алынған әңгімелер.

4. Қазақтың мақал-мәтелдері.

Ыбырай Алтынсарин бұл бөлімдерге енген ел әдебиеті үлгілерінің көпшілігін сол кезде шыққан жинақтардан алған болуы мүмкін (мәселен, В.Радлов кітабы – Қ.М.).

Сонымен бірге бірталай шығарманы ел аузынан өзі жазып алып, жинап қосқан. Өңдеген, әрлеген. Осы жөнінде Ыбырай шығармашылығын арнайы зерттеушілер үніле түсер тұс аз емес.

Мәселен, “Жиренше шешен”, “Қарақылыш”, “Тазша бала”, “Алтын айдар”, “Қарабатыр” ертегілерінің Ы.Алтынсарин кітабындағы мәтінін басқа басылымдардағы мәтінмен салыстыра қарағанның өзінде бірталай өзгешеліктер байқалды.

Ыбырай басылымында ертегі тілі басқа жазбалармен салыстырғанда әлдеқайда көркем, жанды. Ауызша баяндау нұсқасына жақын. “Жазушы” баспасынан “Қазақ халық әдебиеті” сериясымен шыққан көп томдық ертегілер жинағының төртінші томындағы (1989) “Қара батыр”, “Алтын Айдар” ертегілерін “Қазақ хрестоматиясындағы” Ыбырай бастырған сол ертегілермен текстологиялық салыстыру жасағанның өзінде Ыбырай Алтынсариннің өз мәнері, өз баяндау машығын айқындай түсерлік сөз қолданыс, сөйлем құрылымдары байқалды.

“Ертегілер” жинағына “Қарабатырдың” Мәшһүр Жүсіп тапсырған нұсқасы (ОҒК қолжазба қоры, 1176 папка) енген.

Бұл ертегіні Ыбырай “Қазақ хрестоматиясында” бастырған (1879). Одан ілгеріде жазба нұсқасы, басылымы болды ма деген мәселе анықтауды қажет етеді.

Ыбырай Алтынсариннің 1994 жылы “Ғылым” баспасынан шыққан Таңдамалы шығармалар жинағындағы “Қарабатыр” ертегісінің мәтінімен “Ертегілердегі” мәтінді салыстырғанда көлем, мазмұнда алшақтық, айырмашылық байқалмады. Ал жекелеген сөз



колданыс, сөйлем құрылымында айырма бар. Және ол айырма Ыбырайдың жазу машығына, мәнеріне тән белгідегі айырма.

Ыбырай жинағында ертегінің атауы “Қара батыр” (*баланың аты* – Қ.М.) болып болек жазылған. “Ертегілерде” – “Қара батыр”.

М.Жүсіп жазбасында ертегі былай басталады. “Орал тауын мекендеген елдегі бір шалдың баласы Қарабатырды жас күнінде жортуылшылар ұрлап алып кетіп, еліне апарған соң, қой бактырып қойыпты. Ол балаға жөнді тамақ бермеген соң, бала қойдың далада сүтін сауып ішіп, сонымен күн көріп жүріпті. Бір күні бала далада қамығып жылал отырғанда, алдына бір қарға келіп қонады. Бала қарғаға айтты:

– Қарғалар-ау, қарғалар, қанды көрсе жорғалар, тұмарымды ал сана, біздің елге бар сана, сағынып жүрген әкеме, тұмарымды бере қал сана...».

Ыбырай Алтынсарин ертегінің ауызша айтылу сипатын, стилін сақтап бастырған. М.Жүсіп біршама жазба тілдің стилімен әрлеп, жатықтандыра түскен. Ыбырай бастырған ертегі тілі жеңіл, нақ-нақ, оралымды, өзіндік ырақпен оқылады.

Бұл жерде сөз ұстартуға мүмкіндігі молына жетіп тұрса, Ыбырай максатты түрде халық тілінің өз мүмкіндігін, өз байлығын барынша ашып тастайтын ауыз әдебиеті үлгілерінің өз стилін сақтайды.

Ыбырай ауызша тілдің құрылымындағы инверсияны – сөздердің қалыпты орнынан әдейі, екпін түсіре ауыстырылып айтылу әдісін өзгертпейді. Уақиғаға ширақтық, жеделдік дарытатын сөз қолданыстарды қалпынша алады.

Мысалы Ыбырай басылымындағы “Келіп тырна қонды” деген сөйлем Мәшһүр Жүсіп жазбасында “Тырна келіп қонды” болып келген. Бір қарағанда, сөздердің орны ауысқаннан мағынаға келер нұқсан жоқ. Бірақ “Келіп тырна қонды” бірінен кейін бірі келіп қонып, ұшып кетіп жатқан құстардың қимыл-әрекетінің жеделдігін, шұғылдығын үдете түседі. “Тырна келіп қонды” жайбарақат, асықпаған күйдің суреті.

Келесі келіп қонған құстар қимылы да Ыбырай басылымында жедел, тез. “Келді қаз”, “Келді аққу”.

М.Жүсіпте: “Қаздар келіп қонды”, “Аққу келіп қонды”.

Немесе, мына баяндау.

Ы.Алтынсарин басылымында:

“Бұл ауылға келген соң, қарлығаш әр үйдің төбесіне қонып, адамын байқап жүрсе де, баланын айтқанына ешқайсысы ұқсамайды. Сөйтіп шаршап қалғып отырғанда, бір ыңырысқан кемпірдің дауысы шықты. Құлағын салып қараса, кемпір айтады:

... ..

Сен тұра тұр деп кемпірді тоқтатып, шал айтады:

... ..

М.Жүсіп жазбасында:

“Бұл ауылға келген соң, қарлығаш әр үйдің төбесіне қонып, адамын байқап көрсе де, баланың айтқанына ешқайсысы ұқсамапты. Сөйтіп, шаршап, қалғып отырғанда бір кемпірдің ыңырысқан дауысы шықты. Қарлығаш құлағы салып тыңдаса кемпір айтады:

... ..

Қасында отырған шалы: “Сен қоя тұршы”, – деп оны жылатпай, тоқтау айтқан кісі болып өзі де еңкілдеп жылай беріпті:

... ..

Екі басылымда баяндауыш-етістіктің берілуінде айырма бар.

“Ал “бір ыңырысқан кемпірдің даусы шықты” мен “ыңырысқан бір кемпірдің дауысы шығадының” экспрессиясы бірдей еместігін тәптіштеп жату артық.

Ыбырайдың басылымындағы ертегі тілін “Қазақ хрестоматиясының” 1879, 1906 жылғы басылымдары бойынша жаңадан баспа жүзін көрген (2003 жыл, “Қазақ университеті”, баспаға әзірлеген ф.ғ.д., профессор С.Садырбаев) мәтінмен салыстыру, Ыбырай шығармаларының кенестік кезеңдегі (1955, 1988, 1994) басылымдарына редакцияға түсіп, жасалған өзгерістерді ескеріп отыру – Ыбырай шығармаларының текстологиясын жасаудағы тиімді тәсілдің бірі болмақ.

Осы тұста, Ыбырай жинағындағы көпшілік мәтінді А.В.Васильевтің Орынборда шыққан “Образцы киргизской словесности” деген жинағындағы сәйкес ертегі мәтіндерімен де салыстырып қарау қажет. Ыбырайдың жиган-тергені өзі қайтыс болғаннан кейін А.В.Васильевтің қолында болған.

Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған ертегілерді қайсыбір тұста өзіндік сөз мәнерімен, сөйлем құрау тәсілімен жинақыландыра, ширектіріп, ширата түсу машығымен бірге, оның халық ауыз әдебиеті үлгілерінің баяндау стилін қалпынша сақтауға ден қойғандығына, әр сөздің реңіне, бояуына, әсер күшіне, “сөздің сөзге

түсірер жарығына” (F.Мүсіреповше айтқанда – Қ.М.) айрықша мән бергенін көреміз.

Тасқа басылғанымен туындының, жазба әдебиет нұсқасы емес, ауыз әдебиетінің еншісі екендігін, оның кейінгіге ел аузында сақталған күйде жетуін, яғни түпнұсқаны сақтаудың жауапкершілігін де Ыбырай Алтынсарин саналы түрде жүзеге асырған.

Жинақтағы шығармалардың қазақ әдебиетін, жазба әдебиетінің мәдениетін көтерудегі орны өлшеусіз.

1994 жылы “Ғылым” баспасынан жарық көрген Ыбырай Алтынсарин жинағының түсініктеріне ғалым Жұмат Тілепов былай деп жазады:

“Осы тұста, бір ескерте кетер жай: бұл тарауда біз автордың өзі жазған шығармалармен қатар, сондай-ақ, хрестоматия несінің ел аузынан жинап, алғаш рет өзі хатқа түсіре отырып, ұстартқан, сондықтан өзі авторы секілді қабылданып кеткен, арғы түбі халықтық прозаның қатарына жататын ауыз әдебиеті нұсқаларын да Ыбырай Алтынсариннің төл туындылары ретінде беріп отырмыз.

... Оның үстіне дүниежүзілік әдебиет пен өнердің тарихында халықтық мұраларды жаңғыртып жазып, оларды өздерінің төл туындылары ретінде қабылдаттыру тәжірибесі өте-мөте мол.

...Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің ішінде оның қазақтың аңыз-әпсаналары мен ертегілерін негізге ала отырып жазып шыққан туысы тосын дүниелерінің де жүру себебін осы принциптен деу ләзім” [142, 275 б.].

“Қазақ хрестоматиясына” енген шығармалардың аударма шығармалар болсын, өз әңгімелері болсын ұзақ-сонар, қиял-ғажайып уақиғалар емес, адамның нақты өмірінен алынған әңгімелер.

Ыбырай Алтынсарин тіл дамыту, ой дамыту үшін жазылған ойнақы, жинақы, ширақ шығармалар үлгісін көрсетті.

Бұл шығармалардың жанрлық сипаты, жазылу стилі қазақтың жаңа жазба әдебиетіне негіз болды. Ыбырайдың “Шеше мен бала”, т.б. шығармаларында диалогтық үлгілер бар. Драматургия элементі байқалады. Оқудағы балалардың үйіне жазған хаттары қазақтың жазба тіліндегі эпистолярлық жанр үлгісі.

Ыбырай көркем аударманың мүмкіндіктерін ашты. Оның аударма әңгімелері тым жатық. Қазақтың төл туындысындай оқылады.

Оның әңгімелерінің өзі түр, стиль жағынан жан-жақты сападағы, түрлі жанр жүгін көтеріп тұрған бай мұра.

Ыбырай Алтынсарин “Қазақ хрестоматиясында” сол тұста тасқа басылуда қағажу көріп, қақпайланып отырған қазақтың бай тілін кәдеге жаратты.

Ағартушылық, білімге тарту мақсатымен жарық көрген оқулық қазақтың жаңа жазба әдебиетінің, жазба тілінің қалыптасуына орасан зор ықпал жасады.

Ыбырай Алтынсарин “Қазақ хрестоматиясының”, “Сөз басында” “татар тілінен ешқандай кемшілігі жоқ ана тілі” деп аялай қорғаштаған туған тілін сақтап қалу үшін таза қазақ тілінде басылған тұңғыш кітап шығарды.

“Қазақ хрестоматиясының” бұл бірінші кітабы кейін де бірнеше рет жарық көрді.

Ы.Алтынсариннің “Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы” еңбегі (1879) мен “Мұсылманшылықтың тұтқасы” (1884) еңбектері де мектеп оқушыларына арналып жазылды. Бұл шығармалардың ғылыми негізде жасалған оқу құралы ретіндегі маңызымен бірге қазақтың жазба әдеби тілінің жасалуындағы орны өлшеусіз. Жаңа жазба әдебиеттің тууы да сол еңбектердің жарыққа шығуымен жандана түсті.

Ыбырай Алтынсариннің “Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы” еңбегі 1879 жылы жазылып, 1879 жылы Орынбор қаласында шықты.

Бірде-бір орыс сөзін білмейтін қазақ баласына орыс тілін үйретудің тиімді жолдарын пысықтаған бұл еңбектің құндылығы бөлек. Шет тілін үйренудің тиімді жолдарын Ыбырай Алтынсарин өз тәжірибесінен жинақтап, күнделікті тұрмыстағы қажеттіліктерге сүйене отырып негіздейді. Шет тілін меңгерудің қазақ оқу жүйесіндегі тұңғыш ғылыми негіздемесін жасайды. Еңбек қазірде де маңызды. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне үйретуде ұстаным боларлық мәнді, нақтылы, тиімді жүйе.

Ыбырай осы еңбегінде қазақ тілінің ғылыми грамматикасын тұңғыш рет ғылыми айналымға түсірді. Орыс тілінің грамматикасымен салыстыра қарастыруы арқылы тіл білімінің салыстырмалы грамматикасын қазақ тіліне пайдаланды. Оқу құралында нәрселердің аттары (зат есім), зат мақлұқтың қасиетінің аттары (сын есім), есеп аттары (сан есім), местоимение деген сөздің бөлімі (есімдік), ақыры өзгерілмейтін сөздер (үстеу, демеу), предлог деген сөздің бөлімі (жалғау), глагол деген сөздің бөлімі (етістік) деп, сөз таптары беріледі. Қазақ тілінен орыс тіліне аударудың үлгілері

көрсетіледі. Сол сөз таптарына жататын негізгі сөздер, олардың жаққа, шаққа жіктелуі, жекшелік, көптік мәні, септелуі, орыс тіліндегі род категориясы ұтымды ұғындырылады.

Ыбырай Алтынсариннің “Шариат-ул ислам” (“Мұсылманшылықтың тұтқасы”) еңбегі 1884 жылы Қазан қаласында араб қарпімен басылып шықты. 1894 жылы Орынборда орыс таңбасымен қайта басылды.

Еңбек сол замандағы патша үкіметі таралынан жүргізіліп отырған дін саясатына орай шықты. Ұзақ жылдар бойы бұл еңбектің негізгі мәні соншалықты ашылып айтылған жоқ, арнайы қарастырылып сөз болған жоқ. Бұл еңбек қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік өріс тапқан іргелі ыбырайтану ғылымының “ақтаңдағы” болып қалып отырды.

Шәмшиябану Сәтбаева 1988 жылы “Ыбырай Алтынсарин тағылымы” атты жинаққа арнайы жазылған “Экзегетикалық дәстүрге үлес” зерттеуінде ыбырайтанудың XIX ғасырдың 70-жылдарынан бері өрістеп отырған ғылым арнасы екендігін көрсететін фактілер келтіре отырып, былай деп жазды: “Алайда зерттеулерден көбіне тыс, шет қалып жүрген бір еңбек Ы.Алтынсариннің “Шариат ул-ислам” (“Мұсылманшылықтың тұтқасы”) атты 1884 жылы Қазан университетенің типографиясында араб әрпімен жарық көрген кітабы. Одан кейін қайта басылған емес. Атынан үркіп көбіне аталмай келді, ара-жүдік аталса, терен зерттелмеді” [90, 197 б.].

Аталған еңбек “Құран” негіздерін ұғындыру мақсатында, мектептерде оқытылатын дін сабағының қазақтарға анағұрлым ұғынықты оқу құралы есебінде жазылды. Ислам дінін ұстанып отырған халықтың “Құран” негіздерін татар молдары арқылы үйренуінің көптеген кері әсері болды.

Бұл еңбектің жазылуындағы көп мақсаттың бірі – тіл тазалығын сақтау да болды.

Ыбырай Алтынсарин ислам дінінің негізі ұстанымдарын қазақ баласына дұрыс тәрбие беруге бағыттады.

Ыбырай Алтынсарин бұл еңбекті жазудағы мақсатын өзі айқын айтып береді.

“... Қазіргі кезде қазақ арасында Мұхамбеттің діни оқуы жайылып, етек алып барады... мүмкін болғанша, біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін (бұл – қазақтарды татарландырудың ең

сенімді тәсілдерінің бірі ғой) мен соңғы кезде Мұхамбет шаригатын үйрене бастап... Осы оқу құралын құрастыруға кірістім” [143, 324 б.].

“Шарият ул-ислам” Ыбырай Алтынсариннің XIX ғасырда патша үкіметі тарапынан жүргізілген миссионерлік саясатқа қатысын да айқындайтын еңбек.

Бұл еңбек сонымен бірге XIX ғасырдағы қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің қалыптасуында да өлшеусіз ықпалы болған жазба тіл мұрасы есебінде де аса бағалы.

Мұхтар Әуезов 1927 жылы жарық көрген “Әдебиет тарихы” оқулығында Ыбырай Алтынсаринді “жүз жылдық дәуірге” созылған зар заман әдебиетінің дін мен мәдениет иісі шыға бастаған үшінші кезеңіне жатқызады. Зар заман ақындарының ішінде дін сарынын шығарып, дін мейманалығын көп ұсынатын акын Алтынсарин деп, айрықша бөліп айтады.

Алтынсарин шығармашылығындағы дін жайын жүдеген өмірдің діннен тірек іздеуі деп қисындайды. Бұл тұста Мұхтар Әуезов Ресей империясының XIX ғасырда ұстанған дін саясатына соншалықты көңіл бөле қоймаған сияқты.

М. Әуезов кейінде Ыбырай Алтынсариннің дінге қатысын кеңіте түсер мынадай түйін айтады. Бірақ бұл жерде де саясат ыңғаймен Ыбырайдың исламиятқа қатысын бір жақты ғана айтып өтуге мәжбүр болғандай...

“Осының бәрінің тұсында ол патшалықтың отарлаушы, бюрократтық-чиновниктік аппараттарымен үнемі арбасып, қажымай күресуші және бір өзі екі бүйірінен [*астын сызған біз – Қ.М.*] дұшпан көзбен қарап қадалған діншілдер қастандығына қарсы да аяғысушы болды. Осы соңғы жайдың өзін ғана алғанда, Ыбырай көрген қос қысымның (*астын сызған біз – Қ.М.*) ол заманда қаншалық ауыр, зіл салмақты дерт болғандығын анық аңғаруымызға болады” [144, 127 б.].

М.Әуезов XIX ғасырдағы қазақты шоқындыру саясатын айтады, бірақ Ыбырайдың сол саясатқа қарсы өрістеген діни-ағартушылық ағымның сауатты өкілі болғанын айтпай, іркіп қалады.

Қазіргі уақытта Ыбырайдың дүниетанымы, оның шығармашылығындағы діннің жайына қатысты мәселелер жаңа бір беталыста танылып, айтылып отырғаны белгілі.

Бұл кітапты жарыққа шығаруда Ыбырай орыс миссионерлері тарапынан талай тосқауылға тап болды. Ильминский Ресей империясы мектептерінде оқытылатын дін сабақтарына оқулық

есебінде жазылған бұл еңбекті де “Қазақ хрестоматиясы” сияқты орыс қарпімен бастырып шығару керек дейді. Ыбырай Алтынсарин бұған батыл уәж айтады.

“Бұл арада тағы бір ескерте кетуге қажет нәрсе – мұндай оқу құралды, менің басында ойлағанымдай, орыс әрпімен жазу мүмкін емес, өйткені мұндай дін кітабы, шаригат тұрғыларына толық сай құрастырылғанымен де, сыртқы жағынан карағанда мұсылманша болмаған соң, қазақ арасында сенімді болмас еді, әр түрлі қолайсыз әңгімелер туғызар еді”.

Қажым Жұмалиев 1960 жылы жарық көрген “Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі” монографиясында Ыбырайдың дін жайын саясат жөнімен біржақтылау танытқанымен, Алтынсариннің негізгі ұстанымдарындағы ымырасыздық туралы нақты тұжырым жасады.

“Кейбір күрделі мәселелер жөнінде Алтынсариннің Ильминский, Григорьевтермен де келіспейтін жайлары аз емес. Бірақ Ыбырай олардың ешқайсысымен араздасып, не айтысып-тартыспай-ақ өзінің ойға алған жұмысын іске асыруға тырысқан. Бәрімен де істесе білген. Бірақ ешқайсысының ықпалында кетпеген” [134, 42 б.].

Ыбырай Алтынсариннің “Мұсылманшылықтың тұтқасы” кітабы араға бір ғасырға жуық уақыт салып барып, 1991 жылы “Қазақстан” баспасынан басылып шықты [126].

Кітаптың алғы сөзінде Акселеу Сейдімбек бұл еңбектің жазылуының екі түрлі себебі болды деп, бірін сол кезеңдегі мектептегі дін сабағына арналған оқу құралы есебіндегі міндетімен, екіншісін сол кездегі қазақ әдеби тілінің таза орнығуы жолындағы мүддеден тугая міндетпен орынды байланыстырды.

Осы жерде кітаптың туу тарихын, жазылу себебін Ыбырайдың өзі берген түсініктемедегі бір мәселемен орайластыра қараудың орны бәлек болмағын айтқан жөн. Біздіңше, еңбек сол кездегі православие дінінің қызметшілері тарапынан жүргізілген миссионерлікке, өзге дін өкілдерін шоқындыру саясатына да қарсы мәнде жазылған. Бұл өзі өткен тарихқа қазіргі жан-жақты баға беріліп отырған уақыт санамызға сіңіре бастаған шындық.

Еңбектің біссімилләсі, Абай айтқандай, “Махаббатпен жаратқан адамзатты” бір Құдайдың, Алланың құдіретін мадақтаудан басталады. Мұнан соң мақтау Мұхаммед Мұстафа салла аллаһу аллаһи уассаламға арналады.

“Ләкин ислам мәнісін білмек әрбір мұсылманның өз басына парыз. Әлгі рауиште мұсылманшылықтың шартын ел ішінде молдалары біліп, бөтендері білмегенмен, бұл білмегендердің мойнынан парыз түспейді. Парыз түсу түгіл, бұл мұқтаж шарттарды білмеген кісі мұсылман да болмайды. Құдай тағала өзі сақтасын, соның үшін бізбен қатар татар, түркі уа ғайри халықтар аят хадистің мұқтаж, керекті бұйрықтарын өз тілінше көшіріп, түсінетін кітаптар шығарып, діннің ғылымын жұрттарына жайды. Бірақ біздің қазақ тілінде әркім түсініп оқып немесе біреу оқыса тыңдаған қара халық түсініп отыратын бір де кітап жоқ. Сол себептен жалғыз кітап таныған молдалар болмаса, көп қара халық өзінің діні не екенін де кәміл түсінбейді. Хатта көп адам осы қалыпша кәпір болып та жүрген шығар. Мұны көріп біз, Фақыр Қыпшақ руының Ибраһим Балғожа биұғлы, қарындас халқымыз қазақ жұртына пайда келтірмек ниетпен һәм қаранғы тугандарымызды түсінікті тілменен өзінің дінін түсіндіру үшін бұл кітапты жазуға кірістік” [90, 13 б.].

Еңбектің жазылуы қазақ қоғамындағы әлеуметтік, рухани сұраныспен байланысты.

Еңбектің мазмұны, тілі, жазылу жөні, мақсаты туралы сөзді Абай шығармаларындағы, әсіресе қара сөздеріндегі дін жайымен. Шәкерімнің “Мұсылманшылықтың шарты” (1911) еңбектерімен сабақтастықта қозғау, біздіңше, оның құндылығын, тарихи мәнін ашуда тартар тура жолдың бірі көрінеді. Ыбырайдағы, Абайдағы адамды. Алланы сүю парызымен, имандылық, мұсылманшылық жөнімен желілес, сабақтас ой ірімдері салыстыра зерттеу нәтижесінде көріне, ашыла түсері сөзсіз.

Ыбырай мен Абайдың арасындағы екеуін аса туыстырып жіберетін шығармашылық бөлекше бітім тек олардың бұрынғы әдебиетте болмаған көркемдік үрдіс, үлгілерінде ғана емес, осы дүниетаным, дінтаным, дінге қатыстылық ірімдерінде де өзгеше бүтіндікке тартып жатқан таным табиғаты.

Ыбырайдың дінге қайырылып отыруы мен Абайдағы дін жайында үндестік, үлгінің мол болуы, әрине ең әуелі екеуі де ден қойып отырған исламның негізгі шарт, қағидаларынан туған. Бұл мазмұнға қатысты жон. Ал дін жайын сөйлеудегі сөз саптау, сөйлем құрудағы ұқсастық – кездейсоқ емес. Негізінде, Абайдың Ыбырай Алтынсариннің тасқа басылған еңбектерімен таныс болғандығы күмәнсіз. Ендеше, Абайдың қайсыбір тілдік қолданыс, жазба тілді жасаудағы машығында Ыбырайдың ықпалы бар. Жаратылыстан



дарыған ақындық қуат Абайда артық болғанымен, онын Ыбырайдан алғаны, жаңа жазба әдеби тілді қалыптастыру жөнінде жоқ емес. Бұл да арнайы зерттеудің өрісі болатын бір мәселе.

Ыбырайдың “Мұсылманшылықтың тұтқасы” еңбегі мен Абайдың кара сөздеріндегі діннің мәнін ұғындырудағы, ой құрап, сөйлем құраудағы, тіл қолданыстағы қайсыбір ұжастықтар мынадай үлгілерде көрініп отырады.

Ы.Алтынсариннің кітабындағы әуелі бап – “Иман турасында”. Осы иманның жайына Абай бірнеше кара сөзінде 1, 13, 28, 36, 38 қайырылып отыратыны белгілі.

Осындағы иманды ұғындырудағы тіл, стиль ұжастығы сөйлемдердің етістік-баяндаушының *растамак, сенбек, шанбақ*, т.б. түрінде көрінеді. Екі ойшылдың да сөйлем соңында *керек* көмекші етістігін жиі қолданып отырғаны байқалады.

Сонымен бірге сөйлемнің соңындағы сөздің “*деп*” болып келуі, “*болады екен*” деп аяқталуы, “*емес*” сөзі жиі кездеседі.

Қазіргі баяндау тілінде басымырақ қолданылатын етістіктің -ды, -ді, -ты, -ті жұрнақтарымен аяқталған сөйлем сирек кездеседі.

Мәселен, Абайдың 15 кара сөзіндегі әрбір ой түйдегі “*болады екен*”, “*қалады екен*”, т.б. тіркестермен тұйықталып отырады. Мұндай орамның Ыбырайда болмауы кара сөз бен “Мұсылманшылықтың тұтқасы” кітабының жанрлық айырмашылығында болса керек. Ыбырай бірде сұрақ-жауап, бірде еркін баяндау, ғылым тілінен гөрі қарапайым тілмен ұғындыру үлгілерін алып отырған. Ыбырай бастан-аяк бір формада жазып шықса, Абай әңгімелесе отырып, айтпағын қоздырып, жандандырып, ой шалып сөйлейді.

Ал діни негіздерге анықтама беріп тоқталуында Ыбырай да, Абай да бір үлгіде сөз саптады.

Ыбырай: “Мәселен, біреу Құдай тағаланың жанбуынан алып келген намаз, руза реуішті бұйрықтарды растамаса немесе растығына көңілі бос болып шек қылса да кәпір болар. Иман пенделерде үш түрлі болар.

... Үшінші түрі – иман тақлиди. Бұл иман – өз ақылымен Құдайды танымайынша. ата-бабаларының ұстап келе жатқан жолы ғой деп иман келтіргендердің иманы болар” [90, 13 б.].

Абай: “Енді бұл иман дерлік илануға екі түрлі нәрсе керек. Әуел не нәрсеге иман келтірсе, соның қактығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып ақылы дәлел испат қыларға жараса, мұны яқини иман десек керек” [127, 31 б.].

Жалпы, “Шариат ул-исламның” тілі де, негізінен, бұрынғы ауыз әдебиеті тілінде кездеспейтін, жазба тіл дәстүрін орнықтыра түскен сөз айшықтары, сөйлем оралымдарынан тұрады.

Ыбырай шығармаларындағы дін мазмұнын, діни ағартушылық сарын жөнінде Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева мынадай ойлар айтқан: “Осы діни оқу құралында Ы. Алтынсариннің өлеңдері мен әңгімелеріндегі бірсырыпа ой-пікірлер, сарын-әуендермен сәйкестік, үндестіктер баршылық. Мысалы, оның “Өсиет өлеңдерінде” айтылатын “бәріміз бір адамның баласымыз, жігіттер, бір-біріне қарасаныз” деген жолдар “Мұсылманшылықтың тұтқасында” мынадай түрде кездеседі: “Дүниеде қанша адам болса, бәріміз бір атадан өрбіген ағайынбыз...” [90, 209 б.].

“Қазақ хрестоматиясы” қазақ баласы “А” деп, Әліп, биді үйрене бастаған сәттен таныс, ыстық, білімнің бұлақ бастауындай, жақсылықтың, игілікті істің жарасымды жоралғысындай құлаққа сіністі. “Кел, балалар, оқылық!” өлені “Бір Құдайға сыйынып” деп басталады. Ыбырай өз шығармаларында әрдайым Алланы аузына алып отырған. Нұрлы дүние, сұлу жаратылысты жаратқан Құдай дегенді айтудан танбайды.

*“Құдайға шүкір айтар жас пен кәрі,  
Бердің деп жанға рақат мұндай дәрі”.*  
*“Жақындар құдайымның көктем күні,  
Тең болар жарлықпенен күн мен түні”*  
*“Сәуірдің әрбір күні дертке дәрмен,  
Құдайым дәрмен бол деп етіп пәрмен...”*  
*“Адамзат сайран етер көңілі жсай,  
Секіріп ойын салар құлын мен тай.  
Қой маңырап, сиыр мәңіреп жат болады,  
Тасиды күркіресіп, өзен мен сай.  
Аяғын алшақ басып түйе шығар,  
Жаратқан мұнша таңсық жабба құдай”.*

“Оқу білген таянды, бір жаратқан құдайды”. “Жаратты неше алуан жұрт бір құдайым”. “Иманды ер Құдайынан ұялады, ұялып несінен сый алады...”. “Ұшпақтың бір сәулесі жерге түсіп, Жақындар Құдайының көктем түні”. “Жөн білмеген адамға, қыдыр ата дарымас”.

Ыбырай Алтынсарин XIX ғасырдың соңына таман қазақ қоғамында максаткерлікпен жандана түсіп, дамыған діни ағартушылық ағымның негізгі ұстанымдарын да қалыптастыруға зор ықпалын тигізген, аса ауқымды ағартушылығының бір парасын қазақ арасына исламның негіздерін орнықтыру жөніне арнаған жаратылысы сирек заманалық тұлға. Қайраткер.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ тарихындағы асыл рухы, ортаймайтын орны ұрпақ зердесімен уақыт озған сайын ой таразысына түсіп, олқы түспейтін құндылығымен әр жөнінен ашыла береді. Айтыла береді.

Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық мұрасында көркем шығармалары, оқу-әдістемелік нұсқауларымен бірге этнографиялық очерктері, XIX ғасырдағы орыстың белгілі адамдарымен, достарымен жазысқан хаттары, халық ағарту мәселелеріне байланысты жазған нұсқау хаттары, мәлімдеме, есептері де елеулі орын алады.

Ыбырай Алтынсариннің “Орынбор ведомоствосы қазақтарының өлген адамдарды жерлеу және оған ас беру дәстүрлері очеркі”, “Орынбор ведомоствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очеркі”, “Орынбор ведомоствосы қазақтарының бала туу және шілдехана дәстүрлерінің очеркі” атты этнографиялық жазбалары ыбырайтануда ғылыми құндылығы айқын еңбектер есебінде бағалы. Бұл очерктер кезінде Россия императорлық географиялық қоғамының Орынбор бөлімшесі жазбаларында жарияланып тұрған.

Ыбырай Алтынсариннің сан-салалы шығармашылық мұрасы жайлы Мұхтар Әуезов былай дейді: “Әрі ол жаңа үлгідегі ақын, әрі сол кездегі Россияда батыл жасап, “бұратана” елдер үшін тың үлгілі мектеп ашушы. Ол мектептің өзіне бөлек ерекшелігі бар программаларын, оқу құралдарын жазушы. Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектеп жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы. Бұл жөнінде ол қазақтың халық қазынасы – ауыз әдебиетін, орыстың ұлы классикалық әдебиетін өзінше ең алғашқы үлгілерде үйлестіріп туыстырушы болды. Сонымен қатар ол орыстың білімпаз қайраткерлерінің алдына орыстың оқымысты жұртшылығының ілтипатына жеткізіп, қазақ халқының толып жатқан мұраларын, шаруашылық, ағартушылық, саяси-қоғамдық халдерін ірі мәселе етіп жазып танытқан публицист те болды” [144, 259 б.].

Ыбырай Алтынсариннің қымбат та кәделі, асыл мұрасы XIX ғасырдың соңғы ширегінен күні бүгінге шейін ыбырайтану ғылымының негізгі өзегі болып отыр.

### 2.3 Зар заман поэзиясындағы әлеуметтік ортақ желілер, дара өзгешеліктер

Қазақ кітабы тарихы дамуының екінші кезеңі деп 1867–1900 жылдар арасын қамтып қарастыруында Ш. Елеуеновтің XIX ғасыр әдебиетінде болып өткен айрықша елеулі құбылысты құлаққағыс етуі тегін емес.

“Екінші кезеңге тән және бір жаңалық – қазақ кітабының ел өмірін жазуға батыл бет бұрғандығы. Қазақ әдебиеті Шығыс әдебиетінен алатынын алды, бойына сіңіретінін сіңірді, бірақ ықпалында, ығында кеткен жоқ. Кетпеуінің басты себебі – қазақ елінің рухани бірлігінде, талай жаумен шайқас, алыс-жұлыстарда шыныққан тірлігінде еді. Сондықтан ел өмірінің ағысы өз арнасынан ауган жоқ. Сондықтан ол кездердегі әдебиетіміздің жетекші жанры поэзия өз халқының өмірінен тың тыңдады, жаңа идеяларды Шығыс мифологиясынан емес, боданға түскен елінің зарынан қарпыды, көз жасымен суарды. Ұлт мүддесін, мұң-мұқтажын шығармаларының өзегі еткен ақындардың өлеңдерінің алды кітап боп жарыққа шыға бастады” [53, 109 б.].

Ғалым Дулат пен Шортанбай кітабындағы өлеңнің жыр үлгісінде келгенімен публицистикалық жалынға оранғанын айтады. Заман күйін толғауда памфлет стильді толғаулар тугызды деп, зар заманды тек күйреуден туған өлең заманы деп ұғынудың шынайы негізіне жүгінеді.

“Өлеңнің аты “Зар заман” деп аталады демесең, Дулат, Шортанбай ақындардың бұл өлеңдерінде торығушылық, күніренушілік сарыны естіле ме? Қайта бұл – патшаның өзінен бастап ел билеуші құзғындардың бет пердесін аяусыз жұлып әшкерелейтін, өлең найзасын өңменінен өткізе шаншатын батылдық, ерліктің үлгісі емес пе еді?! [53, 110 б.].

Зар заманда ұлт мүддесін шығарма өзегі еткен ақындықтың шығуы, қазақ әдебиетінің Шығыс ықпалында кетпеуі дәстүрі мықты әдеби құндылығымыздың қуатынан тарағаны сөзсіз.

“Болмыс-бітімдерін нақты категориялардың көмегімен кескіндеп-көрсетуден гөрі, ойлы образдар немесе образды ойлар арқылы

айшықтауға бейім көшпенділер жұрағаты – қазақтардың тарихи тағдыр-талайын зерттеп-зерделеуде әсіресе олардың поэзиясының тұла бойында тұтас тұнып тұрған қыруар қазынаға жүгінудің жөні бөлек. Өйткені ұлттық поэзия қай тұста да елдік мұрат пен мүдденің, арман мен аңсардың шығармашылық шежіресі болумен қатар, зобалан замандарда азаттық жолындағы арпалыстың қуатты құралы ретінде де риясыздық танытты” [12, 3 б.].

А. Шәріп ұлттық әдебиетіміздің төлтумалық қасиетін өзгеше құндылауды, айрықша бағалауды атап көрсете отырып былай дейді: “Былайғы жерде байкай бермейміз, әйтпесе, біздің жат жұрттық (жонғарлық, орыстық, коқандық, хиуалық, қытайлық) өктемдікке наразылық білдірген әдебиетіміздің туған тілімізде өсіп-өркендеуінің өзі ұлттық кемелдіктің бұлжымас айғағына айнала алады. Неге десеніз, көптеген Азия, Африка және Латын Америкасы халықтарының отаршылдыққа қарсы күрес кезіндегі көркем шығармаларының дені метрополия тілдерінде – ағылшынша, испанша, французша, португалша жазылды. Әдбетте, бұл этностық сана-сезімнің әлі де дәрменсіз күйін дәйектейді” [12, 4 б.].

Осы тұста Еуропа жұртына әдебиет жасау үлгісін шығармашылық үрдіспен емес, көшірме түрде алып отырды деп, туған әдебиетінің тарихын торыға толғаған Виссарион Белинский ойға оралады.

Ұлтымыздың тарихтың талай талапай кезеңінде көбесін сөгіп, кіндігін үзбеген Сөз өнері XIX ғасырда өрісін ұзата түсті.

Қазақ әдебиетіндегі белгілі бір дәуірде жасаған үлкен әдеби мектептің басы – Дулат өз заманындағы сауатты, білімді аса мәлім мәшһүр ақынның бірі.

Дулат қазақ поэзиясының атты шулы үздігі. Өз уақытының жан ауыртқан жайларын өлеңге түсіруші жыршы ғана емес; сол жайлардан үлкен әлеуметтік ойлар түйген ойшыл.

Дулаттың жыр кестесі қазақ поэзиясының жаңа мүмкіндік көкжиектерін көтеріп кеткен ғажайып көркемдік әлем болды.

Күні бүгінге шейінгі қазақ әдебиетінің тарихына қатысты зерттеу-зерделеулерде Дулат ақынның аты қағаберіс қалып көрген жері жоқ. Дулат Абайдың алдыңғы жаңа салаға ойысқан қазақ өленінің зергері. XIX ғасырда жасаған, орыс отаршылдығы бар ойранын салып жатқан уақытты көзбен көрген Дулат сол дәуір туғызған зар заман әдебиетінің аса көрнекті өкілі.

Дулат шығармаларының сарыны – замана күйі. Өз уақыты туғызып отырған құбылыстар. Дулат шығармаларының шеберлік сырлары шексіз.

“Тегімді менің сұрасаң” жырында сонау қарға бойлы Қазтуған жыраудың “Мадақ жырымен” үндес мақам жатыр. Қазтуған барлығын туғып көтеріп, мадақ айтады; Дулат асып туған өнеріне шалқиды.

*Сырымды менің сұрасаң,  
Тұманың тұнық суынан.  
Кеудеме қайғы толған соң,  
Тұнық жырмен жуынам.  
Сорғалаған нәсердей  
Жырын тыңда Дулаттың [145, 95 б.].*

Ақын шығармалары сөз қуатын, сөз сырын, сөз сиқырын үнемі ашып, отырады; сөз сұлулығына сұқтандырып, ынтықтыра жетелейді. Сусағанды сулатып, шаршағанды қуатып, бойға қуат, ойға сана құдірет құяр жыр арнасының суаты – ақын, Дулаттың өзі.

Дулаттың арнау өлеңдері, лирикалық қайырымдары, өсиет-өнеге түріндегі сөздер, мысалдары, “Еспембет” дастаны – тұтас бір дәуірдің көркемдік биіктігі, әдебиетінің өзгешелігі.

Дулат зар заман әдебиеті өкілі делінеді. Солай болғанымен де зар заман әдебиетінің негізгі сарыны жатқанымен, Дулат өлеңі Шортанбай, Мұрат өлеңінен өзгешелік сипаты, айырмасы көп өлең. Ол айырма – ең алдымен өлеңнің көркемдік сапасындағы нақтылық: поэзия тіліндегі өзгеше қуат-күш. Яғни ақынның өлең жасау әдісіндегі өзгешелік, аса сауаттылық. Дулат өлеңі өмірді сырттан бағалаушы; сырттан тамсанушы, баяндап, мазмұндап шығарушы емес. Сол өмірдің ішіне еніп, сырын сезіп, соны өзгеше сезінтіп, өзгеше айқындықпен құбылтып өрнектеген өлең. Жыр қуатын, сөз қуатын, құдіреттің өзіне сыйлаған өнер күшін ақын ғажап сезінеді.

Егер Шортанбай шығармасында заманның, сол заман билеген адамның елдің қалпы, мінез құлқы негізінен жалпы мәнде сипатталса, тұтас бағамен қайырылып отырса, Дулат сол заман билеген адамға; оның мінезіне жақын келіп, іштен алып отырып сөйлейді. Жалпыны жасап, туғызып отырған жалқының өзін ашады. “Сүлейменге”, “Кенесбайға”, “Бараққа” өлеңдеріндегі сарын өз тұтастарындағы жалпыдан гөрі Абай сынаған, Абай кейіптеген ел мінезіне жақын.

“Сүлейменге” арнауында ақын төреге мадақ қошемет айтып бастайды.

*Ардақты туған атадан,  
Әдемі сәлем берейін,  
Сүлеймен сынды төрме.*

Төре деген атаудың жүгі ауыр, міндеті көп болған жайын айтады. Көп сырға меңзейді.

*Төреліктің белгісі,  
Елін жауға бере ме?  
Еліне қорған болмаса,  
Ел төрені көре ме?  
Тағы бір тұста қайырып кеп:  
Төре демен төрені  
Ел тілегін таппаса, [145, 98 б.] –*

деп тұжырады. Толғау өмірдің кесімді шартынан хабар етер түрлі нақыл, өрнек сөзге толы.

Осы жырда ақын өлең сөздің өтіміне, ақынның өзгеден бөлек бітіміне қарата сөйлейді.

Жырда ертеден келе жатқан, жыраулық поэзияның дәстүрлі үлгісі дыбыс қуалау, нақыл-шарт, өлең үлгісі (жыр) т.б. сипаттар басым; мән түрі жағынан өлең өмір фактілерін, күнделікті қалыптың толып жатқан қырын аша термелей төгеді. Жыр жеті түйдектен туатын ұзақ өлең. Ұйкасы ерікті.

Бірінші түйдек төренің ордасына мадақ, тұрмыс калпын суреттеу. Келесі түйдекте ақын дүние шарттарын өз мақсатына, айтарын ашуға бейімдей сөйлейді.

*Қаршығаны қайырма,  
Қалыңға салса батпаса.  
Мергенге мылтық кезетпе,  
Атқан оғы айнымай  
Түтінін үзбей атпаса.  
Батыр деме батырды,  
Шеп құрған жауға шаппаса,  
Төре деме төрені,  
...Жыршының аты жыршы ма.*

*Әркімнен өлең жаттаса,  
Дулатты Дулат деменіз,  
Тас ағызып ағыны  
Төре алдында ақтаса [145, 98 б.].*

Өлең түйдегінің соңғы жағы тұтастай өлең сөздің шартына, жыр туғызушы өнерпаздың міндетіне құрылған.

*Шешеннің аты шешен бе,  
Таңдайға дәмі үйіріліп,  
Даугердің дауын жықпаса?*

Келесі түйдек Сүлеймен төрені өзіне қарата, шақыра сөйлеп басталады, өнер құдіретін аша түсер, жыр әлемін жеткізе түсер мына бір шумакқа жалт қарап, бұрылмау мүмкін емес.

*Сүлеймен төре, құлақ сал,  
Дулаттың төккен жырына.  
Үңілсең көзің жетер ме  
Теңізден терең сырыма.*

Әрі қарай тойынған, тоғышар жұрттың суреті.

*Төрдегі оңшең отырған  
Топырым, топас, күшіген,  
Жау айынбас күшінен,  
Ел түңілген ісінен,  
Дулат келсе бермейді  
Төрдің орнын сырыла [145, 102 б.].*

Ақын Кеңесбай, Ақтайлақ, Аққожа сынды ел жақсысын, бұрынғы күннің әділ бекзаттарын іздейді; Әлгі топас топтың ұрыға құрық беріп қойып дүниені бұзғанын жылап жеткізеді.

Келесі түйдекте Сүлейменнің ішін аша сөйлейді. Төрені Хақназар Хандай биге теңейді. Сырға берік сырбазым, адалсың, сыбызғының күйіндей сырлысың, алтын зерлі тереңсің, бекзатың, дұшпанына каттысың, сабазсың деп сүйінеді. Үдете сөйлеу; жыр үлгісіндегі әсіре, ашық сөзді дыбыс қуалау арқылы жандандыра түседі.

*Аруақтың артқы сарқыны*



*Адал бекзат туысым,  
Айтарыңды байқасам,  
Алтын зерлі түбімсің  
Ауыл-аймақ көршіңе  
Алтынның айшық буысың.  
Әділдігің – қазақтың  
Ақназардай биісің,  
Адалдығың аңқылдап...*

Ақын қайтейін, сен қандай асыл болсаң да заман жаман; жау айыптар күй жоқ, өзгеріс әкелер күш жоқ. Ендігі іс көну, шыдау деген сарынға көшеді. Бұл сарын – аса таныс сарын. Зар заманның күйі. Оның ақындарының ортақ үні.

*Енді қазақ ел болмас,  
Күні өтіп, айы асқан.  
Дәрігері дарым болса да,  
Ауруға ем қонбас, –*

деп Дулат ақын өз заманының қасірет, қара үкімін шығарады. Сол заманның арпалыс беталысын, не жайда, не күйде жылжып кетіп бара жатқанын азғана сөзге сыйғызып ашады. Осы тұста Дулат ұзақ-сонар не болып, не қойып жатырды термелемейді. Күрделі, бір шолғанда ұғымға сыймас поэзия тілімен сөйлейді. Баяндап, бадырайтып тізбейді. Өзің сез, өзің байқа, өзің көр дейтіндей. Өлең тілі ойдың теңізіне батып кетеді. Аз ғана сөздің ішіне заманның бар күйі, қамқажеті, күдігі, үміті былайғы ұстанар бағғыты жымы білінбей, жібі көрінбей қоса өріледі. Бүкіл дүниесі, елінің мінез-болмысы, жасап жатқан тіршілік түрі бәрі түскен азғана жыр жолы Дулат ақынның шеберлік иірімдерінің шым-шым тереңге тартқан қалпын айтады. Айғақтайды. Ашады.

*Мүйізdeskен сиырдай  
Байласаң бас жіп жетер ме?  
Еңбегің еш, тұзың сор,  
Қайратың селге кетер ме?  
Толқынды теңіз заманнан  
Сенімді кеме болмаса,  
Жел қайықпен өтер ме?  
Елің үшін еңбек қыл,*

*Отыра берме бекерге,  
Көмбеге таяп қалғанда  
Жүйрікке көздеп жетер ме [145, 103 б.].*

Ендігі заманның саяси тұрқы келесі түйдекте әсіресе айқын. Енді ақын не болып, не қойып жатқанын тіл өткірін жұмсап отырып көрсетпек.

*Аяз қысса мүйізді,  
Мүйіз қысып тұқылды,  
Қанталаса тұқылдың,  
Алпыс екі тамырың  
Қаусап қалған сықылды.  
Ұлық қысса ұлықты,  
Ұласып мидай былықты:  
Атқа мінер ауылда  
Итше ілініп ылықты  
Орыстың көрсе ұлығын  
Қыздандағы қылықты.  
Ұлық кетсе, қазаққа  
Қорқау қасқыр құлықты [145, 103 б.].*

М. Мағауин Дулат ақындығы жөнінде мынадай кесімді ой айтты. “Дулат қазақ халқының, бүкіл түрік халықтарының ескі шежіресінен жақсы хабардар, көне ақын, жыраулар мұрасын жете таныған, оның озық қасиеттерінен нәр алған кең тынысты ақын еді. Дулат жырларының күш-құдіреті оның көркемдік қуаты, мазмұн байлығымен қатар, замана келбетін бар бедерімен көрсете білген шыншылдығында” [116, 245 б.].

Х.Сүйіншалиев “Абайдың ел пысықтарын, болыстарын бейнелеулері, әрине Дулаттан әлдеқайда ілгері, сөйтсе де бұлардың арасында еш байланыс жоқ деп айтуға болмас еді”, – дейді [23, 72 б.].

Дулаттың шеберлік қырының бір айқыны, өткірі – ол адам кейпін жасауы. Ауыз әдебиеті үлгісін де пайдаланады, көне жыраулар мақамын да ұшыратамыз.

Сурет сызуы ғажап. Лықсытып мал айдау. Әсіресе туған жердің бейнесін үлкен пейзаж шеберінен артық сызбаса, асыра жеткізбесе – кем емес. Ақжайлау мен Сандықтасқа, Аягөз өзеніне арнаулары тылсымның тілі. Үндемей мысыңды басып, тапжылтпай табындырып

тастайтын құдіреттің тілі. Сол керемет Сандықтастың, түн асса тұтам түгі өскен құт мекеннің ертені – қаранғы. Зар мен Шер. Қасірет уы.

Дулаттың “Аюкайлау мен Сандықтас” өлеңіндегі жаңалықты А.Шәріп былайша таниды.

“Кемел, кәсіби әдебиетке тән телімді қасиеттер – ақындық “меннің” дараланып көрінуі (“Ебі кеткен ел болды, Енді қайда мен барам?!”) мен трагикалық лиризмнің белгі беруін былай қойғанда, тағы бір назар аударатын жанрлық жаңалық: туған жер туралы туындының әдеттегіше қоштасу немесе еске алу түрінде емес, қоныспен тікелей сырласуға құрылған арнау үлгісінде шығарылғандығы.

“Мендей сені қызғанар, Бауырыңда өскен қай балаң?!” деген тәрізді – тіпті бүгінгі ақындардың ой машығына орайласа беретін – қарапайым да қуатты сөздер туған жер таралына Дулатқа дейін айтылған емес еді. Мысалы, Махамбеттің атақты “Қызғыш құсында” ел мен жерге сүйіспеншілік психологиялық параллелизм арқылы әсерлі айшықталғанымен, онда тап “Кел қорыған қызғыштай, Сен десе салам байбалам” деген сияқты “жербауырлаған” сезім жоқ” [12, 49 б.].

*Қаларсың бір күн Сандықтас,  
Құлан жортпас бел болып...  
Самалың салқын соғатын  
Сары ызғырық жел болып...*

Ақын шығармалары мән, мазмұн, құн жағынан қарастырылған; көп тоқтам тұжырым жасалған. Көркемдік шектер мен шөңберлер, ой әлеміндегі шендестірулер алып шығар жыр қуаты, өлең өзгешелігі жайлы да қыруар зерттеу бар. Соның ішінде Дулат поэзиясының тілін зерттеген Р.Сыздыкова, Қ.Өмірәлиевтер сол Дулат өлеңінің тек ішкі қуаты, өлеңдік сапаның Дулаттағы ғана түрі емес, жалпы қазақ поэтикалық әлемінің айқыны; жыр жауһары; қазақ өлеңінің бар мүмкіндігі, болмысы жатқан ұлы поэзиясының шалқар айдыны, түпсіз тұнығы деп қарастырды.

*Күнәм жойқын, тәубам аз,  
Тіршіліктен не таптым.  
Дүние жемтік мен төбет  
Соны, бақпай, не бақтым?*

*Ырылдасып әркіммен  
Не қаттырдым, не қаттым... [145, 105 б.].*

Дулат өз заманының ғана адамын ашпайды: жалпы адам жаратылысының жағымсыз жағын, мінін айтады. Дәстүрлі нақыл, өнеге, өсиет түрінде келетін ғибрат үйрету емес, өлеңдегі жаңа сөз. Дүниенің себебі мен салдарын қос тармақ пен дәстүрлі түйіндерге жүгінту емес, жеп-жеңіл түгендеу емес. Адам ғұмырын тұтас қамтыған; соның бәріне бағалы байлам жасаған басқа өлең. Түп-төркіні бөлек өлең. Бұл Абай алдында жасаған поэзияның биігі, Абай мен жалғасқан жаңа поэзия тұңығы. Өлеңге адамның өз жанын қосып отырып, әріден, тереңнен қозғал, алыс-жақынды қамтып отырып сөйлеудің озық үлгілерінің қазақ поэзиясынан да бой көтеріп, ой қотара бастаған тұсындағы сөз.

Сол өзгеше сөзге Дулат табиғи күшке қоса өлең табиғатын біліп, танып, өзгеше талаптар жөнінен келді. Өлең құраудың, сөз жасаудың, ойды оятудың, сезімді сергітудің мың-сан құпиясын, қулығын мықтап, қымтап отырып сөйлейді.

Дулат поэзиясының ой образы, сөз образы елдің, қоғамның қоғам тудырған адамның мінез-құлқын, болмысын, жаратылысын жасады. Адамның кейбір көңіл-күй сәттерін мынадай ғажайып жолдарға көшірді.

*Мөңіреп жұртқа ой қайтты  
Бұзауы өлген сиырдай.*

Дулат өлеңді көбіне жазып шығарған сияқты. Қайсыбір өлеңдері суырып салма ақындықтан туған. Ақпа-төкпе жыр үлгісінде де келеді. Жалпы Дулат шығармалары жаңа сапаға ойысар тұстағы өтпелі кезеңнің ерекшелік-өзгешелігін дәл көрсетеді. Ақын поэзиясында дәстүрлі терме, толғау түрінде келген, дүниеге баға берген, шартын түгендеген, не дұрыс, не бұрысты ажырата айғақтаған жырмен жаңамын, басқамын деп сөйлейтін өзгеше өлең аралас. Дулаттың сөз қолданыс, сурет жасау шеберлігі тамсандырады; өлеңнің жаңа сапаға ауысып бара жатқанын байкатады. Бірде дәстүрлі үлгіде:

*Қилы-қилы заманды,  
Заманға сай адамды*

*Салғастырып қарасам,  
Су мүйіз болған танадай  
Шыр көбелек айналам.  
Кешегі бір заманда,  
Қайран қазақ, қайтейін,  
Мынау азған заманда  
Қарасы – антқор, қаны – арам,  
Батыры көксер басы аман,  
Бәйбіше – тантық, бай сараң,  
Бозбаласы – башалаң,  
Қырсыға туды, қыз балаң,  
Нары – жалқау кертабан,  
Құсы – күйшіл, атшабан,  
Жырғалаң жоқ, жобалаң.  
Ебі кеткен ел болды,  
Енді қайда мен барам?–*

деп, Шортанбай, Мұрат сарынында заманның күйінен, тұрпатынан осылай шошынуын толғаса, келесі бір тұстардың ой желісі; сөз мәнері өзгеше сала, басқаша түрде көрінеді.

*Адамға қарсы хан болдың  
Белшесінен батырған,  
Шілдеде мұзды қатырған,  
Толыны төгіп шайқаған,  
Берілді тізгін ылаңға.*

Мұндай тұстарда акын жалпы сарынмен кетпейді, нақтының түп етегінен ұстайды. Жаман, жақсы деп, ақ, қара деп қайыра салып өте бермейді. Жаманның жамандығын, әрекет, пиғыл кимылын суретке сызғандай көзге көрсетіп, қолмен сипағандай сезіндіріп отырып жеткізеді. Тұтастын жеке құбылыстарын тізбелеп отырып, жалпыны содан шығарады. Бұл әдістер әсіресе “О, Барақ жас, Барақ жас”, “Сүлейменге”, “Кеңесбайға” сияқты өлең жырларында анық.

Дулаттың жыр, сөз өнері, акындық, өлең жайлы туындылары сұлулығымен, сөз сиқырын уысына сыйғызған өнер құдіретін ашып жеткізудегі шеберлікпен айрықша алабөтен көрінеді. Акын жаны қандай, оның қымбаты мен қызығы, өксігі мен мұны не? Өлең деген нендей құдірет? Дулат осыны жеткізеді. Осыны ашады.

Дулат: “сөз – жібек жіп, жыр – кесте”, – деп өлең бағасын, бар сиқырын, сұлулығын екі ауыз сөзге сыйғызды. Дулат бірнеше мысал шығарған “Бір патшаның бір кезде”, “Сарышымшық”. “Қара қарға жем тілеп” сияқты мысалдарының меңзейтіні негізінен адам баласының тірлігі. Дулат өз уақытының сұмдықтарын тұспалдал, жұмбақтап жеткізудің де асқан шебері. “Қорқытып жейтін момынды сауысқан көп қазақта”, – дейді акын.

Дулат заман күйін жеткізіп, мінін бадырайтып ашып айтып отырып, ендігі күй не болмақ дегеннің қисынды жолдарын алға тартады. Өнер, білім, оқудың қажетін жеткізеді. Бұл құбылыс – қазақ қоғамын тығырыққа тіреген көп сұмдықтардан кейінгі жылт етіп, шыңырау түбінен көрінген сәуле еді. Кейінгі, жан сақтап, елді аштан алып шығудың жолы – өзіңді билеген жұрттың сырын біл, тілін біл, жеткен биігіне ұмтылудан туған ағартушылық бағыттың алғашқы нышандары еді.

Дулат өлеңінің қазақ поэзиясындағы алатын орны туралы құнды зерттеу жасаған ғалым Құлмат Өмірәлиев акын бағасын аса берік негізді тұжырымдармен айқындады. Дулат өлеңдерінің де өлшем-өрнегі, құрылысы жағынан өзіне дейінгі поэзия үлгілерінен көп бөлек... Дулат не қазақ поэзиясында бір кезде болып, келе ұмытылып кеткен үлгі-өрнектерді жаңғыртып, жаңартып пайдаланады, не бұрыннан барды жетілтіп, дамытып пайдаланады.

Қ. Өмірәлиев Дулат өлеңдерін композициялық жағынан үш топқа бөлді. Бірақ оның өзі де шартты екенін, бір өлеңде кейде бірнеше өлшем, үлгінің қатар жүретінін ескертті.

1. Терме өлең; 2. Ұйқасты жолмен синтаксистік құрылысы сәйкес келетін шумақты өлең; 3. Ішкі шумақты ұйқасы әрі шумақ аралық ұйқасы бар ұйқасы тұтас өлең.

“Дулат ақындық құрған кезде ауыс-түйіс жасалуы мүмкін әдебиет – таяу шығыс әдебиеті мен түркі, түркі-татар әдебиеті болды. Ал Дулат жасаған жоғарғы өлең түрлері бұл әдебиеттерде ол кезде болған емес. Бұларды акын қазақтың ауызша поэзиясы туғызған үлгі-түрлерді жетілдіру негізінде жасады” [31, 162 б.].

Дулаттың әдеби мұрасын бағалауда ғылымда килы пікірлер болды. Саяси тұрғыдан бағалаумен бірге Дулат поэзиясының мен мұңдалап тұрған айырмашылықтарына да назар аударылып отырды. Саяси тұрғыда бағалау қалай болғанына қарамастан, Қажым Жұмалиев Дулаттың әдебиет тарихындағы орнын, оның шығармаларының көркемдік срекшеліктерін дөп басып айтады [134].

Осы тұжырым-пікірлер Х.Сүйіншәлиев, Р.Сыздыкова, К.Өмірәлиев, С.Негимов, Э.Пертаева, Қ.Раев зерттеулерінде де беки түсті; жанр айғақталды. Ғалым Құлмат Өмірәлиев Дулат мұрасын жанрлық, стильдік жақтан композициялық құрылым, жаңа түр табуы, сөз қолданыс, текстология жөнінде арнайы зерттеді. “Дулат өзі көтерген, сөз еткен тақырыбымен ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы ақындардан оқшау, дара тұрса, өлеңдеріне тән өлшем үлгілерімен де өз кезінің поэзиясынан соншалықты ерекшеленіп тұрады.

Дулат өлеңдеріне тән өлшем-өрнектердің қайсыбірі кісіні өте көне дәуірге жетелесе, ал енді бір парасы Абай өлеңдерінің өлшем-өрнектеріне келеді” [31, 88 б.].

“Дулат көтерген тақырыбы мен ұстанған идеясында ғана ауызша поэзиядан бөлектеніп қоймаған, өлең түрі мен сөз саптауында да одан іргесін таза айырып, біржола қол үзген. Ол туындыларын жыр үлгісінде әрі айтып, әрі жазып шығара отырып кейінгі кезде, оның ішінде қазіргі әдебиетімізде лирикалық өлеңдердің жанрлық сипаты өзгеше болғандықтан, жыр өлшемімен жазылса да жыр деп аталмайды” (З.Ахметов – Қ.М.) деген анықтамаға ие өлеңді – “жыр деп аталмайтын”, “жанрлық сипаты өзгеше лирикалық өлеңді жасаған ақын” [31, 92 б.].

Ғалым Дулат шығармаларының осы бір өзгешеліктерін анықтау үшін Абай өлеңдерімен салыстыру жасайды. “Келдік талай жерге енді”, “Боғыс болдым мінекі”, “Сабырсыз, арсыз, еріншек”, “Көжекбайға”, өлеңдерін түйдек, ұйқас, бунақ, буын жағынан; мазмұн, мән жағынан қарастырып, Дулаттың “Сөзім бар да, көзім жоқ”, “Тырнақтай мені болған соң” сияқты өлеңдерінің Абай лирикасымен стиль, өлең жасау тәсілі, жалпы құрылыс жөнінен туыстық жайларын қозғайды.

*Орыс сыяз қалдырса,  
Боғыс елін қармайды,  
Қу старшын, аш билер,  
Аз жүрегін жалағайды.  
Орыссыз жерге той болса,  
Шақырған кісі бармайды.  
Бітім қылып бір кісі,  
Адал малын алмайды.  
Қызығы кеткен ел бағып,*

*Қисыны кеткен сөз бағып... (Абай).*

*Шенділердің қылығы,  
Елге істеген былығы,  
Парақор би мен ұлығы  
Ұйықтасам кіріп түсіме,  
Өңімде қуат күшіме,  
Есерлердің ісіне  
Азған елдің ішінде  
Ұйқы тыныш болар ма? (Дулат).*

Дулат өлеңді барынша сауатты жазған, формаға да қатты деп қойған.

Дулаттың “Қылжың, қылжақ туысқан”, өлеңі құрылысы, өлшем-өрнегі жағынан бөлек өлең дейді ғалым. Абайдың “Келдік талай жерге енді” өлеңін еске түсіреді. “Дулатқа дейінгі қазақ поэзиясы – ауызша туган азаматтық поэзия мұндай шеберлікпен өзгеше қисындырылған күрделі үлгіні білген емес. Бұл – жаңа үлгі” [31, 100 б.].

Дулаттың “Қазақ деген ғарып жұрт”, толғауы мен Шортанбайдың “Зар заман толғауы мәндес. Аргы-бергі тарихты шола сөйлеген Дулат ақын бар шындығын алға тартады. Өз уақытының қал-күйін, болмысын жеткізеді. Толғаудың өн бойында ежелгі жыр үлгісімен үдете келетін тұстар да бар; сонымен бірге Дулаттан басталған өлеңдегі жаңа сипаттар да мол. Аргы-бергінің арасында жатқан, өнердің өтпелі көпіріндей жүк көтерген Дулат шығармашылығының көп сырын осы бір толғаудың өзінен-ақ табуға болады. Ақын тілі кезең шындығына, айналып өтіп жатқан аласапыран тірлікке жан қайғысын қосып қараған сәтте аса нәрлі, аса дәл. ұтқыр да ұшқыр.

*Орыстың заңын қуаттап,  
Жол ашып елді суаттап,  
Баладай алдап уатпақ:  
Би дегенің би емес, –  
Ея алдағыш мекері.  
Шен-шекпенге құмартқан,  
Қанталап көзі мұнартқан,  
Саудалап елін тиынға,  
Құмартып орыс сиына,*



*Бақ дегенің бақ емес, –  
Хан жалшысы, нөкері.  
Ақ патша тайып сертінен,  
Елге салар салмақты.  
Малыңды салып талауға,  
Адамын хаттап санауда,  
Ойаздың түсіп қалауға,  
Көгендей жасты тізілтіп,  
Бірден алар солдатты...*

Дулаттың Аякөз өзеніне арналған “Тауды екіге жарасың” жыры сұлулықты сиқырмен өрген ғажап туынды. Өзеннің толқынды толқын қутан ағынды күйін керемет суретке көшіріп басталған өлең тағы да отаршылдық ойрандарына ойыспай кете алмайды.

*Тауды екіге жарасың,  
Тастың қашап арасын.  
Кесіп өтіп кезеңді,  
Аякөз, қайда барасың?!  
Жағаңдағы сұлу тал,  
Саясының шөбі бал,  
Ерекше семіз ішкен мал.  
Сумаң қағып сүйіріктей,  
Шалқып шапқан жүйіріктей  
Екіге бөліп ерке су  
Қас пенен көздің арасын!*

Тарбағатай тауынан тоқсан өзен қосылып, төмен жосылып аққан Аякөздің қымбаты бөлек, қимасы көп еді. Ендігі күй не?!

*Айтуға ауыз келе ме,  
Аякөз кімнің жері еді?  
Жағаңа дуан түскен соң,  
Аякөз суы қазынды.  
Би, старшын мойнына,  
Жезден қарғы тағымды.  
Аға сұлтан, қазылар  
Орысқа болды жағымды.*

*Шайқады қулар тағымды,  
Тайғыздан бастан бағымды.  
Ұзын өріс қысқарып,  
Кең қонысың тарылды.*

Акын ел басына түскен тұрмыс күйдің үлкен қаупін, зардабын аң ұрып айтып отыр. Дулаттың “Ата қоныс Аркадан” толғауы арғы тарихтан баян етіп, ақтабан шұбырынды заманнан бергі тарихты, қиын күнді де, қазақтың басы косылған жеңісті қуанышты күнді де толғайды. Толғап келіп Абылай туы жығылған өзге заманның кара бояуын, тұңғыык сұмдығын сөйлейді.

*Жау қарасы көрінді,  
Қабындап басты жеріңді.  
Кетпенсіз-ақ қаздырды.  
Өзіңе өз көріңді  
Хан сарқыты – Кене хан  
Қан жорық боп қаңғырды...*

“Сүлейменге” арнауында акын жан несі жаратылғаннан міндетті боп туар парыздарды көлденең тартады. Шешен не істемек, жыршының көтерер жүгі қай жүк, ел жақсысының міндеті қайда жатыр? Дулат осының бәрін термелей төгіп отырып, өзінің жыр мұратының асу бермес азапты жәйтiнiң – ел басына түскен күйдiң қасiрет шындығының үкiмiн, кесiмiн айтты.

*Жылайсың да шыдайсың.  
Енді қазақ ел болмас,  
Күні өтіп, айы асқан,  
Дәрігері дарын болса да,  
Ауруға ем қонбас.*

“Сөзім бар да, көзім жоқ”. Пенделік ғұмыр. Адамның өзін сөккен, өзіне наразы болған күйі сияқты қабылданады. Бірақ айтпағы тереңде. Адамдықты арзандарға айырбастап жүрген ойсыз, қамсыз, сергелден, сырғак, сидак ел мінезі. Көптің алған беті. Бұл өлең – жаңа өлең. Қазақ поэзиясында бұлайша көрініс бермеген; ішкі мұнның, қиналыс сәттің күнірене отырып толғаған күйі. Жан азабы. Кейінгі Абайды күйдіріп, өртеген күй.

С.Мұқанов бұл жайлы саяси-элеуметтік төңкерістердің қазақ қоғамы, қазақ әдебиетіне әкелген өзгешелігі жайлы былай дейді: “Осындай, қолдан күш, басынан ерік кеткен кезде, қайғыдан тұншыққан халықтың зарынан туған көркем әдебиетін біз “Зар заман әдебиеті” дейміз. “Зар заман” әдебиетінің негізгі қалаушы қазақ ақыны Шортанбай [11, 147 б.].

Мұрат – сол заманның айтулы өкілі. Оның шығармалары сол елінің жаны қысылған қиын шақтарда туды. Қысылған жүректің киналған күйін, өксікті зарын, өлшеусіз мұңын өлеңге көшірді.

Ақынның “Үш қиян”, “Сарыарқа” толғау-дастандары сол дәуірдің, сол тарихтың қасірет шындығы. Қазақ әдебиетінің шоқтығы биік үлгілері.

Мұрат ақынның жыр мұрасын танып, табуымызда, әйгілі жыр дүлділінің әдебиет тарихындағы өз тұғырын айқындауымызда қилы кезеңдер болды. Әдеби мұраға, өткен тарихқа көзқарастардағы түрлі саяси құбылулардың Мұрат мұрасына да солақайлықпен соғып өткен тұсы аз емес.

1924 жылы Халел Досмұхамедұлы Мұрат Мөнкеұлының шығармашылық өмірбаянын ғылыми жүйеледі. Жыр-дастандарын бастырды. Кейінде, 1942 жылы С.Мұқанов: “Зар заманның атақты ақынының біреуі Мөнкеұлы Мұрат”, – дей отырып, Мұрат ақынның әдебиет тарихындағы орнын ғылыми тұрғыда айғақтады. Қандай мұра қалғанын, жеткенін түгендеп сөйледі. Зар заман ақындарының ішінде Мұраттың тарихқа, шежіреге жүйрік өзіндік ерекшелігін айыра сөйледі.

“Мұрат “Зар заман” дәуірінің ақыны. Сол кездегі ел басына түскен ауыртпалықты ол да Шортанбайша көре білді. Отаршылдық саясатқа ол Шортанбайша қарап боп, патша үкіметінің қазақ жерін тартып алуына, қазақ халқының қоныссыз қалуына қарсы шығады...” [11, 151 б.].

“Екеуі де “Зар заманның” ақынын бола тұра, Шортанбай мен Мұраттың арасында айырма бар. Шортанбай өзінің барлық шығармаларына теманы өзі жасаған дәуірден ғана тапқан, өз дәуірінен бұрынғы дәуірге де, соңғы дәуірге де құлашын созбаған, ақындық дарынын заманның жағдайына ғана арнаған ақын, ал, Мұрат – өз заманының мұңын мұндаумен қатар, елінің арғы тарихына үніліп, өз заманының ғана емес, өткен тарихтын хал-жағдайын да жырлаған ақын” [11, 154 б.].

Ғалым Мұрат өмірінен, шығармаларынан жүйелі мәлімет бере келіп, XIX ғасыр әдебиетінде алатын орны аса елеулі деп тұжырымдайды.

Мұрат шығармалары негізінен өлең-толғау, жыр-дастандардан, айтыс өлеңдерден тұрады. Айтыс өнеріне ақынды жас кезде Қаратоқай руының белді биі Есеттің өзі баулыпты, ел мен жер тарихын, ру ережесін ұғындырып, үйреткен осы Есет би деседі. Бала Мұрат кішкенеде әр рудың батыры мен биі, әйгілі тұлғалары жайлы, қайсыбір бетке шіркеу келеңсіздіктері жайлы көп әңгімені бойына сіңіріп өседі.

Б.Омарұлының анықтамасында Есет Қараұлы (1778-1868) жұртшылыққа айыр тілді шешен, кара қылды как жарған әділ би, қол бастаған батыр ретінде танылған. Кәдімгі “Бес ғасыр жырлайды”, “Ай заман-ай, заман-ай” жинақтарына “Тауға біткен қайыңның, солқылдар басы жел өтсе” деп басталатын өсиет өлеңі енген Есет бидің өзі. Мұраттың ұстазы болған Есет осы.

Мұраттың алғаш айтысып жеңген ақыны Жылқышы дейтін Ысық руының жыр жүйрігі екен. Ағасы Матайдың айтыс жолын ел ақсақалдарынан сұрал алып айтысқаны аян. Мұрат бұл күнде 17 жаста. Келісім алып жүргенде айтыстың уәделі мерзімі өтіп кетіп, Жылқышы ақын барған жерде болмайды. Сонан қайта келеді. Сонда Мұрат:

*Жылқышы, сөз сөйледің бала жастан,  
Өнерің он жасыңда судай тасқан.  
Іздеді жұрт жиылып кешке дейін,  
Өзіңе лайық па мұнша қашқан?  
Жеріңнен уағдылы табылмадың,  
Құп, сенің басыңды алып, қаның шашпай, –*

деп, төпей жөнеліпті [178, б.].

Айтыста ру шежіресі сұралады, ел қорғаған атақты батырлар дәріптеледі. Мұрат бұл жағынан да басымдылығын байқатады. Суырып салма өлеңмен аяқ асты айтқанына қарамастан тіл кестесі аса келісімді. Жылқышы ақын да, Мұрат та ең әуелі өз руының артықшылығын алға тарта отырып айтысады.

Мұраттың келесі айтысы – Бала Оразбен айтысы. Айтыс 1863 жылы өткен. Ы.Дүйсенбаевтың айтуында: “Бала Оразбен айтысында ешбір жаңалық жоқ, жоғарыда келтірілген Жылқышы ақынмен

шайкастың жүдеулеу көшірмесі. Сондықтан да болса керек, кімнің жеңгені де көрсетілмеген. Мұндағы бір жаналық – айтыс жыр түрінде орындалған” [22, 80 б.].

Б.Омарұлы Мұрат сөздерінің салмағына қарап жас ақын жеңді деп топшылауға болады дейді.

Мұрат 1868 жылы Жаскілең ақынмен айтысып, жеңеді. Айтыс қысқа, бір-бір қағысумен аяқталған. Мұрат бұрын Байұлының ұрпақтарымен айтысқанда, сол Байұлыдан тарайтын Берішті көтеріп сөйлесе, бұл айтыста Жаскілеңнің шыққан тегін мінейді.

Мұраттың айтыс өнерінде айтулы орны бар, аты қалған, белгілі сөз қағысуы – Жантолымен айтысы. Жантолы ысық руының ақын қызы екен. Мұратпен жас күннен әзіл-қалжың айтысып сөз қағыстырып жүрген. Сол Жантолы ұзатылып барып, келін болып түскенде Мұрат ақын келіп айтысады. Әрине, қыз бен жігіт арасындағы айтыстың дәстүрлі құралының бірі – атастырған күйеуін, ерін әйтеуір бір мінін айтып бетке салық ету.

*Болғанда сары жұлдыз, қаз келеді,  
Қыс өтсе, оған жалғас жаз келеді.  
Болғанша тапа-тая түс ұйқың қанбай  
Деп едің, хас әулие таз немені? –*

деп, Мұрат келіншектің жанды жеріне тиіседі. Айтыс осы әңгіменің төңірегінен аспайды. Әзіл деңгейінде, әрі тереңдемей аяқталады. Жантолы жеңіледі.

Мұрат ақынмен таздың төңірегіндегі жағымсыз әңгімені соза беруді қаламаса керек, Жантолы күйеуіне ақынды аттан түсір, үйге шақыр деген ишара жасайды. Көркеуде күйеу келіншектің қолын қағып жіберіп, теріс айналыпты. Күйіп кеткен Жантолы:

*Бір қақтың ақ етіме ашуменен,  
Жігітке ашу ұят асыл деген.  
Ұрынған өзі келіп берішке тимей,  
Мен бе едім, ақ қара құрт басың жеген, –*

деп тоқтапты. Мұрат пен Жантолының айтысы дәстүрлі қайым айтыс.

Мұраттың Тыныштықпен айтысында да ру адамдарына мадақ баса айтылады. Мұраттың ақындық өнері, айтыстары жайлы

тереңдете ой қозғаған Сәбит Мұқанов ақынның қайсыбір сөз қағыстырулардағы тілге тиек болған өз жайын былайғы көпке рудың жыртысын жыртып, әңгімесін айтудан әрі бармағандай көрінетін тұстарын жадағай қабылдаудан арашалайды. “Айтыстарында осындай рушыл көрінген, өз руына мінсіз көзбен қарайтын Мұрат, өзінің ақындық өмірінде рушылдық көлемнің ақыны боп қана қалмайды. Жас кездегі айтыс өлеңдерінде өз руын көтеріп, өзге руға кеміткен көзбен қарайтын Мұрат есейе келе, өзге руларды да көре, өзін жалпақ қазақ ақыны, халық ақыны санап, бертін байсалды ақын болған шағында, өз руынан ғана емес, жалпы қазақ халқының жоқшысы боп жырлайды” [11, 151 б.]. Мұраттың Ізім шайырмен айтысы дейтін де қысқа өлең. Ақынның Қалнияз, Шолпан ақындармен сөз сайыстары болыпты. Қашағанмен де айтысты деген сөз бар.

Мұраттың өнерпаздық мұрасының аса айтулы арнасы – жыр-дастандары. Ақынның “Үш княз”, “Сарыарқа” толғау-дастандары. Ел тарихы, елім деп еңіреген ер тарихы түскен үлкен дүниелер.

“Сарыарқа” толғауының атауындағы Арқа сөзі – Атырау жағын білдереді. Маңғыстаулықтар Атырау жақты Арқа дейді екен.

Мұрат қоян жылы жұтта нағашылары жаққа қоныс аударып барады. Х.Досмұхамедұлы “Сарыарқа” толғауының туу тарихын былай баяндайды: “Қояннан соң бір үлкен тойда қазақтың әдетінше той бастау жолы Мұраттікі екен. Адайдың арасында қаңғырған жалғыз үй келімсекке жол бермейміз, өзіміз бастап, той бастарды өзіміз айтамыз деген сөз болыпты. Соған ызаланып, жиылған көптің ішінде тұрып Мұрат осы “Сарыарқаны” қоя беріпті. Айтып болған соң адайдың ақсақалдары сөзіне риза болып, той бастатпай бәйгесін беріпті-мыс. Бұл өлең 1880 жылы айтылған [16, 113 б.].

Өлең әуелгі нағашыларға елден кету себебін көлденең тарта сөйлеуден басталып, баяғы Асан, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбеттерше ауа кошкен атақонысқа сағыныш, махаббат, кимас сезім күйіне ұласады.

*Тайсойған, Орал бойы жүрген жерім,  
Қызығын дәулетінің білген жерім.  
Ат мініп, мырзалардан нар жетелеп,  
Қызылым әуестікке киген жерім.  
Қиғаш қас, оймақ ауыз бая тамақты,  
Күнінде асаулықтың сүйген жерім.*

*Жиылып жүруші еді қыз бен келін,  
Шалқыған тасқын судай көңілін басып,  
Біреуге пенде болды кербездерім!*

Ақынның “Еліне жазғаны” атты хат өлеңі де осы сарында.

Х.Досмұхамедұлы Мұраттың мұрасы тарих үшін де, әдебиет тарихы үшін де қаншалықты құнды екендігін сонау ерте күнде-ақ бұлтартпай айтты. “Қазақтың тарихын жазған адам Мұрат секілді ақындардың сөзін елеусіз тастай алмайды. Мұрат бір жағынан өткенді білген шежіре болса, екінші жағынан халықтың мұңын, елдің зарын айтатын әлеуметтік ақын.

Қазақ елі елдігінен айрылып, “штатқа” көшіп, нағыз болдырып тұрған кезде Мұрат өмір сүрді. Мұраттың заманы – бостандық үшін “егескен ердің бәрі жер тіреген” заман. Патша үкіметінің қазаққа құрған саясатының гүрлеп тұрған заманы, қазақтың бұрынғы тұрмысы өзгере бастаған, қазақтың бұрынғы кең қоныстан, сүйкімді әдеттен, еркін салттан айырыла бастаған заманы.

Елдің өзінен шыққан, қанымен қаны, жанымен жаны бір дерлік ақын елдің мұңын айтпай қалай тұрсын?

Мұрат елдің мұңын айтады, бұрынғыны жоқтайды, заманын айыптайды.

*Бұл қоныс – жеті жұрттан қалған қоныс,  
Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.  
Қазтуған, Асан қайғы, Орақ, Мамай,  
Біз түгіл осылардан қалған қоныс.  
...Кәмелсіз қонған елін көп тоздырған,  
Қайырсыз осы секілді кеткен қоныс?  
...Кетейін десе жөн таппай,  
Адыра қалған үш қиян,  
Қол ұстасып жүрген жер. –*

деп, елге келген таршылықты көбіне Мұрат қоныстан көреді.

Мұраттың өлеңдерінде патша хұкметінің қазаққа жұмсаған саясаты айқын байқалады. Үкіметтің жақсы жерлерді тартып алғаны, ел камын жегендердің қуылғаны, өлтірілгені анық айтылады” [16, 104 б.].

Әдебиет тарихындағы Мұраттың орны жайлы Мұхтар Әуезов: “Мұрат зар заман ішіндегі ірі ақынның бірі. Бұның сөз үлгісі

баяғының толғауы сияктанып, қарсыға шапқан жүйріктей көсіліп, құлашын керіп келеді”, – дейді [15, 174 б.].

Мұраттағы үздік жыр үлгілерінің бірі – “Үш қиян” толғауы. Шығарма дәстүрлі жыраулық поэзия үлгісімен жырланады. Сонау ежелгі дәуірлердің сарыны анкып жатыр.

*Еділдің бойы – қанды қиян,  
Жайықтың бойы – майлы қиян.  
Маңғыстаудың бойы – шаңды қиян,  
Адыра қалғыр, Үш қиян!  
Үш қиянның ара бойынан  
Жеті жұрт кетіп жол салған.  
Жеті жұрттың кеткен жер,  
Қайырсыз болған неткен жер.  
Адыра қалғыр, көк Жайық,  
Көпір салып өткен жер.  
Асан қайғы, Қазтуған,  
Орақ, Мамай, Телағыс,  
Шораның шұбап өткен жер!*

“Үш қиян” толғауын жариялап отырып Х.Досмұхамедұлы мынадай түсінік береді: “Бұл өлең жаңа нұсқа жүріп, ел “штатка” көніп, елді оязной, бөлыс, ауылнайлар билей бастаған заманның түріне айтылған. Айтулы 1873 жылдың шамасында болған” [16, 106 б.].

Шығарма Х.Досмұхамедұлы бастыруында 31 түйдектен тұратын ұзақ жыр. 350 жолдай өлең.

Осы жырмен сарындас “Сарыарқа” толғауы 27 түйдек. 231 жол өлең. Бұл шығармалардағы басты сарын ата мекеннен ажырау, ауа көшу мұны, жер тарихы, ел тарихы. Сонау Асан, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбеттерден, Қожаберген, Ақтамберді, Бұхарлардан келе жатқан сарын.

Шығармалардың тарихы, саяси мән жөнінен де, көркемдік сапасы жағынан да құны аса жоғары. Бұл толғаулардың бірде дастан, бірде толғау аталып жүрген жайы тек көлем жағынан емес, атап айтқан уақиғасы болмағанымен, жырда әріден бергіге жеткен ел тарихының үзілмеген желісі бар. Халық қасіретінің килы кезеңдері бар. Жер тағдыры жатыр. Өзгені былай қойғанда, тарихи жер су, мекен



атауларының өзі қазақ елі дейтін халықтың ата қонысы, құт мекені біз едік деп, ақиқатты алға тартып жатыр.

Мұраттың бұл толғаулары саяси мән жағынан, тақырып, мазмұн жағынан аз қарастырылған жоқ. Алайда, әлде де болса белгілі бір дәуір әдебиетіндегі аса айқын өлең есебінде, бар сыры, бар құнымен түгесіліп, таусылып айтылды деуге болмас. Отаршылдықтың тарихындағы қанша айттық, білдік, көрдік дегенмен, бұғып жатқан көп сыр әлде де жетерлік.

Мұрат ілгерідегі ел тарихын, ата баба, мекен еткен Үш қиянның тарихын сай сүйекті сырқырата сыр ғып айтады. Айтып-айтып келіп, ендігі күйге ауысады. Әсіресе сол тұста акын көзі қырағы, жүрегі секемшіл, сөзі өткір.

Мұраттың қимай отырған, өксігін ойлап отырған мекені толып жатқан қымбатына, қырына қоса мынадай жер.

*Тұлпар мініп ту алған,  
Дұшпанын көріп қуанған,  
Алмасын қанға сауарған,  
Аруақты ерлердің  
Абыройын төккен жер,  
Керегесін кескен жер,  
Кесіп бұршақ еткен жер,  
Ердің соңы – Исатай  
Бармағын тістеп өткен жер.*

Ұлтының азаттығы үшін алысып, арпалысқан көп батырдың жан беріп, шаһит болған жері.

Ердің соңы Исатай деуі қандай дәл кесім, көрегендік. Енді бас көтерер шама қалмағанын, қазақтан хал кеткенін акын осындай бір кесімді сөздермен естіртеді.

Бұл жерде жеңіс сәті де көп болып еді. Жеңіліс те аз болмаған. Енді дұшпанға қарсы шауып, не өлім, не өмір дейтін күн өткен. Бостандықты қорғап шығар күйден қазақ айрылған...

Енді бұрынғы тарихты, батырлықты баян етіп отырған жырау өз заманының күйіне, Шортанбай шерткен зар сарынына көшеді. Азған алам, алынған пара, арам іс, мұсылманның баласы, шалағат-қайыр, т.б. қолданыстар – Шортанбай толғауларындағы да негізгі сөздер. Мұрат толғап отырған ел билеушісінің сиқы, ел мінезі, қолдан кеткен билік – зар заман әдебиетінің негізгі сарындары.

*Саламат қайтып сақтасын,  
Берсең түгел келмейді,  
Базарға қосқан аманат  
Боламаса игі еді масқара.  
Байдан кетіп салауат  
Пақырдан кетіп қанағат.  
Діні басқа біреулер  
Ел билейді аралап.  
Бір пәледен мың пәле  
Өсіп кетті балалап...*

Заман кейпін бар қиырдан шолып келіп Мұрат ендігі зор қауіпті алға тартады.

*Мен қауіп еткеннен айтамын:  
Ақ борықтай ішкен,  
Кейінгі туған баланың  
Ұстай ма деп білегін,  
Шая ма деп жүрегін,  
Шашын, мұртын қойдырып,  
Ащы суға тойдырып.  
Бұза ма деп реңін  
Адыра қалғыр заманның,  
Мен жаратпаймын сүреңін!..*

“Үш қиян” құрылымы, стилі бөлек толғау. Ақын арғы тарихтың қилы кезеңдерін суреттегенде әр жайға бөлек-бөлек мақам стильмен келеді. Жақсы күндер, жеңіс сәттер, батырлар бейнесі эпостық жырлардың мақамымен үдете, айшықтала келеді, ендігі күннің жайында дүние құбылыстарын термелей, түйіндей сөйлеу мәнері басым. Жыр түрінде бейнелі, шуақты оралымдар мол. Дәстүрлі қолданыстар ежелгі жыр-дастандармен туысып жатқан тұстарда әсіресе жиі.

*Құйрығы гүлдей малынған, тұлпар мініп ту алған, емендей белін  
бүгілтіп, жібектей жалын төгілтіп, табаны жерге тимеген,  
маңдайы күнде күймеген, біртіндеп садақ асынған, біртіндеп жасуды  
қашырған, қорамсаққа қол салған, балығы тайдай тулаған, бақасы*

*қойдай шулаған. Орманбет би өлген жер, он сан ноғай бұлген жер,  
т.б.*

Мұрат салтанатты кош кейпін бұрын-соңды кездеспеген суретпен ашады.

*Қырғауылдай қызыл нар,  
Қыз-келіншек жылыл  
Қызықпенен артқан жер...*

Жырда дәл, түскен колданыс, акын тілінің аса зерлі өрнектері төгілген сөз оралымдары мол.

“Сарыарқа” толғауында өткен тарихқа азғана тоқталған ақын, өз уақытының көп сергелденін баяндауға көшеді.

*Әуел жеңіп орыс Еділді алды,  
Сарытау, Аштарханның жерін алды.  
Артынан Еділден соң Нарынды алды,  
Тоғайдың ағаш, қамыс талын да алды.  
Аржақтан Қайыпалды, Науша қашыл,  
Тарлықтың сонан бері қаптағаны  
Су мен нуды орыс ұстап,  
Қазақтың мұнан жұтап жалынғаны.  
Қуалап Исатайды өлтірген соң  
Заманның сонан бері тарылғаны.  
...Бір қазақ еркек болса Махамбеттей,  
Мұнан да ақсыз күні жазымдады.  
...Кіндігін, кірін жуып кеткен жерден,  
Қысылмай ер кете ме еркіменен?*

“Үш киянда” ата жұрттан килы замандарда ауа көшкен белгілі хандарды, би-жырауларды, батырларды атаған акын, енді өз уақытында қуғын көріп, қорлық кешкен замандас жұртты түгендейді. Ол – Исатай, Махамбет, Бекқожа, Тұрлан, Өтен, Жалмұхамбет, Бергін, Алдаш, Қаныбек, Дәуіт, Ербөлек, Есет, Әлен, Құсен сынды ерлер.

Нағашы жұртқа тұрмыс жайымен ауа көшіп барған Мұрат өз туған жерінің салтанат сәттерін, кимастығын езіле жырлайды. Жүректі мұн орайды. Сағыныш шабағы сабалайды. Мұрат үшін қарын тойған жер – қазына тапқан жер емес. Оның тіршілік тірегі өз

кіндігінің қаны тамған жерде. Ол жердің елі де, өзі де бөлек! Жететін ештеңе жоқ.

Мұраттың “Жалпыға айтқаны” дейтін ұзақ толғауы адам ғұмыры, күнделік тіршіліктегі арман-мұраты, табар тиянақ-тұғыры, жарық дүниенің нұры, бары мен жоғы жайлы. Шортанбайдың “Бала зары”, “Алдамшы жалған” толғауының сарыны бар. Шығармада дүниенің алуан түрлі шарттары, не жақсы, не жаман: адам қоғамындағы алар орнымыз қайсы дегендей жайлар қамтылады.

*Жалғаншы фәни заманда  
Топырақтан жаратқан  
Осы бір жүрген адамды,  
Асырап, сақтап өсірген.  
Бір жасаған құдайым  
Он сегіз мың ғаламды...*

Шығарма тіліне дәстүрлі сөз қолданыстар орнын тауып орныққан. Мұраттың өзіндік өрнектері, сөз айшықтары да аз емес. Ақын сурет жасауға шебер.

*Бесқаруын белге ұстап, темір қазық жастанып, елпең-елпең жүсіре, ертеңнен шапса, кешке озса, еңкүден салса, тоске озса, егіз қоян шекелі, күдері белді, күтшек сан, мұсылман боп дінді ашқан* дегендей ілгерідегі жыраулар қолданыстары айшықтаған толғау ежелгі жыр дәстүрімен шыққан. Жырда түрлі құбылыстың көркем, әсіре теңеуі, айшықты бейнесі, қимыл-қозғалыс шақтың суреті мол. *Алтын тоқпақ, бозқырау күн, көкорай шалғын, күміс қазық, қос тұлымды қара нар, жібектей жас, қызыл киім, күрең ат, қиылған қара қас, әшекейлі қара кер, көзі жүз сом алтын зер. Сырдың біткен талындай, базардың алуа балындай, тастан алған зердегі, ақ балтыр, желбегей күрең ат,* т.б. айшықты сөздер жырды құлпырта, түлете түскен.

Қимыл-қозғалыс сәттің түрлі құбылыстардың қалпын ашар қолданыстар жырды ширатып, шындықтың суретіне көшіреді.

*Қырлардан қырға қараса,  
Қырық шалғысын күніне  
Он екі сілкіп тараса,  
Қу төңкере аспаннан,  
Үш түлеген баппенен,*

*Дауылпаз соқса астынан  
Шектегей күрең атпенен, –*

деп, келетін жолдары сілкініп, серпіліп, күн астында жортып жүрген дала батырының бейнесін жеткізіп тұр емес пе! Батырлық эпостың мақамын түлетіп тұр емес пе! Мына бір сурет қалай сызылған!

*Бауыры шұбар, сырты көк  
Қаршыға құсқа жарасар!*

Бауыры шұбар, сырты көк қаршыға!

“Топқа түскенде” толғауында Мұрат ара-тұра ежелгі дәстүрлі сарында өзін-өзі көтермелей сөйлеп, құнын-бағасын білдіріп отырады. Өнерінің артығын айтады. Дүние шартын, нақыл-ғибрат сөз айтады. Толғауда өлең сөздің өлшеусіз құнын көлденен тастап отыру, өнердің құнын көтере сөйлеу арыны айқын.

Ақын бұрын-соңды жыр үлгісінде кездеспеген тың тіркестер жасайды. Шешен тілді жыршы ақынның айтуында

*Екі жақты бір тілді  
Сөйлейтін сөзге шешеммін,  
Қынапты қара қылыштың,  
Салып кетсем кесермін...  
Жұрт жүйірігі бағған соң  
Сөзді неге таппалық  
Сұрағаның сөз болса,  
Әрі-бері сөйлейін,  
Таудан шыққан бұлақтай,  
Ылдімге құйған ақтарып  
...сұлу қылып сөйлейін  
Қас жорғаны мініп ап  
Түскен жаңа келіндей...*

Қара сөзді ақын “атасы арзан қара сөз”, “мылжыңдаған көп сөз” деп кеміте атайды. Бұл толғауда да адам асар асулар, адам алар биіктер, адам тоқтар түйіндер алға тартылады.

Мынадай жұмыр түскен, шымыр түскен сөз түйіндері жыраудың сөз өнеріндегі алымы мен қарымының айтып жеткізе алмас қуатына куә.

*Азда қайрат жоқ деме,*

*Лақтырған бір кесек.  
Мың қарғаны қалшырған,  
Дүние деген бәйтерек.  
Біз боз торғай асылған.  
...Асыл пышақ соқтырсаң,  
О пышақты сақпайтын  
Күміс сауыт қын болар.  
Ер жігіттің ажары  
Белінен өрген ұл болар.  
...Ақ сұңқар құстың атасы  
Айдыннан таңдап қу алған.  
Тәуекелшіл ер жігіт  
Адаспай жүріп жөн табар  
Қараңғы түскен тұманнан.*

Сурет тілі бұл толғауда да кем емес.

*Ақ төстері аңқиып  
Қараша қайтар күз күні.*

Қараша қаздар аспанда қалқып ұшып, қайтып барады...

Мұрат ақынның шығармашылық мұрасының айтуы бір арнасы “Қазтуған”, “Шалғез”, “Қарасай Қази” жырлары.

“Қазтуғанда” Қазтуған жырау жырлары да, Мұрат ақынның өз сөздері де аралас келген.

Х.Досмұхамедұлы түсініктемесінде Қазтуғанның қоныспен қоштасып айтқаны деп берілген. Жырдың аралас келгенін Х.Сүйіншәлиев, М.Мағауин де айтты. Б.Омарұлының пікірі де солай. С.Мұқанов Мұрат өзі ғана шығарды дейді. “Бұл поэманың ескіден сақталынуы, оны Мұраттың өзі ғана шығаруы – поэманың идеялық жағынан байқалады” [11, 155 б.].

С. Мұқанов идеялық жағы деп, орыс отаршылдығының пигылын ашатын мәнін айтып отыр.

*Ей жақсылар, жақсылар!  
Бұ қоныстан кетпесең,  
Бұны талақ етпесең*

*Қынама бешпет киерсің,  
Арбаға мәштек жегерсің,  
Жасауылды жасаң деп,  
Одамаңды одақ деп,  
Қасына соның ерерсің!  
Ақылы кетіп сасқан жұрт,  
Құлдан туған төрені  
Ақсүйектің ұлы деп,  
Оған да тізгін берерсің.  
Кәпірден болар хәкімің,  
Ықтиярсыз көнерсің  
Үй басына мал санап,  
Адамға ақша төлерсің,  
Аталық бар ма, қайран жұрт.  
Күндердің күні болғанда  
Қайғыға шіріп өлерсің.*

Бұл тұста Мұрат жырды негізінде өзі шығарғанымен, арасында Қазтуғанның да сөзін қосып отырғанын ескерген жөн. Мәселен, “Аламан” (1991) жинағында басылған “Қазтуған” жырының 11 түйдегі “Белгілі биік көк сенгір” (“Бес ғасыр жырлайды”, 1989) атты Қазтуғанның өз жыры. Тек соңғы:

*Байтақтың басы патшалар  
Батуға жаяғыз аса алмас.  
Көп жандар көзін салар деп,  
Мен заманнан қорқып барамын.  
Кейінгі өскен жас бала,  
Кіріптарда қалар деп,  
Күндердің күні болғанда  
Обалы маған қалар деп, –*

келетін тармақтар Мұрат сөзі сияқты 12 түйдекте де Қазтуғанның “Мадақ жырындағы” оралымдар орын ауыстырғанымен, негізінде сол калпында түскен. Түйдектің аяғын сол айтары асқан қарға бойлы Қазтуғанның кайғыланып, елден ауған күйі кайырады. Бұл да Мұрат қосқан сөз болса керек. Әйгілі “Мадақ жыры” ешбір болып жатқан оқиға жайды, күйді баяндамайды, батыр жыраудың өзін жеткізген, болмысын ашқан сурет-жыр. Жырда сол адыра қалған көк Жайық,

қайран Нарын, Тайсойған мен Дендер, Сағыз бен Жем, Ойыл, Қиыл, Еділ мен Аштархан сынды қоныс мекендердің аргы-бергі жайы сөз болады. Осындағы Тайсойған, Сағыз бен Жем, Нарын атаулары Қазтуғанның төл жырларында кездеспейді. Мұнда Мұрат ақын мұның әріде өткен бабалардың өксігімен қосып, қоюландыра түседі.

Жыр үлгісі “Үш қиянға” келеді.

“Шалғез” жырында да Шалкиіз жырау сөзі мен ақын сөзі аралас. Мұнда ел қорғаған батырлардың бірінен бірі асып түскен күш-қуаты, қайталанбас өзгеше бітімі жыр тілінде сөйлейді. Жырда дәстүрлі батырлық эпостың стилі айқын.

Мұрат ақын өз жанынан өлең-жыр туғызған хас шебер. Соған қоса өткен жыр мұрасын қайта жырлап халыққа жеткізуші, сақтаушы. Мұрат Мұрын жырауға он төрт батырдың жырын үйретіпті. Ақынның өзіндік жыршылық дәстүрі, өнер мектебі болған. Мұрат – өлең үлгісі жөнінде де, жыр-толғауындағы басты сарындар мәнінен де, осы жыршылықты ұстану дәстүрінен де байырғы жыраулық өнерді жалғастырушы, дамытып түлетуші.

Соған қоса оның шығармаларында тек жыраулық өнер шеңберіне ғана сыймайтын өзгешелік, ерекшеліктер айқын. Ақын, айтыс ақыны. Көңіл күй, адам жаратылысы жайлы толғауларында жалпыдан гөрі ақындық “меннің” шындығы басым. Заманның түлкі тұрпатын ғажайып дәлдікпен ашу жағынан әрідегі жыраулардан гөрі берідегі жаңа сипатына ойысып бара жатқан, ойысып барып Дулат, Абай өлеңіне айналған көркемдіктің ауылын айналып, жырдағы жаңа биіктік өлшемдерге қол созып, созғанын қолға түсіріп алып қалып жүрген күйдегі ақын.

“Басын ашып алатын бір жайт, бұл ақындардың өлең-толғауларының барлығы бірдей зар заман поэзиясы болып есептелмейді. Ал зар заман жырлары деп қабылданатын шығармалардың қайсысы ауызша, қайсысы жазбаша түрде өмірге келгені тағы белгісіз. Белгілісі – аталған ақындардың бәрінің де жазба әдебиетке қатысы бар екендігі” [4], 45 б.].

Біздіңше, бұл түйін зар заман поэзиясының танылуында теориялық негіздердің бірі болатын – жаңа таным.

Б.Омарұлы зар заман ақындары деп танылған шығармашылық тұлғалардың бар шығармасы зар заман поэзиясына жатпайды деген пікір айтады. Өте дұрыс пікір. Осы жерде бар шығармасы басқа бағытта дегеннің өзінде, Махамбет пен Ыбырайда зар замандық күй бары даусыз.



Б.Омарұлының мына бір пікірін әдебиет тарихын зерттеудің бар мәселесіне ұластыра ұғыну жөн болар еді.

“Тек әдебиетімізде ғана емес қоғамдық ғылымдардың бірсыпыра еңбектерінде бағасын алып, сүбелі ғылыми жұмыстарға өзек бола бастаған зар заман өлеңдері жайында соңғы кезде айтылып жүрген топшылаулар тосындығымен, кей тұста бір-біріне қайшылығымен ерекшеленсе, мұны замана рухына сай зерттеу әдісінің өзгергендігі, жаңа методологияның үстемдік құрғаны деп түсінген жөн” [41, 68 б.].

Зар заман өлең – қазақ әдебиеті тарихындағы әлеуметшіл, азатшыл мәнді саяси лирика. Зерттеуші Б. Уахатов кезінде зар заман өлеңді “тарихи өлең” деп атап, өлеңнің сипатын аша түсер, қолға түспей жүрген бір құнды өлеңнің мәтінін берді. Өлең тілі, стилі Абайға келетін сияқты. Бұл – байлам емес, болжам.

*... Олардан да рахымды орыс халық,  
Барсақ қайыр береді оңталап.*

Өлең 1879/1880 жылдарда болған жұт кезінде шығарылған.

«Міне, қалың бұқара халықтың басына түскен осындай қайғылы күйі мен мал-жанынан айрылған жекелеген адамдардың зарын тарихи шағын өлеңдерден көруге болады. Соның бірі – “Қазақтың қайғысы” деп аталатын өлең. Бұл өлеңді бірінші болып қағаз бетіне түсірген Ы.Алтынсарин (Ә. *Дербісәлінге сілтеме жасайды* – К.М.). Ол “Қазақ қайғысын” сөзбе-сөз орысшаға тәржімалап, 1883 жылдың 31 октябрінде “Оренбургский листок” газетіне жібереді. Кейін бұл өлең П.Раскоповтың қолына түседі. П.Раскопов оның әдеби аудармасын жасап, енді-енді басылғалы жатқан “Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания” (Орынбор, 1885) деген кітабына кіргізбек болады. Бірақ оған патша цензурасы рұқсат бермейді.

Шынында да патша цензурасы қорықса қорыққандай, өлең ішінде жергілікті шен құмар әкімдердің тепкісіне шыдай алмай шамырқанған бұқара халықтың наразылығы суреттеледі.

*Жалғыз-ақ барар жерің уәзнәй,  
Алдыңаң қуалайды “пошел-кет” деп.  
“Сен болмасаң, анаған барамын” – деп  
Күн қайда кететұғын өзін кектеп, –*

деуі аштықтан азап шегіп, титықтап отырған елдің ашу-ызасынан туған көріністер еді” [109, 261 б.].

Мұрат өлеңдері түр, жанр жағынан да әр қилы сипатта. Жалпы Мұрат мұрасы әлі де аша түсуге, айтыла түсуге зәру. Мұраттың үйрену мектебі бірнеше арнадан тұрса, Мұраттан қалған үлгі мектебі де бір ғана түрде емес.

Мұратта әзіл-оспақ әжуа, қалжың түрінде де, мадақ, қошемет. мін сын түрінде де келетін арнау өлеңдер де бар.

Мұраттың Ғұмар Қазыұғлына, Тұрарбай болысқа, Бегалыға, Айжарыққа, Қожа болысқа, Боранбайға айтқаны дейтін өлеңдер бар.

Той бастар жырлары: “Қаратоқай Беріш Есеттің баласы Аман мырзаның қыз ұзатуындағы тойбастары”, “Жайық Беріш Сикыт деген адамның тойында айтқаны”.

Мұнда акын той иелерінің арғы-бергі атақ-данқын тізіп, мадақтайды. Желдірте, марапаттай сөйлейді: Келін болып түскелі ұзатылып кетіп бара жатқан қызға өнеге-ғибрат тілек қосады.

Өлең сөздің жасалу шарттары, негіздері тұрғысынан келгенде сөз жоқ, Мұрат мұрасы күрделі, қиын да қызық қисындармен өрілген құнды жәдігер.

Әдебиет тарихындағы алабөтен орны жайлы Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, С. Мұқанов сынды сөз асылын сүйіп өткен алыптардың сонау ертеректе айтқан тұжырым-пікірлері бүгінгі әдебиеттану ғылымымыздағы түбегейлі зерттеулер негізінде толыға, беки түсуде.

#### **2.4 XIX ғасырдағы аймақтық әдеби мектеп дәстүрін ғылыми негіздеу жөндері**

Қазақ жерінің Оңтүстік, Батыс, Орталық аймақтарындағы әкімшілік-билік жүйесінің ел әдебиетіне тигізген ықпалы айқын. Сол негізде аймақтардағы әдеби дамудың өзіндік дара бағыттары туды. Сонымен бірге, ең әуелі, аймақтық әдеби мектеп мәселесі түпнегіз бастаулары арғы дәуірлерде қалған шығармашылық дәстүр аясында ашылып, айқындалатын, бір кезеңнің саяси ахуалынан ғана туып қалыптаспайтын, даму үрдісі – дара; уақыттың ұзақ көшінің жемісі есебінде зерттеліп, зерделенуі тиіс үрдіс.

Әдеби мектеп мәселесінде орындаушылық, жыршылық дәстүрмен бірге өлең жасаудағы әдіс-тәсілдің байырғы негіздері жайлы арнайы зерттеулердің қажеттілігі пісіп-жетілгені айқын.

“Зерттеушілердің үшінші қолға алатын ғылымдық мәселесінің бірі – жыраулар мектебі. Қазақта батырлар жырының белгілі-белгілі мектебі, ол мектептің өзінше айтылу стилі барлығы байқалып отыр. Бұрын Қазақстанның кей жерлерінде батырлар жыры үзінді, не бөлек-бөлек қысқа жырлар болып айтылатын. Бұл – жалпы эпос жайлы ғылымының сипаттауынша, орыстың ұлы сыншысы Белинскийдің айтуы бойынша батырлар жырының әлі маркайып, пісіп жетпеген, кемеліне келмеген сатысын көрсетеді десек, сонымен қатар Қазақстанның кейбір облыстарында батырлар жырының кең желіге құрылған, ұзақ сонарлы түрлері барлығы да айқындалып отыр.

Әбілден (Абыл – Қ.М.) Нұрымға, Нұрымнан Мұрынға ата мирасындай болып қалған Қырымның “Қырық батыры” бұған толық дәлел. Мұрын жырау “Қырық батырда” оқиғасының жартысы шындық, жартысы миф болып келетін алайық. Аңшыбайдан бастап, батырлықты тұқым қуалата жырлай келеді де аяғын “Қарасай-Қазимен” тындырады. Аңшыбай мен Қарасай-Қазимен аралығындағы көп батырлар бірін-бірі толықтырушы, бірі екіншісінің жалғасы, бірі бір тұтас желілі дастан болып суреттеледі” [18, 205 б.].

Абыл, Нұрым, Мұрын, Махамбет, Мұрат, Қашаған, т.б. сияқты сөз саңлақтарының негізінен ерлік, жорық жырларын жырлауы әріден, Ноғайлы дәуірінен, онан арғы жаугершілік дәуірлерден сақталып жеткен сарын. Бұл ақындарда Қазақстанның оңтүстіктегі әдеби мектебі мен Аркадағы сөз дәстүріндегі басты белгілер есебінде көрінген өсиет, өнеге сөз, нақыл-терме үлгісі негізгі нысанда емес. XIX ғасырдағы Оңтүстіктің, Сыр бойының шайырлық мектебінде араб әдебиеті әсері, ортағасырлық түрік әдебиетінің дәстүрі сайрап жатса, Арка мен Шығыс өңірлер әдебиетінде қожалар, татарлар арқылы тараған мұсылмандық әлемнің ықпалымен бірге орыс, батыс әдебиетінің ізі айқын. Жетісу елінде Оңтүстік пен Арка әсері де байқалатындай.

Әрине, бұл мәселе кешенді, нақтылы өлеңдік өрнек, үлгі, жанрлық сипат арқылы арнайы зерттеуді күтеді.

Қазақ әдебиетінің жауһар үлгілер туган XIX ғасырда бірнеше әдеби мектеп қатар жасады.

Қазақ даласының бір аймағында ерлік, жауынгерлік поэзия дәстүрі үзілмеген үлгіде жаңғыра дамыса, келесі бір аймақта гашықтық көңіл-күй жырлары басым болды. Енді бір аймақта шығыстық жазба дәстүр, көп мазмұнды дүние толғаулары өріс жайды.

XVIII ғасыр аяғындағы азаттық аңсап сөйлеген Жанкісі жыраудағы Қокан езгісіне қарсылық сарыны қазақ әдебиетінде Мәделі, Майлықожа, Сүйінбай, Жамбыл толғауларымен жалғасты.

Орыс отаршылығына қарсы өткен ұлт-азаттық көтерілістерді біліп, танығанымызбен, 1821 жылы, 1851-1853, 1858 жылдары Жетісуда, Әулиата, Түркістанда өткен Қокан езгісіне қарсы ұлттық қозғалыс, азаттық көтерілістер жайынан көпшілік бейхабар. Ол қозғалыстардың ел әдебиетінде айқын таңбасы қалды. Мекемтас Мырзахметов орыс отаршылығы, Қокан езгісінің ел әдебиетіне тигізген ықпалын былайша саралап көрсетеді: “Міне осы тұрғыдан келіп, XIX ғасыр басында ғұмыр кешкен ақын-жыраулар поэзиясындағы басты да өзекті сарын – халықтың отаршылдық құрығынан шығуға талпынған бұлқынысы үш аймаққа бөлініп ыдыраған қазақ елінің үш аймағында үш түрлі жағдайда қалыптасты. Ондағы саяси-әлеуметтік, рухани тіршіліктегі ерекшеліктер сол өлкеден шыққан қазақ әдебиетінің айтулы өкілдері Махамбет, Дулат, Сүйінбай шығармаларында өзінің қайталанбас шындық қалпын тауып жатты. Бұл әсіресе, осы ақындар туындыларында пайда болған жанрлық, стильдік, тақырыптық сипаттарды таңдау ерекшеліктерінде айрықша белгі беріп отырады” [129, 189 б.].

Ғалым Құныпия Алпысбаев: “Ақыл үйрету, өсиет айтудан алшақтау кеткен Махамбет поэзиясы, жалпы қазақ өлеңіндегі жаңа арна, жаңа құбылыс”, – дейді Махамбет өлеңі жайлы [39, 120 б.]. Дәл байқау. Қапысыз тану, табу. Сол өзгешелік Батыстағы әдеби мектептің де өзгешелігі деуге негіз бар. Арғы жыраулық мектеп өкілдері Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет поэзиясы мен Есет, Абыл, Махамбет, Қашаған, т.б. күн астында, Еділ мен Жайық арасында жортқан батырлықтың дәстүріндегі арынды ақындардың барлығында бар ерекшелік.

Қазақ әдебиеті тарихындағы белгілі бір аймақтың әдеби мұрасын түбегейлі зерттеген тындырымды ғалым Қабіболла Сыдықовты әдеби орта дәстүрлің алғаш ажырата қарастырған зерттеушінің бірі деуге толық негіз бар.

“Ақын, жыраулар мен әнші, жыршылар дәстүрі белгілі бір әдеби ортада қалыптасып, дамиды. Қазақ жерінің әр аймағында да көрнекті ақын, жыраулар бастаған дәстүрлі әдеби орта болған. Жетісу аймағындағы Сүйінбай бастаған импровизатор ақындар тобы; Семей алқабындағы Абай өнегесімен өрбіген жазба әдебиет дәстүрі; Арқадағы Біржан, Ақан, Балуан Шолақ, т.б. арқылы танылатын

әншілік салт; Сыр бойының прогресшіл Шығыс үлгісіндегі ақындар ортасы; Қазақстанның батыс өлкесіндегі Асан, Сыпыралардан тараған ақындық, жыраулық, жыршылдық дәстүр – бұлардың бәрі – телегей теңіздей халық әдебиетіне құжтын арналы әдеби бастаулар. Октябрьге дейінгі дәуірдегі мұндай дәстүрлі әдеби орта тек қазақта ғана емес, орыс, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, т.б. елдерде де болған. Әдеби орта, оның жалпыхалықтық әдебиеттің дамуына қосқан үлесі, өзіндік ерекшеліктерін тексеру – әдебиеттану ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі” [66, 7 б.].

Ақындық орта, дәстүр жайын зерттеуші Қабияболла Сыдықовтың қыры-сырын мейлінше қамтып отырып ашу жүйесі назар аударарлық. “Сөз жоқ, Қазақстанның батыс аймағында өткен ақын, жыраулардың ішінде Абыл мен Махамбет, Шернияз бен Ақтан, Нұрым мен Сүгір [Мырзалыұлы], Қашаған мен Жаскілен, Нұрпейіс пен Мұрын, Ығылман мен Аралбайдың ақындық, жыраулық, жыршылдық таланты өзгелерге үлгі болған. Нұрым мен Ақтан, Қашаған мен Мұрынның желілі жырлар толғау өнегесі; Махамбет пен Абыл, Шернияз бен Ығылманның бұқара мұяын жырлап, хан, сұлтанға өткір сөздерімен оқ атып, жалын шашқан ереуілді, жауынгерлік жырларының үлгісі бұл аймақта аты шыққан Жаскілең мен Бала Ораз, Жібек пен Білек қыз сияқты ақындардың қай-қайсысына да айқын өнеге болады.

Әрідегі жыраулар, олардан бергіректегі Абыл мен Нұрым, Ақтан мен Қашаған, Нұрпейіс пен Мұрын сияқты үлкен таланттар “Қырық батыр” сияқты желілі жырларды тудырса, сондай-ақ мұндай көлемді шығармалар ұзақ жырлауға төселген жүйрік жырауларды шығарған.

“Қырық батырды” жырлаған ақындардан байқалатын сыр – олардың өздері де ерлік жырлар рухымен дастандар толғаған. Мұны Махамбет пен Абыл, Нұрым мен Ақтан, Қашаған мен Ығылман, Нұрпейіс пен Сәттігүл творчествосынан айқын көреміз. Бұл жайлардың бәрі Қазақстанның батыс аймағында Жиен, Сыпыра, олардың мұрагерлері Махамбет, Абылдардан бастап күні бүгінге дейін желісі үзілмей келе жатқан ақындық, жыраулық, жыршылық дәстүр бар екендігін көрсетеді” [66, 9-10 бб.].

Қ.Сыдықов Атырау ақын-жыраулар шығармашылығындағы ерекшеліктердің арғы бастауларын, әсіресе ауыз әдебиеті дәстүрін ұстану сипатындағы айқын даралықты нақтылы шығармашылық үлгілерді салыстыра отырып таратып, түйіндеді.

“Ақын-жыраулардың ерекше дамытқан олендік формасының бірі – толғау. Толғау тек қошемет, мақтау жыры ғана болып қойған жоқ, ақын, жыраулардың заман, өмір туралы философиялық тебіреністерін, белгілі дәрежеде өз көңіл-күйлерінің тебіренісін де танытады. Толғауды белгілі сюжеттік тіні бар лирикалық поэзияға жатқызған жөн, о баста қазақ лирикасы салт өлеңдерінде өрбіп, толғау жырларға, одан лиро-эпосқа сіңген. Ақын, жырау қуаныш, күйінішін, ой-арманынан, кекті сезімі мен көңіл шаттығын – қатқабат сезім, танымдарын, дәуір тынысын толғауда да еркін білдіре алады. Демек, ақын, жырау толғау жанрында лирик ретінде танылумен қатар, эпик ретінде де бой көрсетеді. Біз бұл жайды Махамбет, Абыл, Аралбай творчествосынан айқын аңғарамыз” [66, 205-206 бб.].

Қазақстанның Батыс бөлігіндегі ерліктің ежелгі дәстүрінің бір сыры жазушы Әнес Сарайдың Исатай – Махамбет тарихын зерттеуінде былайша түйінделеді.

“Қазақ қауымында елге тірек әйгілі әулеттер болған. Бұқара солардың сөзіне ғана ұйыған. Осы ретте XVII ғасырдың орта кезінен Қазақстанның батыс бөлігінде іргелі Беріш тайпасы саяси күш болып қалыптасады. Олардың ел қорғаны, халыққа қамқор болған батырлар көп шыққан да, “жеті атадан шынжыры үзілмеген” әулетке айналған. Махамбеттің “Ерте көшіп, кеш қонған санаулы сәнді орданың бірі едік” деуі тегін емес. Халықтың Исатай, Махамбет десе құлақ қайшылауы сондықтан” [133, 398 б.].

Мырзатай Жолдасбеков Жамбылдың ақындық айналасы, ақындық ортасы жайлы ақындық тілмен тамаша айтады. Айтып келіп, бұл ортаның Жамбылдан былайғыға дарыған дара сипаттарын айқындауда әдеби мектеп мәселесінің негіздерін толықтыра түсер, жеке шығармашылық тұлғаның машық, мәнер, үлгі-өнегесінің нақтылы орнын атап көрсетеді.

“Жамбылдың ақындығы жайындағы әңгімені оның өзі нәр алған екі арнадан – ақындық және шешендік орта мен дәстүрден бөліп қарауға болмайды. Сонда Жамбылдың үлгі тұтқан, өнеге алған мектебі бір ғана Сүйімбай емес, өзіміз жақсы білетін өзге де бірқатар ақындар болып шығады.

Олардың қайсыбірі жөнінде Жәкен:

*Менің пірім – Сүйімбай  
Сөз сөйлемен сиынбай,*

немесе,

*Майкөт ақын, Құлмамбет,  
Орын берді қасынан  
Майлықожа, Құлыншақ  
Пірім еді бас ұрған  
Айтқандары нұсқа еді,  
Жаралған сөзі асылдан, –*

деп, өз жүрегінің асыл сырын ақтарған.

Қыскасы. Жамбыл Жетісудің төрінде, жырдың тұнып тұрған, дәуірлеп тұрған шағында туған. Бұл кезде Жетісу ән мен жырдың алтын бесігінде болатын. Ақын туып-өскен Жетісу атырабы, әсіресе, оның төменгі Шу, Талас бойлары, Оңтүстік өлкесі ән мен жырдың аршылмаған бастауындай, әлі де тын жатыр. Біздің сонғы жылдары жиган деректеріміз осыны түгел растай түседі.

Әйтпесе, бұл өңірде есімдері жиі қайталана беретін: Сүйімбай, Майкөт, Бақтыбай, Құлмамбет, Бөлтірік қана емес, сол сияқты, Дәурен сал, Кенбай, Тілеміс, Қылышбай, Бармақ, Қарқабат, Өзбек, Нұралы, ағайынды Сауытбек пен Сыбанбек, Қожатай, Орақбай, Қалыбек, Рахымбай, Сатыбалды, ағайынды Егемберді, Құдайберген, Қарақожа, Төреқожа секілді ақындардың, сал-серілердің; Ұлбике, Өзипа, Қырмызы, Әлмен, Айкүміс, Ләтипа, Баян. Жаңылдық сияқты айтулы ақын қыздардың өнері қанат жайған. Бұлар – артына мол мұра қалдырған., сөйтіп қазақ халқының байтақ сөз өнерінің кенішті саласын құраған сөз зергерлері. көпшілігі – айтыс ақындары. Жамбыл солардың біразынан үйренген, көбіне өзі ұстаз болған” [51, 143-144 бб.].

“Сөйтіп Жәкең Үмбетәлі, Кенен тәрізді шәкірттерін сол өзі өнеге алған ақындық ортаның озық дәстүрінде баулыған.

Мәселе, Жамбыл жырларының ойнақы өткірлігі, айтысқыштығы – Үмбетәліге; оқиғалы ұзақ дастан. жыр шығарғыштығы – Өтеп пен Саяділге; әншілігі, Отанды, партияны, халықты тұтастыра жырлайтын қасиеті Кененге дарыған.

*Өлеңге Жамбыл жүйірік, энге – Кенен,  
Су жорға Үмбетәлі – қара дөнен, –*

дегенде Илияс Жансүгіров осы қасиеттерді баса айтқан ғой...” [51, 145 б.].

Күнгейлік ақындық мектептің қалыптасып, дамуының белгілі бір кезеңі Қоқан хандығы билігіне қараған тұсымен байланысты болды.

XVIII ғасыр аяғындағы азаттық аңсап сөйлеген Жанкісі жыраудағы Қоқан езгісіне қарсылық сарыны қазақ әдебиетінде Мәделі, Майлықожа, Сүйінбай толғауларымен жалғасты.

Әдебиет зерттеуші ғалым Әселхан Оспанұлы “күнгейлік ақындық мектеп” дегенді қолдана отырып, негізгі белгілерін, жазу мәнерін айқындай түсер байламдар жасайды.

Оңтүстіктегі ақындық дәстүр сипатын бір Құлыншақ ақынның шығармашылығынан қарастырып көру барысында Ә.Оспанұлы атап көрсететін бірнеше айқын сипат ашыла түсті.

Ә.Оспанұлы Құлыншақ Кемелұлының шығармашылығын негізгі-негізгі үш қыры бар деп саралаған. Бастысы – пәлсапалық, ойшылдық пайымдаулар. Келесі арна – өткір әзіл-оспақ, ажуа-мысқыл, сын-сықаққа құрылған әлеуметтік өлең. Үшіншісі – айтыскерлік шеберлік. Оған қоса, ақынның дастаншылдығын да атап, мұны өнерпаздықтың төртінші қыры деп бағалаған.

Құлыншақтың арнау өлеңдері адамшылық қасиет неде, не жақсы, не жаман дегенді арқау етеді. Сауатты, өмірден көрген-түйгені мол сөз ұстасы айнала жұртын азғындықтан арашалап қалар гибрат айтады. Пиғылы бұзық жандардың кесепатынан шошынып сөйлейді.

“Дүйсенбі датқаға” арнауында датқаның өшпенділікке, ызаға толы, беймаза, қара бұлттай түнеген ауыр бейнесін шебер кескіндейді.

*Әлсізді аз ғана күн амалдайық,  
Жақсылық бұл пейіліңнен таба алмайсың.  
Жеріне ерегіскен қап-қара боп,  
Бұлттай жауатұғын табандайсың.*

Елді қанап, әділетсіздіктің теңізін белуардан кешіп жүргендерге Құлыншақ апқы, аямай сөйлейді. Содан өзінің зардап шеккені де аз болмаса керек.

*Тізесі Дүйсенбінің маған өтті,  
Қайсыңды мендей құып еңіретті? –*

дейді ақын.



Құлыншақ өлеңдерінде қазақ жыраулар поэзиясының дәстүрлі ерекшеліктері айқын көрінеді. Ақынның не жақсы, не жаманды термелеуі, адамның ғұмыр жас өткелдерін тіршілік түйіндерімен астарлауы, тіл кестесі, ақын өлеңдеріндегі дәстүрлі колданыстар, қайталаулар, сөз құбылту, сөз айшықтау, сөз ойнату тәсілдері, ежелгі жыраулық, ақпа-төкпе ақындықтың жемісті желісі. Сонымен бірге, Құлыншақ шығармаларынан Шығыс қиссалары мақамымен үйірілген тұстарды да, жазба әдебиет ерекшеліктерін де кездестіріп отырамыз.

Ақындық шеберлік, дүниетаным кеңістігін аша түсетін ендігі бір шығармасы – оның “Тәнің де мейман жанына” толғауы. Адамның өткінші өмірі, тән мен жан жайы арқау болған шығарманың көлемі ұзақ жүз елу жолдан астам. Ақынның сөз таңдау, сөз құбылту, сөз тірілту шеберлігі осы бір туындыда да молынан көрініс тапқан. Құлыншақ бұл өлеңде де имандылық, ізгілік, адамшылық жөндерін алға тартады. Опасыз жалған дүниенің тиянақ-тұғыры, баянды мен баянсыз жайлы кең толғанады. Өмір есігі қуанышпен ашылып, адам астана жұртын марқайтып, дүниеге келеді. Ата-ана, айнала ел мәресәре. Жарық пәниге талпынған сәби үшін олардың әрқайсысының өлшеусіз өз орны бар. Өкініші сол, күні жеткенде олардың бәрінің дүниеден өтуі хақ. Терме, сол қимас жандар, олардың арасындағы айрықша адамшылық, туысқандық, махаббат, жақындық “өлместей болса ше?” деген көңіл ансауынан туған.

Қазақ әдебиеті тарихындағы аймақтық әдеби мектептің туып-дамуының түп-төркіні, біздіңше, орыс отаршылдығы дәуірінен алдекайда әріден бастау алатын күрделі шығармашылық құбылыс есебінде қарастырылғаны дұрыс деген пікіріміз бұл ауқымды құбылыстың әзіргі тоқтамы. Сонымен бірге зар заман дәуіріндегі әкімшілік, территориялық аймақтандыру саясатының да әдеби ізі қалғаны даусыз.

Әселхан Оспанұлы өзінің “Қаратау шайырлары” оқу құралында сол ыңғайда ой өрбіткен.

“... Есте жоқ ескі замандардан бермен қарай бірде үзіліп, бірде тізіліп жалғасып келе жатқан рухани қазына-байлығымыздың өмір жасы қаншама ғасырларды құшағына алып жатыр. Араб тілді Әбу-Нәсір әл-Фараби, көне түркі тілдес Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқарилар жана түркі тілінде тұңғыш сыршыл жырлар жаратқан Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Игүнеки, Рауанди Хорезмилер дамытқан өлең өнері бертінде, әсіресе ХІХ ғасырдың бірінші жарымында бастау алып, екінші жарымында мықтап ірге тепкен қуатты да

құдіретті күнгейлік ақындық мектеппен ұштасып жатыр. Ерлік, елдік жыршылары Мәделіқожа, Құлыншак, Майлықожа, Молда Мұса (Мұсабек), Нұралы, Ергөбек сынды еңбектері ел көңілінде мәңгілік жатталып қалған майталман ақындар шығармашылығымен ерекшеленетін бұл ақындық мектептің негізгі белгілері қайсы, жазу мәнерлері қандай дегенге келсек, біз мыналарды байқар едік.

Біріншіден, күнгейлік ақындар мектебі заманының саяси-әлеуметтік мәселелеріне жедел үн қосып отыруымен бірге байыпты, бұқарашылдық бағыт ұстанды. Сөйтіп, әлеуметтік, философиялық, табиғат, махаббат лирикаларымен қатар сықақ, мысал сипатындағы шығармаларды да дүниеге келтірді. Бұл ретте жоғары адамгершілік ереже-қағидаларды орнықтыруды көздеген көркем де терең мағыналы терме-толғаулар айрықша орын алды. Сондай-ақ аталған ақындық мектеп өкілдері батырлық-қаһармандық, ғашықтық жырларды өздерінше өңдеп, қайта жырлап, кеңінен насихаттау ісінде қыруар тірлік тындырды. Әрі-беріден кейін олардың көркем қара сөзбен баяндалуына күллі қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш болып негіз қалады. Нәзірәшілдік, яғни басқа әдебиеттерде толғанған тақырыптарды өзінше өңдеп жазу әдісімен шығармалар жаратуға негіз салып, үнді, парсы, араб жұрттарының інжу-маржандарын оқырмандарына таныстырды. Орта Азия халықтары әдебиеттерінен, атап айтқанда, өзбек әдебиетінен алғашқы аудармалар жасады. Осындай сан қырлы қызметті ақындарымыз ауызша да, суырып салма және жазбаша мәнер тәсілдерімен де өздерінің шығармашылығында шама-шарқына қарай біреуі көп, екіншісі аз мөлшерде жүзеге асырған” [64, 19-20 бб.].

Күнгейлік ақындық мектептің айтулы өкілдерінің бірі Құлыншак Кемелұлының шығармашылық мұрасы – қазақ әдебиеті тарихындағы елеулі көркемдік әлем.

Бір жағынан, ғасырға жуық Қоқан билігінде болып, ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан былай қарай Ресей отарына айналған Оңтүстік Қазақстан екі жақты қысымның зардабын шекті. Билік, әкімшілік жүйедегі алма-кезек, аласалыран өзгерістер, елдің материалдық тұрмыс күйі Құлыншак өмір сүрген кезеңде аумалы-төкпелі, күрделі жағдайларды бастан кешті. Құлыншак ең әуелі, елдің жоғын жоқтап, мұның мұндаған қайраткер ақын.

Ә.Оспанұлының мына бір тұжырымы осы құбылысқа зерделі, байыпты барлаудан туған.

Ғалым ... Мәделі ақынды Күнгей Қазақстан елін отаршылдық езгіде ұстап, еңсесін көтертпеген Қоқан хандығының басқыншылығына қарсы қаһармандық күресті қылыштың жүзі, найзаның ұшымен де, жалынды ақындық сөзімен де жүргізген, сөйтіп халықтың Қоқан қысымшылығына қарсы қалыптастырған азаткерлік-күрескерлік әдебиетінің белгілі Жанкісі жыраудан кейінгі белді өкілі деп бағалай отырып, Ресей патшалығының үстемдігі тұсындағы халықтың тіршілік-тынысын танытатын сыншыл, шыншыл шығармаларымен ерекшеленген айтулы ақынның бірі ақылман, сықақшыл, айтыскер ақын Құлыншак екенін де атап көрсетті.

Құлыншак мұрасын қарастыру, арнайы зерттеу, көркемдік құндылықтар жөнінен бағалап, байыптау кенжелеп қолға алынды.

Бұл орайда белгілі ғалымдар Р.Бердібаев, Х.Сүйіншәлиев зерттеуші Ә.Оспанұлының еңбектері елеулі.

Жалпы, қазақ әдебиеттану ғылымында түрлі кезеңдердің қилы саяси ахуалдары тұсында әдеби мұраға дін жөнінен, отаршылдыққа қатысы, Шығысқа байланысы, әлеуметтік тек мәселесі жөнінен көп “жоламау” сақтығы қалыптасты да, мұның өзі көпшілік әдеби жәдігерді дер кезінде жиылып, баспа бетін көруіне, көркемдік жөнінен ғылыми-теориялық негіздерін саралауға көп кесірін тигізді. Сондай, “какпай көріп”, қаға беріс қалып, көрсек те – көрмегендей, білсек те – білмегендей болған үнсіздіктер тұсында көп асылын жоғалтқан кастерлі есімнің бірі Құлыншак ақын. Бұл жөнінен Ә.Оспанұлы XX ғ. сонау тоқсаныншы жылдары басында қынжыла отырып, мынадай бір ой тастап, сыр суыртып ағаны белгілі: “...Қаратау Қазықұрт етектері мен Сыр бойын мекендеген ел-жұрттың рухани қазынасын тексеріп-талдауымыз соңғы жылдары ғана қолға алынғанын, сол себепті оның жай-жапсарын танытатын еңбектердің жоққа тән екендігін көп дәлелдеп жатудың қажеті шамалы. Осыдан да болар аталған атыраптың ақындары Мәделі, Құлыншак, Майлықожа, Молда Мұса (Мұсабек), Нұралы, Ергөбектер шығармашылығын былайғы көпшілікті айтпағанда әдебиетшілеріміздің де біреуі білсе, біреуі біле бермейді.

...Мойындалуы жолында көп мойынтаулық көрген бұл шайырлар шығармаларының басты қасиеті халықтық педагогикамыздың көлемді де көркем күмбезін тұрғызумен ерекшеленеді” [64, 13 б.].

Негізінде, Құлыншак шығармашылығын арнайы қарастырғанда, ақынның заман жайын ашына сөйлеген әлеуметтік толғаулары, дүние-жаратылыс сырларын көлденен тартқан, адамгершілік жайын

козғаған өлеңдері, айтыс өлеңдері мен дәстүрлі жыршылық өнерді дамытушы болғанын көреміз.

Сол дүниелердің басын қосып жинап, текстологиялық сараптамадан өткізіп жеке жинақ етіп бастыру; ол шығармалардың туу тарихын зерделеп, көркемдік сипатын өлең үлгісі, тіл кестесі жөнінен, жанрлық жақтан ғылыми негіздеу; ақынның өмірбаян деректерін әлде де толықтыра түсу – Құлыншақ Кемелұлының қазақ әдебиеті тарихындағы орнына берілер бағаны бекіте түсер міндеттер

Құлыншақ – даңқы көпке жеткен әйгілі қиссашы, жыршы, термеші, айтыс ақыны.

Өз заманының сауатты өнерпазының бірі Құлыншақтың жыр-мұрасы кейінгіге тым аз сақталып жетті. Сол аз ғананың өзінен оның ақындық мүмкіндігі, суреткерлік алымы көп көрінеді десек, артық, асыра айту емес.

Құлыншақ табан асты сөз тапқыш, қарсыласына мін тапқыш, мін таққыш, тілінің өткірі бар, сөзінің әжуа, ашысы басым ақын екен.

*Менің атым Құлыншақ,  
Ал сөйлеп көр тіл мен жақ  
Даусым байғұс шығып бақ,  
Саулы інгендей ыңқылдап,  
Қызыл тілім сөйлеп бақ,  
Асыл біздей жылытылдап  
Домбырам байғұс сен сөйле.  
Екі шегің тыңқылдап  
Он саусағым қимылда,  
Жорға тайдай бұлтылдап. –*

деп, ақындық өнер тудыру үстіндегі суретін жасайды.

Дүние толғаныстарында өнеге, насихат айтады. Опасыз жалғаннан табар тиянақ-тұғырды көрсетеді.

Өз уақытының әлеуметтік мәселелері Құлыншақтың көптеген арнауларына арқау болады. “Көкбайға”, “Дүйсенбі датқаға”, “Оңдыбайға”, т.б. шығармаларында дүниекоңыз сараңдық, кісі ақысын жеу, т.б. адамшылыққа жат пиғылдар айыпталады.

Құлыншақ – даңқы қазақ еліне кең жайылған ақын. Бала кезінен әкесі Кемел Шөже ақыннан бата әкел деп жіберген екен. Содан былайғы ғұмыр ел танып, жер танып, өнерпаздық ұрығын шашумен өткен.

Сұлтанбек жырау бір өлеңінде Құлыншақ туралы былай дейді:

*Әкесі Шәжә ақыннан бата әкел деп,  
Үш тоғыз дүниемен жібереді.  
Шәженің ақ батасын алып қайтты  
Адамзат дуаменен көгереді.  
Келген соң киіндіріп ат мінгізіп  
Баланы еркіменен қоя берді.*

Сұлтанбек жыраудың деректеріне карағанда, Құлыншақ казактын көп өлкесін аралап, талай тарландармен кездесіп, сөз қағысқан, өнер үйреніп, өнеге көрген. Ақындық дәстүрге бой ұрған.

Құлыншақ Кемелұлының қазірде баспа бетін көріп, жұртқа мәлім болып отырған шығармаларын зерттеуші-ғалымдар Х.Сүйіншәлиев, Р.Бердібаев, Ә.Оспанұлы, т.б. деректеріне қарай топтастырғанда оның көптеген терме-толғау, арнаулары, Майлықожа ақынмен айтысы кейінгіге жеткенін көреміз.

Құлыншақтың ақындық шеберлігін аша түскен туындысының бірі – оның соңғы жылдары танылып, баспа бетін көрген “Қисық батырмен тілдесуі” өлеңі. Мұндай шығарма үлгісі Аркада Жанақта, Батыста Шерниязда кездесетін, ел арасына кең таралған үлгі. Өлең – әуелде батырдан сескенген Құлыншақтың оны мадақтауымен басталып, Қисық батырдың оған риза болып, енді өзін мінеуін өтінгеннен кейінгі батырды әшкерлей сөйлеуімен жалғасқан қызғылықты шығарма. Өлеңде байласа басы қосылмайтын кереғар суреттер бір Қисық батырдың бойына сыйып жатқандай.

Сол аспандата, асыра мадақталған Қисық батырды Құлыншақ енді бірде келістіріп келемеж етеді.

Құлыншақ, сөз жоқ, айшықты сөзбен ой ашқан шебер ақын. Ақын анасына арналған жоқтауында қадірі асқан ана жанын жеткізеді.

*Тая бесігін таянған,  
Түнде тұрып оянған.  
Тар құрсағын кеңейткен,  
Тас емшекті жібіткен.  
Өлеңдетіп әндеткен,  
Айналаны сәнді еткен.  
Уақыты жетіп демі біткен,*

Құлыншақтың ақындық алымын оның өз тұстастары да, кейінгі де мойындап, бағалап отырған. Сұлтанбек Аққожаев деген жырау былай депті:

*Ұстазым – Орта жүздің Құлыншағы  
Өлеңнен кем болған жоқ оның бағы.  
Қосылып құланында ат бәйгеге  
Тынбай шауып кеп жүрді сынбай сағы.*

Құлыншақ өмірді “дүние – ол бір көлдің қасқалдағы” дей отырып, аспандағы сәулелі жұлдызға, көлден ұшқан аққуға, қалықтаған сұңқарға, кеменің баспалдағына, т.б. тенеиді. Сол – сұлу, аспандаған өмірдің, алып ұшқан өмірдің аяғы – келмеске қадам басу, өмірге құлтар жүректің бос кеуде боп жансыз қалғаны.

Құлыншақтың жыршылығы жайлы айтылып жүргенімен, ақынның өзге де әдеби мұрасының кейінгі кезеңде хатқа түсіп, халыққа тарауындағы тапшылық, осы жыршылығы, ол жырлады деген киссаларға да байланысты. Жамбыл Жабаев Бейсенбай Кенжебаевқа, Ғали Ормановқа Құлыншақтан “Шора батыр” жырын тыңдап үйренгенін айтқан.

“...Ол жиырма бес жасар кезім еді. О, шіркін дүние, балалық-ай! Түркістанды қоныстап қалған Нұртаза есімді ағайын бар еді. Сонын үйіне түстім. Оңтүстік ақындарын көрейін деген көңілде арман бар. Әсіресе Сәді төреге жолықсам деймін. Үйіне іздеп барып едім, ол кісі үйінде болмай шықты. Әзірет сұлтанды аралап кордік. Екі-үш күннен кейін Түркістанға бір тойда Майлықожа, Балқы Базарға кездесіп, думанда бірге болдық. Сол жолы Құлыншақтан “Шора батырды” тыңдап үйрендім” [76, 219 б.].

Құлыншақ ақыннан сақталып жеткен шығарма көп емес екенін айттық. Алайда сол аз ғана дүниенің өзінен ақынның суреткерлік алымы айқын көрінеді. Тіршілік толғамдарында көкейге түйгені мол, білімі мен білгені көп ойшылдық танытады.

“Дүниеде не ғаріп” толғауында ақын жыраулық поэзияның дүние шарттарын түгендеген, түйіндеген дәстүрлі арнасын толтыра түседі.

Тіршілік тәлімі – Құлыншақ өлеңдеріндегі негізгі сарынның бірі.

Құлыншақ айтыстарынан кейінгіге жеткені, зерттеушілердің айтуынша – Майлықожа ақынмен айтысы.

Екі жүйрік бірін-бірі айтыстың дәстүрлі салтымен көтеріп те сөйлейді, мінеп-сынап, түйреп тастап та отырады.

Бұл айтыс туралы Ә. Оспанұлы былай дейді: “Елі ерекше қадірлеген осы екі жүйріктің айтысына ғылыми баға беруде белгілі жағдайлар себепті ұзақ жылдар бойы көп кібіртікті бастан кештік. Кезіндегі дүйім елді дүрліктірген дақырттардан аса алмай Майлықожа айтыстарының ішінде ғылымдық мәні болмаса, әлеуметтік сорпасы татымсыз екі айтыс барын, олардың Құлыншак және Жанас ақындармен айтыстары екенін, бұлардың алғашқысында діни бояу қалыңдығын, соңғысы патша өкіметі тұсында қоздырылып келген ұлт алақөздігі идеясынан суарылғандығын мәлімдегенбіз-ді”.

Ғалым айтыстың кезінде діни бояуы қалың деп, ғылыми айналымнан шығарылып тасталғандығын айтып отыр.

Айтыста Құлыншак сөз қисынын жеңіліс тапқан.

Құлыншактың “Ішпеймін қымызды шөлдесем де”, “Орта жүзде бар дейді”, “Алпыс бір жанның айласы”, “Сен едің, Рысқұлбек, бұлғақтаған”, “Мазақ қылма, Көлбайым”, “Ит сатқанның ауылы атанарсың” өлеңдері әжуа-мысқылға құрылған әлеуметтік астары терең шығармалар деп танылады.

“Әңгімесін естісең...” сықақ өлеңінде ақын сөзі елді үйіріп, ұйытып әкететін, соған орай жұрт әулие санап жүрген жалған бейне-бейкүнә болғансымағымен күнәға белден батқан алдамшы дін қызметшісін әшкерлейді.

“Алпыс бір жанның айласы” өлеңі де өмір өткелдері, адамшылық парыз, ата мен бала арасындағы тағдыр ісі жайлы толғайды. Өлең Құлыншак ақынның әкесі Кемел қайтыс болғанда шығарылған дейді. Өмірдің өксігіне оранған аза жыры.

*Тоқсанға жасы келгенше,  
Ажалы жетіп өлгенше  
Мойнында еді ботасы, –*

деп, ақын әке алдында перзенттік парызын өтей алмай келгеніне налитын сияқты.

“Дүние – ол бір көлдің қасқалдағы”, “Енесі жүдеп, нашарлап”, “Адамзат келер, келер, жүзге келер”, “Дария білмес иттің сарығанын” атты туындыларды зерттеуші Ә.Оспанұлы ақынның пәлсапалық сипаттағы терме толғамдарына жатқызады.

“Дүние – ол бір көлдің қасқалдағы” термесі адамның ғұмыр жас кезеңдерін камтыған. Қазақ поэзиясындағы ежелгі, дәстүрлі желі. Ақын балалық, балигат, егделік кезең, сексен, жүз деген жастардың қыры мен сырын сипаттайды.

Тіршілік толқыны адам баласын алаңсыз сәбиліктен арпалыс өмір айдынына лақтырады.

Жарық дүниенің ыстық-суығы, опасыз жалғанның тиянақ-тұғыры, бейнет пен зейнет, жалын жастық пен қараңғы кәрілік астасқан өлеңге ақын адам баласына қойыны суық қара жерге енгенше жақсылықтан жазба деген уағыз айтады:

*Біреуге “берем” дегін, “алам” деме,  
Біреудің адал нанын алып жеме...*

Қазіргі кезеңде арыдан жеткен асыл сөз құндылықтарымызды және бір мәрте саралап жатсақ, – ол да заманның игілігі, әдебиетті тану ғылымның методологиялық ұстаным өрісі өзгере, өсе түсуінің бір белгісі.

Қазақтың белгілі әдебиеттанушысы ғалым Шериаздан Елеукенов “Ер Тарғын” эпосы жайлы өзгеше байлам жасап, тыңға бастайды.

Қазақ әдебиеті тарихындағы жыршылық мектеп өкіліне көбірек телініп келген Марабай ақынды дара ақындық мектептің ірі тұлғалары санатында танытады. Әдебиет тарихындағы дәстүр мен жазба мектеп мәселесіне байланысты ойларға да бастайтын сыр.

Әдебиет мәселелерінің айғақтауды күтіп жатқан көп түйініне қарай тартқан бір байлам.

Зерттеушінің “Ер Тарғын”, оның қазақ әдебиеті, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет мәселесіне қатысты жайлы айтқаны мен шығарманы ішінен алып таныту тәлімі мейлінше иландырады.

Ғалым “Ер Тарғынды” Марабай ақынның эпостық жыры деп көрсетеді. Тұңғыш таза қазақ тілінде басылған кітап есебіндегі тарихи құндылығын атап айтады.

Марабай ақынның өмірдерегін бере отырып, оның айтыстары, “Қобыланды” жыры туралы мәліметін “Бұл туындылардың поэтикалық зор қуатына қарағанда Марабай өз замандастары Дулат, Шортанбай секілді ірі талант иелерімен иықтасатын ақын”, – деп, Марабайдың әдебиет тарихындағы орнын айқындаумен түйеді [53, 77 б.].



Автор “Ер Тарғынды” поэма деп атайды. Шығарманың жанашылдық сипаттарын, әрі оның көзге оттай басылатын айкындығын көрсетеді. “Эпостық дәстүр сюжеттік таңғажайып оқиғалар (дию-жын-сайтан әлегі, соғыс тауқыметтері, кара күштердің зымиян әрекеттерінің салдарынан ұзақ уақыт бір-біріне қосыла алмай сағынып зарығуы) арқылы шиеленістірсе, Марабай ақын “Ер Тарғын” поэмасында зұлматтықтың психологиялық-эстетикалық, құлықтылық астарына көбірек үніледі...” [53, 77 б.].

Ғалым Ер Тарғын бейнесін ашудағы ақын шеберлігін образ психологиясындағы, өмірлік шындықпен суарылған тіршілік әрекеттеріндегі поэма шарттарын шалып жатқан тәсілдермен көрсете келіп, “Ер Тарғынның” қазақ руханиятындағы тарихи орны жайлы байлам жасайды. Сол кезеңнің өзінде сан мәрте қайта-қайта басылым көріп, бұқаралық сипат алған шығарманың ұлт тарихындағы құндылығы даусыз екендігін кен пішімді, келісті пікірмен бекітеді.

“Ер Тарғын” поэмасын үлкен бастама деудегі себеп – сол кездің өзінде шет тілдерді араластырмай-ақ таза ана тілімізде мазмұны, ой-парасаты, көркемдік кестесі жағынан қай халық шығармасынан кем түспейтін сөз жиһазын тудыруға болатындығына көз жеткізгендіктен. Бұл поэманың фолькор мен көркем әдебиет жанрларын араластыра өрген ерекшелігі назар аудартады. Әсіресе баяндау, шалқыма шешендік тәрізді фольклорлық сипаттарға жазба әдебиеттің айшықты, кестелі киім, ішінара сұлу суреттері қосылып жырға ерекше көрік беріп тұр [53, 79 б.].

Қазақ тілі түбінде Марабай және оның замандастары Дулат, Шортанбай, Мұрат, Абай ақындардың арқасында нағыз көркем тілге көтерілді.

Типтендіру құралдарының бәрімен дерлік жарақтанған ана тіліміз “Ер Тарғын” жазылған сол ХІХ ғасырда-ақ, өзге тілге араластырылмай-ақ, баспа кітапта жазылуға тиісті не парасатты ойдың, көркем сөздің не асылдарын ілгерілетуге толық қабілетті еді [53, 80 б.].

Демек, қазақ баспа кітабы бірінші кезеңінің маңызы алғаш қазақ баспа кітаптарын дүниеге келтіруінде ғана емес. Өз ана тілімізде баспа әлемімен сорап салуында” [53, 80 б.].

Әрине, “Ер Тарғынның” жазба әдебиетке, соның ішінде поэма жанрына жату-жатпауы жайлы Ш. Елеуеновтің пікірін тұтас қабылдау мәселесінде анықтай түсер тұстар болғанымен, “ана тілімізге баспа әлемінен сорап салуы” деген тұжырымның ауқымды

заманалық құбылыстарды алып жатқан түйін екендігіне шүбәсіз ден қоямыз.

Қ.Жұмалиев “Ер Тарғынды” Марабай шығарды демегенімен, Ильминский бастырған Марабай варианты дегенімен, жырдың сол нұсқасы түпнұсқа екенін жокка шығармаған. Мұның өзі Ш. Елеуенов қисынының шындыққа негізделіп айтылғанына толық айғақ бола ма?

Қ.Жұмалиев жырдың шыққан дәуірі жайлы “ел арасына көп тарап, атадан-балаға мұра ретінде сақтала келіп...” деген ой ұшқынын тастайды.

Сонымен бірге ғалымның мына бір толғамы “Ер Тарғындағы” ерекшелікті айқындай түсе отырып, оны бергі заманда қайта өңделіп, қайта жазылған шығарма деп тануға да негіз болар ой таратқан таным екенін байқаймыз.

“Ер Тарғын” құрылысы (композициясы) жағынан ең қызықты, ең көркем поэманың бірі. Қай эпизод, қай көріністі алсақ та, мейлінше шебер құрылғандығы аңғарылады.

Ерлікті болсын, сұлулықты болсын, көңіл күйлерін болсын терең толғап, асқақтата, мейірінді қандыра жырлайды. Суреттелмеген өмір құбылысна тікілей қатысы жоқ жайттарды әдейі тастап кетудің арқасында поэма оқиғасы әрі жинақы, әрі қызықты болып шыққан. “Ер Тарғын” поэмасының негізінде бір-ақ варианты ғана болуы (қара сөзбен айтылатын Радловтың вариантын қоспағанда) болуының өзі сол сюжеттің тартымдылығы, оқиға құрылысының шеберлігі, тілінің көркемдігімен байланысты тәрізді. Шығарма неғұрлым көркем болса, солғұрлым есте берік сақтаулы және кез-келген ақын, жыршылар сол тақырып, сол сюжетті өзінше жырлап, екінші вариант жасауға ұмтыла бермейді. Өйткені, мазмұны, сұлулығы жағынан мойны озық жатқан бұрынғы өз нұсқасымен деңгел түсуге өресі жетпейтінін аңғаратын сықылды” [18, 128 б.].

Бұл – жырдың кітап болып басылып шығуының да салдары. Жазба, тасқа басылып шыққан туындының ерекшелігі, қуаты мен құнары жатқан сыры.

Поэма сөзін эпостық жырларға байланысты қазақ әдебиеті тарихы мен қазақ әдебиетінің теориялық тарихын жасауға тер төгіп қызмет еткен гұлама ғалым Қажым Жұмалиев те қолданады.

Қажым Жұмалиев зерттеулерінде бүгінде көкейтестілігін кемітпек түгілі, арттыра түсіп отырған әдебиет тарихы мәселелері ұшан-теңіз.

Оның еңбектеріне үңілген сайын құндылығы арта түскен, ғылым мұратына жетуге бағышталған тамаша тоқтамдарды таба бересің, таба бересің...

Аймақтық әдеби мектептер үрдісінде ауыз толтырып айтарлық дәстүрлі машық, үлгі, ортақ желілер бар екендігін ашып айтып, танытар уақыт келді. Бұл мәселе онсыз да бар даралық ерекшелігімен көрінген құбылыс.

Батыс өңірдегі ақындар поэзиясындағы ақпа-төкпе жыраулық дәстүр, күрескерлік рух ол өлеңнің тіл кесте, құрылым қалпынан да айқын көрінеді.

Қазақ әдебиеті тарихындағы аса бір үздік ерекшелік – әдеби мектеп мәселесі.

XIX ғасыр болсын, басқа кезең болсын Абай мектебі мәселесі ғана басым айтылды да, басқа мектептер жөні тұтас, мәселе мәнінде айқындалған жоқ. Мақам, сөз саптаудағы, өлең туу, қалыптасу жасаудағы тәсілдердің даму жолдары жекелеген әдеби мектеп аясы мен ауқымында зерттеліп танылса, жекеден жалпыға қарай жүріп отырудың олжасына кенелер едік.

Аймақтық әдеби мектептің өзгешеліктерін айқындауда бірнеше межеге жүгінуге тура келеді. Шығармашылықтағы басты сарындар мен негізгі оқиғалық желілер; олардың лексикалық құрам, баяндалу тәсілдері, жасалу әдістері – яғни сөз қолданыс, өлеңдік құрылым, өлшем; өлеңдік түр, жанрлық құрам; т.б. ауқымындағы айқын, тұрақты дәстүршілдік.

Осы негізде XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің көркемдік дамуында ірі үш аймақтық әдеби мектептің дәстүрлі өрісі айқын. Аймақтық әдеби мектеп мәселесі қазақ әдебиетінің тарихын түзудің ғылыми негіздемесінде ілгеріде арнайы қарастырылмағанымен *(кейінгі кезеңде бұл мәселе қозғалысқа түсті – Қ.М.)*, жекелеген өнерпаздық шығармашылықты зерттеуде сұрыпталып, саралана түсіп, айқындалып, жинақтала келе әдеби мектеп дәстүрі есебінде арнайы айтыла бермегенімен, танылған фактор.

Мәселен, қазақ әдебиеті тарихындағы ерлік, елдік рухтағы екпінді жауынгерлік жырдың көркемдік құндылығы да, әрі бұл жырлардың дәстүрлі әдебиет үлгісі есебіндегі басқа үлгілерден алабөтен өзгешелігі жайлы қазақ өлеңінің түрін, тілін, стилін, құрылымын зерттеген еңбектердің барлығында да бұл жауынгерлік поэзияның туган аймағы аталып отырады. Сол негізде бұл ағымның әдебиет тарихындағы өзіндік ерекше көп дәстүрі, өзгешелігі бар

әдеби мектептің аясында ашылуына белсеніп, батыл барлау жасауға. Біздіңше, замана көшіндегі аумалы-төкпелі астарлы идеология “жә” дей қоймады.

Қазақ поэзиясындағы толғау – ежелгі жанр.

Басқа өлең түрлерін қозғамай-ақ толғаудың табиғатынан таратып іздегеннің өзінде де аймақтық әдеби мектеп мәселесінің толып жатқан, дара сипатқа негізделген өзгешелігін ажыратып, тануға болатындай.

“...ә) Ал қазақ поэзиясында XV ғасырдағы “Сыпыра жырау толғауы”, “Тоқтамыс сөзі”, XVI ғасырдағы “Орақ-Мамай жыры”, “Ер Тарғын” жырындағы кейбір үзіктер әрі Махамбеттің (XIX ғ.) біраз өлеңдері – азаматтық-ерлік, ерлік-жауынгерлік мазмұнда туған, өзара өте жақын стильдік-тілдік жүйеге ие сөз үлгілері. Бұлар өзінің лексикасы әрі синтаксисті, өлең құрылысы жағынан дидактикалық мазмұндағы шешендік толғаулардан бөлек үлгідегі туындылар” [44, 14 б.].

Еліміздің Батыс өңіріндегі тарихи ерлік жыр үлгісі айқын.

М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ж.Тілепов, Қ.Сыдықов, т.б. зерттеушілер еңбектерінде бұл сипат негізгі сарын, сөз үлгісі, өлең үлгісі жөнінен аталып отырады.

Базар жырау шығармашылығы және ақындық мектеп мәселесі С.Косанов зерттеуінде арнайы қарастырылуы – кейінгі кезеңдегі жаңа ғылыми бағыт өрісі [147].

Аймақтық әдеби мектеп дәстүрлерін арнайы зерттеу әдебиет тарихында қай кезеңде туғаны ел жадынан өшіп, көмескіленіп, ұмытылған үлгілердің дәуірін айқындай түсуге де септігін тигізеді деп тұжырым жасауға болады. Мәселен, Абайдың өлең сөз үлгі, стилінің өзінде бір дәстүрлі мектептен жаңа сападағы әдеби мектепке ойысу үрдісі айқын танылатыны сияқты, Абайдың алдындағы Жанак пен Дулаттың өлең өрімі мен өлең тілі жазбаша кітаби тілден өрістеген жаңа дәстүрге меңзейді.

Біздіңше, ұлттық толтума сөз өнеріміздің бар бояуын түстеп тану үшін, бар құнарын сіңіру үшін фактісі айқын, аймақтық әдеби мектеп дәстүрін арнайы зерттеуден ендігі уақытта да “рушылдыққа” ойысып кетеді деп, рушылдыққа үш қайнасы сорпасы қосылмайтын ұлы мұрамыздың қасиетін ашып, қадірін көтере түсетін бағдардан бас тартуға болмайды.

Аймақтық әдеби мектеп мәселесінде нақтылы сөз қолданыс стиліне, сөздік айналымының лексикалық қор-қабатына, өлеңдегі

айшықтау түрлеріне, сөз құбылту тәселдері мен сөзді ажарлау әдістеріне байланысты Махамбеттен ілгерідегі, Махамбет поэзиясындағы дәстүрлі афористік, шешендік толғамдардағы үлгінің “Орай да борай қар жауса, қаптама киген тоңар ма?” сипатты қолданыстары нақты дәйек. Өлеңнің үлгісі, түрі мәнінде Жетісудағы айтыстың ағынды жыр үлгісі, Оңтүстік, Сыр бойындағы терме-жыр, Арқадағы өлеңнің жана түрінің (Ш. Уәлиханов) ән өлең, қисса өлең жайылу дәстүрі, Батыстағы жыршылық, эпикалық жырларды жырлау дәстүрі, т.б. ерекшеліктер дәлел.

Әрине, аймақтық мектеп деген өзгеше бір оқшаулану, аралас-құраласы болмаған үрдіс емес. Белгілібір тарихи кезеңдердің ықпалымен қалыптасқан дәстүрлі дара сипаттар болғанымен, қазақ сөз өнерінің басты жаратылыс шарттары, заңдылықтары, ұлттық поэтиканың арғынегіздері барлық аймақтық әдеби мектептерге тұтас жайылған құбылыс екендігі белгілі.

Дәуір стиліне бағынбайтын дәстүр ұғымы бар.

Қазақ әдебиеті тарихындағы аймақтық әдеби мектептің туып-дамуының түп-төркіні, біздіңше, орыс отаршылдығы дәуірінен алдеқайда әріден бастау алатын күрделі шығармашылық құбылыс есебінде қарастырылғаны дұрыс деген пікіріміз – бұл ауқымды құбылыстың әзіргі тоқтамы. Сонымен бірге зар заман дәуіріндегі әкімшілік, территориялық аймақтандыру саясатының да әдеби ізі қалғаны даусыз.



## 3 ЖАҢА ЖАЗБА ӘДЕБИЕТТІҢ ДАМУЫ

### 3.1 Қазақтың жана жазба әдебиетінің қалыптасуындағы Ыбырай Алтынсариннің тарихи орны

Қазіргі кезеңде қазақ әдебиетінің тарихы әріден, біздің дәуірімізге шейінгі уақыттан басталып оқытылып жүр. Қазақстан жерін мекендеген арғы замандардағы халықтардың рухани мұрасы – қазақ халқының да еншісі. Сол орайда арғы әдебиет, орта ғасырлардағы түрік әдебиеті бастан кешкен өркениет, өрлеу дәуірлерінің бар тарихы біздің қазіргі төл әдебиетіміздің де тарихы. Ол тарихта жазу мәдениеті де болды, жазба әдебиет те болды. Тарихтың ұлы көшінде қазақ халқының дербес мемлекеті Қазақ хандығы тұсында жазба өркениет жаугершілік замана ағымына, орай ауызша өркениетпен алмасты.

Ендігі өріс – бірнеше ғасырлық өріс негізінен ауызша әдебиеттің өрісі болды. Бұл жөнінде басы ашық айғақ та мол, айтылған сөз де аз емес. Қазақ хандығы тұсында жазба мәдениеттің де болуы даусыз, алайда бізге тасқа басылып жеткен әдеби мұра жоқ. Ол замандардың әдебиет нұсқалары кейінге ауызша ғана сақталып жетті.

XIX ғасырдағы әдебиет нұсқаларының көпшілігінің туып, дамуында осы үрдіс сақталды. Сонымен бірге ендігі заманның ағымы ел өміріне әкелген мың-сан өрістің шарпуы ел әдебиетін де қамтыды. XIX ғасыр басынан бастап қазақ даласында жазба дәстүр, кітап басып шығару ісі қайта жанданды. Ресей империясы Қазақстанды тұтастай өз қолтығына алудың қам-қарекетіне шындап кірісті. Қазақ жерін айнала қамалдар салу, қазақтың ішкі ісін: тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін белгілбір мақсатпен зерттеу жанданып, өрістеді. Қазақ даласын басқару-әкімшілік жүйесіне реформа жасалды. Қазақтың жері тұтастай мемлекет меншігіне алынды. Қазақ баласы Ресей империясына қызмет ету үшін оқуға тартылды. Қазақстанда үлкен дін саясаты жүрді. Ол бастапқыда ислам негіздерін орнықтыруға бағытталғынмен, шығыстанушы ғалымдар, қазақ жерін зерттеген саяхатшылардың “қазақтар мұсылманшылықты соншалықты ұстана қоймайды, дін шарттарын беріліп орындамайды” дегендей мәліметтерден кейін, қазақтарды орыстандыру, шоқындыру ниеті бой көтерді.

Ресей патша үкіметі өзінің жергілікті жердегі әкімшілік саясатының баспасөз органдарын ашты. Қазақ тіліндегі баспасөз туды.

Қазақтар арасына шығыстық қисса-дастандар кітап болып, басылып тарады. Ортағасырлық нәзира дәстүрінде жаңа қисса-дастандар жазылды.

XIX ғасырдағы бұл жазба дәстүр жазбаша әдебиеттің, жаңа жазба әдебиеттің тууына негіз болды. Мұхтар Әуезовтің атап көрсетуінде XIX ғасырда Шортанбай, Дулат, Ақан сері, Мәшһүр Жүсіп, т.б. зар заман ақындары қазақ әдебиетінің ауызшадан жазбашаға өткен көшпелі кезеңнің өкілдері болды.

1927 жылғы “Әдебиет тарихы” оқулығының “Зар заман ақындары” бөлімінде Мұхтар Әуезов Ыбырай Алтынсариннің әдебиет тарихындағы орнына байланысты қадау-қадау пікір айтады.

“Бұқар жыраудан соң XIX ғасырдағы зар заман ақындарының басы Махамбет. Одан кейінгілері: Шортанбай, Мұрат, Алтынсарьұлы, бұлардан соңғы бір буыны Абаймен тұстас ақындар” [15, 208 б.].

Мұхтар Әуезовтің “Әдебиет тарихы” оқулығының кіріспесінде әдебиет тарихына, жазба әдебиеттің жайына тоқталған тұстағы жасаған теориялық тұжырым-түйіндері Ыбырай Алтынсариннің қазақтың жаңа жазба әдебиетін жасаудағы тарихи орнына да айғақ болған қисындар.

“Біздің білуімізше, зар заман ақындарынан бастап біздің әдебиет екінші жікке қарай ауысады. Бұдан бұрын қарастырған әдебиет жұрнақтарының барлығын ауызша әдебиет десек, мыналарды жазба әдебиеттің басы деу керек. Не болмаса қазақ топырағында ең алғашқы жазба әдебиетті туғызған анасы осылар деу керек, – деп, Мұхтар Әуезов жазба әдебиетке анықтама береді. ...Осындай ақыл шығып, көптің жайылып жүрген бетінен бөлек бір жаңа беттер тауып, қалың елге жаңа өріс, жаңа жайылыс табамыз деген ниеттер туған соң, бұл елдің әдебиетінде ең алғашқы бағыт, мақсат деген нәрселер туады.

Жаксылыққа бастасын, теріске, жаңылысқа жаманға бастасын, қайда тартса да, әйтеуір ел халқының бұрынғы халіне қанағаттанбай жаңалықты іздеп, “бастаймын, түзеймін, қазіргі күйге қанағаттанбаймын” деген күй бірлік, алғашқы рет тұтасқан ой құралып, әдебиет жүзінде елдің, әлеуметтің тіршілігі сөз бола

бастаған соң, жазба әдебиет дәуірі туа бастады деп есептеу керек. Ауызша мен жазба әдебиеттің арасын бөлетін белес, кезең осы.

Зар заман дәуірі қазақ әдебиетінің тарихында жаңағыдай кезең асқан дәуір болғандықтан, қазақтың жазба әдебиеті осылардан бастап әлеумет халін ұғып, ел қамын жоқтауға кіріседі. Өлең бұрынғыша қызық, сауық сияқты ермек емес, қауым қызметін атқара бастайды. Елдің саяси пікірмен тілек, мақсат, мұң, зар сияқты сезімдерінің басын қосып, жаңадан ой негізін, салт санасын құрай бастайды. Бұл уақытқа шейін болмаған әлеуметшілдік сарыны, азаматтық нысанасы шығады” [15, 195 б.].

Мұхтар Әуезов енді бір мәнде Ыбырай Алтынсаринді зар заман ағымына кейбір сарынымен қосылады, бірақ өзгелерден бөлек бір жаңалығы бар. Ол мәдениетті ақын. Алтынсариннен ең алғаш қазақ әдебиетіндегі сипаттау өлеңі басталды. Еуропа ақындарының үлгісімен, қыр тұрмысының көркін суреттейді деп бағалады.

М.Әуезовтің зар заман ағымы, жазба әдебиетке қатысты ой түйіні ыбырайтануда аса ескеріліп жүрмеген, Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақтың жаңа жазба әдебиетін жасаудағы мазмұндық мәнін алғаш айқындаған пайым екендігі де даусыз. Бұл еңбектің қазақ әдебиеттану ғылымындағы қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесіне саяси көлеңкелер түсе қоймаған тұста жазылғандығын, ондағы ой-танымның таза теориялық тұрғыдан әдебиет тарихы мәселелеріне мейлінше анық жеткізудің басы болған жөндерін әр уақыт есте ұстауымыз керек. Кейін XIX ғасыр әдебиеті 2 кезеңге, екі сапаға бөлініп қарастырылды. Ыбырай Алтынсарин мен Шортанбай, Мұраттардың әлеби мұрасында қазақ әдебиетінің даму, жасау тарихында туған табиғи сабақтастық желі, дәстүр, үрдіс байланысы үзілді-кесілді жоқ деп танылды...

Ыбырай Алтынсарин қазақтың еуропа үрдісі ықпал еткен, жаңа тұрпаттағы жаңа жазба әдебиетінің басында болды.

Бұл жөнінде қазақ әдебиеттану ғылымында мейлінше жан-жақты айтылды. Ауқымды таным жүйесі қалыптасып, дамыды. Сәкен Сейфуллин өзі құрастырған “Алтынсарыұлы Ыбырайдың өлеңдері” деген жинақтың алғысөзінде:

“Және ол қазақ әдебиетін Еуропа жолына, өнер жолына бұрып бастаған ең тұңғыш жанашыл, суретшіл ақын”, – деп жазды [90, 249 б.].

Бейсенбай Кенжебаев Ыбырайдың көпшілік шығармасы қазақ әдебиетінің тарихында мазмұн жағынан болсын, түр жағынан болсын жаңа өлеңдер, жаңа әңгімелер екендігін, Ыбырай, оны іле-шала Абай



казактың жаңа, европалық стильдегі әдебиетіне негіз салды, әдебиет тарихында жаңа сарын тугызды, бұл сарын біздің ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы әдебиетіміздің негізгі сарыны болды деп жазды.

Ол сарын – замана ағымына орай, озған жұрттан қалыспасқа ұмтыл деген сарын еді. Өнер үйрен, кәсіп қыл, білім ал, тіршілік үшін күрес – деген сарын еді. Ағартушылыққа үндеу, оянуға шақыру сарын еді.

А.Самойлович атап көрсеткендей, батысында Жайық бойындағы татар әдебиетімен және Шығысында көне шағатай әдебиетімен көршілес болуы казактың төл әдебиетінің дамуын тежеп отырған тұста Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаев казактың жаңа жазба әдебиетінің негізін салды.

Б.Сүлейменов Ыбырай казактың әдеби және жазба әдеби тілінің негізін қалаушы ақын әрі жазушы деп бағалады.

Мұсатай Ақынжанов Ыбырай казак прозасының негізін салған тұңғыш прозаик, оның прозасы көркем әдебиет жанрының новелла түріне жатады деді.

Зерттеуші Қасым Жұмағұлов былай деп жазды: “...Мұндай қысқа мазмұнды, көркем әңгімелер казак әдебиетінде Ыбырайға дейін өріс алмаған еді. Бұл Ыбырайдың казак әдебиетіне кіргізген жаңалығының бірі еді”.

Қ. Жұмағұлов Ыбырайдың “Залым төреге”, “Ей, жігіттер” деген өлең-поэмалары Некрасовтың “Россияда кімдер жақсы тұрады” деген атакты поэмасының идеялық бағытына ұқсас деп жазды. “Өнер-білім бар жұрттар” өлеңі де Некрасовпен үндес дейді.

Жалпы орыс әдебиетінің Ыбырай шығармашылығына ықпалын Некрасов, Толстой, Пушкин, Крылов, Лермонтов үлгісімен сабақтастыра қараған зерттеуші Ыбырайдың көркем шығарма тугызудағы шеберлік қырларын қарастырып, оның өз дәуірі талап еткен рухани мұраттарға жауап іздеп, казак әдебиетіндегі жақсы бағыттын беті болғанын жазды.

Әнуар Дербісалин Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығындағы көркем дүниелерге келуінің бұлақ-бастауларын қисындауда оның өз өмір шындығын шебер қиюластырады.

Ыбырай Алтынсарин 1862 жылдан бастап халықтың ауыз әдебиеті нұсқаларын жинау, зерттеумен шұғылланады. Мұның өзі шығармашылықтың тәрбие мектебі болды. Сонымен бірге орыс әдебиетінің үздік үлгілерімен, орыстың әйгілі жазушыларының

шығармаларымен түпнұсқада таныс болу, оны күнделікті ағарту, оқу саласында үнемі кәдеге жаратып, пайдаланып отыру онын қоғамдық, ағартушылық танымын қалыптастырып, дамытумен қатар жазушылықтың әдіс-тәсілін үйренуге, көркемдік танымын жаңаша сипаттармен байытуға ықпал жасады.

1959 жылғы аталған конференцияда ыбырайтанушы, тарихшы ғалым Б.Сүлейменов көпке беймәлім бір мәселенің мәнін аша сөйледі: “Осында М.Фетисов жолдас орынды пікір айтты. Ағартушылардың не жазушылардың әдеби мұраға көзқарасы қандай болды деген мәселе зерттелмей келеді деді.

1870 жылдары бұл мәселе төңірегінде екі рет дискуссия ұйымдастырылды. Бұл дискуссияда пікір айтушылардың мақалалары баспа бетінде жарияланды. Дискуссияға қазақтың ақындары, оқымыстылары, тілмаштары қатысты. Бұл екі дискуссияның екеуінде де қазақ тілі мемлекеттік тіл бола ала ма? Ресми қарым-қатынас қағаздарды жазуға келе ме? деген мәселені талқылауға орыстың генерал-губернаторлары, халық ағартушылары Ы.Алтынсарин, В.Радлов сияқты көрнекті ғалымдар қатынасты. 1880 жылы болған дискуссияның қорытындысын Ы.Алтынсарин жасады. Дискуссия қазақ әдебиетінің негізі – қазақтың фольклорлық тілі деп қаулы алынды. Қазақтың жазба әдебиеті бар ма деген сұраққа Ы.Алтынсарин “Қазақ хрестоматиясы” кітабымен қазақтың жазба әдеби тілінің барлығын дәлелдеді” [79, 268 б.].

Ыбырай Алтынсарин “Қазақ хрестоматиясын” 1876 жылдан бастап жазып, 1879 жылы аяқтаған. Дәл осы уақыт – Ыбырайдың көркем шығармаларын жазған уақыты.

Бұл шығармаларында Ыбырай қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған жаңа түр, жаңа стиль туғызды.

Ыбырай Алтынсариннің орыс әдебиетінен аударған шығармалары қазақтың жаңа көркем қарасөзіне, прозасына жол ашты. Әңгіме, новелла жанры туды.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың жаңа жазба балалар әдебиетінің негізін салды. Қазақ әдебиетіне ол жаңа сападағы мысал жанрын енгізді. Табиғат лирикасын туғызды.

Ыбырай өзінің көркем шығармаларында қазақтың бай тілін, айшықты, нұрлы тілін жазба әдебиеттің қалпына икемдеп, жаңа жазба әдеби тілдің жүйесін жасап, үлгісін көрсетті.

Кезінде зерттеушілер “қазақ сөзі емес бірде-бір сөз кездеспейді” деп атал көрсеткеніндей, сол кезеңдегі шұбарланған

баспа тілінен бөлек жаңа қазақ тіліндегі шығарма жазудың шеберлік үлгісін көрсетіп, үрдісін орнықтырды.

Ыбырай Алтынсарин ана тіліміздің құнарын, құнын мейлінше ұғынықты шебер де шешен тілмен ұстартқан. Ыбырайдың көркем шығармаларының тілінде күрделі оралымдар кездеспейді. Бұл қарабайыр дегендік емес. Бұның себебі балаларға арнап жазуында болса керек. Ыбырайдың шығарма тілі соншалықты таза, өзгеше тартымды. Әрі дәл, әрі мәнді, түсінікті, үйлесімді сөзінің бойына жасырған асылы мен жарқылы мол.

Бұл – оның өз стилі. Сөйлеу тіліндегі ұсталық, шешендікті Ыбырай жазба тілге көшіріп, жазбашаға түсірген анық зергер, қас шебер.

Жалпы, қазақ әдебиетіндегі Ыбырай дәстүрі өте аз сөз болды. Ыбырай Алтынсариннің шығармашылық арнада кейінгіні былай қойғанда, әріде қайсыбір жөнде Абайға да ықпал жасағаны, әсер еткені, ой салып отырғаны рас.

Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінің тарихында жаңа әдеби жанрларға өріс ашты. Жанрдың негізін салды.

Қазақтың жазба балалар әдебиетінің негізін салған Алтынсарин бұл әдебиеттің жанрлық ерекшеліктеріне бағынған уақиғалы, қысқа, қызық, тартымды, ұғымға жеңіл, тілі жатық, тәлім-тәрбиеге тартатын әңгімелер жазды. Ыбырай балалар әдебиетінің жанрлық шарттарын сақтап шығарма жазудың шеберлік үлгісін көрсетіп, үрдісін туғызды.

Ыбырайдың шығарма жазудағы шеберлік сырына бойлаған жан-жақты нағыз теориялық негіздемені алғаш Қажым Жұмалиев жасады.

“Ол ең алдымен қазақ әдебиетіне мысал өлеңнің түрін енгізді. Оған шейінгі қазақ поэзиясындағы кара өлең, қайым өлең, толғау, жыр тәрізді өлеңдер, орыс әдебиетінің үлгісінде тәрбиеленген ақынға аз, жеткіліксіз көрінді.

...Алтынсариннің орыс әдебиетінен үйрену арқылы қазақ поэзиясына және бір енгізген жаңалығы – табиғат лирикалары” [134, 145 б.].

Қажым Жұмалиевтің Ыбырай шығармашылығына жасаған пайымдамасы – ХІХ ғасырдағы әдебиет үлгілерінің көркемдік сипатын нақтылы айқындаған ғылыми тұжырым. Ол Ыбырай мен Абайдың өмір құбылыстарын пейзаж арқылы шебер суреттеу әдісін бастағанын, ел тіршілігінің сәулесін түсіре, қатал табиғаттың ойыншығы тәрізді қыста қысылып, жазда ғана кеуде керіп дем

алатын көшпелі елдің көңіл күйлері мен өздеріне тән ерекше тұрмысы түскен шығармалар жазғанын айрықша бөліп, атап айтты.

“XIX ғасырдағы қазақ поэзиясына тән өлеңнің негізгі түрлері – саяси лирика мен дидактикалық өлеңдер болатын. Үздік талант иелері Махамбет өлеңдері мен Біржанның айтысын ғана алмасақ, өмір құбылысын суреттегенде оны полотноға түсірген суретшілердің портреттері тәрізді, суреттеумен объектісін әрбір кимылы мен қыбын, кескіні мен түсін, ісі мен әрекетін, бояуын қандыра, жеріне жеткізе суреттеу болған емес. Өмір құбылысын бұл тәрізді барлық жағын мүлтіксіз етіп, тым шебер, аса місерлікпен және өмірдің шындығына дәл етіп суреттеу әдісінің Алтынсарин, Абайлардан бері ғана үлгісі салынды.

Алтынсарин орыс әдебиетінен үлгі алды дегенде айрықша тоқтауды керек ететін бір мәселе оның кара әңгімелері. Ең алдымен, өз каламына жататын новеллалары.

Алтынсаринге шейінгі қазақ әдебиеті түп-түгел поэзия. Ауыз әдебиетіндегі ертегі әңгімелерді ғана айтпасақ, тарихқа аты мәлім XIX ғасырдағы қазақ ақындарының біреуі де кара сөз жазған емес. Тіпті ұлы ақынымыз Абай да көркем кара сөзбен шұғылданған жоқ. Эпостық жанрдың бұл түрін жасауда бірінші рет қолына қалам ұстап, әдебиетімізге соныдан жол салып, үлгі пішкен жазушы – Алтынсарин. Сондықтан оны қазақ әдебиетіндегі көркем сөздің шебері десек, мақтау емес, шындық” [134, 145 б.].

Қажым Жұмалиев Ыбырай Алтынсариннің “Бай мен жарлы баласы”, “Надандық”, “Қыпшақ Сейтқұл” шығармаларын шебер жазылған новеллаға жатқызады. “Новелла эпостық жанрдың әріден келе жатқан түрі, шын мәніндегі новелла өмір құбылысының жұртшылық үшін ең керекті, ең маңызды жағын алады да, әрі қысқа сюжетті, әрі ауызша айтып беруге лайықты оқиғаға құрады. Әңгіме көбіне бір не екі эпизодтан ғана құралады. Әрдайым оқиғаның шешуі оқушының күтпеген жерден шешіледі”, – деп, жанрдың анықтамасын беріп, өзі атаған шығармалардың новеллаға жататындығын бекіте түседі.

Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінің жанрлық ерекшеліктерін Ханғали Сүйіншәлиев үш топқа бөлуге болады дейді. Бірі – новелла, екіншісі ауыз әдебиетінде қалыптасқан ертегі-аңыз үлгісіндегі әңгіме, үшіншісі – шағын көлемді мысал үлгісіндегі өнеге сөздер.

Ғалым Ыбырай Алтынсариннің кейбір хаттары жай хат-хабар дәрежесінен асып, көркем публицистика дәрежесіне көтерілген дейді.

XIX ғасыр әдебиетіндегі, Ыбырай Алтынсарин шығармашылығындағы жаңа беталыс, бағыты, бағдарлар туралы аударма маманы, аударма теоретигі Сәйділ Талжановтың пікірлері сол әдебиеттің жанрлық сипаттамасын жасауда ойда болатын қисындар. С.Талжанов қазақ елінің оқығандары дүниежүзілік мәдениетті меңгеруге XIX ғасырда-ақ жұмыла кірісті дей келіп, Ыбырайдың орыс әдебиетінен аудармаларының жанрлық ерекшелігіне айрықша тоқталады. Ыбырайдың аудармадағы қайсыбір тәсілі, еркін аударуы, қайсыбір тұста тақырыбын, кейде мазмұнын өзгертіп беруі, шығарманың баяндау тіліндегі өзіндік өрнектердің басым болуы, сол себепті аударманың кейде төл шығарма болып қабылдануына тоқталады.

Осы тұста Ыбырай өзінің аудармаларында Шығыс әдебиетіндегі нәзира дәстүрін еркін қолданып, нәзира жанрындағы шығармалар да туғызған деп айтуға болатын сияқты.

Көп уақыттар бойы қазақтың XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиеті тек орыс, еуропа үлгісінде туып қалыптасты деген пікір басым болды. Осы мәселе, әсіресе, Ыбырай Алтынсариннің көркем шығармаларына қатысты көп айтылды. Сөз жоқ, Ыбырай Алтынсарин “Қазақ хрестоматиясында” орыс жазушыларының шығармаларын аударып берді. Көптеген шығарманың жазылу жөні, құрылымы да орыс әдебиетінен ауысқан.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларының ұлттық, халықтық негізі де біршама айтылды. Ал Ыбырай және Шығыс әдебиеті деген мәселені арнайы сөз еткен Ш.Қ. Сәтбаева еді. Негізінде, бұл жай кеңіте зерттеуге зәру.

Шәмшиябану Сәтбаева “Ы.Алтынсарин өрнектерінің кейбір сырлары” атты зерттеуінде былай деп атап көрсетеді:

“Алтынсарин қызметінің ағартушылық-демократияшылдық мазмұны мен бағыты оның Батыс Еуропа және Шығыс әдебиеттері үлгілеріне де творчестволық қатынасын, көзқарасын анықтап, белгіледі. Мұны мысалы, халықаралық кейіпкерлер саналатын Ескендір – Александр Македонский, Дәуіт, Сүлеймен туралы оның өлен шығармаларынан, басқа елдердің өмір-тұрмыстарынан алып жазған кейбір әңгімелерінен көруге болады”.

*“Пайғамбар бұрынғы уақытта Дәуіт өткен,  
Патша боп бұл дүниеге даңқы жеткен.  
Отыз ұлы бар ғой деп көптік ойлап,*

*Құдайым отызын да әлек еткен...  
Жылаған Дәуіт патша тоба қылып,  
Өзінің бенде екенін сонда біліп,  
Мұнан соң Тақ Сүлеймен туды дейді,  
Отыз ұлға бір өзін жора қылып, –*

дейтін өлең шумақтарының сыры мол”.

Ш.Сәтбаева: “Сөйтіп, қазақ ағартушысы дүние жүзі халықтарының көбі әнгіме еткен аңызға айналған тарихи адамдар туралы өлеңдер, әнгімелер жазып, онда өз көзқарасымен қатынасын анық білдірді. Мұның өзі Ы.Алтынсарин мұрасының шеңбері айтарлықтай кең, өрісі биік қазына екендігінің тағы бір айғағы, тағы бар маңызды қыры”, – деп жазды [90, 282 б.].

Ыбырай Алтынсариннің көркем туындылары жанрлық, стильдік жақтан біршама зерттелді. Ыбырайдың жазудағы үлгі, өнеге мектебі мәселесі де белгілібір дәрежеде қарастырылды. Қазірде сол негізде қамтылған мәселелерді жүйелеу арқылы Ыбырай Алтынсариннің қазақтың жаңа жазба әдебиетін қалыптастырудағы орнын айқындай түсудің жолдары ашылып отыр.

Б.Кенжебаев Ыбырай шығармаларындағы жаңа үлгілерді бағалап, саралауда Алтынсариннің қазақ әдебиеті тарихындағы орны жайлы тұтас хабарлама жасайды. Ал сол ерекшеліктің ішкі мазмұны ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің жаңа сапаға ойысу тарихындағы көп көркемдік әдіс-тәсіл, шеберліктің көп сырын бүгіп жатқаны даусыз.

Ыбырай Алтынсариннің “Қазақ хрестоматиясындағы” сөз қолданыс, стиль, жаңа жанрлар қазақтың жаңа жазба әдебиетінің, әдеби тілінің бар саласында да жалғасын тапты.

Қазақтың бұрынғы ауызша әдеби тілі белгілі бір дәстүрлі қалыптарға, шектеулі баяндауларға байлаулы болу жағы көбірек болса, Ыбырай Алтынсарин өз жазбаларында қазақтың қара сөзінің жаңа тынысын ашты. Ұрпағынан ұрпаққа мұра болатын ұлы тілдің, сұлу тілдің жаңа сәнін тапты, саласын көтерді.

Дәстүрлі құрылымдардың құрсауында бұлқынған жанды тілдің өмірдің алуан түсін, тіршіліктің бар сәтін, он-сан күйін, жанды қалпын жеткізудің толып жатқан тәсілдерін Ыбырай, сөз жоқ, ең әуелі сол ана тілдің өз мүмкіндігінен тапты. Талқанда да өзі үлгі еткен орыс, еуропа әдебиетіндегі үрдіс үлгісін шеберлікпен, ұтымды, оңтайлы, жатық, қазақ тілінің құрылым, құбылу заңдылықтарына

емін-еркін енгізе отырып тапты. Мәселен, қазақтың жаңа жазба әдебиетіндегі диалогтың алғашқы үлгілерін Ыбырай Алтынсарин, сөз жоқ, аударма шығармалардан барып шығарды. Яғни, қазақ сөзіне орыс үлгісін аудару арқылы жаңа өріс ашты.

Күнделікті өмірдің бар қалпын, тіршілік әрекетін көзге көрініп тұрғандай етіп, бейнелі суреттеу әдістері орнықты.

Нақтылы сурет жасау, шын құбылысты қаз-қалпында жеткізу, берудің төселген шеберлігі де қазақтың жазба көркем әдебиетінде осы аудармалардан бастау алады.

Ыбырай тілінің халыққа ұтынықтылығы, тазалығы, қарапайымдылығы көп айтылады. Қарапайым болғанымен, қарабайыр емес. Қара сөздегі сөзге жан кіргізу үрдісі де, біздіңше, Ыбырайда аударма үлгісінен өріс алды.

Қараңыз: “Күндерде бір күн Сәтемір далада ойнап жүріп, бір ескі тамның түбінде шаршаған соң сүйеніп, жан-жағына қарап жатса, бір аяғы ақсақ құмырсқа тамның төбесіне қарай өрмелеп барады да, орта шеніне барғанда құлап түседі: тұра салып тағы да өрмелейді, – манағыдан гөрі жоғарырақ барғанда тағы құлап түседі”.

Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде адамның портретін жасау үлгісін қалыптастыруында орыс әдебиетіндегі үлгілерден үйренгені даусыз, алайда құр еліктеу арқылы мынадай нақты сурет, нақты қалыпты беру шеберлігі бойында өзіне дарыған бөлек дарыны жоқ жай жазушының қолы емес екендігі анық. Мына бір суреттемеге қараңыз. Кәдімгі, отырған адамның жанды кейпі.

“Жәнібек батыр бала күнінде ақыл-білім үйрену үшін Қаракерей Соқырабыз дегенді іздеп келген екен. Сәлем беріп кіріп келсе, қарттықтан екі жағын жібекпен таңып отырған кісі екен”.

Ыбырай әңгімелерінің дара сипатының бірі сурет жасаудағы шеберліктен көрінеді. Ыбырай әңгімелеріндегі жанды, нақты сурет тіршілік қалпын, табиғат көрінісін баяндау арқылы жеткізудің тиімді тәсілі.

“Бір мезгілде жақын жерден қасқыр ұлды; алысырақта өгіз-шағала адамша шынғырып, біресе жылаған балаша, біресе қарқылдап күлкен адамша, әр түрлі дауысқа салды”. “Күншығыста тан әуелі алтынмен бояғандай қызарып, жан-жаққа жайыла-жайыла барып, ақыры қызылы тарал ағара бастағанда, Үсен Асанды да оята бастады”. “Су әдемі, айнадай таза су екен, ішіндегі ойнаған балықтары көрініп жүретұғын”.

“Қазақ хрестоматиясы” қазақ баласына өнеге үйрету құралы болумен бірге, ХІХ ғасырдағы қазақтың жаңа жазба әдебиетінің жанрлық негізін салды, қазақтың жаңа жазба әдеби тілінің стильдік арналарын ашты.

Бұл жөнінде қазақ филологиясында ыбырайтанудың көюкиегін кеңіткен көп құнды тұжырымдар жасалды. М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Б.Сүлейменов, Ә.Дербісалин, Х.Сүйіншәлиев, Р.Сыздық, Б.Абылқасымов, С.Хасанова, Б.Ысқақов, М.Жармұхамедұлы, т.б. ғалымдардың Ыбырай Алтынсариннің жаңа жазба әдебиет жанрларын жасаудағы, қазақ тілінің тазылығы, қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастырудағы орны жайлы айтқандарының негізінде осы мәселені жинақтай түсуге, сол арқылы Ыбырайдың жазушылық еңбегінің ішкі иірімдеріне үніле түсуге мүмкіндік туып отыр.

Ыбырай Алтынсариннің көзін көрген, өнегесін үйренген ізбасары Ғабдолғали Балғынбаев өзінің “Естелігінде” Алтынсариннің мұғалімдерге байлығы жағынан да, стильдік құрылысы жағынан да татар тілінен кем түспейтін, аса бай тілімізді әлі де болса дамыта түсу керек, қазақтың мақал-мәтел, жұмбақ, фольклорындағы қанатты, нақышты сөздерінің бар негіздеріне дейін меңгеру керек, содан үйрену керек деп үйреткенін айтады. Ыбырай бұл сөздерді айтып, насихаттап қана қойған жоқ, оларды өзінің төл шығармаларында шебер қолдана білді дейді.

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі басталған тұста қазақ тілінің өркениет тіл болу мүмкіндігі аса шектелген уақыт еді.

1869 жылы белгілі шығыстанушы ғалым В.В.Радлов: “Қазақтың таза жазба тілі жоқ, өйткені қазақтарды оқытқандардың көбі татарлар еді, олар бұл тілді шала біледі де, “қойырптақпап” сөйлейді, сондықтан сауатты қазақтар татарша жазатын”, – еді деп көрсетті.

Ыбырайдың заманында қазақ тілі П.М.Мелиоранскийдің: “...қазақтың жазба тілі мен сөйлеу тілінің арасында көп айырмашылық бар екенін байқаймыз” деп жазғандай күйге түскен еді.

Ыбырай Алтынсарин қазақтың таза жазба тілін, жаңа әдеби тілін халықтың рухани тағдырының белгілі бір кезеңінде қалыптастырудың тарихи миссиясын атқарды. Ол халық әдебиетінің үздік үлгілерін тасқа басып шығарып, рухани айналымға түсірді. Кейінгіге жеткізді.



Ол туған тілінде, өзінің тарабынан максатты түрде неғұрлым қырланып, калыпка түсіп жөнделген халық тілінде көркем шығармалар жазды. Көркем аударма тілін калыптастырды. Ол таза қазақ тілінде тұнғыш оқулық шығарды.

Сонымен бірге Ыбырайдың тіл тазалығы үшін күрес нәтижелері оның “Шариат-ул ислам” еңбегінде де өріс тапты. Ыбырай таза қазақ тілінде қолжазба газеттің бір 1-нөмірін шығарған (“Қазақ газеті”, 1880 жыл).

Ол қазақ тілінің ғылыми грамматикасын жасаудың басында тұрды...

Ыбырай Алтынсариннің XIX ғасырдың бел ортасында, ана тілінің басына бұлт үйірілген заманда қазақ тілін қорғау, сақтау, дамыту жөніндегі тарихи еңбегі филология ғылымында жан-жақты қарастырылып, зерттелді. Сонымен бірге бұл мәселенің қайсыбір, әлі де дамыта зерттеуді қажет етіп жатқан тұстары аз емес. Мәселен, Ыбырайдың “Шариат-ул ислам” атты оқу құралының тілі әлі зерттелген жоқ. Академик Рәбиға Сыздықованың Абай тілін зерттеуі, Абайдың қара сөздерін жанрлық, стильдік жоннен зерттеуі деңгейінде Ыбырайдың аталған шығармасы да тілші, филолог ғалымдар тарапынан арнайы қарастырылуының қажеттілігі айқын.

Ыбырай Алтынсариннің өзіне тән жазба стилінің бастау бұлақтарының басы айқын арнасы – ана тілі, туған халқының дәстүрлі әдебиеті, сонымен бірге Ыбырайдың жазба тіліне классикалық орыс әдебиетінің әсер-ықпалы да аса айқын.

Ал, Ыбырай Алтынсарин орнықтырған жазба тілдегі шығыстық ортағасырлық түріктік, XIX ғасырдағы кітаби тілдің үлесі жайлы қазіргі күнге шейінгі зерттеулерде мүлде қозғалған жоқ деуге болады.

Ыбырай тіліндегі, қазақтың жаңа жазба әдеби тіліндегі көп сипат осы уақытқа шейін негізінен орыстың классикалық әдебиетінің ықпалымен сабақтастықта қарастырылды.

Ыбырайдың жазба тілі орыс әдебиетінен аударма арқылы да ысылды; сол әдебиет үлгілеріне орайластырып жазған шығармашылық баяндауларында да ұштала түсті.

Ыбырайдың тілінде орысша оралымдар кездесетіні кездейсоқ емес. “Ол кемпір қастықпен өлтіруге ойлапты” (“Алтын айдар” ертегісі). “Менің бір дос адамым әңгіме етеді”, т.б. (“Надандық” әңгімесі). Кейінгі қазақ әдеби тілінде орысша сөйлем құру үрдісі де өз орнын тапқанын ешкім де жоққа шығармайды.

“Ыбырай Алтынсариннің тілі мен стилі” зерттеуінде тілші ғалым Секерхан Хасанова Ыбырайдың тілі мен стилі қою боямалықтан аулақ, ойнақы болмай, әрдайым ұстамды, оқушының ой-сезім, қабылдау қабілетіне лайық келетін ерекшелігін бөліп айтады.

Ыбырай өзінің шығармаларындағы бейнелеу тәсілдерінде, көркемдеу құралдарында төселген, ысылған шеберлік танытқан суреткер. Оның шығармалары теңеуге толы. Күрделі, құрамды эпитеттер сөздің әсер күшін, кернеуін арттырудың бір тәсілі. Ыбырайдың баяндауы бейнелі. Ыбырайда ұстамды, орынды өрнектелген сөз айшығы, шираққан шендестіру, астарлы метафора да аз емес. Бірақ тым әлеміштен аулақ. Сонымен де ұтымды. Ыбырайдың өзіндік сөз қолданыстары әлі де кем зерттеліп отыр.

Абай тіліндегі қайсыбір өрнектермен туыс тіркестер Ыбырай тілінде аз емес. Қазақтың XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиеті, жазба әдеби тілі мәселелері сөз болғанда Ыбырай есімі Абаймен лайықты түрде қатар аталып келе жатқанымен, олардың тіліндегі, жаңа жазба тіл стиліндегі ұқсастық, өзгешеліктер, айырым белгілер мүлде қарастырылған жоқ. Абай мен Ыбырай қазақтың еуропалық үлгіні де жатсынбай сіңірген жаңа әдебиетін қалыптастырғаны – тарихи шындық. Екеуінің арасындағы шығармашылық ықпал, дәуір туғызған ортақ көркем сипаттар жалпы идеяларды ғана айтудың ығында қалып қоюмен келе жатыр.

С.Хасанова Ыбырайдың көркемдеу амалының бірі – синоним мәндес сөздердің қатарын табудағы көп ізденгенін атап айтады.

“... Осы сияқты Ыбырайдың синонимдік сөздерді қолданудағы стильдік тәсілін аша түсетін дәлелдер толып жатыр. Соның бірі – мәндес сөздердің плеонастикалық тіркесте қолданылуы: *Сөйтіп жан-жағына қарап тұрса, ілгері алдында бір биік қыр үстінде үлкен мола көрінді.*

Мұндағы ілгері, алдында дегендер – бірыңғай бағытты білдіріп тұрған плеоназм синонимдер. Олар бір-бірімен қабаттасып айтылып, ойды анықтай түседі. Сол сияқты айдыңды көлдей; дәулеттің байлығы; ұрып-соғу сөздерін де қатар қолданған” [90, 337 б.].

Осы бір синонимді үстемелеп қолданудың стильдік тәсілі Абайда аз емес.

XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов: “Абай қазақтың дөкір тілін сұлулады” дейді ғой. Сол ұсталықты Ыбырайға қатысты да айту қажет. Мына бір үзіндінің өзінде қазақтың жаңа өріске бет алған, ысылған жаңа жазба тілі, ауыз әдебиетінің,

ауызша әдебиеттің тілінен құрылым жөнінен болсын, тігісін жатқызып, көсіле баяндау жөнінен болсын басқаша сөз ұқсату, сөз ұстарту үлгісі.

“Келіп екеуі енді молалы кырга шықты, караса қырдың жығылар асты үлкен көл екен, көлдің айналасы да, іші де жыңылдаған мал; жағасындағы жібектей жапырылған көкорай шалғынында қора-қора қой мен жылқы, жылқының бір парасы көл ішіне кіріп, белінен құраққа кіріп тұр, енді бір жақ жағасындағы сортаңда бір топ түйе жатыр” (“Бай баласы мен жарлы баласы”).

Сөйлемнің құрылымы бөлек (*сол кезең үшін – Қ.М.*) Құрмалас сөйлемнің бірнеше түрі салаласа, сабақтаса келген күрделі сөйлем. Біздіңше, осындай мәдениетті құрмалас сөйлемдер қазақтың жазба тіліне орыс әдебиетінен жасалған аудармалар арқылы ауысты. Әрі Ыбырайдан басталды.

Әрине, қазақтың ауызша шешендік тілінде құрмалас сөйлемнің неше бір түрі болды. Бірақ жазба, қалыпты баяндау тіліндегі Ыбырай қолданған құрмалас сөйлемдер болған жоқ. Осы жөнінен де Ыбырай тілі әлі кен зерттеулерге сұранып тұрған тіл.

Ыбырайдың аударма шығармасы болсын, өзінің төл туындылары болсын сөйлемнің алуан түрлі үздік үлгілеріне бай.

*“Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы, арықтау кісіге ұшырасып, жөніміз бір болған соң бірге келе жатқанымызда, манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады.*

*...Бай болғың келсе мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғам жоқ; елден, қала-қаладан қыдырып жүріп әуелі боқтық, салам арасынан, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім”* (“Дүние қалай етсең табылады?”).

*“Бұлақ бір тастақ жерден шыққан, айналасы қалың біткен ағаш жапырақтары бұлақтың үстіне төгіліп, суы мұздай салқын, шыныдай жылтылдап тұрған сонша әдемі, таза бұлақ екен”* (“Таза бұлақ”).

Ыбырай Алтынсарин көркем әңгімелерінде белгілі бір мерзім аралығындағы бар әрекетті жинақтап беру үшін бірнеше етістікті (*бірыңғай – Қ.М.*) еселеп, еселеп, үстемелеп қолданады.

“Жаңа мекен еткен жеріне орныққан соң, Сейітқұл егінді жылдан-жылға күшейтіп, арық басына шығыр салып, суды шығырмен айдап, астықтың (ол күнде бидай, арпа егеді) артығын

төңіректегі елге малға айырбас етумен бұлардың малдары көбейіп, бай болды” (“Қыпшақ Сейітқұл”).

Ыбырай шығармаларына дәстүрлі сөз құбылту, сөз айшықтау амалдарымен қатар орыс әдеби тілінің, орыс әдебиетінің ықпалы тек сөйлем құрылымы емес, теңеу, суреттеу, айқындау тәсілдерінде де айқын.

XIX ғасырдағы қазақтың жаңа жазба әдебиет тілі, әрине тек көркем қара сөздің тілі емес екендігі белгілі. Бұл тұста поэзияның да сөз жаратуы жаңа бет алды.

Ыбырай көркем шығармада, өзінің қайсыбір хаттарында, оқу-әдістемелік еңбектерінде, өзі қолмен жазып шығарған (*бір ғана нөмірі* – Қ.М.) газетінде бір жағынан ана тілінің тазалығы үшін күрес жүргізді. Жалпыға ұғынықты, таза қазақ тілінде жатық жазылған шығармалар тілі бір-бірте жазба тілдегі кітабилықты, шағатайшылаған, ұғымға аса ауыр, жатбауыр, жасанды тілді ығыстырып шықты. Қазақтың тілі қайта тірілді. Кітаптың тілі болды.

Ғылымның тілі, өркениеттің тілі болуға бет алды.

Жалпы осы ақиқатты айтуда асыра сөйлеп, біржақты кетуден де сақ болғанымыз жөн. XIX ғасырдағы кітаби жазба тіл дәстүрінің Ыбырайдың жазба тіліне ешқандай ықпалы болмады деу де қисынсыз.

Бабаш Әбілқасымовтың “Ыбырай мұраларына көбірек көңіл бөлінсе...” атты зерттеуінде Ыбырайдың 1883 жылы Баяділ Кейкин деген кісіге жазылған хаты туралы мағлұмат бар. Бұл дерекке де қазақтың жазба әдеби тілінің қалыптасуындағы бір құнды мәлімет, қажет қисын деп қараған жөн.

“Бұл хат бізге тілдік жағынан да өте қызғылықты. Бұдан біз, біріншіден, Ыбырай тұсындағы жеке адамдар арасындағы хат үлгісін, стилін көрсек, екіншіден ұлы ағартушының өз ана тілінің сөз байлығын қалай пайдаланғандығын, ол тұстағы жазба әдеби тіл дәстүрін қалайша сақтағанынан байқаймыз.

...Алайда хат тексінен сол кездегі қазақ қауымы қолданған көне жазба әдеби тіл (түркі) дәстүрі де көрініп қалады.

Бұл, әрине, хаттың кімге арналып отырғандығынан да болуы мүмкін. Өйткені осы мақалада келтірілетін оның өз қолымен жазған қолжазба газетінің материалдарында бұл дәстүр сақталмаған.

Аталған дәстүр емледе *с, ш* дыбыстарының орнына *ш, й* дыбыстарын жазып жіберу, түбірге қосымша қосылғанда үндестік заңының сақталмауы сияқты жайттардан көрінеді. Сол сияқты *ш*

орнына ч әрпін жазу, етістіктің шартты рай формасынан кейін -лар, -лер көптік жалғауын қосу, есімшенің -ар, -ер, -р жұрнақтарының -ұр, -үр келуі де дәстүрлі орфографияның заңдылықтары деуге болады” [90, 313 б.].

Бұл жайдан Ыбырай Алтынсариннің өз дәуірінің дәстүрлерімен де қажет кезінде санасып отыру мәдениетін көреміз. 1883 жылы, аталған хат жазылған тұста, Ыбырайдың “Қазақ хрестоматиясы” 1879 жылы шыққанымен де, жазба тілде жаңа қазақ тілін қолдану дәстүрі үрдіске айналмаған, орнықтамаған кезең.

Ыбырайдың сол кезеңдегі қазақ тілінің жандануы үшін жасаған шаруасының бірі қазақ тілінде газет шығару болғандығы ыбырайтануда көп сөз болған жоқ. Бабаш Әбілқасымов бұл газеттің жайын егжей-тегжейлі айтып берген бірден бір зерттеуші.

1879 жылы Ыбырай Алтынсарин қазақ тілінде газет шығару жөнінде жергілікті патша әкімшілік орындарына ұсыныс жасайды. Газеттің бірінші нөмірінің макетін жасап ұсынады. Қазақша – 4 бет, 4 бет соның орысша аудармасы. Газет “Қазақ газетасы” деп (“Киргизская газета”) аталыпты.

Бірақ Ішкі істер министрлігі бұл газетті шығаруға келісім бермеген.

Газеттің мазмұны мен тіліне Әбілқасымов толық сипаттама берді. 4 бөлімді газеттің бірінші бөлімі әкімшілік хабарларға арналған. Бас әкімдер жағынан шыққан хабарлар” деп аталады. Бас мақала – Ыбырай Алтынсариннің халыққа арнаған үндеу-өсеті.

“Өнерлі өрге жүзеді” деген бұрынғылардан қалған сөз бар екен. Бұл күнде бақ та, дәулет те, күш те сол мақалды ұмытпай ескерген жұрттарда. Қазақ халқы көшіп-қонып, шаруашылық қылып, болашақ күнді ойламай бейпіл жүріп, бұл күнде бөтен қатар жұрттардан әрбір кемге соғып жүр. Қазақтан бөтен ақ патшаға қарап тұрған жұрттардың қай-қайсысы да болса, еш болмаса өз мұңын, арыдан өзі айта біледі, болмаса қағазбен жазып көрсететін адамдары бар...

Қос, бұл күнде заманымызға қарай мұқтаждық жылдан жылға үйретіп келеді қыс күні үйдің байдалы екендігін. Ал үй салуға кірісейін десек, қазақтың өзінен жөнді терезе, пеш, есік (жасайтын), жөнді үй салатын бір адамымыз жоқ. Өнердің ең жаманы ағаш табақ, аяқ күрек, балта, төрт аяқ арба болса, соларды да өзіміз істей алмай, базардан сатып аламыз. Малымыз бізге есепсіз көп май, жүн, тері береді, олардан өзіміз ешбір нәрсе істей алмай, терімізді 30 тиыннан 3 теңгеге шейін, майымызды 2-3 теңгеден сатамыз. Кент жұрты теріден

дереу былғары істеп, өзімізге 2-10 теңгеге шейін қайта сатады. Тіпті жерден илеп, кім болса сол істеп жатқан кірпішті істей алмайды, керек болса не қазақ-орыстан, не естек, поғайдан аламыз. Осылардың бәрі де оқып, үйреніп байқасақ, кез келген қазақ істейтін нәрселер, бірақ білім жоқ надан болған соң, бізге бәрі де қиын көрінеді [90, 317 б.]. Қазақ қазір сондай күйде, ол тумысында зерек ақылды халық, оқуы керек, мұндай тұрмыстан арылуы керек деген ой – бас мақаланың өзегі.

II бөлімде ел ішіндегі хабарлар, мал бағасы, өрт, ауа райы туралы жазылған.

III бөлім шет елдердегі оқиғаларға арналған.

IV бөлім “Таңсық әңгімелер” деген айдармен “Жиренше шешен туралы” әңгімеге арналған әрі мұнда “Қазақ хрестоматиясына” кірген вариантынан біраз өзгешеліктер бар дейді Б.Әбілқасымов.

Ғалым өзі қолымен ұстап, көзімен көріп оқып шыққан газет мазмұнын таныстырған соң, оның тілі жайлы арнайы сөз қозғайды.

“Ең алдымен, газет қазақша жазылып, содан кейін орысшаға аударылғанға ұқсайды. Өйткені қазақша текстердің тілі жатық, өте жүйелі және қазақтың мәнерлі, көркемдеуіш сөздеріне толы...”. Мұнан әрі қарай ғалым газеттің қаза орыс графикасымен жазылғандығынан кейбір сөздердің оқылуында қиындықтар кездесетінін, қазақ тілінің өзіндік дыбыстарының берілуі жөнін, қайсыбір сөздердің жазылу, тыныс белгілерінің қойылу жөндерін баяндап келіп, газет тілінің лексикасының ерекшелігіне назар аударады.

“Атап айтатын жайт – газет тексінің лексикалық жағынан тазалығы. Мұнда оқымаған қазақ түсінбейтіндей сөздер жоқ деуге болады. Әкімшілік хабарлары жазылған ресми бөлімде ғана бірнәрсені орыс әкімшілік терминдері кездеседі, олар да, көбінесе, қазақтың байырғы айту формасында жазылып берілген (болыс, ауылнай, мұнай).

Б.Әбілқасымов газет тіліндегі орысша қалыпта алынған сөздердің, араб-парсы сөздерін қолдану жөндерін, тілдегі қайсыбір жергілікті ерекшелікті, газет тілінің грамматикалық құрылысын, фонетикалық ерекшеліктерді, қайсыбір термин мәнді қолданыстағы сөздерді келтіріп отырып: “Қорыта айтқанда, Ыбырай жасаған бұл газет үлгісі – қазақ баспасөзі тарихында белгілі орын алатын, сонымен қатар ұлттық жазба әдеби тіліміздің ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы жай-күйін танытатын бағалы документ”, – деп

түйіндейді [90, 321 б.]. Осы тұста ғалымның сөз арасында атал өткен, “Қазақ тілінің өзіндік жалғау, жұрнақтары да, көбінше, ауызша сөйлеу тілінде кездесетін формада ұшырайды” деген мәліметі Ыбырайдың жаңа жазба тіл жасаудағы әдіс-тәсіл машығына, басқа да жөндері бола тұра, негізінен, қазақ халқының ауызша әдеби тілінің басым ықпал жасағанын көрсететін қисынға бастап жатқан ерекшелік екенін айтқан жөн.

Ол ерекшелік Б.Әбілқасымов келтірген, Ыбырайдың Баяділ деген кісіге жазылған, бұрын беймәлім болып келген хаттың көне жазба әдеби тіл (түркі) дәстүрімен жазылғанына карамастан сөзді қолдану, сөйлем құрылысында да айқын. Бұл жөнінде Б.Әбілқасымов аса байқампаздықпен айтып өткен.

Ыбырай Алтынсариннің 1883 жылы өзі қолмен жазып шығарған газеттегі бас мақалада сол кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық күйінің соншалықтық айқын сарапталуы кейінде Абай қарасөздерінде қозғалған әлеуметтік кеселдермен сабақтастығы замананың ақиқат күйін танудағы бір алым, бір биіктік, бір деңгейді көрсетіп жатқан қоғамтанудың табиғи сатысы.

Ыбырай Алтынсарин шығармашылығының тілдік құндылығы жайлы айтқанда, оның жаңа тіл жасаудағы, басқа жөндерге қоса, негізінен, ана тілдің ғылыми заңдылықтарын танып отырып, соның негізгі қисындарын өзінің тіл үйрету оқу құралдарында ғылыми жөнге түсіріп, жүйелеп отырып, сол қисындарды мақсатты түрде, шығармашылықпен пайдаланғанын да айту керек.

## **3.2 Абайтанудың көкейтесті мәселелерін ғылыми негізде нгеру бағыттары**

### **3.2.1 Абайдың жазба әдебиет, жазба әдеби тілдің дамуындағы тарихи еңбегін тану**

Жаңа жазба әдебиет, ауызша, жазба әдебиет деген астары арыға тартып жатқан ұғымдарды Бейсенбай Кенжебаев қазақ әдебиеттану ғылымында 1945 жылы қолданысқа қосқан екен. Жаңа жазба әдебиет дегенді алғашқылардың бірі болып қолданған Халел Досмұхамедұлы екенін де еске сала кеткен жөн.

Б.Кенжебаев өзінің Абай жайлы әр жылдарда жазылып, “Кемеңгерлік кепілі” топтамасымен берілген “Әдебиет белестері” еңбегінде былай дейді:

“Москвада оқитындықтың, А.В.Луначарскийден лекция тыңдап, орыс жазушыларымен араласқанның әсері ме, әйтеуір, мен Абайды шыққан табына, тегіне қарамай халық акыны. қазақтың жаңа жазба әдебиетінің ағасы деп бағалаппын” [125, 97 б.].

Б. Кенжебаев Абайға қатысты “әдеби тілді жасады” дегендей алып-ұшпа пікірден сол уақыттың өзінде-ақ бойын аулақ ұстаған екен.

“Бұл Абайдың өзінше – өлең заңы, өлең қисыны еді. Абай өзінің өлеңдерін осы заңға сай келтіріп, өзі айтқандай етіп жазды. Өзінен бұрынғы ауызша, жазба әдебиеттің жалпы қорын пайдалана отырып, өз өлеңдерін жана мазмұнды, жаңа түрлі етіп жазды. Сөйтіп ол қазақтың әдебиет тілін, әдебиетін жаңа бағытқа салды. Ақынның: “сөз түзелді, таңдаушы сен де түзел” дейтіні осыдан” [125, 114 б.].

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті ұлтымыздың рухани тарихында жаңа жазба әдебиет тілінің, жазба әдеби тілдің қалыптасып, дамуындағы орталық қозғаушы күш есебіндегі орнымен де айрықша бағаланатыны белгілі.

Тілтанушы мамандардың тұжырымына жүгінсек, “әдеби тілдің тарихын тану дегеніміз жалпыхалықтық тілдің әдеби сұрыптаудан өтіп қырлануын, түрлі стильдік құралдар мен тілдік жаңа элементтермен толығуын, баюын, жаңа мағыналы сөздердің пайда болуын, олардың экспрессивті, эмоционалды бояуларының жандана түсуін, мәндес сөздердің мағыналық жақтан бір-бірінен алшақтауын, терминделу процесінің жүруін зерттеу болып табылады” [137, 59 б.].

Осы арада бұл анықтаманы таза жазба әдеби тілге қатысты айтылған тұжырым деп қабылдауымыз қажеттігін ескертер едік. Біздіңше, тілтанушы ғалымдар орнықтырған ауызша әдеби тіл (Р.Сыздықова) аталған өзгешелікті ауызша орнығудың айнымалылығына байланысты (*бір адамның ауызша айтқанын екінші адамның сөзбе-сөз қайталау мүмкіндігінің шектеулі екендігі мағынасында Қ.М.*) бар шартымен сактай алмайтыны дау тугызбайтын қисын.

Қажым Жұмалиев Абай өлеңіндегі түр жаңалығын тілдегі жаңалықпен байланыста тану, Абайдың сөйлем құрылысындағы өзгешеліктен табу керек дегенде, әдебиеттің ауызшалығы мен жазбалығына қатысты көп сауалдың жауабын бір құбылыс арқылы ашқан еді. Бұл жөнде С.Негимов тілдің синтаксистік құрылысын өзгеріске ұшырату жана интонациялық сапаларды тудыру болып есептелетінін атап көрсетеді [56, 5 б.].



Ауыз әдебиеті, ауызша, жазба әдебиет айырым белгісін айқындаула ұйқас табиғаты, ұйқас мінезіне орай айтқан С.Негимовтің мына бір пікірі назар аударарлық: “Халық өлеңнің ұйқасы дыбыс әуенімен мінездес болса, жазба поэзия ұйқасында зор үн, айрықша екпін, сындарлы ой, салмақты пікір бар. Бұл жерде мына бір жәйтті атап айту орынды. Халық өлеңіндегі ұйқас пен жазба поэзия үлгісіндегі ұйқастың бір-бірімен ерекшелік өлеңнің ырақтық құрылысының өзгешелігінен. Ұйқастар ақынның жүрек тебіренісін, ой-сезім тербелісін, шындық өмірге эмоционалды қатысын терең танытады” [56, 12 б.].

Өлеңнің сыртқы түрі бір болғанымен, қуаты әр қилы болып келу себебін негіздеуде С.Негимов жүгінетін сипаттар айқын, көкейге қонар нанымды.

Зәки Ахметовтің “Өлең тармақтарының буын саны бірдей болса-ақ болғаны, ол қалайда бір сарындылық туғызады деп ойлау қисынсыз” деген пікірін келтіре отырып, В.М.Жирмунскийдің “Ырақтық және синтаксистік құрылысы жағынан алғанда мүлде ұқсас, қайталанушы түрлердің тажілеттестігі болғанмен де, эмоционалды бояуы мен мән-мағынасына қарай бір өлең әнге бейім келсе, ал бірі риторикалық немесе ауызекі сөйлеу стиліне жуықтайды” деген пікірін Иса Байзақовтың “Ақбөпе” поэмасынан келтірілген нақтылы мысалдармен негіздей түседі.

Буын саны бірдей екі шумақтың фразеологизмдерге құрылған біреуінің екінші жай тіркесті шумақтан экспрессиясы қаншалықты күшті болып келетініне көңіл бөлгізіп, мынадай тоқтам жасайды.

“Өлеңнің өзі сөз сұрыптаумен, сөз іріктеумен, оларды дұрыс құрастыра білумен төркіндес” [56, 21 б.]. Ғалым салыстырған екі шумақ өлеңдегі өрім сөз сыры дейтін сикыр дүниенің ой жетпес жұмбағын алдыға тартады.

*1) Айдыңның аққуындай басын иіп,  
Сыр кілтін сылдыратпай ішке түйіп.  
Жарқ еткен назарының отыменен,  
Жанына махаббаттың уын құйып!..*

*2) Бар ма екен махаббаттай нәзік нәрсе,  
Тоймайтын адам жаны көре берсе,  
Сырласып сүйгенімен емін-еркін,  
Жүрегін сен сақта деп соған берсе.*

“Шумақтың екеуі де 11 буынды, 3 бунақты, ұйқасы – *ааба*. Құрылыс-қалпы қарайлас болып, екеуінің де поэзиялық мазмұны олқы соқпаса да, эмоционалдық әсерлілігі бірдей емес.

Бірінші шумақтың қазыналық қасиеті мынадай: дыбыстардың толыққанды сипаты, методологиялық кестесі, әсем әуенділік, үйлесімділік, ой-мазмұнды сөз өрнегінің нәрлі қасиеттерімен шебер де келісті кестелеп бейнелеу, атап айтқанда, фразеологиялық сөз орамдары (басын иіп, ішке түйіп), салыстырмалы суреттеулер (айдыңның аққуындай), еліктеуіш сөз (жарқ еткен), поэтикалық лексика (отыменен), метафоралық сөз қолданыстар (сыр кілті, махаббат уы) көркемдік-экспрессивтік бояу иеленіп, шумақтың интонациялық сапасын жақсартып, маңыздандырған...[56, 21 б.].

Өкінішке орай, ауызша әдебиет пен жазба әдебиеттің айырым белгісін ашуда арнайы зерттеулер жасауға қазақ әдебиеттану ғылымы әлі көңіл бөле қойған жоқ. Бұл жерде сөз – жазба әдебиеттің жанрлары, стильдік өзгешеліктері жайлы құнды ғылыми негіздемелерді жоқ деу мәнінде емес, сол нәтижелердің ауызша әдебиет пен жазба әдебиет үлгілерін айқындауға арнайы негіз болмай отырғандығы жайлы.

Б.Момынова әдеби тілдің қалпын көрсетуде негізінен жазба әдеби тілдің жаратылысына жүгінген.

“Осы пікірлерді салмақтай келе әдеби тілдің мынадай қасиеттерін бөліп айтуға болады:

жалпыхалықтық тілдің негізінде пайда болып, объективті себептердің ықпал етуі барысында нығая түсетін, өркениетпен бірге өсіп өркендейтін;

әдеби тілге қатысты қалыптасқан қағидалардың талаптарына жауап беретін;

бірқалыпта тұрып қалмай өзгеріп отыратын, кезеңдік сипатты белгілері бар, бірақ кейбір тілдік элементтер мен тілдік конструкциялардың сұрыпталып барып, жүйеленуі барысында талғаммен қолданылуын қажет ететін;

белгілібір нормалар жиынтығына сай келетін;

ауызекі сөйлеу тіліне қарама-қарсы қою арқылы салыстырылатын, танылатын;

диалектіден жоғары тұратын;

функционалдық стильдің тармақтарының саны дамыған сатысына дейін әр кезеңде әр түрлі болып келетін;

қоғам өзгерістерімен аса тығыз байланысты, сөздік қорындағы перифериялық және ядролық бірліктері үнемі қозғалыста болып, орындары ауысып отыратын;

дүниежүзі тілдерінің әлемдік картинасындағы өзгерістер әсерін қабылдайтын;

тіл тазалығы үшін тілдің ішкі және сыртқы мүмкіндіктерін пайдалана отырып үнемі күресетін;

қоғамның қажетін толығымен өтейтін тіл” [137, 6-7 бб.].

Әдеби тіл туралы концепцияның ауызшалық жазумен байланыстылығына орай әлі де айқындала түсер тұсы аз емес.

XIX ғасырдағы әдеби тілде кітаби жазба тілдің де, қазақ тіліндегі баспасөз нұсқаларының да, айтыс, тарихи жыр, ән өлең, зар заман өлең, шешендік сөз, Ыбырай Алтынсарин шығармалары, Абай ақындығының айқын ізі қалды.

Жаңа жазба әдеби тілдің қалыптасуында XIX ғасырдағы қазақ жазба тілін жұзбарланудан тазарту, сақтау тенденциясы үлкен орын алғаны – мәселенің саяси-әлеуметтік мәні.

1894 жылы “Дала уәлаятының газетасында” (№27) жарияланған мақаласында Д.Құрманбаев маңызды мәселелер көтереді.

“Араб, фарсы һәм өзге тілдерді білгенменен білімді болмайды. Бұл тілдер бізге һеш бір пайда келтірмейді. Біздің қазақтар бұл аз пайдалы тілдерді үйренуге уақытын өткізіп, еңбегін еш қылғанша, онан да өзінің қазақ тілін һәм орысша тілді үйренуге уақытын өткізіп, еңбегі һеш қылса жарар еді, бұл тілдер бізге өзге тілден гөрі көбірек керекті болса керек. Өзге һәр түрлі тілдердің орнына қазақтың тілін көтеріп, ілгері бастырып, молайтпақ, орыстың оқуын үйренбек қазақ халқының өнерлі, оқымысты, біліс адамдарының міндетті жұмысы болса керек. Мұндай қадірлі жұмысқа дала уәлаятының қазақша газеті жәрдем қылса жарайды. Өзге һәр түрлі бөтен тілдерді араластырмастан қазақтың таза тілдеріменен жазып, үлгі көрсетіп тұрса жарар еді. Қазақтың тілін түзу қылып сөйлеуге һәм жазуға болмайды дегенге илану жарамайды, һәр бір түзу тиянағы жоқ тіл болуға мүмкін емес. Қазақтың тілін түзу қылып жазып, сөйлейтұғын тиянағы бар, лекін мұндай тиянағы жазылып реттелген емес, бір-ақ Алтынсариннің кітабын айтпасақ. Қазақтың халқын һәм тілін жақсы көріп ұмтылған адамдар марқұм Алтынсариннің көрсеткен жолымен жүрсе жарайды”.

XIX ғасырдағы сөз өнерінің ауыз әдебиеті, ауызша, жазба, жаңа жазба әдебиет үлгілері есебіндегі айырым белгілерін ғылыми негізде

ұғына түсу үшін, әрине, ең әуелі фольклор мен әдебиеттің ара-жігі жайлы ғылыми ұстанымдардың орны өз алдына.

Бұл ара-жікті ашуда ең мәнді мәселе – жанр мәселесі екенін айтады көрнекті фольклортанушы Сейіт Қасқабасов: “Жанр – өнердің, әдебиет пен фольклордың, бір жағынан жалпы, көп қырлы (универсалды) категориясы да, екінші жағынан нақтылы категориясы. Көп қырлы болатыны – онда әр түрлі әдістер мен тәсілдер көрініс табады, ал нақтылы болатыны – шығарма белгілі бір жанрдың аясында жазылды. Әр жанрдың өзіндік ерекшелігі, заңдары болады. Оларды білмейінше, өнердің, фольклор мен әдебиеттің жалпы сырын түсіну мүмкін емес, сондай-ақ шығарманы дәл танып, терең талдап, әділ бағалау да қиын” [50, 6 б.].

С.Қасқабасовтың айқындамаларынан фольклор мен әдебиеттің нақтылы айырым белгілерінің жана бір қисындарын табамыз.

“Сонымен, біздің ойымызша, фольклордағы жанр ұғымы әдеттегіден сәл өзгешелеу. Фольклорда жанр – сюжеттің шығармаға айналу жолдары мен елге тарау, айтылу, орындалу мәнері. Яғни, фольклордың поэтикасы мен әлеуметтік тұрмыстық функциясы оның жанрларын сипаттап, әдебиеттен ерекшелендіріп тұрады” [50, 14 б.].

Әдебиеттегі тек пен түрді ажырату ұстанымдарын негіз ете отырып фольклорды *қара сөз* (проза), *өлең* (стих), *сөйлесу* (диалог) деп үш текке бөлуге болатынын айтқан ғалым қазақ фольклорында бұл үшеудің алғашқы екеуі бар дейді. Ол екеуін тек деп қарайтын болсақ, оларды жанрға бөлсек, *миф, әңгіме хикая, ертегі, шешендік сөздер* – прозалық фольклор жанры; *жыр, тақтақ, қара өлең, айтыс, мақал-мәтел* – өлең үлгісіндегі фольклор жанрына жатады дейді.

Фольклор мен әдебиеттің айырым белгілерін аша түсуде фольклортанушылардың өз тұжырымдарын негіз ете отырып, дәлел, дәйекті де фольклорлық шығармаларға берілген анықтамалардан іздеуді ұстандық. Сол негізде жаппай фольклор еншісінде “кетіп қалған” қайсыбір жанрларды авторлы әдебиеттің ауызша, кейде жазба түріне қарай тарта түсу мүмкіндігі молая түседі. Мәселен, қазақтың халық прозасын тектік, жанрлық жақтан теориялық негіздеген көрнекті ғалым Сейіт Қасқабасовтың мына бір тұжырымы да – біздің пайдамызға.

“Фольклорда, тегінде, жеке адамның характері көрсетілмейді. Онда жеке адамның тағдыры баяндалады. Бұл тұрғыдан келгенде, әсіресе прозалық фольклор өте мәнді материал береді” [50, 25 б.].

Осы орайда қазірде қай кездегіден де фольклорлық шығарма шарттары, заңдылықтары шеңберінен шығып жатқан, ауыз әдебиеті үлгілеріне жатқызылып жүрген XIX ғасырдағы әдебиет үлгілері жайлы арнайы зерттеу қажеттілігі айқындала түсетіндей. Ол зерттеулер тарихи жыр, айтыс өлең жанрларындағы синкретизм элементтерімен бірге, дәстүрлі әдебиет үлгілерінің трансформациялануын да, әдебиеттегі фольклор дәстүрін де қамтыған Ә.Дербісәлин, С.Қасқабасов, Е.Тұрсынов, Ш.Ибраев, Т.Тебегенов, т.б. ғалымдар еңбегі негізінде жалғасын табуы қажет.

Махамбеттің Исатайға арнауларында фольклор дәстүрі бар. Бірақ ол фольклорлық шығарма емес. Аса бір айқын реалистік әдіспен туған жыр.

XIX ғасырда туған тарихи жырлардың геройлары батырлық эпостың дәстүрлі заңдылықтарына “бағынбайды”.

Ол кейіпкерлердің қызуқанды жанды сипаттары жайлы М.Әуезов,

С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев қадау-қадау ой айтады.

Қасқабасов эпостық жырдағы батыр бейнесінің жасалу тәсілін нақты көрсетіп отыр.

“Жыршы болмысты, батырдың өмірін суреттегенде, оны белгілі бір схемаға, қалыпқа салады, сөйтіп кейіпкер бейнесін идеалды типтік сипатқа түсіреді, оның ешбір даралық қасиетін қалдырмайды, бейнеленіп отырған қоғамның түсінігіне, тыңдаушы түсінігіне сәйкес дәріптеп, мадақтайды” [50, 31 б.].

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті практикалық мақсатта мейлінше жинақталып, сараланды. Бұл процесс сол XIX ғасырдың орта тұсынан бастап күні бүгінге шейін жалғасып отыр. Сонымен бірге, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті – ғылыми-танымдық мәнде де жан-жақты сараптаудан өткен әдебиет.

Соңғы кезеңде қазақ әдебиетінің қалыптасып, даму тарихын кешенді түрде зерттеу үрдісі орнығып отыр. Әдебиет тарихының арғы бастауларын, жанрлар трансформациясын, қазақ өлеңінің құрылымдық типологиясын, көркемдік әдіс-тәсіл, дәуірлік даму бағыттарын көркем мұрадағы дәстүр мен жаңғыру, жаңа салаға ойысу заңдылықтар аясында, аса кең ауқымды сабақтастықта алып қарастыру бағытында бой түзеді.

XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерін классификациялау мәселесінде әдеби мұраның ұлттық төлтумалық сапасы шешуші, ықпалды орында болды. Әдебиет үлгілерін түрге, текке бөлуде А.Байтұрсынов та,

Х.Досмұхамедұлы да, М.Әуезов те, т.б. барлығы да, негізінен, халықтың өзі қойған атауына жүгінеді. Ахмет Байтұрсынұлының терминдік мәндегі қолданыстары заман ағымы талап еткен ғылым тілінің жаңа бір бағытта өрістей бастауын көрсетеді.

XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінде де көркемдеудің көп сатысы (С.Қасқабасов) бар. Соның аса бір айқын үздігі, үлгісі – Махамбет поэзиясы. Дәстүр, әдебиеттегі фольклор дәстүрі дегенде осы көп сатылылықты айрықша атал айту қажет. Бұл – төлтума ұлттық әдебиетіміздің өзгеше бір артық жаратылысы. В.Г.Белинский өзінің “Әдебиет жайлы толғамдарында” (“*Литературные мечтания*” – К.М.) орыс әдебиетінің қалыптасу тарихындағы еліктеу мен шаблонды “қабырғасы қайысып” отырып, “аһ” ұрып айтады ғой.

Бір Махамбеттің алабөтен өлеңінің өзі-ақ ұлтымыздың үздік сөз өнерінің бар сырын, бар сымбат, салтанатын бойына сіңірген ғажайып поэзия. Ш.Елеуенов айтатын 7-8 буынды “түрік жыры” Махамбетте арғы-бергідегі бар қалпымен, жаңалық үнімен шебер жымдасып естіледі емес пе?

Фольклорлық шығармалардың ежелгі жаратылыс сипаты, өзгешелігі авторлық әдебиетті жатсынбай, емін-еркін сінген. Дәстүр деген – сол.

С.Қасқабасовтың мына түйіні XIX ғасырдың қазақ әдебиеті үлгісінің баршасына тән. Абай да шет қалмайды. Сырттамайды. Абайға осы жөнде қайта үнілу, XIX ғасырдағы ауызша өлең мен жазба өлең, өлең құрылысы, т.б. мәселеде бірталай дүниенің әлі де айқындай түсуді күтіп жатқанын көрсетті.

“Қазақ халық прозасын жанрлық саралаудың тағы бір қиыншылығы қолда бар материалдың ерекшелігіне байланысты. Ол өзгешелік – бүкіл қазақ ауыз әдебиетінің табиғатына тән жанрлық синкретизм мен көпсатылылық (полистадиальность) және әрсатылық (разностадиальность). Басқаша айтқанда, қазақ фолькоры жанрларының арасында көзбен көріп, қолмен ұстайтын жік жоқ. Олар әу бастағы тектік туыстығын жоғалтпаған, сондықтан бір-біріне оңай кірігіп, ортақ белгілер мен қасиеттерге иемденеді, синкреттік сипатта болады” [50, 51 бб.].

Осы бағытта арнайы зерттеулерді дамыта түскен Т.Тебегенов көкейге қонымды ой айтады: “Біздің жұмысымызға арқау болған ақын-жыраулар, яғни халық ақындары шығармаларында әдебиет пен фольклор дәстүрі табиғатына байланысты тұжырымдарымызға көрнекті зерттеуші С. Қасқабасовтың концепциясын негізге аламыз.

Зерттеуші әдебиет пен фольклор байланыстарына арналған сараптамалық жіктеулерге баға бере келіп, ұлттық сөз өнері дамуының негізгі мазмұнын құрайтын қанаттас екі жүйе байланыстарының типтерін ғылыми-теориялық тұрғыда жүйелейді.

“Фольклор мен әдебиет байланыстарына қазақ мәтіндері тұрғысынан караганда, әдебиет тарихының әр түрлі кезеңдеріне сәйкес төрт типі нақты көрінеді: “генетикалық байланыс” (“генетическая связь”), “қарсы әсер байланысы” (“оппозиция”), “үндес байланыс” (“созвучная связь”) және “кері байланыс” (“обратная связь”)” [38, 29 б.].

(Ескерту: Т. Тебегенов “102,20” деп С. Қасқабасовтың “Қазақтың халық прозасы” еңбегіне сілтеме жасап отыр – Қ.М.).

Қазақ әдебиетінің ХІХ ғасырдағы көркемдік дамуындағы осы байланыстарды арнайы зерттеу ғылым көюкиегін кеңітер шара болар еді.

ХІХ ғасырда қазақ әдебиеті бастан кешкен құбылыстарды (құбылу, трансформация мәнінде Қ.М.) қазақ әдебиетіндегі көркемдік сана мәселесін жалпыадамзаттық алымда қарастыруды ұстанып, уақыттың ғылыми мүддесі қанағатына еңбек етіп жүрген ғалым Амантай Шәріп айқын қисындады.

“Аталмыш кезеңнің ауқымында орыс отаршылдығы арқылы қазақ өлкесіне де еуропалық мәдениет елтеп, еркіндеп еніп, сахарилық көшпенділік салт-сананың бет-бедеріне сүргі салынды. Дәстүршіл поэзия дағдысы жүрісінен жаңылып, сыналап-сызаттап-сыпайылап кірген сонылықтардан қашып құтылмасқа қарады. Бұл бағыттағы көркемдік ойдың жоба-жаналықтары риторикалық стильді ауызша (авторлық) әдебиеттен индивидуальдық стильді ұлттық жаңа жазба әдебиетке қарай жылжу, жалғасу тенденциясын жорамалдатты” [38, 60 б.].

Абай – жазба әдебиеттің қалыптасуындағы орталық тұлға.

Абай өлеңінің құрылымы мен түрі жазба мен ауызшаның аражігіне қатысты көп-көп күрделі, жұмбақ ой тастайды.

Басы ашық мәселе – “жазба” деу жазып шығаруға ғана байланысты емес екендігі. Бірақ жазба сөз – авторлық даралықтың ашылар бірден-бір көзі де. Шығарманың туу процесі, қалам алып отырып толғанысқа түсу, тебіреніс сәт – өзгеге ұқсамайтын өз сөзін тудыратыны – шығармашылық мәңгілік стихиясы.

М.Әуезовтің абайтануында қазірде құндылығы өсе түсіп отырған дүние аса мол. Мұхтар Әуезовтің Абайдың ән өлеңдері жайлы

пікірінде Абайдың орыс романстары үлгісімен, әнге бейімдеп сөз, шығарғандығымен бірге Шығыстағы бәйіт үлгісіндегі ән өлеңдерін айқындауы – өзге зерттеушілер қозғамаған мәселе.

М.Әуезов атап көрсетіп, айқындаған Абайдағы өлеңнің ғаруз өлшемі жайы да абайтануда әрі қарай елеусіз жалғасып, теориялық тұрғыда аз зерттелген сала.

Абайтанушылар Абайдағы Шығыс әсерін бір замандарда саясатпен шектей сөйлесе, кейінгі кезеңде бұл үлгілер өзіміздің байырғы әдебиеттің, ауыз, ауызша әдебиетіміздің үрдісі еді, сондағы үлгілер еді деген пікірлер өрістей түскен. Бұлар, сөз жоқ, белгілі бір дәрежеде негізді. Дегенмен де біздің әдебиетіміздің айнала элем халықтарының көркемдік дариясымен ғасырлар бойғы мәдени байланыс, сабақтастық, аралас-құраластықпен тамырласып жатқан дүние екендігін ескергенде мүлде оқшаулануға болмас.

М.Әуезов Абай өлеңдерін жазылу мерзім ретіне қарай көрсетіп отыруында, оның бар ақындық қуатынын серпінді күш-қозғалысын, эволюциясын орын-орнымен жүйелеп тастап кетіп отырады.

“Тегінде 1886, 1889, 1896 жылдар Абайдың ойшылдық еңбектерінің ең жемісі мол, өнімді жылдары болады” [150, 108 б.], т.б. М. Әуезов Абай ақындығын Абайдың өлеңінің өрісімен, барша аумақ, ауданымен, мүмкіндігінше сабақтастықта зерделеудің толық ғылыми негіздемесін қисындады.

Жеке шығарманың өзінен әдеби құбылыстың ұлттық, тарихи, жалпыадамзаттық мән-мәселесін өсіріп, өрбітудің жөнін түзеді. Қазақ әдебиеттану ғылымындағы жолын салды.

1886 жылдың Абай шығармашылығындағы орнын былайша айқындауы қаншама дүниені қамтып жатыр, ойды иіріп тұр.

“Өз заманына да, біздің дәуірімізге де Абайды қадірлі дана, анық классик етіп танытатын ақындық жолдың нақтылы арналары осы жылда салынған” [150, 114 б.].

“Өлеңнің ішінде жанды тіршілік қайнар қызу мол болғандықтан түрі менен өлшеу ұйақастарында да аса жанды, қызулы жүрдектік бар. Ұйақастарда келетін “шыбылдап”, “шылпылдап”, “бұлтылдап”, “сымпылдап”, “сыңқылдап”, “жылпылдап” деген сияқты айтуға ауырлау келгенмен, тұрақты тыныштық күй емес, үнемі өзгеріп тұрған қозғалыс әрекетті көрсететін сөздер барлық өлеңге өзгеше ағындылық (темп) береді” [150, 115 б.].

Абайдың өлең жасау әдісі, тәсілі осы жөнде, жазылу мерзімдеріне қарай жүйелеп, талдауында әр қырынан ашылып отырады.



М.Әуезов өзі Абайдың қоғамдық сатирасы атаған “Болыс болдым, мінеки”, “Мәз болады болысың” өлеңдерінің үлгісі ерекше дейді.

“Ақын сатираның ең бір өтімді дәлелді және өмір шындығына ерекше жақын төте жолын алады. Жалғыздығын өз аузымен тегіс түгендетіп өзіне айтқызу – Абайдың жаңадан дәл басып тапқан шебер әдісі”.

“Өзінен бұрын ешкім таппаған қиын ұйқасты шебер түрге Абай әдейі арнап ән де шығарды” [150, 133 б.].

“Шығармашылық еңбегінің қайсысына болса да ерекше ықылас, ұқыптылықпен қарайтын ақын, бұл өлеңге бұрын айтпаған, таппаған жаңа түр береді. Сол жаңа түрі оқушыға тосандық етеді деген оймен ұғымдырақ, конымдырақ ету үшін әдемі ән де шығарып таратады”.

Абайдың ән өлеңдері жайын әріге үніле қарастырып қозғайтын Тәкен Әлімқұлов Абай өлеңіндегі түр ерекшелік, жаңалықтың бір түрі – ән өлең екенін анықтал, ажыратып айтады.

Абайдың өлеңдегі елеулі өз өзгешеліктері қай өлеңінде, қашан байқалған деген мәселеде де М. Әуезов аса ыждаһатты, ықыласты, сергек, сезімтал. Бұл жөн де абайтануда үздіксіз үрдіске айнала қойған жоқ.

Мәселен, бір ғана “Сен мені не етесіңнің” өзіне М.Әуезов сан қырынан үңілген.

М.Әуезовтің осы өлеңді талдауында бірталай мәселенің бастамасы іспетті ой бар. “Сен мені не етесің” – ән өлең. Осының әні де қазақ есітпеген ән-күй ырғағынан мүлде бөтен дейді ғалым. Қазақ музыкасы үшін ән өзгешелігін іздегенде Абай әдейілеп речитатив өрнегін тапқан. Ондағы үй-ішілік драмалық-уақиғалық мазмұнда 14 жолдан қайырылған шумақ өлеңдегі жеделдік, бір демділіктен гөрі ауызша айтылып отырған сөздің интонациясы бар, бұған Лермонтов лирикасының зор әсері бар тәрізді деген пікір “Сен мені не етесіңнің” табиғатын ашып-ақ тұр.

Серттен тайған ғашыққа жалбарыну, кектену, үміт үзбеу, торығу, толу, айыптау, ақтау аралас жатқан көңілдің күйігін ақын осылай суық ақылмен орал сөйлейді.

М.Әуезов бар тынысы бусап, көрініп тұрған жанды махаббат жырланған, Абайдың махаббат жайындағы ең нәзік, ең көркем терен сөздері көрінген өлеңі “Қызарып, сұрланып” дейді. “Көзімнің қарасындағы” ғашықтық сырын “Мұңды дағдарыс” деп бар күйімен жеткізеді. Тауып тенеңді.

Абайдың бас қайғысына байланысты бір алуан жоқтау жырының да өзіндік өзгешеліктерін М. Әуезов құлаққағыс еткен. Бұл төңіректе де зерттеу артық болмас еді. Жанр табиғатын ашу, қазақ әдебиетіндегі жоқтаудың сипаттамасына олжалы ой қосылар еді.

Оспан, Әбдірахман қазасына байланысты туған жоқтау жырлар турасындағы М.Әуезов пікірі соған меңзейді. “Бірақ сырт калыптары қазақ поэзиясында көп кездесетін көңіл шеріне, мұң жырларына, жоқтау сарындарына да ұқсаса да, дәл осы өлеңдердің өзінде де Абайдың ақындығы өзгеше үлгі тақырып, тағы бір бұрын шықпаған шеберлік танытады” [150, 151 б.].

М.Әуезов бұл жоқтау арнаулардың өлең үлгісіндегі түр бұрынғы жыр үлгісінде келетін жоқтаулардан өзгеше түрлерді айқындап отыр. Оспанға арнаудың біріндегі тармақтағы соңғы сөздің басымы болымсыз етістіктің көсемше түрінің *-ып, -іп, -п* жұрнақтысына аяқталмай, *-й* жұрнақтысымен келуі арқылы берілген. Сабырлы тоқтамның күйін айтады.

*Жайнаған туың жығылмай,  
Жасқанып жаудан тығылмай.  
Жасаулы жаудан бұрылмай.  
Жау жүрек, жомарт құбылмай...*

Келесі:

*Кешегі Оспан –  
Бір бөлек жан  
Үйі – базар, түзі – той.  
Ақша, нәрсе  
Ала берсе,  
Атта мінсе, көлді зой.*

*“Ала берден”  
“Келе көрден”  
Бір күн басын бұрды ма?  
Келді қаптап,  
Алды сап-сап,  
Кетті мақтап, тұрды ма?..*

Бұл жоқтау арнау үлгісі – Абайдың өлеңге өзі әкелген жаңа өрнегінің үлгісі. Өлеңнің өзге құрылымы “Сегіз аяқ” үлгісі.

Абайдың Оспанға, Әбдірахманға арнауларында жоқтау жанрының дәстүрлі ерекшеліктері ұсталынбайды.

Дәстүрлі қолданыстар, жоғалтқан жанды арысым, боздағым деп келетіндей, мәселен Махамбеттің Исатайға арнаулары жоқтаудың дәстүрлі үлгісі. Зардың, шердің, дәстүрлі лексикасы, ауыз әдебиетіндегі үлгісі Абайда жоқ. Адамшылық қасиетін, кісілігін, қоғамын айтады, байсалды басқаша байыппен, тоқтаммен айтады.

Алланың ісіне тоқтам. Бұл жерлерде Абайдың өмір мен өлім жөніне исламият гүрпымен данагөйлік тоқтаммен келуі байқалады.

*"Өмірін берген құдайым  
Ажалын да беріпті".*

*"Тағдырына тәбдил жоқ,  
Тәубе қылсаң керек-ті".*

Абайдың мұсылманшылыққа ықыласы "Әбдірахман өлген соң өзіне айтқан жұбатуында да" көрінген.

*"Мұсылманға қоймаған  
Орынсыз жанжас шатақты,  
Ерегіскен жауларын  
Кісен салып матапты.  
Зекет жиып егін сап,  
Тойдырған гаріп жатақты.  
Ескендір, Темір, Шыңғыстай  
Мұсылманда атақты  
Мұқым қазақ баласы  
Тегіс ақыл сұрапты  
Тобықтыны ел қылып,  
Басын жиып құрапты,  
Меккеде уақып үй салып  
Пәтер қып, жаққан шырақты.  
Бір құдайдың жолына  
Малды аямай бұлапты.  
Ажал уақыт жеткен соң,  
Соның да гүлі құрапты.  
Қажыны алған бұл өлім,  
Сабыр қылсаң керек-ті.*

*Ұмытқаның жарамас,  
Жаратушы құдайды”.*

Абайдың анық жоқтау үлгісінде келетін арнаулары кезінде өзіне айтқан, Мағышқа айтқан жұбатуы. Баласы өлген анаға шығарып берген жоқтауы:

*Көз жұмғанша дүниеден  
Иманын айтып кеткені-ай!  
“Бейсенбі ме бүгін?” – деп,  
Жұмаға қарсы өткені-ай!  
Жер күңіреніп, жұрт шулап,  
Ағайын түгел жеткені-ай!*

М.Әуезовтің Абай өлеңін талдаудағы қайсыбір сөз тіркестері мынадай боп келер еді: “ойшыл, мұңды, шебер өлең”, “ызалы сыншылдық”, “мысқыл мазақ”, “сыншылдық соққысы”, “алыс өріс”, “шынайы ақындық шабыт үстіндегі шарқ ұрарлық, өскелең халді ашады”, “сыншылдық зәрі”, шебердің сараңдығымен берілген тамаша сурет аса бір ұстамды ұқыптылыққа бағынады.

Абайдың өлеңін ішінен алып талдауда Мұхтар Әуезовке ілесетін Тәкен Әлімқұлов. Осы аталған тіркестермен туыс аса сыйымды, аса тапқыр, аса сұлу оралымдар Тәкен Әлімқұловта да мол. Өлең жаратылысы туралы көп зерек сөздерді тауып айтқан зеттеуші Абайдың поэзиясы жанына құйған нұрдың, жылы қуаттың әсерін баянды етуге барын салады.

*“Бұл – күңіренген күй, шалқыған сөз”, “Болмысы байтақ ақын қалай салсаң солай ағып кете береді”, “Абайдың ұстагерлігі”, “Шеңбері үлкен, тынысы кең шумақ”, “тіркес тізу, сөз қалау”, “сараң поэзия деп осындайды айтамыз”, “Поэзия сәл нәрседен жүнжіп, сәл нәрседен құлпырып шыға келеді”, “Оның бұрқыраған қуатына іштен шалғыш әдіскерлік қосылады”...*

Тәкен Әлімқұлов Абай әсемпаздығын ғажап талдайды. Ынтық, сұңғыла сезіммен қабылдап, жеткізеді. Өлеңді таныту, талдау өнері артық, бөлек. Ішіне еніп, асылы мен табиғи жарқылын тұтас сезініп тұтас танып айтудың кілтін тапқан.

Т.Әлімқұлов эстетика категориясының қазақ арасында орнығуын Абаймен байланыстырып, себебін ғылыми негізді уәжбен бекітеді.

“Эстетика дегеніміз – әлеуметтік-қоғамдық ой өрісінен, философиядан, социологиядан, моральдық-этикалық қағидалардан құнарланған әсемдік ілім. Бұл ілім көркем творчествоның тарауларын талдап, табиғатын жете тануға қызмет етеді. Өрісті, үлгілі, озық әдебиеттерде әлдеқашан құнарлы да қажетті салаға айналған эстетика – қазақтың бергі замандағы жазба әдебиетінде Абайдан туындаса, бұнда тарихи сыр жатады, дәуірдің ділгерлігі жатады” [57, 48 б.].

Осы ойдың жалғасқан тиянағының бірі мына пікір. “Көркем творчествода, оның ішінде әсіресе поэзияда интуицияның, субъективтік жәйттердің нұсқасы лақпай, қаңғырмай, жетімденбей қоғамдық заңдылыққа жарасты ұласып, объективтік шындыққа қызмет етеді. Қазақша айтқанда, “қырық кісінің” көкейінен шығып, “қыңыр кісінің құтын қашырады”. Осы шындық Абайдың туындысынан анық ашылады [57, 50 б.].

Т.Әлімқұловтың “Жұмбақ жан” зерттеуінде Абайдың алдындағы әдебиет үлгілері кәнігі әдебиеттанушының зердесімен жүйленіп беріледі. XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерін қарастыруда бұл пікірлер елеусіз қалмауы керек. Соған қоса Т.Әлімқұлов Абайдың жана жазба әдебиетке, қазақ әдеби тілінің қалыптасып, дамуына қатысын жалпы айтпайды, нақтылы сөйлейді. Барлығына бас шұлғып, Абайға теліген ғылымдағы сыңаржақтықтан сақтандырады бәлкім.

Т.Әлімқұлов зерделеуінде “қазақтың ысылған классикасын” жасаған Абай кейде төкпе, кейде бүкпе. Кейде сыршыл, кейде суретшіл. Кейде іңкәр, кейде торықкыш. Кейде әсершіл, кейде байқампаз. Кейде ойшыл, кейде ақылгөй.

Т.Әлімқұлов Абай өмірбаянына қатысты да жан-жақты ізденген. Абайдың пенделік қалпы, өмірдегі ғұрпы жайлы естеліктердің құндылығын баса айтқан.

Абай шығармаларының жанрлық сипаты жайлы Тәкен Әлімқұлов нақты-нақты түйіндер жасайды. Соның ішінде Абайдың поэма жанрына бармау себебін ашып айтқан мына пікірі де аса елеулі.

“Өрісі қысқа өлеңде өлмес дүние жасап кеткен Абайдың профессионалды поэмаға бармауы өкініш. Сыршыл, шыншыл поэма ішті келмек. Геройлардың ішкі әлемі бір қырынан емес, қыруар қырынан көрініс беріп, характері қарекет, қақтығыс, толғаныс үстінде ашылмақ. Қоғамдағы орынның, өрлеу мен құлдыраудың диалектикасы сорғалаған поэзия тілінде түсіндірілмек. Лирикалық шегініс сұлу саз шығарма өрнегіндегі компоненттерді толықтыруға, ақындық концепцияны мүсіндеуге қызмет етпек. Поэма – поэзияның

кең жайлауы. Геройларды қалай жарастырамын, қалай қағыстырамын десе автордың еркі. Құр баяндауды, қарекетті іштен ашпай, сырттан суреттеуді, желі селкеулігін, сөз солғындығын поэма көтермейді. Мағыналы нағыз жолдар түйдек-түйдек шумақтарға ұласып, переходтар көркемдік логикаға саяды. Қауқарсыз қара сөз, теренсіз түсіндірме поэманың құнын түсіреді [57, 93 б.].

Т. Әлімқұлов абайтанудың бір мәселесі есебінде Абайдың аудармасы мен еліктеуден туған шығармаларын жіктеуді қозғады. Абай шығармаларының текстологиясы мәселесінде ашы айтылар дүниелер жеткілікті екендігін көрсетті.

“Ойшыл Абайдың бөгде қолжазба арқылы және ауызша жеткен өлеңдерінің қайсыбірі дүрбімен үңілуді керек етеді”.

“Жазба жаңа әдебиеттің негізін салған Абай Құнанбаевтың” (Т.Әлімқұлов) кітабындағы өлеңдердің берілу қалпына ой қосты. Абайды көзкөрген адамдардың бірталай естелігін жариялатуы да Тәкен Әлімқұловтың абайтанудағы сүбелі үлесінің бір парасы.

Тәкен Әлімқұлов Абайдың қазақ өлеңіне әкелген түр жаңалығын өлең теориясы негізінде өзіндік тосын таныммен талғам таразысына тарта білген сирек зерттеушінің бірі.

“Қатыны мен Масақбай” өлеңінің жаңалығы неде? (6 буын – 3 буын).

Өлеңнің формасы мазмұнға бағынып туған.

“Қысқа сурет табады да, мысқылдап, мығымдап тұрып алады: а-б-а-б-в-г ретімен келетін шалыс ұйқастары көп аралас жұп ұйқастары қазақ өлеңінде бұрын болмағаны мәлім. Өлеңнің ішкі динамикасынан туған бұндай сыртқы формалар да үлкен жаңалық еді”, – деп келетін таным, байлам Тәкен Әлімқұлов зерттеуінде қою, қалың.

“Абай жаңалығының ең бір батылдығы мен кіріптарсыздығы – өлең жолдарының әуендес болуын шарт қылмайды.

*Соя желіккеннен желігіп,  
Жынды сары жоғалды.  
Ойбайлаған болайын-ай,  
Жоқтамасам обал-ды.*

Баймағамбетке қатынының атынан шығарылған өлең. Алғашқы жолдары 8 буын, екінші 7 буын. Кілең 7 буын болса желдірме жыр өлшемімен жеңіл оқылар еді дейді. Бірақ Абай сөз интонациясына жуықтату үшін жыр ырғағын әдейі өзгертіп 8 буынды жолдар

араластырады. Соның нәтижесінде қонымды, құнарлы жаңа түр туады.

Бұл әдіс Абайдың көп өлеңдерінен аңғарылады.

*Сұрғылт тұман дым бүркіп,  
Барқыт пешпент сулайды.  
Жеңіменен көз сүртіп,  
Сұрланып жігіт жылайды.  
Әйелмісің, жылама  
Тәуекел қыл құдаға.  
Өлең айт,  
Үйге қайт.*

Осының алғашқы 6 жолы белгілі бір ырғақпен, буын өлшімімен келеді де, соңғы екі жол кілт өзгереді. Әрине, бұл сыртқы форма үшін жасалмаған. Өлеңнің ішкі динамикасынан туган [57, 113 б.].

*Не іздейсің, көңілім, не іздейсің,  
Босқа әуре қылмай шыныңды айт.  
Шарқ ұрып, тыныштық бермейсің,  
Сырласайық бермен қайт. –*

деген жолдардың ырғақ жаңалығы тіптен ерекше. “Рас, осы алуандас кедір ырғақтар билердің шешендік сөзінде, ділмарлардың терме, тақпағында бар-ды. Бірақ Абайдағыдай бір ізге, заңды қалыпқа түспеген-ді. Сондықтан да тосындық түр жаңалығын Абайға телиміз” [57, 113 б.].

Тәкен Әлімқұловтың Абай өлеңін талдауы – ақындыққа үн қосып отырып талдау. Т. Әлімқұлов Абай шеберлігін әр қырынан “тексереді”. Оның өлеңінің тармақтарын ауыстырып отырып, ақын тәсілінің таптырмас сикырына тартады: “Көріп отырсыз, поэзия сәл нәрседен жүнжіп, сәл нәрседен құлпырып шыға келеді”.

Тәкен Абай өлеңіне қисынды, тосын, анық тұжырымдар жасайды. Құрғақ тамсану, анадайдан танырқап қарау емес, сөз сөлін сіміріп, ақынның жүрек дыбысын нәзік аңдал, дәл жеткізген талғам.

Тәкен Әлімқұлов Абайдың ақындық асқарының биігіне бас иіп тұрып, Абай – Абай екен деп, қазақ әдебиет өркенінің барлық өріс-өсімін мүмкіндігінше бір Абайға теліп кою сияқты біржақтылық белең алған замандарда ғылымның жөнін, қисынның сөзін айтты.

Әлімқұловтың “Жұмбақ жаны” – ақындық, ақындық болғанда да казактың дарасы Абай ақындығы туралы ғажайып құштарлықпен жазылған тұнық зерттеу.

Ілияс Жансүгіров алғаш рет Абай шығармаларының текстология мәселесіне назар аударды. Күні бүгін абайтанудың өзекті мәселесінің бірі күйінде қалып отырған текстологиялық түйткілді Ілияс орынды, дер кезінде айтқан еді.

“Тегінде Абай – мұсылманша жазудың реттелмеген шатақ уағындағы жазушы. Ескі кітабы да осы жөнде болатын. Сондықтан Абайдың өлеңін түзетіп жаңа жолмен жазу, кейбір сөздерін мағыналаудың ауыр тиетіні анық. Бұл ретте Абайдың осы 3-баспасында (*Ташкент басылымы, 1922 – Қ.М.*) өлеңдегі, жырлардағы қайбір жеке сөздер жорамалмен жаңылыс түзетіліп кеткен. Бұдан басқа кітаптың баспа қатесін түзетуші [корректор] нашарлау болған” [82, 109 б.].

Сол заманда Абай өлеңінің құнын жеткізіп айтушының бірі І.Жансүгіров.

Ілияс Жансүгіров 1922 жылы Ташкентте шыққан Абай кітабы туралы мақаласында кейінде абайтанудың іргелі салаларына арналған қадау-қадау мәселелерді қарастырды. Абай шығармаларының текстологиясы жөнін алғаш көтерген, сол заманның өзінде нақтылы дәлелдер келтіріп, қисынын ұсынған еді.

Абайдың 1922 жылғы басылымындағы жаңсақтықтардың сипаттамасын жасап, түп себеп, негізгі белгілерін ажыратып көрсетудің жолын салады.

“Ұя бұзар” – “ұят бұзар емес”, “құлқын” – “құлын” емес, т.б. осындай жаңсақ кетті деген 21 сөз келтіреді.

“Міне, бұлар жорамалмен кеткен жаңсақтықтар. Мұның ішінде кейбіреулерінің ұйқастық жағынан жақындығы бар болса да, мағына жағынан зор айырмалары бар. Мұны келесі басылатын кітаптарда ескеру керек” [82, 111 б.].

Ғ.Сағдидің Абайды тану үшін не қажетті саралап отырып айтқан мына бір ой ұшқыны кейінде Абай және Дулат төңірегінде біршама қарастырылып жүр. Қалған жағы күнгірт, көмескі күйде.

“б) Абайдың қазақ арасындағы ел ақындарымен қатысы болды ма, болған күнде олардың шығарған өлеңдеріне еліктеді ме? Еліктеген болса, олар қандай ақындар еді? Қандай типтегі кісілер еді?” [82, 135 б.].



Ғабдрахман Сағди алғаш рет Абай шығармаларының көлемі жөнін тексерген. Барлығы – 5313 жол шамасында өлең, тәржіма – 1700. Өзінікі – 3612 жол дейді.

Ғ.Сағдидің Абайдың дүниетаным, дінге қатысы, ақындық мектеп жөніндегі: “6) Абайға мұсылманшылдық дүниесіндегі сопылыққа әсер бермеген, Абай – мұндай сипатпен уланбаған кісі” [82, 143 б.]. “8) Абайдың әдеби өмірінің әуелгі жартысында орыс әдебиетінің берген әсері сезілмейді. Абайдың өзінен өлең шығарушылық дәуірінде ешбір халықтың әдебиетіне әм ешбір адамға еліктегендігі білінбейді” деген пікірлері – назар аударарлық.

Ғ.Сағди Абайдың өлең өлшемін алғаш қарастырды. Абайда ескісі бар, жаңасы бар 8 түрлі өлшеу бар деді (“Аюжол”, 1923, №335, 356, 359, 363, 369, 370).

Ғ.Сағди Абай тілінің бір ерекшелігі одағай сөздерден жасалған етістіктерді көп қолдануы дейді. Әрі шеберлікпен өзі жасайды деді. М.Әуезов, Т.Әлімқұлов т.б. Абайда орыс әдебиетшілері Пушкин, Лермонтов әсерімен етістік аз дейді. Бәлкім, бұл Абайдың аудармаға келгеннен кейінгі ерекшелігі.

Ғ.Сағди Абайдың шығармашылық сырына, оның шығармаларының туу себебіне, жазылу тарихына, жазылу мерзіміне, текстологиялық мәселелеріне, өлең өлшемі, өлең құрылымына тереңнен зер салған алғашқы зерттеушінің бірі.

Ғабдрахман Сағди 1922 жылы “Ақ жол” газетінде жариялаған “Абай” зерттеуінде Абайдың кітабын шығаруда өлең өлшеуіне, жол айыруларына мұқият болуды алғаш ескертеді. Ғ.Сағди көрсеткен Абай өлеңіндегі өлшемдерді Абайдың кейінгі басылымдарындағы түзілуін қарастыруда да ескеріп отырғанның артықтығы болмас еді.

Ғ.Сағди абайтанудың бірнеше өзекті мәселесін алға тартып, күн тәртібіне қойды.

1 Туысы мен өмірі жайлы тереңірек зерттеу ақынның шығармашылық сырына алып барарын айтты.

2. Басылым жөнінде ұстанатын қағидаларға назар аударды. Түпнұсқаның құндылығы мәселесін көтерді.

3. Өлең өлшемі туралы деректер берді.

4. Қазақтың жазба әдеби тілінің мәселесіне қатысы бар Абайдың қазақ тілінің “Әдеби жақтан істелуіне” көп қызметі тиді дейді.

5. Абайдың дінге қозқарасы, сопылыққа қатысы, Алланы тану жолындағы шығармашылық мұрат, мұрасы жайлы қадау-қадау

мәселелер айтты. Осы Абайдағы дін жайын ден қойып сөз еткен алғашқы зерттеу десек артық емес.

6. Абайдың заманы, әлеуметтік жайлар мәселесін аса ащы, тым терең айтуында да концептуальдылық бар.

Абайтанудың басындағы көрегендікпен айтылған ойтүрткі, ойарна еңбектер абайтанудың ұзақ жылдар бойы негізгі зерттеу мәселелерінде негізгі ой желілері ұстаным болып отырғанымен, аталмады. Сол себепті де абайтану тарихын фактография деңгейінен (*белгілі бір кезеңдерде қажет болған – Қ.М.*) көтеріп, әр кезең, әр зерттеушінің таным, пайымын бүгінгі ғылыми айналымға қосып отыру парыз.

Абайтанудың басында тұрған А.Байтұрсыновтың Абай өлеңіндегі мін деп қарастырған шумақ ішіндегі бунақтардың, тармақтардың басында нә ортасында бірыңғай болып келмегендігіне байланысты пікірінен, Абайдың ән өлеңдерінің ерекшелігіне қатысты да, әнге арналмаған өлеңдеріндегі түр жаңалығын да ой зердесіне тартар “қызық” қисын бар. Қазақтың бар өлеңі бұрын әнге салып айтуға келе беретін. Енді Абай әнге салып айтуға келмейтін өзгеше өлең жасап отыр!

“Шумақ ішінде бунақтар тармақтардың басында нә ортасында бірыңғай болып келу тиіс. Мәселен, бір тармақтың басында үш буынды бунақ келсе, басқа тармақтарда да солай келу тиіс. Әйтпесе өлең өлеңдігінен айрылмағанмен, жорғағынан жаңылады, айтуға ауырлық келтіреді.

Бұл кемшіліктен қазақ ақындарының көбінің-ақ сөзі аман емес. Әсіресе Абай өлеңдерінде көбірек ұшырайды. Мұндай кемшілігі бар өлеңдерді де сол күйінде өзгертпей әнге қосуға болмайды” [14, 389 б.].

Қазақ халқының өміріндегі көркем сөздің, өлең тілінің мәні мен орны жайлы, ауыз әдебиетінің тілдік құндылықтары жөнінде, Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі жайлы жан-жақты ғылыми негіздеме жасалған арнаулы еңбекте Қажым Жұмалиев ауыз әдебиеті үлгілерін тарата талдап, Абайдың алдындағы ақындық мектеп жайын қозғайды. Абай поэзиясы тілінің көркемдік сырына теориялық тұғырнама жасайды. Абайдың өлең шығармашылығындағы орыс, Батыс әдебиетінің ықпалына да кен тоқталады.

Қажым Жұмалиев Абайдың өзінің алдындағы әдебиеттен жаңа саладағы өлең жасауын қазақ әдебиетінің даму заңдылықтарымен,

өзіндік дара сипаттарымен сабақтастықта қарау арқылы Абайдың ақындық әлеміне бойлаудың ғылыми жөндерін қисындады. Абайды танудың, ашудың жалпылық ұғымнан нақтылы дәйектемелерге ұласуына өлшеусіз еңбек жасады.

Қ.Жұмалиев алғаш Абайдың метафора, синекдоха, метонимия, метафоралық эпитет арқылы сөйлемді жаңартқанын айтты. *“Тұлпар міну” – “Талаптың тұлпарын міну”*

*“Әйел адам гүлмен тең, дымды сүймек”* – метафора.

*“Боламын деп жүргенде болат сынып”, “Ауру жүрек ақырын соғады жай”* – метонимия.

*“Күнді уақыт итеріп*

*Көкжиектен асыра”* – кейіптеу (олицетворение).

Қ.Жұмалиев Абайдың тіл тазалығына қосқан тарихи үлесін ақынның өз заманындағы, одан ілгерідегі қазақ тілінің жайымсыз сабақтастықта таратып ашты.

Қ.Жұмалиев Абайға шейінгі халық әдебиетінің тілі және Абай поэзиясы тілін жалғастыра, салыстыра отырып зерттеуінде Абайдың өткеннен алғаны мен өзіндік қана өзгешелігін саралады. Абайдың сөз ұстарту әдісін теориялық жақтан тұғырлаудың басы болды. Абай тілінің ішкі заңдылықтарын ашты.

*“Абайдың еңбектерінде ең алдымен, халық ауыз әдебиетінен пайдаланған сөз, сөйлемдер, мақал, мәтелдер көп кездеседі. Оларды Абайдың пайдалануы екі түрлі: біріншісін, халықта қалай айтылса, сол қалпында өзгертпей қолданады да, екіншісін, ел аузындағы түрінен өзгертіп, сөз, сөйлемдерін өзінше құрып, кейде жаңаша мазмұн береді. Кейде сол мазмұнның өзін қалдырып, сөз, сөйлемдерін басқаша етіп құрайды”* [134, 158 б.].

Қ.Жұмалиевтің саралап көрсетуінде Абайдың тіл қазынасы, сөздік қоры ең алдымен халықтық әдеби мұрамен байланысты. Абайтануда Қ. Жұмалиевтің Абай өлеңдеріндегі жаңалық жайлы пікір, түйіні – орны бөлек байлам.

*“Абай қазақ өлеңдеріне әр түрлі жаңалықтарды, бізше, үш түрлі жолмен кіргізгенге ұқсайды. Кейбір өлеңдерін әнге арнап жазған. Кейбір өлеңін қазақта бұрыннан бар өлеңдердің ізімен жаза келіп, аяғына жаңаша бунақ, буындар қосып жаңартқан, кейбір өлеңдерді басқа елдердің ақындарының өлең құрылысына еліктеп, сол әдіспен жана түр жасаған”.*

Абайдың сөйлем құрылысына кіргізілген әр алуан жаңалығының бір бұтағы өлең сөйлемдердің ұйкастарында. Абайға шейінгі

әдебиетімізде болмаған, Абай өлеңдерінде ғана кездесетін төмендегі тәрізді ұйқастар бар. Олардың жалпы бағыты бір болса да, құрылыстары әр келкі.

*Жарқ етпес қара көңлім не қылса да,  
Аспанда ай менен күн шағылса да.  
Дүниеде сірә сендей маған жар жоқ,  
Саған жар менен артық табылса да.*

Бұл – бас бунағы 3 буын, ортасы 4, аяққы бунағы 4 буын казактын (а, а, б, а) болып келетін кәдімгі қара өлеңінің ұйқасы. Мұндағы жаңалық – әр жолының аяғын “да”-мен бітіруде. “Да” сөйлемге бітпеген түс беріп ішкі сезім дүниесін, аңсаған құмарлық, шын берілген жүрек толқынын жай, қалыптағы сөйлем құрылысын жанды, жайнақырақ етіп беретінге ұқсайды” [134, 188 б.].

Қ.Жұмалиев Абайдың қазақ әдеби тіліне ендірген жаңалығының бір бұтағы орыс тілі әдебиетімен сабақтас дейді. Жеке сөз емес, оборот, сөйлем құрылысында, орыс тіліндегі сөздердің үлгісімен казактың кейбір сөздеріне жаңаша мән беруінде.

Қ.Жұмалиев сонымен бірге Абайдың Шығыс әдебиетінен алғаны жайлы да нақты айтты.

*“... Айтшы, айтшылап жалынар,  
Ұққыш жансып шатынар.  
Ұқпай жатып жалығар,  
Ұйқылы-ояу бой күйез”.*

*“Жас баладай жеңсік қой,  
Байлаулы емес ақыл, ой,  
Ойлағаны айт пен той,  
Ыржаң-қылжаң ит мінез”, –*

деп келетін Абайдың “Білімдіден шыққан сөз” өлеңін Қ.Жұмалиев. “Бұл – Абайдың Шығыс әдебиетіне еліктеу сатысының бетін ашуда өте құнды, өте керекті өлеңнің бірі” – дейді.

“Білімдіден шыққан сөз” тілі жағынан болсын, құрылысы жағынан болсын шағатай әдебиетінің үлгілерін өз дегеніне әбден көндіріп алған кезі екенін көрсетеді”, – деп ұғындырады [134, 177 б.].

Сәбит Мұқановтың абайтанудағы көзқарас эволюциясы абайтанудың бар тарихымен сабақтасып жатыр.

1923 жылы “Еңбекші қазақ” газетінде Сәбит Мұқановтың әйгілі “Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер” мақаласы жарияланды.

“Абайтану тарихы” еңбегінде Мекемтас Мырзахметов Жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы Абайды тану жөндерін саралап отырып, былай деп жазды: “Қоғамды талқа бөлу, таза пролетариат мәдениетін жасауға ұмтылу – тұрпайы социологиялық танымды тудырды. Осы себепті мұра мәселесіне әрі жаңаша түрде жауап беруге алғаш рет талпынғандар: Сәбит Мұқанов, Ілияс Жансүгіров, Ғабдрахман Сағди, Сәкен Сейфуллин, Бейсембай Кенжебаев, т.б. болды. Бірақ бұлардың Абайға және оның әдеби мұрасына қатысы, оны тану, таныту, бағалау дәрежесі әр тұрғыдан болып, елеулі пікір қалыптасып тудырды” [151, 78 б.].

С.Мұқанов алғашқы Абайды байшыл, ұлтшыл деп бағалауынан кейінде Абай шығармашылығына ақындық алым, Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы ақиқат орны жөнінде абайтануға олжа салған терең зерттеулерге барды.

С.Мұқановтың 1939 жылы жазылған, кейінде қайта толықтырылып, 1939-40 жылдары бастырылған Абай шығармаларының 2 томдық толық жинағына Алғы сөз болған “Абай – халық ақыны” мақаласындағы Абайды халық ақыны, қазақ әдебиетінің классигі, жаңашыл, реалист, әдеби тілдің негізін салушы деп бағалаған ғылыми негіздемесі абайтанудың жаңа бағыт ұстанып, жаңа сапаға ойысқан кезеңінің басындағы құнды пайымдаулар болды.

Сәбит Мұқанов – абайтануда Абайдың 46-қара сөзіндегі қазақ тарихы мәселесіне алғаш аса ден қойып, дерек көздерін, тарихи дәйектемелерді сабақтастыра қарап саралаған ғалым.

Абайдың өлең сөздегі, қара сөздегі замана күйі жайлы тоқтамдарына орай өзі де кенже зерттелген қазақ тарихына қатысты ой-толғамдар айтып, XIX ғасырдағы, Абай заманындағы қазақ тарихын экономикалық, әкімшілік билік, саяси-әлеуметтік жөндерден қисындаудың өзіндік негіздемесін жасады. Осы орайда Сәбит Мұқановтың қазақ тарихына, әсіресе XVIII-XIX ғасырдағы тарихқа байланысты ұланғайыр зерделеулер жасаған ғалым, тарихшы-ғалымдардан да ілгері озып, қазақ тарихын әлеуметтік негізде арнайы жүйелеген зерттеуші болғандығын оның 1942 жылы жарық көрген “Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихының очерктері” еңбегі айқын көрсеткенін айтқан жөн.

Абай шығармаларының әлеуметтік астар-қатпарын ашуда да Сәбит Мұқанов тарихи шындыққа, XIX ғасырдағы Абайдың көзі көрген, жанын жеген қазақ тұрмысының шындығына жүгінеді.

“Олай болса, қанша “оқыңдар, ғалым болыңдар” дегенмен, оның бұл ақылын іске асыратын кісі, Абайдың ойынша, өзімен замандас қазақ арасында жоқ.

Бұлай “жоқ” болудың объективтік бір жағдайы барын Абай ешбір шығармасында айтпайды. Ол жағдай – Абай заманындағы қазақ елінің отарлық халі. Отарланып отырған қазақтың я басқа елдердің арасына білім таратайын, мектептер ашайын, оқытайын деген мақсатты патша үкіметі алдына қойған емес” [152, 106 б.].

Ахмет Жұбанов Абайдың ән мұрасын зерттеуімен абайтанудың өрісін ұзартты.

“Абай әндерінің өзгешелігі мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының анықтығында”, – деп атап көрсетті ғалым.

А. Жұбанов атаған ырғақ, әуен, үн бұрынғы он бір, жеті-сегіз буынды өлеңдермен айтылатын қазақ әндеріне ұқсамады.

Абайдың әндерінің өзгешелігі Ахмет Жұбанов орыс романстарының табиғатымен сабақтастықта қарастырып, XIX ғасырдағы қазақ халқының музыкалық мәдениетіне орыс халқынан ауысқан жаңалықтардың өрісін ашты.

Эски Ахметов Абайдағы Қоғам және Адам арақатынасы жайына, Абай шығармаларының негізгі ұстаным-мұраттарына да, Абай өлеңінің теориялық негіздемелерін қаншалықты ынтымамен зерделесе, соншалықты жан-жақты, ауқымды ой алымдарымен келген ғалым.

Абайдың қазақ тарихындағы, қазақ әдебиетінің тарихындағы орнын ғалым мейлінше тұтас қамтып, абайтанудың өзекті арналарын айқын ғылыми талғаммен ажыратты.

“Қазақ поэзиясына көп жаңалық, соны қасиет әкелген Абайдың лирикалық поэзиясынан оның ақындық шеберлігінің баға жетпес құндылығы, айрықша өзіндік сипат-қасиеттері әсіресе мол көрінеді. Ол қазақ поэзиясының идеялық ауқымын, тақырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер қалыптастырды. Халықтың сөйлеу тілінің, қазақтың ауызекі ақындық және ән творчествосының байлығын кең пайдалана отырып, ол өлең сөздің шеберлік құралдарын жетілдірді, өлеңдік өлшемнің интонациялық-ритмикалық байлығын терең ашып көрсетті, жаңа ырғақты, үйлесімді өлең үлгілерін енгізді, ақындық тілдің образдық-бейнелеу, стилистикалық

мумкіндіктерін орнықтырды. Қазақтың ақындық тілін, әдеби тілін ұстартып, шыңдап жетілдірді...” [153, 54 б.].

3. Ахметовтің “Абайдың ақындық әлемі” монографиясы (1995) [153] – оның ұзақ жылдар бойы өлең сөздің теориясын қисындаған ғылым жолында Абайдан бірде-бір сәт қол үзбегендігін және айғақтады.

Тұрсынбек Кәкішев Абайдың өлеңдегі образ жасау шеберлігінің тікелей сатиралық шығармалар табиғатынан туып, қалыптасқанын айқындайтын ойлар айтты. Жалпы Абайдың қазақ өлеңіне адамның жанды қалпын әкелгендігі де, оның сатиралық шығармаларының өзгешелік, шыншылдығы да абайтануда қозғалып жүргенімен, Т.Кәкішевтің Абай сатирасын зерттеуінде бұл жай табиғи түрде айқындалып, “өз-өзінен” ашылған. Расында да, Абайдың қазақ өлеңіне әкелген суреткерлік көп өзгешелігінің бір көрінісі – адамды өлеңде ашуы, ең әуелі, оның сатиралық шығармаларына борышты.

Ғалым Абай сатирасының құны мен мәнін басқаға байқала бермейтін арғы астарлары, беймәлім қырлары арқылы аша түсті.

“...“Адасқанның алды жөн, арты соқпақ”, “Сабырсыз, арсыз, еріншек”, “Көшекбайға”, “Мәз болады болысың”, “Бай сейілді”, “Көзінен басқа ойы жоқ”, “Бойы бұлғаң”, “Дүтбайға” және тағы басқа шығармалары ұлы ақынның қоғамдық кеселдермен қалай күрескендігін ғана емес, сонымен қатар өзінің озық жағымды идеялы қалай насихаттағандығын да көрсетеді” [154].

Т.Кәкішевтің абайтанудағы атап айтар еңбегі – оның қазақ әдеби сынының тарихын абайтану тарихымен сабақтастықта қарастырып келе жатқандығы.

А.Нұрқатов “Абайдың ақындық дәстүрі” (1966) монографиясында Абайдың ақындық дәстүрін, Абай эстетикасының қазақтың жазба әдебиетінің дамуындағы тарихи орнын теориялық жақтан негіздеуде абайтануды байыта түскен олжалы зерттеулер жасады [155].

Бақытжан Майтанов Абайдың өлең құрылымындағы өзгешеліктің өзгеше бір қисынына тартып, Абайдың ақындық алымының қырық қырлы екендігін және бір мойындатар гәпке бастайды: “... Жастықтың оты жалындап” атты жырда баяндаудың үш типі де қолданылады. Ол сезім мен байлам ырғағына сәйкес құбылады. 13 шумақтан тұратын шалыс ұйқасқа құрылған туынды “ол” түріндегі сипаттаумен басталып, 5-шіден 9-шы шумаққа дейін “сен” тұлғасымен бітімделеді де, қайталай бейтарап тынысқа көшеді.

Бірақ объекті мен субъектінің арасындағы ортақ жақындастық сақталады (“Жұрты құрғыр сенгішке тұра ма қулық жалғамай?”). Соңғы екі шумақ лирикалық кейіпкердің атынан айтылады...” [59, 25 б.].

Б.Майтановтың шағын зерттеуіндегі тосын қисындар, сөз жоқ, Абайдың ішін алып сөйлеудің таза ғылыми танымға суарылған үлгісі. Ғалым Абайдың “баяндау тынысындағы” (Б.М.) мол өзгешелікке бастайды. Біркыдыру шығармаларының түбіне бойлап, жаңаша толғам тудырады.

Құлмат Өмірәлиев – Дулат пен Абайдың бірнеше өлеңі жасалу тәсілі, айтылу сарыны, тіпті көзқарас жөнінен өте жақын келетінін алғаш атап көрсеткен ғалым.

К.Өмірәлиев Дулаттың “өзгеше лирикалық” өлеңі ауызша әдебиет үлгісіндегі ұйқас үшін, ойға баспалдақ үшін көмек етер жанама жол, жанама сөзден таза екендігін айтты. Бұл енді – жазба әдебиеттің сапасы.

“Болыс болдым, мінекиде” Абай да, “Сөзім барда, көзім жоқта” Дулат та “ел жақсысының” сипатын көбіне бір көзбен “көріп”, бір жүрекпен сипаттайды.

К.Өмірәлиев Дулаттың “Қылжан, қалжан туысқан” өлеңінің Абайдың “Келдік талай жерге енді” өлеңін еске түсіретінін айтып, сол өлеңді Әуезовтің өлең өзгеше жалғыз ұйқаспен берілген, түр өзгешелігіндегі тағы бір жаңалық – тұрақты шумақтың жоқтығы деп көрсеткенін келтіреді.

Абай поэзиясының тілін ұзақ жылдар бойы үзбей қарастырып келе жатқан ғалым Рәбига Сыздық кейінгі кезеңде “Дулатты танып болдық па?” мәселесін көтеріп, “Абай және Дулат” тақырыбын ғылыми негіздеудің қисындарын ілгері оздырып отыр [156].

Бұл жөнде Тұрсынжан Шапайдың [157], Амантай Шәріп [12], Қайрат Раевтың [42] зерттеулері мәселені әрі қарай ғылым нысанына айналдырып отырғанын да айтуға болады.

Р.Сыздық көркем әдебиет үлгілерін туғызуда белгілі бір алуан түрлі заңдылықтардан бөлек жеке тәртіптер, әр ақынның өзі бейім, екпінді тәсілдері, әр поэтикалық мектеп, әр кезең, әрбір ұлы суреткер енгізер жаналық тұратынын, сол орайда Абайдың үлесіне казак өлеңін жаңа сапаға көтерудің тарихи миссия-міндеті тигенін, сол орайда Абай қазақтың поэтикалық тілінің дәстүрлі нормаларын жетілдіріп, түрлендіріп, кеңейтіп, жүйеге айналдырғанын, сонымен қатар казак бұрын естімеген өлең мақамын, өлең құрылымын әкеліп,



казактың ауызша тараған көркем сөзін ұлттық жазба әдебиетке жеткізгенін айтты.

Р.Сыздық зерттеулерінде казактың жаңа жазба әдебиеті, казактың ұлттық жазба әдеби тілі деген мәселелердегі Абайдың тарихи тұлғасы бар асылымен тағы бір жарқырап көтеріледі, биіктей түседі. Дара калпы, акындық даңқы алды-артынды орайды.

Р.Сыздық абайтануда әр кезеңде әр қырынан, әр килы дәрежеде қозғалып отырған Абайдың тілі мәселесін іргелі монографиялық зерттеуге ұластырды. Тіл білімі ғылымының негізгі ұстанымдары, тілдің жаратылыс заңдылықтары, тілдің дыбысы, тынысы, “тіршілік әрекеті” тұтас қамтылған ауқымды зерттеуге айналдырды.

Абайдың акындық қуатын дәл осылайша “іштен шалып”, құпиясын ашу бақыты бұйырған азғана алымды ғалымның бірі – Р.Сыздық.

Ғ.Есімнің “Хакім Абай” зерттеуінің абайтанудағы ілгерідегі еңбектерден бір өзгешелігі – ғалымның казак әдебиеттану ғылымының, мәдениеттану мен философия ғылымының қазіргі кезеңдегі жетістіктері мен көкейкесті мәселелерін негіз ете отырып ой толғауында болса керек. “Абайтанудағы ақтаңдақтар” аталып отырған өткен дәуірдің абайтанудағы ала-құлалық, олқылық жайлары бүтіндене түсіп отырған ендігі тұста ғалымның Абайға бұлайша енуі, келуі заңдылық болар.

Ғ.Есім – Абай акындығының жаратылыстан дарыған дара бастауы өз алдына, әдеби дәстүр, әдеби мектеп төңірегіндегі мәселелерінде ендігі тұста ара-тұра сөз болып, қозғалып қойып жүрген бірнеше ұстанымды мәселені алғаш қозғап, көтерген зерттеушінің бірі. Онын ой-тұжырымдары абайтану көкжиегін көтере түсер, қайсыбір тұста әдеби дау, айтысқа, тартысқа тартар құнды, ойтүрткі пайымдаулар.

Ғарифолла Есім еңбегінде ХІХ ғасырдағы жазба әдебиет мәселесіне жаңа бір қырынан ой көзімен үңілу бар. Казак халқының ауыз әдебиетін зерттеуші көне түркі жазба мәдениетінің заңды мұрагері дейді. Бұл – ендігі таным-пайым, әдебиеттанудың ендігі өріс деңгейіндегі қисынды зерделеу.

Мекемтас Мырзахметов өзінің “Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары” монографиясында (1982) Әуезов алған биіктерге, үңілген тереңдерге өз тереңін қоса-қабат ұштастырып, ойға ой жалғып, кеңінен қамтып, Әуезовтің өзі көзі тірісінде барынша ашып-

шаша алмаған құнды ғылыми негіздемелерін айғақтауды мақсат тұтты [30].

М.Мырзахметов М.Әуезовтің қилы кезеңде бүркемелеп отырып ретін тауып, қисынын келтіріп айтқанын дәлел-дәйекпен ашып, әр жылдары әр қилы зерттеулеріндегі таралып жатқан ой-тұжырымдарын мынадай жүйеде көрсетеді:

1. Абайдың ақындық кітапханасының көлемі мен жайы. 2. Абай және Шығыс классиктері. 3. Абайдың исламиятқа қатысы. 4. Абай және мораль философиясы.

М.Әуезов тұжырымдарында кездейсоқ пікір, негізсіз сөз болмайтынын атап көрсететін ғалым Абай кітапханасындағы Шығыс қисса-дастандарының орнын, нәзира дәстүрін М.Әуезовтің қолжазба қорындағы осы мәселеге қатысты түйін-байламдарын негіз ете отырып сөз етуімен абайтанудағы, қазақ әдебиеттану ғылымындағы аса бір көкейтесті мәселенің көкжиегін көтерді.

М.Мырзахметов абайтанудағы “ақтандақтарды” сонау өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында түгендей бастады. Сонан беріде “Абайтану” (1988) библиографиялық көрсеткіші, “Абайтану тарихы” (1995) [151] кітабы, т.б. абайтану өрісін ашар зерттеу еңбектері жарияланып келеді.

Абайтанудың тұтас тарихын М.Мырзахметовтің “Абайтану тарихы” еңбегінде айтылған, қамтылған мәселелерді есте ұстай отырып, абайтанудағы қайсыбір мәселелерді ұдайы назарда ұстап отыру – қажеттілік.

Абайдың тіл онері, сөз өрнегі жайлы абайтануда іргелі-іргелі зерттеулер жасалды. Белгілі әдебиетші Тәкен Әлімқұлов “Қазақ тілі қарындасшыл тіл, қабылдампаз тіл” дейді. “Әдебиетте Абай. Сұлтанмахмұттар айрықша тіл байытқан” дейді.

“Әдебиет танытқышта” “Ауыз әдебиет”, “Жазу әдебиет” деген бөлімдер бар. Ахмет Байтұрсынов мұнда ХІХ ғасырда жазу әдебиет шыққан тұста ауыз әдебиеттің құрып кетпей, қатар жасаған себептерін айтып, түрлеріне теориялық анықтама береді. Жазу әдебиет дінге қызмет етті дейді. “Кітаби” тілде, ноғай тілінде жазылды дейді.

Ахмет Байтұрсынов “Ауыз әдебиеті” үлгілерінің құнын, мәнін, өзіндігін көркемдік сипатын даралап, алғаш елеп-екшеген еңбектің басында тұрған зерттеуші. “Қазақ” газетінде жарияланған материал деректі, т.б. әдебиет нұсқалары жайлы мәліметтерді саралап, жинақтап сөйлегені байқалады.

Ахмет Байтұрсынов өзінің қазақ әдебиетін теориялық тұрғыдан жүйелеп, негіздеген зерттеуінде әсіресе ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті материалына сүйеніп отырғанын байқаймыз.

“Жазу әдебиет” дейтін ұғымның өзінде А.Байтұрсынов ХІХ ғасырдағы әдебиет үлгілерінің айырым белгілерін анықтап айтады.

“Қазаққа жазу дінмен бірге келген... Молдалардан шыққан жазу әдебиет дінге қызмет қылса да, тілге қызмет қылмаған...”

Тіл ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту орнына, тілді бұзған, аздырған; қазақтың тұтынған тілімен жазбай шығарушылар: “кітаби тіл”, “әдеби тіл” деп, ноғай тілімен, сарт тілімен жазған”.

Діндар дәуірдегі қисса, хикаят, мысал, насихат, мінажат, мақтау, даттау, айтыс, толғау терменің бәрінің мәні шаригатты ұғындыру, дін әсерімен туған шығармалар.

“... Европа әдебиетінен тұқым алып, қазақ әдебиетінің сүйегін асылдандырып, тұлғасын түзеушілер шыға бастаған. Қазақ әдебиетінің асылдануына әсіресе әсері күшті болған Абай сөздері.

Абаймен қатар басқалар да шыққанмен, олар асыл сөздің жаңа сипатын Абайдай айқын көзге түсерлік етіп көрсете алған жоқ. сондықтан қазақ әдебиетінің сындар дәуірі Абай сөздерінен басталады” [14, 446 б.].

Жазу әдебиетін діндар, ділмар, сындар дәуірлерінде әдебиеттің дәстүрлі үлгілері де қатар жасады. Әдебиетіміздің даму ерекшелігі, даму заңдылығы бұл тұста да айқын көрініп отырды. Мәселен, айтыс ауыз әдебиетінде де бар еді жазу әдебиетінде де болды, толғау да солай.

Ғабдрахман Сағди 1923 жылы Абайдың қазақтың жазба әдеби тіліне ықпалын “Әдебиет тіл” деген ұғымды қозғап отырып, алғаш атап айтты.

“Абай – қазақ тілінің кең, әдемі бір әдебиет тілі болуға лайықты екенін ашық көрсетіп кеткен ірі ақын” [82, 144 б.].

Абай мұрасын бағалап сөйлеген зерттеушінің бірі Қошқе Кеменгерұлы болды.

Жазба әдебиет пен ауызшаның аражігін айыру оңай еместігін, мұның үлкен мәселе екендігін, әрі Абайдың қазақтың жаңа жазба әдебиетінің басында бір өзі ғана болмағандығын Мұхтар Әуезов әр жылдардағы зерттеулерінде түпкілікті ғылыми мәселе есебінде назарда ұстап отырғандығын, құлаққағыс етіп отырғандығын айтқан жөн.

“Біз ХІХ ғасырдың басы мен орта кезінде жасаған Махамбет, Нысамбай, Мұрат сияқты ақындардың шығармаларын ақынның өзіне тән стиль ерекшеліктерін айырып тексергенде, олардың қай өлеңі жазылып айтылған, қайсысы ауызша жырланған деген сұрақтарға нақтылал, деректі жауап бере алмаймыз. Өйткені олардың жазғаны мен ауызша шығарғанының стильдік ерекшелігін айыру оңай емес” [150, 92 б.].

Мұхтар Әуезов бұл мәселенің жөніне ХХ ғасырдың бас кезінде назар салған еді. 1922 жылғы “Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі”, 1923 жылғы жазылған “Абай – әдебиеттің басшысы” зерттеуінде Абай тұсындағы жазба әдебиет жайын нақты, анық, үзілді-кесілді айтуында көп астар бар.

Қазақ әдебиеті тарихында жазба әдебиет пен ауыз әдебиеті, ауызша әдебиет пен жазбаша әдебиет деген мәселе болғандығын арнайы сөз еткен жеке еңбек болмағанымен, біздіңше, мәселені дәл осылай қойып қарастыруға негіз бар. Қазақ әдебиеті тарихын зерттеушілердің, әдебиеттанушы ғалымдардың әр жылдардағы, әр қилы жағдайдағы пікірлерін белгілі бір деңгейде, мүмкіндігінше арнайы қарастырып танып, қорытындылауға ұмтылу нәтижесінде осы пікір туғанын айтпақпыз.

Мұхтар Әуезовтің жазба әдебиет жайын нақты, анық, үзілді-кесілді айтуында көп астар бар.

“Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. бұл есепке, көбінесе, дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды.

Наурызбай мен Тілеуқабактың кызының айтысуы, Біржан мен Сараның айтысуы, бір жағынан, ауызша әдебиетке кірсе, бір жағынан, жартылап келіп жазба әдебиетіне кіреді” [82, 109 б.].

А.Белослюдов: “Жазба әдебиеттің негізін салушы есімі Мәшһүр деген атпен белгілі болған Жүсіп Көпеев, соңыра Абай Құнанбаев болды.

...Мәшһүр Жүсіп өлеңді жазып шығарды, мұның өзі қазақ әдебиетінің тарихында халықтық сипаттағы жаңа бағыттың дамуына зор түрткі жасады”, – деп жазды [82, 50 б.]. (Бұл жерде сөз ХІХ ғасырдағы жаңа жазба әдебиет туралы болып отыр – жазбаша емес – Қ.М.).

Нұқ Рамазанов “Абай Құнанбаев” мақаласында: “Абай поэзиясы қазақ әдебиетіне терең әсер етіп, оның болашақ жазу бағытын анықтады”, – дейді [82, 51 б.].

Сол болашақ жазу бағыттың бір мәні Абайдың жаңа сөз жасау, сөз тіркесін құру, сөз қолданыс жолында жатыр. Абайдың сөзжасамаы, тілдік қолданыстары туралы қазақ тілтану, әдебиеттану ғылымының зерттеу нәтижелері негізінде қыруар дәйек, дерекпен ой өрбітуге бүгінде мүмкіншілік мол.

1923 жылы Ташкентте “Ақ жол” газетінің бірнеше нөмірінде башқұрт ғалымы Ғабдрахман Сағдидің “Абай” атты мақаласы басылды. Осында Абай шығармашылығын алғашқылардың бірі болып текстологиялық жақтан, өлең құрылысы, тілдік тұрғыдан, жазылу мерзімі жөнінен қарастырып, Абайдың орыс тілінен аудармалары туралы түбегейлі ойлар айтты.

“Абайдың тілі һәм өлшеулері” атты тақырыпта айтқан қайсі-бір тұжырымдары абайтанудың басындағы құнда ғылыми пайымдаулар еді.

Ғ.Сағди Абай аудармаларының түпнұсқа дәрежесінде жетуін, сонымен бірге қазақша болып шыққандығын Абайдың әдіскерлігі, озат шеберлігі есебінде бағалайды, ақын өз халқының тілінің жемісі болмақ, Абай да қазақ тілінің жемісі дейді.

Абайға дейінгі ауыз әдебиетінің қолтумалылығы, байырғылығы жайлы Қ.Жұмалиев пікірі ауыз әдебиетінің өршеліктерін айқындау жөнінде бұрын-соңды назарға ілікпеген басты сипатты танудың, танығудың үздік үлгісі болды.

“Ауыз әдебиеті, XVIII ғасырдың аяғы, XIX ғасырдың басындағы тарихи әдебиетіміздің өзіне тән ерекшелік, және бір қасиеті, жалпы құрылысы жағынан болсын, не тілі жағынан болсын, өзінше даралық, байырғылығы болатын. Бұл қалпы, Абайға шейін әбден тамыры тереңдеп, бекіп алған еді.

Қазақтың салт жырлары, мақал, мәтел, накыл сөздері өз тілінде, қазақтың өз ұғымының шеңберінде ғана көркем, құнды. Басқа тілге аударылғанда көпшіліктің не көркемділігі калып қойып, не мағынасы жетпей, іші бар да сырты жоқ, не сырты бар да іші жоқ болып шығатындығының негізгі себебі осы байырғы қолтумалығында еді” [134, 151 б.].

Бұл жерде ғалым қазақ әдебиетінің өзге халықтардың көркемдік өлшемінен, таным таразысынан асып-төгіліп жататын өзгеше даралық, қайталанбас қолтумалық қалпын айқын сипаттаған. Ауыз әдебиетіндегі түршілдік жайлы байламдары да қазақ әдебиетінің қолтумалығын айқындай түсер түйіндер. Ғалым ауыз әдебиетінің ескі заманнан келе жатқан деп өзі атаған өлеңнің ырғағын, шумағын

толтыру үшін ойға қатысы жоқ сөз, не сөйлем, я жолдар кіргізіп отырушылығы болатын, бұл әдеттен Абай алдындағы тарихи әдебиет те түгелдей арыла алмады деуі – ол әдебиеттің мінін көрсетіп, құнын түсіру мақсатында емес, Абай ақындығының алымын айқындай түсу жөніндегі таным. Аталған әдет кара өлеңде де, қайым өлеңде де, айтыста да, барлық Абайдан бұрынғы әдебиетте кездесетін дей отырып, Абайдың одан бірінші рет арылған ақын екендігін айтады.

“Ондай мағынаға қатысы жоқ сөздерден бірінші рет түгел арылған ақын – Абай. Айтайын деген ойына қатысы, байланысы жоқ, не буын санын толтыру үшін, не шумақтың жолын сыңар аяқ қалдырмау үшін қолданылатын сөз, не сөйлем Абай өлеңдерінде мүлде кездеспейді. Абайдың сөз міскері, үлкен стилист, классиктігінің бір тамыры, міне, осында деуге болады.

Неге десеңіз, шын мәніндегі көркем шығарма өмірдің құр ғана сыртқы бейнесі емес, суретті сөз арқылы берілген ішкі мазмұны. Ол мазмұнды айқын ашық, жинақы, жанды етіп беру үшін әр сөз дәлдігі, анықтылығы, орынды, мағыналылығы жағынан таңдалынып алынуы керек. Сонда ғана ол шын мәнінде әдеби тіл бола алады. Қай елдің классик жазушыларын алсақ та, осы әдісті қолданады. Қай себептермен болсын мейлі, өз халқының тілінің рухына дәл келмейтін кездейсоқ сөздерге жол бермей, оларға қарсы күрес ашу арқылы, дәлдігі, анықтығы жағынан құнды сөздерді жалпы тіл қорына кіргізу арқылы әдебиет тілін жасайды. Бұл – дүниежүзіндегі классик әдебиетінің бәріне тән қағида. Қазақ жағдайында Абай да осы қағиданы берік ұстаған, шын мәніндегі классик” [134, 151 б.].

Қ.Жұмалиев Абай сөздіктерінің әр түрлі салалары: ана тілі, араб, парсы, орыс тілі деп бөледі. Ол тілдердің байлығын қандай әдіс, тәсілге жүгіндіріп, өлең сөзін жасады дегенде, Қ.Жұмалиев Абайдың сөз қолданыстағы ақындық сырын қапысыз танытады.

Абай өлеңде сөзді тура мағынасында да қолданады. Абай халықтың мақал-мәтелдерін сол калпында, ішінара өзгертіп те көп пайдаланады. Абай сөздің ауыспалы мағынасын жасауда шексіз шығармашылық алым көрсетті. Абай шет тіл сөздерін ұқсатудың үздік үрдісін қалыптастырды.

Қ.Жұмалиев Абайдың кезінде М.Әуезов пен Ж.Аймауытов, Ғ.Сағди айрықша атап айтқан Абайдың өлең тілін жасаудағы бір шеберлік сыры – аудармашылықтағы қолданыс-тәсілдерге айрықша назар аудартады.

Оның айтуында Абайда орыс тілінен енген сөз аз болғанымен, Абайдың орыс әдебиетінен алған үлгісі оның еңбектерінің басқа жағында. Абай өзіне шейінгі ақындардың ешқайсысында болмаған жаңаша сөз, жаңаша сөйлем құрылыстарын көп кіргізген ақын...

Қ.Жұмалиев жаңаша сөз, сөйлем үлгісін жасап, оны әдебиетке енгізу жағын зерттегенде оның терең тамыры орыс әдебиеті, орыс тілінің негізінде жатқандығын көреміз деді.

Бұл жаңа сөз, жаңа сөйлемдер – Абай тілінің елеулі бір бөлігі. Абайдың қазақ әдеби тілін жаңғыртып, жасаудағы, байытудағы зор еңбегінің бірі – осы жаңа сөз, жаңаша сөйлем құрылыстарын енгізу.

Халықтың бай тілінен қолданылмай жүрген сөздерді теріп, әдебиетке кіргізіп, халық тілі ету, кейбір сөздерге жаңаша мән беру, сөздердің сөйлемдегі орындарын ауыстырып, дағдылы қалпынан өзгеше етіп құру, жаңадан сөз енгізу жайлы Абайға шейінгі, Абайдың тұстас ақындарынан да пәлен бар деп айта қою қиын деген түйін – Абайдың әдебиет тарихындағы өзгеше орнын даралап берген ғылыми таным. Әрине, қазірде Абайдың алдындағы әдеби мектеп жайлы таным-пайым кенейе түсіп отыр. Соның өзінде де Абайдың аласармайтын өз асқары дара күйде қала бермек.

Жалпы, сөз тудыру, жаңа сөз жасау, жаңа оралымға бару кез-келген дарынның пешенесіне бұйырған енші емес екендігі белгілі. Бұл үшін әр түрлі жағдай керек дейді академик Қ.Жұмалиев. Ақынның асқан талантты болуы, өз елінің де, басқа елдердің де мәдениетін, әдебиетін кенінен шолған оқымысты адам болып және өз кезіндегі тілдің даму процесін бақылап отырарлық қабілетінің болуымен қатар, әлеумет өмірінде де әр түрлі өзгерістер болуы керек. Әлеумет өмірінде болған өзгеріс, жаңалықтар, өзімен бірге жаңа сөз, жаңа сөйлем, жаңаша сөз құруларды ала келетіні сөзсіз. Демек, бұл жағдайлардың бәрі де Абайда болды... Сонымен бірге қолданыста бар сөздердің алдына жаңа теңеу, жаңа эпитет қосып жаңа образ жасау, жаңа көркемдік мән беру тәсілін Абай көп қолданған. Қалыптағы, белгілі сөздердің орнын ауыстырып қолдану арқылы да Абай сөз әсерін күшейтті.

Абай өлеңі бір реттен қарағанда тұтас жаңа сөз, жаңаша құрылған сөйлем. Оның жасалуында әлем, Батыс, Шығыс поэтикасының әсері аз емес. Сонымен бірге Абайдың ақындық қуатының өзіндік қана, дара табиғатынан туған шеберлік те мінсіз...

“Толқынын жүрегінің хаттай таныр”, “Мен сынық жан, жамағанмен”, “Қалады бір күн жас бұлт, жартастың төсін құшақтап”,

“Уақыттай, өзі жүйрік ат мінісіз”, “Жас өмір – алтын, күміс жарқылдаған...”, т.б.

Сонымен жаңа сөздер, эпитет, теңеу, жаңа сөйлемдер жасау, сөз ұстарту жөнінде Абай алысты алды. Қазақ өлені түрленді, жарқылдай түсті, тереңге тартты, биіктеп көкке қанат жайды. Ол қазақ сөзінің асылын бір айшығымен жаратты, біріне-бірінің жарығын түсіріп, поэзияның сәулелі, нұрлы шуағына шомылдырды қазақ тілін. Қазақ тілінің барша поэтикалық мүмкіндігін барлап, құдіретін танытты.

Абай афоризмдері – қазақ әдебиетіндегі шешендік толғам, түйіннің жаңа бір сападағы түрі. Ақын Абай афоризмдер арқылы қазақ тілін, қазақтың жаңа жазба тілін, әдеби тілін әсемдік деңгейге көтерді. Қазақ тілінің әсерлілігі, байлығы, бар қуаты осы афоризмдерде және бір серпінмен ашылды. Абай поэзиясы – қазақ тілінің ғасырлар бойғы ішке жинаған қуатының жаратылыс табиғатындағы ұлы жарылыс.

Афоризмдерде Абайдың барша шығармашылығындағы аса талғамды сөз таңдау тәсілі айқын көрінген тұстар көп. Бұл жөнінде, бәлкім, келешек кезеңдерде арнайы зерттеулер жалғасып жазылар.

Поэзияда, әдебиет шығармасында сөз, тіл жаңалығы деген жеке сөздерді қолданудағы жаңалық қана емес, ол алдымен белгілі бір ой-пікірді, сезімді айтып жеткізудегі шеберлік, көркемдік. Көркем әдеби тілдің көрсеткіші.

Тілтанушы Ахмәди Ысқақов Абай және қазақтың әдеби тіл мәселесін айқын саралайды. Оның төмендегі пікірі жалпы қазақтың жазба әдеби тілі, жазба әдебиетінің түрлері мәселесін қарастыруға көп құнар беретін пайымдамалар.

“Қазақ даласында ХІХ ғасырға дейін, яғни Абайға дейін, екі түрлі әдеби тіл өмір сүріп келген. Оның бірі – көне түрік замандарынан бері қарай жазу дәстүріне сүйеніп, түрік жұрттарының бәріне де бірдей (ортақ) “түркі” (түрікше) деп аталатын жазбаша тіл, екіншісі – ерте кезден қазақ халқының ауызекі (сөйлеу) тілі негізінен сала-сала әдеби өрнекке соларға орай келісті стилистикалық нормаға түсіп қалыптасқан, ауызша туып, ауызша дамып, ауызша өмір сүрген байырғы төл тіл. Бұл екі нұсканың да бастапқы төркіні бір болғанымен, кейінгі замандардағы тарау шегі, қолдану аясы бір дәрежеде болмай, бір-бірінен бірте-бірте ажыраса келіп, біреуі кітаби тіл дәрежесінде ғана қалып, екіншісі – түпкілікті әдеби тілге айналып өмір сүрген. Қазақтың қазіргі ұлттық әдеби тілі – байырғы төл әдеби тілдің әрі табиғи, әрі тарихи жалғасы [159, 311 б.].



Қазақтың жазба әдеби тілінің жөнін қарастыруда А.Ысқақовтың негіздемесі аса айқын, сара екендігін айтқан жөн. Ғалымның түйін-тұжырымдары, сөз жоқ, қазақ әдебиеттану, тілтану ғылымдарының жетістіктерін негіз етті, сонымен бірге өзіндік білімпаздық, аңғарым, ғылыми алым мәселенің таза ғылыми жөнде жинақталып, ашылуына аз ықпал жасамаған.

Ғалымның Абайдың, Ыбырайдың өз шығармаларын қазақтың бұрыннан ауызша өмір сүріп, келген байырғы әдеби тілінде жазғандығын, соның негізгі лексикалық, фонетикалық және грамматикалық нормаларын таяныш екендігін, сонымен қатар кітап тілдік элементтерді де, өзге тілдерден енген шет сөздерді де жатсынбай керегінше пайдаланғандығын, қазақтың байырғы әдеби тілі жалпак жұрттың өмір бойы қолданып келе жатқан жалпы халықтық тіл екендігін, ол тілдің ауызша және жазбаша түрі болғандығын, тарих көшінде белгілі себептерден ол тілдің жазбаша түрінің аясы тым тарылып, ауызша түрінің сақталып қалғандығын айтуында Р.Сыздық, Қ.Өмірәлиев пікірлерімен үндестік бар.

Әдеби тілдің ауқымы кең. Оның қолданыс аясы сан тарау. Оның бар ерекшелігі шарты Абайда болған жоқ, басқаша алғышарт та жоқ еді. Абай әдеби тілдің бір арнасы қазақтың көркем әдебиет тілін жасаған жоқ, жаңа сапаға көтереді. Бұл жөнде қазірде Ежелгі әдебиет, Хандық дәуір әдебиетін, ХІХ ғасырдағы әдебиеттің басты үлгілерін зерттеулердің нәтижесі мол дәлел, дәйек беріп отыр.

Дәл, Абай өмір сүрген дәуірде қазақтың ХХ ғасырда кең өріс тапқан жаңа жазба әдеби тілі әлі бар сипатымен толығып, орныкпағандығы, негізінен жаңа жазба әдебиетінің стильдік жанрлық үлгілері есебінде туып, жасағандығы – тарихи шындық.

### 3.2.2 Абай қара сөздерінің жанрын айқындау қисындары

Абайдың қара сөздері абайтануда жанр, стиль мәселесі, қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастырудағы орны, Абай шығармашылығындағы дін жайы, дүниетаным мәселелері, т.б. жөндерден белгілібір деңгейде қарастырып зерттелді.

Мұхтар Әуезов Абайдың қара сөздері 1890 жыл мен 1898 жыл аралығында жазылған деп көрсетеді. М.Әуезов жіктеуі қара сөздерде жалпы саны қырық алты бөлек шығарма. Оның алты-жетісі қысқа үлгіде 16, 18, 19, 20, 24, 31, 45 сөздері. 46 сөз жалпы қара сөздерден мазмұн. тақырып жағынан өзгешерек. Тарихтық мақала, очерк тәрізді

Абайдың қолжазбаларында”. “Ғақлиат тасдиқат” деген атпен жүретін дін, мораль мәселелеріндегі ой-толғау. Бұл – 38 сөз.

Мысал, өсиет есебіндегі Аристодим әңгімесі. 25 сөз.

37 сөз – афоризмдер.

М.Әуезов Абайдың “анық қара сөз мұрасы” отыз бес сөзден тұрады деп түйеді.

“Жалпы алғанда, Абайдың осы барлық қара сөз дейтін мұралары көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны болып қалыптанады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Бұрынғы жазушылар қолданған естегі, мемуар да емес. Стилль, мазмұн жағынан алғанда осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді.

Бұл шығармаларда Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізденеді. Кейбір сырт сипаттарына қарағанда Лев Толстойдың “Круг чтения” деп аталатын еңбегіне ұқсас” [150, 204 б.].

Абайдың үшінші сөзін билеушілер туралы Герценнің “Былое и думысына” ұқсатады.

38-ғақлият – тасдиқатта Абай жазу тілінің, басқа қара сөздердегі анық қазақы түрін өзгертіп, кітапшылап (түрікше) тың үлгі, стилль іздейді. Аят, хадистен цитат келтіреді. “Ал, осы аталғандардан басқа Абайдың поэзиялық мұрасына қоса қара сөздері беретін әр заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына бар. Ол – Абайдың осы қара сөзді жазған тілі. Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дәрежесіне көтерген ұлы тарихтық еңбегі қандай болса, қара сөздерінің тілімен де Абай осындай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді.

Біздің осы күнгі сөйлеп, жазып жүрген әдебиет тіліміздің тарихы жалғыз ғана Абайдан басталады деп кесіп айтпасақ та, сондай сапалы тілді қазақтың жазба әдебиетінде анық биік белге өрлетіп шығарған Абай екені даусыз [150, 213 б.].

Белгілі әдебиет тарихын зерттеуші, абайтанушы Бейсембай Кенжебаев Абай қара сөздерінің теориялық тұрғыдан негізделуінде 1955 жылы бірнеше мәнді мәселеге назар аударды. Ғалымның қара сөз жанрлары туралы айтқан пайымдамаларында қисынды ой, дұрыс бағдар, табылған тоқтам аз емес. Алайда, осындағы көп жай абайтанудың былайғы дамуында, қарасөздердің ендігі зерттелуінде

ескеріле бермеген. Б.Кенжебаев Абайдың кара сөздерінің “Ғақлия” деп аталып жүргеніне, тегінде Абайдың кара сөздерін ғақлия деп қана атау дұрыс емес деп уәж айтады. “Өйткені ғақлия-ғибрат, мысал жөнімен дін, мінез-құлық жайында айтылған *иснет, насихаттау* сөздер. Абайдың кара сөздерінің бәрі бірдей мұндай ғибрат, мысал болып, бәрі бірдей дін, мінез-құлық туралы болып келе бермейді. Тек бірнеше сөзі (1, 15, 25, 28, 32, 34 сөздері) ғана дін, мінез-құлық туралы ғибрат, мысал – ғақлия болып келеді. Естүіміз, Абайдың өзі о баста тек осы сөздерін ғана “Ғақлия” деп атаса керек” [125, 192 б.].

Ғалым Абайдың кара сөздерінің ара-тұра нақыл, мәтел сөздер – изречение, афоризм деп айтылатынына да қосылмайды. Абайдың 37 кара сөзі ғана билер сөзі тәрізді шыққан нақыл мәтел, афоризм дейді. Белгілі қисыны, ұйқасы, ырғағы бар такпақпен айтылатын түйдек ой. “Бақпен асқан патшадан, мимен асқан кара артық. Сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық”.

Б. Кенжебаев Абай кара сөздерін ғылыми трактат деуге де толық қосылмайды. Ғылыми ой, талдау 17, 19, 27, 36, 38, 43 сөздерде ғана дейді. Мұны Абай өзі “Тастих” деп атағанын ескертеді.

Сонымен Б.Кенжебаевтың Абай кара сөздерінің жанры жайлы түйіні: “Біздіңше Абайдың кара сөздерінің басым көпшілігі сын, сықақ жөнімен сюжетсіз жазылған көркем әңгіме, басқаша айтқанда, көркем проза, көркем публицистика Эссе – жазба” [125, 143 б.].

Қара сөздерді жазғанда Абай күнделік дәптер сияқты етіп жазған дейді. Қара сөздегі үлгі мектебі С.Шедрин дейді.

Әрине, Б. Кенжебаевтың кара сөздер жайлы тұжырымына толық қосылуға болмас. Дегенмен де ойға тартар жөні бар.

Б.Кенжебаев мынадай тың, тосын шешіммен тоқтайды:

“Сонымен, Абайдың кара сөздері көркем проза. Абай қазақтың көркем прозасының негізін салушы. Бірақ Абай бұл жөнінде жалғыз, тұңғыш емес, оның серігі, құрдасы бар. Ол Абайдың замандасы Ыбырай Алтынсарин. Ыбырайдың көптеген тамаша ұсақ әңгімелері, новеллалары қазақтың көркем прозасының басы, негізі. Ыбырайдың бұл әңгімелері Абайдың тұсында, Абай кара сөздерін жаза бастаған кезде, қайта онан сәл ілгері жазылды” [125, 145 б.].

1958 жыл ғалым Ханғали Сүйіншәлиевтің “Абайдың кара сөздері” монографиялық зерттеуі жарық көрді. 1997 жылғы “Қазақ әдебиеті тарихы” оқулығында ғалымның Абай кара сөздерін қазақ әдебиеттану ғылымының, абайтанудың ендігі өресімен қайта қарастырғаны көрінді. Х.Сүйіншәлиев әлі күнге жанрлық, түрлік

ерекшелігі ғылымда айқындалып болмаған кара сөздер жайлы тын ойлар айтады.

“Сондықтан Абай кара сөздері сырт формасы жағынан “Кабуснамаға” өте ұқсас болса да, мазмұны мүлде бөлек. Бұл тұста біз Абайдың аталмыш шығарманы оқығаны және түрі, стилі жағынан болса да үлгі тұтқанын айтпақпыз.

Жанрлық іздену жолында ол Шығыстың ғылыми трактат, тастих ретіндегі шағын үлгілерін, Жәмидің қарасөзді ғақлияларын есте ұстағаны даусыз” [23, 113 б.].

Ғалым Абайдың прозасында ғақлия, накыл сөздер де, ғылыми мақала да, ойшылдық трактат та, өткір сын, мысқыл ретінде келетін сатиралық әңгіме де, адамгершілік өсиеттер де [дидактикалық рассуждение], публицистикалық насихат түрлері де, шешендік әңгіме кеңестері де бар дейді.

Профессор Х. Сүйіншәлиев Абайдың қара сөздерін прозаның шағын түрі деп атау керек деп, кара сөздерді мынадай түрлерге топтады:

1. Өсиет Ғақлия. 13, 20, 28, 38.
2. Тастих (утверждение). 7, 17, 43, 45
3. Нақыл, тұспал сөз (афоризм, изречение)
4. Әңгіме, кеңес ретіндегі диалог, монолог. Сұрақ-жауап. 4, 5, 8, 9, 10, 12, 16, 19, 25, 27, 31, 32, 40.
5. Публицистика. 1, 2, 3, 14, 24, 26, 29, 33, 39, 41, 42 және “Біраз сөз” (46 сөз. – Қ.М.)
6. Мақала, памфлет, ирония, сатира. 6, 11, 14, 22, 29, 41.
7. 1 сөз күнделік, мемуар.
8. Ал 15, 17, 18, 23, 26, 27, 35, 36, 44 сөздерінің көркемдік сипаты басым: әсіресе, мінезсіз адамдардың (кербез, мақтаншақ) бейнесін суреттеуі.

“Аталған әңгімелердің бір тобы көркем дидактика (изречение), шешен толғаныс туындылары. Олар кей тұста өткір мысқылмен де қатысады. Кейбіреулері таза диалогты әңгіме. Енді біразы автордың терең толғаныстары, монологы, ақыл айтып, кеңес жасау толғана сөйлеу (рассуждение) ретіндегі монолог. Бәрі де сюжетсіз, белгілі бір ойды ғана білділерлік шебер, шешен туындылар. Аталмыш диалогтары мен монологтары басқа сөздерінен ерекше көркем, қазақтың шағын прозасының алғашқы көріністері. Ол адамдар арасында кездесетін кербез, кердең, мақтаншақ, құр кеуде, жұғымсыз

мінез-құлықтарды шебер бейнелейді. Бір топ адамның жағымсыз мінезін көз алдына елестетеді [23, 169 б.].

Қара сөздің жанры туралы абайтанушы ғалым Ғарифолла Есім “Сөз жанры” дейді (*М.Қашқариді кездесетін “Сөз” жанрына ұқсас – Қ.М.*) “Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол сөз жанры. Ақынның қара сөздері нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұн өзін лайықты форма тапқан” [70, 129 б.].

Аслан Жақсылықов Абайдың қара сөздері жайлы өзіндік танымын ұсынуында көп мәселеде иландырады. Абайтанудың ендігі алымдарына құлаш ұрған ауқымды білімпаздық байқатады.

“В целом в рамках всего цикла “Слов” реализована определенная нравственно-этическая программа воспитания слоев народа, особенно людей, естественно тяготящихся к религии. Содержательная духовно-философская полнота, честность и искренность в изложении взглядов, ориентация на нравственное воздействие на души людей, учет общинного принципа сознания свойственно “Словам” Абая позволяют говорить об их жанровой близости к Хадисам пророка Мухаммада, нежели к эссеистической дидактической традиции западной литературы. Совершенно не случайно во многих фрагментах “Слов” упоминаются хадисы пророка, цитируются изречения из Корана” [37, С. 207].

Абайдың дәстүрлі “иман” иланым арқылы кемел адам тәрбиелеу мақсатын жан-жақты адамгершілік ұстанымдармен ұштастырудың терең бойлаған зерттеуші “иман” иланымның мұсылмандық Шығыста қай дәуірде болмасын басты қағида болып отырғандығын негіз етеді.

“Данная концепция “иман” бытовала в восточной мусульманской культуре ряд веков, получая различные трактовки формы выражения, она отразилась в трактатах аль-Фараби, в трудах суфийских теоретиков Аль Газали, Ибн Араби, в поэме Ю.Баласагуна “Құтты білік”, в дидактической книге Кайкауса “Кабуснаме” и т.д [37, С. 210].

А.Жақсылықовтың Абайға бұлайша ой тастауы – Абайды билеп-төстеп сөйлейтін қайсыбір зерттеудің жалаң, жалпылама сөзі емес. Ақын Абайды ақиқат тану жолындағы шынайы зерттеу, зерделеудің қисыны. Абайды іштен ұғу. Ғылыми негізді сөз. Абай жөнін тың танудың кемелденген кезеңінің мәнді сөзі.

Абайдың кара сөздері оның өлеңінен жалғасқан ойшылдың дүниетаным алымы. Абай кара сөздерінде оның дүниеге көзқарасы, дінтаным өрісі айқын. Қазіргі кезеңде абайтанудағы осы төркіндегі бар зерттеудің ұтымды, деп тұстарын жинақтай отырып, мәселені айқындай, арши түсуге, Абайдың, сол ХІХ ғасырдың соңына таманғы қазақ қоғамының тыныс, болмысы, өзекті өртеген өмірлік мәселелері аса жалаңаштаған тұстағы жан-жақтан жиганын жан толғанысына орап, жұртына қажет қағидаттар туғызғанын біле-көре тұра, солардың әрқайсысын әріден жеткен желімен жалғастырып, аумағымен, ауданымен қамтып, ашып сөйлеудің күні жетті. Біздіңше, бұл бағытта ендігі әрі тереңдете, тұтастыра түсер мәселелер қазірде біршама айқындалған, айтылған.

Кезінде Мұхтар Әуезов айтқан: “Оның діні сыншыл ақылдың шартты діні” деген тоқтамның төңірегінде сан тарапқа тартып жатқан сауал мол енді. Абай шығармаларын бұл жөнде мазмұндап, таныту кезеңдері өткен.

Қазіргі кезеңдегі абайтануда ілгері тартып отырған, тереңге тартып жатқан зерттеулерге М.Мырзахметовтің мәселе қоюларын, Ғ.Есімнің, А.Жақсылықовтың пайымдауларын жатқызуға болар.

М.Мырзахметов Абайдың М.Әуезов көтерген, исламиятқа қатысы мәселесін кең, алымды зерттеулерге айналдырудың көкейтестілігін әр кез айтып келеді.

Ғ.Есім “түсінікті – түсіну” атаған “Хакім Абай” зерттеуінде Абайдағы дін, дүниетаным жайын сұңғылалықпен сараптайды.

Ғалымның “мистика – ол да дүниетанымның бір формасы” деген тұжырымы, “дін, мистика” дегеннен шайлығып қалған санаға жаңа сәуле жүгіртетіндей. Алла мен Адам, кейінгінің алғашқыға таусылмас махаббаты... Алла мен Адам арасындағы ынтызарлық болып трансформацияланған Аллаға деген махаббат... Сопылық пәлсапа... Ғ.Есім Абайдың көзқарасын діни идеология емес, діни философия жағынан іздеу керек дейді. Ғалымның Абай шығармаларында Алла үш мағынада қолданылады деп қисындауы, ілгері абайтануда айтылмаған пайымдау екендігін ескеру қажет.

1. Алла – шындық, ақиқат. Өлшеусіз. Біздің ақылымыз өлшеулі.
2. Космогониялық мәнде. Алла әлемді жаратушы күдірет.
3. Гносеологиялық тұрғыда. Ислам дінінде Алланы тану оның елшісі пайғамбар арқылы болмақ.

*(Осы арада ғалымның: “Абай пайғамбарды тануға шақырмайды” деген пікіріне қалай қарауды ойлағанымыз жөн – К.М.).*

Жалпы, Абайдың дүниеге көзқарасы, исламиятқа қатысын зерттеуде Абай және сопылық ілім мәселелері біршама қозғалған. XX ғасырдың алғашқы ширегінде абайтанушы Ғабрахман Сағди Абайды сопылық ілімнен бөлек, бөліп алып қарастырудың жөнін көрсетіп, пікір айтқаны белгілі.

Ғ.Есім де: “Абай сопылар сияқты Аллаға құлшылық жолында дүние қызығын тәрк қылуға қарсы”, – деп, Абайдың аса күрделі дүниетанымына тартар құнды бір ойдың тереңіне баурайды [70, 41 б.].

Профессор Аслан Жаксылыков Абай дүниетанымын бүгінгі ғылымның ауқымды өресімен, тұщымды нәтижелерімен зерделеуде іргелі ізденістерге бастайтын ой өрбітеді. Оның “Широкие разносторонние познания Абая в области философии мировых религий, метафизики, суфизма сегодня у нас не вызывает сомнения” дегендей пайымдаулары Абай шығармашылығының жаратылыс құпиясын зейін қоя қадағалап, құмарта зерттеуден туған, Абай ақындығының айналасын молынан қамтыған ізденіс нәтижелері.

Қара сөздердің қайсыбір қырларына ғалым өзіндік танымын ұсынады: “Ғаклия (эссе) Абая – плод наиболее серьезных и зрелых размышлений, философское духовное наследие поэта, оставленное народу, будущим поколениям.

...По духу и интонации они не являются назиданиями, наставлениями, ибо Абай никогда не ставил себя над народом и поза поучающего наставника была для него неприемлима” [37, С. 207].

Осы орайда, Абайдың дүниеге көзқарасы, Абайдағы дін жайы деген мәселеде ілгергі зерттеулердің назарында болатын бір жай, біздіңше, Абайдың ислам негіздерін ұғындырудағы ұстанымдарының ғылыми жөндерін ашуда 1884 жылы баспа көрген Ыбырай Алтынсариннің “Мұсылманшылықтың тұтқасы” еңбегін де қосу. Бұл жерде XIX ғасырдағы патшалық Ресей тарапынан жүргізілген дін саясатына қарсылықтың бой тасалап жатқаны өз алдына, ислам негіздерін ұғындырудағы Абай мен Ыбырайдың ұстаным табиғатын тани түсер едік.

Ә.Қоңыратбаев “Фараби және Абай” деген мақаласында осы отыз сегізінші қара сөзі жайында: “Бұған әзірше ешкімнің тісі батпай жүр. Мұны түсіну үшін араб тілін білу жеткіліксіз, сонымен бірге ислам философиясын да білу қажет. Мұнда Абай Фейербахша дінді реформалап, соны жаңашылыққа бейімдегісі келеді. Қайшылығы бар. Ол Фейербахтың “Махаббат діні” деген еңбегіне ұқсайды. Алайда Абайдың отыз сегізінші, қырық үшінші сөздерінің бас тақырыбы алла

емес, адам бойындағы табылмаған қасиеттер. Дінді Абай антропология теориясымен түсіндіреді. Өйткені адам құлайды өзіне ұқсатып жасаған, сондықтан негізгі жаратушы адам, ол өзін аллаға ұқсатуға тиіс, дейді” [161, 329 б.].

Абай Алланы сүюін, Алланы тану жолындағы адам баласының түйсік аласапыранын олеңде де, кара сөзде де үздіксіз қозғады. Оның дүниетаным шеңбері жайлы кесім айту – алынбайтын алыс асу. Дегенмен де Абайдың өлең сөзі мен кара сөзін толтырған, дүние, жаратылыс жайлы толғаныстарын тоғайтып отырған, толықтырып отырған қайнар көздерді көре білу, олардан Абайдың сіңіргені мен адамзат даналығына өз қосқанын ажырата тануға ұмтылыс заңды.

Бұл жөнінде абайтанудағы қилы кезеңдегі тұжырым-түйіндердің қайшылығын ғылымның ендігі жетістігімен ой желісін құнарландыра отырып, тігісін жатқыза және бір қарастыру да көкейтесті.

Гарифолла Есімнің тәсілі де ойға тартады: “Мен Абайды тануда өзгеше тәсіл қолдандым. Оның аты еуропаша герменевтика, арабша – бари ирманийас. Бұл түсінік туралы ғылым немесе түсінікті түсінудің тәсілі. Түсінікті түсіну деген сөз, біреудің ойлау тәсілін меңгеру” [70, 51 б.].

Ахмет Байтұрсынов “Әдебиет танытқыштын” “Қара сөз” бөлімінде жасаған теориялық негіздемелердің, сөз жоқ, Абайдың кара сөздеріне әбден қатысы бар. Мұнда ғалымның өзінің тұжырымдарына Абайдың кара сөздерін негіз етіп отырғанын байқауға болады. А.Байтұрсыновтың бұл пікірлеріне ден қойып қарасақ, Абай қарасөздерінің теориялық негіздемесін бекіте түсер түйін-тұжырым жатқаны даусыз.

“Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлағанда ойымыз, ұғым түрлеріне қарай бірнеше тармаққа бөлінеді.

1. Ғалам тарапына.
2. Құдай тарапына.
3. Ғылым тарапына,
4. Әлеумет тарапына,
5. Үгіт-тәрбие тарапына,
6. Сын тарапына [14, 396 б.].

Ахмет Байтұрсынов осыларды таратып, ұғындыруда көбіне Абай кара сөздерін негізге алып отырғаны көрінеді.

Адам танымының шектеулілігіне қатысты, ғылымға, әлеумет жайын қозғаған көсемдік ұғымдарға, басқаға тапқан білімді үйретуге



жұмсағанда үгіт-қара сөздеріндегі ұғымы, басқаның ісін таразылап, ұнамды, ұнамсызын тексергенде сын ұғымы жүйесі пайда болады дейді.

...Қара сөздердің, ең әуелі, баса қозғаған мәселесі А.Жақсылықовтың Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне ұқсайды деп атап көрсеткеніндей, Алланы тану – теологиялық таным.

Қара сөздерде өмір философиясы, қазақ әдебиетінде ежелден келе жатқан сарын не жақсы, не жаманның жайы түйінделген. Халық ұстанған өмір сүру қағидасы, Абайдың өмір қағидасы құрғақ ақыл – жалаң дидактика емес. Адамның дүние жаратылыстың еріктен тыс заңдылықтарымен үйлесім тауып құмыр кешудің қисындары.

Мұхтар Әуезовтің: “Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр”, – дегені қара сөздердің халық тарихындағы құнына да аса қатысты.

### 3.2.3 Жаңа жазба өлеңдегі әдеби ықпалдастық мәселелері

Жаңа жазба өлеңнің түрін ашқан Абай шығармаларының Шығысқа қатысын бұрмалау, теріс бағалау, үстірт қана шолып өту, тіпті кейде жұмған ауызды ашпай өте шығу сияқты түрлі ахуалды абайтану ілімі бастан аз кешкен жоқ. Сондай құбылыстар Абайдағы айқын көзге ұрып тұрған шығыстық белгі, шығыстық сарындарды басқаша тануға итермеледі.

Абайдың Шығыс әдебиетіне қатысы жайлы қазақ әдебиеттану ғылымында М.Әуезовтен кейін С.Мұқанов, Қ.Жұбанов, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Р.Сыздықова, Қ.Өмірәлиев, М.Мырзахметов, Т.Әлімқұлов, А.Қыраубаева, Ө.Күмісбаев, Ғ.Есім, А.Жақсылықов, т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылып отырды.

М.Әуезовтің Абай мұрасының Шығысқа қатысы жайлы зерттеулері, ондағы ғылыми ойының қорлану, жетілу, жаңа сала тауып түбірлі пікірлерге бет алу жолына ой жіберсек, әр кезеңде әр түрлі таным тұрғысынан келіп, елеп-екшеп, сұрыптап отырғанын көреміз.

1934 жылғы “Абай ақындығының айналасы” атты зерттеуінде Мұхтар Әуезов ақынның шағатай әдебиетіне қатысына сәл жатырқай қарайтыны белгілі.

1945 жылы М.Әуезов Абай мұрасының нәр тартқан үш бұлағы жайлы аса күрделі танымын алғаш рет айқын танытқандай.

Абайдың Шығыстың көркем классикалық поэзиясымен шығармашылық қатынасы жайлы бір айтса, Абайдың ақындық кітапханасының шығыстық арналарын қарастыруында және де бір үлкен мәселе етіп Абайдың тарих, философия жөніндегі сусындаған бұлақтары Шығыс ойшылдарының еңбектері де болғандығын санаға сіңірді.

Абай шығармаларының Шығысқа қатысын бұрмалау, теріс бағалау, үстірт қана шолып өту, тіпті кейде тарс етіп, жұмған ауызды ашпай өте шығу сияқты түрлі ахуалды абайтану ілімі бастан аз кешкен жоқ. Сондай құбылыстар Абайдағы айқын көзге ұрып тұрған шығыстық белгі, шығыстық сарындарды басқаша тануға, тануға итермеледі.

Абай ақындығының айналасы – абайтанудың өзекті арнасы. Абайдың Шығысқа қатысы жайлы баспасөз бетінде алғаш жарияланған дүние “Семипалатинский листок” газетіндегі Әлихан Бөкейханов жазған азанама болса керек. Абайдың өмірі мен шығармалары жайында Кәкітай Ысқақұлынан алған деректерді Әлихан Бөкейханов Абай ақындығы жайлы өзіндік наным-таныммен құнарландырып, жүйелеп баяндап бергендігі белгілі.

“Ислам дінінің далаға орнығуының пайда-зиянына орай жаңа заманның талабымен Абай білімге ден қойып, араб, парсы түркі тілдерін кітап арқылы үйренеді. Табандылығы мен бейімділігінің нәтижесінде өз бетімен араб, парсы тілдерін еркін меңгеріп, қасиетті біліммен сусындады. Молда мен қожалар туралы далаға кең таралған “анқау елге арамза молла” деген мақалға орай олар өздерінің жан дүниесінің пасықтығын әшкерелеуден қорқып Абаймен кездесіп, сұхбаттасудан қашқақтап жүретін. Осы арада Абайдың ислам дініне қатынасын да айта кету лазым”, деген Әлихан Бөкейханов абайтанудағы үлкен бір мәселенің жайын алғашқылардың бірі болып қозғаған еді [82, 13 б.].

Әрине, Абайдың қасында болып, не оқып, не білгенін көбірек көріп, таныған Кәкітай Ысқақұлының мына бір деректерін Әлихан Бөкейханов пайдаланды: “Уақытында аз да болса ислам діні, ғылымы кіріп келе жатқан жаңа заманның ретімен Абай ғарапша, парсыша, түрікше кітаптарды көп оқып, олардың ішіндегі ғылымынан үлкен хабардар болды. Сол талаппенен қырда ғарапша, парсышаға Абайдан артық білетін ешкім болмады.

Өзге жерде өтірікті-шынды жұртты өзіне қаратып жүргенде, Абай алдында надандығы білініп маскара болып қалам ба деп шала

оқыған ғылымы бар молда-қожалар Абайдан кашып жүруші еді” [131, 41 б.].

Нәзір Төреқұлов “Қазақ” газетінің 1916 жылғы 9 ақпанда шыққан №164 санында жарияланған “Әдебиетімізге көз салу” дейтін мақаласында әдебиет, тіл мәселелерін қозғай отырып, тілді байыту мәселелеріне үнілуге тартады.

Қазақ тілі, анықты да гибкость – икемділігінде, плавность ағымы тегістігінде Радлов секілді түршілердің ойынша Европа тілдерінен франк тілімен тең. Бірақ қошаметіне мәз болып, тілімізді ескерусіз тастай алмаймыз, һәрдайым тіліміз үшін бар күшімізді жұмсал, ажарларымыз, байытуымыз тиіс.

Бұл пайда негізді қай жерге құрайық, жетпеген сөздерді, терминдерді, мағыналарды, әдебиетті, жаңа түрлерді қайдан алайық? Міне осы мәселелерді шешпеншілік. Соның үшін басқаларға бір көз жіберелік дей отырып, Абай Европа мәдениетіне; әдебиетіне бой ұрып, қазақ әдебиетін түрлендірді, әйтпесе ол үшін араб, ғажам жолы да ашық еді деп, Абайдың Шығысқа қатысын арнайы сөз етуді қажет деп таппайтындай байлам жасайды.

Жалпы, абайтану тарихында Абайдың Батысын басым айттық. Абай қазақ өлеңіне әкелген жаңалықтың барлығын орыс, Европа әдебиетінің ықпалы деп қана қарастырған жағдайларымыз болды. Абайтануда Абайдың Шығысы ұзақ жылдар бойы ұдайы шектеліп отырды. Қазіргі кезеңде, кезінде абайтанудағы “ақтандақтар” болып дамуға мәжбүр болған көптеген жазба дерек, тұжырым-танымға тыйым салу тыйылған кезде, Абайдың Шығысы жайлы тынымымызды кеңітуге, байытуға, дамытуға өріс ашылып отырған уақытта, сол, бір замандарда “жабық” қалған жазбалардың құндылығы арта түсіп отырғаны даусыз.

1922 жылы Абай кітабы екі қалада басылып шыққаны белгілі. Соның Ташкент басылымына байланысты сөз қозғай отырып Ғабдрахман Сағди абайтанудың бірнеше өзекті мәселесін алға қойды. Абай шығармаларының жазылу мерзімі, себептері, Абай ақындығының эволюциясы, ақынның тіл кестесі, ақындық мектебі жайлы кеңінен қозғал, сөйлеген ғалым Абайдың Шығыс әдебиетіне қатысын арнайы сөз етпегенімен, оның исламиятқа қатысын айғақтау жолында құнды пікірлер айтты.

“Және әуелде Аллаға онша жақын болмаған әлі көбірек дүние үшін, халық үшін қайғырған Абай 1989 жылдан соң Аллаға жақындап, Алланы жат етеді. Алла туралы көбірек ойлап, сол ретте

халыққа Алла туралы сөздер сөйлеп, алла туралы діни үгіттер үйретеді.

1886 жылдарда Абайдың үгіті дүние, тұрмыс үшін болса, енді Алла, ахрет үшін болуға айналады. Абайдың бұл жылдан соңғы өлеңдерінде Толстой сықылды адамдардың жазған сөздерінің ізі көріне бастайды. Абай өмірінің бұл бөлімінде, шынында, қазақ халқына діни жолбасшылық сипатын көрсетеді. “Ой туралы” деген өлеңдері бәрі соған куә қылып Абай 1895 жылда “Халыққа махлұқ ақылы жете алмайды. Оймен берген нәрсеміз бәрі дәһрі” – дейді. Әм Алла туралы: “Сонда да оны ойламай қоя алмаймын” әм “Және оған қайтпақсың, оны ойламай өзге мақсат ақылға тола ма екен”, – деп өзінің енді аллаға мықтап берілгендігін аңғартады.

... “Өлсе өлер табиғат, адам өлмес”, – деп Абай енді дүниедегі өмірден соң тағы мәңгі жасауды, жанның мәңгілік болуын көксейді [82, 142 б.].

Ғабдрахман Сағди Абайдың дүниеге көзқарасы, Абайдағы дін жайы деген мәселеге алғаш назар аударған зерттеушінің бірі. Оның Абайдың сопылық ілімге қатысы жайлы мына бір пікірі абайтанудың күрделі бір мәселесінің ақиқатын ашу жолындағы анық, айқын пікір сияқты.

“...Абайға мұсылманшылдық дүниесіндегі сопылыққа әсер бермеген. Абай – мұндай сипатпен уланбаған кісі. Оның өлеңінен сіздер өтірік монтанылықты сезбейсіздер. Ол оны сезбейді де” [82, 143 б.].

М.Әуезовтің ұзақ жылдар бойғы Абай шығармашылығын зерттеуі жинақталып “Абай Құнанбаев” атты монография болып 1967 жылы шыққаны белгілі. Мұхтар Әуезов Абайдың өмірбаянын 1933, 1939-40, 1957 жылдары жазды. Бұл туралы ғалым Ысқақ Дүйсенбаев анық та толық мәлімет бере келе былай дейді: “Абай өмірбаянының Әуезов жазған осы үш вариантын салыстырып карасак, оның көп жылдар бойы іздену үстінде болғанын, жылдан-жылға Абайдың өмірі туралы жаңа деректер тауып, сондай-ақ оның ақындық өмірі жайлы жаңаша байламдар жасап отырғанын айқын байқауға болады.

1933 жылғы мен 1940 жылғы, әсіресе 1957 жылғы жарияланған өмірбаяндар арасында едәуір өзгеріс, айырымдар бар” [150, 380 б.].

Аталған монографияның алғы сөзін жазған Ысқақ Дүйсенбаев Мұхтар Әуезовтің 1959 жылғы шыққан “Әр жылдар ойлары” жинағында да Абай өмірбаянына байланысты басылымның жазушы Музей үйінде сақталған қолжазба нұсқасынан біраз айырым-

өзгешеліктер барын айтты. Жалпы, абайтану ілімінің іргесін бекітіп, ауқымын кеңітіп, толық ғылыми негіздемесін жасаған Мұхтар Әуезов Абайдың туысы, ата-тегіне байланысты ғана емес, жалпы Абайды танытуда қилы заман, түрлі саяси ахуалдың салдарынан өзгерте баяндап, жаба сөйлеп кеткені Абайдың Шығыс әдебиеті, Шығыс мәдениетіне, исламиятқа қатысы екендігі белгілі.

1934 жылы “Әдебиет майданы” журналында басылған “Абай ақындығының айналасы” атты мақалада М.Әуезов былай деп мәселе қойған еді. “Бұл мақалада біз Абай ақындығы туралы ертелі-кеш айтылып жүрген әртүрлі сөздерге, әр алуан жайлардың көбіне соқпаймыз.

Біз көп тексеріліп зерттелмеген, сонылау бір саланы ғана сөз қылмақпыз. Ол Абай ақындығының, Абай шығармаларының айналасы. Ақын өзі көріп, сезіп өзі ойлап қорытқан өмір материалдарынан басқа әдебиет дүниесінен де көп бұйым алады. Абайдан қалған мұраның ішінде көп оқушыға даусыз боп айқын сезілетін сыртқы әдебиеттер белгілері бар. Ол Шығыс әдебиеттері мен Батыс әдебиетінен қосылған белгілер.

...Барлық Абай шығармалары Шығыс пен Батыстың мәдени тарихи жапсарын, ой саналақ шекараларын жұлгелей жүрген қазақ даласының бір ағыны сияқты.

...Осымен Абай шығармаларының ішінен “мен мұндалап” атой беріп тұрған Шығыс-Батыс ақындарына көз салайық. Әуелі Шығыстан бастаймыз”, –деп келіп, Мұхтар Әуезов Абайдың Шығысын тарата танытады [150, 232 б.].

Шығыс жағасынан Абай ағынына арна сала – араб, парсы үлгісі. Шағатай поэзиясына еліктеу. Араб, парсы, түрік әдебиетінің талайын шарлап тастаған бала ақынның соларға еліктеп ғаруз уәзімі, мәд уәзімі бәйіт, жыр жазды.

*Иузи раушан көзи гәуһар,  
ләһилден бет үшін әкшәр...*

Хұсайын Байғара, Бабур, Мұхаммед Салиқ сияқты шағатай ақындарына еліктеп өлең жазу алғаш Абайдың өлең тілінде, ұйқас ырғағын да биледі дейді М. Әуезов. Абай өлеңге келуде ең әуелі Навои, Шәмси, Сәйхалилерден медет сұраған ғой.

Бұл жөнінде, Шығыс поэзиясына сырт еліктеу жайында М.Әуезов кітапшылаған, сныр жорға жыр қазақ поэзиясына жалғыз

Абай тұсында кірген жоқ, Ыбырай, Албан Асан, Мәшһүр, Ақан сері сияқты Арка-Жетісу ақындары және әсіресе Сыр-Түркістан ақындарынан Шортанбай бастаған Шәді, тағы басқа көп ақынның шығармаларында бұл әсер көп екендігін айтады. Соның көбінде араб, парсының өз сөздері көрінуден басқа казактың “дейдісін” – “дейди”, “көрдісін” – “көрди” сияқты қып созғылау көп болған. Оның барлығы сол шағатай арқылы таралған дін хиссалары немесе “Шаһнама”, “Жүсіп-Зылиха”, “Ләйлі-Мәжнүңдей” дастандар арқылы кірген ғаруз уәзінін әсері. Осы тұста бұл мәселені, казак әдебиетіне ғаруз әсерін зерттеу, оны Абай шығармашылығымен байланыстыра зерттеу тын міндет екендігін М. Әуезов айқындап берген еді. Біздіңше, осы – өлеңге, казак өлеңіне, XIX ғасырдағы казак әдебиетіне Шығыс әдебиеті үлгілерінің ықпалы жайлы нақтылы көркемдік зерттеу, теориялық негіздемелерге казак әдебиеттану ғылымы әлі де зару.

Мұхтар Әуезов Абайдағы дін жайы козғалған қарасөз, өлендерді де Шығыспен байланыста қарастырды. Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ, Батысқа келгенде ол аркасын Шығысқа, ақылмен қорытып алған мұсылмандыққа нык тіреп алып келеді дейді. Абайдың Шығыс үлгісімен жазылған шығармалары негізінен махаббат жайында, көңіл-күй жайындағы, дін-құлық жайындағы жырлар деп бөледі.

Абай заманында шет тілдің, сонын ішінде араб, парсы сөздерінің казак тіліне көп араласуының бірнеше тарихи-әлеуметтік алғышарт, себептері болғаны белгілі. Казак арасына ислам негіздерінің мектеп, медресе арқылы оқтылуы, сол тұстағы шағатай түрік, татар тілдерінде басылып шыққан кітаптар. Қазан баспасынан 1801 жылдан бері шыға бастаған кітаптардың көпшілігі шағатай, түрік тілдерінде басылды. Дерек көздеріне сүйенсек, “Ахуал, Шыңғысхан және Ақсақ Темір” (1819), “Шежіре түрік” (1825), “Ақыр заман кітабы” (1857), “Бабыр нама” сияқты кітаптар хат танымайтындарға жартылай гана түсінікті тілмен басылған болатын.

Абайдың шығармашылық тіліне Шығыс әсерінің мәнді, өзгеше бір қырларын тілші ғалымдардың қарастыруында да құнды байламдар аз емес.

1934 жылы “Әдебиет майданы” журналында Құдайберген Жұбановтың “Абай казак әдебиетінің классигі” атты мақаласы жарияланды. Абайдың ұлт тарихындағы, казак әдебиеті тарихындағы орнын дүние, өркениет елдерінің, түрік елдерінің тарихындағы

айтулы тұлғалармен салыстыра, жарыстыра отырып, абайтануда аса айқын тұжырымдар жасаған елеулі еңбек еді бұл.

“Сөйтіп, Абайды көрші елдердегі замандастары, бастастарымен салыстырғанда, ұлт тіліне, әдебиетіне сіңірген еңбегін, ақындық күшін алғанда, Абай бәрінен де озат шығады. Өйткені ол кезде таза қазақ тілімен жазып, ол жазғанын классикалық әдебиет деңгейінде шығарған адам болған жоқ” [159, 16 б.].

Құдайберген Жұбанов сол Абай дәуіріндегі Ресей империясы карамағындағы елдердің ішінде Армения мен Грузияны бөлек қойғанда, басқа батыс елдердің өткенін шолып карағанда, ең озығы Қазан татарлары. Еділ бойын басқан ескі фанатизм тұманынан алғаш сәуле берген Абай мен бастас екі-ақ адам болғанын, бірі – Шеғабуддин Маржани, екіншісі – Қаяум Насыри екендігін айтады.

Насыри – ескі түрік кітаптарындағы шағатай үлгісін жойып, татар әдеби тілін Қазан төңірегіннің сөйлейтін тілінше құруға ең алғаш еңбек сіңірген адам. Қ.Жұбанов бірақ сол Насыридің “таза татаршасы” да Абайдың қазақшасындай таза бола алмады дейді. Оның өзі араб-парсы сөздерін көп кіргізген шұбар тіл болатын.

Қ.Жұбанов Абайдың суреткер ақындық алымын былай қойып, әдеби тілімізді жасаудағы еңбегінің өзін алсақ та, ақымыз кететін түгі жоқ деп жазды. Алғаш “Мұхаммадия” ізімен түрік тілінде жазып жүріп, бері келе Европа үлгісіне түскен, сөйтіп татар өлеңі тарихында жаңа дәуір ашқан Ғабдулла Тоқай “Қап сонарда бүркітші шығады аңға” жазылғанда туған да жоқ еді дейді.

Құдайберген Жұбанов Абайдың 1857 жылы жазылған екі өлеңінде шағатай әсері айқын болғанымен, сол шағатайша жазылған 1864 жылғы өлеңде ол шағатайшылықтан құтылып, арылып шығуға бет бұрғанын көрсетеді. Абайдың Шығысы деген мәселеде Құдайберген Жұбановтың Абайда шағатай әдебиетіне тән әсіре мистицизм, сопышылдық жоқ деген пікіріне келтірген дәлел, дәйегіне тереңдей түссек, біраз мәселенің басы көтерілетін сияқты. Құдайберген Жұбанов Абайдағы дін, дүниетаным жайын қысқа қайырғанымен, әлгі пікірлердің астарында, аржағында біраз салмақ жатыр. Бұл жерде ғалымның Абай ғаруз өлшемінен де қол үзіп кетті. 1864 жылдан кейін Абайдан шағатай ықпалын іздеу бос әуре дегені – әрине, Абай шығармашылығында Шығыс ықпалы, Шығыс ізі жоқ деп айтқандай қабылданбаса керек. Тіпті, үзілді-кесілді айтылғандай “Абай Шығыс үлгісін көрмей, білмей, аман кеткен ақын емес,

белшесінен кешіп барып, одан шығып, тастап кеткен ақын” деген тұжырымның өзі Абайдағы Шығысты жоққа шығарған пікір емес.

Сәбит Мұқанов Абайдың Шығысқа қатысын абайтануда аса көп сөз болмаған, Абайдың қазақ тарихына байланысты танымымен сабақтастықта қарастырады. Абайдың “Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы” деген еңбегі оның қазақ тарихын жазу мақсатын көздегенін көрсетеді дейді.

Бұл еңбекте Абайдың қазақ тарихы туралы мағлұматы мол екендігі, Шығыс және Батыс тарихшыларының қазақ туралы жазған еңбектерінің көбін оқығаны, оған өзіндік көзқарасы болғандығы көрінеді дейді С. Мұқанов.

“Оның Шығыс тарихшыларын, Мұхаммед-Хайдар Дулатиді, Абылғазы Баһадүрханды, “Тыбри”, “Тарих ғұлуми”, “Бабырнама” сияқты араб, парсы және түрік тілінде жазылған тарихи кітаптарды оқығандығы; Шығыстан да, Батыстан да оқыған кітаптарын қазақ шежіресімен, қазақ фольклорымен салыстырып отырғандығы “Қазақ” деген сөздің қайдан шыққандығы туралы пікірінде, қазақтың моңғолға бағыну туралы айтқан пікірінде айқын көрініп отырады” [152].

Абай шығармаларының тілдік өріс, әлемін зерттеуде тыңғылықты, тындырымды, орасан ауқымды еңбек атқарып келе жатқан ғалым Рабиға Сыздықова Абайдың сөйлем құру, сөз құрылысындағы Шығыс әдебиетінің ықпалы жайлы нақты тұжырымдар жасайды. Абай кара сөздерінің тілін зерттеудегі мына бір құнды қисындарға назар аударалық.

“Абай прозасында сөйлемдердің табиғи тәртіппен дұрыс құрылуы нормаға айналған деп санаймыз. Бұл құбылыс Абай кезеңіндегі өзге жазба дүниелер тілімен салыстырғанда айқын сезіледі. Бұл – Абайдың қазақ жазба тілінің прозадағы нормаларын белгілі бір жүйемен дұрыс қалыптастыруына саналы түрде қызмет еткенін көрсетеді.

Абайдың прозалық тіліндегі және бір ерекшелікті айтпай кетуге болмайды, ол – толықтауыш бағыныңқы етіп ұсынылуға тиісті сөйлемнің баяндауышы ашық райда келіп, мағына жағынан сабақтас, ал тұлғалануы жағынан салалас сияқты болып және бағыныңқы компонент басынқыдан бұрын келіп құрылған сөйлемдер. Мысалы:

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен кара сияны ермек қылайын...



“Қара сөздерде” бұл типтес сөйлемдер 5-6 жерде кездеседі. Абай шығармашылығы мен тіліне көп үділіп, көптеген құбылысты жақсы байқап, құнды пікірлер айтып кеткен Құлмат Өмірәлиев прозаик Абайдың осындай құрылымды сөйлемдерін шағатай тілінің, яғни орта ғасырлардан келе жатқан түркі жазба дәстүрінің көрінісі деп шамалайды [114, 169 б.].

Р.Сыздықова Абайдың сөз өрнегінде кездесетін араб, парсы, т.б. шығыстық тіл үлгілерінің белгілібір функциональдық, стильдік қызметі жайлы мейлінше нақты, мейлінше ғылыми тұржырымдама жасаған, үздік ғылыми ойларымен абайтанудың теориялық негіздемелерін толықтырып, байыта түскен сирек ғалымның бірі. Абайды тануда ешкім де қайрылмай өте алмайтын құнды зерттеулер несі.

Абай және Шығыс әдебиеті мәселесінде ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтың да аса елеулі пікірлер айтқанын есте ұстауымыз керек.

Абайдың Шығыс әдебиетіне қатысы жайлы ғалым Сейіт Қасқабасовтың “Ескендір” поэмасының сюжеттік негізі” атты зерттеуінде жаңа байламдар бар. Ғалым жалпы ғана, Абай Шығыс желісінде, нәзира дәстүрімен жазған мәселе деп айтылып келе жатқан Абайдың “Ескендір” дастанына жаңаша пайыммен карауға тартатын тын таным ұсынады.

“Қазақ әдебиеттану ғылымында Абайдың поэмалары сөз болғанда “Ескендір” поэмасының сюжеттік негізін Низамидің “Ескендір” поэмасына телиді. Шынында да солай ма?

...Абай өз поэмасының сюжетін Низамиден алмаған. Низамидің “Ескендір-намасын” біле тұра ол өз ойын, көзқарасын білдіру үшін Батыс пен Шығысқа кең тараған Ескендір бейнесі мен ол туралы шығармаларды басқаша пайдалануға тырысып, басқа материалдар іздеген және солардың ішінен өзіне керегін тапқан” [159, 226 б.].

Сөйтіп, ғалым Абайдың “Ескендірі” Жуковскийдің “Талмудтан” алып жазған шығармасымен ұқсас деген тұржырым жасайды. Абайдың Ескендір бейнесін Шығыс классиктерінен басқаша бейнеленгенін айтады. Осы тұста Абайдың “Шығысым – Батыс, Батысым – Шығыс болып кетті” дегені еріксіз ойға оралады.

Бұл жөнінде ғалым Жұмат Тілепов те академик Зәки Ахметовтің В.А.Жуковскийдің аталмыш тақырыпқа жазған повесімен Абай поэмасы болмашы бір детальдары болмаса негізінен сәйкес келетіндігіне көңіл бөліп, Абайдың орыс акынының шығармасын

білгені анық дегені ойландырарлық пікір деп, “Ескендірді” жазуға көп дүниені саралап отырып келген Абайдың Жуковскийді назарда ұстауы әбден мүмкін деген пікір айтады [34, 271 б.].

Рахманқұл Бердібаев Абайдың Шығыс әдебиетімен байланысын тарата айтқан, Шығыс әдебиетінің білгірі есебінде өзіндік тың ойлар ұсынған ғалымның бірі. Р. Бердібаевтың Науан мен Абай арақатысы туралы мына түйіні жанды пікір. Түркі тілді әдебиетті жан-жақты байытқан Әлішер Науандың газалдары да, дастандары да Абайдың терең тексеріп, оқыған шығармалары болады. Әлішер қаламынан туған “Хамсада” тұнып тұрған аңыздар: мифтер, шежіре-тарихтар бар еді. Олардың әсері кейіннен Абайдың өлеңдері мен дастандарында, қарасөздерінде тиісті көрініс берген...

Күншығыстың ұлы шайырларында бір тақырыпты қатарласа, жарыса, бірінен екіншісі өзара жазатын дәстүр ежелден бар. Соның бірі – Хамса жасаудан көрінетін... Осындай дәстүрге Абай да қол артуды ойлаған тәрізді деген ойларына ғалым Абайдың “Ескендірін” дәлел етеді. “Ескендірде” Абай жаңаша көркемдік шешім жасаған дейді.

Абайтанушы Мекемтас Мырзахметов Абайдың Шығысқа қатысты өзі көп сөз қозғаған жайынан мынадай бір пікірге назар аудартады.

Ол – Абайдың Шығыс ғалымдары еңбектеріндегі өлеңдегі ғаруз уәзіні жайлы теориялық негіздемелермен таныс болғандығы.

“Абай Шығыс пен Батыстың, әсіресе XIX ғ. орыс әдебиетіндегі эстетикалық ойдағы күрестер тарихымен таныс болуымен қатар, ол туралы өзіндік ой-пікірі, эстетикалық талғамы қалыптасып орныққаны оның көркемөнер туралы көзқарасы мен қазақ өлеңдерінің құрылысына қосқан жаңалықтарынан да анық байқалады” [159, 268 б.].

Абайдың Шығыс әдебиетінен алғаны туралы профессор Бейсембай Кенжебаев еңбектерінде Абайдың Семейдегі үш жыл мұсылманша оқуының айрықша ықпалы туралы ашып айтылады. Қаладағы оқудан Шығыс акындарын сүйеді, акындықты сүйеді ала келген Абайға ендігі тәрбиеші ұстаз халық қазынасы болды дейді ғалым.

Зерттеуші Уәлихан Қалижанов Абайдың Шығысқа қатысының аса елеулі бір қыры исламият мәселесі жайлы былай деп жазды: “Ол үш-ақ жыл медреседе оқып, ислам мәдениеті жайлы, дін жайлы, соңғы абзал пайғамбар Мұхаммед (Ғ.С.) туралы, сонымен бірге,

Алланың бірлігі, барлығы, “Құран Кәрімнің” шындығын дәлелдейтін құнды пікірлер жазып қалдырған данышпан” [69, 144 б.].

Философ ғалым Ғарифолла Есім Абайдың ислам діні, ислам мәдениетімен қатысы, Абайдың дүние танымы жайлы “Хакім Абай” еңбегін жазды. Мұнда Абайдың Шығысы мәселесі жана бір толғамдармен ашыла түсті [70].

Абай танымындағы кемелдік кезеңдер жайлы профессор Ханғали Сүйіншәлиев әрдайым ойлы, танымдық пікірлер айтқан. Абайдың Шығыс өркениетіне қатысы, оның қайсыбір құбылыстарына сыншылдықпен қарауы жайлы ғылыми пікірлері дәлелсіз, қисынсыз емес. Ойға, пікірталасқа бастайтын тұжырымдар.

“Шығыстың, әсіресе, мұсылманшыл әдебиетінде (қисса, хикаялары мен дана дастан-намаларында) адамның мүмкіншілік пәрменінен тыс зор күштер араласқан ұшы-қиыры жоқ қияли өмір көріністері утопиялық романтикаға негізделген-ді. Адамның жаны тәнінен ажырап фани дүниенің армансыз қызығына, мәңгі бақытқа қол жеткізу арман аясы баяндалатын. Бұл саладағы әдебиет, оқу-ілім, білім де бір Алланың жазмышына бой алдыратын. Шығыс мәдениетіндегі осындай бірбеткейлік ерекше дарын иесіне, Абайдай кемеңгерге өмірлік үлгі бола алған жоқ...” [23, 874 б.].

Абай шығармашылығының Шығысқа қатысын арнайы қарастырмағанымен, ғалым Алма Қыраубайқызы орта ғасырлық түрік әдебиетіндегі нәзира дәстүрінің, қисса-дастан жанры үлгісінің Абайдың ақындық әлеміне де өзіндік ықпалы болғанын атап өтеді [55, 140 б.].

Осы тұста Абайдың Шығыс әдебиетімен байланысына қатысты мына бір жайды да айтқан жөн. Абай өзінің ақын шәкірттерінің барлығын дерлік алғаш өлеңге ұлттық дәстүр өз алдына, Шығыс поэзиясының үрдісімен де баулыған деуге толық негіз бар. Ақылбай мен Мағауия, Шәкерім, Әріп шығарған дастандар осының айғағы.

Шығыстанушы ғалым Өтеген Күмісбаев Абайдың “Қабуснамаға” қатысы, парсы, түрік әдебиетінің айтулы тұлғаларының шығармашылығымен үндестік, байланысы жайлы көптеген құнды пікірлер айтты.

Абай ақындығының айналасы мәселесінде “Абай және Шығыс” атты арнайы монографиялық еңбек жазған шығыстанушы-ғалым Өтеген Күмісбаев Абайға қай әдебиет әсері айқын болғанын (*Шығыс па? Батыс па? – Қ.М.*) айқынлай түсуге дәйек болар дәлелдер келтіреді.

“Спенсер, Дреперді үніле оқып, Пушкин, Лермонтовпен сахарала жалғыз жарысқан Абай сөзі дүниеге тарап кете барды”, – деп, ақындықтың қуатты алымына басыбүтін құлаған зерттеуші кей тұста Мұхтар Әуезов кезінде тартына сөйлеуге мәжбүр болған Абайдың Шығысы жайлы ұғым көюкиегін көтере түсетін зерделеулерге барады.

Әріден, Батыс әдебиетіне Шығыс әсерін қозғап келіп, Абайдың Шығысын аша түседі.

Сол негізде Абайдың Күншығыс пен Күнбатыс туралы айтқаны қаныға түседі.

Ойшыл Абай, сергек Абай, сезімді Абай мүлде Батысқа бұрып кетпеген... Ұлылығы ұштасып жатқан Қос дүниенің құнын Абай білмей кім білер... нәрі мен барын Абай өзі татып көрді. Ғажабына ұйыды.

Шығыс сарыны Байрон мен Гетеге, Пушкин мен Лермонтовқа жат па еді?! Абайға барымен жетті. Барымен қонды. Сінді.

Бұл – ақиқат.

“Байронның “Гяурі” мен “Абидос қалыңдығы” поэмаларында шығыс сарыны басым болатын. Байрон мен Гетенің шығыстық тақырыбын

XIX ғасырда Россияда Пушкин одан әрі жалғастырды. Шығыс мотивтері Пушкин поэзиясында да аз ұшыраспайды. Ақынның лирикалық өлеңдерінде, “Руслан мен Людмиласында”, “Бахшасарай фонтанында”, “Құранға еліктеуінде” шығыстық образдар, мотивтері, әуен-саздары жиі кездеседі. Шығыс мәдениетіне Пушкинді ең алғаш қызықтырған “Мың бір түн” болатын. Шығыс пен Батысты қатар қою арқылы Пушкин өзінің тарихи көзқарасының аса ауқымды екендігін дәлелдеген еді. Сөйтіп, Европа әдебиеті Гетеге дейін де, кейін де шығыстың сюжеттермен, персонаждармен айналысып келеді.

Қазақ топырағында Шығыс мәдениетіне алғаш бой ұрғандардың бірі Абай еді. Ә дегеннен бала Абай Шығыс поэзиясына, аңыз, дастандарына құмартты.

...Байрон, Гете, Пушкин көз салған Шығыс тарихы мен мәдениетіне Абай да соқпай кете алмайды. Бұл жайдың Абайдың педагогикалық, эстетикалық, философиялық, тұжырым-трактаттарынан, махаббат лирикасынан байқау қиын емес [54, 256 б.].

Ғалым Абайдың өлең үлгісіндегі күні-бүгін арнайы айтылмаған парсы-тәжік поэзиясының іздері жайлы ой тастайды. Оның айтуындағы парсы-тәжік поэзиясындағы 10-30 жолдан тұратын бір

ұйқасты өлеңге арабтың классикалық поэзиясының бір түрі қасидаһның әсері жайлы тұжырымдары қазақ өлеңінің, Абай өлеңінің табиғатын ашуға да тарта түсер қисындар. Абайдағы бір ұйқаста өлеңдер жайлы М.Әуезов, Қ.Жұмалиев пікірлері белгілі.

Ө.Күмісбаев әл-Фарабидің әдебиет теориясына қатысты еңбектерінен бір үзік ой ұшын тартып отырып та Абай поэзиясын танудың жаңа бір алқабына қарай бастауға ұмтылады.

Ғалым Абай шығармашылығындағы Сағди әсерін арнайы қарастырады.

Зерттеуде бұрын Абайдың ақындық кітапханасына қатысты айтылмаған деректер бар.

Ал, Абайдың Шамсаддин Жамидің 10 томдық “Каумус аль-ағлам” атты араб, парсы, түрік тіліндегі сөздігін оқып, қолына түсіруі ұлы ақын талантына жаңа бір қырынан көрсететін секілді.

... Абайдың сол кезде-ақ ертеде қыпшақ даласында саяхатта болып кеткен бірқатар араб жылнамашы, тарихшыларының туындыларымен таныс болуы ақындық тұлғасын одан сайын биіктете түседі. Сайып келгенде, Абайдың Шығыс аудармаларын жинаған кітапханасын зерттесе көп олжаға байыттырған болар еді.

... Абай он үш жасында Шығыс шайырларына еліктеп өлең жазса, алпысқа тақап қалғанда жазған қарасөздерінен Науаидің “Сүйікті жүректер”, “Сағдидің “Гүлстаны” әсерлерін байқауға болады. Мәселен, Абайдың “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлысы” газел формасымен жазылған. Шығыс поэзиясынан келген өлеңнің бұл формасы жалғыз махаббат лирикасында қолданылып қоймай, басқа азаматтық, әлеуметтік тақырыпта да қолданылғанын байқаймыз. Жалпы, газель, рубай, аруз, месневи секілді Шығыс поэзиясына тән өлең формаларының қазақ әдебиетіне Абайдан бұрын енгені хақ. Бұл формалар ең әуелде жазбаша әдебиеттен орын тепкен...

Абай тақырыбын қозғаған белгілі ғалымдардың қай-қайсысы болсын Абайдың Шығысқа қатысын белгілібір дәрежеде қозғап отырды. “Абайтанудың өзекті мәселелері” зерттеуінде академик Серік Қирабаев абайтанудың ендігі міндеттерінің ішінде оның Шығыспен қатысы туралы мәселелерді де тереңдете зерттеу қажеттігін айтады [26].

Мұхтар Әуезовтің атап көрсетуінде Абайда Шығыс үлгісімен жазылған өлең аз емес. Әуелде “Юзи раушаннан” бастаған ақын өмірінің ақырына дейін де қайсыбір шығармаларын таза шығыстық үлгіде шығарып отырған.

Мұхтар Әуезов бұл жөнінен былай дейді: “Сонан әрі 89 жылы “Қор болды жаным”, 91 жылы “Көзімнің қарасы” жазылады. Бұл өлеңдердің тұсында алғашқы ғаруз уәзінімен жазылған шағатайша бәйттердің жотасы қайта көрінеді...

“Көзімнің қарасындағы”:

*Сенсің – жан ләззаті,  
Сенсің – тән шәрбәті,  
Сұлуды сүймәклік –  
Пайғамбар сүннеті –*

деген сарын да шығыстан келіп тұрған леп. Тақырып махаббат болғанмен не қазақ, не Еуропа үлгілеріндегі, махаббат жыры емес. Сүйіспеншілікті тағдыр жазған, ол адам жанын жуып, шәйіп тазартады. Денең қорлық көреді, зар шегеді. Сол арқылы жаның тазарады. Тазарған жанмен құдайыңды, иенді танысын деген сопы ақындардың махаббат пәлсапасы бұл арада екі ұдайсыз, шіркеусіз ашық көрініп тұр. Соған орай тілдегі – “зұлым”, “бек бітті”, “ләззат”, “шәрбат”, сияқтылар қиыстырылған.

Бұлардағы ұйқас пен ырғақ та өзге қазақы өлеңдей емес. Осы өлеңге арнап ақынның бәйіт күйінде күй шығарып, қырлап өзгеше сөзбен айту да еске аларлық нәрсе” [150, 235 б.].

Мұхтар Әуезов Абайдың 1894 жылы жазылған “А, құдай бере көр”, “Алланың рахметін”, 1895 жылғы “Ылай суға май бітпес қой өткенге”, 1902 жылғы “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” өлеңдерін Абайдың діншілдік өлеңдері деп атайды.

“Қор болды жанымды” араб, парсы сопыларының үлгісімен жазылған өлең дейді. Шығыс үлгісімен жазылған өлеңдердің уәзіні – ғаруз үлгісі. Ырғағы – бәйітше.

*... Физули, Шамси, Сәйхали,  
Навои, Сағди, Фирдоуси,  
Хожа Хафиз-бу кәммаси  
Медет бер я шағири фәрияд! –*

деп, Шығыстағы ірі ақындардан медет тілеп өлеңге келген Абай алғашқы сүйіспеншілік жырын да кітапшалап жазған еді.

*Әлиф дек ай йүзіңе гибрат еттім,*

Абай шығармашылығының бар табиғатын мейлінше сұңғыла таныммен, ықтияттап, ыждаһатпен зерттеп, зерделеген Мұхтар Әуезов Абайдың терең сезім, идея, мазмұн жағынан түгелімен Шығыс акындарының ықпалына берілмесе де, өлең құру шеберлігі, түр жаңалығы жөнінде көбіне Навои шығармаларынан үлгі іздегенін, Навои газелдеріне еліктегісі келгенін айтады.

“Атақты “Чар-диуан” Навои лирикасының өзгеше бір сарасы. Оның төрт бөлімінде адам өмірінің балалық, жігіттік, орта жас, кәрілік кезінін мұн-сезімі баяндалады.

М.Әуезов Абайдың жас кезіндегі өзі атаған шығыстық өлеңдері осы “Чар-диуанның” жігіттік дәуірін, нәзіктік нақыстарын жырлаған үлгілеріне келеді дейді. Навоидың түр жағынан қиын, қызық ырғақ-үлгі мол. Өлең шумағы, тармақ саны бойынша бөлінетін түрлері мынадай болып келер еді: газелдер ішінде “мүстәзәт”, “мұхамес” (бестік), “мүсәддес” (алтылық), “мүсәммән” (жетілік) деген шумақ өлшеулер. Екі жолдан ұйқасатын “мүснәуи”, төрт жолды “рабаят”; кейде егіз екі жолдан қосылып, ұйқасты сөздермен мазмұны бірдей жұмбақ, аса шебер құрылатын “мүәмме” үлгісі бар. Абай “Әліфби” өлеңінің әр жолын араб алфавитінің ретімен тізгені белгілі. Навоиде де сондар әліп би ретімен тізілген газелдер болған.

1895 жылы Әбдірахманның қазасына байланысты қайғыға батқан Абай “Лай суга май бітпес”, “Өлсе өлер” өлеңдерін шығарады. Мұнда Абай Алланы тануға; Аллаға илануға тұтас бұрылған қалыпта көрінеді.

*...Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.  
“Мені” мен “менікінің” айрылғанын  
“Өлді” деп ат қойыпты өңкей білмес...*

Абай дін жайын, адамның жаратылыс сырын өлеңде де, кара сөзде де көп қозғаған ойшыл. Ол шығармаларда ислам дүниетанымы, ислам негіздері жатқанын арнайы, кен, әрідегі ғылыми негіздерді ескере отырып, ендігі кезеңде соны пайымдаулар жасаудың қажеттілігі айқын сияқты.

*...Қоңілге шек шубәлі ой алмаймын,*

*Сонда да оны ойламай қоя алмаймын,  
Ақылдың жетпегені арман емес,  
Құмарсыз құр мұзғуге тоя алмаймын.*

1898 жылы жазылған өлеңі “Өлсем, орным қара жер” М.Әуезовтің түйіндеуінде Абай өмірінің соңғы шағының үлкен қорытындысы.

1902 жылғы “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” деген өлеңінде де ақын дін, исламият жайын қозғайды. Адамзатты махаббатпен жаратқан Алланы сүйуге тартады.

*...Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй сол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті.*

Абайдың Шығыс әсерімен жазылған шығармалары оның “Масғұт”, “Ескендір”, “Әзім” дастандары. Бұлар негізінен шығыстық дастан аңыздардан немесе ертегілік тақырыптардан алынған сюжеттерге құрылған.

“Масғұт”. Бұл шығарманың уақиғасы, тақырыбы шығыс халықтарының аңызынан алынған. Масғұт Бағдат шәһарында тұрады. Заманы һарон Рашидтің билік еткен тұсы. Масғұт діни аңыздарда жүретін Қыдырмен кездеседі. Масғұт бірнеше ерекше халдерге, уақиғаларға ұшырап барып, үлкен адамгершілік сапаға ие болған жан. Масғұттың Қыдыр қария ұсынған үш жемістің бірін таңдауында да көп астар жатыр. Біздіңше осы шығарманың арғы негіздерін Абайдың “Ескендірін” зерттегендей індете қарастырса, тың, тосын қисындарға жол ашылар еді. Қазірге шейінгі “Масғұттың” ұғындырылып, бағалануы әлі де толық еместей. Оның түп-төркіні қазақ арасына ХІХ ғасырда кең жайылған шығыстық желілердің қай арнасынан іздестіру қажет деген мәселе абайтанудың ендігі дамуында сұранып тұрған міндетінің бірі сияқты. Бұл жерде мақсат кезінде Мұхтар Әуезов айтып кеткен құнды қисындардың бағасын түсіру емес екендігі белгілі. Мәселен М. Әуезов кезінде “Ескендірге” байланысты айтқан мына бір пікір “Ескендірнаманы” кең қамтып зерттеген кейінгі еңбектерде (Мәселен, 1 тарауда келтірілген С. Қасқабасов зерттеуі – Қ.М.) жаңа бір болжам-байламдармен өрісін жайып, өзгеріске түсті емес пе?!



“Ескендірді, сонғы тапқан деректерімізге қарағанда, Абай Ескендір жайындағы аңызды, түгелімен сол Низамидің “Ескендірнамасынан” алған [150, 179 б.].

“Мың бір түннен” алынған “Әзім әңгімесін” де зерттей түскен жөн.

Абайтанушы Мекемтас Мырзахметов Абайдың Шығыс поэзиясының үлгісін пайдалануын сөз еткенде оның Шығысқа қатысының әр кезеңде әр түрлі дәрежеде болғандығын ескеру қажет дейді.

а) Алғаш жазған өлеңінде гаруз өлшемін Абай ақындық тезге салмай-ақ сол қалпында қолданған. Үйрену, еліктеу машығынан туған шығармалар.

ә) 44 жасында жазған “Білімдіден шыққан сөз” өлеңінде түркі гаруз уәзіліндегі ұйқас түріне қайта назар аударады. Сегіз шумақ өлеңнің барлық жолдары жеті буынға құрылып, бірінші шумақтан басқа шумақтар “а-а-а-б” тәрізді көне түркі поэзиясы ұйқасымен беріледі. Шумақ аралық желілі ұйқас өріледі.

б) 45 жасында жазылған “Келдік талай жерге енді” өлеңінде де көне түркі поэзиясындағы сирек ұшырасатын өлең өрнегі мен қазақтың ұлттық тума үлгісінің аралығынан туған жаңа кесте, тын үлгі, соны өрнек. Шумақ аралық желілі ұйқасқа қос егіз ұйқас, қаусырма ұйқас, кара өлең ұйқасы де кірістіріліп жіберілген.

Зерттеуші Абайдағы ұйқас түрлерінің ішінде шалыс ұйқастың орыс әдебиетінен келген ұйқас емес, ортағасырлық түркі поэзиясында кездесетін, берідегі Асанқайғы жырларында, жыраулар поэзиясында кездесетін ұйқастармен сабақтастыра қарастырады.

Абай өзі жазған өлеңдерін белгілі-бір өлең өлшеміне, атап айтсақ, бармақ уәзіні деп аталатын силлабикалық өлең өлшемі негізінде жазғанын өзі де ескертеді. Осы уәзінге салып, қылауын қисайтпай шығарған өлеңдерін тосырқаған тыңдаушыларына:

*Уәзінге саяып тізілген...*

*Қайран тіл, қайран сөз*

*Наданға қор болған, –*

дейді.

Абай Науандың “Мезонул авзал” (уәзіндер өлшеуі), Бабырдың “Ғаруз рисаласы”; “Құдатқу білік”, “Қабус-наме” шығармаларындағы өлең жүйесі туралы теориялық танымдар, гаруз, бармақ уәзіні жайлы ой-түйіндермен таныс болған.

“Кабус-намеде” акындық жолға түскен адамның ғаруз уәзіні жайлы ілімді меңгеру керектігі айтылады.

Абай өлеңде қазақ өлең құрылысының табиғатына сай бармақ уәзінін негізге алған. Алғаш ғарузді қолданып көргені де белгілі.

Қазақ әдебиетіне Абай ендіріп деп жүрген “мәт” уәзіні (ғарузи) оның таза еліктеу жылдарында туған алғашқы “Иузи раушан...” өлеңінде орын алғанымен, басқа жерде кездеспейді.

Зерттеушілер, өлең теоретиктері айқындай түсер мәселе бұл төңіректе аз емес. Бір пікір ғаруз өлшемін қолданып отырды десе, келесі бір зерттеулердің ғаруз деп жүрген “а,а,а,б” түріндегі өлшемін түркі әдебиетінде ежелден орныққан өлшем екендігін айтады.

Абайдың Шығыс классиктерінен (оның ішінде шағатай әдебиетінен) қазақ әдебиетіне ендірген өлең өрнегіндегі тын жаңалықтары негізінен оның “Білімдіден шыққан сөз”, “Келдік талай жерге енді” өлеңдерінде айқын көрінетін сияқты.

*Білімдіден шыққан сөз  
Талаптыға болсын кез.  
Нұрын, сырын көруге  
Көкірегіңде болсын көз.  
Ұқпасын ба сөзді тез...  
Түзелмесін білген ед...  
Ұйқылы, ояу бой күйез...  
Біржаң, қылжаң ит мінез...  
Оған ақыл арам без...  
Неге алтынды десін жез  
Мейлі қамқа, мейлі боз.*

Абай Науаида. Қожа Ахмет Яссауида [166] мол қолданылған ғаруз ұйқасын алғанымен, жаңа өлең өрнегін жасаған.

Бұл жердегі Абай өлеңіндегі буын, бунақ, ұйқас әрі әр шумақтағы соңғы өлең жолындағы ұйқастардың бірінғай үндес сөздермен келуі Махмұт Қашқари сөздігіндегі өлең моделімен тектес, туыстас екендігі көрініп тұрғандығын М.Мырзахметов атап айтады.

Қажым Жұмалиев Абай сөздіктерінің халық ауыз әдебиетінен келген қолданыстардан кейінгі екінші бір арнасы – араб, парсы тілдерінен кірген сөздер дейді. Бұлардың бірқатары терминдік мәндегі әдебиет, философия, діни ұғыммен байланысты ғылымдық сөздер екендігін айырып көрсетеді. Мәселен: “Ғадәләт пен

мархамат”, “хаос”, “мүтәкелмин”, “мантықын”, “тәһуәліне”, “Еппатайна қалқаусар”, т.б.

Қажым Жұмалиев Абайдың өлең тіліне, өлең құруына Шығыс әдебиетінің ықпал-әсерін нақтылы, дәлелді мысалдармен қарастырды.

“Абай өлеңдерін зерттеуші кейбір жолдастар Шығыс әдебиетінің әсері дегенде, өлең құрылысы жағынан көбінесе келтіретін мысалы:

*“Сенсің жан ләззәті,  
Сенсің тән шәрбәті”*, –

дейтін өлеңі. Шынында бұл дұрыс емес. Өйткені, бұл не гаруз, не (а,а,а,в,а,а,а,в) ұйқасы емес, қазақтың буын санына негізделген алты буынды қара өлең ұйқасы (а,а,в,а). Сондықтан, араб тілінің қолданылған “ләззәті”, “шәрбәті” деген сөздер ол өлең құрылысына дәлел емес, оны тек сөздігі жағынан ғана алып қарауымыз керек.

...Бізше, шағатай әдебиетіне еліктеудің ең соңғы кезені деп, Абайдың “Білімдіден шыққан сөз” деген өлеңін айтуға болады. Мұның алдығы, төрт жолы қара өлең ұйқасымен келеді де, сонан кейінгі шумақтары “Бақыргани”, “Бәдәуи” түрлерінше (а,а,а,в,а,а,а,в) болып кетеді.

*“Айтшы, айтшылап жалынар,  
Ұққыш жансып шабынар,  
Ұқпай жатып жалығар,  
Ұйқылы-ояу бой күйез”  
“Жас баладай жеңсік қой,  
Байлаулы емес, ақыл ой,  
Ойлағаны айт пен той,  
Біржаң-қылжаң ит мінез”*.

Бұл – Абайдың Шығыс әдебиетіне еліктеу сатысының бетін ашуда өте құнды, өте керекті өлеңнің бірі.

...“Білімдіден шыққан сөз” тілі жағынан болсын, құрылысы жағынан болсын шағатай әдебиетінің үлгілерін өз дегеніне әбден көндіріп алған кезі екенін көрсетеді [134, 177 б.].

Абайдың сөз таңдауына қатысты Рабиға Сыздықова келтірген орынды, орнықты қисындар аз емес. Абай тұсындағы “кітаби тілдің” ғалым берген анықтамасы әрі қысқа, әрі нұсқа.

Ол тіл – қазақтың ескі жазба дәстүрінің жалғасы, “шағатай тілі” немесе “түркі” деп аталатын ортаазиялық ортақ жазба дәстүрдің негізінде қалыптасқан тіл болғандықтан, қазақ төл әдебиетінен өзгешеленетін белгілері болды. Ол белгілердің бірі – халық тіліне еңбеген, көбінесе діни мазмұнды немесе абстракт ұғым атауы болып келетін араб сөздерінің едәуір мол қолданылатындығы болатын. Абай өлең тіліне, әсіресе прозасының тіліне бұл элементтерді де таңдай білген.

Абай араб, парсы сөздерін белгілі-бір стильдік мақсатпен таңдап қолданады.

Абай таза Шығыс әсері, Шығыс үлгісінде ғана жазылған өлеңдерінде ғана емес, жалпы шығармашылығында араб, парсы сөзін аз қолданған жоқ. Оның себебін ғалым Р. Сыздықова Абай тұсындағы қазақ әдеби тіліне жазба сипат беру үшін кітаби тіл элементтерін пайдаланылып отыру шартымен қисынды сабақтастырады. Абайдың “Ғылым таппай мақтанба”, “Сегіз аяқ”, т.б. өлеңдерінде *пәруадигер*, *нәфратлі*, *гибратлы*, *баъра*, т.б. сондай қолданыстар.

Абайдың “Қыз сөзі”, “Жігіт сөзі” өлеңдерінде кітаби қолданыс бар.

Абай ілгеріде аталған “Алла деген сөз жеңіл”, “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” өлеңдерінде *Алла*, *махаббат*, *тағрип*, *шүбә*, *мәджүр*, *куаһ*, *хаус*, *аманту*, *тағриф*, *нәфсі*, *иман*, *тахқиқ*, *тасдиқ*, *руза*, *бенде*, *мунафық*, *кінә*, т.б. сөздерді де белгілі-бір стильдік мақсатпен таңдап жұмсап отырған.

Яғни, Абай, араб, парсы сөздерін қолдануда да өзінің қозғаған жайын ұтымды жеткізудегі сөз таңдау тәсілін ұстанып отырған. Шет тіл сөздерін қазақ тілінің аясында емін-еркін, ұтымды, дөп қолдану шеберлігін, ақындық алымын сөз таңдауда да аса айқын танытып отырған.

Абай “қара сөздеріндегі” шет тіл сөздері мен тұтас сөйлем, тіркестер де Абайдың сөз жұмсаудағы әдіс-амалын айқындай түседі. Сонымен бірге ислам негіздерін ұғындыру, тарата айту мақсатында жазылған, иманның жайын қозғаған көптеген қара сөздерінде шығыстан келген сөздер белгілі-бір терминдік қалпында, мәнде алынып отырды.

Құлмат Өмірәлиевтің “Абай афоризмі” еңбегінде Абайға Шығыстың әсері әріден, мол әдеби, мәдени дәстүрлер үрдісін сабақтастықта қарастырып отырып таразыланады.

Еңбекте зерттеуші абайтанудағы ілгерідегі зерттеулердің белгілі бір шеңберлерден шыға алмаған, әрі өрістей алмаған күйінен көп ілгері кеткен ғылыми қисындарға барғаны, баршамызға белгілі көрінгенімен, үстірт қана Абайға мүлде қатысы жоқтай, қозғалған мәселелерден сыр тартады.

“...Шығыс әдебиетінің шамшырақтары осы ұлы классик ақындар ғана емес, жалпы Шығыс әдебиеті шешендікте құрылған өнеге тіліне өте бай болып келеді. Оның діни білімі де, заң, право негіздері де т.б. тақырыпта жазылған алуан кітаптары да өсиет, үгіт сарынды шешендік тілге құрылған. Бұл афоризмдердің діни, қияли қабыршағын сыпырып тастаса, ақылды айтылған адамгершілік қағидалары шыға келеді... Қысқасы, тақпақтай сөйлеу, өмір сабағы қорытындысын айтып тастайтын үлгіде қанатты сөз айту, шешен сөйлеу – шығыс әдебиетінің табиғи тұма қасиеті болатын.

Міне, Абай өзінің дидактикалық поэзиясында осылардың ішінде тәжіктің әрі парсының ұлы классиктері Сағди мен Хафизге жақын болса, қара сөздерінде Науаидің “Махбубуа кулубина”, Кейкабустың “Кабуснамасына” ұқсату бар-ды” [162, 39 б.].

Сонымен, Абайдың Шығыс ықпалымен туған шығармаларының үлкен бір арнасы – оның дидактикалық поэзиясы. Өсиет өледі. Дүние, тіршілік түйіндері жайлы нақыл сөз, афоризмдері.

Абайдың “қара сөздеріндегі” кітаби тілге тән синтаксистік ерекшеліктер де Абай шығармашылығына Шығыс әсерінің бір көрінісі.

Мәселен: “Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен” “Әрнәшік білмек керек: Жоғарғы екі түрліден басқа иман жоқ” “Әрбір байқаған кісі білсе керек: күлкінің өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден гафил көп өлетұғынын, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыратұғынын” “Жұрттың бәрі біледі: өлетұғынын және өлім үнемі қартайтып келмейтұғынын, бір алғанды қайта жібермейтұғынын”.

Бұл үлгілер Қ. Өмірәлиевтің атап көрсетуінде Абайдың қара сөздеріне ғана тән, сол кездегі көне түркі әдеби тілі әсері негізінде жасалған ерекше бір синтаксистік үлгі.

Ал бұл жөнінде бұл ерекшелікті Р. Сыздыкова ауызша, шешендік сөйлеу, шешендік үлгі, қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі есебінде қарастырған.

Абай қарасөздеріндегі араб, парсы тіліндегі қолданыстардың жиілігін Абайдың 1993 жылы “Ел” баспасынан шыққан “Абай”

(қарасөз, поэмалар) жинағында берілген сілтемелер арқылы жай ғана қарастырып көргеннің өзінде, шет сөздерді қолдануда (*тек араб, парсы емес* – К.М.).

Назар аударарлық жайлар байқалды:

1-Сөзде шет сөз жоқ.

2-Сөзде 2 шет сөз.

12–2, 13–8, 22–1, 25–3, 27–6, 28–1, 31–1, 32–8, 36–2, 38–188, 43–5.

Бұл шет сөздердің көпшілігі араб, парсыдан енген түрлі мәндегі сөздер.

*Иманның игтиқаты, махкамлемен, дәлел испат, тақлиди иманы, Құдай тағаланың гафузы, хикмет, дағдысына, салахият, гибратләну, хузур хасия, һауас салим, кәмелат, хаттә, мүслим, хаят, басар, кәлам, тәкин, магрифитулла, ужуді һәмишә, ниһаятсіз, гафлят, сунатына, т.б.*

38 кара сөзде қолданылған шеттен келген, кітаби сөздің молдығы бұл сөздің діннің жайын таратып айтқан табиғатында жатса керек.

Абайдың Шығысы зерттеуге әлі де зәру. Абай поэзиясындағы шығыстық үлгілерді тұтастай, өзіндік айырым-белгілерімен, атап айтқанда Абайға араб поэзиясының әсері, парсы поэзиясы және Абай өлеңі, ортағасырлық түрік әдебиетінің, жазба тілдің Абай шығармашылығындағы көріністері мәселелерін әлі де арнайы зерттеулермен толықтыру қажет. Абайдың дін тануы, дүниетанымы жайы, нақтылы исламиятқа қатысы, соның ішінде сопылық поэзия мен оның Абай поэзиясына қатысы тұрғысында нақтылы зерттеулер қажет. Абайдың ақындық айналасы, Абай ақындығының бастау бұлақтарында сөзсіз елеулі орны бар Шығыс әдебиетінің Абай поэзиясымен сабақтастық желілерін арнайы зерттеу – абайтану арналарын ғылыми негіздеуді орнықтыруда елеулі міндет.

Бұл тұрғыда тек бір ғана М.Әуезовтің Абайдың Шығысы туралы айтқандарының өзінен әлі де толып жатқан қисындарды тауып, таратуға болар еді. Әрине, Абайдың өзінен іздеп табарымыз да аз болмаса керек.

Жазушы Сәкен Жүнісовтің Мұхтар Әуезовтің “Абайтанудан” оқыған лекциясынан жасаған конспектісі 1996 жылы “Саһат” баспасынан кітап болып шықты. Сондағы М. Әуезовтің Абайдың Шығысына қатысына байланысты қайсыбір мәлімет, түйіндерін басқа ешқайдан кездестірмейміз. Мұхтар Әуезовтің осындағы пікірлері, сөз жоқ, оның абайтанудағы Шығыс жайлы түйіндерін толықтыра түсер құнды ойлар.

“Арабта күшті адамдар болған. Гете “Шығыста 7 акын бар. Ең төмені менен артық” деген. Міне, осылардың бірін де ол кезде медресеге жолатпаған.

...Медреседе Абай мантиқты да (логика теософияны), (діни философия) да оқиды. Шағатай, фарсы тілдерінде еркін оқитын болған. Науаи, Физули (азербайжан). Сағдиларды көп оқыған.

... Мешітте Құтпа оқытқан. Мұны уағыздайтын Қожахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, Софы Аллаяр, Маиұраб (“Дюсон” деген жинағы) деген ақындардың өлеңдерін оқуға ұлықсат етілген. Мұның бәрі түркі тілінде жазылған. Абай шағатай, иран ақындарын көп оқиды. Мүти Рабби, т.б. арабтың жақсы философ ақындарын айтпайды. Өйткені оларға артық жете таныс еместігі.

Абуғали Сина, Аверроэс (Ибн Рушд) деген арабтың екі үлкен философы бар, қазіргі история философияда аталып жүрген.

...Мұтазалид “Құранның бәрін қабылдай бермеу керек, ойланып барып қабылдау керек” дейді.

Мұтазаламин “Ақылмен ойлау керек жок, тек илану керек құранның сөзіне, көңілге ештеңе алмау керек” дейді.

Абайдың осы мұтазаламинді сөккен жері бар...

Сонымен Абай Шығыс мәдениетін жеңіп алды. Ол білімді медреседе жүріп алады. Бірақ, араб ақындарының кейбірін білгенмен, оларға ссылақ жасамаған” [163, 29 б.].

Абайдың Шығысын зерттеуде Мұхтар Әуезов ұстанған осы терең зерде, білімдарлық бүгінде қай кезеңдегіден де көкейтесті.

Абай және ХІХ ғасырдағы қазақтың жаңа жазба әдебиеті, қазақ әдебиетіндегі Еуропа, орыс үлгісі – абайтану ілімінің қалыптасу тарихында үнемі қозғалып, қарастырылып отырған құбылыс.

Абайдың Батысқа қатысы туралы, ақындық кітапханасы туралы алғашқы дерек Әлихан Бөкейхановтың 1904 жылғы “Семипалатинский листоктағы” (№250-252), “Абай Құнанбаев” мақаласында басылды.

“Сонымен Абай Спенсердің “Тәжірибелерін”, Льюистің “Позитивті философиясын”, Дрепердің “Европаның ақыл ойының дамуын”, Н.Г.Чернышевскийдің “Современниктегі” мақалаларын оқыды және олардың тағдырымен жақсы таныс болды” [82, 15 б.].

Әлихан Бөкейханов Абайдың асқан ақындық қуатын қуана айтып, оның табиғат көрінісі түскен жыл мезгілдері жайлы жырларын Европаның атақты ақындарының туындыларының қатарына қосты.

Джордж Кеннан Абай өлеңдерінің Лермонтов поэзиясымен поэтикалық туыстығына, үндестігіне алғаш назар аударған сияқты.

1909 жылғы Абай шығармаларының алғашқы басылымында Кәкітай Ысқақұлы Абай ақындығының арналарынан мәлімет берді.

Алексей Белослюдов XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің жай-күйін білгірлікпен зерделейді. Оның мына бір пікіріне назар аударалық. “XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ әдебиетінің жаңа кезеңі – жазба әдебиеті басталды”. Бұл жерде, біздіңше, сөз XIX ғасырдағы Еуропа үлгісіндегі жазба әдебиет туралы болып отыр.

Абайдың орыс, Батыс әдебиетінен алғаны, үйренген үлгісі жайлы таным абайтану ілімінің алғашқы негізгі қалана бастаған тұстан, күні-бүгінге шейін жалғасып отыр.

Абайдың танылуында, абайтанудың қалыптасуында “Қазақ” газетінің тарихи орны болды. Абай ақындығының ерекшелігін ғылыми негізде зерделеген еңбектің басы – Ахмет Байтұрсынұлының “Қазақтың бас ақыны” мақаласы. Осында Абайдың орыс мәдениетінен үйренген үлгісіне Ахмет Байтұрсынов былай деп назар аударды:

“Орыс адамдарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл тактан орын берген” [14, 218 бб.].

Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгі, өрнегі барын, оларды ойдан шығармай, көпшілігін орыс әдебиетінен алғанын, орыс өлеңіндегі өрнектердің қазақ тіліне жарайтындығын ең алғаш Абайдың бастап көрсеткенін А.Байтұрсынов зор көсемдігіне балайды.

А.Байтұрсынов Ә.Бөкейхановтың Абай жайлы мәлімет-дерегінен үлкен ойшылдық табиғатын танытар зор мән табады.

“Хакикатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әр түрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халін жазушы Ғалихан Бөкейхановтың айтуына қарағанда, Абай – Спенсер, Лусис, Дрепер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынның өлеңдерін сүйіп оқыған” [14, 221 б.].

Тіл тазалығы мәселесін қарастырғанда А.Байтұрсынұлы орыс жазушыларының тілдік қолданыстағы ұстанымдарын атап көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы орыстың жақсы жазушылары көбінесе ескірген сөздерге жоламаған. Жаңадан шыққан сөздерден де қашқан. Өз тілінде бар сөздің орнына басқа жұрттан сөз алудан қашқан.



Жергілікті сөздерге жоламаған дейді де, қазақ әдебиеті қатып-пісіп жетпеген уақытта қазақ сөзін ескі, жана деп талғамаймыз, ескі сөзден де қашпаймыз, біздің мықтап қашатынымыз жат сөзшілдік болмағын баса айтады.

Бұл тұста жалпы. қазақ әдебиетінің теориялық мәселелерінің қай-қайсысын болмасын сөз етуінде үнемі айтып отырмағанымен. Абайдың үлгісі, Абайдың дәстүр, үрдісі галымның үнемі назарында болғаны даусыз.

Абайдың орыс әдебиетіне қатысын ұстанып ұғындыруын Рымғали Нұрғалиев Ахмет Байтұрсынов мұрасының негізгі арнасының бірі деп атап көрсетті.

1916 жылы Нәзір Төреқұлов “Әдебиетімізге көз салу” мақаласында былай деп жазды: “Еуропаға еліктеу меніңше қорқынышты емес. Үйткені Еуропа мәдениетінің бір асылы дух критицизма – рух сыны, бұл бізді жүре алмайтын тұйыққа, шыға алмайтын шыңырауға алып кетпек. Еліктеуіміз өлшеуден шығып бара жатса, рух сыны бізді және көзімізді ашып, қатемізді көрсетер. Абай әдебиетіміздің атасы, бұл жолдың қорқынышсыз, біздің үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды. Әйтпесе Абай үшін араб, ғажам жолы да ашық еді...” [82, 85 б.].

Мұхтар Әуезов “Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі”, “Абай – әдебиеттің басшысы” мақаласында Абайдағы Еуропа үлгісінің бір мән, бір қырын танудың сырлы қақпасын ашқан ой тартады. “Бұдан соңғы бір үлкен үлгісі – қызметі қырдағы қалың қазаққа Еуропа мәдениетінің есігін ашқан. Орыстың Пушкин, Лермонтов, Крыловтарын қазаққа танытушы – Абай. Мәдениетті жұрттың ысылған тілімен айтқан тәтті күй, нәзік сезімдерін Абай қазақтың дүкен көрмеген жалпақ тілімен өзіндей тәтті қылып, сезімді қылып айтып берген. Сондықтан Абай қазақ оқушысының сезімін де тәрбиелеген. Қазақтың тіліне Абайдың сіңірген еңбегінің арқасында бұл тілдің барлық байлығы оралымдылығы, өрнектілігі табылған” [82, 105 б.].

Абайдың қазақ тілінің қуатын көтеріп, құнарын арттырудағы шығармашылық өріс, алымына орыс, Еуропа әдебиеті мен мәдениетінің де зор ықпалы болды.

Абай қайсыбір тұста, әсіресе аударма шығармаларда орыс әдебиетінен сөз жасам үлгілерінен пайдаланды. Абай өлең құрылымында да орыстық, Еуропалық үлгіні жатсынбай, жаңаның басы болды.

Абайдың ойшылдық, сыншылдық алымында да орыс әдебиетінің әсер-ықпалы өлшеусіз. Осы орайда Абай поэзиясын мейілінше зерттеген теоретик ғалымдар мен абайтанушылардың түйін-тұжырымдары бұл тоқтамдарды бекітіп, шегелей түсетіндігін, жана танымдардың қозғаушы күші болмақтығын айтқан жөн.

XIX ғасырдағы жаңа жазба әдебиет түрі, стилі жағынан XIX ғасырға шейінгі және сол тұстағы дәстүрлі әдебиет үлгілерінен көп өзгешелік, ерекшелікпен қалыптасқан әдебиет болды. Сол үлгі, өзгешеліктің негізгі түрлері Абай шығармаларында туып, қалыптасты. Орыс, Еуропа үлгісі Абай шығармасының бар түрінде кездесетіні даусыз.

Нақтылы қандай түр, үлгі, үрдіс екендігі абайтанушы ғалымдар зерттеулерінде белгілі бір деңгейде ашылып, айқындалған. Бұл белгілер өлеңдегі ырғақ, буын өлшеуіне, сөз тіркесін құруға, ұйқас жөндеріне, т.т. қатысты жайлар.

М.Әуезов Абайдың “Сен мені не етесің?” деген өлеңінде тоқталуында былай дейді: “Әні де қазақ айтып, естіп жүрген ән-күй ырғақтарынан мүлде бөлек. Бұндайлық өлең түрін құрып, ән өзгешелігін іздегенде, Абай қазақ музыкасы үшін әдейілеп речитатив өрнегін тапқан тәрізді. Тегінде речитатив музыкасында драмалық-уақиғалық мазмұн молырақ болады...” [150, 142 б.].

Осы тұста М.Әуезов Абайда Лермонтов лирикасының зор әсері бар тәрізді дегенді алға тартады. Бұл – Абайдың әр жолдың ырғақ, буын өлшеуін қатты өзгерткен, кей жолы төрт-бес сөзден құрылса, кейде 1 сөз 1 жол болып келген, Абайдың өлең уәзінің өзі тауып, соған лайықтап ән шығарған ең алғашқы өлені.

Бұл өлең туралы әдебиет зерттеушілердің пікірі үнемі Әуезов тұжырымымен үндесе бермейтінін айтқан жөн. Мәселен, Қ.Өмірәлиев, Р.Сыздыкова пікірлері. “Сен мені не етесіңнің” жаңалығын Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, Т.Әлімқұлов, т.б. көрсетті.

Абайдың өлеңге әкелген жаңалығын М.Әуезов: “Әлденеше жаңа шумақты, жаңа ырғақ, ұйқасты буынға қазақ поэзиясы ғана емес, өзінің де еңбектерінде бұдан бұрын болмаған түр, стильдер тугызады” [150, 145 б.].

1890, 1891, 1892, 1893 жылдары Абайда он бір буынды төрт жолды шумақ ұйқаспен жазылған бір-ақ өлең – “Жазғұтұры” ғана бар дейді М.Әуезов.

Бұл жылдар – Абай шығармашылығында өлеңнен қара сөзге ойысқан, аударма еңбектері көбейген кезен. Яғни, Абайдағы осы тұстағы көп жаңа түрге орыс әдебиетінің ықпалы айқын.

Бұл – абайтанушы М.Әуезов, К.Жұмалиев, З.Ахметов, Әлімқұлов әсіресе айқын көрсетіп берген өзгешелік. М.Әуезов алғаш рет Абайдың жаңа түр енгізген бір өлеңі “Келдік талай жерге ендіні” бөліп атап көрсетті.

“Бар өлең өзгеше бір ұйқаспен жалғыз ұйқаспен берілген. Түр жағынан өзгешелік тағы бір тың жаңалықпен байланысты. Бұнда тұрақты шумақ жоқ. Әуелгі шумақ алты жолдан басталып, соның ең соңғы жолында берілген ұйқасқа кейінгі төрт жолды, үш жолды шумактардың үйлес келген ұйқастары тізбектеледі. Өлеңнің аяғына шейін сондай үйлесімдер созыла барады. “Бергенді”, “ергенді”, “белгі енді”, “желгенді” деген сияқтылар болады” [150, 147 б.].

Абайдың “Көлеңке басын ұзартып” өлеңінде де орыс әдебиетінің ықпалы айқын. М.Әуезов бұл өлеңнің табиғат жайында реалистік дәстүрмен ірі суретшілікпен туғызған шығармалар қатарында жаңа сапада бөлекше көрінетіндігін, орыс классикалық поэзиясы дәстүрінен ауысқан ірі ерекшелік барын атап айтты. Табиғат көркін ақын көлденеңнен көрмейді, дүние суретін өз көңілімен шарпыстыра, матастыра жырлайды дейді.

Орыс әдебиетінің ықпалы әсіресе Абайдың аударма өлеңдерінде көрінуі заңды. Абай аудармада автормен жарыса отырып, қазақ өлеңінде жаңа түр тапты.

М.Әуезов үнемі осы жайды айқын ашып отырды. Нақтылы үлгіні таратып, талдап беру арқылы. М.Әуезов “Абай Татьяна мен Онегиннің ішкі сезім сырларын ашқанда, өз қолынан келген ақындық шеберлік, ізденушілік өнерінің бәрін жұмсайды. 1889 жылға шейін Абайдың өзі жазған өлеңдерінде Татьянаның хатындай немесе соңғы жауабындай және де Онегиннің “Хұп білемін сізге жақпас” деген хатындай өлеңді ұшырата алмаймыз. Бұл өлеңдерге Абай бұрын қолданбаған тың түр табады. Онысы – шалыс ұйқасты қолдану. Ырғақ жағынан да Пушкиннің қысқа жолдарына жақын отыруға тырысады... Абайдың ақындығы осы еңбек арқылы өзі де биік белге шыққандай болады”.

Аударма арқылы түр табу – Абайдағы жанашылдықтың өзекті бір саласы.

Қажым Жұмалиев Абай поэзиясын тіл қолданыс тұрғысынан арнайы зерттеуінде былай деп мәселенің мәнін аша түсті: “Бірақ,

бізше Абайдың орыс әдебиетінен алған үлгісі оның еңбектерінің басқа жағында. Абай өзіне шейінгі ақындардың ешқайсысында болмаған жаңаша сөз, жаңаша сөйлем құрылыстарын көп кіргізген ақын. Жеке сөз, жеке атаулары араб, парсы сөздерінен көп қолданылса да, жаңаша сөз, сөйлемдердің үлгісін жасап, оны әдебиетке енгізу жағын зерттессек, мұның терең тамыры араб, парсыда емес, орыс әдебиеті, орыс тілінің негізінде жатқандығын көреміз” [134, 183 б.].

Абайдағы сөз жасамның түп негіз, қайнар көздері Қ.Жұмалиевтің бұл пікірі айтылғаннан кейін де жан-жақты қарастырылып келеді. Алайда, Қ.Жұмалиев пікірі сол орынды айтылған орнықты тұжырым күйінде өз мәнінде құндылығын ортайтпайды. Абай тілінің, Абай өлеңінің ішкі сырындағы елеулі бір қыр есебінде бұл мәселе абайтануда жалғасып, жасай береді.

Абай орыс әдебиетінің образ жасау, ой беру әдісін ұтымды пайдаланды. Жатсынбай, еркін игеріп, меңгерді. Абай қазақтың тілінде бұрын қолданыста болмаған жаңа сөзді қандай жол, қандай әдістермен жасады дегенде Қ.Жұмалиев нақтылы дәлел, дәйекпен ой түйінін ашудың жөнін алғаш қисындады.

“Абайдың жаңа сөздері әр түрлі жол, әр түрлі әдістермен жасалынады. Кейбіреулері қазақта қолданылмаған, өзінің кіргізген сөздері. Кейбіреулері, сөздің түбірі бұрын болса да, Абайдың қолданысындай жалғау, жұрнақтармен қоса айтылмайтын сөздер тобы бұрын бар, қазірде де қолданылатын сөздердің алдына жаңа эпитет, жаңа теңеулер қойып жаңа образ жасап, жаңаша көркемдік мән беру. Немесе, сөздерінің бәрі, күнбе-күн қолданылатын сөз болса да, дағдыдағы калыптан сөз орнын ауыстырып, жаңаша экспрессия жасау, қысқасы әралуан етіп сөз, сөйлемді жаңарту” [134, 185 б.].

Қажым Жұмалиев осы тұста Абайдың тарихи ұлы еңбегі орыс тілі, орыс әдебиетін үлгі етіп қазақтың әдебиет тіліне жаңа сөз, жаңаша сөйлем құрылысын кіргізгендігі емес, оның өзі енгізген жаңа сөздері мен *“мен сынық жан”*, *“ауру жүрек ақырын соғады жай”*, *“жалтаңдаған жас жүрек”*, *“қонады бір күн жас бұлт, жартастың төсін құшақтап”*, *“жас жүрек жайып саусағын”* дегендей жаңаша сөйлем құрылысы, жаңаша сөз қалаулары дейді.

Қажым Жұмалиев Абай орыс әдебиетінен үйрене отырып, Абайлығын сақтап қалды дейді.

Абайдың сөз өрнегіндегі көп үлгі, сөз жоқ, орыс әдебиетінің нәрінен дарыған. Аударма Абай тілін дамыта байыта түскен фактор болды.

Абайдың жұмбағына көп үнілген Тәкен Әлімқұлов Абайдың көбіне Лермонтовтың бір өлеңін екі нұсқада аударып, өз шеберлігін өзі жарыстырып отырған тұстарын көрсетеді.

“Ысылған реалистік” аударма дәстүрі қазақ топырағында Абайдан басталатынын, аударма мәдениеті де сол Абайдан басталғанын Т. Әлімқұлов өзі сан қырынан саралаған. Абайдың аударма шығармаларының бар сыр, бар қуатын, ақындықтың өзгеше болмысын сезініп сезінтіп отырып желілейді. Аударма өнерінің теориялық негіздемесін таратады.

...Абай аудармаларының тексті өте-мөте нығыз, тығыз, шымыр келеді, ішті дүниелер; поэзиялық аударма – екі тілдің жарысы, ойдың, сезімнің, образ жүйесінің жиынтығы сомдалып шығуға, аударушының қанымен қайнап шығуға керек; аудармашы – автор түпнұсқасымен бәсекеші, аударма құты – қашпас қазына. Абай ширатып аударарды. “Әсіресе поэзиялық аударма түпнұсқасымен жарыса, жұтына, құйқылжи шыққанда іштей толысып, сырттай түлейтінің бар” [57, 107 б.].

Абай аудармаларынан Т.Әлімқұлов асқан үлгілік, шынайылық, нәрлілік, жанашылдық, қым-қуыт қиыншылық көреді.

Т.Әлімқұлов Абайдың шығармашылық сырына қатысты көп-көп қисынды, тосын, анық тұжырымдар жасайды. Құр таңырқаудан, құрғақ тамсанудан туған долбар емес – сөз дәмін сезіп, сезінтіп, ақынның жүрек соғысын нәзік аңдап, барлап айтқан құнарлы сөз. Осыдан 40 жылдай уақыт бұрын абайтанудың өзекті-өзекті мәселелерінің көкжиегін көп кеңіткен, дерек, дәйегі мол, тың, сұңғыла талдау.

Абай шығармаларына орыс әдебиетінің ықпалын көп таратып айтқан зерттеушінің мына бір тұжырымы елеулі. Терминдік мәні бар ұғымды алға тартады. “Орыс әдебиетінен сын (*астын сызған біз – Қ.М.*) реализмнің дәстүрін қабылдады” [57, 110 б.]. Байқайсыз ба критический реализм – сыншыл реализм емес – сын реализмі. Сыншыл – критичный болса керек.

Тәкен Әлімқұлов қазақ топырағында ысылған реалистік аударма дәстүрі Абайдан басталады. Аударма мәдениеті де сол Абайдан тарайды деп жазды. Зерттеуші аударманың мәселесін қозғауында да Абайдың ақындық жойқын қуатын тым нақты, дәл ашады.

“...Орыс өлеңі ырғақ. екпін үйлесіне қарай құрылады да, буын мөлшерінің бірдей болып отыруын шарт қылмайды. ...Буын мөлшерінің біркелкілігіне құралатын қазақтың силлабикалық жырына Абай батыл жаңалық енгізгенде, сол орыс поэзиясынан үйренгенін көреміз. Әрине, Абай ол дәстүрді қалай болса солай қолдана салған жоқ. Өз халқының рухына мейілінше жатық етіп қолданды. Екі тәжірибені білген ол орыс поэзиясының ішкі ырғағын, десте-десте екпінін қазақтың ежелден келе жатқан халық жырының серіппелі бума-бунақтарына ұластыра, бауырластыра түсті. Осының нәтижесінде қазақ өлеңінде тың да, келісті де ырғақ, ұйқас туды, бір сөзбен айтқанда жаңа форма пайда болды... [57, 37 б.]

“Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман” деп басталатын өлеңде де ішкі ырғақ басым. Он бір буынды жолдар дестеленіп, екпіндеп, төңкеріліп жатады. Бұны орысша “стопа” дейді. Орыс өлеңімен өлшер болсақ, “Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арманда” төрт стопа (ырғақ) бар. “Евгений Онегин” “төрт-бес” стопалы ямбомен жазылған”

Т.Әлімқұлов Пушкинде де, Лермонтовта да етістік сөздердің тым аз қолданылғанын, сол екеуінен “мейілінше бауынған”. Абай да етістікке бара бермейтінін атап көрсетеді. Оның ұйқастары кейде атау түрінде, кейде бұйрық рай түрінде қиын да күрделі келетінін көрсетеді. Т.Әлімқұловтың өлеңдегі ұйқас үлгісі жайлы мына бір анықтамасының да Абай өлеңінің жаратылыс сырына қатысы аз болмаса керек. ...Орыс поэзиясында “еркек ұйқас”, “әйел ұйқас” бар. Әдетте, екеуі айқас түсіп, ырғақ толқынын құлаққа жағымды қондырады. Қазақ поэзиясында ондай ұйқас жоқ. Бірақ айқас нақышқа балама бар. Абайдың шеберлігі осыған саяды. Осының қабатында ол орыс өлеңінің жетім ұйқасына қазақ өлеңінің жетім ұйқасын жымдастырып жібереді.

Абай мұрасын зерттеушілердің ол жаңадан 17 форма жасады дегеніне тоқтала келе Т. Әлімқұлов “асылы бұл өлеңнің сыртқы формасы болса керек. Соған Абай поэзиясының үнділік, оралымдылық, қарапайымдылық жаңалықтарын қоссақ, форма байлықтары шексіз ұлғая түспек” [57, 87 б.].

Абай белгілі бір дәрежеде орыс әдебиетіндегі өлең жасаудың құрылымдық әдіс, тәсілін де үлгі етті. Сөзжасамда да бағдар жасады. Абай орыс әдебиетінен реалистік әдебиеттің белгілі бір кезеңдегі болмыс жаратылысын, бағыт, ағымын көрді. Эстетикалық талғам, талап, ұстанымын ұштауға да орыс әдебиеті ықпалы болды.

Т.Әлімқұлов Абай шығармаларын поэтикалық тұтастықта камтып, түйіндеп, оның ақындық болмысына төрелік айту қолынан келген зерттеуші.

Т.Әлімқұлов Абайдың қайсыбір ән өлеңдері орыс романстарының аудармасы деп, нақтылы салыстыруға барған. “Айттым сәлем, каламқас” – “Кари глазки”, “Сұрғылт тұман дым бүркіп” – Глинка, “Не осенний маленький дождичек”, “Мен көрдім ұзын қайын құлағанын” А.Рубинштейн, “Разбитое сердце” (“Я видел березку”).

Бұл үрдіс Абайдың Лермонтовтан аудармаларында тіптен кең өріске қанат жайғанын айқындауда абайтанушылардың әуелгі пікірін айтқан – М.Әуезов.

“Лермонтовтан Абай жасаған аудармаларды тексергенде, аударушы ақынның сол аудару арқылы қазақ поэзиясына кіргізген жаңаша поэзия мәдениетін айрықша ескеріп бағалау қажет. Көп жерлерде Абай Лермонтовты дәл аударғанда, оның өз жырындағы көркемдік өзгешеліктен басқа жаңа бір жарастық қоса тұрғанын көреміз. Сонда Лермонтов ақындығының сұлу сыр, нәзік сезімдерін жеткізу талабымен Абай қазақтың өлеңінде бұрын әсте қолданылмаған тың жаңалық табады. Қазақтың өз сөзімен өлең құрып отырса да, сол сөздердің қатысуы, кейде жеке сөздердің Абайша шешер ізденгіштікпен өзгеруі өзіне бөлек баға, сын тілейді” [57, 158 б.].

Бұл өзгешелікті кейінде Қажым Жұмалиев, Заки Ахметов нақты үлгілерден көрсетіп отырды.

Т.Әлімқұлов Абай шығармашылығын көбіне орыс, Батыс әдебиетімен байланыста қарастырған зерттеуші еді. Осы уақытқа шейін жанрлық түр өзгешелігі әркімге ұғындырылып келе жатқан кара сөздерін “күнделік” дейді (Европалық ұлы ақындардың көбісінде “күнделік” болған). Абайдың “күнделігі” оның қарасөздері.

Дәл Батыстан енген үрдіс демегенімен, Шығыстық үлгі еместігін айту арқылы да Абай шығармашылығындағы мына бір даралықты Т.Әлімқұлов Батысқа қарай бұрыңқыраған. Ол – Абайдың табиғат көрінісін сезінткен сыршыл лирикасындағы даралық.

“Абай мұрасының әр тарауы дербес еңбектерге татиды. Осы мұраның ең тереңі, ең бағалысы, ең баяндысы – сыршыл лирика. Бұған азаматтық сарын, көңіл сазы, табиғат толғауы, махаббат жыры жатады. Абайдың өмір сырына қанықтығын, қилы пиғылға, мінез-

құлыққа сұңғыла сыншылығын, сүйініш-күйінішін былай қойғанда, туған табиғатты көре, сезе, сезіне білуінде қаншама құдіретті нәзіктік жатыр. Бұл ретте Абайдың:

*Көлеңке басын ұзартты,  
Алысты көзден жасырса  
Күнді уақыт қызартты,  
Көкжиектен асырса.  
Сұрғылт тартқан бейуақыта,  
Төмен қарап мұңдасар  
Ой жіберіп әр жаққа! –*

деп келетін дәріпті өлең дүние жүзі поэзиясына ұялмай қосылатын бұлбұл лирика. Абай табиғаттың шырайлы да мұңды тұсын бейнелеп, соған өз көңіл-күйін ұластырады. Басы ұзарған көлеңке, қызарып батқан күн, кешкі арай, сұрғылт тартқан бейуақыт ақынның ішкі дүниесімен үндесе сыр шертіседі. Өмірдің осынау кештей өткінші екенін пайымдаған ойлы пенде, алғыр ақын әрі мұңая, әрі толықси толғанады. Ой мен сезімді жалаң бермей, сиқыр суретпен жымдастырады. Мұндай суреттер шығыс поэзиясында көбінесе теңеу түрінде келуші еді. Абай оған соқпай, шымырлаған сезімге, пікірдің тереңдігіне бойлайды, шеберліктің мәдениетін көздейді” [57]. “Сөздің сыртқы сұлулығына қызықпай, ішкі мағынасына үнілген Абай екінші бір өлеңінде:

*Жауған күнмен жаңғырып,  
Жер көгеріп күш алар.  
Аққан жасқа қаңғырып  
Бас ауырып, іш жанар.*

Қандай тұтас, қандай жұмыр, қандай сыршыл шумақ! Жаңбырдан кейін күн ашылып, жер көгерген. Көз жастан кейін бас қаңғырып, іш жанбақ. Мінсіз өлең. Еуропалық мәдениетте туған өлең!

Т.Әлімқұлов Абай поэзиясын ғалымдық салқын сабырға қоса ақындық құштарлыққа өртеніп отырып аялайды, ашады.

Абайдың қайсыбір ғашықтық өлеңін Тәкен “жүректің ыстығы қайтпаған салқын сөз” деп, өлеңнің ынтық, үздік күйін үдете түседі. “Сыпайы сыр, ынтық сөз” деп тебіренеді. “Мәдениетті әдебиет үлгісі”, “реалистік әдебиеттің сөзі” деп салмақты баға береді.



Т.Әлімқұловтың “Жұмбақ жандағы” Абай әлемін аралауында орынды оралым, әсерлі тіркес, ақындық ынтық жүректен сығылып шыққан сиқыр сөз аса мол. Біріне бірі сәулесін түсірген (Ғ.Мүсірепов) сөз асылы Абай ақындығының алымына қарай ұмтылады...

Т.Әлімқұловтың Абайды ашуы өзгеше бір құштарлық, ақындықтың жойқын табиғатын ашудағы танымпаздық, өзгеше шабыт дүниесі. Өрісті, таза талғамның сөзі. Т.Әлімқұловтың абайтанудағы назар аударарлық қисынды бір пікірі Абайдың “Масғұт”, “Ескендір”, “Әзім әңгімесі” шығармаларына байланысты. Бұл шығармалар поэманың жанрлық үдесінен шықпаған, дәстүрлі шығыстық дастан үлгісіндегі шығармалар дейді. Абайдың ақындық мүмкіншілігінен төмен шығармалар деп, ақынның поэмаға бармау себебін бірнеше жайға бағындыра қарастырды.

“Осы жолда ол үш дастан (поэма емес) жазды. ...Мың бір түннен өлеңге көшірген “Әзім әңгімесінің” аяқталмай қалуында сүрлеуден қайтқан көңілдің, торыққан шабыттың селқостығы жатады” (57 б.).

Ғалымның “Масғұт” туралы мына бір ойы қисынды. Осы дастан Мүрсейіттің 1907 жылғы қолжазбасында “Түргеневтен” деп көрсетіліпті. И.С.Тургеневтің “Восточная легенда” атты шағын әңгімесінің сюжеті “Масғұттың” алғашқы шағына ұқсайтыны рас. Бірақ екеуі бір емес (88-бет) дейді. Абай көшірмегенін айтады. “Ескендірде” дәстүрлі мадақ емес, тарихи шындық жөнінен келуін Дрзпердің “История умственного развития Европы” еңбегімен үндестік дейді. “Абайдың байырғы бай лирикасымен терезесі тең түсерлік поэма жазбауы неліктен?” дегенге төрт түрлі себеп атайды.

1. Абай дәуірінде қазақ топырағында заманның сипатын, қоғамның ішін танытарлық реалистік поэма жоқ-ты.

2. Абайға дәуірлік, шежірелік катпарлы үлгі керек болды.

3. Шығыста бұл үлгі жоқ.

4. Ғақлияға отырды. Қуаты қашқан ақындық қара сөзге бастады.

XIX ғасырда қазақ әдебиетінде еуропалық үлгідегі поэма жанры болмағанымен, дәстүрлі тарихи жырдың өзгеше сапасы болғандығын есте ұстаған жөн. Мәселен, Нысанбай жыраудың “Кенесары-Наурызбай” жырын кезінде Сәбит Мұқанов (1942 жылы) поэма, реалистік шығарма деп бағалады.

Абайдың ақын шәкірттерінің бұл бағыттағы шығармашылығының тарихи мәні де айқын.

Т.Әлімқұлов – Абай шығармаларын түр, үлгі, жанрлық жақтан білгірлікпен жинақтаудың ғылыми үрдісін ілгерілетуде абайтанудағы Әуезов жолын жалғастырған зерттеуші. “Байырғы нәшірияты жоқ заманда қазақтың жазба әдебиетін профессионалдық әдебиеттердің дәрежесіне көтерген Абай кейінгі ұрпақтардың үлесіне сан-салалы сыбаға қалдырды. Бұл дербес формада жазылған ойшыл, шыншыл, түйсікшіл проза. Бұл түп нұсқа мен терезесі тең көркем аударма. Бұл парасатты дастандар. Бұл – алуан өрісті өлеңдер”, – деп Абай шығармашылығының ұлттың рухани тарихындағы орнын көздей отырып, Тәкен Әлімқұлов XIX ғасырдағы әдеби ағым, бағыттардың түп төркінін, өзгешелігін тарихи-әлеуметтік жағдай, қоғамдық өмір көрінісінен шығарып зерделейді. Орыс отаршылдығын кезек-кезеңімен қарастырады. Абай заманының ащы мұңын, ақиқатын айқын ашады... Шортанбай, Бұқар жыраулардың зарлайтын “кер заманынан”, отарлау процесінің алғашқы кезеңінен Абай дәуірінің және бір өзгешелік күйін, ендігі жаңаға бұрылған беталысын, астар, катпарын саралайды.

Абайдың ақындық стилінің табиғатында Шығыстың да, Батыстың да өз сәулесі қалды. Бұл мәселе абайтануда әрідеп қозғалып келгенімен, теориялық негізде өрісін жайып, нақтылы түйін, тұжырымдармен жинақталып қарастырылуы Айгүл Ісімакованың қазақ прозасының теориялық мәселелеріне арналған зерттеу еңбегінің “Классический стиль Абая Кунанбаева и его роль в зарождении казахской художественной прозы” тарауында беріледі.

Стиль, шығармашылық дара стиль жөнін қозғай отырып ғалым былай дейді: “По мнению специалистов, стиль вырабатывается, воспитывается, совершенствуется, по-своему “учится” у действительности, у культуры, у своих предшественников, у того материала, на который он обращен. При этом стиль, конечно, опирается на дарование, талант, личные качества художника, его жизненный, духовный и художественный опыт, на процессы его развития, которые, разумеется, не являются лишь стихийными” [9, С.61].

А.Ісімакованың қай әдебиетте болмасын әдеби дамуды мүлде жаңаға бастаған ұлттық сана мен озық мәдениетті тұтас баураған ұлттық классикалық стильге айналған дара стильдің айрықша орын алатындығын, оның ендігі көркемдік дамудың классикалық үрдіс-үлгісін қалыптастыратындығын Абайдың шығармашылық жаратылысымен айғақтауы абайтанудағы “белгілі” көрінетін жайдың

беймәлім қисындарына нақтылы, “суық” теорияға суарылған салқын ақылмен барған ғылым сөзі.

Кенестік кезеңдегі, әсіресе өткен ғасырдың сексенінші жылдарына шейінгі абайтануда Абай және орыс әдебиеті мәселесі мейілінше, көп жайды қамтып отырып зерттелген арнаға айналды.

Абайдың орыс әдебиетіне көз салып, құлаш ұруының тарихи себептері жайы да абайтануда аз айтылған жоқ. Алайда, бұл жөнде қайсыбір әлеуметтік алғышарттар ұзақ жылдар бойы, кезінде айтылғанына қарамастан, қагаберіс қалды. Мәселен, Абайдың орыс әдебиетіне баруының тарихи алғышарттары кезінде Ахмет Байтұрсыновтың, басқа да зерттеушілердің еңбектерінде аталып өтіп отырғанымен, кейінде “ұмыт” болды.

“Әдебиет танытқышта” Ахмет Байтұрсынов XIX ғасырдағы дін саясаты, оның зардап, салдарлары, ел әдебиетіне ықпалы жайлы былай деп жазады: “Қазақ діні шығып жетпеген шала мұсылман халық, мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай” деген пікірмен, орыс үкіметі қазақ пен ноғай арасына жік салып, екеуін айырғысы келеді. Оның үшін қазақ байлары ноғайша оқымай, орысша оқитын боларлық саясат жүргізеді. Қазақ балалары үшін школ ашады, ноғайға қазақтың жазу жағынан сорпасы қосылмас үшін, араб әрпін қалдырып, қазақ тіліндегі кітаптарды орыс әрпімен басады. Орыс өзіне тартып, ноғай өзіне тартып, екеуі екі жаққа сүйреп жүргенде, қазақ орыс әдебиеті арқылы Европа жұртының әдебиеттерімен танысады.

Бұрын қазақта жоқ сөздердің түрлері шыға бастайды. Дін күшімен емес, тіл күшімен өзін тыңдайтын сөздер шыға бастайды. Бастапқы жазба әдебиеттің бас мақсаты – дінді жаю, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің бас мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болады. Сөйтіп, жазба әдебиеттің өзі екі дәуірге бөлінеді: діндар дәуір, ділмар дәуір [14, 434 б.].

Абай Батыстан не алды дейтін ауқымды айналымның және бір белгілі де беймәлім сырын кейінгі кезеңдегі абайтану өресін жаңа өлшемдермен өсіре түсіп жүрген ғалымның бірі Бакытжан Майтанов бұлтартпай ұстайды.

“Абайдың ілгері-кейіндегі, қатарындағы сөз иелерінен алабөтен ашу сыр, түйіткілі көп күмбір күй шертуге қымсынбай, батылдықпен кірісуінде Батыс мәдениетінен ауысқан ашық ойлау дәстүрін (астын сызған біз – Қ.М.) ықыластана игеріп, тың өрнек қосар нәзік түсінігі, аса сезгір назары елеулі қызмет атқарады” [59, 13 б.].

### 3.2.4 Абай өлеңінің құрылысын зерттеу мәселелері

Кейінгі кезеңде Абай ақындығы, Абай дүниетанымы, Абайдың өмірбаяны, Абайдың әдеби мұрасының зерттелу тарихы тұрғысында елеулі жаңа ғылыми бағыттар айқындала түсіп отыр. Өскен, озған жұрттардың өнегесінде Абайдың ақындық әлеміне біз де түбегейлі бас қою мүмкіндігіне ие болдық. Тарих қазақтың тағдырын сан мәрте талқыға салған тұстарда тұтас танымға тарту мүмкін болмаған Абай ақындығы айналасына барып тірелетін тарихи-әлеуметтік негіздер, көркемдік заңдылықтардың дәстүрлі, жанашылдық бағыттар аясындағы өрісі қазіргі кезеңде тағы бір саралаудан өтіп, тың пайымдаулармен тұғырлана түсуі – абайтанудың қазіргі кезеңдегі ғылыми нәтижелері әрі келешек зерттеу бағдарлары. Абай ақындығын осы тұрғыла ХІХ ғасырдағы қазақ өлеңінің түрі мен тегі туралы тұғырлы тұтас таным аясында жүйелі ғылыми негізде бағалап, саралаудың өзіндік мәні бар.

Абай ақындығының айналасын айқындай түсуде, ұлттық арқау, шығыстық, батыстық негіздерін игеруге ұмтылуда Абаймен тұстас, Абайдан ілгерідегі өлең түрлері мен поэтикалық тәсілдерді тұтастай нысанаға алып отырып қазақ өлең тарихы мен теориясының ғылыми нәтижелері ауқымындағы жинақтау мәнді нақтылы пайымдаулар қажет.

Абайтану тарихында Абайдың өлең түрі тұрғысында бір ғасырдан астам уақыт қарастырылып келе жатқан арнайы сала бола тұра, қазіргі кезеңде осы мәселенің абайтанудағы өзекті жайлардың бірі болып қалып отырғандығы белгілі. Мұндағы түрлі себептердің жай-жапсары абайтану мәселелерін ғылыми негізде зерделеген белгілі ғалымдардың еңбектерінде айтылып, қамтылып отырды.

Дегенмен де, айқындай түсуді, нақтылай түсуді қажет етіп отырған, қайсыбір құнды болжам, зерттеулерді ғылыми айналымға қосудағы ынта-ықыластың кемдігінен қазақ өлеңінің даму тарихындағы елеулі мәндердің қағаберістеу қалып отырған да жайлары бар.

Абайдың өлең түрлеріне қатысты қазірде ауызша поэзия үлгісіндегі, ортағасырлық түрік поэзиясы өлшемдері, ұйқас ерекшелігі түріндегі, халық ауыз әдебиеті үлгісіндегі және орыс поэзиясын аудару үдерісіндегі ықпалдастық негізде шығарылған туындылары деп жүйелеп бөліп қарастырудың да қажеттілігі байқалып отыр. Осы негізде Абайдың дәстүрге бару, дәстүрден алу,

дәстүрді жанғыртып ұқсату шеберлік тәсілдерінің әлі де жұмбақтау калып келе жатқан қырлары, ақындық өсу, кемелдену үдерісіндегі айқын белгілер нақтылана түсер еді.

Ілгеріден бері Абайдың өлең құрылысы, Абайдағы өлең түрі туралы нақтылы нәтижелерді назарға ала отырып, кезеңінде тасалап қана қылаң берген арғы жағы мығым ойларды оята отырып, кәнігі өлең білгірлерінің, өлеңтанушы мамандардың теориялық танымындағы мызғымас негіздерді тұтыр ете отырып қайта бір айналып соғып, Абай поэзиясының өлеңдік болмыс құпиясын ендігі мүмкіндіктер ауқымында және бір саралаудың нәтижесінде жалпы қазақ өлең тарихындағы қазірде де толық жүйеленіп болмаған, негізделіп аяқталмаған аса елеулі заңдылықтар мен құбылыстарға да қаныға түсер едік.

Бұл мәселеде пісуі жетіп, түсіруді күтіп жатқан фактілер, сәл ден қойсақ айқара ашылып кетейін деп тұрған құпиялар жетерлік. Заманында бар дүниемізді басқалар түгендеп бергендей шалықтап, алысқа алақтаған күндеріміз болды. Өзегімізде жатқан өзіндік болмысымызды өзгенің қалпына түсіруге ынтығып өзеуреуге де мәжбүр етті. Көкірек көзі ояу көсем ұлдарының айтқанына халықты иландырмаудың көп амалы жасалды.

Халықтың мың-сан құрсауға түскен азаматтық тарихының қасіреті қазақ әдебиетінің тарихын түзу, дәуірлеу, теориялық тұрғыдан қисындау сияқты ұлттық бітіммен астасып жатқан аса қастерлі қымбат мұрасының таралу, танылуында да қалды.

Тәуелсіздік кезең әдебиеттануы баяу баппен алыстан шалып, ауқымымен қамтып талай дүниені еңсеріп, игеріп келе жатқан калыпта. Қазақ әдебиеттану ғылымында дәуірлік зерттеу мәселелерін тұтасымен жалпыадамзаттық көркемдік таным, игіліктер өрісіне көтеріп шығатын әлует бар.

Соңғы жиырма жыл ішінде ұлттық тұғырымыздағы мызғымас бүтін бітім (*З.Қабдолов – Қ.М.*) – Абай әлеміне әр тараптан жаңадан бір бас қойып, қайнарынан қанып ішуге тағы бір ынтығып, ынта көрсетіп отырған үрдісіміз бар.

Абайдағы зарзамандық арқау, қоғамдық-әлеуметтік ақиқат, айтушы мен тыңдаушы, дін, дүниетаным, кемелдік ұстанымдары, дәстүр, Абай шығармашылығының жанрлық арқаулары, Абай аудармаларының шығармашылық әлуеті, т.б. жан-жақты зерттеліп, зерделенуде. Абайдың туысы мен өміріне, абайтанудың қилы тарихына да ден қоюдамыз. Соның барлығы да ең әуелі, негізінен

Абайдың өлеңіне, акындық әлеміне барып соғып айтылатын қисындар, жасалатын тоқтамдар. Осы ыңғайда, әрине, Абай поэзиясы түр, құрылым, өлшем, тілдік құрам, сөз айшықтау, сөз жасам, т.б. тұрғысында қамтылып отырады.

Дегенмен де, өкінішке орай, қазіргі абайтануда, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында абайтанудағы әу бастан күн тәртібіне қойылып, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, І.Жансүгіров, Ғ.Сағди, Ғ.Тоғжанов, Қ.Жұбанов, Б.Кенжебаев, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, М.Мырзахметов, т.б. ондаған зерттеушілер ден қойған Абай өлеңін теориялық негізде тану, тарихи тұрғыдан бағалау мәселелері арнайы зерттеулерге тартылындырамай, қағабіріс қалып келеді.

XX ғасырдың өн бойында абайтану ілімі бұл мәселені мейлінше зерделеді. Сол негізде қазақ өлеңінің жаратылыс-болмысына да бойлатып отырған елеулі-елеулі байлам-болжамдар да жасалған. Ірі әдебиет қисыншылары, ірі әдебиет тарихшыларының қазақ өлең құрылысы, өлең тарихындағы негізгі өлшем, үлгілер туралы жасаған аса айқын, нақты ғылыми байламдары тек саяси ахуал зардабынан ғана емес, сол кезеңнің зерттеу мүмкіндіктері, әдеби мұраның тұтастай игеріле қойма себептерінен де шиыршық атып, ширыққан өзекті мәселе мәнінде күн тәртібіне қойыла бермеді.

Қазақтың байырғы, әу бастағы өлең түрлері туралы сөз қозғауында, зер салып қарағанда, Шокан Уәлихановтан бері қарай бел ортасында Сәбит Мұқанов тұрып, Зәки Ахметов тоқтамын айтқан құнды қисын, құнарлы негізге құлаған айқын таным жатыр.

Қазақ өлеңінің теориялық мәселелері Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» сол дәуір ауқымындағы дерек, дәйек деңгейінде мейлінше молынан қамтылып, көркемдік танымға тартылды. Осында Ахмет Байтұрсынұлы Абай поэзиясының түр үлгілеріне қатысты да нақтылы сөзге барып отырды. Ілгеріде «Қазақтың бас ақыны» мақаласында Абайдағы өлең үлгілеріне орай тарқатып айтпағанымен, түйіндей сөйлеген мынадай бір тұжырым бар:

«Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайған болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткені де зор көсемдік» [14, 219 б.].

1954 жылы Бейсенбай Кенжебаев мәселеге назар салып, «Қазақ өлеңінің құрылысы» атты зерттеуінде қазақ өлеңінің бұл өзекті жайында, мәселенің қойылымында Абай өлеңінің құрылысына аса мән берілуі керектігін қадап айтып көрсетеді.

«Қазақ халқының бұрын-соңды әдебиетінің әлі зерттелмеген, шешілмеген, тың, проблемалық мәселелері өте көп. Солардың бірі, күрделісі – қазақ өлеңінің құрылысы деуге болады.

Қазақ өлеңінің құрылысы туралы сөз еткенде оны мынадай кезеңде бөліп тексерген жөн: 1) қазақтың ертедегі өлеңінің құрылысы; 2) Абай өлеңдерінің құрылысы; 3) Абайдан кейінгі қазақ өлеңінің құрылысы» [21, 85 б.].

Бейсенбай Кенжебаев Абайдың алдындағы қазақ өлең құрылысына тоқталмас бұрын осы бағыттағы қорытынды пікірлерге назар аударады. Осында ғалымның ол тоқтамдарға белгілібір дәрежеде сын көзбен қарағаны көрінеді. «Қазақ өлеңі буын, бунақ саны, ұйқасы бәрі бірдей, дәлме-дәл болып келеді; онсыз өлең болмайды десті» деп, осы түйінге соншалықты келісе бермейтінін сездіреді.

Әрі қарай ғалым нақтылы бір мәселедегі өзінің үзілді-кесілді пікірін нақла-нақ айтады.

«Екінші, қазақтың ертедегі, Абайға дейінгі өлеңі екі-ақ түрлі болады. Оның бірі – төрт тармақты, он бір буынды, ақсақ ұйқасты қара өлең, екіншісі – тармағы, ұйқасы айнымалы, жеті буынды жыр дегенді айтты. Мысалы, Сәбит Мұқанов Абай шығармалары толық жинағының 1939 жылы басылуына да, 1945 жылы басылуына да жазған сөзбасында: «Абайға дейінгі қазақ өлеңдерінде екі-ақ түр болушы еді: төрт жолды, әр жолы 11 буынды, үйлесі *ааба* боп келетін қара өлең, үйлесінде белгілі өлшеу жоқ, жолдары 7 буынды боп отыратын жыр», – деп жазды.

Біздің байқауымызша, соңғы қорытынды – байыбына жетпей айтылған ұшқары, үстірт, тіпті қате қорытынды. Дұрысында қазақ халқының ертедегі, Абайға дейінгі өлеңі бірнеше түрлі болған», – деп келіп, Б.Кенжебаев 11 буынды қара өлеңнің көп тармақтылығына мысал келтіреді. Содан кейін мынадай тұжырым жасайды: «Демек, 1) қазақтың ертедегі, Абайға дейінгі қара өлеңі төрт тармақты ғана болмай, көп тармақты да болып келеді, 2) қазақтың ертедегі, Абайдан бұрынғы қара өлеңі, тек ақсақ ұйқасты ғана болып келмей, егіз, ерікті ұйқасты да болып келеді» [21, 87 б.].

Осы зерттеуінде Бейсенбай Кенжебаев өзінің дәлел-дәйегін Шоқан Уәлихановқа жүгіне отырып бекіте түскен.

Біздіңше, әдебиет тарихының аса білгірі Бейсенбай Кенжебаев осы тұста Шоқан Уәлиханов қадап, мән беріп айтқан мәселені ескере қоймаған. Шоқан өлеңнің қасиетін ашып айтпаған деген пікір – Бейсенбай Кенжебаевтың өз пікірі.

Қазірде, қазақ өлеңінің тарихына қатысты арғы негіздер, ХІХ ғасырдағы әдеби ықпалдастық мәселелері қозғалып, ой қорытылып, белгілібір нәтижелер туып, келешек зерттеу бағыттары айқындала түсіп отырған кезеңде Шоқан Уәлиханов жүйесіне нақтылы әдеби, тарихи факт есебінде, бары мен жоғын қайта бір пайымдап отыру өресінде, Шоқан Уәлихановтың 5түр – «өлең» тұрғысындағы дерек, дәйегі қазақ өлеңінің құрылысы, тарихы бағытында аса маңызды пікір.

Біздің бұл тұста қазақ өлеңінің байырғы түріне қатысты сөз қозғап отырғандықтан, осыған байланысты өлең теоретигі Заки Ахметовтың қисындарына назар салдық. Өлең сөздің ерекшелігі, жасалу заңдылығы, құрылым жүйесі, өрнек өлшемі, тіл кестесі туралы терең пайымдаулармен тұтасқан «Өлең сөздің теориясы» еңбегінде Заки Ахметов мына бір жайға назар аударуында (*Сәбит Мұқановтың қазақта бұрын 11 буынды қара өлең мен 7 буынды жыр түрі ғана болған деген ойымен үндес – Қ.М.*) теориялық тоқтамға баруында бұл мәселеге түбегейлі, тұғырлы тұрғыда қарап сөйлейді (*мұнда ХХ ғасырдағы өлең фактісі де ескерілген – Қ.М.*). «Қазақ поэзиясында ең көп қолданылатын өлең өлшемдері – жеті буынды, жеті-сегіз буынды, он бір буынды. Алты буынды өлең, онан да қысқарак төрт буынды өлең сиректеу кездеседі. Он төрт, он бес буынды өлеңдердің тармағы құрама болып келеді. Яғни жеті буынды екі тармақтан, не жеті, сегіз буынды екі тармақтан құралған болады. Бірақ қазақ поэзиясында ертеден жеті буынды, жеті-сегіз буынды, он бір буынды екі-үш-ақ түрлі өлшем болыпты деп қомсына қарауға ешбір негіз жоқ. Жалғыз қазақ поэзиясында ғана емес, тіпті дүние жүзі халықтарының әдебиетінде де көбірек орын тепкен өлшемдер жеті-сегіз буыннан он бір буынға дейінгі өлшемдер болғанын көреміз» [25, 132 б.].

Заки Ахметовтің тармақтағы буын саны, өлшем ырғағы олардың мәні туралы айтқан байламдарының Абайдағы өлең құрылысын, өлең түрін, жанрлық сипатты ашуда ұдайы ескеріліп отыруы – Абай өлеңдерін



7-8 буынды, 11 буынды болып келгеніне орай жадағай-жалпы бағалай салуға жібермейтін, өлеңтанудың күрделі қисындары жатқан шумақтағы тармақ санына, ұйқас түріне қарай да жіктеуді, жанрын айырып, түрін табуды жинақыландыра түсетін тың бағыттардың тынысын кеңітуге таптырмас теориялық тұғыр.

Абай өлеңінің түріне, құрылысына қатысты мәселеде Абайды өзіне шейінгі, өз тұсындағы өлең түрінің барлығын дерлік пайдаланған деген (*Ғаббас Тоғжанов, т.б. жеке пікірлер – Қ.М.*) тоқтамның да астар-айтпағын ескеріп отырған жөн. Мәселен, Абайда 11 буынды өлшемнің соңғы бунағы 3 буынға құрылған бір де бір өлең жоқ екендігіне арнайы қарап шығып, көз жеткіздік. Осындағы гәп Заки Ахметов қазақ өлең құрылысына қатысты айтатын мына бір нақты байламға қатысты сияқты.

«Асылы, қазақ поэзиясында тармақтың неше бунаққа және қандай бунаққа бөлінетінінде зор мән бар. Бұл пікірді мысалмен дәлелдейік. Он бір буынды өлшемнің соңғы бунағы үш буынды болып келген түрі (4 буын + 4 буын + 3 буын) революцияға дейінгі дәуірде аз тарап келгені белгілі. Оның себебі мұндай өлең ауыз әдебиетіндегі әдет бойынша әуендетіп, әндетіңкіреп айтқанда өлең ырғағы бір келкі естілетіндіктен» [25, 133 б.].

Абайдың өлең құрылысын зерттеуде тармақ, шумақ, буын, бунақ, ұсқаспен үйлестіре отырып жанр заңдылығы, өлеңдік үлгінің тарихи-әлеуметтік алғышарты, тіл айшығы, дара тәсілдер, әдеби дамудың тұтас бір дәуірдегі дәстүрлі негіздері мен жаңа бағыттары тұрғысында ой қорытуға да кеңістік ашылады.

XIX ғасырда әдеби әдіс, бағыт, стиль арасында аса қызу, аса айқын тартыстар болып өтті. Ол әрбір шығармашылық тұлғаның өзіндік көркемдік әлемінде де жүріп жатты. Абайдың ақындық тұғырын мықтап шыңдаған әрбір көркемдік фактінің мәні абайтанудың олжасынан ілгері озып жатыр. Абай өлеңінің арқауындағы айқын азаматтық, адамшылық, қоғамдық-әлеуметтік сарын, желілер нақтылы өлең түрінде көркемдік, рухани кеңістік көгіне көтерілді. Осы мәнде тармағы, шумағы, буын, бунағы, ұйқасы мен ырғағы – ішке бүккен сыры көп Абай ақындығының аса айқын айғағы. Құнын көтеріп, бағасын асырар құрылымдық негізі.

Қазіргі Абай өлең құрылысын зерттеуді дамытуда ілгерідегі тоқтам-түйіндердің оң нәтижелерімен қатар, жаңсақ айтылған пайымдар назарда болмақ керек. Сонымен бірге әлде де Абай өлеңдерінің әр жылдардағы басылымдарында мәтіндік нұсқалардың

әр қилы үлгімен беріліп келе жатуын да ескертер едік. Мәселен, «Қарашада өмір тұр» өлеңі бірде төрт тармақты шумақпен келсе, бірде көп тармақты болып басылып жүр (*негізінде төрт тармақтысы дұрыс* – Қ.М.). Әрі бұл бір шығармаға ғана қатысты дей алмаймыз.

Абайтанудың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселесінің бірі – ол Абай поэзиясының қазақ өлеңі тарихындағы жаңашылдық бағыты мен дәстүрлі негізі, Абайдың өлең түрі тұрғысындағы зерттеулерді ілгері оздыру. Және Абай поэзиясының қазақ әдебиеті тарихындағы ауызшадан жазбашаға ойыс фактісіндегі өзіндік тұғырын айқындау, аша түсу бағытындағы жаңа ізденістерге ден қою.

Абай ақындығы, Абай өлеңінің жасалу тәсілдері жайлы Ғаббас Тоғжанов айтқан мына бір болжамның астарында қазақ өлеңінің тарихына да тартып жатқан қисындар бар.

«...Абай өлеңдерінде сұрыпталған 16 өлең түрі бар. Сонын бірсыпырасы қазақтың ескі ауыз әдебиеті – жыр, хисса, қара өлеңі, әндерінен алынған түрлер. Қазақтың бар өлең түрлерін Абай түгел пайдаланған деуге болады. 11-12 буынды жазық өлеңдері, 7-8 буынды екі жолды, қысқасынан қайырылып отыратын жырау түрі – осылардың бәрі де Абай өлеңдерінде көп кездеседі. Бұлардан басқа өзінің тыңнан шығарған, орыс, араб, парсы әдебиеттерінен алған үлгілері де жоқ емес. Біздің жалпылап шолуымыздың өзінде-ақ Абай өлеңдерінен 7-8 өлең түрлері қазақтың бұрынғы әдебиетінде болмаған түрлер дейміз» [84, 130 б.].

Ғ.Тоғжанұлы Абай өлең түрлері туралы кейінде зерттеушілер аса назар аударма бермеген нақтылы ерекшеліктер туралы да айтады. Ғ.Тоғжанұлы айтатын «7-8 буынды екі жолды, қысқасынан қайырылып отыратын жырау түрі» – бұл жыраулар поэзиясындағы дүние шарттарын түгендеген, тіршіліктің толассыз ағысына толғап тоқтам айтқан, ақыл, нақыл, насихат, өсиет-өнеге сипатты түр. Бұл түрдің жанрлық айқындамасы – «Ұйқас тұрақтылығы, шумақ тұтастығы, екпін бірлестігімен» ерекшеленетін – терме [65, 33 б.].

<i>Балпаң, балпаң басарсың,</i>	7
<i>Басуға табан шыдаса,</i>	8
<i>Қызыл алмас жан қияр,</i>	7
<i>Қызыл талға қынаса,</i>	7
<i>Жол болмасқа немене,</i>	7
<i>Тарығып шын жыласа,</i>	7

*Мая бітпеске немене,* 7  
*Жігіт жанды бұласа!* 7

(Ақтамберді жырау).

*... Еділ, Жайық екі өзен,* 8  
*Талсыз болар деймісің.* 7  
*Көкшетаудың көп көлі* 7  
*Елсіз болар деймісің.* 7  
*Бота көзді бойжеткен* 7  
*Жарсыз болар деймісің.* 7  
*Абылай қонған кең қоныс* 7  
*Елсіз болар деймісің.* 7  
*Еркін жайлап қонған соң* 7  
*Малсыз болар деймісің.* 7  
*Тұлпар туған құлынның* 7  
*Ерсіз болар деймісің...* 7

(Ақтамберді жырау).

*Әсемпаз болма әр неге* 8  
*Өнерпаз болсаң арқалан* 8  
*Сен де бір кірпіш дүниеге,* 8  
*Кетігін тап та, бар қалан!* 8

*... Ақырын жүріп, анық бас* 8  
*Еңбегің кетпес далаға.* 8  
*Ұстаздық қылған жалықпас* 8  
*Үйретуден балаға* 7

(Абай).

Абай өлеңінде жыраулық поэзияның төкпе сарыны байсалды, 8 буынды түрге ойысқан десек болады.

Ақтамберді толғамында өмірге тоқтам айтылған, Абай өлеңі – өнеге сөз түріндегі сипатына орай 8 буынды тармактарды тірек етіп тұр. Ақтамберді мен Абай туындысын белгілібір деңгейде туыстырып тұрған не десек, бұл жерде тармақтағы буын саны емес – өлең құрылымындағы ерекшелік, өзіндік тәсіл. 2 тармақты, қысқа қайырым.

Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелерінің ауқымында назар аударуды күтіп жатқан көкейтесті көп жайдың ішінде Абай

шығармаларының жазылу мерзіміне қатысты мәселе де бар дер едік. Кезінде абайтанушы ғалымдар көп үніліп, көп пысықтағанымен, бұл тұста да гәп бар сияқты.

Абайдың 1891 жылы жазылды деп беріліп жүрген «Заман ақыр жастары» мен «Көзінен басқа ойы жоқ» (1891) туындысына қатысты мұндағы екі шығармада да ел мінезі, құбылған жастың болмысы арқау болғандығына назар сала отырып айтылар қисын, болжамның астары да Абайдағы өлең түрлерімен астасып жатқаны – заңдылық.

«Заман ақыр жастары» өлеңінде Шортанбай толғауларының үлгісі тұр.

*Заман ақыр жастары  
Қосылмас ешбір бастары  
Бірінен бірі қастыққа  
Қойнына тыққан тастары*

*Саудасы – ар мен иманы,  
Қайрат жоқ бойын тыйғалы.  
Еңбекпен етті ауыртпай,  
Құр тілменен жисғалы...*

Өлеңде ел мінезі жалпы сипатталады. Айтары бір болғанымен, «Көзінен басқа ойы жоқ» өлеңі – жаңа өлең. Жаңа тәсілге тартылған жанды, суретті арпалыс заман күйі.

*Көзінен басқа ойы жоқ  
Адамның надан әуресі.  
Сонда да көңілі тым-ақ тоқ,  
Жайқық-қайқаң әр несі.*

Белгілі бір құбылысты жалпы баяндау мен кейіптеу арқылы құбылтып, тірілтіп жеткізу тұрғысындағы туындыларды хронологиялық жақтан бір уақыт шегінде жазылған өлеңдер деуге болмасы даусыз, осы мәнде төселген шеберлікке ойысқан тұстағы Абай өлеңдерін жалпыға арнап айтқан өсиет, өнеге мәнді шығармаларынан алыстатып әкетпесек те, ара жігіне үніле қарап саралап, сұрыптайтын жекелеген шығармалар баршылық.

Абай өлеңіндегі жаңашыл сипат, өзгешелік абайтанудың өлең теориясымен астасқан арқауларында басым жағдайда Абайға дейінгі

казак өлеңіндегі ұйқас және Абай өлеңіндегі ұйқас түрін қарастыру арқылы назарға ілігіп отырды.

Сол тұрғыда Абай ақындығының алымына әу бастан-ақ зерек зердемен үнілген, әдебиет тарихына қатысты қай мәселеде болсын аргы мен бергіні ақиқат таныммен саралауға аса сақтықпен қараған Бейсенбай Кенжебаев тоқтамьында елеулі мән жатыр.

«Бізде бұған дейін Абай қазақ өлеңінің ұйқасына жаңалықтар енгізді: казак өлеңдері бұрын ақсақ (*ааба*), айнымалы ұйқаспен ғана келуші еді. Абай егіз ұйқасты, айнымалы ұйқасты шығарды деп айтылып, жазылып келді... Абай қазақ өлеңдерінің ұйқастарына жаңалық енгізгені рас, бірақ әлгі ұйқастар Абай енгізген жаңалық емес. Бұл ұйқастар казакта Абайда бұрын да бар болатын. Тек олар ұзақ өлең-жырларда, дастандарда аз қолданылатын, көбінше мақал, жұмбақ, шешен сөз болып келетін шағын өлең. жырларда ғана қолданылатын» [21, 135 б.].

Абай поэзиясындағы ұйқас түрлері туралы айтылып, қамтылып келе жатқанымен, қазақ өлеңінің ұйқасы, өлең сөздің тарихы тұрғысында арнайы салыстыра зерттеудің қажеттігі сезіледі.

Абай өлеңдерінің жазылу мерзіміне назар сала отырып қарастырғанда шалыс ұйқастың 1888 жылдан бергі туындыларында басым болып келетіндігі байқалды.

«Желсіз түнде жарық ай», «Мәз болады болысын», «Қажымас дос халықта жөк», «Жастықтың оты жалындап», т.б.

Абайдың 1887-1889 жылдар аралығындағы аударма өлеңдерінде шалыс ұйқасты шумақтар мол.

Шалыс ұйқас – *абаб* – қазақ жыраулар поэзиясында бар ұйқас.

Абайдың кез келген өлеңінің ұйқас түрін түп-төркінін қуалай іздегенде қазақ өлеңінің тарихи болмысымен астасып жатқан нақтылы сипаттарды айқындай түсетініміз даусыз.

«Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде алғашқы төрт тармақ *ааба* болып ұйқасады да, келесі қос тармақтардың бірінші тармағы ұйқассыз қалып отырып, екінші тармақ алғашқы төрт тармақтың ұйқасқан үш тармағымен ұйқасып, ұйқасты 25 тармақ болып жалғасады. Ұйқассыз тармақтар бұлардың алдынан келіп отырған. Жалпы саны – 24. Өлең соңындағы 6 тармақ *абаба* болып аяқталады.

58 тармақтан тұратын тіршілік суретін аулаған жанды өлеңде 27 тармақ ашық бір ұйқаспен ұйқасып аяқталып, 27 тармақ ұйқассыз, ұйқасты тармақтар арқылы жымдасады. Соңғы 4 тармақ араға

ұйқассыз тармақтар салып (2) тұйық ұйқаспен ұйқасады. 11-12 буынды өлең.

Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлысы» алғашқы төрт тармағы ақсақ ұйқаспен (*ааба*) келіп, әрі қарай қос тармақтар бірі ұйқассыз, бірі ұйқасып өлең соңына шейін жалғасады.

«Қандай қызда ләззат бар жан татпаған», «Базарға, қарап тұрсам, әркім барар», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңдері қайсыбірінде бастапқы төрт тармақ сияқты соңғы төрт тармақтың *ааба* ұйқасымен келіп отыруымен өзгешелене түскенімен, негізінен жоғарыда аталған ұйқас желімен құрылған.

Абай поэзиясындағы алғашқы төрт тармақ *ааба* тұрында келіп, келесі тармақтар араға ұйқассыз тармақ салып барып ұйқасатын үлгі қазақ өлеңінде бар. Махамбет өлеңінде араға тармақ салып ұйқасудың 2 тармақ аралатып барып келетін түр болды.

*Мен Нарыннан кеткенмін,  
Нарынды талақ еткенмін.  
Қуатымның барында  
Ағыны қатты Жайықты  
Тіземмен бұзып өткенмін.  
Жаныма айла болар деп,  
Назарды тастап, Шүренге  
Күнім үшін жеткенмін...*

Бастапқы төрт тармақтағы ұйқас *ааба*, әрі қарай қос тармақтың және бір тармақтың қайталанып ұйқасатын түрі 7-8 буынды жыр үлгісімен келіп отыратын арғы жыраулық поэзияда да бар.

Абай өлеңіндегі, қазақ өлеңінің түріндегі тың өрнек, жаңалық деп танылып келе жатқан «Сегіз аяқтың» құрылымы, ұйқас жөні, буын теңдестігі өзгеше. Соның өзінде де бұл өлеңнің ырағында, арғы жыраулық толғам, тоқтам табиғатымен астасқан дәстүрлі негіз жатқанын елемей өте алмаймыз.

*... Бұқарда бар бұлама,  
Тәшкенде бар сұлама.  
Ел жаманы шыға ма,  
Шызадан жақсы туа ма,  
Сыйласпасаң тіріде*

*Екі көзің ағарсын  
Өлгеннен соң жылама.  
(Шал).*

*Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық –  
Аздырар адам баласын.  
Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
Қор болып құрып барасың.  
Өтірік шағым толды ғой,  
Өкінер уақытың болды ғой.  
(Абай).*

Абай өлеңіндегі ұйқассыз жолдар мен ұйқасты тармақтардың кезектесіп отыру үлгісінің XIX ғасырдағы қазақ поэзиясында кен жайылған тәсілдің бірі екендігі даусыз. Жаяу Мұсаның «Әй, Мұса, өлімісін, тірімісін» өлеңінде 1,2,4,5,6,8,10-тармақтар ұйқаспен келіп, 3,7,9-тармақтар бейтарап қалып отырған қалып бар.

Өлеңді бұлай айтудың, ұйқасты осындай тәртіппен құрудың түп-төркінінің себебі, жай-жапсарына қазақ өлеңтану ғылымында соншалықты мән беріліп, зерттеле қойды дей алмаймыз. Осында XIX ғасырдағы қазақ өлеңінің көркемдік өрісіне қатысты елеулі бір мән бары даусыз. Бұл түр – жыраулық поэзияда да болған түр сияқты көрінгенімен, басқа түр.

Шөже, Орынбай, Бақтыбай. Ақан Сері, Жаяу Мұса өлеңіндегі, Абай туындыларындағы, т.б. акындар шығармашылығындағы ұйқасты, ұйқассыз құрылымды 11 буынды өлеңнің түрі – XIX ғасыр қазақ поэзиясындағы жаңа түр. Бұл бұрынғы жыраулық поэзияда жоқ. Ауыз әдебиеті үлгілерінде де жоқ.

Нақтылай түссек, ұйқасы 1,2 тармақ аралатып келетін, кейде қатар ұйқасты, шалыс, егіз ұйқасты, «ұйқассыз» түр – жыраулық поэзияда бар үлгі. Ал, ұйқасы тармақ салып барып сақталатын, аралық тармағы ұйқаспайтын өлең, біздіңше, өзінің «Қазақ халық поэзиясы үлгілері жөнінен» атты зерттеу еңбегінде қазақ өлеңін тұңғыш рет түрге, жанрға бөлуді ғылыми негізде жүйелеген Шоқан Уәлиханов «өлең» деп атаған, оның қазақ арасына Қазан, Тобыл татарларына қырға жол ашылғаннан кейін соңғы елу жылда (*сол дәуірдің – Қ.М.*) келген түр.

Бұл өлең түріне ойысуында қазақ поэзиясы XIX ғасырда өзінің не дегенде де дәстүрмен сабақтастығын да үзбеген жана бір көркемдік сала өрісіне беттеді. Ұйкасы «бұзылған» түрде өленде айтылып отырған мәнге ұғындырма жасап отыру мақсатынан туындайтын баяндамашылық, мазмұндау тәсілі айқын көрінеді. Бұл ұзақ кисса, хикаялардың өлең түрі. Үлгі бір болғанымен, өлеңге әр дарын өз құнарын, өз қуатын құйып отыру жайы, Абай өленінің озық бітімі – санғасырлық өлең тасқынындағы тарихи құбылыс.

Өлең сөздің білгірі, академик Зәки Ахметов бұл жөнде былай дейді: «Абай қазақ поэзиясының өлең өрнектерін дамытып, байытуға зор үлес қосты дегенді үнемі айтып жүрміз. Ұлы ақынның осы салада тындырған еңбегінің көлемі, мән-мағынасы шексіз зор екенін жоғарыда келтірілген әр түрлі мысалдардан-ақ көруге болады. Бұл тұста атап айтатын, есте сақтайтын нәрсе – Абай жаңа өлшем, шумақ, ұйқас түрлерін орнықтыруда қандай асқан өнерпаздық көрсетсе, бұрыннан белгілі көп тараған өлшем-өрнектерді керек жерінде қырлап, өңдеп, түрлендіріп, мейлінше мол пайдалану жағынан да соншалық зор өнегелі іс атқарды» [25, 175 б.].

Абай ақындығының арқауындағы XIX ғасырдағы кең жайылған өлең түрлері туралы нақтылы зерттеулердің ендігі өрісі абайтанудың үзілмеген үрдісінің келешек бағыттарының да міндеттерін құрайтыны даусыз. Сол тұрғыда қазақ өлеңінің жаратылыс бітімін құрып тұрған құбылыстың бірі – сөзді сөйлету, сөз ұнасымы. Өлеңнің бейнелеу тілі. Сөз ойнату тәсілдері.

Абайтануда қадау-қадау ұстанымдарымен қалған Ғабдрахман Сағди әр ақын – өз ана тілінің жемісі деген ой айтқан.

XIX ғасырда, Абай дәуірінде қазақ сөзі қанат байлап аспандай ұшқан, түлеп, түрлене түскен аса ауқымды ақындық ағыс болды. Сөз құбылтуда бірінен бірі алмаған, алдына қара салмаған небір салақтар болды. Сипаттау сөзде қазақ өлеңі шексіз мүмкіндіктерге ие болып келгендігі – тарихи ақиқат. Сонда да болса, Абай дәуіріндегі өлең сөздің сыны да, сиқыры да, алабөтен қуатпен өрілген ой оралымы да ерекше еді. Абайдан ілгеріде жасаған Жанак ақынның тіл кестесі көркемдік тәсілдердің жаңа бір бағытын ашқан. Шет-шегі көрінбейтін, көрінбек түгілі оймен қамтуға көнбейтін арпалыс дүниедей өлеңді теңізге теңеген Жанактың сөз алымында үйренбеген құлаққа Абайға ғана тән тіркес болып естілетін жатық оралымдар мол.



*Он бесімнен, Рүстем, айттым өлең,  
Жан жабығып, бұл күнде тозды денем.*

Жанақ көңілі ортайып, кәрілік басып қоңырайып қалған күйін оқшау тұрған бақсының моласына теңеген.

Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» сияқты сылан қаққан ширақ, тіршіліктің қас-қағым сәтін қызуымен, қызығымен үйірген өлеңімен қазақ поэзиясындағы суретшілдік, жинақы жандылық бағыттың өрісі ашылғанына ден қоямыз. Сол Жанақтың:

*... Аңға шықсаң, алғашқы жауғанда қар,  
Алқызылдың адыстан айбары бар.*

*... Шұбатылып қиынға тартса түлкі,  
Астыңда болса сонда жылпың жылқың.*

*Бір беті мүлде кетпей ме қып-қызыл боп,  
Қатын-бала ұмыт боп, жиган мүлкі,  
Әне салып аузыңа, міне салып,  
Дөңгелетіп түлкіні жүрсе шалып.  
Тоқалыңа желігіп қоразданып,  
Кешке жақын үйіңе келсең алып –*

дегеніне жарыса ден қойып, тосын сый алғандай, марқая түстік.

Суретшілдік тәсілдер тұрғысында Жанақ ақынды елең еткізерлік, тапқыштық, кәнігі шеберлік айқын. «Телмірген теңдігі жоқ ел», – деп келіп, өз дәуіріндегі қазақ қоғамының ахуалына зар замандық сарын дарытқан әлеуметшілдік тұғырға көтеріледі ақын.

*... Адыңда күткен күннің түсі суық,  
Бізді соған барады өмір қуып.*

XIX ғасырдағы қазақ ақындығын тіл өрнегі тұрғысында зерттеудің ендігі бағыттары сарқылмайтын асыл өзек Абайдың сөзіне қаныға түсудегі тарихи негізді айқындайды.

Абай ақындығының қазақ өлеңінің арғы дәуірлер мен бергі замандағы тұтас құпиясын бүккен, қуатын түтел жиган, құн жетпес құнарына бөккен асыл нұр, артық біткен көркемдік құны аларып соғып жатқан жиынтық құбылыстың бірі – қазақ әдебиеті

тарихындағы ауызша өлең мен жазба өлеңнің айырым белгілерін айқындаудағы күрделі қисындар арқауы.

II буынды өлең (*қара өлең емес* – Қ.М.) туралы Шоқан Уәлиханов айқындамасына қатысты ойымызды Ахмет Байтұрсынұлы атап көрсететін, Халел Досмұхамедұлының айтатын «дін арқылы келген жазба өлең» тұрғысында жасаған пайымдауларының ауқымында тарқатып аша түсуге болады. Кейінгі кезеңде мәселені нақ осы мәнде қоймағанымен, тарихи дәстүршілдік негізде саралаған Айнұр Әбдірәсілқызының өзіндік байламдарында біршама назар аударарлық дәлел-дәйектер бар.

Абай өлеңінің құрылысына қатысты кейінгі күн тәртібіне қойып келе жатқан көкейтесті мәселелердің бағыты жас зерттеуші Айнұр Әбдірәсілқызының Қожа-Ахмет Яссауидің ақындық әлемін зерттеуінде біршама айқын көтерілген деуімізге болады.

«Абай өлеңдерінің құрылысы қазақ әдебиетінде кеңінен зерттелген тақырып болып табылады. Осы бағытта алғаш қалам тартушылардың бірі академик С. Мұқанов Абайдың қазақ өлеңіне пішіндік тұрғыдан 15 жаңалық енгізді деп бағаласа, көрнекті ғалым Е. Ысмайылов ақын жаңалығының санын 16-ға жеткізеді. Әдебиет зерттеушісі Б. Кенжебаевтың Абайға дейінгі қазақ өлеңін 11 және 7 буынды екі түрмен ғана шектегені белгілі. Абай поэзиясын өзіне дейінгі қазақ поэзиясында бой көрсеткен үрдістермен салыстыра зерттеген академик Қ.Жұмалиев сегіз және алты буынды түрлерді бұрын қазақ әдебиетінде болмаған, Абай енгізген түрлер деп бағалап, ақынның өзге пішіндік жаңалықтарын аралас буынды өлең құрылысының жеке түрлері ретінде қарастырады, бұл тұста автор «қазақ әдебиеті» атауын ресми иеленген жыраулар поэзиясынан беріде қалыптасқан өлең түрлерін назарға алып отырғаны белгілі. Ертедегі әдебиет ескерткіштері ғылыми айналымға ендірілмеген кешестік кезеңдегі әдебиет зерттеушілерінің жоғарыда біздер санамалап көрсеткен көне жәдігерліктердегі өлең құрылысынан хабардар болмауы, болса да зерттеу нысанына айналдыра алмауы қалыпты жағдай. Шын мәнінде алты және сегіз буынды өлең үлгілері Абай поэзиясынан әлдеқайда ілгеріректен бастау алады. Ауыз әдебиетінде, фольклордың шағын жанрларында жиі қолданылған алты буынды өлшеммен Қашқари сөздігінде он төрт өлең жазылған» [259, 220 б.].

Автор 8 буынды өлшемнің ежелгі түркі поэзиясындағы белгілі қалып екендігін айтып отырады. Абайдың өлең құрылысына қатысты

мәселенің бір төркіні апарып соғар бастау жайын тарқата түседі. Абайдың өлең құрылысына катысты ұзақ та нәтижелі зерттеулер жүргізген ғалым З.Ахметовтің байламдарын саралап, негіз ете отырып қазақ өлеңтануында ежелгі әдеби мәтіндердің ғылыми айналымға толық ене қоймағандығын ескерткен.

А.Әбдірәсілқызы мәселені нақты қояды. «Жыраулық поэзия мен Абай шығармашылығын ақындар мектебі жіпсіз жалғастырып жатыр. Ал Қашқари сөздігіндегі өлеңдер мен жыраулық поэзия арасын байланыстыратын ең басты басқыш, ұлттық өлең жүйесі дамуының маңызды кезеңін бейнелейтін Қожа Ахмет Йассауи шығармашылығы бүгінге дейін осы байланыс тұрғысынан қарастырылмай келеді. Йассауиге дейінгі және одан кейінгі түркі әдебиетінің ғылымға белгілі авторлық туындылары бір немесе екі өлшемге ғана негізделген. Халық ауыз әдебиетіндегі өлең өлшемдерін кеңінен қамтып, түрлендіре қолдан, жазба әдебиетінде берік орнықтыру – Йассауи поэзиясы атқарған тарихи қызмет. Сопы акын негізін қалған хикмет дәстүрін дамытушы ақындар осы үдерісті жалғастырып, Йассауи түрлендірген өлшемдерді, енгізген жаналықтарды дамытып, халық арасына қайта жеткізіп отырды. Кейінгі дәуірдегі ұлт әдебиетінің біртекті дәстүр аясында дамуының маңызды тетіктерінің бірі осы үрдісте жатыр. Абай поэзиясы – сол сабақтастықтың айқын айғағы» [259, 221 б.].

А.Әбдірәсілқызы 1855-1881 жылдар аралығында шығарылған Абай өлеңдерінің ұйқас үлгілерін Йассауи хикметтерімен сабақтастырады. Біздіңше, орынды салыстыру. Бұл кезеңдегі Абай өлеңдеріне көне түркілік қалыптарды сақтау тән дейді. 1881-ден кейін ұйқас пен өлшем арақатынасы барынша түрленген дейді.

XIX ғасыр өлеңіндегі ұйқас жөнін бірнеше жылдардан бері «Абайтану» курсында Мекемтас Мырзахметов пен Құлмат Өмірәлиевтің Дулат өлеңіндегі ұйқас түрлеріне катысты сабақтастықта күн тәртібіне алып келе жатқанымызбен, нақты Йассауи мектебі тұрғысында қарастырмадық. Шоқан негіздеген өлең түріне катысты болжам айтудан әрі бара қоймай, Абай өлеңін XIX ғасырдағы жекелеген ақындар шығармаларымен салыстыра зерделеу нәтижесінде біршама өзіндік ойлар қозғаған едік (*«Қазақ әдебиетінің XIX ғасырдағы көркемдік дамуы және зерттелуі» атты докторлық диссертациямыз барысында – Қ.М.*).

А.Әбдірәсілқызының Йассауиден үлгі болып Абайға ойысқан *газал* ұйқасы туралы айтқан байлам, болжамынан Шоқан Уәлиханов атайтын өлең түрінің бір сырын танығандай болдык.

А.Әбдірәсілқызының қисындары біздің Шоқан Уәлиханов атап көрсеткен 5-түр, «өлең» туралы болжам, байламдарымызды дәлелдей түседі.

Бұл түрдің белгілібір тарихи кезеңдегі мәнін, орнын арнайы қарастырмағанымен, айғақтай түсетін дәйектер. Әрине, А.Әбдірәсілқызының түркі өлеңінің даму үдерісін Йассауи шығармашылығына тікелей тели отырып қарастыру бағытындағы ұстанымдарына бұл тұрғыда әлде де нақтылы, ортағасырлық түрік әдебиетінің қалпын тұтас назарда ұстап отырып жасалған балама зерттеулер де қажет болар деген ой-ұсыныспен қараймыз.

Абайдың қазақ өлеңіне қосқан жаңа түрі абайтануда Мұхтар Әуезов ғұмыр бойы назарда ұстаған зерттеулерде қай мәнде танылып отырғандығына асықпай зер салғанда, түйткілі көп дүниені сұңғыла Әуезов әу бастан-ақ күн тәртібіне тартып, құнттап кеткендігін көреміз.

Замана желі тастай ғылыми танымды да сан шайқап өткені белгілі. Абайдың туысы мен өмірін төрт қайтара жазуға мәжбүр болған Мұхтар Әуезов абайтану мәселелерінің қай-қайсында да былайшаң көз салғанға қайшы көрінер ұстанымдарымен де талай ақиқатты ашып тастал отырған.

Мұхтар Әуезовтің абайтанудағы қилы кезеңдер көшінде қисындап кеткен түбегейлі танымы – абайтанудың негізі. Абайтануға сәт сайын, заман райы құбылған сайын, жаңа бір мүмкіндіктер қылаң берген сайын қадалып отырып кам жеген Мұхтар Әуезовтің Абай поэзиясының өлең түрі мәніндегі сипат-ерекшелігіне қатысты әр жылдарда аз ғана емеурінмен-ақ көп жайды ұғындырып кеткен тұжырым, тоқтамдарында Абайдың ақындық айналасы, үйренген, үлгі тұтқан мектебі, өлең өрнегінің дәстүрлі негіздері мен тарихи-әлеуметтік арқауы асқан білгірлік, өзгеше сезімталдықпен зерделеніп отырды.

Қазірде Абай поэзиясының өлең құрылысы, өлшем ұйқасы жөнінде ортағасырлық түрік поэзиясы үлгілерімен астастыра зерделенуге және бір икемделіп отырған бағыт орныға бастағанда (*мәселен А.Әбдірәсілқызының Йассауи мұрасын зерттеуі, т.б. Қ.М.*), Абай дәуіріндегі өлең түрлерінің Шоқан Уәлиханов классификациясындағы 5-түрге қатысы тұрғысында нақтылы ой

қозғаудың қажеттілігі тұрғысында, т.б. абайтанудағы Абайдың өлең құрылысын зерттеудің бір ғасырдан астам тарихын түзуде осы бір аса өзекті жайдың Мұхтар Әуезов танымындағы қойылымына зер салмай, қарға адым жер аттауға қақымыз жоқ.

1934 жылы жазылған «Абай ақындығының айналасы» зерттеуінде Мұхтар Әуезов абайтанудың ең бір өзекті мәселесін ғылыми-теориялық тарихи негізде ғылым арнасына бұрды.

Абай ақындығының Шығыс, Батыс жағалауы, төл арнасы туралы кең қамтып, бір толғап барып нақтылы талдауға көшкен тұста Мұхтар Әуезов әу бастан-ақ сыртқы әсердің тіл қолданысты ғана емес, өлеңнің ырғағын да, ұйқасын да билеп әкеткеніне зер салады. Мұның кездейсоқ емес, үлкен бір әдеби мектеп дәстүрі екендігін құлаққағыс етеді.

Әйгілі «Иузи раушан, көзи ғауһарға» нақтылы тоқталып өтіп, Абайдың «әліп-биді» тәпсирлеу арқылы қызға жазған хатын да жанағыдай еліктеу дейді. Және осында қазақ өлентануында көп жөнде II буынды кара өлең болып таныла беретін, Шоқан Уәлиханов кезінде айырым белгісін атап көрсететін түрге қатысты айдан-анық қисын айтып, әрі оны XIX ғасырдағы қазақ ақындығындағы өзіндік бір бағыт, көркемдік агым мәнінде тануға бастайтын байлам жасайды.

«...Сырты он бір буынды, қазақы төрт жолды ақсақ ұйқас болғанмен де, бұл өлең де ғаруз өлеңмен жазылған. Уәзіні: «мұпағылин, пәгулән».

Бұл кез Абайдың шағатай поэзиясына таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді. Онда тақырып, тіл, ырақ, кейде ұйқас және теңеу, салыстыру суреттері (көзи ғауһар) бәрі де өз төркіні кім екенін танытып тұр.

Шығыс жағасынан Абай құятын бір саласы – тұңғыш саласы осындай. Тегінде кітапшылаған, сиыр жорға жыр қазақ поэзиясына жалғыз Абай тұсында кірген жоқ. Ыбырай, Асан, Мәшһүр, Ақан сері сияқты Арқа, Жетісу ақындары және әсіресе Сыр-Түркістан ақындарынан, Шортанбай бастаған Шәді, тағы басқа көп ақынның шығармаларында бұл әсер көп.

Соның көбінде араб, парсының өз сөздері көрінумен басқа қазақтың «дейдісін «дейди», «көрдісін «көрди» сияқты ғып созғылау көп болған. Барлығының өкше ізі, сол жаңағы шағатай арқылы дін қиссалары немесе «Шаһнама», «Жүсіп-Зылиқа», «Ләйлі-Мәжнүңдей» дастандар арқылы кірген ғаруз уәзініне барады. Қазақ әдебиетінің

көлеміндегі гаруз әсерін тексеру және соның бір жағын Абайға да тірей тексеру әдебиетшілердің алдындағы бір сыни проблема» [260, 129 б.].

Йассауи ақындығын зерделеген зерттеуінде А.Әбдірәсілқызы Абай поэзиясына, мақсатты түрде өлшем, ұйқас түріне қатысты өзіндік болжамдар айтады.

Әуелі түрік поэзиясындағы 11 буынды өлшемнің түп-төркін жаратылысын бірталай дерек, дәйекпен тиянақтап отырып, *арузға* қатысты тоқтамдар келтірген. «Құтты біліктегі» құрылымды саралап отырып Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыштағы» қисынына көңіл бөлуі Байтұрсынұлының Абайдағы мін деп кететін («Қазақтың бас ақыны» – К.М.) жайда да ұшқары ұғынбауға бастайтын қазақ өлең тарихындағы өлең жасау заңдылықтарының құбылыстарының бірін айқындап өтуі деуімізге болады.

«Келтірілген қос бәйіттің буын саны 11-ден аспағанымен, бунақ құрылымында реттелік жоқ. Мұның өзі өлеңді ырғағынан айырып. А.Байтұрсынов тілімен айтқанда «жорғағынан жаңылдырады»: «Мұнда жорғақ жүріс сияқты дауысты бір қалыппен тербетіп, келісті көрсететін өлең жорғағы жоқ... Мұның жорғағын келтірмей тұрған не нәрсе? Бұған кесел – бунақтың орын таңдағандығы, яғни бунақтардың табиғаты тілеген орынға қоймағандық». Келтірілген мысалдағы жорғақтан жаңылу себебі буындық жүйеде қалыптасқан сөздерді метрикалық өлшемнің жасанды қалыбына салудан туындап отыр» [259, 210 б.].

А.Әбдірәсілқызының «Құтты біліктің» өлең өлшеміне орай нақты-нақты айтқан пікірлерінің өлең түрін таңдау бағытындағы Абай поэзиясының да ерекшелігіне қатысты құбылыс. Бұл тұрғыда зерттеуші Абайдағы өлең түрі, ұйқасқа қатысты ойларында айтады да.

«Құтты білік» дастаны екі түрлі жүйе заңдылықтарын сәйкестендіруге тырысқан, аруз өлшеміне графикалық тұрғыдан бейімдей отырып, түркі өлеңінің де табиғатын бұзбауды көздеген автор ізденістерінің жемісі, ішінара синтез жасау тәжірибесінің көрінісі. Рас, табиғаты туыспайтын қос жүйенің алма-кезек жеңісіп, бірінің екіншісінен басым түсіп жататын жерлері де едәуір. Жоғарыда келтірілген қос мысалдан аңғарылатын бұл жайт – өлең табиғатына тән қасиеттердің жарып шықпай тұрмайтындығының айғағы. Буындық болмысты құрсауға алған аруз қалыбы жөніп шыққан тұста түркі сөздерінің іштей бөлшектенуі жиі байқалса, икемделгіш буындық жүйе қасаң аруздың қалыпты иіткен тұстарда таза түркілік

3+3+3+2, 6+5, 4+4+3 үлгісіндегі бунақтық құрылым көрініс беріп отырады» [259, 211 б.].

Әңгіме Абайдың өлең құрылысына, ондағы ұйқас, өлшем жайына ойысканда А.Әбдірәсілқызының пайымдауларында Абай өлеңінің ғана емес, қазақ өлеңтануында әлі күнге аса ажыратылып, індетте зерттелмей келе жатқан, Шоқан Уәлиханов бөліп көрсеткен 11 буынды өлең түрінің қисындары бас көтеретінін байқамауға болмайды.

«Аттамалы ұйқаспен (*аабавага*) жазылған Абай өлеңдері төрт тармақты шумақтарға емес, ұйқас біркелкілігіне негізделген түйдектерге топтастырылған. Мұндай түйдектер алты, сегіз, он, он екі тармаққа дейін камтиды, бірқатар өлеңдер көлемді бір ғана түйдектен тұрады. Осы тұста аттамалы ұйқасқа қатысты таратып айтылуға тиіс жайттар бар» [259, 223 б.].

Мұнда зерттеуші Абай он бір буынды өлеңдерінде аттамалы *газал* ұйқасты емес, Йассауи негізін салған *газал* ұйқасын қолданған деуге болады деген ой айтқан. Біздіңше, бұл тұрғыда арнайы зерттеулер қажет көрінеді.

«Абай ақындығының айналасында» Мұхтар Әуезов Абай поэзиясындағы шығыстық ізді қай кезеңдегіден де мейлінше айқын көрсеткен деуімізге болар еді.

Осында «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы» өлеңдерінің «Желсіз түнде жарық ай», «Қызарып, сұрланып», «Айттым сәлем, Қаламқаспен» салыстырғандағы айқын өзгешелігіне мән берілген.

Мұхтар Әуезов Абайдың мұсылмандық Шығыспен, сопылық сарынмен астасып кеткен ақындық қырын ажыратып отырып, ашып айтады. «Басы осы. Содан әрі балалық күннің еліктеу үлгісін тастағанмен, өмірінің ақырына шейін Абай осы жағадан қол үзбейді. Абай ақындығының ішінде Шығыс арқауы ұзыннан ұзақ тартылған желідей болып созыла келіп, ең ақыры 1902 жылы жазылған «Алланың өзі де рас, сөзі де распен» аяқтайды. 1902 жылы Абай өлеңінің сарқып кеп тоқтаған жылы. Сондағы көрген түбі жаңағы өлең. Бұл мұсылман дүниесінің ортасынан шығып, өзінше бастап, өзінше таныған ақынның бір алуан «көкейкестісі». Шығыс поэзиясы, ислам діні деген сарынның Абай шерткен құлақ күйі, соңғы аккордын осылайша қайырады» [260, 129 б.].

Мұхтар Әуезов осында Абайдың Шығыс тақырыбына жазылған туындыларына қайыра соғып негізгі ұстаным, өлеңдік түрдегі ықпал,

ғибрат, өнеге мәніндегі қырларын аз сөзбен түйіндеп, қамтып айтып, абайтанудың ұзақ көшінің күн тәртібіне қосқан.

Абайдың шығармашылық алым, ақындық қуатын жан-жағын тұтас шолып отырып қорыту, қозғау үлгісі бөлек байламдар. «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» монографиясында бұл тұрғыда абайтанушы Мекемтас Мырзахметов Мұхтар Әуезовтің абайтанудағы тарихи еңбегін тұтас бағалап, саралаудың жөндерін қазірде абайтану мәселелерін ілгері оздыру бағытындағы зерттеулерде назарға алып отыратын құнды тоқтамдармен мейлінше айқын жүйеде негіздеді.

Абай дүниетанымындағы іргелі негіз, ірі құбылыстар туралы Мұхтар Әуезов заман ынғайы аса бір сүреңсіз болжамдарға беттен тұрған сол бір кезеңде қырық түрлі қисынмен құбылпнай-ақ төбеден түскендей нақпа-нақ етіп айтқан ғой. Қазірде бұл қисындарды жөн-жөнімен таркатып, таратып әкетер қауқарлы маман тапшы.

«Содан әрі 1889 жылы «Қор болды жаным», 1891 жылы «Көзімнің қарасы» жазылады. Бұл өлеңдерінің тұсында алғашқы ғаруз уәзімімен жазылған шағатайша бәйіттердің жотасы қайта көрінеді. Бірақ енді ақын Шығыстағы «Тассауын» (сопышылдық) поэзиясының рухын, ішкі-тысқы үлгісін, негізгі сарынын терең түсіне бастаған. Сондықтан бұдан былай олар үлгісін қорытып, өз ырқына көндіріңкіреп, баурай алып қолданады. Өлеңі қазақ ақынының өзі-ақ айтарлық сөздер тәрізденеді.

Бірақ, азырақ бойлай қарасақ, махаббатты:

«Қор болды жаным...»

«Тағдырдан келген зұлым...»

«Бүгілді белім...»

... Тағдыр етсе Алла,

Не көрсейді пәндә... –

деген сияқты сөзбен жырлау Шығыстың «Тастауын» ақындарының үлгісі «Ләйлі-Мәжнүн» махаббатының үлгісі боп көрінеді. «Көзімнің қарасындағы»:

*Сенсің – жан ләззәті,*

*Сенсің – тән шәрбәті.*

*Сұлуды сүймәкшік,*

*Пайғамбар сүннәті... –*



деген сияқты сарын да Шығыстан келіп тұрған леп. Тақырып махаббат болғанмен, не қазақ, не Еуропа үлгісіндегі махаббат жыры емес. Сүйіспеншілікті тағдыр жазған, ол адам жанын жуып-шәйіп, тазартады. Денең қорлық көреді, зар шегеді. Сол арқылы жаның тазарады.

Тазарған жанмен құдайыңды, иенді танысың деген сопы ақындардың махаббат пәлсапасы бұл арада екіұдайсыз, шіркеусіз ашық көрініп тұр».[260, 130 б.].

М.Әуезов сопылық сарын тұрғысындағы тоқтамынан соң ойысқан жайы – «Абайдың діншілдік өлеңдері» деп атаған мәселесі. Осында жалпы мұсылмандық пен сопылық ілімді тұтас алмайды. Екі ұғымның жігін айқындап отырып ойысуды ұстанған. Бұл қисындарға қатысты да білімдарлықпен дінтанушы мамандар саралайтын сырлар бар сияқты.

«Шығыс жағасының осылардан басқа бір саласы Абайдың діншілдік өлеңдерінен көрінеді. 1894 жылы жазылған:

*А, құдай, бере көр.  
Тілеген тілекті, –*

деген сияқты, немесе:

*Алланың рахметін,  
Яр тұтатын әрнеге  
Әрраһман ол атын  
Үйреткен жұлмеге... –*

деген өлеңдері, баласы Әбіш ауырып жатқанда айтылған сыйыну, дұға, жалбарыну сөздері боп шығады. Бұлардың тұсында Абай – мұсылман. Мұсылман құдайына табынған «Ғаси вәндә» өлені, дәрмен кеткен қарт көңілдің намаз артынан күңіреніп айтып отыратын мінәжаты, сынық кішік көңілдің қоңыр үнді дұғасы сияқты сезіледі. Бұл Абай басына келген соқпа күй емес. Көңілдің сынып, жамалып отыратын әлдеқалайы да емес. Өмірінің қысталаң шағында айтылған шыны.

... сонда ақын мен діндармын, мен иланушымын деп отыр» [260, 131 б.].

Әрі қарай М.Әуезов Абай фанатын емес, дей келіп және де біршама қисындар айтқан. Бұл тұста Абайдың озық ойын айқындай

түсемін деп дін жайын біршама бәсеңсітіп, солғындата сөйлегені де байқалады. Сонда да болса, түйін тастай.

«Осы жайлары қара сөздерінде де айқын көрініп отырады. Міні, Шығыс жағасына Абайдың барлық тұлға мазмұнына орнаған, поэзияның, ой-сананың іргелері осындай. Аз нәрсе емес. Үстіңгі бір жамылымы ғана, бір қабат жұқа қабыршақ қана емес. Көңіліне орнаған терең тамырлы бұйымдар...

Сонымен өз тұсында, XIX ғасырдың екінші жарымында Шығыс ілімінде майданға шыға бастаған жаңашыл, рационалшылар дін реформашыларының шеніне араласады» [260, 133 б.].

Осылайша жаңашылдыққа ойыспаса Абайдан Еуропа жағасының белгілерін көре алмас едік дейді Әуезов.

М. Әуезов Абайдың Шығысы жайлы осы аталған мақалада ғана ой білдірген жоқ, Шығыс жайы – оның абайтанудағы үзілмеген желі, үздіксіз арна-арқауы. Осында Абай өлеңінің құрылымы, өлшемі, түріне қатысты тарихи негіздердің де ұзын арқау, кең тұсаумен айтылып, қамтылған жайлары аз емес.

1939 жылы жазылатын «Абайдың идеялық-мәдени ізденулері» мақаласында («Әдебиет және искусство», 1939, №7) осы ұстанымдар бағыты біршама бұрылысқа түскен. Абайдың үйрену мектебі туралы біржақтылау ойлардың 37-ден кейінгі күйдің көлеңкесін көрсетіп-ақ тұр. Бұл зерттеу мақалада да тұтырлы қисындар, әсіресе Абайдың әлеуметтік өрісі туралы таза таным болғанымен, бағыты тұстас Батысқа бұрылып жазылғаны даусыз. Бірақ әу бастағы таза танымнан сол беті қара үзіп кеткен жоқ. Ғұмырының ақырына шейін киюын тауып кіріктіріп отырып, абайтанудағы түбегейлі арқау, алтын жұлгенің бірі – сол Шығыс күйі екенін айтумен болды.

Мұхтар Әуезов Абай өмірбаянының екінші нұсқасын 1940 жылы жазады. М.Әуезов жазған Абай өмірбаянының төрт нұсқасындағы толықтырып, оңделген, қысқартылған өмірбаян деректерін қозғап сөйлеу өз алдына үлкен әңгіме, әуезовтанудың бір іргелі мәселесі болса керек. Біз осындағы әдеби ықпалдастық, Шығыс пен Батыс жайына қатысты тоқтамдарға, ұстанымға қысқа-қысқа тоқталып қана өтуді көздедік.

Аталған «Абай ақындығының айналасында» Абай Батыстың мәдениет көрмесіне қазақтан, Шығыстан шығып келіп, сынап, барлап қарады. Бірақ шын мәдениетті көруі мұн, одан тұх жұқтырмай кетуі мүмкін емес. Кердең басып, тайталас түспек болған беті өзгерді дейді. Өз ішін бермеймін деп жүрсе де ақын көп жанасу арқылы,

бірқатар жаңғырып түлей бастайды. Еуропадан үлгі таңдап, нәр алады дейді. Абай әуелде Пушкин қасынан солғын қарал өтті дейді.

«Ел ішіндегі қаққы-соққы, алыс-жұлыстан кекесін мен ашу алып шығып ызамен сазарып, уайыммен уланып келгенде, Лермонтовтың құлақ күйі, бұнын өз күйі, өз сарынындай болып дөп келе кетеді. Сонсоң Лермонтовтан әрі аударарды, әрі үлгі алып күйіне күй қосады.

Лермонтов сөзін өз сөзіндей нашаланып, мейірленіп, емірене жыр қылады да, өзінікі мен оныкінің шекарасын жойып, «мал басын» араластыра қосып, «еншілес» боп кеткендей болады» [260, 134 б.].

Үлгі алып, керекке жаратып отырып Абайдың ақындық бетінде жаңа бағыт туганына мән берген Әуезов былай дейді:

«Осы жайға қоз жіберіп байқасақ, Абайда европалық тәркіні бар, екі алуан өлеңді көреміз. Бірі – ашықтық жайының өлені (махаббат лирикасы – екіншісі – көңіл-күйінің өлеңі (настроение лирикасы))» [260, 135 б.].

Осы тұста қазірге дейін түп-тәркінін анық ажыратқан қисын болса да Абайдағы шалыс ұйқасты *абай* өлең түрлерін қазақтың арғы әдебиетінде де болған үлгі деп те қарайтынымыздың нақтылы бір мәнде бұрыс екендігін де айтқан жөн.

«Өлең, көрініс, жалпы сурет-тақырып Абайдың өзінікі. Бірақ махаббатты осылайша оттай ыстық, бір-ақ көрініспен жылт еткізіп, бір ғана елес еткізіп, аяғын көп ноқатпен: «қалғанын өзің ұға бер» деумен, шұғыл тұқыра салумен бітіру – анық Европа романтикасының үлгісі. Ондағы жұмбақ сыр поэзияның келте қайырғыш емеуріншіл лирикасының (интим лириканың) үлгісі. Бұл жырда:

*Тыншығарсың сен-дағы*

*Сабыр қылсаң азырақ...*

деп, тұқыратын Гете, Лермонтов сөзі білініп тұр. Осы айтылған күйге орай өлең ұйқасы қандай? Жеке-жеке әсерлі суреттер үздік-үздік леп бергендей жалт-жұлт етумен бірге ұйқаста қазақы өлең, не шығыс үлгісіндегі өлеңнің қалпын тастап, шалыс ұйқасқа ауысады.

Бірінші мен үшінші, екінші мен төртінші жол ұйқаса келіп, әдейі бір лықсып толқып отырған. ырғағы мол, күйлі ағымды тапқандай болады» [260, 135 б.].

М.Әуезов бәрін санауға орын тар. Осы үлгідегі өлеңдер Абайда көп дейді (2005 жылғы 2 томдық бойынша санал шыққанда, ұзын-

саны – 57 өлең – Қ.М.). Сырт қарағанда Абай көп үлгіні Еуропадан алып, ақындық таразысының сол жағын көбірек басқандай көрінетіні осыдан деп ескертіп қойған Әуезов, мұның бәрі Абайдағы Шығыс жағасының ізін, сарынын жоймайды дейді. «Тілде, үлгіде ғана қолданып өзінің шығыстық, қазакилық ішін сыртқа шығармауда тұтынған кестесі сияқты. Бұлар, Абайдың біз бұл мақалада сөз қылмаған қазақтың және жоғарыда саналған шығыстық тұлғасын, ішкі нанымын, бағыт, негіз, дүниесін бұзбайды. Өзгертіп әкетпейді. Соны жарыққа, сыртқа әсерлі қып шығару үшін ұстанған әдіс, өрнек есепті болады» [260, 137 б.].

Абай ақындығын заманымен, ортасымен, қым-қуыт тіршілігі толассыз қоғамымен алып отырып айқындайтын Мұхтар Әуезов сол бағытта *ауызша әдебиет, жазба әдебиет* терминдік атауларын айналымға қосқан. Абайдың екі үлгіде де шығармалар туғызу фактісін де ескертіп отырады.

1933 жылғы жазылған «Бектік құлауға айналып өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті» (1870–1905 жылдар арасы) атты оқулыққа енген шолуында Мұхтар Әуезовтің Абайдың қазақ әдебиеті тарихындағы орны есепті айқындамаларында кейінде негізгі ұстанымына ұласпағанымен, ақиқат жайлармен астасып жатқан пайымдамалар бар. Абайдың тарихи тұлғасына, әдеби мұрасына ХХ ғасырдың жиырмамыншы, отызыншы жылдардағы басым көзқарас, негізгі ұстаным тұрғысынан жасалған пайымдаулардың қазіргі кезең тұрғысынан қайта бір зерделегенде үрке қарайтындай үрейлі дүние емес екендігін есте ұстап отырып, ойға салсақ Абайды ұлтшылдық бағытында ұғынудың тарихи-әлеуметтік алғышарттарына Мұхтар Әуезовтің де өз дәуірінің әдебиет тарихшысы, әдебиет сыншыларының көзімен қарауының еш бөтендігі жоғын ұғына түсеміз.

ХХ ғасыр басындағы алаш руханияты, ондағы Абай ұстанымдары қазірде түпкілікті таным есебінде орнықты. Ғаббас Тоғжанов «Абай» кітабында Абай ақындығын дұрыс айтқанымен. Абайдың әлеуметтік ұстанымын қате ұғынды деп келдік, немесе сол абайтанудағы 20 жылдар айтысын қайта бір сараласақ қисық қайда, дұрыс қане деген дүниелер әлде де айғақтала түсер еді. Тегінде әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесінде Мұхтар Әуезовтің осы шолуындағы зерделеуде де, Сәбит Мұқановтың «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінде де, Ғаббас Тоғжанов зерттеуінде де ақиқат жайдың астарлы қисындары айтуын күтіп жатқан сыңайда.

Аталған шолуында Мұхтар Әуезов Абай дәуіріндегі қазақ қоғамы, отаршылдық саясат туралы егжей-тегжейлі, өмірлік дерек-дәйегі мығым, жинақтаушылық, саралаушылық мәндегі сараптамасында жасаған тоқтамдарға қазірде кездейсоқ, саясат ықпалымен айтылған ойлар деп қана қарай аламыз ба? Бұл ойлардың астарында заманның құбылған түрін қаншалықты айқындап бергенімен, бағалауда байқап-байқап сөйлеген де сыр бар.

Абай дәуіріндегі қоғамдық-экономикалық құрылысының өзгеру үдерісіне бүге-шігесіне дейін үңіліп ой тастап отырып Мұхтар Әуезов: «Бұл таптың санашылдарында белгілі программ сияқты таптық талап, тілек бар», – дейді. Мысалы, Абай, Алтынсарыұлы сияқтыларды алсақ дейді.

Біздіңше, заман-қоғам-адам тұрғысында әсірелеп, көтеріп айтпасақ та, Абай өзінің тарихи тұғырында. М.Әуезовтің өзі айтқандай Абай әуелі – ақын, ұрпағына Абайдың саяси платформасын білу маңызды болғанымен, ол – ақын. Қазақ өлеңінің қорғаны, қоймасы, қазынасы ортаймас қамбасы. Алайда, абайтануда осы ұлт буржуазиясы мүддесімен үндестіре зерделенген тын зерттеулердің де артықтығы болмас еді...

М.Әуезов Абайдың шалыс ұйқасты өлеңдерінің төркінін негізінен орыс әдебиетімен туыстырып отырған. Абайдың ақынға арнаған өлеңі деп «Адамның кейбір кездері» шығармасына тоқтала отырып Мұхтар Әуезов мына жайды нақтылап айтады:

«Бұл өлеңді Абайдың қазақтың өлең түрімен жазбай, Пушкиннің шалыс ұйқасымен жазуында да мән бар. Мінеки, орыс классигі Пушкиннің мәдениетті ақын бола тұрып сөйлеген ұғым, наным, түсінік бағытының Абайға терең тамыр арқылы жасаған бір қатынасы осындай. Осы сияқты өлең Абайды да бұрынғы қазақы ақыннан жоғары шарықтатып, әрі шалымды етіп, жаңа үлгі, жаңа сөз сырының ақыны етеді» [26], 18 т. 16 б.].

«Орыс классиктері мен Абай» зерттеуінде (1944) М.Әуезов Абайдың шығыстық арнасы ең аз сезілетін белгі дегенді баса айтқан. Негізі заман екпіні осы бір Шығыс мәселесіне соқпай өтіп отырмаған...

1950 жылы «Пушкин мен Абай» мақаласында Татьяна, Онегин өлеңдерінде Абай бұрын қолданбаған тын түр табады деп, М.Әуезов тағы да атап өткен. Бұл – шалыс ұйқасты қолдану.

Мекемтас Мырзахметұлы Абай өлең өрнегіндегі шығыстық белгілер деп кеңінен қарастыруында «Абай ғаруз ұйқасы, қара өлең

ұйқасы, қаусырма ұйқастарды бір өлең бойында қатар қолданып отырса да, ұйқастардың әртектілігі сезілмейді...» – дейді [258, 70 б.].

Қазақ өлең құрылысын, Абай өлең құрылысын зерттеуде Бейсенбай Кенжебаев *ғаруз* ұйқасы туралы сөз қозғамаған. Зәки Ахметовтің «Өлең сөздің теориясында» Абай тыңнан қосқан өрнектер деп «Қатыны мен Масақбай», «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным» туындыларына тоқталған. Қазақ өлеңінің жасалу заңдылықтарын мейлінше халықтық негізде қарастырған, 7-8, 11 буынды өлшем заңдылықтарын ауызша да, жазба әдебиетке де қатысты қисындаған Зәки Ахметов *ғаруз* туралы айтпайды.

«Әдебиет теориясы, соның ішінде өлең сөздің теориясы, қатып қалған қағидалардың немесе жекелеген жаттанды қисындардың жиынтығы емес. Теориялық ұғым-түсініктер, тұжырымдар жүйелі түрде танылып, көркем әдебиеттің, поэзияның ең маңызды өзгешеліктерін тереңдеп білуге негіз болғанда ғана теориялық ойдың, зерттеудің айрықша қасиеттері толық аңғарылады. Әдебиет теориясы көркем шығарманың жалаң сыртқы белгілерін тану ғана болмай, оның ішкі сырына бойлаудың, әдеби процестің заңдылықтарын, түкпірлі сипат-ерекшеліктерін байыпты түрде түсінудің құралы болуға тиіс» [25, 6 б.].

Ұлттық негізі мығым қазақ өлеңінің ХІХ ғасырдағы қайта бір түрлену фактісі шығыстық кисса-дастандардың кең таралу, нәзира дәстүрімен де сабақтасып жатқаны даусыз.

Мұхтар Әуезовтің Абайдың әдеби мұрасына келгенде оның ақындығын баса көрсеткен жөн, Пушкиннің философиясын зерттеп олжа тапқандар көп емес дегені бар екен.

Әрине, Абайдың ұлт рухымен астасып жатқан шексіз шығармашылық өрісін қай қырынан да қамтып, қазынасынан игілік көріп отыру керек. Соның ішінде Абайдың ақындық мұхиты, арпалысқан өлең толқыны қисынымен, сөз қалау құпиясымен, қызу қуатымен бөлекше баурайды.

Арғы-бергідегі қазақ өлеңінің қалпын зерделеу барысында туған тоқтам – өлеңдегі ұйқас түрленуі шумақтың тұрақсыздығын туғызған. Түрленген ұйқас, тұрақсыз шумақ – бұл жаңа түр. Қазақ өлеңінің дәстүрлі арғы түркілік, шығыстық негіздері ғасырларды көктей өтіп ХІХ ғасырдағы нақты бір түр – Шоқан Уәлиханов атап көрсеткен «өлеңге» ойысқан үлгісі. Жазба өлең. Осы тұрғыда нақтылы қисынды дәлел, негіздемелерді Құлмат Әмірәлиев зерттеулерінен табуға болады.

Құлмат Өмірәлиев – Дулат пен Абайдың бірнеше өлеңі жасалу тәсілі, айтылу сарыны, авторлық ұстаным жөнінен өте жақын келетінін атап көрсете отырып, Дулат пен Абайдың нақтылы бір туындылардағы тұрақты шумақтың жоқтығын жазба әдебиет белгілерімен сабақтастырады.

Әдебиет тарихындағы ауызша шығарылу – жазып таралу, жазып шығару – ауызша таралу, жазбаша таралу фактілері әдеби мұраны нақты ауызша әдебиет үлгісі, немесе жазба әдебиет үлгісі деп айқындауға ғылыми өлшем бола алмайтындығы даусыз. Осы мәселеде айғақтап, ажырата көрсетіп, терминдік қалыпта қолданысқа түсетін атауын айқындап алатын уақыт жетті.

Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышында» «Ауыз әдебиет», «Жазу әдебиет» бөлімдерінде осы бағытта назарда ұстайтын елеулі ұстанымдар бар.

Мұхтар Әуезов ауызша мен жазып шығарылған әдебиет үлгілеріне қатысты әр жылдарда ой қозғал отырған. Құлмат Өмірәлиев Дулат өлеңдерінің композициялық құрылысы туралы зерттеу жүргізе отырып, ауызша мен жазба өлеңнің айырымын танытар көркемдік-теориялық ұстанымдар жасалы.

Ғалым қазақ өлеңінің жанрлық, стильдік, құрылымдық сипаттарын әр қырынан саралап отырып Дулат өлеңіндегі жаңалық, дәстүрлі арналар туралы ғылыми тың байламдар жасады.

М.Қашқари «Сөздігі» мен XIX ғасырдағы Дулат өлеңіндегі ерекшелік, сипаттарды қисынды сабақтастырған Қ.Өмірәлиев ойлары ауызша мен жазба өлең табиғатын тануға бастап жатқан ілгергі зерттеулерде көңіл бөлінбеген дәлел, дәйегімен назар аударады.

Абайдың «Берекелі болса ел», «Келдік талай жерге енді» өлеңдерін салыстыра келіп Қ.Өмірәлиев былай дейді:

«Міне, Абайдың осы екі өлеңі де 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған: бірінші өлең – ауызша поэзияға тән дидактикалық толғау үлгісінде. Алғашқы өлең ұйқас түрі жағынан да жақын. Тармақ тастап барып ұйқас құрайтын өлең. Екінші өлең – ұйқас түрі жағынан бөлек: ішкі ұйқасты тармақтар аралық желілі ұйқас жолдары бар өлең» [44, 90 б.].

XIX ғасырдағы қазақ өлеңінің даму өрісіндегі нақты бір түрге қатысты Шоқан Уәлиханов айқындамасында ауызша мен жазбаның айырым белгілеріне қатысты дәлел, дәйек боларлық негіз бар. Шоқан Уәлиханов – 5 түр – «өлеңнің» қазақ поэзиясының дәстүрлі

үлгілерінен өзгешелігін даралап көрсетеді. Біздіңше, қазақ өлеңтану ғылымында осы мәселеге әлі де тереңірек зер салып қарау қажет.

Бұл ХІХ ғасырдағы өлең түрлерінің ғана емес, жалпы қазақ поэзиясының жанры, жаратылысы, құрылымы мен өлшеміндегі негізгі поэтикалық заңдылықтардың сұрыптала, қазақ өлеңінің құрылымы, түрі, жанры мәселесіне байланысты өлең теоретиктері негіздеген айқындамалардың толығына түсуіне, қазақ поэзиясының көркемдік даму тарихына тың ағыстар қосуға мүмкіндік туғызар еді.

Жазбаша кітаби әдебиет, жаңғырған нәзира дәстүрі қазақ әдебиетіне жаңа өлең түрін қосып, жанрлар трансформациясын туғызған; аймақтық әдеби мектептердің негізгі даралық сипаттарын орнықтырудағы ықпалды көркемдік дамудың ХІХ ғасырдағы негізгі бағыттарының бірі болды.

Кітаби әдебиет, нәзира орнықтырған «өленнің» өлшемі, негізінде, 11 буынды өлшем. Бунақ-буын үлгісі – 3-4-4. Шумақ негізінен 4 тармақты, *аба* ұйкасты болып келгенімен, кейде шумақтағы тармақ саны 4-тен асып кетіп отырады. Мұндай 4 тармақтан асқан шумақты өлеңдер дәстүрлі қара өлеңге жатқызылмауы керек. Бұл – қазақ поэзиясының ортағасырлық түркілік, шығыстық үлгімен астасып жатқан негізі, дәстүрі бар, ХІХ ғасырдағы поэзиялық бір түр. Шоқан Уәлиханов арғы негіздерін тереңнен тартып зерттеуге бармағанымен, бұл түрдің басты сипаттарын, даралық өзгешелігін мейлінше таратып айтқан.

«5. *Өлең*. Бұл форма, қазіргі кезде барлық жанашыл ақындар тарапынан суырып салма өлеңдерге де, поэмаларға да, әсіресе, Орынбай өлеңдеріне қатысты көбірек айтылады. ... Осы өлеңдердің тақырыптарының көбісі діни сарында айтылады...

Өлең деген бұған дейін жоқ поэзияның ерекше формасының және атаудың қазақ даласына тарай бастағанына 50 жылдан асқан жоқ, бұл Қазан мен Тобыл татарларына қырға жол ашылғаннан кейін келген жаңалық [13, 165 б.].

Қазақ әдебиеті тарихындағы, ХІХ ғасырдағы жазба әдебиет жайына байланысты дерек, дәйектердегі Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынов, М.Әуезов атап көрсетіп отыратын «жазба әдебиеттің негізін мұсылманша сауатты молдалар салған», «қазаққа жазу дінмен келген», «қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған», т.б. түйіндердің байлам, тоқтамы өлеңнің осы түрімен де сабақтасып жатыр. Бұл өлең – Абай дәуірінде кең жайылған түр. Жазба дәстүрмен орныққан өлең. Жаңа, еуропалық үрдісте өрістеген жазба



өлеңге де, өзгешелік сипаттарына қоса, тұғыр болған өлең. Бұл түрді фольклордағы дәстүрлі қара өлеңмен бір үлгі деп тану – қате.

7-8 буынды өлшемнің толғау өлеңге қоса лирикалық жырға да қызмет еткеніндей (З.Ахметов) 11 буынды өлшем қара өлеңнен басқа түрге де арқау болған. Шоқан айқындаған өлең түрі – «өлеңнің» қара өлеңнен ырғағы бөлек.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» өлең шығару өнеріне арнайы тоқталып, өлең кестесі – айшық түрлерінің қазақ поэзиясында түрлі-түрлі болып келіп отыратындығына нақты мысалдарға сүйене отырып көңіл бөлген. Ахмет Байтұрсынұлы бұл мысалдарды көбінесе Абай өлеңдерінен алып отырады, Абаймен тұстас, ілгерідегі, кейінгі ақындардан келтіріп қояды. Ахмет Байтұрсынұлы мысалдары өлең түрі айшыққа, шумақ қалпына қатысты өзгеріп отыратындығы тұрғысынан қазіргі өлеңтанудың көп мәселесін айқындауға мүмкіндік беретіндігі даусыз. Соның ішінде Абай өлеңінің түрі туралы нақты саралаулардың бірін осы бағытта да жасау – артықтық етпейді.

Мәселен, 4 тармақты, 11 буынды ұйқасы *ааба* түрінде келетін өлеңдер мен көп тармақты ұйқасы еркін, айнымалы *аабаба*, т.б. түріндегі 11 буынды өлеңнің өзгешеліктерін – баяндау, сипаттау ерекшеліктері мен бейнелеу күшінің әркелкілігінен бұл өлеңдердің ішкі серпін, қуат, лирикалық бүкпесін айқын тануға болады.

Бұл өлеңдерде айырма – тек шумақтағы тармақ санында емес. Сөйлем құрылымындағы өзгешелікте. Қажым Жұмалиев Абайдағы жаңалық өлең өлшемінде емес, сөйлем құрылымында деп айқындама жасайтындығының мәнісі осы тұста ашыла түседі. Сөйлем құрылымындағы өзгеріс бір мәнде – бастауыш пен баяндауыштың орын тәртібіндегі өзгеріс.

Шумағы төрт тармақты 11 буынды өлең:

*Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік,  
Алдыртын байқамаған бетпен кірдік.  
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,  
Алалық алты бақан дертпен кірдік.*

Шумақтағы көп тармақты 11 буынды өлең:

*Сәуірде көтерілер рақман туы,  
Көрінер көк жүзінде қаз бен қуы.  
Көктен жаңбыр, таулардан сулар жүріп,*

*Жайылар жер жүзіне қардың суы.  
Ұшпақтың бір сәулесі жерге түсіп,  
Өсірер жерден шөпті нұрдың буы.*

*... Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,  
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз...*

Бұл – Ыбырай Алтынсариннен алынған өлең. Абайда да бұл түр бар.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышта» өлең түрлеріне мысал алуында Абай өлеңін мейлінше назарда ұстап отырған.

Айшыққа, шумаққа, тармаққа, бунаққа, ырғаққа (*ағым, жорғақ деп алып отырған – Қ.М.*), т.б. өлеңнің жасалу шарттарына тоқталуында Ахмет Байтұрсынұлы атап көрсететін ерекшеліктер – қазақ өлеңтануындағы маңызды айқындамалар. Бұлардың Абайдың өлең түрін, өлең өлшемін тануда да нақтылы мәні бар. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ өлеңіндегі тұтас шумақты өлеңдер деп аталатын түрге тоқталуында Абайдың «Мәз болады болысың» және «Антпенен тарқайды» өлеңдерін атайды. Тұтас шумақты деп Ахмет Байтұрсынұлы өлеңнің ұйақтағы бірізділігімен де байланысты, әрі төрт тармақты шумакпен келіп отыратын түрін көрсеткен.

*Мәз болады болысың,  
Арқаға ұлық қаққанға.  
Шелтірейіп орысың,  
Шенді шекпен жапқанға.*

*Күнде жақсы бола ма,  
Бір қылығы жаққанға?  
Оқалы тон тола ма,  
Ар-ұятын сатқанға?!*

*Күлмең қағып қасқайып,  
Салынып ап мақтанға.  
Таң қаламын қампайып,  
Жоқты-барды шатқанға...*

Келесі өлең:

*Антпенен тарқайды,  
Жиылса кеңеске.*

*Ор қазып байқайды  
Туа жау емеске.  
... Кедей би жантайды  
Сауыр мен өркешке  
Саумаққа ол байды,  
Кеңесер би кешке...*

Ахмет Байтұрсынұлы тұтас шумақты өлең деп бөлетін мұндай түрмен жазылған өлең (*ұйқасы абаб болып келетін – Қ.М.*) Абайдың 2005 жылғы «Жазушы» баспасынан шыққан 2 томдық академиялық жинағындағы өлеңдер бойынша сараланғанда, оның аударма өлеңдерін қоса алғанда жалпы саны – 57: «Желсіз түнде жарық ай», «Мәз болады болысың», «Қажымас дос халықта жоқ», «Жастықтың оты, қайдасың», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьяна сөзі», «Кейде есер көңіл құрғырың», «Асқа, тойға баратұғын», «Ата-анаға көз қуаныш» (*Бұл өлеңде Абай шумақ соңындағы «Еркелік кетті, ер жетті, не бітті?» деген қосымша үш тармақпен тұтас шумақты өлеңді түрлендірген – Қ.М.*), «Көзінен басқа ойы жоқ», «Жастықтың оты жалындап», «Қызарып, сұрланып», «Менсінбеуші ем наданды», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді!», «Күлімсіреп аспан тұр», «Сұрғылт тұман дым бүркіп», (*мұнда да тұтас шумақтан соң қосымша, ырағыз бөлек тармақтар бар – Қ.М.*), «Атаңды апаң азғырып» (*бұл да сондай – Қ.М.*), «Ысытқан, суытқан», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Қорқытпа мені дауылдан», «Антпенен тарқайды», «Қарашада өмір тұр», «Әсемпаз болма әр неге», «Әбдірахманға», «Әбдірахманға Кәкітай атынан хат» (*екі өлең – Қ.М.*), «Әбдірахман өліміне», «Талаптын мініп тұлпарын», «Махаббат, достық қылуға», «Адамның кейбір кездері», «Көк ала бұлт сөгіліп», «Алла деген сөз жеңіл» (*бір шумақта ұйқас тәртібі өзгерген абза – Қ.М.*), «Құр айкай бакырған», «Мен сәлем жазамын», «Құлақтан кіріп, бойды алар», «Болды да партия», «Қуаты оттай бұрқырап» (*шумақ соңында ырағыз бөлек қосымша аа ұйқасымен келген қос тармақ қосылған – Қ.М.*), «Жүректе қайрат болмаса», «Жаманбаланың баласы өлгенде», «Күн артынан күн туар», «Қазаға ұшыраған кара шекпен», «Әншілер», «Жүрегім менің қырық жамау», «Күшік асырап ит еттім», «Дүтбайға», «Жалғыз жалау жалтылдап», «Жартас», «Жүрегім, нені сезесің», «Көлеңке басын ұзартып», «Көңілдің күйі тағы да», «Күнді

уақыт итеріп», «Жалын мен оттан жаралып» (қосымша ырғағы бөлек төрт тармақ бар – Қ.М.), «Домбыраға кол соқпа», (бір шумақ ұйқасы ғана абаб болып келген – Қ.М.).

Ахмет Байтұрсынұлы тұтас шумақты өлең деп көрсеткен осы, ұйқасы абаб болып келетін, әр шумақтағы 4 тармаққа құрылған өлең түрінің өзіндік ерекшелігі, тағы қандай құпиясы бар, бұрын-соңғыда абайтануда бұл жөнінде не айтылған?

Қ.Жұмалиев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» еңбегінде былай дейді:

«Абайға дейінгі ауыз әдебиеті, тарихи әдебиетті алсақ, қазақ өлең құрылысының үш-ақ түрі болатын:

1. Он бір буынды.

2. Жеті буынды.

3. Аралас буынды (бұған кіретіндер әнге арналған өлеңдер мен жырларда көп кездесетін көп жолдары жеті буын, кейде сегіз буында араласып келіп отыратын өлеңдер)» [134, 347 б.].

Қажым Жұмалиев осында он бір буынды, алғашқы бнағы үш буыннан тұратын, ілгеріде Шокан Уәлиханов айтатын «өлең» туралы айтпағаны бірнеше себептерге байланысты болды деп ойлаймыз. Сәбит Мұқановтың кезінде қазақта жыр мен кара өлең ғана болды деген тоқтамы болған. Мұндай тұжырымдардың нақтылы бір себебі ортағасырлық түрік әдебиеті, шығыс әдебиетіне қатысты өрбіген түрді («өлеңді» – Қ.М.) қазақ әдебиетімен туыстыра қарауға саяси екпін мүмкіндік бермеді, екіншіден, қазақ өлеңінің түп-төркіні сол дәуірде әріден қозғалып зерттелген ғылыми бағыт та қалыптаспаған болатын. (Сонымен бірге бұл пікірлердің қисынды қырлары, ақшақат негіздері де назарға алына берген жоқ – Қ.М.).

Бір өкініштісі, қазақ өлеңтануында қазіргі шейін арғы арқауларға көз салу үрдісі жекелеген ғалымдардың ұстанымы деңгейінде, ғылыми айналымға әлі де толық тартылмаған күйде қалып келе жатқан жайы бар.

Асқар Егеубай Жүсіп Баласағұн дастанынан өрбітіп осы ақтаңдақтардың олқы орнын толықтыруға бастамашыл, жинақталған, арғы-бергі тарихты бүтінгі дәуір биігінен зерделеген өреде мынадай ой-пайымдауларға тектен-тек барған жоқ.

«Орхон-Енисей жазбалары» мен «Құдатғу біліг» сынды көпқырлы жәуһарлардың ішкі-сыртқы бітімінен көзге ұрып тұрған қазақтың көркемдік әлемімен сабақтастық заңдылықтарын тереңнен талдап-зерделей түсу қазақ әдебиетінің тарихына да мағыналы да

қызықты беттер қосатынына рухани дүниеміздің тынысын кеңейте түсетініне күмін жоқ» [262, 15 б.].

Қажым Жұмалиев қазақ әдебиеті тарихын Бұхардан бастау концепциясында болды.

Бір себептен қазақ өлең түрлерінің арғы негіз, кейінгі өрісін, былайғы өзгерісті Абайға ғана телу тенденциясы болғандығы да – біздің әдебиеттану ғылымымыздың бір фактісі.

Қажым Жұмалиев Абайдағы өлең түрлеріне қатысты ой-тоқтамдарын таза буынға әкеліп тіреп отырып айтқанын көреміз. Ұйқасқа мән беру – қазақ өлеңінің жаратылыс болмысына келмейді дейді. Қазіргі кезеңдегі *(оның өзіне 40-50 жылдай болып қалды – Қ.М.)* өлеңтануда ұйқасқа елеулі мән беріліп, оның өзінде ауызша мен жазбаның айырым белгісіндегі ұйқас ұстап тұрған ерекшеліктер айтылып келеді. Негізінен бұл пікірдің басында Құлмат Өмірәлиев тұрған сияқты.

Қажым Жұмалиев Абайдағы буындық өлшем тұрғысында былай дейді:

«Абайға дейінгі қазақтың өлең құрылысының барлық түрі осы үшеуі-ақ. Қазақтың өлең құрылысы силлабикалық өлең құрылысының жүйесіне жататындықтан, негізгі өлшеуіші – буын. Буыны жағынан ауыз әдебиетінің де, Абайға дейінгі тарихи әдебиеттің де жеткен жері осы еді. Және бұл түрлер қазақта әбден тұрақталып, бекіп алған түр еді. Абай ең алдымен қазақ өлеңдерінің осы жағына көңіл бөлді.

... Абай ең алдымен 8 буынды және 6 буынды – жаңа екі түр кіргізді. Бұның екеуі де Абайға дейінгі әдебиетімізде жоқ түр еді» [134, 349 б.].

Қазіргі кезеңде бұл үлгілердің Абайға шейінгі, Абаймен тұстас қазақ өлеңінде болған, бар үлгілер екендігі туралы айтылған дерек, дәйектер бар. Мәселенің айқын қойлымы да ғылыми айналымға енуде.

«Отандық йасаунтануда хикметтердің құрылымдық жүйесі бірқатар зерттеулерге арқау болды. Бұл бағыттағы ізденістер Йасауи хикметтерін тарихи даму аспектісінде, динамикалық күйде емес, статикалық қалыпта қарастырумен ерекшеленеді. Зерттеулердің мұндай біржақтылау сипат алуына екі түрлі себеп бар деуге болады. Біріншіден, көне түркілік өлең жүйесі, оның даму үдерістері мен бағыттары, араб-парсы поэтикасы мен түркілік поэзияның өзара әсерлесу құбылыстары, олардың заңды нәтижелері секілді қадау-

қадау мәселелер қазақ әдебиеттануында бүгінге дейін тиянақты, толыққанды зерттеу нысанына айналған жоқ» [259, 151 б.].

А.Әбдірәсілқызы Йасауи хикметтерінің құрылымдық жүйесі, буындық өлшемі, ұйқас түріне катысты мәселені қозғауында қазақ өлеңтануының мәселелеріне де өтімді қисын, заңдылықтарға ой тоқтатқан. Белгілі ғалым Р.Сыздықтың «шумақішілік ұйқас» атаған ұйқасына тоқталған. Негізінде А.Әбдірәсілқызының Қожа Ахмет Йасауидің ақындық әлемін нақтылы жанрлық, құрылымдық тұрғыдан зерделеген бұл зерттеуінде ұзақ жылдар бойы күн тәртібіне қойылмай келе жатқан өзекті өлеңтану мәселелерінің деректі, дәйекті қисындары нақтылығымен көкейден шығып отырады.

Жас зерттеуші аса күрделі проблемалық ғылыми бағыттың даусыз арқауларын жүйелі, нақты саралауға тарту арқылы отандық өлеңтануға тың ағыстар қосты деуге болады. А.Әбдірәсілқызының негізгі мақсатына кірмегендіктен, қазақ өлеңінің, әсіресе Абай дәуіріндегі өлеңнің ауызша мен жазба әдебиетке қатысты зерделенген қайсыбір қисындарын назарда ұстап отыруды мақсат тұтпағаны – мін емес.

Тілтанушы ғалым Құлмат Өмірәлиевтің де шумақаралық желілі ұйқасқа қатысты айтқан болжам, байламдары болған. Әрі осыны алғаш мәселе етіп қозғаған сол ғалым еді.

Құлмат Өмірәлиев атап көрсететін Дулат поэзиясының өлең құрылымы сол кезеңдегі қазақ өлеңінің жаңа даму бағдары және басқа да ақындарда да дәл Дулат өлеңіндей болмағанымен, кездесіп отырған құбылыстар.

«Дулат өлеңдері өзінің композициялық құрылысы жағынан ірі-ірі үш топқа бөлінеді. Олар: терме өлең; ішкі шумақты ұйқасы бар ұйқасы тұтас өлең. Әрине, бұл бөлуі де шартты. Өйткені Дулат өз өлеңдерінде әр түрлі өлшем-өрнекті қатар қолданудан тартынбаған. Бір өлеңде кейде бірнеше өлшем-өрнек үлгісі қатар жүреді» [44, 82 б.].

А. Әбдірәсілқызы ұйқастық үлгінің өлең жанрына қатысты мәні барына назар салуында Құлмат Өмірәлиев көтерген принципті мәселенің, ХІХ ғасырдағы поэзия үлгілеріне қарай, Абай өлең түріне қарай көтеріліп жүрген, шумақ тармақтары ұйқас жөні туралы кезінде А. Байтұрсынұлы арнайы саралаған мәселелермен үндес ой айтады.

Мұның өзі – кездейсоқтық емес. Қазақ өлеңінің тарихи арна, бастаулары, жаратылыс табиғаты туралы індетте зерттеулер жасалғанда міндетті түрде барып соғатын көркемдік факторлар, фактілер дейміз.

«Сондай-ақ зерттеушінің *ааб* *ввбб* *ззбб* үлгісіндегі хикметтерді «қара өлең үлгісімен жазылған» деген тұжырымына келісу қиын. Өйткені келтірілген ұйқас түрінің қазіргі қазақ әдебиетінде қалыптасқан дербес атауы жоқ, ал *ааб* үлгісіндегі қара өлең ұйқасы немесе ақсақ ұйқас Йасауи хикметтерінде мүлде дерлік кездеспейді» [259, 153 б.].

Құлмат Әмірәлиев Дулат поэзиясындағы жаңа өлең түрлері, олардың дәстүрлі тарихи негізі туралы айтуында қазақ өлеңтануының аса бір күрделі, кекейтесті мәселелерін қозғады. Мұнда айтылған өлеңнің жасалу заңдылықтары туралы тоқтамдар қазақ өлеңін буын жөнінен ғана тану тұрғысындағы академик Қажым Жұмалиев қисындарымен сәйкесе бермейтінін көреміз.

Бұл тұста екі зерттеушінің пікірін таластырудың қажеті жоқ. Мәселе – өлең түрлерін айқындаудың күрмеуі көп күрделі құбылыс екендігінде.

Құлмат Әмірәлиев XI ғасырдағы М.Қашқари «Сөздігіндегі» ұйқас, өлшем тұрғысында Дулат өлеңінде үндес үлгілер бар екендігін көрсете отырып мына фактіге назар аударады:

«Қазақтың ауызша поэзиясы XI ғасырға тән бұл сияқты *шумақаралық желі ұйқасты өлең* түрін жыр үлгісіне көшу (шумақ жігін шұбыртпалы, үдетпелі ұйқас негізінде бұзу) арқылы өте ертеде салттан шығарған» [44, 89 б.].

Ғалымның төрт жолды шумақ жігінің бұзылуы туралы, *түйдек ішілік желілі ұйқастың* пайда болу негіздері жайлы сол негізде қазақтың жыр үлгісіндегі толғау, такпак (терме), сарын, жоқтау, жылау жырларының бәрі ұйқасы жағынан осы түрде туды деген айқындамасы – қисынды, маңызды. Әрі қарай үлгі ортақ болғанымен, ауызша, жазбаша деп бөлудің меже-шегі қисындалады.

Абайдың жоғарыда аталған 57 өлеңі *абаб* ұйқасында келген. Ежелгі әдебиет үлгілерінде бұл ұйқас түрі 7-8 буынды өлең түрлерінің көпшілігінің алғашқы шумағына тән болған сияқты. Ахмет Байтұрсынұов «Әдебиет танытқышта» төрт тармақты шумақты ұйқасына қарай бөліп көрсетпеген. Ескі өлеңдердің көбі-ақ төрт тармақты болады, бұған мысал келтірудің қажеті жоқ дейді. Біз назар аударып отырған ұйқас түрін бір тұста, тармақтағы бунаққа тоқталғанында мысалға алғанымен, оған көңіл бөлмейді.

*Ашуын буган бассын деп,  
Жерімді саған тастадым.*

*Олжа қылып жатсын деп,  
Елімді саған тастадым.*

(«Кенесары-Наурызбай»).

Ұйқас түріне арнайы тоқталуында да А. Байтұрсынұлы *абаб* түріндегі ұйқасты көрсетпейді. *Абаба* немесе *аабба* түрлерін атайды.

Бейсенбай Кенжебаевтың: «Қазақ өлеңінің құрылысы» зерттеуінде Сәбит Мұқановтың Абайға дейінгі өлең түрі туралы тоқтамына қатыстырып отырып айтқан пікірінде Шоқан Уәлиханов бөлген 5-түр өлеңнің фактісін ескеріп отырғанын, бірақ оны да Ахмет Байтұрсынұлы да көрсетіп отыратын өзгешелігі бар түр есебінде емес, қара өлең түрі деп танығанын көреміз.

«Қара өлеңнің шумағы екі түрлі: төрт тармақты, көп тармақты болады». [21, 79 б.].

Қара өлең – тек 4 тармақты шумақпен қайырылған, ұйқасы *абаба* болып келетін өлең. Шоқан Уәлиханов оны осы түрде таныған және дұрыс таныған.

Ал тармағы 4-тен асып кете баратын ұйқасы тұрақсыз (*шартты түрде осылай аламыз – Қ.М.*) өлең қара өлең емес – Шоқан Уәлиханов көрсететін, арғы арқаулары түрік, араб-парсы поэзиясымен астасып жатқан, әлі де зерттей түсуді күтетін – «өлең».

Бейсенбай Кенжебаев Абайдан бұрынғы қазақ өлеңіндегі бір түр деп шалыс ұйқасты (*абаб*) жыр түрін атап көрсетеді.

Зәки Ахметовтың 7-8 буынды үлгіде келгенімен жаңа түр, лирикалық өлеңі – Абайдың жоғарыда аталған 57 өлеңіне қатысты жұмбақтың шешімін оңайлататын теориялық тоқтам.

Бейсенбай Кенжебаев Абай өлең түрлерін саралап отырып осы мәселені нақтылай түсетін бір байлам жасайды.

«Бізде бұған дейін Абай қазақ өлеңдерінің ұйқасына жаңалықтар енгізді: қазақ өлеңдері бұрын тек ақсақ (*аа-а*) ұйқаспен, айнымалы (әр жерде әр түрлі болып, өзгеріп отырады) ұйқаспен ғана келуші еді. Абай егіз (*аабб*) ұйқасты, аттамалы (*абаб*) ұйқасты шығарды деп айтылып, жазылып келді.

Абай қазақ өлеңдерінің ұйқастарына жаңалық енгізгені рас, бірақ әлгі ұйқастар Абайдың енгізген жаңалықтары емес. Бұл ұйқастар қазақта Абайдан бұрын да бар болатын. Тек олар ұзақ өлең-жырларда, дастандарда аз қолданылатын, көбінше мақал, жұмбақ, шешен сөз болып келетін шағын өлең, жырларда ғана қолданылатын. Мысалы:



<i>Таныған жерге –</i>	(а)
<i>Бой сыйлы</i>	(б)
<i>Танымаған жерге</i>	(а)
<i>Тон сыйлы</i>	(б)» [125, 135 б.].

Б.Кенжебаев Абай сегіз тармақты етіп үш өлең жазған деп көрсеткен бір түрі – «Қарашада өмір тұр».

Бұл біздіңше, әр шумағы төрт тармақты, екі шумақты өлең. Ұйқасы *абаб* болып келген әлгі 57 өлеңнің бірі.

«Қарашада өмір тұр» өлеңі 2005 жылғы Абай шығармаларының екі томдық толық жинағының I томында төрт шумақты 6 шумақтан тұратын өлең есебінде берілген. Жинақ түсінігінде 1909 жылғы жинақ бойынша алынғаны көрсетілген.

Б.Кенжебаев назар аударған ұйқастың дәстүрлі етістік сөзден есім сөзге ойысуындағы Абайдың өлең тәсілдері тұрғысындағы ойлары кейінде дамытыла түсті. Дегенмен де арғы негіздермен сабастастыра қарайтын құбылыстар мұнда әлі де бар.

Абайдың өлең құрылысына, тармақ, шумақ, ұйқас, буын, бунақ, ырғақ жөндеріне қатысты нақтылы зерттеулерді жалғастыруға қазірде қай кездегіден де мәтіндік нұсқа, теориялық негіздер жеткілікті.

Қазақ өлеңінің құрылыс-жүйесін зерттеуде әр қилы байламдардың болғаны қазірде айқындала түсті.

Көзге ұрып тұрған айқын ерекшеліктердің қате танылып кеткен қисындары қалпынша қала бере ме? Әлде, жүйелі, кешенді зерттеулер бағыты бастала ма?

Өлең сөздің ұшқары танымды көтермейтін күрделі негіздерін қисындау – әрине, қиынның қиыны. Дегенмен де, дерек, дәйек тапшылау заманалардың өзінде, жалпандатып қойған кезеңдерде де өлең құпиясын ғұмырын бағыштап зерттеумен кеткен академик Зәки Ахметовтің өлең қисындарын жалықпай зерделеу өнегесі қазірде ауадай қажеттілікке айналып отырған сияқты.

Өлең құрылысы туралы, өлшемі туралы тарқата айтып отырып айқындап берген қисыны аса мол З.Ахметов танымында қазақ өлеңінің бар сипаты қамтылды ма, ашылды ма дегенге де соқпай өте алмаймыз. Әлемдік поэзия заңдылықтарын да жетік білген З.Ахметов айқындамасында да «бұл қалай» дегізетін тұстар бар.

«Он бір буынды өлеңде алғашқы екі бунақтың орны ауысып, тармақ үш буыннан басталып, екінші бунақ төрт буынды болып немесе бунақ төрт буыннан басталып, екінші бунақ үш буынды болып келе береді. Бірақ тармақтың соңғы бунағы буын саны жағынан өзгермейді, үнемі төрт буынды болады. Жыр өлшемінде де соңғы бунақ өзгермей, үнемі үш буынды болып келеді» [25, 135 б.]. (*11 буынды өлең соңғы бунақтағы 3 буын туралы айтқаны бар – Қ.М.*)

Ал, осы тұрғыдан келгенде, Бейсенбай Кенжебаевта мынадай дерек бар. Әрі бұл – қазақ өлеңінің бір фактісі.

«Кейбір кара өлең тармақтарының басқа, орта бунақтары 4 буынды, аякқы бунағы 3 буынды болып келеді. Мысалы:

4	4	3
<i>Айыл тартты // наз бедеудің // беліне</i>		
4	4	3
<i>Сұңқар шүйдім // айдын шалқар // көліңе.</i>		
4	4	3
<i>Мен ойнаймын // Баршын қайда // сіздерге</i>		
4	4	3
<i>Шаппай атты // қайта бер, қалмақ // еліңе [21, 81 б.].</i>		

Буын санына орай бөлінген бунақтардың орын ауыстырып отыру себебін Б.Кенжебаев былай ұғындырған:

«Сондықтан кара өлең тармақтарының бунақтары және тармақ ішінде бунақтар орнының ауысып отыруы мынадай үш түрлі себептен болуға тиіс: 1) сөз екпініне қарай болуға тиіс; 2) ақынның айтушының қай ойды баста, баса айтқысы келгендігінен; 3) әннің екпін, ырғағынан болуға тиіс» [25, 81 б.].

Осыдан әрі қарай Бейсенбай Кенжебаев Шоқан Уәлихановтың өлеңді жүйелеп, түрге бөлуіне ойысып, алғіндей ерекшеліктерге анықтама, дәйекті сол тұстан іздеуінде сезімталдықпен дұрыс бағыт ұстанған, алайда жаңсақ кеткен тұсы – 5 түр – «өлеңнің» ерекшелігіне дендеп мән бере қоймауы. Әлде... Шығыстық жағалауға соғып жатыр деп, тауысып айтпады ма?!

Б.Кенжебаев Шоқан өлеңнің (5-түр Қ.М.) қасиетін ашып айтпаған дейді. Біздіңше, Шоқан Уәлиханов «Соңғы 50 жылда татарлар арқылы келген түр» деп, тайға таңба басқандай етіп, айқындап берген. Өкінішке орай, осы мәнге Құлмат Өмірәлиевтің назар аударғанынан басқа өлеңтанушы ғалымдардың табан тіреп, «өлең» жайын тарқата айтқаны жоқ.

11 бынды өлең түрінде 3 буынды бунақтың соңына келіп отыру үлгісін Ахмет Байтұрсынұлы да көрсеткен.

4                    4                    3  
Кеудеде от, іште жсалым, көзде жас  
4                    3

*Күні-түні қайғы жұтқан сорлы бас (Мағжан).*

Мұндай орын тәртібіне қатысты Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдегі 1,2,3-ағын жөнімен түсінік берген.

«3-ші ағынды өлеңдердің аяқ бунақтары ылғи үш буынды болып, басқалары төрт буынды болып келеді» [14, 391 б.].

А.Байтұрсынұлы бұл заңдылықты бунақтың тармақ, шумақ ішіндегі таңдамалы, талғамалы орны болатындығымен ұғындарған.

Абайда 3-ағынмен келген соңғы бунақ 3 бынды өлең жоқ. Мұның сырын да ашатын уақыт жетті.

Өлең зерттеушілер шалыс, кезекті аталып жүрген *абаб* үлгісіне көп тоқталмаған. Зәки Ахметов бұл үлгінің 7-8 буынды өлеңде жиі кездесетіндігін атап айтқан, әрі ырғақтық мәніне тоқталған. Абай поэзиясында осы түрдің аудармасы бар, төл туындысы бар – 57 өлеңде қолданысқа тартылғанына ғылыми мәнде әлде де зер салып, үніле түссек, өлеңнің жанрлық, жасалу тәсіліндегі, әрі құрылымдық жүйесіндегі заңдылық-ерекшелігін айқындай түсуге болар еді. Мұнда да арғы негіздер мен орыс поэзиясы, жалпы әдеби ықпалдастық өрісі туралы нақтылы ұғымдарға қаныға түсер едік.

Абай өлеңіндегі бас бунағындағы буын саны, сонымен бірге шумақтағы тармақ саны, ұйқас түрлері жөнінен ажырата бөліп, арғы тегін, жанрлық қалпын, ауызша мен жазба дәстүрде тугандығын айқындай түсудің нақтылы практикалық та, теориялық та мәні бар. Сол негізде арғы-бергідегі қазақ өлеңінің жасалу заңдылығын, жаратылыс ерекшелігін де айқындай, тани түсер едік.

Мұның өзі «Абайдың «Әлифби» өлеңі – алғашқы бунағы 3 буынды 4 тармақты жазба өлең үлгісінде, ұйқасы *ааба* болып келген жазба дәстүрдегі өлең...

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңі – бастапқы бунақ 3 буынды, шумағы көп тармақты, ұйқасы *аабавага* – *ааа* және *ааба* түрінде келген жазба өлең дәстүріндегі өлең...» дегендей жадағай талдау, жайдақ пайымға емес, есте жоқ ескі замандардан жеткен өлең құпиясына құштарлықпен құмартып отырып, инемен құдық қазып,

қырық қисыннан бір тоқтам алып, қанағат табатын зерттеуге құрылса – құба-құп.

Бір зерттеуші Абайдағы етістіктің молдығын, енді бір зерттеу оған қайшы пікір айтып келсе – бұның да қисыны бар. Осы айырма негізде Абайға кім дендеп зер салды?

Абайдағы ұйқас, шумақ көлемі, ырғақ, ағыс түп-түгел зерделеніп болды ма? Абайдың қазақ өлеңіне қосты деп танылып келген жаңалық бағытын қайта бір саралағаннан Абайдың ақындығы аласара ма, шоқтығы көтеріле түсе ме? Қазақ өлеңтануындағы басты-басты тоқтамдарды бір тоқайластырып, саралап, жүйелегеннен неге тартыншақтай береміз? Қазақ әдебиетінің бай тарихы ішке бүккен сырларға неге ынтықпай отырмыз? Абай өлеңіне қатысты айтпаса болмайтын ақиқаттар енді жоқ па?

Негізінде, абайтанудың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерінің бірі – өлең құрылымын, өлең түрін зерделеуді ілгері оздыру. Абай шығармалары мәтінтанулық негізде, хронологиялық тұрғыдан, негізгі тарихи-әлеуметтік арқау, арғы арналар, өз дәуіріндегі ақындық мектеп, т.б. қалыпта қайырылып отырудың бар бағыты Абайдағы өлең түрлерін ғылыми негізде танып ұғынуға қарай тартып жатқан басты желілер екендігін қазірде қай кезеңдегіден де айқын сезіне түсіп отырмыз.

Абай өлеңіндегі өлшем, ырғақ, пішін қалыбын тани түсу сөз жоқ, оның шығармаларының жанрлық ерекшелігін, дәстүрлі насихат өлең мен көңіл күй қалпын тұмшалап ашудағы шыңдалған шеберлік тәсілдердің сырын тануға, ұғына түсуге тартпақ.

Біздіңше, шумағы 4 тармақты, ұйқасы *абаб* үлгісіндегі, көбіне 7-8 буынды өлшеммен түскен 57 туындының өлеңдік көркемдік сырын тұтастықта тануға талпынып, сол өлеңдердің басын құрып тұрған поэтикалық құбылысқа арнайы зер салу – абайтанудағы тосын, тың ағыстар қоспақ. Бұл үлгідегі өлеңдер – Абайдағы лирикалық жырдың мөлдірінен қанып ішіп, өрнекті ой төккен, тынысы ашыла түсіп, көңіл көзі қиырдағыны шалып, тұғырын тапқан кемелдіктің жемісі. Әйтпесе, бұлай сөйлер ме?!

*Қарашада өмір тұр,  
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме?  
Арттағы майда көңіл жүр,  
Жалынсаң қайтып келер ме?*

*Майдағы жұрттың іші – қар.  
Бәйшешек қарға өнер ме?  
Ішінде кімнің оты бар,  
Қар жауса да, сөнер ме?*

Әйтпесе насихат мазмұнды «Әсемпаз болма әр негенің» уағыз сөзі осыншалық еркеленіп шыға ма, іштен шалып, айнала баурап иландырып әкете ме?!

Әйтпесе «Не іздейсің, көңілім, не іздейсіңнің» көк дөнен көңілді қайырып сабыр табуға ынтық болған лирикалық тұлға күйі басқаға жетер ме еді?!

*«Жүрегім, ойбай, соқпа енді!» ...*

Адамның жарк етіп жанған, қанаттанып, қуаттанған, мұн шарпыған тылсымнан сыр аулаған сәтін алабөтен өрнекпен ашқан бұл өлеңдер Абайды абайлық тұғырға көтере түскен шығармашылық белестің өзіндік бір биігі.

*Жүрегім, ойбай, соқпа енді!  
Бола берме тым құлкі.  
Көрмейсің бе, тоқта енді,  
Кімге сенсең, сол – шикі.*

*Жетім қозы – тас бауыр,  
Түңілер де отығар.  
Сорлы жүрек мұнша ауыр,  
Неге қатты соқтығар?*

«Мәз болады болысың» өлеңі – Абайдың сырт сипаттаудан іштен шалып, тұлғаны тұтас қамтып, арғы пигыл, бергі бейнесін бір қалыптан шығарып, таппасты тауып, ашпасты айтып тастаған тағы бір тың тәсілі. Тегінде Абай түрді дүние мазмұнын жеткізу тәсілімен тапты, дәстүрлі өлшемнің өрнегін өзгерту арқылы тапты. Түр деген өлеңнің 11 буын, 7-8 буын, 6 буынды, т.б. үлгіде болуына қоса сырды сыртқа жаю сиқырымен астасып жатқан құбылыс тұрғысынан келгенде, осы ұйқасы *абаб* болып келген түр – арғы негізі тереңнен тартып жатқанымен, абайлық түр.

*Күлмең қағып қасқайып,  
Сағынып ап мақтанға.*

*Таң қаламын қампайыл,  
Жоқты барды шатқанға...*

Төрт тармаққа тұтас бір дәуірдің ел мінезі, типтік болмысқа айналған құбылма құлықтары тартылған. Аударма өлең Абай ақындығын шыңдаған әлуетті көркемдік әлем болды.

Аталып отырған 57 өлеңнің біршамасы аударма туынды. Сөз құрау, ой оралымын сөзге түзудегі ықшамдық, жеделдік, тапқыштық, ұшқарлық, ауқымдылық, жалпы мен жалқыны тізгіндеп үйірге қосып отыру, т.б. тәсілдер тұрғысынан келгенде, дәстүрден озық жаңашылдық тұрғысынан келгенде осы аударма өлең бағытындағы шығармашылық тың тыныс әлгі 57 өлеңдегі төлтума туындыларға да дарыған-ау деген қисын да көкейде тұр. Бұл бағытта да арнайы салыстыра отырып саралауға тартар зерттеулер қажет.

Абайдың дүние болмыстың құбылыстарын ширықтыра, шеберлік шеңгеліне ілу тәсілдерін әбден игерген тұстағы өлеңінің бірі – «Қарашада өмір тұр». Ақын сол баяғы ел мінезін, елдің күйін енді басқаша тереңдік, басқаша алыммен айтқан. «Сабырсыз, арсыз, еріншекте» құбылған ел мінезін, заман күйін нақтылы құбылыстарды тізбелей отырып баяндаған Абай «Қарашада өмір тұрда» мүлде басқа тілмен сөйлейді.

*Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсеқызар жалмауыз.  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан, ала ауыз,  
Өзін-өзі күндейді,  
Жақынын жалған міндейді.  
Ол – арсыздық белгісі.  
Ұятсынбай, ойланбай,  
Қой дегенге тіл алмай,  
Іс қылмай ма ол кісі?  
Бір-ақ секіріп шығам деп,  
Бір-ақ ырғып түсем деп,  
Мертігеді, жатады.  
Ұрлықпен мал табам деп,  
Егессе ауыл шабам деп,  
Сүйтіп құдай атады.  
Бұл нең десе біреуге,*

*Жоқ нәрсені шатады,  
Құтылам деп ісінен,  
Бәрін көріп кісіден.  
Шызынға әбден батады.  
Бұл болмаса онысы,  
Аударылып қонысы,  
Алыстан дәм татады.  
Қызмет қылып мая таппай,  
Ғылым оқып ой таппай,  
Құр үйінде жатады.  
Ел қыдырып ас ішіп,  
Еркек арын сатады,  
Бала-шаға ұрғашы  
Үйде жатып қатады...*

Әрі қарай да өлең заман жайын негізгі белгілерін түгендеп отырып сипаттаумен жазылған деп көрсетілген бұл өлең – 85 тармақтан тұратын, дәстүрлі 7-8 буынды жыр өлшемінде шығарылған туынды.

«Жазушы» баспасынан шыққан 2005 жылғы басылымдағы мәтін үш бөліктен яғни 3 жыр шумағынан тұрады. Өлең теоретиктерінің көп тармақты өлең жігін түйдек деп те атау жөнінен келсек, 3 жыр түйдегінен құрылған өлең. Мағыналық жік, ойдың аяқталған сөйлем аясындағы қалпы тұрғысынан келгенде ұйқас түрі – *аббб, аабббб, аабааб, абббб, аабббб, аббб, т.б.* – айнымалы, ерікті.

«Қарашада өмір тұр» өлеңінің мерзімі 1894 деп көрсетілген. Бұзылып, бүлінген ел мінезін Абай енді жаңа бір тәсіл өрісінде талжылтпай тас басып отырып, қатал аяусыз ашынумен, қатал үкім төрелігімен тезге салған. «Сабырсыз, арысyz, еріншек» дәстүрлі ырғақ, жыр үлгісінің сарынымен сыдырта айтылса, естуге ыңғайланып туса, «Қарашада өмір тұр» салқын сабырға бөккен зілбатпан салмақпен ауыр ырғақпен жазылған. Оймен оқуға құрылған өлең.

*Қарашада өмір тұр,  
Тоқтатсаң тоқсан көнер ме?  
Арттағы майда көңіл жүр,  
Жалынсаң қайтып келер ме?*

*Майдағы жұрттың іші – қар,  
Бәйшешек қарға өнер ме?*

*Ішінде кімнің оты бар,  
Қар жауса да, сөнер ме?*

Енді қу, пысықтың тұлғасы мынадай төрт тармаққа тұтас сыйған.

*Талаппен ұшып, талпынып,  
Шартарапты көздемес.  
Пайданы қуып алқынып,  
Өзгені әсте сөз демес.*

*«Арсыз болмай, атақ жоқ,  
Алдамшы болмай бақ қайда?» –*

деп, ендігі заман адамының кісілік» ұстанымын сөге отырып, Абай заман жайына ойшылдықпен төрелік айтады.

Абайдағы ел мінезінің әр калпын, әр кезеңде әр деңгейдегі шеберлік тәсілмен жырлаған бірнеше шығарма – бұл да Абай ақындығының өріс-өлшемін айқындай түсер бір нақты белгі.

Осы бағытта Абайдың арқауы дүние-болмыстың әр тарабына тартып жатқан көңіл-күй сезім жырларының, дүниетаным өрісі түскен ойшылдық толғамдарының, дін жайын қозғаған сыршыл туындыларының желісімен салыстыруларға бара отырып, Абайдың ақындық толысу болмысы, өлеңдегі өлшем-өрнегінің тарихи, жанрлық-көркемдік негіздері туралы танымымызды кеңіте түсеміз.

Ел мінезіне қайта бір қайырылып соққан өлеңі – талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмында» баяғы ыза, қатты кетіп, ашы айту – айтылу ескінінде бәсеңсіген, бірақ ой тереңнен алып, қиырдан шалып қиян биікке, әлеуметтік ауқымды, жалпы адамзаттық өріс құрған.

*Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,  
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.  
Ақылдылар арланып ұялған соң,  
Ойланып түзеле ме деп айтқанмын.*

Ендігі күй – адамзат көшінде қорланып қалмаудың, ұлттық мүдде, ұлт қамының жайы. Азатшылдық мұраттың астарлы жан айқайы.

*Адасып алаңдама, жоя таба алмай  
Берірек түзу жолға шық, қамалмай.*



*Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,  
Ең болмаса кеттің зой маң баға алмай.*

«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» өлеңі де осы бағыттағы, дәстүрлі уағыз айту үлгісінде келгенімен, ел мінезін бар құбылысымен, бейнелі, суретті тілмен, бар сырын сыртқа шашып, ашкерелеп, таппағанды тауып, айтпағанды айтып ашқан және бір жаңа өлең.

*Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста,  
Кезеген ит тым-ақ көп біздің тұста.  
Өз үйінен жиреніп, қашып жүрген  
Антұрғанға қосылма қапылыста.*

1897 жылы жазылған деп көрсетілетін «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мактап» өлеңінде ақын ақыл сөзін көркемдік шеберлік тәсілдерді емін-еркін игерген өрелі ақындық тұғырында өрбітеді.

«Әуре етеді ішіне қулық сақтап», «Жұртпен бірге өзіңді қоса алдасып», «Салпылдап сағым құған бойыңа еп пе?», т.б. оралымдарда құбылған елдің мінез болмысы, күнде көтеріп жүрген көп құбылыстың жалпы жиынтық сипаты, типтік болмысы характер, образ деңгейінде ашылып, айтылған.

«Әсемпаз болма әрнеге», т.б. жекелеген өлеңінің арқауында дәстүрлі нақыл сөз, мақал-мәтел үлгісі жатқанымен, бұл өлеңдердің көпшілігі шеберлік әбден шындалғанда туған көңіл күй лирикасының еншісі.

«Абай қазақ өлеңдерінің ұйқастарына жаңалық енгізгені рас, бірақ әлгі ұйқастар Абайдың енгізген жаңалықтары емес. Бұл ұйқастар қазақта Абайдан бұрын да бар болатын. Тек олар өлең-жырларда, дастандарда аз қолданылатын, көбінше мақал, жұмбақ, шешен сөз болып келетін шағын өлең, жырларда ғана қолданылатын.

Мысалы:

<i>Таныған жерге –</i>	<i>а</i>
<i>Бой сыйлы</i>	<i>б</i>
<i>Танымаған жерге –</i>	<i>а</i>
<i>Тон сыйлы</i>	<i>б» [125, 148 б.].</i>

Абайдың дәстүрлі үлгіні қолданғанымен, өлеңге жаңа сипат дарыту арқылы түр ашқанына бір айғақ осы *абай* ұйқасты 7-8 буынды

лирикалық жырларында айқын көрінген. Мұнда Абай Заки Ахметов жырға тарихи анықтама беру бағытында атап көрсеткен бір ерекшелік тұрғысында үлгіні алғанмен, жаңа жанр өрісіне шығып кетеді. Мәселен, дәстүрлі жырдың жанрлық айқындамасының айғағы оның бунақтардың орын тәртібі, бунақтағы буын санына байланған бір ерекшелігін академик Заки Ахметов атап көрсеткен болатын.

Абайда соңғы бунағы 3 буынды болып келетін 11 буынды өлшемдегі өлең кездеспейді. Осының бір сырын да Заки Ахметовтен табамыз.

«Асылы қазақ поэзиясында тармақтың неше бунаққа және қандай бунаққа бөлінетінінде зор мән бар. Бұл пікірді мысалмен дәлелдейік. Он бір буынды өлшемнің соңғы бунағы үш буынды болып келген түрі (4 буын + 4 буын + 3 буын) революцияға дейінгі дәуірде аз тарап келгені белгілі. Оның себебі мұндай өлең ауыз әдебиетіндегі әдет бойынша әуендетіп, әдетіңкіреп айтқанда өлең ырғағы біркелкі естілетіндіктен» [25, 133 б.].

Заки Ахметов жырдың жеті буынды тармағының 4 буын + 3 буын болып келетіні заңдылық екенін бірнеше қайтара айтып отырады.

*Жыламаймын мен дағы.  
Өзіңнің де көкежан.  
Көзіңнің жасын тый деді.  
Жылап отыр ат(а)-анаң,  
Сапарыңды кый деді.  
Көп жолдаспен барсаңшы.  
Ел-жұртыңды жый деді.  
Жалғыз қайтіп барасын.  
Жалғыздық ісі қиынды  
Менің жайым мінеки.  
Танымаған ешкімді.  
Сіз кеткен соң, көкежан.  
Кемпір, шалдың қасында.  
Өзім жалғыз, өзім жас.  
Боламын кімге сыйымды? («Қыз Жібек»).*

Жыр ырғағына тән айрықша жеделдік, екпінділік ондағы сөздің құйылып, төгіліп отыратыны оның өлең өлшеміндегі, бунақ кестесіндегі өзгешеліктерімен тығыз байланысты» [3, 138 б.].

Заки Ахметов кейінде лирикалық өлеңнің жыр атауын алып жүргенін айтады. Осында Абай өлеңінің өлшемі 7-8 буыңды болып келгенімен, дәстүрлі жырдан кара үзіп кеткен өзгешелігін калыптастырған қандай қисындар, тек ой алымы, сөйлем құру тәсілі ме, әлде және де бір құпиялар бар ма еді деген ойлар көлденеңдейді. Жауапты, әрине, Абай өлеңінен іздейміз. Егер айырым белгі тапсақ (шумакаралық желілі ұйқас, ұйқастың басқа түрлері тұрғысынан басқа да), ауызша өлең мен жазба өлеңнің жасалу заңдылығының тағы бір шарты ганылар еді, теориялық негізге тартылар еді.

Абайдың бір шоғыр өлеңі дәстүрлі жыр өлшемі, жыр ырғағы, жыр құрылымы, жыр ұйқасы түрімен шығарылғанын байқау қиын емес. Мәселен: «Абыралыға» арнау өлеңі.

<i>Мен / жасымнан / көп көрдім</i>	<i>a</i>
<i>Мұсылманды, / кәпірді</i>	<i>б</i>
<i>Абыралыдай көрмедім</i>	<i>a</i>
<i>Намаз білмес пақырды</i>	<i>б</i>
<i>Қира әтін оқытып</i>	<i>в</i>
<i>Көріп едім, шатылды.</i>	<i>б</i>
<i>Ниет қыла білмейді,</i>	<i>г</i>
<i>Не қылады нәпілді.</i>	<i>в</i>
<i>Намазшамның артынан</i>	<i>a</i>
<i>Құржаң-құржаң етеді</i>	<i>б</i>
<i>Жер ұшық берген кісідей</i>	<i>в</i>
<i>Тоңқаңдай ма, не етеді</i>	<i>б</i>
<i>Нәпіл түгіл намазы –</i>	<i>г</i>
<i>Бәрі желге кетеді.</i>	<i>б</i>
<i>Еннатәйікә кәлкәусар,</i>	<i>a</i>
<i>Пашоя дереу, күнәһар</i>	<i>a</i>
<i>Аяғын ойлап айтқаны</i>	<i>б</i>
<i>«Әні-шаны күлантар»</i>	<i>a</i>
<i>Осы оқумен намаздың</i>	<i>в</i>
<i>Қай жерінде сауап бар?</i>	<i>a</i>
<i>Тегін ойлап байқасаң,</i>	<i>г</i>
<i>Мұнда еш жоқ, құлақ бар.</i>	<i>a</i>

Абайдың осында халық поэзиясымен астасып жатқан ұқсас үлгілері туралы Зәки Ахметов айтады. «Сонымен бірге ұлы ақынның таңдаулы шығармаларынан халық поэзиясының өлең өрнегі мен сөз кестесіне жақындық белгілер табуға болатынын көреміз. Мұны жыр өлшемін, оның түйдек ұйқасын өте ұтымды ширатып, өзінше қолдануынан бір көрсек, ұйқаста бірімен-бірі үйлес көп етістіктерді тізіп келтіруінен және байқаймыз. Ал мұндай етістіктерден құралатын ұйқастардың халық поэзиясында да кездесетіні мәлім. Мысал үшін «Қыз Жібек» және «Алпамыс» жырларының үзінділер алайық:

*Солқылдады қара жер,  
Көк жорға ит басса, былқылдап  
Ұршықтай соны бұлтылдап,  
Құйындай шаңы бұрқылдап...» [25, 138 б.].*

Осы бір тұста З. Ахметов ұйқастың («Қыз Жібек», «Алпамыс» жыры мен Абайдың «Жаз» өлеңіндегі – Қ.М.) осы түрінің халық поэзиясында ізі барын анықтауда деп ден қойған.

Атап өткен «Абыралыға» арнау өлеңіндегі халық поэзиясы үлгісінен біршама қара үзінкіреп кеткен өзгешелік – ұйқасты сөздердің етістіктен ғана құрылмағандығы.

«Сап, сап, көңілім, сап, көңілімде» де соңғы бунақты құрап тұрған сөз, сөз тіркестері бірыңғай сөз табынан алынып отырмаған.

*... Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!  
Сана қылма бекерге.  
Сан қылғанмен пайда жоқ,  
Дүние даяр өтерге,  
Ажал даяр жетерге.  
Қош, қыз алсын қойнына,  
Бейнет көрмей, дәулет жоқ.  
Әлі барып кетерге,  
Оныменен бойыңа  
Иман, дәулет бітер ме?  
Адалды сатсаң арамға,  
Құдай қабыл елер ме?  
Қыз сүйеді мен деп,  
Оған көңіл көтер ме!*

Абайдың біршама аударма өлеңі де 7-8 буынды өлшеммен келіп отырады. Мұндағы соңғы бунактар көбіне етістік, есім сөздермен келіп отырып ұйқасады.

Абайдың сөз түрлендіру жасампаздығы осындай, 7-8 буынды дәстүрлі негізден оза, өзгеріп туған жыр үлгісіндегі өлеңдерінде аса көзге ұрып тұрады. «Интернатта оқып жүр», «Ғылым таппай мақтанба», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Бөтен елде бар болса», «Желсіз түнде жарық ай», «Ішім өлген, сыртым сау», «Болыс болдым, мінеки», «Біреуден біреу артылса», «Мәз болады болысың», «Білімдіден шыққан сөз», «Сәулен болса кеудеңде», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Қыз сөзі», «Жастықтың оты, қандайсын», т.б. көпшілік шығармасы – бұған дәлел. Ескеретін бір мәселе 7-8 буынды туындыларды шумак жөніне, ұйқас түріне қарай бір үлгіде *абаб* ажыратып қарағанымыздай, шумактағы тармақ саны, ұйқас түрлеріне қарай жүйелеп, арғы негіздермен сабақтастыра зерделеуді қазіргі өлентану ғылымының нәтижелері бағытында жетілдіре түссе – Абай стилі, Абай сөзжасамы, Абай енгізген өлеңдегі өзгеріс әлі де ашыла, айқындала түсетіндей. Мәселен:

*Амал жоқ – қайттым білдірмей,  
Япырмау, қайтіп айтамын?  
Қоймады дертің күйдірмей,  
Не салсаң да тартамын.*

*Талайсыз, бақсыз мен сорлы,  
Еріксіз аттап ұяттан.  
Қорлыққа көндім бұл құрлы,  
Байқалар халім бұл хаттан... («Татьянаның хаты»)*

мен

*Арғы атасы қажы еді  
Бейіштен тартқан шәрбәтті.  
Жарықтықтың өнері  
Айтуға тілді тербетті.  
Адалдық, ақыл жасынан  
Қозғалты, тыныштық берметті.  
Мал түгіл жанға мырза еді  
Әр қиынға серметті.*

*Мұңды, шерлі, жоқ-жітік  
Аңсап ..... кернепті, – («Әбдірахман өлгенде»)*

немесе:

*Тұла бойың ұят-ар едің,  
Ескеріп істен, ойлаған.  
Тәуекелге нар едің,  
Талаптен терең бойлаған.  
Ерлікке де бар едің  
Үйренуге тоймаған.  
Жаның жас, ойға кәрі едің,  
Атаңның атын жоймаған.  
Замана неткен тар едің,  
Соң қалқамды қоймаған?! («Әбдірахман өліміне»).*

т.б. ұйқас жөні, шумақ жігі әркелкі, бір қалыптан шықпаған туындылардың дәстүрлі негіздері де әр тарапқа тартып жатқаны анық.

Осы бағытта да абайтанудағы, қазақ өлеңтануындағы басты нәтижелерді негіз ете отырып, қайшы пікірлер болса, себебін жалықпай саралап тын пайымдауларға бару – қажеттілік.

Бейсенбай Кенжебаев назар аударған, Абайға ғана тән шығармашылық өріс деп бөліп атап көрсеткен ерекшеліктің XIX ғасырдағы, одан ілгерідегі қазақ өлеңінде балама үлгілері бар ма, жоқ па деген де сауал тұрғысында да нақтылы салыстыру, саралаулар жасау – абайтанудағы нақтылы бір мәселені айқындай түсер еді.

«Сонымен бірге, Абай қазақтың өзінен бұрынғы өлеңдерінің шумағы, ұйқасы негізінде жана шумақтар, ұйқастар ойлап шығарды. Абайдан бұрынғы қазақ өлеңдерінің шумағы, көбінесе, үш түрлі болып: а) үш тармақты, б) төрт тармақты, в) көп тармақты болып келуші еді; көп тармақты болғанда айнымалы: біресе 6,8,10 тармақты, біресе 12,14,16 тармақты болып келуші еді. Абай осыларды бір ізге келтіріп, нақпа-нақ етіп, өзінше шумақтап, өзінше ұйқастырды. Атап айтқанда, Абай 17 өлең жырын, әлгіндей, өзінше шумақтап, өзінше ұйқастырған» [21, 148 б.].

Б.Кенжебаев бұл он жеті өлеңнің шумақ жағынан үш түрлі: 6 тармақты, 7 тармақты, 8 тармақты болып келетінін, 7 өлең 6 тармақты, үш түрлі ұйқасты (*aa-a-a, абабвв, абабаб*); 4 өлең жеті тармақты, үш түрлі ұйқасты (*аabb – вва. абабвв, абабввв*): 8 тармақты

үш өлең, өлең ұйқасы (аабөвбгг, аабөвбб) және 3 өлең шумағы ұйқасы әр жерде әр түрлі болып келетінін көрсеткен.

Көбіне Абай енгізген жаңалық, қазақ өлеңіне енгізген түр деп, кейінде осы Б.Кенжебаев тоқталған өлеңдер, ғалым өзі олай деп айтпағанымен, қабылданып та жүрді. Негізінде бұл өлеңдердің бар түрдің түрленген үлгісі болуы да, немесе осы үлгілердің Абай дәуіріндегі бар үлгілер болуы ықтималдығы да ескеріле бермеген.

Кейінде Құлмат Өмірәлиев Бейсенбай Кенжебаев Абайдағы «өзінше шумақтап, өзінше ұйқастырған» 17 өлеңнің бірі – «Келдік талай жерге ендіге» қатысты мынадай кысындар айтады.

«Дулатта тақырыбы, сөз сарыны, стиль жағынан жоғарғы өлеңдерден бөліп алғысыз, бірақ өлеңнің құрылысы, өлшем-өрнегі жағынан бөлек бір өлең бар. Ол – «Қылжың, қалжак туысқан». Осы өлең Абайдың «Келдік талай жерге енді» деген өлеңін еске түсіреді» [44, 98 б.].

Бұл өлең жайлы өлеңде тұрақты шумақтың жоқтығын, ұйқас жөні де өзгеше екендігін айтқан М.Әуезов пікірін негіз ете отырып Құлмат Өмірәлиев мына жайға назар аудартады: «Дулат өлеңі де шумағы жағынан тұрақсыздығымен (шумақ жолы аз-көп боп келе беруімен), әр шумақтың ең соңғы жолындағы ұйқас пен келесі шумақтың соңғы жолындағы ұйқасы үйлесіп келуімен, яғни әрі *шумақ іші ұйқасты* жолы, әрі *шумақ аралық* желілі ұйқасты жолы бар ерекше өрнегімен М.Әуезов сипаттаған Абай өлеңіне өте ұқсас» [44, 98 б.].

Ғалым бұл *жаңа үлгі* дейді. Осында ілгерідегі Бұхардың Абылайға арнауының бірі «Ал, тілімді алмасаң» толғауының үлгісі көрінеді дер едік.

*Ал тілімді алмасаң,  
Ай, Абылай, Абылай,  
Сені алғаш көргенде  
Тұрымтайдай ұл едің,  
Түркістанда жүр едің.  
Әбілмәмбет патшаға  
Қызметкер болып тұр едің.  
Қалтақтан жүріп күнелтіп,  
Үйсін Тәле билердің  
Түйесін баққан құл едің.*

Бөгембайға қаратып:

*Уа, сен Қанжығалы Бөгембай,  
Тоқымы кетпес ұры едің.  
Тұн қатып және жүр едің,  
Қабанбайдан бұрын найзаңды.  
Қай жерде жауға тіредің? – деген.*

Құлмат Өмірәлиев Дулаттың «Қылжак, қылжак туысқан» атты 1 шумағы – 11 тармақты, 2-8, 3-6, 4-8, 5, 8-5, 9-10, 10-2, 11-4 тармақты болып келген өлеңін талдауда «шумақаралық желілі ұйқас» дегенді қолданады. Және бұл ұйқас үлгісі Дулат ортағасырлық негізден жаңғыртып тапқан түр деген мағынада жеткізеді.

Осында Шортанбай толғауларындағы «Сөйте ме деп қорқамынның» шумақ аралата қайталанып келіп отыруын, жыраулық поэзиядағы шумақ (*түйдек* – Қ.М.) аралық «Ұмыттын ба соны, Абылай!», «Батырың өтті, Бөгембай!», т.б. қайталаулардың Дулат, Абай қолданысымен ұқсастығы да, айырмасы да айқын байқалатынын айтар едік. Үлгі ұқсас. Бірақ Дулат, Абай үлгісі сойлемді қайталап отыруды қосынады, олар шығарған жазба өлең ауызша туынды тәсілін ілгері оздырып, жұтынған өлеңнің жымдасып кірігіп кеткен құрамы мәнінде жетілдіріп, тиянақтаған.

Осы тұста әдебиет теоретиктері айтатын әдістің қайталануы, атильдің даралығы деген мәселе тұр.

Ауызша мен жазбашаның айқын айырым белгілеріне бастайтын қисындар тұр.

Көреген ғалым Қажым Жұмалиев туған әдебиетінің көкейтесті жайларын түбегейлі қозғап, қопарып көтерген. Жадағай, шаң қауып қалатын көлденең пікірден аулақ тұғырлы ұстанымдары әдеби мұраны бағалау мен тануда негізді тиянақ болып отыру мәнін, құнын есте ортайтпаған Қажым Жұмалиевтің мына бір түйінінде де қалың астар бар.

«... Қорыта келгенде, көркем әдебиеттің аты мәлім авторы болды, ал аттары мәлім акындардың біріншісі екіншісінің шығармасына әсерін тигізіп, өзекті сарындары сабақтасып, жалғасып, бір-бірімен байланысты болып отыруы, бұлардың көпшілігінің жаза білетін сауаты бар адамдар болып (қазақ жағдайында әуелде жазба түрінде қалдыру мүмкіншіліктерінің де барлығы), көркем әдебиет ер жеткен сананың сәулесі болуы – міне осылардың бәрін жинақтай келгенде



бұлар жазба әдебиеттің өзіне тән ерекшеліктері болып табылады» [18, 248 б.].

«Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» монографиясында ғалым «тарихи әдебиет» деген ұғымды әдебиет тарихы деген мәселені жазба әдебиет мәселесімен тұтастыра қарастырғаны белгілі. «Әдебиет тарихын Бұхардан бастаймыз, себебі...» деп келтіретін тұжырымдары қазақ әдебиеті тарихының ілгергі замандарға іргесін кеңейткен бүгінгі танылу қалпының мазмұнына толық сәйкес келіп жатқанын көрмеуге болмайды. Бұл – өз алдына үлкен әңгіме.

Ауызша мен жазба әдебиетті айырудың көп қисынының XIX ғасыр ғана емес, қазақ әдебиетінің бар тарихындағы орталық тұлға Абайға барып соғып, сол тұстан айғақтала түсіп жатуы әдеби дамудың тарихи фактісі.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы, 1982. – 366 б.
- 2 Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы, 1998. – 256 б.
- 3 Егеубай А. Құлабыз. – Алматы, 2001. – 216 б.
- 4 Нұрғали Р. Телағыс. – Алматы, 1986. – 440 б.
- 5 Бисенғали З.-К. Казахский роман начала XX века. – Алматы, 2003. – С. 398.
- 6 Әбдесұлы Қ. Әдебиет және өнер. – Алматы, 2003. – 300 б.
- 7 Ергөбек Қ. Жақсыдан қалған сөз. – Алматы, 1991. – 304 б.
- 8 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет. – Астана, 2002. – 471 б.
- 9 Исмакова А. Казахская художественная проза. – Алматы, 1998. – 394 с.
- 10 Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2002. – 430 б.
- 11 Мұқанов С. Қазақтың XVIII-XIX ғасырлардағы әдебиет тарихынан очерктер. – Алматы, 2002. – 272 б.
- 12 Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. – Алматы, 2000. – 336 б.
- 13 Уәлиханов Ш. // Таңдамалы. – Алматы, 1985. – 570 б.
- 14 Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы, 1991. – 464 б.
- 15 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 240 б.
- 16 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991. – 176 б.
- 17 Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. – Алматы, 1932. – 218 б.
- 18 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихы мәселелері. – Алматы, 1958. – I кітап. – 354 б.
- 19 Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1991. – 288 б.
- 20 Ысмайылов Е. Акындар. – Алматы, 1956. – 440 б.
- 21 Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы, 2004. – 344 б.
- 22 Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры. – Алматы, 1970. – 192 б.
- 23 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 1937. – 928 б.
- 24 Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы, 1996. – 256 б.
- 25 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы, 1976. – 219 б.
- 26 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы, 1995. – 228 б.
- 27 Кәкішев Т. Санадағы жаралар. – Алматы, 1992. – 264 б.
- 28 Бердібаев Р. Ғасырлар толғауы. – Алматы, 1997. – 320 б.
- 29 Сәтбаева Ш. Шоқан Уәлиханов – филолог. – Алматы, 1987. – 224 б.

- 30 Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы, 1982. – 296 б.
- 31 Өмірәлиев Қ. XV-XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы, 1976. – 270 б.
- 32 Садырбаев С. Фольклор және эстетика. – Алматы, 1976. – 152 б.
- 33 Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы, 1976. – 168 б.
- 34 Тілепов Ж. Тарих және әдебиет. – Алматы, 2001. – 358 б.
- 35 Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы. – Алматы, 2001. – 280 б.
- 36 Сейітжанұлы З. Тарихи эпос. – Алматы, 1994. – 112 б.
- 37 Жаксылықов А. Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы. – Алматы. 2000. – С. 254.
- 38 Тебегенұлы Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы. 2001. – 332 б.
- 39 Алпысбаев Қ. Ақберен ақын тұлғасы // ҚазҰУ Хабаршысы: Филология сериясы. – 2003. – №3. – 120-124 бб.
- 40 Қорабаев С. XX ғасыр басындағы қазақ сатирасының проблемасы: Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 1990. – 24 б.
- 41 Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы, 2000. – 368 б.
- 42 Раев Қ. Дулат Бабатайұлы шығармаларының поэтикасы: Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы. 2002. – 24 б.
- 43 Дәрібайұлы С. Сөз асылын саралап. – Алматы, 1999. – 68 б.
- 44 Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры және стилі. – Алматы, 1983. – 240 б.
- 45 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы, 1985. – 368 б.
- 46 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы, 1975. – 464 б.
- 47 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1993. – 320 б.
- 48 Дербісәлин Ә. Дәстүр және жалғастық. – Алматы, 1976. – 203 б.
- 49 Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. 5 томдық. Алматы, 1993. Т.1. – 224 б.
- 50 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
- 51 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы, 1986. – 328 б.
- 52 Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы, 19. – 432 б.
- 53 Елеуқенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітабының тарихы. – Алматы, 1999. – 192 б.
- 54 Күмісбаев Ө. Абай және Шығыс. – Алматы, 1995. – 344 б.

- 55 Қыраубайқызы А. Шығыстық қисса-дастандар. – Алматы, 1997. – 140 б.
- 56 Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы, 1980. – 136 б.
- 57 Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. – Алматы, 1972. – 278 б.
- 58 Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы, 2002. – 385 б.
- 59 Майтанов Б. Сөз сыны. – Алматы, 2002. – 344 б.
- 60 Сейтжанұлы З. Шыңжан қазақ әдебиеті. – Алматы, 1999. – 185 б.
- 61 Ибраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
- 62 Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы, 1994. – 279 б.
- 63 Керимов Ш. Проблемы традиционного и индивидуального в творчестве казахских поэтов-песенников [сал-сері] второй половины XIX века и начала XX веков: Автореф. канд. дисс. филол. наук... – Алматы, 1991. – С. 24.
- 64 Оспанұлы Ә. Қаратау шайырлары. – Алматы, 1991. – 192 б.
- 65 Тілеужанов М. Ел әдебиеті. – Алматы, 1992. – 176 б.
- 66 Сыдиқов Қ. Ақын жыраулар. – Алматы, 1974. – 240 б.
- 67 Есембеков Т.У. Художественное-эстетическое значение драматизма в казахской прозе: Автореф. дис. д-ра филол. наук. – Алматы, 1998. – 46 с.
- 68 Әбдіғазиев Б. Асыл арна. – Алматы, 1992. – 128 б.
- 69 Қалижанұлы У. Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым. – Алматы, 1998. – 198 б.
- 70 Есім Ғ. Хакім Абай. – Алматы, 1995. – 183 б.
- 71 Бұлдыбаев А. Өшпес өнер өрісі. – Алматы, 1994. – 173 б.
- 72 Ахметов З. Казахское стихосложение. – Алматы, 1964. – 460с.
- 73 Тәжімұрат М. Шәңгерей. – Алматы, 2000. – 457 б.
- 74 Әбдіхалықова Л. Сыр сүлейлерінің жазба айтысы: Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Астана, 2004. – 32 б.
- 75 Үмбетаев М. Ақындық өнер өрісі. – Алматы, 2003. – 172 б.
- 76 Дастан ата / Құраст. Н. Төреқұлов. – Алматы, 1989. – 416 б.
- 77 Бердібаев Р. Жыршылық дәстүрі. – Алматы, 1980. – 64 б.
- 78 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991. – 288 б.
- 79 Әдеби мұра және оны зерттеу. – Алматы, 1991. – 376 б.
- 80 Ыбыраев Ш. Қазіргі замандағы түркология ғылымының мәселелері // Егемен Қазақстан. – 2000. – 16 мамыр.
- 81 Мырзахметов М. Абай жүрген ізбенен. – Алматы, 1995. – 157 б.
- 82 Абайды оқы. таңырқа / Құраст. М. Мырзахметов. – Алматы, 1995. – 160 б.

- 83 Көпеев М. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. – Алматы, 1992. – Т.2. – 224 б.
- 84 Тоғжанұлы Ғ. Абай. – Алматы, 1935. – 130 б.
- 85 Қазақ фольклорының тарихилығы / Құраст. С. Қасқабасов. – Алматы, 1993. – 318 б.
- 86 Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы, 1993. – 160 б.
- 87 Сейдімбек А. Күй шежіре. – Алматы, 1997. – 224 б.
- 88 Күмісбаев Ө. Терең тамырлар. – Алматы, 1994. – 320 б.
- 89 Радлов В.В. Алтын сандық / Құраст. С.Қасқабасов, К.Матыжанов. – Алматы, 1993. – 256 б.
- 90 Ыбырай Алтынсарин тағылымы. / Құраст. Н. Ғабдуллин. – Алматы, 1991. – 384 б.
- 91 «Қазақ» газеті / Құраст. Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, К.Сақов. – Алматы, – 1997. – 560 б.
- 92 Әуезов М. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. – Алматы, 1988. – 365 б.
- 93 Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 1991. – 287 б.
- 94 Дастандар. Екі томдық / Құраст. Б. Әзібаева, М.Шапигов. Алматы, 1990. Т.2. – 320 б.
- 95 Әзібаева Б. Қазақтың діни дастандары // Әдебиеттанудың өзекті мәселелері. – Алматы, 2002. – 431 б.
- 96 Мәтбек Н. Сүлеймен Бақырғанидың [Хакім Ата] әдеби мұрасы: Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2005. – 24 б.
- 97 Қансейітова Э. Діни дастандардағы тарихи шындық және көркемдік уақыт [XIX ғ. және XX ғ. бас кезі]: Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2005. – 26 б.
- 98 Асқарова Г. Рабғузидің «Қисас-ул анбиана» ескерткішіндегі «Жүсіп Сыддық» киссасы [түп-төркіні мен поэтикасы]: Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2005. – 26 б.
- 99 Карбозов Е. Т.Ізтілеуов шығармашылығындағы адамгершілік мәселелер: Автореф.филол.ғыл.канд.дисс...– Алматы, 2005– 24 б.
- 100 Қисса-дастандар / Құраст. Ү. Субханбердина. – Алматы: Жазушы, 1986. – 336 б.
- 101 Субханбердина Ү., Сейфуллина Д.С. Қазақ кітабының шежіресі [1807–1917]: Библиографиялық көрсеткіш.– Алматы, 1996.– 285 б.
- 102 Хан Кене / Құраст. Ш. Әмірбек. – Алматы, 1993. – 342 б.
- 103 Рязанов А.Ф. Восстание Кенесары Касымова [1837-1847 гг.]: Исторический очерк. – Алма-Ата, 1993. – 32 с.

- 104 Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық. Алматы: Білім, 1996. – Т. 3. – 224 б.
- 105 Қазақ тарихи жырларының мәселелері / Құраст. Ш. Ыбыраев. – Алматы, 1979. – 245 б.
- 106 Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы, 1989. – 360 б.
- 107 Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири и Дзунгарской степи / Собр. В.В. Радловым. – Спб., 1870. – Ч. III. – 712 с.
- 108 Диваев Ә. Тарту. – Алматы, 1992. – 256 б.
- 109 Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы, 1974. – 357 б.
- 110 Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері. – Алматы, 1992. – 216 б.
- 111 Рақымов Б. Тарихи жырлардың поэтикасы: Автореф. филол.ғыл. д-ры. дисс... – Алматы, 2000. – 48 б.
- 112 Тарақов Ә. Өлең толғаулар және тарихи жыр-дастандардағы Абылай хан тұлғасы: Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 1998. – 21 б.
- 113 Сәкенов С. Әдебиеттанудың өзекті мәселелері. – Алматы, 2002. – 431 б.
- 114 Өмірәлиев Қ. «Оғыз қаған» эпосының тілі. – Алматы, 1988. – 280 б.
- 115 Марғұлан Ә. Әнді ерттеп, жырды мінген... // Жұлдыз. – 1983. – №9. – 101-128 бб.
- 116 Бес ғасыр жырлайды: 2 т. / Құраст. М. Байділдаев, М. Мағауин. – Алматы, 1989. Т.2. – 496 б.
- 117 Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы, 1976. – 267 б.
- 118 Негимов С. Сал-серілер. // Ана тілі. – 2005. – 24 тамыз.
- 119 Сегіз серінің өлеңдері // ҚРҰҒА ӘӨИ КБ №863, папка [1-10 дәптерлер].
- 120 Әбуталипов Н. Сегіз сері. – Алматы, 1991. – 224 б.
- 121 Сүлейменов Т. Сегіз сері. – Алматы, 1991. – 270 б.
- 122 Айтыс: 2 т. / Құраст. Ш. Ахметов, Б. Ысқақов. – Алматы, 1965. Т.1. – 556 б.
- 123 Мәдібаева Қ. Зар заман ағымы және Шортанбай мұрасы: Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 1995. – 24 б.
- 124 Қирабаев С. Зар заман шындығы // Қазақ әдебиеті. – 1997. – 23 қыркүйек.
- 125 Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы, 1986. – 400 б.

- 126 Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Алматы, 1993. – 80 б.
- 127 Құнанбайұлы Абай [Ибраһим] шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы, 2005. – Т.2. – 336 б.
- 128 Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы, 1993. – 80 б.
- 129 Мырзахметов М. Отаршылдық дәуіріндегі әдебиет // Жұлдыз. – 1993. №7. – 39-45 бб.
- 130 Назарбаев Н. Махамбет ерлік пен бірлікке шақырады // Махамбет энциклопедиясы. 20-к. Құраст. З. Ижанов. – Алматы: 2004. – 610 б.
- 131 Әуезов М. Махамбет Өтемісұлы // Шығ. жинағы: 20 т. – Алматы, 1984. – Т. 15. – 328 б.
- 132 Исатай Махамбет [1801-1848] Документы / Сост. Б.Жанаев, И.Самигулин, Л.Капашев. – Алматы, 2003. – 448 с.
- 133 Сарай Ә. Исатай-Махамбет тарихы. – Алматы, 1997. – 408 б.
- 134 Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті тарихы мәселелері және Абай поэзиясының тілі. – Алматы, 1960. – II кітап. – 346 б.
- 135 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы, 1992. – 176 б.
- 136 Қабдолов З. Ерлік пен елдіктің өшпес рухы // Егемен Қазақстан. – 2001. – I тамыз.
- 137 Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеу жүйесі. Алматы, 2001. – 259 б.
- 138 Ақын қазасы. 1846 Гибель поэта / Құраст. Л. Қапашев. – Алматы, 2003. – 320 б.
- 139 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы / Бас ред. С.Садырбаев. – Алматы, 2003. – 112 б.
- 140 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. – Алматы 1988. – 320 б.
- 141 Тынышбаев М. Таңдамалы / Құраст. Б.Байғалиев, Г.Жүгенбаева. – Алматы: Арыс, 2001. – 332 б.
- 142 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1994. – 288 б.
- 143 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1955. – 268 б.
- 144 Әуезов М. Шығармалар жинағы: 20 т. – Алматы, 1987. – Т. 19. – 412 б.
- 145 Бабатайұлы Дулат. Замана сазы. – Алматы, 1991. – 160 б.
- 146 Белинский В.Г. Взгляд на русскую литературу. – М.: Современник, 1983. – 606 с.
- 147 Қосанов С. Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы [Ақыныдық дәстүр; жанр, поэтика]: Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2005. – 23 б.

- 148 Сейфуллин С. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1969. – 456 б.
- 149 Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1973. – 170 б.
- 150 Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы, 1967. – 391 б.
- 151 Мырзахметов М. Абайтану тарихы. – Алматы, 1995. – 228 б.
- 152 Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар. – Алматы, 1964. – 347 б.
- 153 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, 1995. – 272 б.
- 154 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы, 1994. – 448 б.
- 155 Нұрқатов А. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, 1966. – 302 б.
- 156 Сыздықова Р. Дулатты танып болдық па? // Қазақ әдебиеті. 1991. – 14 желтоқсан.
- 157 Шапай Т. Шын жүрек, бір жүрек. – Алматы, 2000. – 256 б.
- 158 Абайтану. Библиограф. көрсеткіш / Құраст. М.Мырзахметов. – Алматы, 1988. – 240 б.
- 159 Абай тағылымы / Құраст. Н.Ғабдуллин. – Алматы, 1981. – 340 б.
- 160 Сүйіншәлиев Х. Абайдың кара сөздері. – Алматы, 1958. – 192 б.
- 161 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987. – 295 б.
- 162 Өмірәлиев Қ. Абай афоризмі. – Алматы 1993. – 128 б.
- 163 Жүнісов С. Мұхтар Әуезовтің абайтану туралы лекциясынан. – Алматы, 1996. – 98 б.
- 164 Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы 1997. – 208 б.
- 165 Кенжебаев Б., Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы [Ежелгі дәуір және XVIII–XIX ғғ.]: Типтік оқу бағдарламасы. – Алматы, 1990.
- 166 Кәкішев Т. Әркім тарихтан өз орнын алуға тиіс // Қазақ әдебиеті. – 1985. – 9 тамыз.
- 167 Азибаева Б. Казахские народные романтические дастаны. Алматы, 1990. – С. 349.
- 168 Әбдіқұлова Р. Бөлтірік Әлменұлының шығармашылығы. Алматы, 2003. – 163 б.
- 169 Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. – Алматы, 1986. – 240 б.
- 170 Махамбет поэзиясындағы ерлік пен елдік рухы және қазіргі дәуір / Бас ред. З. Қабдолов. – Алматы, 2003. – 520 б.
- 171 Қазақ әдебиетінің тарихы / Жауапты шығарушы М.Атымов. – Алматы, 1967. – Т. 3. – 644 б.



- 172 XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармаларының жинағы / Бас ред. Ы. Дүйсенбаев. – Алматы, 1962. – 420 б.
- 173 Үш ғасыр жырлайды / М.Мағауин. – Алматы, 1965. – 508 б.
- 174 Дастандар: 2 т. / Жауапты шығарушы Қ.Алпысбаев. – Алматы, 1960. – Т.1. – 304 б.
- 175 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. – Алматы, 1967. – 264 б.
- 176 Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы, 1968. – 155 б.
- 177 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1991. – 264 б.
- 178 Мұрат / Құраст. Б. Қорқытов. – Алматы, 1991. – 232 б.
- 179 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы, 1995. – 208 б.
- 180 Кекілбай Ә. Шандоз. – Алматы, 2004. – 360 б.
- 181 Төреқұлов Н. Қазақтың би шешендері. – Алматы, 1993. – 229 б.
- 182 Дәдебаев Ж. Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері. – Алматы, 1990. – 180 б.
- 183 Керімов Ш. Әнші ақындар поэзиясындағы дәстүр мен даралық мәселесі (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы): Филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 1991. – 155 б.
- 184 Үмбетаев М. Пірім менің Сүйінбай. – Алматы, 1992. – 252 б.
- 185 Мұхамеджанов Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы, 1995. – 208 б.
- 186 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы, 1962. – 518 б.
- 187 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы, даму кезеңдері. – Алматы, 1976. – 235 б.
- 188 Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы, 1973. – 302 б.
- 189 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы, 1998. – 384 б.
- 190 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1974. – 236 б.
- 191 Ғабдуллин М. Абайдың нәзира үлгісі // Абай және қазіргі заман. – Алматы, 1994. – 50-72 б.
- 192 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы, 1994. – 448 б.
- 193 Қабдолов З. // Таңдамалы шығармалар: 2 т. – Алматы, 1983. – Т. 2. – 456 б.
- 194 Дүйсенов М. Фольклор ма, әдебиет пе? // Қазақ әдебиеті. – 1972. – 2 шілде.
- 195 Нарымбетов Ә. Қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүр тұтастығы // Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы / Құраст. Ә.Нарымбетов. – Алматы, 1981. – 4-71 бб.

- 196 Бермағамбетов С. Діни-ағартушылық және Кердері Әбубәкірдің әдеби мұрасы: Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 1995. – 21 б.
- 197 Әбілов М. Қарақалпақстандық қазақ ақын-жыраулары поэзиясындағы діни-ағартушылық ағым (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы): Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2001. – 22 б.
- 198 Жүсіпов Б. Сыр бойының жыраулық-жыршылық дәстүрі: Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 1999. – 27 б.
- 199 Қараев М. Қазақ әдебиетінің тарихи даму кезеңдеріндегі көркемдік әдіс мәселелері: Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 1999. – 64 б.
- 200 Әбдігазиұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздер: Автореф. филол.ғыл. д-ры. дисс... – Алматы, 2001. – 56 б.
- 201 Тебегенов Т. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1999. – 205 б.
- 202 Нұркатов А. Жалғасқан дәстүр. – Алматы, 1980. – 312 б.
- 203 Омарұлы Б. Бұғауга бағынбаған жырлар. – Алматы, 1998. – 112 б.
- 204 Сағынбекұлы Р. Жүсіпбек. – Алматы, 1998. – 224 б.
- 205 Қара өлен / Құраст. О. Асқар. – Алматы, 1989. – 320 б.
- 206 Әлменұлы Б. Шешендік сөздер / Құраст. Ж. Дәдебаев. – Алматы, 1993. – 144 б.
- 207 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы. 1991. – 228 б.
- 208 Қанайұлы Ш. Қайран халқым. – Алматы, 2002. – 216 б.
- 209 Ахметбек А. Қожа Ахмет Иассауи. – Алматы, 1998. – 112 б.
- 210 Омарұлы Б. Мұрат Мөңкеұлы. – Алматы, 1993. – 105 б.
- 211 Пертаева Э. Дулат Бабатайұлының ақындығы. – Алматы, 2000. – 131 б.
- 212 Базарбаев М. Казахская поэзия: художественные искания. – Алматы, 1995. – С. 304.
- 213 Енсегенұлы Т. Сыр бойы ақын-жыраулары. – Алматы, 2000. – 243 б.
- 214 Дәдебаев Ж. Бәлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері. – Алматы, 1996. – 180 б.
- 215 Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы, 1993. – 192 б.
- 216 Негимов С. Өнерпаздық өрнектері. – Алматы, 1996. – 88 б.
- 217 Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы / Құраст. Алматы, 1993. – Т. 2. – 200 б.
- 218 Боздағым. Қазақтың жоқтау жырлары. – Алматы, 1990. – 303 б.

- 219 Жұмабердіқызы Г. Алаштың бір ардағы. – Алматы, 1998. – 88 б.
- 220 Төреқұлов Н. Қазақ билері. – Алматы, 1993. – 193 б.
- 221 Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы, 1969. – 158 б.
- 222 Бахтин М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1986. – 445 с.
- 223 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
- 224 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 236 б.
- 225 Исмайылов Е. Жазба әдебиеттің халық поэзиясымен өзара байланысы // Әдебиет жайлы ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 71-90 бб.
- 226 Мамыраев Б. Основные тенденции развития казахской литературы начала XX века. – Алматы, 1999. – С. 217.
- 227 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
- 228 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-басылым. – Алматы, 1985. – 560 б.
- 229 Мәдібаева Қ. Зар заман ағымы және Шортанбайдың әдеби мұрасы: Филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 1995. – 142 б.
- 230 Әбдіқалық К. «Дала уалаятының газеті» және қазақ әдебиеті мәселелері. Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2004. – 23 б.
- 231 Ысқақұлы С.Таңжарық Жолдыұлы және оның акындық айналасы. Автореф. филол.ғыл. канд. дисс... – Алматы, 2004. – 24 б.
- 232 Акмолла. Күндер мен түндер: өлеңдер, толғаулар, термелер, айтыс / Құраст. Б.Ысқақов. – Алматы, 1986. – 176 б.
- 233 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 2005. – 336 б.
- 234 Еңсегенұлы Т. Сыр бойы акын-жыраулары. – Алматы, 2000. – 243 б.
- 235 Қара өлең / Құраст. А. Оразақын. – Алматы, 1989. – 320 б.
- 236 Қазақ совет әдебиетінің тарихы: 3-т., 1-к. / Жауапты шығарушы М.Атымов. – Алматы, 1967. – 643 б.
- 237 Торайғыров С. Шығармалар жинағы: 2 т. – Алматы, 1993. Т. 2. – 200 б.
- 238 Жұмабердіқызы Г. Алаштың бір ардағы. – Алматы, 1998. – 88 б.
- 239 Әбдезұлы Қ. Тарих және тағдыр. – Алматы, 2004. – 208 б.
- 240 Мұхамедханұлы Қ. Абайдың акын шәкірттері: 5 томдық, 2-к. – Алматы, 1993. – Т. 1. – 319 б.
- 241 Мұхамедханұлы Қ. Абайдың акын шәкірттері: 5 томдық, 3-к. – Алматы, 1993. – Т. 1. – 336 б.
- 242 Найманбаев Ә. Шығармалары / Құраст. Б.Нұржекеев, Б.Абылқасымов. – Алматы, 1988. – 304 б.

- 243 Махамбет / Құраст. Ғ. Әнес. – Алматы, 2001. – 160 б.
- 244 Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы, 1994. – 280 б.
- 245 Сәтбаева Ш. Шоқан Уәлиханов – филолог. – Алматы, 1987. – 224 б.
- 246 Базарбаев М. Казахская поэзия: художественные искания (К традициям Абая). – Алматы, 1995. – 304 б.
- 247 Шортанбай: толғаулар, айтыстар, дастан / Құраст. Қ. Мәдібаева, К. Жүністеги. – Алматы, 1993. – 80 б.
- 248 Кенжегүлділы Н. Кәнеки, тілім сөйлеші. – Алматы, 1992. – 224 б.
- 249 Диваев Ә. Тарту / Құраст. Ф. Оразаева. – Алматы, 1992. – 256 б.
- 250 Иассауи Қожа Ахмет. Диуани Хикмет (Ақыл кітабы). – Алматы, 1993. – 262 б.
- 251 Қасқабасов С. О типах и формах взаимодействия казахской литературы и фольклора // Известия АН КазССР. Серия филологическая. – 1984. №3. – С. 19-24.
- 252 Егеубаев А. Ежелгі дәуірдегі казак әдебиетінің көркемдік жүйесі: Филол. ғыл. д-ры. дисс... – Алматы, 1999. – 282 б.
- 253 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аныздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
- 254 Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
- 255 Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері: Автореф. филол. ғыл. д-ры. дисс... – Алматы, 1994. – 51 б.
- 256 Көпеев М. Екі томдық, – Алматы: Ғылым, 1992. – Т. 2. – 224 б.
- 257 Кәкішев Т. Сын сапары. – Алматы, 1992. – 176 б.
- 258 Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 296 б.
- 259 Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Йассауидің ақындық әлемі (монография). – Алматы: Кіең лингвотану инновациялық орталығы, 2007. – 264 б.
- 260 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1984. – Т. 15. – 328 б.
- 261 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1986. – Т. 18. – 341 б.
- 262 Баласағұн Ж. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: Өлке, 2006. – 640 б.

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1 ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДАМУЫ. ДӘСТҮРЛІ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ӨЗГЕРІС, ДАРАЛАНУ ҮРДІСІ. АУЫЗША ӘДЕБИЕТТЕН ЖАЗБАШАҒА ОЙЫСУ</b> .....	15
1.1 ХІХ ғасыр әдебиетіндегі кисса өлең дәстүрі – ықпалды шығармашылық өріс.....	40
1.2 ХІХ ғасырдағы тарихи жырлар – әдеби дамудың жаңа ағымы.....	60
1.3 Дәстүрлі ән өлеңнің төлтума сипаттарын ғылыми негізде айқындау қисындары.....	85
1.4 Айтыс өлеңнің туу, даму жолдары, түрге бөліну шарттары.....	100
<b>2 ЗАР ЗАМАН – ӘДЕБИ ДАМУДАҒЫ АЗАТШЫЛ. ЖАҢА БАҒЫТ</b> .....	120
2.1 Махамбет поэзиясының дара поэтикалық негіздері.....	128
2.2 Діни ағартушылық және Ыбырай Алтынсарин ұстанымы.....	161
2.3 Зар заман поэзиясындағы әлеуметтік ортақ желілер, дара өзгешеліктер.....	180
2.4 ХІХ ғасырдағы аймақтық әдеби мектеп дәстүрін ғылыми негіздеу жөндері.....	210
<b>3 ЖАҢА ЖАЗБАӘДЕБИЕТТІҢ ДАМУЫ</b> .....	230
3.1 Қазақтың жаңа жазба әдебиетінің қалыптасуындағы Ыбырай Алтынсариннің тарихи орны.....	230
3.2 Абайтанудың көкейтесті мәселелерін ғылыми негізде игеру бағыттары.....	247
3.2.1 Абайдың жазба әдебиет, жазба әдеби тілдің дамуындағы тарихи еңбегін тану.....	247
3.2.2 Абай қара сөздерінің жанрын айқындау қисындары.....	281
3.2.3 Жаңа жазба өлеңдегі әдеби ықпалдастық мәселелері.....	289
3.2.4 Абай өлеңінің құрылысын зерттеу мәселелері.....	325
<b>ҚОРЫҒЫНДЫ</b> .....	378
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР</b> .....	380